



**ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ
ЗАМАНАУИ ГУМАНИТАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР КОНТЕКСІНДЕ
Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

28 қараша, 2024 жыл

Ақтау қаласы

Конференция Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын АР19678872 – «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы қоғамдық сананың жаңғыруы контекстінде» ғылыми жобасы аясында ұйымдастырылып, материалдар жинағы баспадан шығарылды.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

Ә21

Жалпы редакциясын басқарған – Yessenov University Президенті-Ректор
Б.Б.Ахметов

Редакциялық алқа:

А.А.Сейдалиев, С.Сырлыбекқызы, Ә.Д.Қабылов, Н.С.Қамарова,
Б.С.Жайлауов (жауапты редактор)

Мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Халық жазушысы,
Қазақстанның Еңбек Ері Әбіш Кекілбайұлының
туғанына 85 жыл толуына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.
Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, 2024, – 307 б.

ISBN 978-601-366-300-5

Жинаққа Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Еңбек Ері Ә.Кекілбайұлының 85 жылдық мерейтойына орай өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген. Жинақ зиялы қауым өкілдеріне, ғалымдарға, оқытушылар мен білімалушыларға арналған.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

Ә21

© Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2024.

ISBN 978-601-366-300-5N

ҰЛТЫН СҮЙГЕН ҰЛЫ СУРЕТКЕР

Yessenov University Президенті-Ректор Ахметов Берік Бақытжанұлының кіріспе сөзі

Армысыздар, құрметті қонақтар, конференцияға қатысушылар!

Есенов университетінің шаңырағына қош келдіңіздер!

Қазақстанның Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, Еңбек Ері Әбіш Кекілбайұлының мерейтойы аясында жыл бойы ғылыми-танымдық шаралар өткізіп келе жатырмыз. Сол жоспарлы жұмыстарымыздың бірі – бүгінгі конференциямыз.

Заманымыздың заңғар тұлғасы Ә.Кекілбайұлының Yessenov University Құрметті профессоры болғанын біздер мақтан тұтамыз. Қаламгер өмірінің соңына дейін университетімізбен тығыз байланысын үзбеді. Өзінің туған жеріндегі жетекші жоғары оқу орнының әр жаңалығын қуанышпен қабылдайтын. Университетімізге жиі келіп, кездесулер өткізіп, лекциялар оқып тұратын.

Yessenov University – Ә.Кекілбайұлының еңбектерін насихаттайтын негізгі орталықтардың бірі. Көзінің тірісінде де, өмірден өткен соң да мерейтойларының құрметіне халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастырып тұрамыз.

Университетімізде Әбіш Кекілбайұлы атындағы оқу аудиториясы жасақталған. «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Филология» мамандықтарының оқу бағдарламасында студенттерге «Әбіштану» пәні оқытылады.

Университетіміздегі гуманитарлық ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бір бағыты – Әбіштануға арналған. Осы салада профессор-оқытушыларымыз ғылыми зерттеу жобасымен айналысады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Маңғыстау облысына арнайы келген сапарында: «Бірегей тұлға, аса көрнекті жазушы, тарихшы, философ Әбіш Кекілбаевты біз және өскелең ұрпақ әрқашан жадымызда сақтауымыз керек. Бұл – біздің азаматтық, ұлттық борышымыз. Абыз ағамыз – барша қазақтың мақтанышы», – деген болатын.

Президентіміз Ұлттық құрылтайда да Әбіш Кекілбайұлының тағылымын замандастары мен жас ұрпаққа үлгі қылды.

Осы орайда біздер ұлттық мақтанышымызға айналған ұлы тұлғаның ұлағатын ұлықтауды мерейтойы тұсында ғана емес, тұрақты жүргізе береміз. Өйткені Әбіштану – руханияттану, ұлттану ұғымдарымен мазмұндас мәнге айналып кетті. Оны бүгіннен болашаққа жалғау – абыройлы борышымыз.

Жақында ғана Yessenov University оқытушы-ғалымдары кемеңгер қаламгердің үшінші жыр жинағын құрастырып шығарды. Кітаптың аты – «Дәурен кешкен». Әбіш ағамыз әдебиетке ақын болып келіп, өмірінің соңына дейін өлеңнен қол үзбеген. Бірақ жазбаларын жариялауға асықпай,

ұзақ жылдар бойы сыр сандығында – сейфінде сақтаған екен. Ол кітапта бұрын еш жерде жарық көрмеген өлеңдері және мерзімді басылымдарда шыққанымен, жинақтарына енбеген жырлары мұқият жинақталып, түгелге жуық топтастырылды. Жинақ ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын жоба аясында әзірленді. Бұл жұмыстар Президентінің ғылымды қолдау және зерттеу жобаларын қаржыландыру туралы тапсырмасы аясында іске асқан жұмыстардың бір парасы.

Одан бөлек, әріптестеріміздің жеке қызығушылығымен және қоғамдық негізде атқарып жүрген жұмыстары да аз емес.

Бүгінгі конференциядан да күтеріміз көп. Құрметті қонақтарымыздың баяндамаларын тыңдауға асықпыз.

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСІ

ӘОЖ 82-7

ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ «ШАНДОЗ» ДЕРЕКТІ-ТАРИХИ БАЯНЫНДАҒЫ ЖАҢА ТАНЫМ

Зинол-Ғабден Қабипұлы Бисенғали,
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры,
филология ғылымдарының докторы (Алматы қ.)*

Аңдатпа. Мақалада Ә.Кекілбаевтың «Шандоз» деректі-танымдық баянының тақырыптық-жанрлық және идеялық-көркемдік ерекшеліктері талданады. Туындының роман-эссеге жақын сипаттары нақты дәлелдермен қарастырылған. Қазақ әдебиетіне әкелген жаңалығы мен махамбеттанудағы ерекшелігі пайымдалады.

Кілт сөздер: махамбеттану, Ә.Кекілбаев, роман, эссе, зерттеу нысаны, танымдық еңбек

«Жаһандану» жағадан алып жатқанда, «жаңғыру қажет» деген ұрандар бұрынғы үйреншікті тірлігімізді астан-кестен қылды да, «жаңалыққа жармасуымызды» тым жеделдетіп жіберді. Қазір барлық тірлігіміз бен ісімізден осы көрінеді. Ең алдымен әдебиеттен. Жазған-сызғандарымыз элективті сипатқа ұшырап, монтаждық тәсілдер мен клиптік үлгідегі образдарға көз тіге бастады. Солар арқылы күрделі қабылдау, таным, (ассоциациялы) байланыстарды бейнелемекпіз.

Бұл мақсатымызға айналғандай. Осы өзі мүмкін бе? Ойлану қажет емес пе? Өзекті тақырыптарға тереңдей алдық, мақсатқа жақындадық деп кім айтады. Алайда мына жанталасудың өзі анық бір шындықтарды көрсетіп отыр. Ол – бізге талантты, ержүрек тұлғалардың қажеттігі.

Жиырма бірінші ғасыр адамдарын билеген тұрмыс тауқыметтері мен құбылмалы қоғамның құйтырқы қатынастары сенімсіздік туғызады. Содан қозғалған ой-сезімдерді замандастарға айтқың келеді. Әсіресе қаламгерлерге. Мұны оқырманға жеткізу үшін бейнелі сөз, салмақты ой, дара пішім керек. Жаңа түр керек. Соған қабілеті бар, шамасы келетін қаламгерді, ірі тұлғаны іздейміз...

Соның бірі – Әбіш, Әбіш Кекілбайұлы еді. Мұны өз тіршілігі мен өмірі туралы ойлана алатын әр қазақ біледі деген ойдамын.

Енді, міне, қолымызда – қаламгердің, бәлкім, соңғы романы. Соны үлгіде жазылған жаңа тарихи роман. Мұнда деректі-тарихи баяндар мен қаламгер толғамдары кезек ауысып, кейде араласып отырады. Оқырман назарын бірде өткен күндер өрнектеріне – Махамбет заманының шындықтарына бұрса, келесі сәтте одан да бұрынғы тарих уақиғаларға алып

кетеді. Бұладан тапқан жаңа деректерді, туындаған ойларының шығармаға қажетті тұстарынан тере көрсетіп, шолу жасайды. Сірә, оқырмандардың да ойлануын қалайтын тәрізді...

Махамбет туралы ойланғанда өмірбаянына қатысты біз біле бермейтін деректер мен мүлде теріс қабылданған идеологиялық «ертегілер» аз емес. Оның көбі отаршыл Ресей идеологиясынан ығысқан тұстарда жазылған мақала, зерттеулер ғой.

Бүгінгі таңда Махамбеттің қара басынан бастап, оның әкесі Өтеміс, Исатайға дейін жаңа тарихи деректер мен уақиғалар бар. Әбіш Кекілбайұлы ұлттық қозғалыстар мен арпалыстар дауылдарына тап болған ержүрек батыл, ақылды, аса таланты адамдардың жеке тірліктері мен ішкі сезімдерін көрсетуде мүлде соны тәсілдерді қолданады. Бұлар туралы сәл кейініректе баяндалады.

Реті келгенде тарихи романдар туралы бірер сөз айта кету жөн. Өткен ғасыр соңы мен жаңа ғасыр басында біздің әдебиетімізде мүлде жаңа сипатты екі тарихи роман дүниеге келді. Оның біреуі жоғарыда біз айтып отырған «Шандоз» болса, екіншісі М.Мағауиннің «Шыңғысханы». Мұнда да біз шындығын біле бермейтін жаңа тарихи уақиғалар ортасындағы Шыңғысханмен жолығамыз. Жеке өмірі мақсатқа жету жолындағы ірі әрекеттерімен қатар-қатар бейнеленеді. Тарихи шындық пен қаламгер болжамдарының қабаттасатыны соншалық, қадала оқыған зерттеушінің өзі де қолына ұстап отырған тарихи уақиғалар тінін жоғалтып алады. Мұны біз шығарманың кемшілігі ретінде айтып отырған жоқпыз, қайта тарихи уақиғалар тізбегінен бастау алатын баяндардың болжамдарға қай сәтте бұрылып, қай сәтте тарихқа қайта оралатынын байқамай қалатынымызды айту үшін қолданып отырмыз. Бұл шығарма туралы да деректі зерттеулер кейін келетін шығар. Өйткені төрт томға созылған Ұлы жаһангер тарихы мен жеке тіршілігінің, әйелдері мен даңқты ұлдарының, жойқын жорықтары мен тізбегі мол тірліктерінің ертегі аңызға ұласқан шежіре, хикаясын тере баяндаған қаламгер шығармасын оқып шығу үшін де біраз уақыт керек.

Енді «Шандозға» оралайық.

Шығарма – Батыс Қазақстан облысының әкімшілігі мен «Арыс» қоры шығарған «Махамбет әлемі» атты топтамалар сериясының қорытынды нүктесі тәрізді еңбек. 2004 жылы жарық көрген.

Ә.Кекілбайұлы жаңа шығармасының жанрын деректі тарихи баян деп көрсеткен. Онда тарихи уақиғалар деректерге негізделе көрсетілсе де, қаламгердің көркем қиялы мен болжамдарының рөлі аз емес. Кейбір уақиғаларға қатысты қаламгер ойлары тарихи дерек пен соған сүйенген болжамдарға құрылған көркем мазмұндарға да жүктеледі. Шығармадағы басты кейіпкер – Махамбет Өтемісұлы. Ол туралы көркем шығармалар баршылық, зерттеулер де жеткілікті. Бірақ, қаламгер аңызға байыған өмірбаянды тұлғаның жеке өміріне, қасіретке толы шығармашылығына тоқтала баяндайды. Сондықтанда мұнда, жаңа шығармада дискурстық сипат көп ұшырасады.

Тарихи деректер мен Махамбет шығармаларының бейнелі тілі ақын тап болған уақыт пен кеңістіктің аясынан шығып, қаламгерді амалсыз болжамдарға жетелейді. Бұған шығармадағы өзге тарихи тұлғаларды – Жәңгір хан мен Өтемісті, Исатайды қосаңыз, көркем шындықтың тарихи баян арнасына мүлде сыймайтынын сезер едіңіз. Демек, «Шандоз» – деректі тарихи баян, деректі тарихи уақиғаларды көркем бейнелеумен қатар, қаламгерлік басты ой, идея өрімдерін көркем мазмұнға бөлейтін – тарихи жаңа роман...

Романда Ә.Кекілбайұлы элективті монтаж тәсілін жиі қолданылады. Қаламгердің нақты жағдайларға сай таңдаған тәсілі шығар. Көркем мазмұнға сұранып тұрған уақиғалар жеткілікті. Соларды қуып кеткенде роман көркем идеясының бірер томмен тәмәмдалмайтыны көрініп тұр. Оларды қаламгер оңтайлы тәсілдер тауып теріп, қиюластырып, үндестіріп отырған. Осы мақсаттан таңдалған тәсіл романның жаңа түрін туғызған.

Қаламгер пайдаланған материалдар толып жатыр. Негізгілерін атар болсақ: тарихи деректер мен аңыз әңгімелер, шежірелер, қыстырма уақиғалар, қазақ қоғамдық тірлігінің басында болған қайраткерлер, батырлар, Махамбеттің әкесі, әйелдері т.б. Осылардың бәрі Махамбет бейнесін сомдау үшін қолданылады.

Бір уақиғадан екіншіге өтуде уақыт кеңістік өлшемдерінде еркін ауысады. Шығарманы оқуға ниет еткен жаңа оқырманның, бұл жерде мен жастарды айтып отырмын, тұшынып қабылдауы оңай емес. «Оқырманды да сынайтын кітап болады», – дегендей, бұл романды оқу үшін біршама дайындық керек. Баяндалатын уақиғалар араларында М.Өтемісұлына байланысты мәліметтер мен авторлық толғамдар, мүлде соны ойлар кейде жоққа тән көрінуі де мүмкін. Алайда, осы бөліктерде ақынның аса қажетті ойлары бейнеленген... Оларға мән бермеген, болмаса аттап оқыған оқырман Махамбет ойларының тереңдеріне үңілуге мүмкіндік беретін нәзік тіндерді жоғалтып алады. Мысалы, «Қапыда өткен дүние-ай», «Қайыңның басын жел соқса», «Екі талай болғанда», «Алланың не берері болжаусыз» т.б.

Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі үшін күрескен қазақ хандары мен батырларының тәуекелі мол ерлік істері, елдік туралы ой-армандармен байланысты өрілген. Бұл ой-әрекеттерді романда көбіне көркем мазмұнға көшіреді. Туған жері мен халық бостандығын бәрінен жоғары қойып, ымырасыз шайқастарға шыққан кейіпкерлердің ерліктері ұлттық рухқа суарылған ақын Махамбет шығармаларының мазмұнына қаһармандық қуат қосқан. Алайда бұл саяси тақырыпты жырлау не дәріптеу емес болатын. Жәңгірге қарсы көтерілген халықтың ашу-ыза кегінің көрінісі тәрізді көрінгенмен мүлде басқа бағыттарды көздейді. Отаршыл мемлекет пен халық арасындағы тартыстардың алғашқы ірі әрекеттері болатын. Ендеше оны оқырмандарға тарихи деректі негізде ашып көрсетпейінше, шығарма өзегіндегі басты ой-идеяларды жеткізу қиын. Осы тұста қаламгер қазақ елі тап болған уақиғалардың басты бағыттарын – тарихты баяндайды. Мұндай

толғамдар «Шандозда» жиі ұшырасады. Оның ірі себептері жоғарыда көрсеттік.

Исатай-Махамбет қозғалысы көршілес ірі мемлекеттер арасындағы қатынастарға да өзге мән берді. Осы тарихтарды баяндауда Ә.Кекілбайұлы қаламгердік талдау, өзіндік толғаныстарға біраз орын берген. Цин империясының шапқыншылығы, Батыс пен Теріскейден ұмтылған торғауыттардың шабуылдары, Ресейдің отарлау әрекеттері, Жайық казактары мен башқұрттардың зорлық-зомбылықтары мен оларға қарсы күрескен қазақ халқының жанкешті әрекеттері осы мақсатта қолданылған... Өткен тарихты қабылдаудың авторлық ерекшелігі бірден байқалады. Әсіресе, ақындар мен би-шешендердің толғау, жырларында аласапыран жаугершілік кезіндегі халықтың ой-армандарын ерлікке орай баяндап, ұлттық рухқа ден қоюы қаламгер тебіреністерінің тұнып жатқан тылсымдарынан да хабар береді. Мұнда «Қазақ даласына дәмелі» Түркия, Иран, Орта Азия мемлекеттерінің алуан түрлі құйтырқы саясаты мен жаулау тәсілдері қаламгер назарынан тыс қалмай, бүгінгі тарихи деректермен егіздей көрсетілген. Мәселен, Ресей патшасының қазақ билеушілерімен арасындағы алауыздық пен қайшылықтарды үрлеп, қоздыра отырып зымиян саясатын іске асыруға ұмтылуы... Қазақтардың аяқ астынан бұрқ ете қалатын жорықтарынан қорғану үшін қалқан ретінде ойластырған Бөкей ордасын пайдалануы. Әсіресе Ресейде оқып білім алған, Астрахань губернаторы қолында тәрбиеленген, өздері хан сайланған Жәңгірді мақсат-мүдделерін орындауда қолдануы т.б.

Ұлттық дәстүр мен салт-сананы бұза бастаған «орысшыл» Жәңгір хан жаңалықтарына разы болмай көтерілген қазақтың би-батырлары бастаған қозғалыс, көтеріліс Ресейдің Шығысты көздеген басты саясатына үлкен кедергі болды. Оны кәсіби әскердің күштерімен жаныштау, аман қалғандарын қудалау, жер аудару, осының бәрі «Шандоз» тарихи деректі баянында ресми дерек, құжаттар арқылы жан-жақты көрсетіледі. Бұл деректерде Махамбет өмір сүрген орта мен ақынды қалыптастырған қоғамдық ая жан жақты ашылады.

Махамбет өмірі тұсында қазақ қоғамындағы дәстүрлі салт-сана мен әдет-ғұрыптар жаңа заман әсерімен бірітіндеп енген ірілі-уақтылы өзгерістерге ұшырай бастаған. Мұны әркім өзінше қабылдады: біреулер қарсыласса, біреулер үнсіз қалды т.с.с. Алайда осы дәстүрлі ортаны аяусыз өзгертіп жатқан тәрізді Жәңгір жаңалықтары Махамбет төңірегінің басты әңгімесіне айналды.

Көрші елдер мен өзге жұрттардың әрекет, тірліктерін Махамбет жақсы білді. Әсіресе Ресей патшасы мен оның қол астындағы татарлардың, башқұрттардың және Хиуа хандығы құрамындағы елдердің өмірлерінен хабардар болды. Бірақ, ақын үшін ең басты мәселе, оның ой-әрекеттерінің түпкі қазығы бұл емес. Ең қорқынышты Ресейдің Қазақ еліне деген теріс пиғылы мен саясатында болды. Махамбет Бөкей Ордасының осы кеңістіктегі орнын жақсы білді. Жәңгірдің орысшылдығының Махамбетке

ұнамауы осыдан. Одан келетін қауіп-қатерді ақын жүрегі бірден сезді. Бұл – Махамбеттің Жәңгірден кетуінің басты себептерінің бірі.

Елдің тұрмысын, әдет-ғұрпын Жәңгір хан тарапынан бұзу үдеген сайын көргені көп ойлы ақын толғамдары оның шығармаларында болуға тиісті еді. Бірақ түрлі саяси себептермен олардан айрылып қалғандаймыз.

Бөкей Кіші жүз қазақтарының ханы аталғанмен де оның бар тірлігі патша ұлықтары арқылы басқарылатын үкіметтің қолында болған. Жәңгір хандығы кезінде де бұл саясат өзгерген жоқ. Қазақ хандарының арасында тиянақты білім алған, Ресейдің жоғары оқу орынын бітірген, түрлі әлеуметтік топтарымен кездескен Жәңгір де алдында тұрған мақсаттардың орыс патшасына байланысты сипатын бірден аңғарды.

Кіші жүз, Бөкей ордасының ханы атанса да дәрмені мен пәрменінің шектеулі «куыршақ хан» екенін түсінеді. Өзінің дербес саясатын жүргізуге, елдік туралы мақсаттары мен өркениетке ұмтылған әрекеттерін іске асыруға мүмкіндігінің мүлде аз екенін ұқты. Ол аздың өзін тиімді пайдалану халықтың сауаттылығын көтеруге баланысты көрінді. Қазақ қоғамы мен санасына үлген өзгерістер қажет еді. Қол астындағы қалың ел мен маңындағы билер, атқамінерлер арасындағы қарым-қатынас о бастан-ақ шиленісті, аса күрделі күйде болды.

Атадан балаға мирас болған салт-санаға, дәстүрге сүйенген қазақтар Ресей саясатына жалтақтаған, «жасқаншақтау» жас ханға көңілдері толмады. Жәңгірмен жақындасу үстінде алғашында оған құрметпен қараған Махамбет те оның баласы Зұлқарнайға көмекші қызметкер ретінде Орынборға барған сапарынан хан ордасына қайта оралмады. Қол үзеді.

Махамбеттің кім екенін білу үшін аса қажетті тұлға да осы – Жәңгір.

«Шандозда» алуан түрлі қайшылықтар қабаттасқан ел дүрбелеңінің, халық қозғалысының пайда болу, даму, Исатай-Махамбет ұлт-азаттық қозғалысына ұласу себептері көрсетіледі.

XIX ғасырдағы қазақ қоғамы алдындағы күрделі мәселелерді жаза бастаған бүгінгі шығармаларда жаңа тарихи деректер көбейе бастады. Солардың бірі – Әбіш Кекілбайұлы шығармаларындағы деректік, мазмұндық, көркемдік бағыттардағы жаңалықтар.

Қаламгердің алғашқы шығармаларынан-ақ бұл кезең туралы дара өрнегі өзгеше дүниетанымы көрінді. Студент жылдарында жазылған «Қызғыштың әнінен» бастап үнемі ақын өлеңдеріне арналған талдауларында жаңа таным іздері байқалатын. Махамбеттің өлеңдеріндегі өзгеше ұлттық рух, азаттық, еркіндік туралы ойлар бейнелену ерекшеліктеріндегі ізденістерді байқатты. Ақынды жақсы білетін қаламгер-ғалымдармен пікірлесті, ел ішіндегі көнекөз қариялардан ауызша әңгіме, хикаяларды тыңдады, Махамбет туыстарымен кеңесті. М.Өтемісұлының өмірбаяны мен шығармашылығы – қаламгерді алысқа жібермей жүрген іргелі тақырыпқа айналды.

Жазушы осылардың бәрін – жаңа әдеби үлгілерге ұмтылған ізденістерін, «Шандоз» деректі-тарихи баянында бір түйіндейтін тәрізді.

М.Өтемісұлына байланысты қазақ қоғамдық санасында әбден қалыптасқан көзқарас, пікірлерді Әбіш Кекілбайұлының жаңаша тану, қорыту, қысқасы – дискурстық бағытта қабылдауы аңғарылады. Мұны жаңа заман, егемендік мүмкіндік берген, еркін ойлау мен жаңа материалдар нәтижесі ретінде де ұғуға болады. Соңғы деректер мен соны ойларды жеткізу барысында баяндау және суреттеуді қатар қолданатын қаламгердің жазу әдіснамасы мен әдіс-тәсілдерінде де өзгерістер аз емес.

Ә.Кекілбайұлының ертеректе жазған мақалаларында да, М.Өтемісұлы туралы жаңа ойлардың, толғамдардың болғаны белгілі. Бірақ, ресми идеология екіпінімен ығысуға, ыға баяндарға баруға тура келген сыңайлы.

«Шандоз» – әлеуметтік-тарихи уақиғаларды қаламгерлік толғамдарға орай бейнелейтін шығарма. Оның бас қаһарманы – қазақ қоғамдық санасындағы даңқты тұлға Махамбет. Оның өмірбаянына қатысты жаңа мәліметтерді, бәлкім бұрын айтылған, бейнеленген қабылданған, талданған,

мәліметтерді Ә.Кекілбайұлы «Шандозда» жаңа авторлық танымға көшіре бейнелейді. Махамбеттің шығу тегі мен әкесі, өскен ортасы мен отбасын құруы, білім алу қайнарлары, қоғамдық қызметі, Жәңгір ханмен арақатынасы, қазақ елі мен орыс мемлекеті арасындағы қарым-қатынастар туралы ойлар т.б. Бұлардың бәрі күні кешеге дейін өмір шындығына сай бізге мәлім деректерге сүйене айтылды, бейнеленді деп айта алмаймыз. Орыс идеологиясына жауандаған жылдарда Махамбет шығармашылығы мен қызметі туралы зерттеулер таптық қоғам қақтығыстарынан ұзай алған жоқ. Әрі Исатай, Махамбет бастаған халық қозғалысының өзін шаруалар көтерілісі дегеннен аспадық.

Бұл қозғалыстың негізінде басқа мұрат-мақсаттар тұрды. Ә.Кекілбаев тақырыпты жаңа дискурста таниды. Романнан үзінді: «Шамасы кеңес жылдарындағы идеологиялық ұйытқымалық Махамбет мәтіндеріне де өз салдарын аз тигізбесе керек. Ереуілші ақынның бірде-бір толғауында «патша», «орыс», «кәпір» деген сөздердің атымен кездеспеуі де таңғаларлық жай... Ақын жырларының әлеуметтік зілін әріге асырмай, Жасқұс пен Жәңгірдің маңайымен шектеуге тырысу әнтек байқалады. Сонда Махамбеттің бар ерлігі мен өрлігі Жәңгірхан, Баймағамбет сұлтан, Қарауыл қожа хакім, Балқы билерді сілейте балағаттаумен тынған ауыл арасының көп тентек телісінің бірі болады да шығады. Бұл – ақынға да, тарихи шындыққа да үлкен қиянат. Сондықтан ақын жырларын әлі де болса жинақтай түсіп, ел аузындағы төңкеріске дейінгі, төңкерістен кейінгі, соғыс жылдарындағы, тоқырау тұсындағы жарияланымдық нұсқаларды өзара салыстырып, бастапқы қалпына келтіру – ақын алдындағы әлі атқарылмай келе жатқан парызымыз» [1,339].

«Шандозда» кейіпкердің ішкі әлемі өте аз көрсетіледі. Қаламгердің өзге шығармаларымен «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең алаң» тағы басқалармен салыстыруға да келмейді. Қаламгер сұранып тұрған фабула, сюжеттерден бас тартқан тәрізді. Мұнда деректер сөйлейді. Толғамдардың

қорытындысы ретінде берілетін аз-кем ойлардың өзін ұқсас (мезгіл-мекендік) тағдырлас адамдар тіршіліктерімен синхронды бағыттарда салыстыра көрсетеді. Мысалы. «Маулен мен Бекей» хикаясына байланысты.

Ұлт-азаттық шайқас жолына біржола бекініп шыққан Махамбет, балашаға мен өзі ұнатып алған әйелдерін да осы жолда құрбан қылуға дайын болғандай. Махамбеттің жалғыз қалған сәттеріндегі ішкі ойлары мен бойын бұған сезімдерін қаламгер мұнда суреттеп жатпайды. Алайда дәл осы сәттерді, Махамбет ішкі әлемін ашып көрсету үшін Ә.Кекілбаев ақынның өлеңдерін пайдаланады. Өлеңдер астарынан байқалатын ойларды енді жаңа дискурс ретінде алады: «Аспанда ұшқан ақ сұңқар, қолымда тұйғын, лашын; қосылған жаста арудың көре алмай кеттім құлашын; арпа жемес арғымақ ақселеу отқа зар болар; миуа, шекер жемеген алғаным мен балаларым, қоңырсыған дүние-ай, қой етіне зар болар; жапаннан қарсақ ін қазар, хан салдырған жәрмеңке, жырақ болсын бізден бұл базар, қатын қалса, бай табар; қарындас қалса, жай табар, артымда қалған ақсақал кеңес қылған күн ақылменен ой табар, кейін қалған жас бала күдер үзіп біздерден көңілі қашан жай табар?» Ә.Кекілбайұлы ақын өлеңдерінде байқалатын осы әуенді «асыл өрмектің алтын арқауына» балайды [2,42].

«Тап тартысы», «қас албасты басқыр хан» деп Ресей идеологиясының әләулайына иланып, шауып жүрген біздер мұндай жырлар өзегіндегі ақын жүрегінің нәзік сырларын шертетін мұндай өлеңдерге көп айнала бермегенбіз ғой, сірә... Әбіш Кекілбайұлының ұлы Махамбет жырларындағы жаңа танымдық қабылдауының дискурстық бір парасын ақынның ішкі сырлардың нәзік өрнектерін таратудан бастайды. Ақын, күйші, әнші Махамбетте мұндай сырлы өлеңдер аз болған жоқ.

Ақын өлең-толғауларының басты арнасы – ұлт-азаттық, тәуелсіздік, ерлік тақырыбындағы жырлар. Осы өлеңдерді «жауға өшіккен» батырлар жырларының жалаулы жарқылынан гөрі, азаттық жолындағы күреске бас тіккен ержүрек жандардың рухының дара өрнектері ретінде талдауды ойлану керек шығар. Бұл Махамбеттің азаттық, бостандық, тәуелсіздік тақырыбындағы толғауларының Ә.Кекілбайұлы шығармасынан байқалатын жаңа бағыты іспеттес.

«Қабырғасын қаусатып, бірін-біріндеп сөксе де, қабағын шытпас ер керек» деген жолдар – бостандық жолындағы ұлы іске тәуекел етіп бас тіккен ерлер рухының Махамбет танымындағы ерекше бейнесі.

Бостандық жолындағы күрес кімге қарсы бағытталса да, қашан да оңай болған жоқ. Тіпті біздің заманымызда да солай... Ақын бастан кешкен арпалыстардың қаншалықты ауыр болғанын қаламгер Махамбет өлеңдері астарында бейнелі түрде суреттелетін көркем мазмұн астарлары арқылы жеткізеді.

Бұл – жаңа қабылдауға, дискурсқа негізделген жаңа таным.

Ел билеген хан Жәңгір арқа сүйеген орыс патшасына қарсы көтерілу ауыл арасының кикілжіңі, тіпті рулы елдердің тартысы емес. Бұл мұздай қарауланып винтовка, қылыш асынып зеңбірек сүйреген казак-орыстармен,

соғыс өнеріне әбден машықтанған әскери құрамамен соғыс. Оларға қарсы шайқасқа шығудың қаншама тәуекелді, қажыр-қайратты ғана емес, санадағы ұлттық рухты қажет ететінін Махамбет анық білді. Сондықтан да өлең жырларымен осы рухты, ұлттық рухты оятуға, шыңдауға барын салды. Мұны тіпті болжап айту да оңай емес. Ендеше дәл осы күйді ойдан, қиялдан шығарудың, жобалай суреттеудің қажетсіздеу екені де белгілі.

Ә.Кекілбайұлы тарихи уақиғалар дауылына тап болған Махамбеттің осындай шайқастар кезіндегі ішкі ойларын суреттеуге, қиял арқылы бояй бейнелеуге бара бермейтіні де сондықтан болар. Әрине, түрлі жағдайларда аса талантты жазушылардың бұған тәуекел ететіндері де аз емес, Бірақ, өмірі мен әрекеті, ерлігі аңызға байыңқырап жетсе де ақын Махамбеттің жөні басқа ғой...

Тарихи шығармаларға құмар бүгінгі сауатты оқырманды ойландыру, толғандыру үшін өзге тәсілдер керек. Жазушы барлық тарихи шығармаларында соны іздейді. Тарихи уақиғалардың тіні ғана бөлек емес, тілі де сондай өзге. Тарихи шығарма бірыңғай ой, қиялдың туындысы емес, басқа көркем дүние. Сондықтан қаламгер алдындағы басты міндеттің бірі тарихи дерек пен тіректі оқырман үшін тартымды болатын көркем мазмұнға көшіру. Оқырман сезімін қозғау арқылы оның ойына өту. Ғасырлар көшінің шаңына көміліп қалған уақиғаны, уақыт пен кеңістікте сөйлету... Бұл оңай емес. Демек, тарихи деректерді өз танымында жеткізу үшін соған тірек болатын деректерді өзіндік танымда, көркем дискурста пайдалану басты мақсат. Бұл нағыз таланттардың да кейде қолынан келе бермейтін іс. Нағыз хас шеберлер ғана таңдап, талғап қолданатын бұл бұл танымда жұмбақтар, құпиялар қаншама. Ә.Кекілбаев «Шандоз» атты тарихи деректі баянында соның бірерін ғана пайдаланады Бұл тәсілдің оқырманға әсері де бөлек. Қарапайым адамның еркінен тыс қозғалып, құйынға ұласатын дауылдар ортасында Исатай мен Махамбет тұр. Маңындағылардың бәрін иіріп, іліп ала жөнелетін сұмдық күш бейтарап қарап отыруға көнбейді.

Қазақ елінің намысы мен ұлттық рухы үшін шайқасқан олардың бүгінде аңызға ұласқан тағдырлары тартыстарға толы. Қасірет дегенінде өлшем жоқ. Қасіретке толы тағдыр ма, әлде тағдыр әкелген қасірет пе? Бұл туралы әлі шындап ойланып көргеніміз жоқ.

Міне Ә.Кекілбайұлы ғана осы қиын түйіндерді бір шетінен бастаған сыңайлы. «Артымда қалған алғаным, қытайы қызыл көйлегі күнге қойсаң оңар ма?! Мұндай қорлық болар ма?! Ақсұңқар құстың баласы қасқыр тартқан жемтікке ағармай көзі қонар ма?! Қаршыға құсты көп көрдім, қайрылып қазға қараған; қатын-бала қара орман баршасын жауға алдырған, қарулы жатқан жебеге құрсағынан шалдырған, асыра келіп ойласам, бұл заманның шағында Махамбеттей зарығып, мұңлы болған қайда бар?» [2,41] – дейтін жолдар нағыз жауынгерлік заманның интимдік лирикасының теңдессіз үлгісі, – дап жазады Әбіш Кекілбаев. Немесе: «Қақақулап шақырмай, қанды көбік түкірмей, алғыншы алған арудың ақша бетін солдырмай, ата менен ананы қайғыменен қатырмай, әлпешті ұлың жат

болмай, Шайған жалғыз матаның сатқанда суы ат болмай, бұзбай құлын пісірмей, мұз үстіне от жақпай, қапыда қалған қасқырмын, ақ жүректен найза түретпей, найзаны күнге қуратпай, қарсыласқан дұшпанның қабырғасын бір-біріндеп күйретпей, әлі де болса қорқа алман, адасып қалған үйректей» [2,42].

Енді Әбіш Кекілбаевтың осы жырларды қабылдауын көрелік. «Бұл толғаулардың бәрі шын жай-жапсарын тек екі жүрек, екі көкірек білетін бір нақты махабаттың қат-қабат қатпарларын қанды қайнатқан жан қызуымен толғаған ғашықтық хикаясы. Оның кейіпкерлері – Махамбет пен Ұлтуған» (сонда). Демек, Әбекеңнің, Әбіш Кекілбаевтың, бұл тапқандары мен талдауларына қарап отырғанда қаралмай жатқан ұлы ақынға қатысты басты әрі ғажап тақырыптың бірі – Махамбет және махаббат болуға тиісті.

Бір ғажабы «Шандоз» романында қаламгердің еркіндігі сезіледі. Ол реалистік роман қалыптарын еркін қолданады. Шығарма басындағы Исатайдың: «Әй, осы сенің кереметің бар дейді ғой. Рас өтірігін білейін, мені осы қазір мықтап бір қорқытшы», – дегеніне бола Махамбеттің көрсеткен «кереметін» баяндауда «ел арасына кең таралған әңгімелерді» қолданады. Мақсат – Махамбеттің аңызға айналған әрекеттерін көрсету ме, әлде осындай әңгімелердің барлығын байқату ма? Меніңше, екеуі де бар – егіз. Бірақ, бұларды баяндау барысында Ә.Кекілбаев шығармадағы кейбір аңызға айналған түсініктердің уақыт және кеңістік аясындағы когнитивті шартты сипатын ескертетін, сәл кеңітетін де тәрізді. Қаламгер тарихи уақиға, деректерді жаңа, шартты дискурстерде бейнелеп қана қоймайды, оны салыстырмалы сипатта алады. Тарихи баян мазмұнында дерек және кейіпкердің, автордың дүниетанымдық толғамдарының қабаттасып отыратынын жоққа шығару қиын. Әсіресе, көптеген тарауларда баяндалып отыратын тарихи дерек, құжаттардың орны – оқырманда өткен замандар шындығына оралту, ойланту ғана емес. Осыларды бейнелеу барысында қаламгер мазмұнға өзіндік жаңа түсінік, жана мазмұн беріп отырады. Ойлана қарағанда бұл тақырыпқа жаңа мән береді. Махамбетке қатысты, қаламгерлік жаңа танымдардың басты мақсаты да осы. Ғасырлар қойнауында қалған уақиғаларды өзіндік таным аясында көрсету.

Әдетте көптеген зерттеушілер мен сыншылар, әсіресе жастар, көркем шығарма мазмұнын талдау мен түсіндіру барысында дискурсты тым еркін пайдаланады. Мұнда өз ойлары мен қабылдауларын, танымдарын жеткізуге ғана күш салады. Тым еркіндікке барады. Мәтін көркем мазмұнынан, немесе оған тура қатысы бар деректерді ескере бермейді. Бұл да оқырман қарсылығын туғызатын сәттердің бірі. Көркем талдаулар арқылы өлең өзегіндегі тірі бейнеге айналуға дайын тұрған ойларды табу, образға оранған тебіреністерді ұғу мүлде оңай емес. Талантты қаламгерлер ғана бұл тұстарға абайлай барады. Мәселен, Әбіш Кекілбайұлы талдауларында ойтанымды жеткізуге қанша қажет болса, өзіндік толғамдарын сонша ғана қолданады.

Махамбет туралы бұрынғы шығармаларда, Б.Аманшинде, Ә.Әлімжановта т.б. басты назар «егеулі найза қалға алған» батыр, қаһарман бейнесін сомдау болса, «Шандозда» ержүрек жанның жалғыздығына, оның ерекше өмірбаянына Әбіш Кекілбайұлы баса назар аударады. Махамбет өзінің дегені болмаса, біреудің айтқанына, әсіресе, зорлыққа көнер ме? Өнерлі – әнші, күйші, ақын – бетің бар, жүзің бар демей, өзі таныған шындықты тіке айтып, жүректілігін елге ашық әйгілеген тұлға емес пе? Осы мінезі үшін сөзге де қалған, қуғын да көрген. Қудалау Жәңгір хан тарапынан да, патша үкіметінен де болған, тоқтамаған. Бірге туған бауырлары оны тастап кетпесе де, «мен үшін сендер қорлық көрмеңдер», – деп балалы-шағалы, бауырларынан бөлек жүруге, алыс болуға тырысқан. Балалары мен әйелдерінің көргені бір басқа жетерліктей. Махамбет – жалғыздықтың ащы дәмін, сорын аз татпаған адам.

М.Өтемісұлы өмірбаянына қатысты көп айтылмайтын шындықтар да бар. Сондай шындықтардың бірі – көтеріліс жеңілген соң оған қатысқан Махамбет Өтемісұлы бауырларына Жәңгір хан жер береді, бұл да бұрын кездеспейтін деректер емес пе? («Шандозды» қараңыз)

Кез-келген халықтың әдебиеті оның рухани өмірімен тығыз байланысты. Жазбаша болмаса ауызша әдебиетте әйтеуір көрініс табады. Ол өзге тілде жазылатын (осы халық мәселелері туралы) әдебиеттен мүлде бөлек болады. Бірақ, Қазақ елі Ресей отарында болғанда ұлт азаттық қозғалыс туралы әңгіме қозғау мүмкін болмады. Сондықтан «жауыз ханға» қарсы бағытталған шаруалар көтерілісі дегенді ойлап таптық.

Жәңгір ханның өзі қаншалықты трагедиялық тұлға. Қазақ елін өркениетке жеткізсем деп ойланса, ата-баба дәстүрін бұзғысы келмеген халқы да, мемлекеттік туралы ойларын байқаған патша үкіметі де қарсы болады.

Өркениетке жақындамақ болған жоспарларды, өзгерістерді іске асыру үшін патша үкіметінің арнайы рұқсаты керек. Ұсақ-түйектен басқа шаруаның бәрін Ресей үкіметінің келісімінсіз істей алмады. Рұқсат сұраумен, күтумен күн кешті. Бірнеше елдің тілін білетін, дүниенің төрт бұрышынан хабары бар, газет мен журналдар алып тұрған ірі тұлға кіріптарлық күйге осылай түсті. Тарих және философиялық кітаптармен жақсы таныс Кіші жүздің ханы «өзінің кім екенін» білген сайын, қорғамақ болған халқынан, оны өркениетке жеткізбек идеяларынан амалсыз алыстай берді. Оны патша үкіметінің ресми қысымы, империялық саясаты мәжбүр қылды.

Орыс мемлекетінің қолындағы «ойыншық» екенін түсінген Жәңгір соңғы жылдарын отаршыл үкімет мүмкіндік берген деңгейде ғана өткізуге тырысты. Мұсылман дінінің қағидаларын сақтауға ден қойып, Қазан, Орынбор, Уфа мұсылмандары дінбасылармен ерекше жақындасты. Оқу-ағарту мәселелеріне көп көңіл болді Бұл да Ресейге ұнамауға айналды. Өйткені қазақты «шоқындырмақ» болған түпкі ойына өте алмастай кедергі

пайда болды. Діни таным түптеп келгенде ұлттық құндылықтарды түгендейді. Бұл Орыс патшасының басты қорқынышы еді.

Осыларға қарамастан қазақ елін мәдениетке жетелеуде Жәңгір атқарған жұмыстар ұшан-теңіз. Басқасын былай қойғанда, атақты Қазан униерситеті жанындағы ғылыми кеңеске мүше болды. Осы университет кітапханасына Орта Азия, Қазақстан туралы талай қолжазбаларды тапсырған. Соның бірі Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі еді.

Мына мақалада Махамбеттің өмірбаяны мен шығармашылына тікелей әсер еткен заман шындықтарына байланысты кейбір мәселелер ғана сөз болды. Бұлар ақын шығармашылығы дүниеге келген орта, ая болатын. Бірақ, бір ескеретін нәрсе, осы ортаға Махамбет өмірімен де, өнерімен де, шығармашылығымен де қарсы болды. Алайда мұны өзгертуге санасы жеткенмен, шамасы келмеді. Ең басты кедергі – қазақ мемлекеттігін жоюды жоспарлап жүзеге асыруға кіріскен Ресейдің отарлық сұрқия саясаты еді.

Ақын туралы зерттеулерде, көркем деректі шығармаларда Махамбет отбасына, әйелдері мен балаларына айрықша көңіл бөлінбейді. Оның шығармашылығын жинаушылар мен зерттеушілер ресми идеология қағидаларын бұзудан үрейленіп, бұл туралы көп қозғамауға тырысты. Ресми идеология да ақын жан дүниесі мен ұлттық рухындағы маңызды мәселелерді қозғамауды қалады. Бар назарымыз Жәңгірге қарсы қарулы көтеріліс тарихынан аспады. Бұл отаршыл Ресейдің басты талабы еді. Соны бұлжытпай орындаймыз деп жүргенде Махамбеттің көңіл-күй, жастық шақ жырларының көбінен айрылып қалдық. Мұндай шығармаларды жеке бастың гөй-гөйі, жаңа өмір орнатуға қатысы жоқ деген әлеулайларға алдандық. Бәлкім, амалсыз сенген болдық. Жоғалтып тындық. Ұмытылды ғой дегенге көндік, көнбеуге қоймады, өйткені мұның артында күш қолдауда алдына жан салмайтын Ресей тұрды.

Демек, Махамбеттің көңіл-күй, дүниетанымдық, пәлсапалық жырлары, бұрынғы зерттеулерде Махамбеттің ұлттық рухының қалыптасуы, дамуы, пәрменді күшке айналуы бағытында мүлдем қозғалмады. Енді ше? Егемендік алдық, тәуелсіз ел болдық деп жатырмыз. Бірақ, қазақ мемлекеттігі мен бостандығы үшін қасық қаны қалғанша шайқасқан хандар мен билерді, сұлтандар мен ел билеген көсемдерді, батырларды, ақындарды жан-жақты тереңдей зерттей алдық па? Білмеймін. Бірақ, бір қуанышымыз, рухани қазыналарымызды тереңдей зерттеу басталған тәрізді.

Ә.Кекілбаев ұлы Махамбеттің ұмытылған шығармаларын іздестіру мақсатында қолда бар шығармалар жұрнақтары арқылы жаңа дискурсқа келген. Ол ақын, батыр трагедиясының қаншалықты қасіретті екенін көрсетуде оның жырлары поэтикасының өрнектерінде тұнған астарлы ойларға, мазмұнға көңіл бөлген. Бірақ, бұл әлі де тиісті деңгейде көрінбеген, жұмыстары жеткілікті жаңа тақырыптардың басы.

Мұндағы интертекстер қозғалмаған тәрізді. Ал шынында бұл да аса мәнді, әрі қиын мәселелерге бастайды. Жүз жылдан бері айтыла-айтыла тасқа айналған ескерткіштерді орнынан қозғау мүлде оңай емес. Әлі ортамызда соларға жақындасаң болды «баж» ете түсетін, айқай-шу көтеретіндер аз емес. Көптеген зерттеушілердің ақын өмірбаяны, лирикалық өлеңдері деген тақырыптың маңыздылығын, ашылмай жатқан жұмбақтарын, сырларын біле тұра, бұған бара бермейтіні, көп қозғалмайтыны сондықтан.

Енді осы мәселені қолға алатын уақыт жетті. Алдымен ақын өлеңдерінің тіліне, сонда бейнеленетін емеуіріндерге, сезімдер сыбырына ден қою керек. Бейнеленген ой, сезімдердің мәтінаралық өрнектерін байқап көру біраз жайларды байқатады. Мұны мұқият зерттесе бұрын айтылмаған, назардан тыс қалған ойларды қозғауға болады. Өзің көрген, деректерін білген шындықты айту – кезек күттірмейтін маңызды нәрсе. Алайда осыны іске асыру да оңай емес. Басты мәселе осында тәрізді көрінеді де тұрады. Кім білген мұның өзге шешімдері де, жолдары да бар шығар, Ойланайық...

Қазақ елінің даңқты ұлы, Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері ұлы Әбіштің, Әбіш Кекілбайұлының өмірбаяны мен шығармашылығына арналған алғашқы толғамдар бүгінге дейін ортаға салынады деп білемін. Бірақ, қаламгер ғұмырнамасына тікелей қосылар мен жаңа деректер мен болжамдар жаңа талдаулар мен ойлар әлі ұзақ айтылады деген ойдамын.

Өйткені Ә.Кекілбаевқа байланысты барша маңызды, ірі мәселелер мен маңызы тақырыптар енді шындап қозғала бастады. Әрі қаламгер шығармашылығы мен өмірбаяндақ мәліметерін жақсы білетін замандастары мен зерттеушілер шығармалары туралы байсалды пікірлер айтты, жазуда. Бұл осы мерейтой қарсаңында бұл ерекше қарқынмен үдей түскендей.

Қаламгер шығармашылығы бастауынан бері туған халқы мен ел тағдырына қатысты аса талантты жазылған туындылары оның өмірбаянымен қатар өріліп келеді. Дәлірек айтсақ, қаламгердің барша шығармалары дүниеге келген орта мен ая – туған елінің өмірі туралы ақтарыла жазған талантты ұлының ой-сезімдеріне толы болатын. Алайда алпыс жылдық шығармашылық тарихында, алпыс жыл деп отырғаным, қаламгерлер үшін аса қасиетті ақ қағазға алғашқы азаматтық ойларының өнегін түсіру 1957 жылдың 15 маусымынан басталады. «Социалистік құрылыс» газетінің 117 санында «Шаттық жыры» деген атаумен басылған өлеңдерінде-ақ өз заманының кезекті бір қызықтарын тойлаған құрбыларының аста-төк қуаныштарын бейнелейді. Жас ақының екінші және үшінші өлеңдері де осы газетте 1958 жылдары жарияланған. Ал бұл өлеңдердің жалпы мазмұны замандас құрбыларының махаббаты мен сүйіспеншілігіне арналады.

Бірақ, қаламгер шығармашылығын қадала оқыған зерттеушілер айта бастаған бір ескеретін тарихи дерек бар. Ә.Кекілбай алғашқы сыни сөздері мен мақалаларында шығармашылықтың ресми идеология қағида,

қарарларына байлаулы болуына қарсы болған. Алайда мұны өзгертуге санасы жеткенмен, шамасы келмеді. Келмегенде, құдай берген мінезіне байланысты болды, қаламгер шығармашылық ғұмырында үкімет пен ресми идеологияға айқайлай қарсы болған жан емес тәрізді.

Ең үлкен қарсылығы қазақ мемлекеттігінің алтын қазығы қазақ тілін жоюды жоғарыдан жоспардап жүзеге асыруға кіріскен Ресейдің отарлық сұрқия саясаты еді. Бірақ мұны да қаламгер сол қатыгез идеология бәлесі тимейтін үлгіде айтты.

Қаламгер туралы зерттеулер мен көркем, деректі шығармаларда осы тақырыпқа айрықша көңіл бөлінбейтінін айтқым келеді. Оның шығармашылығын зерттеушілер ресми идеология қағидаларына қарсы болудан үрейленіп бұл туралы көп қозғамауға тырысты. Қазар заман басқа, уақыт та жаңа. Енді қаламгердің айта алмаған емеуірінді ойларын ашық айтуға болады. Көркем мазмұнға көшірілген ойларды табу оңай болғанмен, Ә.Кекілбайұлы тәрізді жүйелі жүлгелерді бүлдірмей жеткізу оңай болмас.

Ресми идеология да қаламгер жан дүниесі мен ұлттық рухындағы осы маңызды мәселелерді қозғамауды қалады.

Соны бұлжытпай орындаймыз деп қаламгер көңіл-күйінің небір жанды сырларын бейнелейтін шығармалардың көркемдігін айқын көрсете алмай келдік. Алайда туған халқының ғұмырымен қатар өрілетін мұндай бейнелі тілді, Әбіш Кекілбаев тілін, сол арқылы өрілген көркем мазмұнды таратып айту аса қиын еді, одан гөрі айналып өтудің оңайлығы шындық.

Ә.Кекілбайдың шығармашылығында жиі кездесетін мәтінаралық ірі ойларды, бостандық, егемендік армандарына арқалаған қаламгерлік идея мен ойларды бейнелеген аса дарынды дара шығармалардың көркемдігі әлі талай айтылады. Маңызды ірі зерттеулерге де ұласатыны сөзсіз.

Сөз соңында, менің мақсатым қаламгер шығармаларына талдау жасау емес. Шолу да емес – сәл өзгелеу. Тіпті қаламгер шығармаларының жазылу жылдарын атау немесе тақырыптақ-идеялық, көркемдік ерекшеліктері көрсету де емес.

Ресей отарлық жүйесінде Қазақ мемлекеттігінің тарихын көркем мазмұнға ұластыра бейнелеп, қоғамдық санада тәуелсіздік армандарын қозғаған қаламгердің шығармаларына, оқырман көңілін, ықыласын аударғам келді.

Олар – Ә.Кекілбайдың «Үркер» мен «Елең-алаң» атты романдары, дилогиясы. Шығармалар атауларының өзі-ақ көп ойларды хабарлап тұрған жоқ па? Тәуелсіздіктің жарқын күндерінің хабаршысы атқанын, бостандық таңының алыста емес екенін бейнелеген шығармалар қиялдан ғана өрбіген уақиғаларға тәуелді емес, мұрғат негіздеріне, тарихи деректер мен күнделіктер дәйектеріне сүйенген шығармалар болатын. Осы романдар жарық көрген бойда-ақ әлемдік баспасөз беттерінде сауатты оқырмандар мен ғалымдар сөз қыла бастады. Халықтар түрмесіне айналған отаршыл Ресей мипериясының ыдырауына санаулы жылдар қалғанын хабарлаған. Әрине бұл шығармалар туралы кеңестік БАҚ беттерінде сөз болған да жоқ.

Көзі тірісінде қаламгердің өзі де бұған құлшына қойған жоқ. Құдай берген дархан мінезінің салмақты ағымдарын бұзбады. «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы қызметінде болғанда да ретіне қарай абайлап айта бастады. Егемен елді аяғына нық тұрғызуға үлес қосуға ұмтылды. 1993 жылдан бастап қиын екені біле тұра жоғары мемлекеттік қызметтерге кірді. Шығармашылық жұмыстарға тұсау түсті, оны барша қазақ қаламгерлері айтып жүрді.

Бірақ бұл да талантты қаламгерге бөгесін бола алған жоқ. Шабысын бөгесе де, баржола тұсай алмады. Шығармашылық жоспарларындағы үлкен, арманы қазақ елінің ұлы ақыны даңқты Махамбет туралы бала кезден армандаған романын – «Шандоз» деректі тарихи баянын жазып, 2004 жылы жариялады.

Алайда Ә.Кекілбайұлының шығармашылық жоспарларында орындалмай қалған талай аса маңызды істер бар еді. Солар туралы Әбіш Кекілбайұлының жарты ғасырдан астам отасқан құдай қосқан жары, жазушының жанын түсініп, жұмыс жасауына барлық жағдайын жасаған Клара Жұмабайқызы, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің ардагері естеліктерінде айтады:

«1. Әбілқайыр хан туралы кітабын аяқтай алмай кетті. Алғашқы екі томы шыққанда, оны әркім әртүрлі қабылдады. Әбілқайыр – қазақты Ресейге бодан қылған сатқын» деген пікір де болды. Осыдан кейін Әбіш үзіліс жасап, кідіре тұрғанды жөн көрді. Ақыры ойға алған жоспары орындамады. «Шіркін-ай, Бопай апамыздың да басын көтерсем!» – деп армандайтын. 2005 жылғы инсульттен кейін, ол ойы да аяқсыз қалды.

2. Бұдан бөлек Шыңғыс хан туралы жазғандарға көңілі толықырамай, соны жазсам дейтін. Көп әдебиетшілер құсап күнделік те жазбады. Кейде сұрайтын едім: «Жұрттың бәрі күнделік жазатынын айтады. Осы сен неге күнделік жазбайсың?» – деп. Сонда күліп: «Күнделік жазып не керек, мына басты не үшін берді?» – дейтін. Сол айтқандай, оқыған-түйгені басында, көрген әділетсіздіктері ішінде кетті. Күнделік жазбауының сыры осында шығар кім білсін?!» [2,13].

Әдебиеттер:

1. Кекілбаев Ә. Шандоз. Тарихи-танымдық баян. Алматы, 2004.
2. Әбіш әлемі. Республикалық тарихи, әдеби, мәдени журнал. 2017, № 4.

ӘОЖ 82-7

ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНДЕГІ ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ БЕЙНЕСІ

Орхан Сөйлемез,

*Кастомону университетінің профессоры,
филология докторы (Кастомону қ., Түркия)*

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиетіндегі Ә.Кекілбаевқа арналған өлеңдердегі жазушы бейнесі қарастырылған. Автор қазіргі қазақ поэзиясында Әбіш бейнесін сомдаған өлең-жырларға талдау жасап, жазушы бейнесінің бейнелену ерекшелігін зерделейді.

Кілт сөздер: Әбіш Кекілбаев, қазақ поэзиясы, жазушы образы, қазақ өлеңі, идея, тақырып, образ

Имидж зерттеулері ұлттың ұжымдық жадында ерекше орын алған тұлғалардың әдебиетке қалай бейнеленетін зерттейді. Халық қадірлеген маңызды тұлғалар әдеби шығармаларда оң бейнеде көрініс табады. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Әбіш Кекілбаев халықтың сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленіп қана қоймай, әдебиет әлеміндегі өзге жазушылар мен ақындардың да жоғары бағасына ие болып, олар тарапынан шебер қаламгер ретінде танылған. Осыған орай, Әбіш Кекілбаевқа арналып, оның ақындық, жазушылық және ағартушылық қырларын сипаттайтын көптеген өлеңдер жазылды. Алайда зерттеудің көлемі бұл өлеңдердің барлығын талдауға жеткіліксіз. Сондықтан бұл баяндамада Әбіш Кекілбаевқа арналған өлеңдерден таңдап алынған үзінділер арқылы қазақ поэзиясындағы Әбіш бейнесін жалпы түрде көрсетуге тырысамыз.

Әбіш Кекілбаев өмір сүрген кезеңінде қазақ халқының сүйікті әрі көп қырлы дарынды өнер иелерінің бірі болды. Бұл жағдай бүгінге дейін өзекті болып қалған. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Әбіш туралы: «Әділін айтты, шындықты жеткізді», – деген болатын. Бұл ерекше мақтау сөз тек Президент тарапынан айтылғаны үшін ғана емес, халық арасынан шыққан Президент айтқандықтан маңызды. Қазіргі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев оның еңбектері жайында былай деген: «Әбіш Кекілбайұлы халқымыздың рухани әлеуетін әлемге танытуға жол ашқан маңызды тұлғалардың бірі. Ұлы жазушының шығармашылығы – қазақ рухының айнасы. Жазушының кітаптарын оқыған адам халқымыздың жан дүниесін, ой-қиялын, эстетикалық әлемін, ұлтымыздың ұлылығын таниды. Әбіш әлемі мұхиттың тереңдігі секілді кең мұраға, көпқырлы әрі мазмұн байлығына ие».

Президенттің де байқағанындай, Әбіш Кекілбаевтың роман, әңгіме және өлеңдерінен оқырман «қазақ рухының бейнесін» табады. Оның шығармашылықтағы әріптестері де Әбіш туралы ерекше пікірлер айтқан.

ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет Әбішті сипаттап: «...Ұлы Абайдың армандаған Әбіші осы, Әуезовтің жалғасы секілді бір ержүрек адамды көрдік», – деген. Есдәулет Әбіш Кекілбайұлыны жалқаулық пен өзімшілдікке қарсы шығып, қазақ халқы мен болашақ ұрпақтың саналы әрі сенімді болуын мақсат еткен Абайдың нағыз армандаған қазақ азаматы ретінде көрген және әдебиет, өнер, білім, ғылым салаларындағы көзқарастары мен еңбектері арқылы заманауи қазақ мәдениеті мен әдебиетінің көрнекті өкілі Мұхтар Әуезовтің туын алған тұлға ретінде сипаттаған.

Атақты түрколог, бұрынғы ректор әрі Білім министрі Мырзатай Жұлдасбеков Әбішке өзгеше көзқараспен қарап: «Ежелгі замандардан бері Маңғыстауда 362 әулие бар еді. 363-ші әулие де – Әбіш Кекілбаев», – деп, Әбішті қол жетпес, қазақ халқы арасында құрметке ие, жоғары мәртебелі тұлға ретінде сипаттаған. Жазушы, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дулат Исабеков оқырмандарға ескертіп: «Әбішті оқығанда дайын болу керек. Әйтпесе Әбіштің еңбектерін ешкім түсініп, игере алмайды», – деген. Бұл пікір өте орынды. Мысалы, «Аңыздың ақыры» шығармасын оқымас бұрын Әмір Темір мен оның дәуірін жақсы білу керек, «Күй» повесін оқымас бұрын қырғыз халқының ұлы эпосы – «Манас» жырын оқып, «манкұрт» ұғымын түсініп, сондай-ақ, түркімен халқының өз ішіндегі тарихи жіктелуін көру үшін Тиркиш Жұмагелдінің «Қара найзағай» («Kaга Yıldırım») романымен таныс болу қажет. Оның өлеңдерін оқығанда да нағыз мұсылман білуге тиіс Құран мен хадистерді меңгеру маңызды. Әйтпесе «Таңғы кәліме», «Түнгі кәліме», «Дастарқан жыры» мен «Сабыр» өлеңдерін түсіну мүмкін емес. Бәлкім, осы себепті Оразбек Сәрсенбай Әбіш Кекілбайұлының поэзия әлемін сипаттай отырып, «Найза қапқа сыймады» деген болар. Жүмекен Нәжімеденов болса, ақынды сипаттағанда: «...ақылдың, кең білімнің және терең сезімнің ұйыған, кемелденген көзі» деп бейнелеген. Оның айтуынша, Әбіш «...тереңнен сүзілген, таза әрі мөлдір болғандықтан, әркімді өзіне» баурап алады.

Түркияда «Боран» романы және «Күй аңызы» әңгімесімен танымал қазақ халқының ұлы жазушысы Тахауи Ахтанов Әбіштің «қарапайым қазақ» емес екенін ерекше атап өтеді және «Қазақтың да қазағы бар» дейді. Зейнолла Қабдолов болса, «Ең алдымен ақын еді» дейді.

Әбіш Кекілбаев тумысынан ақын, көпқырлы әрі дарынды өнер иесі еді. Жарқын ойшыл, шебер шешен және дана көшбасшы болды. Бұл қасиеттер оған қазақ халқы мен жалпы түркі әлемі үшін өмірінің соңына дейін еңбек сіңіруінің арқасында берілді. Қазақстанның әлемге әйгілі үлкен ақыны Олжас Сүлейменов те Әбішті жазушылық тұрғыдан Толстойға өте жақын деп санайды. Оның пікірінше, Әбіш «...ойының кеңдігі, жалпы адамзаттық сарындары, шебер тілі арқылы оқырманын баурап алады».

Әбіш Кекілбаевтың отансүйгіштігі «Қазақ даласының әр тасы – менің Қағбам, әр бұтасы – менің сәждем» деген сөзімен өлшенеді. Әбіш нағыз патриот және нағыз мұсылман. Мұны оның өлеңдерінен және сөздерінен көруге болады.

Қазақ зиялылары мен “ақсақалдарының” бұл пікірлері Әбіш Кекілбаевтың тек жазушы ғана емес, сонымен қатар қазақ мәдениеті, қоғамдық ой-сана мен ұлттық болмыс үшін маңызды тұлға екенін атап көрсетеді. Әбіштің шығармаларының әдеби тереңдігі, қоғамдық сыншылдығы және рухани жетекшілігі қазақ әдебиетінің дамуы мен қазіргі қазақ ұлттық болмысының қалыптасуында үлкен рөл атқарды.

Әбіш туралы өлең жазған қазақ ақындарын туған жылына қарай реттесек, «Ғасырдың маған берген бір көсегі» өлеңімен Бесімбай Бегеніш

ең үлкен ақын ретінде бірінші орында тұр. 1938 жылы Маңғыстау облысының Ақшұқыр ауылында дүниеге келген және мұғалімдік қызмет атқарып, халқына еңбек еткен Бесімбай Бегеніш бұл өлеңінде Кекілбаевтың өмірі мен әдебиеттегі жетістіктерін дәріптеген, оның өнер мұрасының байлығын және халыққа әсерінің зор екенін ерекше атап өткен. Бесімбай Бегеніш, өлеңнің атауынан-ақ Әбіш Кекілбаевпен бір дәуірде өмір сүруді өзіне берілген сый деп түсінгенін білдіріп, өлеңін Әбішке арнаған.

Соңында осы ғасыр байтақ әнім
Тойыма ұласты деп айта аламын.

Өлеңнің алғашқы жолдарында Әбіш Кекілбаев өз дәуірінің маңызды өкілі ретінде суреттелген. Ақын Бесімбай Бегеніш Әбіштің бір ғасырдың соңына куә болғанын айтып, ақынның Кеңес Одағының ыдырауына және 21-ғасырда тәуелсіз Қазақстанның қайта қалыптасуына куәгер болғанын меңзеген. Сондай-ақ, Әбіштің бар болуының өзі оның үшін мереке екенін атап өткен.

2005 жылы «Құрмет» орденін, 2012 жылы «Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері» және «Алаш халықаралық әдеби сыйлығын» иеленген, қазақ әдебиетінің қуатты әрі өзіндік ерекшелігі бар әйел ақындарының бірі саналатын, «Жайықтың ақ шағаласы» деген атпен танылған Ақұштап Бақтыгереева өз айтуынша Әбекеңнің (Әбіш Кекілбаевтың) «Алпысқа аяқ басқанда» атты өлеңіне жауап ретінде «Арнау» атты өлеңін жазған. Өз өлеңінде дүниеге келген алғашқы кезеңдерін жарық шақ ретінде сипаттаған Әбіш, қарттықты қараңғы түн деп бағалаған. Ақынның қарттықты қараңғы ретінде қарастыруының себебі – қарттықтың өлімді де қоса ала келетіні. Өлім – белгісіз қараңғылық. Cahit Sıtkı Tarancı «Отыз бес жас» өлеңінде 35 жасты жолдың жартысы деп есептесе, қазақ ақыны Әбіш Кекілбаев 60 жасты жолдың соңы деп санайды.

Қайта толғап тербетіп Манас жырды,
Ақ қағазға түндерде сыр айту ма?!

Бұл өлең жолдары Кекілбаевтың әдебиет үшін маңызды тұлға болғанын және сол уақытқа дейін мәдени мұраға қосқан үлестерін көрсетеді. «Манас» жыры – Түркістан өңірінің маңызды эпостарының бірі, ал Кекілбаевтың бұл жырды оқу арқылы ішінен бір ұғымды алып, оны қайта талдауы оның мәдени мұра тасымалдаушысы екенін дәлелдейді. Әбіш қайта қарастырған ұғым – «Күй» повесінде айтылған «мәңгүрт» ұғымы. Манас жырында кездесетін, жауды жазалау мақсатында жасалатын мәңгүрттендіру әрекеті Әбіш Кекілбаевтың «Күй» повесінде талданған. Бұл ұғым әдебиетте Чыңғыз Айтматовтың «Borandı Beket» романымен кең тарағандай көрінсе де, Айтматовтан 12 жыл бұрын Әбіш тарапынан қолданылған («Қазақтың белгілі жазушысы Әбіш Кекілбайұлы Айтматовтан он екі жыл бұрын «Күй» атты повестінде мәңгүрт тақырыбын қозғаған. Яғни, мәңгүрт ұғымын қалың бұқараға жеткізіп, әлем әдебиетіне енгізген Шыңғыс Айтматов болса да, өзінен бұрынғы әдеби шығармасында бұл ұғымды сөз еткен автор Әбіш Кекілбайұлы еді»).

«Манғыстау» газетінде журналист болған Манғыстау тумасы Риза Оңғарбай Ахметұлы «Ән айт, ән айту үшін туғансың» атты өлеңінде Әбіш Кекілбаевтың ақындық шеберлігіне, халқы мен мәдениетімен байланысына, жазғандарының қоғамға қосқан үлесіне, халық жадындағы тұрақты орнына және уақытқа төтеп берген данышпан ретінде мәңгілікке айналғанына тоқталады. Қазақ халқы үшін Әбіш – халқының сағынышы мен сүйіспеншілігін білдіретін қуатты ақын, даланың үні және халық сезімдерінің айнасы. Ақын Риза Оңғарбай да Кекілбаевты халықтың рухани әлемінде үлкен әсер қалдырған және ұрпақтар бойы есте қалатын құндылық ретінде бейнелеп, Кекілбаевтың әсерін, халық үшін маңызды мәнін және рухани жағын кезек-кезегімен сипаттаған.

Әбіштің жерлесі, Маңғыстау тумасы Ғалым Әріптің «Қазақ даласының әр тасы – Қабам, әр бұтасы – сәждем» деген Әбіш Кекілбаевты «Әулиелер әлдиі» атты өлеңінде дала рухымен тұтасқан, бірлікке айналған дана тұлға ретінде сипаттаған. Ғ.Әріп дала даналығын Кекілбаев тұлғасында нақтылаған. Әбіш пен дала, яғни адам мен жердің байланысы Құран Кәрімнің Таха сүресінде: «(Ей, адамдар!) Біз сендерді топырақтан жараттық, (өліміңнен кейін) сендерді қайтадан сонда қайтарамыз және тағы да бір рет сендерді содан шығарамыз» деген аяттарымен түсіндіріліп, алғашқы адамның топырақтан жаратылғанын баяндайды. Өлеңде бейнеленген дала – Әбіш Кекілбаевтың өзі.

Ә.Кекілбаев өлеңде табиғаттың үні мен даланың тілі ретінде бейнеленеді. Табиғатпен біте қайнасқан, оның әрбір бөлшегін, әрбір сыбдырын сезіп, өмір сүрген жан. Даламен тұтасқан. Кекілбаев даланың мағынасын, сырын білетін адам.

Құлағында – дала үні шымырлаған,

Құлағында – баба үні сыбырлаған,.. –

деген жолдар Кекілбаевтың дала және ұлттық тарихпен қалай біте қайнасқанын, даланың әрбір бөлшегін жүрегінде сезінетінін көрсетеді. Бұл жолдар оның даланың және табиғаттың бейнесі екенін аңғартады.

Ғалым Әріп дала даналығын Кекілбаев тұлғасында нақтылайды.

Абыз-дала, жөңкілген сағымдана,

Дүрілдейді, дүмпиді дабыл қаға, –

деген жолдарда Кекілбаев «даланың үні» және «дабылдың жаңғырығы» секілді дерексіз бейнеде суреттеледі. Даланың кеңдігінен жаңғырып шыққан бұл үн халық жадында терең сақталған рух болып табылады, ал Кекілбаев осы рухты сақтаушы ретінде бейнеленеді.

Кекілбаевтың өткеннің естеліктерін, аңыздарын және халықтың мұрасын сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізгені жайлы бүкіл өлең бойында айтылған. Бұл мұра тек оның ғана емес, бүкіл халықтың рухын қоректендіретін күш.

Даусы келіп нешебір шешендердің,

Дәуірлерден жетеді жаңғырығып,

Құлағына түйсікті жас өреннің, –

деген жолдарда, оның тек өз заманында ғана емес, сонымен бірге өткенді болашаққа жеткізетін құбылыс екендігі айтылады. Бұл сөздер Кекілбаевты өткен мен болашақты байланыстыратын, жас буындарға тарих пен мәдениетті жеткізетін көпір ретінде суреттейді. Әбіш бұл көпірдің негізін жазған романдары мен өлеңдері, атқарған жұмыстары арқылы күшейткен.

Шығармашылық жолын студенттік жылдарында бастаған және көптеген «айтыс» жарыстарында жүлде алған ақын Елена Әбдіхалықова “Сөз – кие” өлеңінде Кекілбаевтың сөздерінің, шығармалары мен ойларының қазақ халқы мен әдебиетіне терең әсерін зерттеп, оның әдеби, мәдени және адамгершілік құндылықтарын дәріптеген.

Ол кісі сөйлесе:

Көк аспан нұрланар,

Көбігі бұрқырап, көк теңіз бұлданар, –

деген өлеңнің алғашқы жолдарында Кекілбаев сөйлеген кезде табиғаттың да өзгеріске ұшырайтыны айтылады. Кекілбаевтың сөздері мен ойлары адамдар мен қоршаған ортаға рухани әсер етеді. Бұл жолдар оның сөздерінің табиғатты қозғайтын күшке ие екенін жеткізгісі келгенін көрсетеді. Ақын Е.Әбдіхалықова осы бейнелер арқылы Әбіштің сөздерінің тек адамдарға ғана емес, бүкіл ғаламға әсер ететін күшке ие екенін меңзейді. Табиғаттың Кекілбаевтың сөздеріне әсер етуі оны табиғат пен ғаламның дауысы ретінде асқақтатады. Кекілбаевтың жазушылық шеберлігін Толстойға өте жақын санайтын қазақтың әлемге әйгілі ақыны Олжас Сүлейменов: «Оның ойының кеңдігі, ғаламдық тақырыптары, ағыл-тегіл тілі оқырманын баурап алады», – деп, осы жолдарды толықтыра түседі.

Ол кісі сөйлесе:

Баянсыз бақытым – бойдағы ар-иман

етегін тұмшалар, –

деген жолдарда Кекілбаевтың сөздері адамдардың ішкі рухани құндылықтары мен ар-ұжданын қозғайтыны айтылады. Кекілбаевтың сөздері адамдарды ішкі есепке шақырып, адамгершілік құндылықтарға мән береді. Оның сөздері жай ғана қарым-қатынас құралы емес, сонымен қатар рухани жетекшілік. Оның сөздерінде өткеннен алынған даналық пен терең адамгершілік сана көрініс табады. Әбіштің: «Ұрпақтан ұрпаққа қалатын ең құнды мұра – өткеннен алынған рухани тәжірибе. Одан айырылған қауым өз болашағынан айырылады», – деген сөзі де осы тұжырымды қолдайды.

Әбіш 1995 жылы қазақ халқының тарихы мен рухани мұрасына құрмет көрсетуге шақырған әдеби және зерттеу еңбектері үшін Қазақстан Республикасының Президентінің Бейбітшілік және Рухани келісім сыйлығына ие болған.

Ол кісі сөйлесе, тарихпен түй құрдас,

қазақпен ғасырлас, –

деген жолдар Ә.Кекілбаевтың тарихи әрі мәдени тұлға екенін айғақтайды.

Әбіш қазақ тарихының бір бөлігі ретінде ұлттың өткенін қазіргі заманмен байланыстырушы көпір саналады. Бұл оның тек жазушы ғана емес, тарихшы әрі мәдениет қайраткері екенін білдіреді.

Періште – Сөз біткен, Ой –Тәңір, ол барда

«дос» та – сөз, «қош» та – сөз! –

деген жолдар Кекілбаевтың сөздерінің қасиеттілігін көрсетеді. Оның айтқандары дұға іспеттес, қасиетті сөз ретінде қабылданады. Сөздері достық пен разылық арасындағы көпір болып, адамдардың жүрегіне әсер етеді. Бұл Кекілбаевтың тілді және сөздерді шебер қолдана алатын ақын әрі ойшыл екенін көрсетеді. Қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов сөз бен Құдайдың байланысы туралы жапон философы Дайсаку Икедамен бірге шығарған «Ода величию духа» атты кітапта: «Баршамыз үшін «бастапқыда сөз болды» деген рас: ол барлық бастамалардың басында да, Құдай әлеміне келген әрбір жанның өмір бастамасында да болды... Бақыт пен қайғыда, материяның мәнін байсалды зерттеуде – бәрін анықтайтын көпмағыналы Сөз-Құдай тұр», – деп айтқан.

Ол кісі сөйлесе:

Елімнің есі еді,

бас иер уақыт, сарқылып есебі, –

деген жолдар Кекілбаевтың қазақ халқы үшін ақылшы, дана тұлға екенін білдіреді. Оның сөздері уақытты жеңіп, уақыттың өзі алдында бас иетіндей даналыққа толы. Мұнда Кекілбаевтың қоғамға жол көрсетуші көшбасшы ретіндегі рөлі айқындалған.

Ол кісі сөйлесе:

Ғашықсың – далаға!

Ол кісі сөйлесе:

Асықсың балаға! –

деген жолдарда Әбіш Кекілбаевтың қазақ даласына деген шексіз махаббаты мен халқына деген адалдығы көрсетілген. Әбіш халқы үшін шығармаларын арнап, өмірін осы жолда арнаған. 76 жылдық ғұмырында ол қазақтар үшін жазып, халқының игілігі үшін қызмет етіп, тарих, мәдениет және саясатта да зор жетістіктерге жеткен.

Қазақ ақындарының бірі Гүлсана Тілеубекова «Тау тұлға» өлеңінде Кекілбаевтың өмірі, шығармалары мен қоғамдағы орнын сипаттайтын туынды ұсынған. Ақын Тілеубекова қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Әбіш Кекілбаевтың өмірі мен шығармашылығын кең тұрғыда қарастырып, әр шумақта Кекілбаевтың өмір жолын, кәсіби жетістіктері мен әдеби болмысын қазақ мәдениетінің символы ретінде танытқан.

Әдебиеттің арқасүйер жартасы,

Сізге мәлім туған жердің әр тасы.

Мырзайырдан қанат қаққан мұзбалақ,

Сәлем саған, Маңғыстаудың марқасы!

Өлеңнің алғашқы шумағындағы «Маңғыстаудың марқасы» деген тіркес Кекілбаевтың туған жеріне деген адалдығы мен оның бұл өңірдегі

маңыздылығын көрсетеді. Бұл тармақтар оның әрі физикалық, әрі рухани тамырына берік адам екенін аңғартады. Әдебиеттің «арқасүйер жартасы» деп аталуы оның мызғымас әрі берік болмысын бейнелейді.

Өлеңнің көптеген тұсында Әбіш Кекілбаевтың маңызды еңбектеріне сілтемелер жасалған. Өлеңде аталған шығармаларының бірі – алғашқы өлеңдер жинағы «Алтын шуақ», ол 1962 жылы жарық көрген. Ал «Бір шөкім бұлт» атты туындысы 1965 жылы басылып шыққан. Бұл еңбектер шыққанда Кекілбаев әлі жиырма жастағы жас жігіт еді. Ауыл өмірін сипаттайтын «Дала балладалары» повестері мен әңгімелер жинағы – Әбіш Кекілбаевтың жазушылық шеберлігін алғаш рет көрсеткен еңбегі болып саналады.

Өлеңнің соңғы бөлімінде Әбіш Кекілбаевтың Қазақстан қоғамында аса құрметке ие тұлға екені жайлы айтылған. Мемлекет тарапынан оған «Еңбек Ері» атағы берілуі оның елі мен халқына қосқан үлесінің жоғары бағаланғанын көрсетеді:

Қазақстанның Еңбек Ері атанған,

Жадымызды жаңғырта бер, айбарым, –

деген жолдар оның ұлттық қаһарман ретінде танылғанын және шығармаларының халық арасында кеңінен мойындалғанын білдіреді. «Еңбек Ері» атағы – Қазақстандағы ең жоғары мемлекеттік марапаттардың бірі.

Гүлсана Тілеубекованың осы өлеңінде Әбіш Кекілбаев айрықша білімді, әдеби және мәдени еңбектерімен ерекшеленген тұлға ретінде бейнеленген. Оның шығармалары қазақ қоғамының тарихын, дәстүрлерін және мәдени құндылықтарын терең зерделеген. Өлеңнің соңында оған «Еңбек Ері» атағының берілуі – қазақ халқының оған деген ризашылығы мен сүйіспеншілігін білдіреді. Бұл өлеңде Кекілбаевтың жеке тұлғалық және әдеби жетістіктерінің мадақталуы Әбішті Қазақстанның мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде ұлықтайды.

Әбіштің еңбектері мен шығармашылық қызметі қазақ әдебиеті мен мәдениетінде өшпес із қалдырды. Сондықтан Кекілбаев қазақ халқы үшін көшбасшы, ұстаз және мәдени рәміз болып қала береді. Қазақстанның президентінен бастап, саясаткерлерге, өнер иелеріне, ақын-жазушыларға және қарапайым халыққа дейін көптеген адамның құрметіне бөленіп, жүрек төрінен орын алған. Әбіштің айтуынша, «ақиқаттың мекені – жүрек» болатын. Сонымен қатар, «жалғандық – ақиқаттың аяғына салынған тұсау» деген. Ұлы ақын Олжас Сүлеймен оны қазақ халқының «Толстойы» деп ардақтап, биік тұғырға қойған еді. Ал Әбіш өзінің нақыл сөздерінің бірінде ұлы ақын мен өнер иесін «халық ұзақ жылдар бойы төзіммен күтіп, сағынып қауышқан перзент» деп сипаттаған болатын.

Бұл жұмысқа негіз бола отырып, Әбіш туралы – туған ауылынан оқыған мектебіне дейін, жазған мақалаларынан өлеңдеріне, әңгімелеріне және романдарына дейін, саясат алаңынан мәдениет алаңына дейін не бар – жазылған өлеңдер мен шығармаларды анықтауға тырыстық. Жақындап он (10) ақынның өлеңдерін таптық та, Әбіштің ой дүниесін, өмірін,

философиясын осы өлеңдердің жолдарынан шығарып алуға тырыстық. Абай дегенде қазақ халқының ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов және оның екі томдық «Абай жолы» романы еске түседі. Бұл шығарма халықтың тарихын және мәдениетін жинақтап, энциклопедия іспетті деп бағаланады. Қазақ тарихы туралы айтқанда, Қызылжардағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетіне де есімі берілген академик Манаш Қозыбаев та алғашқы еске түсетін тұлға. Қозыбаев оны сипаттай отырып: «...Әбіш Кекілбаев... XX ғасырдағы қазақ қоғамының, түрік дүниесінің шыңы болған жазушы; өткендегі Мұхтар, Сабит, Ғабит секілді жетекші үлкендеріміздің мұрагерлерінің бірі, бүгінгі қазақ әдебиетінің туын көтерушілерінің бірі, ең алдыңғысы», – деген болатын.

Қазіргі Қазақстанның ең маңызды философтарының бірі академик Ғарифолла Есім оны ел мен халықтың «тәуелсіздік көкжиектеріне» орналастырады. 1960 жылдары «халықтың тұншығып қалған рухани көздерін» ашуға тырысқан, тәуелсіздік атмосферасының тыныс алуға болатынын сездірген және ақырында әдеби, мәдени және қоғамдық құндылықтарды жазуға кіріскен тұлға ретінде көреді. Академик Есім атап көрсеткендей, Әбіш Кекілбаев алғашқы өлеңдерінен бастап, алғашқы сындарынан және әдеби шығармаларынан бастап, Сталиннен кейінгі пайда болған шектеулі бостандық кезеңінің рухани дүниесіне таза жел сияқты әсер еткен. Сол кезде ол өзінің жолын таңдап, осы жолда өмірінің соңына дейін жазып өтті, елдің ауадай қажетті рухани өміріне күш қосып, тек әдебиетте ғана емес, тарих, мәдениет, саясат салаларында да жүріп, өмір сүріп, осы дүниеден көшіп кетті.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын (грант № АР19678872) ғылыми жоба аясында дайындалды.

ӘОЖ 82-7

ХАЛЫҚТАР МЕН МӘДЕНИЕТТЕР БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ДӘНЕКЕРІ

Оңайша Мақсымқызы Мандоки,

*Мажарстандағы қазақ мәдени орталығының төрағасы, Лакителек халық университетінің ұстазы, «Барыс» қорының төралқа мүшесі
(Будапешт қ., Венгрия)*

Аңдатпа. Мақалада автор мадияр-қазақ әдеби байланыстарына қысқаша шолу жасай отырып, ондағы жазушы Әбіш Кекілбаевтың орны сөз қарастырылады. Жазушының мадияр тіліне аударылған «Бәйгеторы» повесінің көркемдік, эстетикалық, танымдық сипаты талданған.

Түйінді сөздер: мадияр-қазақ әдеби байланысы, мадиярша басылым, құман қыпшақтар, қазақтармен байланыс, көшпелілер эстетикасы, табиғат пен адам.

Қазақ пен мадиярлар арасындағы байланыс тарихының сан салалы екендігі, оның тым ертеден бастау алатындығы айтылып та, зерттеліп жатыр. Оның жаңа қырлары да күн өткен сайын ашыла түсуде.

Мадияр авторларының қазақтарға қатысты жанама деректері ХІІІ ғасырдан бастау алады. Қазақ ауыз әдебиеті мен фольклоры туралы толыққанды мәліметтерге қарт құрлық жұрттары атақты түрколог В.В. Радлов (әуелгі ныспысы – Фридрих неміс екені аян) еңбектері арқылы ХІХ ғасырдың 70-жылдары ғана қол жеткізгендігі мәлім [1]. Ал, мажарстандық шығыстанушы атақты Вамбери Арминнің Орта Азияға жасаған ұзақ жылға жалғасқан сапарларының нәтижелерінің арқасында тіптен етене таныс бола бастады. Ал, 1900 жылы Жетісу бойына 9 ай бойы зерттеу жүргізген Алмаши Дьордь еңбектерінде де қазақтарға қатысты, соның ішінде біз сөз еткелі отырған мәселе туралы аз-кем мәліметтер мадияр тілінде жарияланған еді [2].

Мадияр мен қазақ көркем әдебиет байланысындағы өзіндік ерекше мәнге ие болған кемеңгер Әбіш ағаның орнын сөз етерден бұрын аталмыш екі халықтың әдеби байланысы мәселесіне аз-кем тоқталып, шолып өтсек қисынға келетін сияқты. Ал, бауырлас екі халықтың бір-бірінің классикалық үлгідегі көркем әдебиет үлгілерімен дендеп жақын танысуы ІІ жиһангерлік соғыстан соң Мажарстан елінің коммунистік лагерьге енуге мәжбүр болуымен тікелей байланыста дамыды. Өкініштісі, алғашында совет жазушыларының коммунистік идеология мен соғыстағы жеңімпаздықты паш еткен бірлі-жарым шығармалары мадияр тіліне аударылып, жарыққа шықты. Араларында бірлі-екілі қазақ қаламгерлері де болды. Мұндайда тәржіма жасалатын автор мен шығармаға қатысты мәселені орталық қана шешетіні белгілі еді.

Мадияр тілінде шығармалары алғаш жарыққа шыққан қазақ авторы – Жамбыл жырау болды. Треченьи Имрениң құрастыруымен 1955 жылы басылып шыққан дербес жинаққа жыраудың бірқатар туындылары енді [3]. Іле-шала ұлы Мұқаң – Мұхтар Әуезовтің әйгілі эпопеясы айтулы мадияр әдебиетшісі Рав Жужа мен Роган Миклоштың аудармасымен «Egy költő útja» – Ақынның жолы» деген атпен 1956-58 жылдары жарық көрді [4]. Іле-шала «Көксерек» туындысы 1961 жылы Фехер Яноштың аудармасымен шықты. Кейініректе дүниеге келген туындылардан «жаңа қоғамдық құрылымның жасампаздығы, жұмысшы тап келбеті, колхозшылар өмірі сияқты қасаң туындалардан «сталинизм» дәуірінің сызы анық байқалады», – деп жазды Көрменди Лайош [10, 110].

Алайда, мадиярлар қанша қаласа да, олардың қалауынан шығып, қолайына жағатын, ең бастысы олардың санасындағы шығыстағы туыс халықтардың шынайы әдеби шығармаларына қол жеткізу екіталай болды.

Айталық, қазақ рухани қазынасының – арысы халық әдебиеті өкілдерінің, берісі Алаш арыстары мен оның замандастары тудырған әдеби құндылықтар репрессивтік идеологиялық саясаттың сүзгісінен өтпей, шетел түгілі қазақ қауымы үшін де қол жетпес мұра болғандығы өкінішті. Осыны мадияр зиялылары сезді, білді. Себебі, заманында большевиктерден қағажу көріп, шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болған, Алашордашылармен байланыста болған башқұрт оқымыстысы Таған Ғалымжан Мажарстан жерінен пана тапқан, онда ұзақ жыл тұрған, көптеген мақала жариялаған еді. Осы тақылеттес жайттар мен коммунизмге деген наразылықтан советтік саясат пен оның құралы әдебиетті мадияр жұрты өзгеше қырынан сыни көзқараспен пайымдауға жақын тұрғаны аян. Ал, мажарстандық шығыстанушылар өз зерттеулерінде туысқан түркі халықтарының әдебиет үлгілерін кеңінен арқау етіп, насихаттап келгендігін айтып өтуіміз парыз. Мұндай құлшыныстардан көзі ашық, қырағы мамандардың туыс халықтардың әдебиетінің үлгілерін ішінара болса да, мадияр оқырмандарына таныстыруға деген ынтасы байқалады.

Бір ғана мысал келтірсек, Мажарстан тарихындағы қиын кезеңдерде, яғни 1958 жылы қазақ ертегілері мадияр тілінде «A fako lovacska», яғни «Құла тай» деген атпен жарық көргенін айтып өтсек жеткілікті [5]. Бұл ауыз әдебиетіне қатысты алғашқы қадам ретінде әдеби байланыстар тарихына енді. Қазақ көркем әдебиетінің мадияр тіліндегі арнайы жеке жинағы 1969 жылы жарық көрді. «Kazah irodalmi szemelvenyek», яғни «Қазақ әдебиетінен үзінділер» деген атпен шыққан жинақ Венгр-совет достық қоғамының мұрындық болуымен жүзеге асырылды [6]. Жинаққа қазақ ертегілерінен бастап, «Ерсайын» жыры, Махамбет, Абай, Жамбыл жырлары, С.Дөнентаев, Ғ.Орманов, Қ.Бекқожин, Ж.Саин, Ғ.Мүсірепов, М. Әуезов шығармалары енгізілген екен. Оқырмандарының сұранысын қанағаттандыру мақсатында мадияр әдебиетшілері «Világirodalmi lexikon» – «Әлем әдебиетінің энциклопедиясы» атты көптомдықта Азиялық және советтік республикалардағы әдеби ахуалға, оның көрнекті тұлғаларын молынан қамтуға ден қойды. Бұл іске сол халықтардың тілдерін еркін меңгерген, әрі зерттеумен айналысатын мамандарды тартты. Мәселен, менің жолдасым Мандоки Қоңыр аталмыш энциклопедияның VII томына (ол екі кітаптан тұрады) түркі жұрттарының әдебиетіндегі отызға тарта тұлға мен әдеби жанрлар мен кесек туындылар туралы мақала жариялады [7; 8].

Академик Рымғали Нұрғалиев «қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» деп бағалаған XX ғасырдағы қазақ кәсіби әдебиеті 1960-жылдардан бастап көркемдік өресі жоғары кесек туындылармен толығып, дами түскендігі белгілі. Әдеби жауһарларымен шетелдік оқырмандардың етене жақын танысуға 1950-60 жылдарға дейін мүмкіндік болмады. Тек, жылымық лебі ескен кезеңнен бастап, жағдай өзгере бастады. Абай, Мұхтар сынды алыптардың жолын пір тұтқан 1960-жылдары қазақ әдебиетінде қаулап бой көтерген қазақ әдебиетіндегі жас жазушылар мен ақындардың туындылары

Совет одағы халықтарының тіліне һәм сол кезде социалистік лагерь елдерінің тіліне аударылып, көптеп жарық көре бастады. Мадияр тілінде алғашқылардың бірі болып совет ақындарының антологиясында Олжас Сүлейменовтың өлеңдері жарық көрді. Қазақ фольклоры, ауыз әдебиеті үлгілері мен жаңа заман әдебиеті өкілдерінің туындылары, кейбір үзінділері Мажарстанның алуан түрлі жинақ, журналдарында жарық көріп тұрды.

Қазақ жазушыларының толыққанды жинағы 1977 жылы Будапештте «Еуропа» баспасында жарық көрді. Жинақ «A díjnyertes íó: Mai kazah elbeszélők», қазақшаласақ «Бәйгелі сәйгүлік. Бүгінгі қазақ (жазушыларының) повестері» деген атпен жарық көрді [9]. Жинақта он екі қазақ авторының повестерінің орысша нұсқасынан он білікті тәржімашы мадияр тіліне аударған. Авторлар Ә.Әлімжанов, Д.Досжанов, Д.Исабеков, Ә.Кекілбаев, Б.Момышұлы, С.Мұратбеков, Ш.Мұртазаев, С.Санбаев, Ә.Сәрсенбаев, О.Сәрсенбаев, М.Сүндетов, Ә. Тарази фамилиялары бойынша алфавиттік ретпен берілген. Шынтуайтында, жинақтың атауы Әбіш Кекілбаевтың «Бәйгеторы» әңгімесімен аталған еді. Жанына балаған түлікке ат қоюдан алдына жан салмайтын қазақы ұғымды өзге тілге аударудың оңай емес екендігі түсінікті. Көшпелі мәдениеттің һәм жауынгерліктің атрибутына саналған жылқы түлігін мадиярлар да ерекше қастерлейді. Бірақ, қазақы ұғымдағы атау олардың санасында жазушының айтайын деген ойын, оқиғаның жүлгесін дөп жеткізе алмайтындығын ескерген аудармашы Антал Миклош «A díjnyertes íó», яғни «Бәйгелі сәйгүлік» деп алуды жөн санаған (ол сондай-ақ, Әкім Таразидың әңгімесін де аударған). Ол осы мәселеде зерттеуші Қоңырмен ақылдасқан. Дегенмен, басты себеп Әбекеңнің «Бәйгеторысының» көркемдік және эстетикалық өресіне тікелей байланысты болды десек қателеспейміз. Оны мадияр әдебиетшілерінің білдірген пікірі қуаттап отыр (ол туралы төменіректе арнайы тоқталамыз). Көлемі 336 беттен тұратын жинақтың 64-111 беттері аралығында орын алған Әбіш ағаның «Бәйгеторысы» мадияр оқырмандарын ерекше баурағаны көптеген мәселеге қатысты жарияланымдарда айтылды. Осы орайда қазақ әдебиетімен етене айналысқан қыпшақтекті ақын, жазушы Көрменди Лайоштың пікіріне ден қойсақ жеткілікті. Ол мадияр қыпшақтарының рухани орталығына айналған Карцаг қаласындағы «Сент форраш – Әулие бұлақ» деп аталатын тәржіма шеберханасы (Műfordító műhely) шығарып тұрған альманағының бір санында (1988) «Üzenet a jurtakból» – «Киіз үйден келген хабар» атты жазбасында аталмыш жинаққа қатысты пікірін жариялаған [10]. Мұнда ден қойғызатын тұсына тоқталсақ, Әбіш Кекілбаев туындысына мадиярлардың берген ортақ бағасы деуге әбден лайық. Көрменди Лайош былай деп толғанады: «Қазақ жазушыларының табиғатпен етене жақын байланысына ерекше ден қоятындығы, оның адамдардың ту сыртында тұрған тамаша бір фон ретінде қабылдауға болады. ...Солдай адамдарға қорған болып тұрған заңғар таулар, шексіз шетсіз дала оларға бар қажетті нәпақасын да аямай төгеді. Әсіресе, Әбіш шығармасында сол аялы табиғаттың шексіз

тылсымының суреттеуінен, әсіресе жылқы мен адам арасындағы байланыс суретінен атақты Лев Толстой мен Шыңғыс Айтматов туындыларымен шендесетін тұстары байқалады» [10, 112].

Бұл – Әбіш ағаның мадияр тілінде жарық көрген әңгімесіне мадияр әдебиетшінің берген бағасы. Көрменди айтуынша, қазақ жазушыларының шығармаларынан байқалатын басты қасиет – оларға асқақ эстетикалық сұңғылалық пен сезімталдық тән [10, 110]. Сонымен қатар, оның пікірінше «повестерде адам мен табиғат симбиозы, көшпелі дәстүрді бойына жасырған кең сақара мен заманауи техникалық өркениетке құлшынған қала, ислам мен марксизм» тайталасы мен шынайы суреті көп нәрсені аңғартады», – деген толғанысын жасырмайды. Көшпелілердің бүгінгі заман қаламгерлерінің туындылары социология мен этнографияға бай қызықты баяндаулармен ғана емес, эстетикаға толы, ең бастысы «қазақ халқының бойында шексіз жасампаз күш-қуат, өмірге құштар, тіршілікке икемді қасиет бар» екендігін тартымды, әрі шынайы суреттеу арқылы өз оқырмандарын иландыра алады [10, 113].

Қазақ қаламгерлерінің мадияр тілінде жарық көрген жинақтың 317-327 беттерінде менің жолдасым Мандоки Қоңыр жинақтағы қазақи ұғымдар мен атауларға арнайы жазған түсініктемесі берілген (Сөз орайында айта кетуім парыз, мадияр тілінде жарық көрген түркі фольклоры мен әдебиетіне қатысты басылымды дайындағанда көбі Қоңырға жүгінетін. Аудармашылар мен баспагерлер онан ақыл-кеңес алатын, редакция жасауды, комментарийлер дайындауды сұрайтын. Айталық, атақты Шыңғыс Айтматовтың мадиярша жарық көрген романдарындағы ұғымдар мен атауларға түсініктемелерді Қоңыр дайындаған тұғын).

Әбіш Кекілбаев шығармасын жылы қабылдаған мадияр оқырмандарының екінші мәрте оның «Аңыздың ақыры» туындысымен қауышудың сәті түсті. Герольд Бельгердің орысшаға аударған нұсқасынан (Жалын баспасы, 1977) атақты мадияр әдебиетшісі Катона Ержебет ханым мадияршаға тәржімалады. Сөйтіп роман 1998 жылы екі бірдей кәсіпорынның (Агрометалл және Хунгаро-кабель) демеушілігімен жарық көрді (соңғысының жетекшісі Гал Андраш «Барыс» атты қор құрған, қазақ-мадияр қатынастарына арналған жиырмадай кітапты жарыққа шығарған) [11]. Тәржімашы Катона Ержебет автор туралы толғанысында «Қазақстанның ерекше экзотикаға толы, тылсымды өңірінде дүниеге келген Әбіш Кекілбаев ...шығармаларының тілі – шығыс әдебиетіне тән қою әрі шиырлы. Жазушы туындыларының негізгі идеясы билік пен адам арасындағы шексіз, жойқын тайталасты арқау етеді. Билеушілердің пәлсапасын жасырын қырының ішкі мәнін шым-шымдап аша түседі. Оның біртіндеп жаныштай отырып, адам абыройын аяққа таптайтындығын, сөйтіп индивидуалистік қасиетті быт-шытын шығаратындығына мән береді. Ал биліктің иелерінің өзі де құлға айналып, өзінің шексіз билігінің құрбанына айналады, Басқаның мойнына ілінген құрық біртіндеп тырп еткізбей оның да аяқ-қолын матап тастайды» [11, 253].

Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы мадияр оқырмандарын айырықша баураған, ерекше әсер қалдырған қыры оқиғалардың суреті, ортасының көшпелі болмысқа сай суреттері ғана емес, кейіпкерлерінің тіршілік ырғағы мен салт-санасының мадиярлардың бағзыдағы тарихымен үндес болуында жатса керек. Автордың шынайы суреті, көркем образдарды сәтті сомдауында өзіндік қолтаңбасымен даралана түсуі мадияр оқырмандарын еріксіз мойындатты. Мұнан «Азиядан барып, Карпат қойнауына қоныс тепкен мадиярлардың тарихы мен мәдениетінің бір кездегі картинасымен танысқандай боламыз», – деп жазды Катона Ержебет. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы суреттеулер Мажарстандағы қыпшақтар қоныстанған Куншагта, яғни Құманияда бертінге дейін болған еді. «Бәйгеторы», мадиярша «Бәйгелі сәйгүлік» повесінің картинкасының ерекшелігі көшпелі өркениеттің соңғы жұқанасы іспетті әсер қалдыруымен мадияр оқырмандарының жүрегіне жол таба білуінде жатса керек.

Сайып келгенде, Әбіш Кекілбаев шығармалары мадияр оқырмандары үшін көшпелі ортаның сән-салтанаты, гүлденуі мен күйреуі, адам мен табиғаттың егіздесе үндесуі, тарихтан алған тағлымы мол, жеңісі мен опырыла күйреуі сияқты алмағайып кезеңнің тамаша бір бейнесін нанымды, тартымды етіп түзген тамаша әдеби туынды, жауһар шығарма ретінде қазақ тарихы мен мәдениетіне ден қойған мадияр оқырмандарына және кәсіби мамандарға жан-жақты мәлімет беретін кемел дүние ретінде бағаланып отырғаны біз үшін зор мақтаныш!

Әдебиеттер:

1. Die Sprachen der türkischen Stämme Süd-Sibiriens und der Dsungarischen Steppe von Dr.W.Radloff. I. Abtheilung. Proben der Volkslitteratur der türkischen Stämme Süd-Sibiriens, gesammelt und übersetzt von Dr.W.Radloff, T. III. Kirgisische Mundarten. – St.-Pbg., 1870. – XXVII. – 856 с.

2. Álmásy György. Vándorutom Ázsia szivébe (Азия жүрегіне саяхатым). – Budapest, 1903. – 768 о.

3. Dzsambul Dzsabajev. Osszeáll. Trencsinyi-Watdapfel Imre. – Budapest, 1955.

4. Auezov Muhtar. Egy költő utja (Abaj Kunanbajev.) Regényes életrajz. Ford. Ráb Zsuzsa. Ill. Rogán Miklos. – Budapest, 1956, 1958.

5. A fako lovacska. Kazah népmesek. Vdl., utószó és jegyz. Kovács Zoltán Ill. Loránt Péterné. – Budapest, 1958.

6. Kazah irodalmi szemelvények (Қазақ әдебиетінен үзінділер) Válogatott. Neszmélyiné Laszkovszky Márta. – Budapest, 1969, MSzBT. 108.

7. Világirodalmi lexikon (Әлем әдебиеті энциклопедиясы). – Budapest, 1970. – VII (1). – 1971. – VII (2).

8. «Ұлы даланың біртуар ұланы». Алты Алаштың ардақтысы, көрнекті түркітанушы, мәдениет қайраткері, Мажарстан ғалымы Мандоки Қоңыр мұраларының аудармасы, ғылыми комментарий, библиографиялық

көрсеткіші. «Ұлы тұлғалар» сериясы. Алматы: Орталық Ғылыми кітапхана, 2009. - 328 б.

9. A díjnyertes ló: Mai kazah elbeszélők. – Budapest: Europa, 1977. – 336 о. («Бәйгелі сәйгүлік» («Бәйгеторы») Қазақ жазушыларының мадияр тілінде шыққан повестер жинағы).

10. Körmendi Lajos. Üzenet a jurtaból // Szent Forras. Műfordítások a türk népek irodalmából. – Karcag, 1988. – 109-116 о.

11. Kekilbayev Ebis. A legenda vége. Magyarra fordította Katona Erzsebet. – Budapest, 1998. - 254 о.

ӘОЖ 82-7

Ә.КЕКІЛБАЕВТИҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ТІЛІН ЗЕРТТЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ҮЛГІСІ

Жамал Манкеева,

проф. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл

білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор

Аңдатпа. Мақалада көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаевтың поэтикалық тілінің ерекшеліктері қарастырылған. Жазушы тіліндегі бейнелілік, образдылықтың сырларына бойлататын суреткерлік шеберлік мәселелері тілтанымдық тұрғыдан зерделенеді.

Кілт сөздер: Әбіш Кекілбаев, поэтикалық тіл, когнетивті лингвистика, ұлт – тіл – тұлға сабақтастығы

Қазіргі қазақ тіл білімінде қалыптасқан мәтіндік лингвистикада когнетивті бағыттың күшеюі тілші-маманның негізгі назарын көркем мәтіннің шығармашылық кеңістігіндегі тілдік тұлғаның ойлау-сөйлеу қызметіне шоғырландырады. Көрсетілген сабақтастық автордың көркем идеясын терең түсінуге жол ашатын автор қолданысындағы сөздің коммуникативтік әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді.

Осыған сәйкес көркем мәтіннің осылайша *ұлт ~ тіл ~ тұлға* сабақтастығына сүйенген антропоэлектік парадигмаға сай зерттеу нысаны болатын тілі – объективті дүниенің субъективті бейнесі. Бұл арада жоғарыда атап көрсетілген В. фон Гумбольдт, А.А. Потебня т.б. ғалымдардың тілді ойды туғызушы тетік, халықтың мәдениетімен біртұтас байланыста болатын шығармашылық құбылыс деп санаған тұжырымына мән беріледі.

Соның негізінде жеке тілдік тұлғаның шығармашылығына сай туындайтын көркем мәтін – жазушының көркемдік әлеміне, ойлау жүйесіне, сонымен қатар архетиптік санаға сәйкес синергиялық байланыста сақталған ұлттық мәдени-ерекшелігіне сай туындайтын сол тілдік тұлғаның өзіндік

сөз қолданыс әлемі. Сол арқылы жазушының көркемдік әлемін бейнелейтін ерекше тіл әлемі арқылы оның шығармасын түсініп, дұрыс қабылдау оқырманға таныс ассоциация, бейнелер, ұғымдар мен аялық білімі негізінде іске асады, нәтижесінде қаламгердің көркем тілі оның өзіне тән дүниетанымдық ерекшелігі мен біліміне, ішкі тәжірибесі мен тәрбиесіне, таным қабілеті мен сөз шеберлігіне сай құрылады. Сонда ғана қаламгердің шынайы көркемдік әлеміне сай бейнелеуші көркем тілі өзіндік тілдік құралдармен, сөз өнерімен өрнектеліп, суреткердің бүкіл болмысын қалыптастыратын «тілдік тұлғасымен» бір тұтастықта айқындалады.

Қазіргі тіл білімінде үрдіс алып келе жатқан антропоэзектік бағыт көркем ойлау жүйесінің көрінісі ретіндегі сөз өнерін қаламгер тілінің танымдық-шығармашылық тетігімен сабақтас бағалау үшін жеке шығармашылық тұлға тілінің көркем мәтінінде поэтикалық қызмет атқарған көріктеу құралдар жүйесі ретінде талдап, өзіндік дискурсы анықтайды. Соның негізінде шығармашылық тұлғаның жоғары деңгейдегі рухани субстанциясын анықтайтын ғылыми қағидасын орыстың көрнекті философ-лингвисті А.А.Потебняның «Ойды сөз бағыттады» деген тұжырымы сөздің синергиялық болмысын дәлелдейтін кеңістікке жол ашады.

Құрылымдық лингвистика аясында да көркем мәтіндегі тіл қызметі «лингвостилистика», «лингвопоэтика», «сөз мәдениеті» мәселелеріне қатысты қарастырылғаны белгілі. Қазақ тіл білімінің дәстүрлі жүйесіне сәйкес, мысалы, Қ.Жұмалиевтің, Р.Сыздықтың, М.Әуезовтің, Қ.Өмірәлиевтің Е.Жанпейісовтің Абай өлеңдерін зерттеуге арналған еңбектерінде қаламгерлер тілінің жалпы сипаты мен поэтикасын, шығармашылық ерекшелігін сипаттайтын сөз байлығы, көріктеу амал-тәсілдерін шебер қолданудың тілдік көріністері (метафора, теңеу, эпитет, т.б.) ретінде сондай-ақ, стильдік ерекшеліктері шығарма тілінің құрылымдық жүйесіне сүйеніп, жазылғаны белгілі. Бірақ сол кезеңнің өзінде сөз әлеуетін (күдіретін) тануда тілші-ғалымдар Р.Сыздық, Қ.Өмірәлиев, Х.Нұрмұқанов тектес зерттеушілердің Ғабит Мүсіреповтің нақылға айналған «Сөз сөзге жарығын түсіреді» деген тұжырымын қағида іспетті ұстанғанын көреміз.

Осы арада көркем мәтін тілін зерттеу үдерісінің кең өрісі тіл білімі және әдебиеттану деп бөлінудің шарттылығы байқалады. Көркем тілдің феноменін оны жасаушы (қаламгер) және қабылдаушы (оқырман) тұлғасының болмысымен, соған сәйкес оның сөзқолданысымен, қызметімен, күзіретімен, жадымен т.б. қабілеті мен интеграциялы сипатта қарау оны филологиялық тұтастықта айқындауды қажет етеді. Бұл арада маңыздысы – зерттеушінің қаламгер тілін екі салаға да ортақ нысан – сөз феноменін оның бір арқауға иірілген синергиялық желісінде үзіп алмай тарқата білуде.

Демек, қазақ тілін зерттеудің антропоэзектік, лингвосинергетикалық үрдістің жарқын үлгісі А.Байтұрсынұлы, Р.Сыздық,

Қ.Өмірәлиев, Х.Нұрмұқанов сынды ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапқанын атап өткен жөн.

Ғылым дамуындағы антропоцентризм үрдісі ол жетістіктердің бәрін тек адам өмірімен байланыстырып көрсеткенде ғана бұл ғылымдардың өзара интеграциясы байқалып, соның нәтижесінде **мәтін, көркем мәтін мәселесі** жалпы филологиялық зерттеудің аясында қарастыруға негіз болатынын көрсетеді.

Академик Р.Сыздық Ә.Кекілбаевтің тарихи романдарының поэтикалық тілін сипаттайтын тұлғалық, шығармашылық ерекшеліктерін нақты атап көрсетіп, кешенді талдайды: *астық жіліктің табағында күндері өтіп жатқан, іргеңнің бел арқаның қиып отырған дұшпан, көшелі ой айлапат, әбеқоңыр, бәсік, тұрымтай мәслихат т.б.* [1].

Осы бағытта қазақтың көркем сөзінің тарихи-рухани мұралардағы айшықты сөз кестесін бүгінгі заманға жалғастырып, тамырластырған қазақ руханиятында көрнекті сөз зергері ретінде танылған тілдік тұлғалардың бірі де бірегейі – Ә.Кекілбаев.

Қаламгер тілінің даралығын зерттеуде көркем таным мен терең ойды жеке тілдік құралдары, авторлық қолданыстары арқылы бейнелеген айшықтары жоғарыда аталған еңбектерде айқындалған тұжырым-қағидаларынан бастау алып, қазіргі тіл білімінің адамтанымдық бағыттағы жұмыстарының деңгейімен үндеседі. Мысалы Абай мұрасын зерделеу барысында *тіл мен тұлға* сабақтастығы Абайдың тілдік тұлғасын танудың негізгі қазығы болғанын белгілі. Атап айтқанда, Абай сөзінің психологиялық ерекшеліктерінің танымдық мәні мен қоғамдағы қатынас құралы қызметін зерделеген академик Қ.Жұмалиевтің ұстанған қағидасы одан кейінгі келесі ғылым кезеңіндегі абайтанушы-ғалымдар Р.Сыздық, М.Мырзахметов, Қ.Өмірәлиев т.б. ғалымдардың лингвостилистикалық, лингвопоэтикалық сипаттағы еңбектеріне жалғасқаны белгілі. [2].

Негізінен, әдебиеттану нысаны деп қарастырылатын көркем шығармалардағы эпитет, метафора, теңеу т.с.с. көріктеу құралдарын талдау барысында зерттеушілердің *тіл мен таным* сабақтастығына мән бергені қазіргі тіл білімінің антропоэзектік бағытына сәйкес аса маңызды. Мысалы, Ә.Кекілбаев тіліндегі авторлық көріктеу құралдары, окказионал қолданыстар, жаңғырған этнолексика, символдар мен прецеденттер т.б. арқылы қазақ сөзінің әлеуетін жан-жақты ашқан «Әбіш феномені» таныла түседі. Демек, олар көріктеу құралдары ретінде жазушы тілінде көрініс тапқан автор танымының деңгейін де көрсетеді: құр тақым, жебелей жүру, тобық шыламас таяздық, айғыр төбе, т.б.

Сол сияқты Ә.Кекілбаев шығармаларының негізінде талданған жаңа қолданыстардың көпшілігі – дәстүрлі үлгілердің негізінде жасалған *тіл мен мәдениет* сабақтастығының көрінісі: нар түйе, мәмілегер, мәңгүрт, ұлықтау т.б.

Осымен байланысты жаңа бағыттағы зерттеу үдерісі қазақтың көне және ауыз әдебиетінде, ақын-жыраулар тіліне де қатысты жеткілікті

ашылмай келе жатқан ішкі сезім дүниесін суреттеуге байланысты психоллингвистикалық талдауларға да мүмкіншілік береді.

Бұл, сайып келгенде, «Әбіш әлемін» танудың жаңалығын көрсету дәйегін лингвосинергетикалық, яғни сөз мазмұнындағы синергиялық болмыс арқылы түсіндіруге негіз болады деп айта аламыз.

Осы бағыттағы қазіргі көркем мәтінді талдауды Ә.Кекілбаевтің публицистикалық тілін сипаттауда да жалғастыруға болады. Бұл – адамның ішкі сезім дүниесінде болып жатқан тұлғалық, суреткерлік күйін танытатын және оны бейнелеудегі тиімді тілдік құрал.

Сонымен, мәтін тіліндегі тіліндегі жаңа сөз, жаңаша қолданыстардың табиғатын автор дүниетанымымен, шығармашылық қызметімен байланыста қарау – сөз киесін, сөздің әлеуетін ерекше сезінетін шығарманы тудырушы қаламгердің қуатты тілін, білім мен біліктілігін, тектілік танымы мен тілтұлғалық болмысынан туындайтын қабілетін тану. [3].

Әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы: Ел-шежіре, 2014.
2. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Қаз. Мем. көрк. әд. басп., 1960.
3. Манкеева Ж. Қазақ сөзінің синергиясы. Алматы, 2021.

ӘОЖ 82-7

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ – ЭТНОГРАФ ҒАЛЫМ

Жанбibi Үсенбайқызы Дүйсенбаева,
филология ғылымдарының докторы, профессор (Ақтау қ.)

Аңдатпа. Мақалада Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы этнографиялық ұғымдар мен сурттемелердің табиғаты пайымдалады. Автор жазушының өз шығармаларында қазақтың ұлттық-этнографиялық ерекшеліктерін шебер бейнелеу ерекшеліктерін нақты мысалдармен дәлелдейді. Қаламгердің қазақ этнографиясының білгірі екендігін ашып көрсетеді.

Кілт сөздер: Әбіш Кекілбаев, этнография, мал шаруашылығы, қазақ тұрмысы, қой өсіру, жайылым баптау

Қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаев: «Елдің елдігін сақтайтын – әдебиеті, тарихы, жол-жоралғысы», – деген [1,81]. Ақын айтқан ой бүгінде өзекті. Қаламгер Әбіш Кекілбаев та – алтын қазықтан адаспай, қазақтың салтын, ырым-жоралғыларын, емшілік дәстүрін терең біліп, оны көркем шығармаларында орынды сөз еткен және жас ұрпаққа насихаттай алған бірегей суреткер.

Халқымыздың күн көрісі-қашаннан төрт түлік мал. Сол түліктің пірлерін, жайылым өрісін, бапталуын, жер жағдайын, өсімдіктер әлемін де жақсы білген – табиғатпен етене халық-қазақ. Қой – қазақтың ең көп өсірген түлігі. Момындықтың символы. Мақалда: «Мал өсірсең, қой өсір, пайдасы оның көл-көсір», «Семіздікті қой көтереді, оның ішінде, шым қара қой көтереді», – демей ме?! Қазақ – сұңғыла халық, бұл түліктің түсіне дейін түстеп, ерекшелігін ажыратып, бойындағы тылсым қасиеттерін мал дәрігерлік мамандығы болмаса да саралай білген және өзінің емшілік тәжірибесіне-дәстүріне аса ұқыптылықпен, құрметпен енгізген.

Қазақтың бірден-бір байлығы – төрт-түлік мал болса, оларға қатысты салт-дәстүрі де өте ауқымды. Жазушы өз шығармаларында жылқы (ең көбі жылқыға), қой, түйе, ешкіге қатысты салт-дәстүр көріністерін екшеп ұсынады. Төрт-түліктің пірлері: Шопан Ата, Қошқар Ата, Дүлдүл Ата, сонымен қатар Масат Ата, суын жылқылары жөніндегі әңгімелердің шебер жебеушісі. Өлкемізде төрт түлікке қатысты тарихи жәдігер, ескерткіштер де бар. Телегей Әбіш ескерткіштер жөнінде де бірталай жазды, онда басшылық қызмет атқарды.

Қой өсіру, оны жайылымда баптау, оның қасиеттері жазушының романдарында ғана емес, «Бір шөкім бұлт», «Шыңырау», «Күй», «Құс қанаты» повестерінде, "Аш бөрі" әңгімесі мен бірқатар публицистикалық шығармаларында көрініс береді. «Бір шоқ жиде» – тұнып тұрған салт-дәстүрдің жиынтығы. Әсіресе, қой жайылымына қатысты «түнемелік» сөзін өте көп қолданған. Маңғыстауда тамыз айында семірту үшін, қой «ақсақ күнарамен» суарылады. Түнемелікке есептеліп салынған керуен жолдарын шұқшия жазған телегей Әбіш бұл сырларды білмеді дейсіз бе? Оның үстіне, бала кезінен анасына қой да бағысқан. Сондықтан да оның айтайын деген суреткерлік ойына сай қара қой басты маңызда. Қара қойға қатысты «Елең-алаң» романында қолданған суреткерлік ойларын сіздерге ұсынғым келеді:

Сұмпайы ауыл – Тоқбура,
Сұраулы еді тоқтың да.
Қапыда кеткен, арысым,
Тоқты құрлы жоқсың ба?
Мәңгүрбас ауыл, Тоқбура,
Мәнісін білмес боқтың да,
Қарақұрт кірсе қотанға –
Қақшып сап, көзін құртатын
Қара қой құрлы жоқсың ба? [2,356]

Бұл-ел аузында күні бүгінге дейін сақталған жоқтау. Жоқтау да – қазақтық салт. Бұл салт – адам жанының ішкі иірімдерін ашуға тырысатынын Байқараға қатысты жоқтауда аңғартады. Көшпенділер өмірінің ұмытыла бастаған этнографиялық детальдарына суреткер ерекше мән береді. Адамы өлген қаралы үйге көңіл айту, дауыс салып жоқтау шығармада осы тұста көрінеді. Бізге керегі – өлең жолдарындағы қара

койдың қаракұртты қақшитын дара қасиеті. Денесі қойдан әлдеқайда үлкен түйе қаракұрт шақса, тыпырлап-тыпырлап уақыт өте теңкиеді. Ал қара қой үшін қаракұрт уы – дәрумен (витамин). Қара қой қаракұртты қуып жүріп жейді. Қораға қаракұрт кіретін болса, оның көзін құртпай тынбайды, жай уақытта өте момын жануар қойшы қорасының құттылығын, үйір басының амандығын қамтамасыз етуге әрекеттенеді. Үйірде бір қара қой қаракұртты жесе, бүкіл үйір семіретінін кәнігі қойшылар жоққа шығармайды.

Жаны бар әңгіме, бірақ бұл ғылымда жабық тақырып. Мал мамандардың пікірінше, қаракұрттың еркегінің уы әлсіз болғандықтан, адамның терісін тесіп, шаға алмайды. Ал нағыз улысы – ұрғашысы. Қаракұрттың кейбір аналығы шағылысқаннан кейін, көбейер кезде еркегін жеп қояды. Сондықтан оны «қара жесір» деп атайды [3,42]. Жазушының жоқтауды кірістіруіндегі тағы бір жай *қара жамылып жалғыз қалып отырған жесірлікті тілге тиек еткендігі*.

Қойшылар ортасында көп болып, әңгімелер тыңдадым. Қызықтым. Мал мамандарымен де пікірлестім. Мамандар ондай тақырыптың кеңес кезінде ғылымда қарастырылмағанын айтады. Сара көкірек, әр нәрсені өзінің бай тәжірибесінен өткізіп, бағамдай білген аталарымыз малдың қырсырын қапысыз таныды. Аспан денелерімен тілдесті. Қаракұрт уының құрамында қойдың ас қорытуына аса керекті медициналық тілмен айтқанда, фермент, гармон бар деп танымын. Әлсізденген, жүдеген адамдарға әлдендіретін дәрумен салып, ағзасын күшейтеді ғой, сол сияқты. Сол гәппен келгенде, Ата-бабалар жолы-жазушы ұстанымы осыны қапысыз меңзейді.

Маңғыстау – Қазақстанның басқа облыстарына қарағанда, жайылым өрісі тар өлке. Сондықтан мал 300 шақырымға аяқтай айдалып, Үстірт үстіне апарылады. Кеңестік кезде колхоз малшылары үшін бұл – қияметтің қияметі еді. Сақтық шараларын алдын ала жасау үшін, ата-бабаларымыздан келе жатқан дәстүр бойынша шөп түбінде ұялап жатқан тыраштанған тіршілік иелерінен малшы отбасын сақтандыру үшін, колхоздың мәліш қара қойын үйірімен шопан киіз үйі тігілетін орын үстінен айдап, жайып өтеді. Қойдың иісі шыққан жерге мүлде жоламайды екен. Сосын барып, шопан үйі тігіледі. Колхозда бұрын көпшілігі қара қаракөл қойы болды. Үйір тұяғымен таптап, шөптегі қаракұрт шарбақтарын жейді. Жақында «Қаракұрт» тақырыбында жазылған Асхат Өмірбаевтың шағын әңгімесін оқыдым: «...Үстіне қаракұрт өрмелеген бала ойбай салып, жандәрмен қағып жіберді. Кішкентай балалар бақырып, маңайға аттан салды. Бірі басы ауған жаққа қашты, қалғаны суға қойып кетті. Қатты шошынған бала алды-артына қарамай, жүгіріп келеді. Ботадай боздап, ащы айқайға басқан. Ересек балалар судан атып шығып, қаракұрттарды таспен, су мүжіген томарлармен ұрып, өлтіре бастады. Тал түбіндегі арқандаулы аттар ащы дауыс шыққан жаққа мойын бұрып, басын шұлғыды. Ешкімнің зардап шекпегенін көрген ересек балалар бауырларын атқа мінгізіп, ауылға қарай шауып кетті. Кешке қарай қаракұрттар қаптаған жерге бақташы ауылдың қой-ешкісін жайып

жіберді. Қой-ешкілер өзен жағасындағы жасыл шөпті қырқып, қарақұрттарды қырып салды. Улы қарақұрттардың біразы ауылдан алысқа қаша жөнелді [4].

Қарақұрт балаларға зиян салған жоқ, ал өзіне зияны тимеген жәндікке балалар қандай әрекет жасады?! Әсерлі әңгіме.

Қойшылардың өзі де күннің ыстығы күшейгенде, қарақұрттан сақтану үшін, үйірдің ортасына жатады. Сонда қара қой-тазалықшы – санитар деген ұғым өз-өзінен шықпай ма?! Қарақұрт шаққан адамға қара қойды құшақтатады. Не болмаса, терісін үстіне жабады, сорпасын ішкізеді. Сарнап жатқан адамның үстінен үйірімен қойды соламайымен айдап өткізгенде, қара қой ғана адамның жанында қалып қойып, қарақұрттың шаққан жерін жалап, сорады, солай уды шығарады. Өзінің ағзасына керекті жетпей тұрған нәрсесін алады. Мысалы, арқарлар таудағы мумиені солай жалап, сынған жерін жазып алады. Руханиятта тұрған кісілер кімге не пайдалы екенін біледі. Бұйрықпен шағады деген сөздің астарында осы жатса керек.

Не себепті жаңадан сойылған қара қой терісіне орайды?! Қара қой күн астында энергияны көп қабылдайды. Ал ақ қой энергияны аздау қабылдайды. Қарақұрттың уы қара қойға дарымайтынын ата-бабаларымыз ертеден білген. Себебі физиканың ғылыми заңдылығы бойынша, сәуле шағылысады. Қара қой терісінің астында көгілдір күлгін сәуле көп жиналады. Терісімен сырқатты орағанда, әлгі қой терісінен сәуле бөлініп шығып, адам денесіне әсер етеді. Көгілдір күлгін сәуленің емдік қасиеттері көп екендігі медицинада мәлім. Соның бірі – кварц, демек ата-бабаларымыздың әдісі ғылыми негізді деп айтуға сенім бар. Улы жәндіктің уы туралы ғалым Кобреттің мағлұматы бойынша, жоғары молекулалық салмағы бар және сақтағанда өте тез бұзылады. Қарақұрттың уы алдымен жүйкеге әсер етеді. Адамдар мен түйелер өте тез уланады. Қарақұрт малдарға және адамға өздігінен шабуыл жасамайды [5]. Ал біздің ата-бабаларымыз ғылымсыз-ақ, «қарақұрт бұйрықпен шағады» деуші еді.

Қазақ халқының тарихында адам жанына араша тұрған небір аруақ иелері де емші, дәуіпірім сынықшылар да болған. Алла тағала ерекше қасиет дарытқан көріпкелдер, бақсы-балгерлер, тәуіптер, айтқаны айнымай келетін құмалақшыларға халық ертеден сеніп сыйынған. Бұл емшіліктің сара жолын кеңестік үкімет бұзды. Қожа, молдаларды қуғындап елден шығындырды, соттады, арты атылды. Содан барып, ел арнадан адасты. Қазіргі заманның медицинасының бастау-бұлағы – сол халық медицинасы екендігі күмәнсіз. Оның қазіргі медицинадан өзіндік басты артықшылығы адам ағзасында дәріні кепелеп тықпайды, емдік қасиеті күшті, зиянсыз табиғи шөппен емдеген, күн сәулесімен, су, жер ұшықпен, бұлауға салып, сылап-сипаумен жазған. Жан дауасын да, тән дауасын да табу оңай болмаған.

Біздің университетте оқымаған аналарымыздың көкейкөзі де көргіш. Бірінші тілегі – отбасының амандығы. Сондықтан олар өз жанұясының амандығын әрқашан алдын ала ойлап, өзінің ұлттық баспанасы киіз үйдің де ірге киізін қара ойдың жүнінен басқан. Өрмелейтін мақұлық іргеден және

ашылатын есіктің екі жағынан кіретіні белгілі, сол екі киіз жабдығын қара қой жүнінен басқан. Үй бастыратын арқанды да ала етіп, қара қойдың жүнін араластыра еседі. Қарақұрттың қорқатын нәрсесі – ол қойдың иісі [6]. Сонда жүн бірталайға дейін де осы қасиетін сақтайтын болуы керек. Қалған киіз жабдығы ақ киізден басылады. Міне аналарымыздың тереңдігі мен көрегендігі.

Қорыта келгенде, салт-дәстүрдің сұңғыла білгірі Әбіш Кекілбайұлы мұны іштей зерттеді. Қаламгер ата-баба салған жолды медицинада қайта түлетіп, өзіміздің дәстүрімізде қайтадан жаңғыртуды меңзейді.

Әдебиеттер:

1. Жұмабаев М. Шығармалар. Өлеңдер. – Алматы, Қаз ССР ҒА Әдебиет және өнер инст. 1989. – 81 б.
2. Кекілбаев Ә. Елең-алаң. Роман. – Алматы. Жазушы. 1984. – 356 б.
3. Мороз В.И. Инфракрасная спектрофотометрия Луны и галилеевых спутников Юпитера *Астрономический журн.* 1965. Т. 42.
4. Өмірбаев А. Қазақ әдебиеті 5 сәуір, 2023.
5. Кобрет И. Veterinarian – Wikipedia. [en.wikipedia.org. wiki/Veterinarian](https://en.wikipedia.org/wiki/Veterinarian)
6. Байдалов А. Қойды қыста қоздату. Сталин жолы. №41, 1957 ж.

ӘОЖ 808.1

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫН ҰЛТЫНА ЖЕТКІЗГЕН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Орынай Сағынғалиқызы Жұбай,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры,
филология ғылымдарының докторы (Алматы қ.)

Аңдатпа. Мақала Әбіш Кекілбаевтың көсемсөзшілік шеберлігіне арналған. Жазушының Ахмет Байтұрсыновқа арналған халықаралық ғылыми конференциядағы «Ұстаз ұлағаты» атты баяндамасы талданып, шешен тіліндегі ерекше құбылыстар, авторлық ізденістер, шұрайлы тіл шеберлігі талданады.

Кілт сөздер: Әбіш Кекілбаев, Ахмет Байтұрсынов, ұлт ұстазы, жазушы шеберлігі, метафора, құбылту, антоним

Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының Ақымет Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми конференциядағы «Ұстаз ұлағаты» атты баяндамасы [1] қазақ тіл білімінің негізін қалаған ғалымның еліне жасаған қалтқысыз қызметін жан-жақты көрсетумен қатар көрнекті жазушының шеберлігін, кең тынысты ізденістерін де жаңа қырынан танытады. Бастапқыда геолог болуды арман еткен Әбіш Кекілбайұлы бұл мақаласында жан-жақты дарын иесі ретінде көрінеді. Ақын, жазушы,

публицист, аудармашы, қайраткер Ә.Кекілбайұлының мақаласында ұлт ұстазына деген сүйіспеншілігімен қатар ой-өрісінің кендігі, қиялының ұшқырлығы, ойының тереңдігі көрінеді. «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде, тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деп А.Байтұрсынұлы айтқандай [1], Әбіш Кекілбаев осы үдеден толық шыға білген.

Мақаласында (баяндамасында) Ә.Кекілбайұлы Ақымет Байтұрсынұлының қоғамдық істерге араласуын, ғылымға келуіне түрткі болған факторларды – алғышарттарды көрсету мақсатында алдымен ғалымның еңбек еткен кезеңі – ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси ахуалды сөз етеді: «Бұл – айрықша асқындап кеткен алапат қайшылықтар амалсыз алып баратын асқан батыл әрі тым шетін әрекеттер кезеңі еді. Ондай нар тәуекелден іс шықса – күллі дүние күйлейтін, іс шықпаса – күллі дүние күйзелетін. Ал дағдылы жолды місе тұтып, әлгіндей бейнетті ізденістерден қалыс қалғандар оның зейнетінен де көп уақытқа дейін қағыс қалатын. Ұлттық дамудың озғындығы мен тозғындығы осыдан өрбитін. Сондықтан қалыс қауымды алысқа озып кеткен өркениет көшіне жетелеп апарып ілкітіруге тәуекел ету үшін елден ерек ер жүректік керек еді. Біз сөз еткелі отырған адам да – сондай сирек сүлейлердің сойынан тұғын. Оның азаматтық тағдырының қаншалықты ересен қиындықтарға толы болғанын аңғару үшін ұлттық тарихпен шектелмей, ғалами тарихқа көз жүгіртуге тура келеді» [2].

ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамын ғана сипаттамай, әлемдегі өзгерістермен, тіпті ұлт болып, ұлттық мемлекет болып қалыптасқан кезеңнен бастап ХХ ғасырдың басындағы ахуалды молынан қамтиды. Технологиялық үстемдікке ие болған елдердің өзгелерді тезірек мемлекеттік дербестігі мен ұлттық сипатынан айыруды көздеген басқыншылық саясаты күшейгенін, күллі адамзатқа дүниежүзілік соғыстар мен әлеуметтік революциялар ахуалы күштеп таңылғанын айта келіп, одан құтылу үшін, «өзінде бар экономикалық ресурсты басқалармен тиімді бөлісіп, өркениет игілігіне қол жеткізу үшін сол арқылы өз отандастарының саяси-экономикалық мүдделеріне жауап бере алатындай кемелді асуға ие болу үшін, ең алдымен, ұлттық езгіден арылу, мемлекеттік дербестік пен тәуелсіздік керек еді» деген тұжырым жасайды.

1926 жылы Бакуде өткен Түркітанушылардың бірінші бүкілодақтық сійезінде баяндама жасаған А.Байтұрсынұлы: «Где господствует сила, там справедливости нет, но есть другая сила, которая, умеряет, регулирует до некоторой степени природную силу, эта сила есть сила культуры. Человек может добиться справедливости только уравнением в культуре. Равенство культуры это не покупается и не получается в подарок, а собирается своими

усилиями. Жизнь милостыни не дает и жизнь не подбирает и не дожидается отстающих», – деген еді [3]. Бұл сөзінен ғалымның сол кездегі саяси ахуалды, өзге елдердің мүдде-пиғылын толық түсінгені байқалады. Осыған байланысты заңдар жазушы: «Өркениетті жалпы адамзаттық құндылық деп қарамай, оның белгілі бір бөлігінің басыбайлы монополиясы деп ұғатын жаңсақтықтан түбегейлі арылмай, аздың да, көптің де, әлсіздің де, күштінің де құлағынан қиқу кетпейді. Ондай көзәпара өгейсітушілік көзәпара жатырқаушылық туғызары хақ. Тек бір тарап өгейсітушіліктен, екінші тарап жатырқаушылықтан үзілді-кесілді арылған жағдайда ғана ортақ жарастыққа қол жетпекші. Ол ұлттық факторды жоққа шығармай, қайта ұлттық дамуды өркениет жетістіктермен үйлестіре өрбіту арқылы ғана жүзеге аспақшы», – дей келіп: «Жалпақ адамзат әлі түгел және түпкілікті мойындап үлгермеген... бұл ақиқатқа осы ғасыр басында-ақ қанығып үлгергендер қатарында қазақ қауымы да бар еді. Оған таңданса да, таңданбаса да болады», – деп қорытады. Яғни экономикасы дамып, отарлауды мақсат еткен елдердің озбыр саясатын қазақ қауымы толық түсінгеніне А.Байтұрсынұлының сійездегі сөзі дәлел бола алады.

XX ғасырдың басындағы, одан бұрынғы қазақ қоғамындағы ахуалды сөз еткенде Ә.Кекілбайұлы тарихшы ғалымдай көсіледі: «Ғасыр басындағы әлемнің барша әлеуметтік жанды жараларының бәрі бірдей талаурап, бәрі бірдей бебеулеген ең ұшынды аймағы да – қазақ даласы еді. Оның үстіне, екі ғасырдан астам езгі дербес ел ретінде жұтылып кетуге керекті айла-шарғының көбін әлдеқашан жүзеге асырып үлгерген-ді. Дала уалаяттарын билеудің үш дүркін реформасы ұлттық бүтіндіктен, аумақтық тұтастықтан, дәстүрлі билік институттарынан әбден жұрдай қылған-ды. Көрші төрт губернияға бөлініп берілген қазақ аймақтарының төртеуінде де этникалық бедерсіздендіру саясатты қауырт қолға алынған-ды. Ішкі аймақтардан жаңа қоныстанушылар көптеп әкелінді. Құнарлы жерлерге солар орналасты. Байырғы халық метрополияға тақау аймақтарда этникалық азшылықтың, ал қиян далада дағдылы шаруашылық пен үйреншікті тұрмыс ауқымына күштеп қамалған резервацияның күйін кешті. Индустриялық революция оларды бұл күндеріне де зар қылуға бағыт алды. Метрополиядан ағылатын қоныстану тасқыны пайдалы қазбаларға бай шөл аймақтарға да лап қойып, қазақтар өз жерінде өздері азшылыққа айналып, жаппай кірме күйге түсетін қауіп төнді... Ол оқу тауысып, мұғалімдік қызметке кіріскен кез патша әкімшілігінің қазақ даласын билеуде 1822 жылғы Сібір жарғысының, 1868 жылғы Уақытша Ереженің күшін тиып, 1891 жылғы Дала Ережесіне кешкен тұсына тап келді. Алғашқы ереже қазақтарды аталастыққа қарай ауылға, руластыққа қарай болысқа, тайпаластыққа қарай округке бөліп, қылмысты істі сот арқылы, дау-шарды билер арқылы шешіп, дәстүрлі үрдіске жақын үрдісте қалдырды. Екінші ереже үй санына қарап ауылға, болысқа бөліп, әрқайсысының қонысын белгілеп, әлеуметтік істерді орыс шаруаларынша шешіп, жартылай дәстүрлі үрдіске көшірді, ал соңғы ереже бойынша қазақтар ендігі жерде ішкі Ресейге өте-мөте жақын үрдісте басқарылатын

болды. Бұл деген сөз әлі күнге көшпелі ауыл қалпында қалған қыр қауымы саны жағынан да, дамуы жағынан да, көк пен жердей үстем тұрған қауыммен бірдей талап қойылып төтен бәсекеге төтеп бере алмай, басымен қайғы боп өтсін деген сөз еді. Ол аз болғандай, сайлау мен партияшылдықты күштеп танып, онсыз да әр губернияға кірме боп кеткен қазақ енді ауыл арасында да ағайындықтан айырылып, тоз-тоз боп кетсін деген есеп еді. Мұндайға ұлт болып ұйымдасып қарсы тұрудың еш мүмкіндігі қалмағанды. Оған қажетті дәстүрлі институттардан түгел айрылып біткен қауымға саналы түрде жаңа үрдіске бет бұрып, жаппай ширап шыңдалудан басқа амал жоқ еді». Яғни мақаланы жазу үшін қаламгердің әбден ізденгені, сол кезеңге қатысты факторларды егжей-тегжейлі зерттегені, аялық білімі байқалады. Сол себепті мақалада бірнеше ғылым саласы тоғысқан. Жазушы коммуникативті стратегиясына сәйкес сөз болып отырған мәселеге қатысты ойын, көзқарас-ұстанымын білдіріп отырған. Сол арқылы реципиентке әсер етіп, таным көкжиегін кеңейтеді.

Ә.Кекілбаев қилы заманда еліне тірек болған, тұтқа болған Ақымет Байтұрсынұлына «ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға» деген баға бере отырып, Фараби, Ясауи, Қорқыт, Асан қайғы, Ыбырай, Шоқан, Абай сынды даналармен салыстырып, ұқсастығы мен өзгешелігін көрсетеді.

Байтұрсынұлының «кесекті кезеңде келелі істер тындырған кемел ер, кемеңгер» болып қалыптасуына ықпал еткен факторларды, елдегі ахуал, әкесі мен ағасының жазықсыз жапа шегуін... тізбелей келіп, «намыс» сөзін сөйлемнің соңында мақсатты түрде қайталау арқылы сол сөзге ерекше мән береді: «Сол бір найзадай түйрелген намыс сөзі көкірегіне мәңгі-бақи қадалып қапты. Оқуға аттандырған да – намыс. Оған қанағаттандырмаған да – намыс. Елің теңелмей тұрып, өзің теңелмейтініңді ұқтырған да – намыс. Жат оқудың жады пиғылын аңғартқан да – намыс. Көршілес екі халықтың мәдениеттері үзбей байланыста болуы нәтижесінде әлсіз әлдісінің ықпалына жығылып, бастапқы айырмашылықтарының бәрінен айырылып, ақыр соңында бір ұлтқа айналады дейтінді қисын бел алып кетпей тұрғанда, апаттың алдын алу жолында аласұртқан да – намыс. Әрі мәдениетке жетілу, әрі өз қалпынан айырылып, өзге болып кетпеу сияқты аса шытырман мәселенің төңірегінде ойын он саққа, қиялын қырық саққа жүгірткен де – намыс. Мұндай жағдайда әйтеуір, «оқыңдар» дейтін ағартушылық отаршылдық сойылын соғу болып шығарын түсіндіріп, қазақ даласындағы білім беруді қайта жүйелеу туралы ойларымен Омбыдағы Алекторовқа барып жолықтырып жүрген де – намыс».

Мақала авторы А.Байтұрсынұлының өмір жолын, қайраткерлік жолы, мақсат-мүддесін жан-жақты зерттеген. Сол себепті ғалымның өмір жолын нақты аргументтер келтіре отырып баяндайды: «Ендігі жол – үкіметтің емес, халықтың өзінің көзін жеткізу еді. Елді түзеудің баланы оқытуды түзеуден, ұлт болудың қазақша оқуды жолға қоюдан басталатынын ұғындыру еді. Сол мақсатта әрекеттену үшін метрополиядан шалғайырақ жатқан Қарқаралыға

барды. Жанын жегідей жеп жүрген уайымдарын жан-жағына жасырмай айтып көрді. Оны естімейтін құлақтар естіп қойды. «Жуылып тазармаған» Қарқаралыдан аласталып, Семей абақтысына қамалды. Ұлт тізгіні ұлттың өзіне тимей тұрып, ұлттық даму жүзеге аспайтынына көзі біржола жеткендей болды».

А.Байтұрсынұлын қайраткер, публицист, ағартушы, ақын, аудармашы, фольклортанушы, әдебиет теориясының негізін қалаған ғалым, қазақ тіл білімінің негізін қалаған ғалым, түркітанушы ретінде сипаттауда да нақты фактілерге сүйене отырып баяндайды, «Әдебиет танытқышы» енді қаз тұра бастаған кебең әдебиет түгілі әлем мойындаған кемел әдебиеттің өзіне де көрік қоса алатын сүбелі еңбек еді», – деп, әділ бағасын береді. «Ер Төстік» ертегісіндегі Ерназардың «Сегіз ұлым – бір төбе, Ер Төстігім – бір төбе», – дегеніндей, А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің, түркітану ғылымының дамуына қосқан үлесін «Қазақ тілінің дамуына жер жаралып, су аққалы бергі қалған қазақтың қосқан үлесі – бір пара да, Байтұрсынұвтың бір өзінің сіңірген еңбегі – бір пара. Сол арқылы түркітануға да келелі үлес қосты», – деп бағалайды. Тіл біліміне қосқан жаңалықтарын («Жаңа жазу. Жаңа әліппе. Тұңғыш емле. Тұңғыш фонетика. Тұңғыш грамматика. Тұңғыш синтаксис. Тұңғыш терминология мен әдістеме. Тіл ашарлар. Тіл танытқыштар. Тіл жұмсарлар») санамалай келіп, оларды «Ұлттық тіл біліміне түпкілікті Темірқазық болар мәңгілік үлестер. Кейде күллі бір ұлттың талай ұрпағының қолынан келе бермейтін келелі істерді бір-ақ адамның тындырғаны таңданбасқа болмайтын жәйт», – деп тұжырымдайды. Сондай еңбектердің қазіргі кезде де өте қажет екенін тілге тиек ете отырып, бүгінгі филологтарға жөн сілтейді: «Ахандар қазір арамызда жүрсе баяғы «қызыл әскер тіл ашары» сияқты «Кәсіпшінің тіл ашары», «Іскерлік тілашары», «Тәуелсіздік тіл ашары», «Демократия тіл ашары», «Әділет тілашары», «Кеңсе тіл ашары», «Билік тіл жұмсары», «Құқ әліппесі» қосылмасына, тіл тану құралдары, тіршілік тану, заң тану, адам тану, қоғам тану құралдарына айналмасына кім кепіл? Сондай мемлекеттік тілдің жолындағы талай психологиялық тосқауылдың өз-өзінен аласталмасына кім кепіл?».

Жазушы А.Байтұрсынұлын «ұлттың дамудың талай жыл әбден тот басып қараусыз қалған, тіпті қараң қала жаздаған тегершігін бір өзі айналдырып көріп, мігірсіз қозғалысқа қосып берген, ертегінің ерлеріндей ерен тұлға. Туған халқының рухани жаңғыруының сырын тап ондай біліп, сол жолда қалтқысыз еңбек етіп, мәңгі ескірмейтін ағыл-тегіл мол үлес қоса алған қайраткер қазақ топырағында оған дейін де, одан кейін де болған емес», «сирек сүлейлердің сойынан», «айдаладағы ауыл мұғалімі», «ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға», «ешқандай таланттардың иығына шықпай-ақ, бұрынғылардың көздеріне іліге қоймаған соны көкжиектерге көз жеткізе білген көреген», «Алаш» қозғалысының орталық тұлғасы», «халқының азаттығы, елінің тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекеттілігі жөнінде жан аямаған күрескер», «бостандықтың бозала

таңында ақ бозға мініп, қыр басынан көрінген Хызыр Ілияс сияқты», «рухани піріміз», «ұлтымыздың кешегі де, бүгінгі де, ертеңгі де ұлы ұстазы» деп сипаттайды.

Ғалым, қайраткердің елінің ертеңі үшін жасаған істерін «бір басының тәуекелімен бүкіл бір ұлттың тәуекелінің түгел оянуына түрткі болды», «Алаш» тап осы тұста атқа мініп, ұлттық автономияға қол жеткізіп қалуға тырысты. Бұл мәселені де бірінші болып ресми талқыға салуға мұрындық болған Ахмет Байтұрсынов еді», «Байтұрсынов ықыласы ауған қай салада да ең үлкен беделге ие болды. Әдеби мұрамызды жазуда, зерттеуде, насихаттауда арғы-бергі айтулы шығыс танушыларымен қатар турады. Өнер мен мәдениет теориясын жасақтауда күллі түркі дүниесінде ең бірінші боп батыл қадымдарға бара алды. Оның «Әдебиет танытқышы» енді қаз тұра бастаған кебең әдебиет түгілі әлем мойындаған кемел әдебиеттің өзіне де көрік қоса алатын сүбелі еңбек еді. «Маса» мен «Қырық мысал» өткелекте тұрған ұлт өмірінің ең зәру мәселелеріне ең дәру жауаптар іздеді. Ол бұрын ұтқыр да өткір шешен сөзге ғана құлақ асып қалған жұртшылыққа енді істің байыбына барып, мәселенің мәйегін аршып, еліктіре сөйлеудің орнына ежіктей сөйлейтін шынайы көсем сөздің үлгісін көрсетіп берді», «Байтұрсынов бөліне-жарылушылық атаулыға атымен қарсы боп, бәрін де ұлттық жаңарысқа жұмылдыруға тырысты. Ол өтпелі кезең жағдайында кездеспей қалмайтын дәстүршілік пен жаңашылдық тайталасында жаңаруды жақтады», «Байтұрсынов бөліне-жарылушылық атаулыға атымен қарсы боп, бәрін де ұлттық жаңарысқа жұмылдыруға тырысты. Ол өтпелі кезең жағдайында кездеспей қалмайтын дәстүршілік пен жаңашылдық тайталасында жаңаруды жақтады», «Ахмет Байтұрсынов өз арманы жолында арыстанның аузына, зымыстанның түбіне бара жүріп, халқына қалтқысыз еңбек сіңіре білді. Елдің арасына алалық кіргізетін айтыс-тартыстан аулақ тұрып, тек қана ұлттық мүддеге қызмет етті. Кеңес үкіметімен мәмілеге де сол үшін барды... Сол үшін де ағарту комиссары болуға келісті. Сол арқылы ұлттық оқу-білім, мәдениет, өркениетті дамыту ісіне ешқашан естен шықпастай мәңгілік үлес қосып үлгерді», «Ұлттық автономия идеясын су түбіне жібергісі келмеген Ахмет Байтұрсынов 1920 жылы кеңес мемлекеттік басшыларының тікелей қолқасымен Коммунистік партия қатарына өтуге мәжбүр болды, бірақ бір жылдан соң енжарлығы үшін шығып қалды. Ол мұндай қатерлі қадымға бармаса, тек қазақтардың ғана емес, күллі Түркістан халықтарының мемлекеттік дербестігі көктей солатын еді», «Таптық негізде болса да, қазақ жері аумақтық тұтастығын қалпына келтірді», «Бұның бәріне де Ахмет Байтұрсынов тікелей еңбек сіңірді. Ол үшін дұшпанның жаласына да, достың табасына да төзуге тура келді. Бұл – шын мәнінде, халқының алдындағы үлкен ерлік еді. Кейін біздің егемендік алып, тәуелсіздік жариялауымызға да сол бір жанқиярлықпен жүзеге асқан жағдай бірден бір құқықтық негіз болды» деп көрсетеді. Қазаққа ғана емес, бүкіл түркі халқына жасаған еңбегін атайды. Расында, А.Байтұрсынұлы қазақтың ғана емес, бүкіл түркі халқының қамын жеген

тұлға еді. Оны ғалымның мақалаларынан да, Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі мен Түркітанушылардың бірінші бүкілодақтық сійезіндегі сөзінен де аңғаруға болады.

Ә.Кекілбаев коммуникативтік стратегиясын жеткізу үшін Байтұрсынұлының еңбектерінен дәйексөздер келтіреді: «Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынов күллі адамзаттың даму үрдісі түбегейлі өзгеріп жатқан тұста қазақ халқына басқалардан өзгеше заман болмайтынын ескертіп, одан да қамсыз қалмауға үндейді. 1912 жылы Орынбордан басылып шыққан тұңғыш әліппесіндегі

«Құлақ екеу, ауыз біреу.
Ол не үшін бұлай?
Көп тындап, аз сөйлеуге
жаратқан оны Құдай.
Ауыз біреу, көз екеу.
Ол не үшін бұлай?
Көп көріп, аз таңдануға
жаратқан оны солай.
Ауыз, біреу, қол екеу.
Ол не үшін бұлай?
Көп жұмысшы, аз жеуші
жаратқаны ол солай», –

дейтін бопса өлең сәбилерге емес, күллі әлеуметке бағышталған тұспал ұран еді».

Жазушы: «Неліктен ол мұншалықты жанкештілікке барып жүр? Бұның жауабын оның арман мен арпалысқа толы өмірінің ең шынайы шежіресі – өлеңдерінен ізделікші», – дей келіп: *Мақтағандықтан ба? Онда: «Әзірге қолдан келген осы барым, қомсынып, қоңырай ма, құрбыларым, бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық, күн қайда үздік шығар топты жарып, бар болса сондай жүйрік қызар деймін, естілсе құлағына дүбір барып: әйтпесе, арық шауып оңдыра ма, жүргенде қамыт басып, қажыпталып», – деп қайғыра қаймығар ма еді?*

Масаттанғандықтан ба? Өйтсе: «қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ, теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ, жел соқса, құйын қуса жылжи беру, болғандай табан тіреу ешнәрсе жоқ; бұл күнге бүгін емес, көптен кірдік алды-артын аңдамаған бетпен кірдік жат жақты жаратқанға күзеттіріп, жақынмен ырылдастық, иттей үрдік... білдірдік елдің сырын, ердің құнын, еліріп ерегіске екі-үш күндік... кіреді тентек есі түстен кейін, мүшкілін халіміздің енді білдік...», – деп күйзелер ме еді.

«Даңқ құмарлықтан дейін», – десең: *«Жанға көңіл қалып тұр, жан бұл күйге салып тұр: тәнге көңіл қалып тұр, тән шыдамай арып тұр; жұртқа көңіл қалып тұр, жұрт жалғанға нанып тұр, өтірік өрлеп, күшейіп, шын жеңіліп, талып тұр; жала деген төбеті балтырыңды қауып тұр; табалаған жаманның шаян тілі шағып тұр; жаны ашыған*

жақынның жасы көзден ағып тұр...»– деп айтқаны рас болса, кімге сеніп атақ іздейді, кімнен даңқ дәметеді.

Сонда мұншама сарп болып сарсылуда не мән бар? Сөйтсе, мән бар екен: «Адамдық диханшысы қырға шықтым, көлі жоқ, көгалы жоқ – құрға шықтым; тұқымын адалдықтың шаптым, ектім, көңілін көтеруге құл халықтың»..., «рахатсыз өтсе де өмір-жасым, бұл жөнімнен құдайым айырмасын... шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар, ...шыққызбайтын жолында өрлер де бар... ел бұнымды білемін ұқпайтынын, көтермеге қалғанда шықпайтынын, шалыс басып аяқты жызылғанда, «жатқаныңнан тұрма» деп мықтайтынын ... мен өлсем де, өлемін жөнімменен, тәннен басқа немді алар өлім менен,... тән көмілер, көмілмес еткен ісім,... ойлайтын да мен емес бір күнгі ісін, жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын, ел-бүгіншіл, менікі ертең үшін...».

Міне, гәп қайда?! Шын азаматты пендешілікке, шын ерді есерлікке жібермейтін де осы: ертеңге деген сенім; келешек алдындағы жауапкершілік.

Ендеше, әңгіме әлі келе қоймаған бостандық, орнай қоймаған тәуелсіздік жайында болып отыр. Өйткені, басқа бір өлеңінде: «Кім біліп, ер еңбегін сезіп жатыр? Кім шыдап жолдастыққа төзіп жатыр. Кешегі кеңшілікте керек қылған бостандық болмаған соң безіп жатыр», – дейді. Осыған қарап-ақ, оның көп қырлы қызметінің қай саласына басым маңыз бергенін аңғарамыз.

Үзіндіде қаламгер Мақтағандықтан ба? Онда; Масаттанғандықтан ба? Өйтсе; «Даңқ құмарлықтан дейін», – десең; Сонда мұншама сарп болып сарсылуда не мән бар? Сөйтсе, мән бар екен; Міне, гәп қайда?! сияқты құрылымдарды мәтін байланыстырушы, мәтін ұластырушы құрылым ретінде шебер пайдаланған. Яғни ойына тұздық болатын дәйектерді А.Байтұрсынұлының еңбектерінен үзінді келтіру арқылы өз ойын нықтайды.

Жазушы А.Байтұрсынұлының оқулықтары мен оқу құралдарындағы мәтіндердің тақырыпаттарын келтіре отырып, еңбекте сөз болған мәселелерді көрсетеді; ол мәселелерді не себепті сөз еткенін де ғалымның еңбектерін негізге ала отырып түсіндіреді: «Жұртшылыққа ұсынар дәрістері де қызық. Өрбу заңы... Шаруа жайы... Жер жалдау... Егін егу... Оқу мен оқыту... Олақтық пен салақтық... Тән саулығы мен жан саулығы... Сүтті сиырдың белгілері... Дағдылы жол мен айлалы жол... Земство... Сот... Араб әліппесі... Партияшылдық. Рушылдық... Қазақ салты... Дүние қандай, біз қандай... Уақ қарыз... Жәрдем комитеті... Кооперация... Қазақтың өкпешілдігі Һәм түрлі мәселелері... Қысқасы, қазақ қауымына не қат, не қажет болса, соның бәрі жайлы... Өйткені құба даланың бұла перзенті боп ұзақ жүрген көшпелілер, Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтсақ, «мал бағу мен барымта жасаудан» басқа кәсіп көрмегендіктен көп кәсіпке шорқақ. Оны меңгеруге сауат жетпейді. Сауаттан гөрі де құнт жетпейді. Өйткені, сол кездің өзінде, «қазақта хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары»

болыпты. Алайда сауаттылар саны: «Алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмадың деп өкпелеу жөн бе?» – деп Ахаңның өзі айтқандай, әлі де болса аз еді.

Оның үстіне ол сауат қазақтың қам-қарекетінен аулақ жатқан әуейі сауат еді. Олай болатыны, орыс оқуының көксейтіні – қол астындағы жұрттардың жазу-сызуы, тілі, діні бір болғаны. Мұсылман оқуының көксейтіні: бір алланың шарапатынан басқа ештеңеге алаң болмауға баулу. Сондықтан да, қазақша оқымай, қазақ өзіне керек ғылым үйренбейді. Бұны айтқаны үшін Байтұрсынов пен әріптестері екі тараптан да құқай көрді. Патша өкіметі: айып салып, абақтыға қамаса, мұсылманша оқығандар: «қазақша деген қайдан келді» деп үркіп, «орыстың сорпасын ішіп, шошқаның жілігін кемірген орысша оқығандар... мұсылманша оқығандарды масқара қылмақ», – деп ғайбаттап, ағайынмен араздастырды. Сонда екі жаққа да қазақша оқу қажетсіз боп шығады. Неге бұлай? Әркім өзіне керегін күйттейді. Көптің керегін әркім өз шаруам деп емес, біреудің шаруасы деп санайды. Ол үшін біреулерге өкпелеп, біреулерді сынайды. «Қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып толықпақшы. Іс қолынан келмейтініне сөз жоқ, іс қолынан келетіндері де қарап жатыр... Алға басып жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», – деп ренжиді Ахмет Байтұрсынов».

Мақаланы концептуалдық тұрғыдан қарастырғанда жазушының дәйектерді мәтінге енгізудегі мақсаты, дәйекті негіздеудегі ұстанымы, денотат ойға қатысы, тілдік тұлғаның бағасы айқын көрінеді. Сол арқылы Ә.Кекілбаевтың публицист ретіндегі шеберлігі – аялық білімі, нені айтпақ болғаны, діттемі, қалай жеткізгені т.с.с. көрінеді.

Мақаланың «Ұстаз ұлағаты» деп аталуының да өзіндік себептері бар. Жазушы А.Байтұрсынұлының халқына еткен еңбегін дәріптеп қана қоймайды, ұлт ұстазынан алар тағылымды да нақтылайды, бүгінгі таңда істеуіміз қажет істерді көрсетеді, бағдар береді. Бір арқанның екі ұшын ұстап тұрған ХХ ғасырдың басы мен соңындағы ұрпақтың мақсат-мүддесі ортақ болуы керек екенін ескерте келіп, «ғасыр басындағы аңтарылыста жұртына жоралылық көрсете алған жолбасшы топтың өмірі мен өнегесі біз үшін тым қымбат» екенін айтады: «Жаңару жаппай жұмылмаса жүзеге аспайды. Жиғанды тойға, білгенді дауға шашып, ауыз бірікпейді. Олжалы жердегі үлес пен жоралы жердегі жол да тек білімдіге ғана емес, біріккенге бұйырады. Ұлт мүддесі – үлкен міндет. Үлкен іске көп кісі керек. Көпті күшті билік жияды. Өз ісің өз билігіңді өз қолыңда бекем ұстай алсаң ғана өнеді. Ол үшін ұлт әуелі өз ахуалын өзі терең түсініп, оны түзетуді бірлесе ойластырып, бірлесе қамдастырмақ шарт», «Халық көкейінде ол сепкен ұлы мұраттардың дәні көз таса көктеп жатты. Ұрпақтар жүрегінде жатқан сол бір құпия махаббат әділет сағатын күтті. Ол сағат Байтұрсынов ақырына

дейін адал қызмет еткен тәуелсіздік жеңісімен бірге соқты. Жетпіс жыл бойы тұншықтырылған егемен мемлекеттілік бәрібір жүзеге асты. Оны баянды ету үшін де бір кезде Ахандар айтқандай, тағы да қапы қалмастай боп, бір құдайдан басқадан қорықпай, араға жік салар айтыс-тартысты ұмытып, халық бірлігін нығайта беруге тиіспіз. Сол арқылы өзгеріске толы дүниеде өзгелерден кем қалмайтындай боп, өз орнымызды иемдену үшін бір кезде олар бастап беріп кеткен түбегейлі жаңарысты жаңа қарқынмен жалғастыруға міндеттіміз», «Тәуелсіздік төбеден түспейді. Отаршылдық оңай шегінбейді. Соған байланысты өтпелі кезең айырықша оралымдылықты, жітілікті талап етеді. Қалыптасып отырған жағдайды елең етпейтін сыңар езулік ақыр түбі жарға жығады», «Сын кезең әлі өткен жоқ. Тарихтың алдан қанша талқысы тосып тұрғанын ешкім білмейді. Сонда қалтылдақ қайықтың кебіне түспес үшін тәуелсіздік алғаннан бергі аз жыл ішінде жинақталған тағылым мен тәжірибені жете байыптап, әділ бағалағанымыз, бұдан ары қарай да тізгінімізді сол талай тығырықтан аман алып өткен саяси реализм мен мемлекеттілігіміздің, демократия мен реформаның мүдделерін қорғаудағы азаматтық табандылықтың сенімді қолына бекем ұстатқанымыз дұрыс болары даусыз. Тек сонда ғана осындай аса бір жауапты кезеңде бәріміздің басымызды маңызды мәслихатқа жиып отырған Ұлттың ұлы ұстазы аруағы алдындағы шәкірттік арымыз таза, иманымыз кәміл болар еді».

Жазушы ұлт ұстазын «бостандықтың бозала таңында ақ бозға мініп, қыр басынан көрінген Хызыр Ілиясқа» теңейді. Байтұрсынұлы ортамызға оралып, тіл қатады: «Сонда рухани піріміз Ахаң көк аспандағы көлеңдей желпілдеген көк туымызға көзі түсіп сүйсінер. Өздері көре алмай кеткен тарихи дәуренге біздің жеткенімізге еміренер де тебіренер. Бір кезде «Қазақ» газетінде берген батасын берер: «Төңірекке қарасаң, түнерген бұлттар әлі бар... Түбі қандай болады деп қобалжымалық... Дауылды жауын ету қолымыздан келмесе де, үйімізді үй етіп, шашылмай қалудың қамын желік... Дүниенің төріне ұмтылғандар төрден орын алып жатыр. Ұмтылмағандар есікте қалып жатыр... Қалмайық десек, қарап жатпалық... Көп ісіне көп болып жабылайық... Қолымнан не келеді деп қорынбайық. Ұлтына қызмет етуге ниет болса, жұмыс табылады. Көп жұмыстың ауыры да, жеңілі де болады. Қазақтың бітіп, тынып тұрған нәрсесі жоқ. Әркім әлінен келер жұмысын алсын. Жадымызда болсын, аз нәрсе көпке сеп болмақшы. Сәл демеу зорға сүйеу болады. Ұлы іс ұсақтан ұлғаяды... Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына үлес қосу қазақ баласына міндет. Қай ісіміздің де құдай сәтін салғай! «Әумин» деп қол жайып, «Әуп!» – деп күш қосып, «Алла! – деп іске кіріселік», – дер. Бүгін бұны жете ұғынып, терең сезініп отырған халық та бар, қоғам да бар, азамат та бар. Сондықтан ұлтымыздың кешегі де, бүгінгі де, ертеңгі де ұлы ұстазына: «Ләббай, тақсыр! Айтқаныңыз болсын!» – деп басымызды иіп, тағзым етелік!».

Мақаласын осылай аяқтау арқылы Ә.Кекілбайұлы «кұрбан ұрпақтың зая тағдырының ащы тағылымы бекер кетпеуі» керек екенін, «ұлтымыздың

кешегі де, бүгінгі де, ертеңгі де ұлы ұстазы» – А.Байтұрсынұлының ұстанымдары өміршең екенін білдіреді. Ақпарат жалаң берілмей, автордың ұстанымы да айқын көрсетілген, прагматикалық, бағалауыштық, субъективті сипаты басым.

Адресат факторын ескере отырып, Ә.Кекілбайұлы баяндамасын (мақаласын) түсінікті тілмен жеткізген. Бұл орайда реципиентке әсерін күшейту үшін метафораларды шебер қиюластырады:

- *Өйткені ол ұрнақ пен бүгінгі ұрнақ, түптеп келгенде, бір арқанның екі ұшын ұстап тұр. Ол – жиырмаасыншы ғасыр деп аталатын қазіргі жер басып жүрген ұрнақтардың барған сайын ширыға түскен шытырман тіршілігінің арқауы.*
- *Қазақстан отаршылдық құрығынан ең соңы боп құтылғанмен, оған ең алдымен ілікті. Екі ғасырдай мігірсіз бұлқыныс мойындағы бұғалықты одан әрмен тарылта түсті.*
- *Оған қарсы болатын күштер алдын ала есепке алынып, олардың алдынан арандар қазылды.*
- *Метрополиядан ағылатын қоныстану тасқыны пайдалы қазбаларға бай шөл аймақтарға да лап қойып, қазақтар өз жерінде өздері азшылыққа айналып, жаппай кірме күйге түсетін қауіп төнді.*
- *Алайда бұдан «Ахмет Байтұрсынов алдыңғылар салған соқпақты қайта шиырлап шықты» деген қорытынды тумаса керек. Ол – ешқандай таланттардың иығына шықпай-ақ, бұрынғылардың көздеріне іліге қоймаған соны көкжиектерге көз жеткізе білген көреген.*
- *Біздің жас мемлекетіміз жартасы көп ағыны қатты тар бұғазбен алғаш алыс сапарға шыққан кеме сияқты. Тұмсығымыз тасқа тірелмей, ілгері басып келеміз.*
- *Біздің кемеміз үміт жағалауына жақын қалды.*

Әсіресе контекстік антонимдер, қарсылықты мәнді құрылымдар жиі қолданылған:

- *Иә, жиырмаасыншы ғасыр адамзатты елеңдетіп келіп еді, елегіздіріп кетіп барады. Елеңдеткені – қашаннан қордаланып қалған талай түйін шешілсе, енді шешілер-ау деген үміт мол еді. Елегіздіретіні – соның көбі сол баяғы тылсым жұмбақ күйінде қалып барады.*
- *Ондай нар тәуекелден іс шықса – күллі дүние күйлейтін, іс шықпаса – күллі дүние күйзелетін.*
- *Күші жеткендер жаңа кеңістіктерге ұмтылса, күші жетпегендер ырзық айырудың жаңа тәсілдерін іздестіруге мәжбүр болды.*
- *Дүниенің төріне ұмтылғандар төрден орын алып жатыр. Ұмтылмағандар есікте қалып жатыр...*
- *Таңданбайтынымыз: Қазақстан отаршылдық құрығынан ең соңы боп құтылғанмен, оған ең алдымен ілікті. Екі ғасырдай мігірсіз бұлқыныс мойындағы бұғалықты одан әрмен тарылта түсті. Талай сабаздар*

болмайтыннан дәмеп, мерт тапты, сенбейтінге сеніп, дерт тапты... Бірақ, **таңданатынымыз**: бұл жолы бұрынғыдай қиқулап атқа мініп, зеңбірекке қарсы шауып, қанға бөккеннен мән шықпайтынын, ұрымтал кезде жан-жақты қамдастырылған жүйелі күреспен қарсы тұру керектігін түсінетін кемел тұлғалардың кенеттен қалай табылғаны?

- Ол рас. Бірақ Ахмет Байтұрсынов оларға **ұқсайды да, ұқсамайды да. Ұқсайтыны**: ол да аталмыш алыптар сияқты ұлттық дамуымыздың үрдісі мен қарқыны қалған дүниедегі даму үрдісі мен қарқынына сәйкес келмей кенде қалып, көрер көзге тығырыққа тірелген халқына адастырмас жол іздеді. **Ұқсамайтыны**: Ахмет Байтұрсынов ондай жол Қорқыт пен Асанқайғыдай үйреншікті үрдісті аман сақтап қалатындай жаңа қоныс іздеумен табылады деп түсінбеді, т.с.с.

«Алтын шуақ» (1962), «Бір шөкім бұлт» (1965) атты өлеңдер жинағымен-ақ әдеби ортада танылып, оқырманның сүйіспеншілігіне бөленген Ә.Кекілбаев ұлт ұстазына арнаған мақаласында ақын тіліне тән көріктеуіштерді шебер қолданған: **Талай сабаздар болмайтыннан дәмеп, мерт тапты, сенбейтінге сеніп, дерт тапты; ұлттық дамудың озғындығы мен тозғындығы; кемел ер. Кемеңгер; көзапара зорлық, көзапара қорлық; Еділден есіп өтіп, Жайықты көшіп өтіп; ұлт өмірінің ең зәру мәселелеріне ең дәру жауаптар; ұтқыр да өткір шешен сөз; ойын он саққа, қиялын қырық саққа жүгірткен де – намыс; құба даланың бұла перзенті; Ол үшін дұшпанның жаласына да, достың табасына да төзуге тура келді; Бірақ тапшыл идеология өліара кезең өткен соң түбегейлі үстемдікке ұмтылды, кешегі уәделер ұмытылды; Олжалы жердегі үлес пен жоралы жердегі жол да тек білімдіге ғана емес, біріккенге бұйырады; «Не болып, не қойып жатқандығының арғы астарын аңғарады-ау» деген естияр қауым абақтыға қамалды. Атылды. Асылды; Өздері көре алмай кеткен тарихи дәуренге біздің жеткенімізге еміренер де тебіренер; Ондай нар тәуекелден іс шықса – күллі дүние күйлейтін, іс шықпаса – күллі дүние күйзелетін; Ал дағдылы жолды місе тұтып, алгіндей бейнетті ізденістерден қалыс қалғандар оның зейнетінен де көп уақытқа дейін қазыс қалатын; Сондықтан қалыс қауымды алысқа озып кеткен өркениет көшіне жетелеп апарып іліктіруге тәуекел ету үшін елден ерек ер жүректік керек еді.**

Сонымен қатар дыбыстарды, буындарды құбылта отырып, әдемі ойнатады: Сонда **төл тарихыңда қобалжыған көңіл алаңын толымды жауаппен тойтара алатындай тұрлаулы тұлғалар табылғаны қандай ганибет!**

- Ұлы тағдырларды ұланғайыр тарих кеңістігінің ұшан қиырларына үңіліп барып ұғына аласың.
- Ұлы іс ұсақтан ұлғаяды...
- Ол – кескекті кезеңде келелі істер тындырған кемел ер. Кемеңгер.
- Ол бізді кешегіні күйзеле еске алып, келешекті толғана пайымдауға мәжбүр етеді.

- Сонда **төл тарихыңда қобалжыған көңіл алаңын толымды жауаппен тойтара алатындай тұрлаулы тұлғалар табылғаны қандай ганибет!**
- Ал дағдылы жолды місе тұтып, әлгіндей **бейнетті** ізденістерден **қалыс қалғандар оның зейнетінен де көп уақытқа дейін қағыс қалатын.**
- Соған апшыған Байтұрсынның **содыр бастықты солаң еткізіп, атынан аударып, топырақ қаптыра мытқанын көріпті.**
- Ол **бабалардың атағын өшіріп, ұрпақтардың жадын жадағайландырды.**
- Солардың ішінде дәл осы **ғасыр басындағы аңтарылыста жұртына жоралылық көрсете алған жолбасшы топтың өмірі мен өнегесі біз үшін тым қымбат.**
- Біз **сөз еткелі отырған адам да – сондай сирек сұлейлердің сойынан тұғын.**
- Соның арқасында **кешегі кеңестік кеңістікте лапылдаған ұлтаралық жанжалдар мен саяси бейбастықтар өртінен аман шықтық.**
- **Ұлт тізгіні ұлттың өзіне тимей тұрып, ұлттық даму жүзеге аспайтынына көзі біржола жеткендей болды.**
- **Ұлы тағдырларды ұланғайыр тарих кеңістігінің ұшан қиырларына үңіліп барып ұғына аласың...**

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді орынды пайдаланған: *Мұндай жағдайда әлгіндей **тәуекелге бел байламақ** түгілі, ол жайында ойланудың өзі **ақылға сыймас** батылдық еді.*

- **Ұқсайтыны:** ол да аталмыш алыптар сияқты ұлттық дамуымыздың үрдісі мен қарқыны қалған дүниедегі даму үрдісі мен қарқынына сәйкес келмей **кенде қалып, көрер көзге тығырыққа тірелген** халқына адастырмас жол іздеді.
- Ендеше, Ахмет Байтұрсыновтың ендігі **тағдыры қыл үстінде тұрған** халқының қамын ойлап, **жанкешті жолға түсу** мен азаматтық кемелділіктің мұншама **шырқау биігіне** көтерілуінің сырын тек туысынан ерек қабілет пен абзал жүрекке ие азаматтың айрықша **ыждаһаты** мен мігірсіз ізденістерінен іздегеніміз орынды. Ол бір басының тәуекелімен бүкіл бір ұлттың тәуекелінің түгел оянуына **түрткі болды.**
- **Жанын жегідей жеп жүрген уайымдарын жан-жағына жасырмай айтып көрді.**
- **Ұлт тізгіні ұлттың өзіне тимей тұрып, ұлттық даму жүзеге аспайтынына көзі біржола жеткендей болды.**
- **Ұлттық автономия идеясын су түбіне жібергісі келмеген** Ахмет Байтұрсынов 1920 жылы кеңес мемлекеттік басшыларының тікелей қолқасымен Коммунистік партия қатарына өтуге мәжбүр болды.
- Ол мұндай қатерлі қадымға бармаса, тек қазақтардың гана емес, күллі Түркістан халықтарының мемлекеттік дербестігі **көктей солатын еді.**

- *Ол үшін дұшпанның жаласына да, достың табасына да төзуге тура келді.*
- *Байырғы халықты ежелгі аумағының түп иелігінен түпкілікті айыруға тікелей бет бұрылды.*
- *Содыр солақайлықтың наны жүрді.*

Сонымен қатар мақалада жазушының өзі түзген сентенциялары да көп:

- *Жаңару жаппай жұмылмаса жүзеге аспайды.*
- *Жиганды тойға, білгенді дауға шашып, ауыз бірікпейді.*
- *Олжалы жердегі үлес пен жоралы жердегі жол да тек білімдіге ғана емес, біріккенге бұйырады.*
- *Ұлт мүддесі – үлкен міндет.*
- *Үлкен іске көп кісі керек.*
- *Көпті күшті билік жсияды.*
- *Өз ісің өз билігіңді өз қолыңда бекем ұстай алсаң ғана өнеді.*
- *Тәуелсіздік төбеден түспейді.*
- *Отаршылдық оңай шегінбейді.*
- *Сыңар езулік ақыр түбі жарға жығады.*

Мақаланың мазмұнына сәйкес сөз зергері терминдерді орнымен қолдана білген: *Байырғы халық метрополияға тақау аймақтарда этникалық азшылықтың, ал қиян далада дағдылы шаруашылық пен үйреншікті тұрмыс ауқымына күштеп қамалған резервацияның күйін кешті. Индустриялық революция оларды бұл күндеріне де зар қылуға бағыт алды...*

Сонымен қатар өз тарапынан шет тілдік атауларға балама ретінде қазақ тілінің сөздік қорынан әдемі де дәл баламалар ұсынған:

- *Ұлттық дамудың озғындығы мен тозғындығы осыдан өрбитін.*
- *Үйірлестік пен үйішіліктен туындаған әлеуметтесу этникалық, мәдени-өркеніеттік саяси мемлекеттік әр алуандыққа жол ашыпты.*
- *Байтұрсынов бөліне-жарылушылық атаулыға атымен қарсы боп, бәрін де ұлттық жаңарысқа жұмылдыруға тырысты.*
- *Жаппай тексіздендіру етек жайды.*
- *Солардың арасында ұлттар теңдігіне, халықтар жарастығына, сол арқылы жүзеге асатын экономикалық-әлеуметтік саяси-рухани жаңарысқа ұмтылған адамгершілік диханшысы Ахмет Байтұрсынов та арманда кетті.*

Сонымен, Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының «Ұстаз ұлағаты» атты мақаласы А.Байтұрсынұлының қазақ тарихындағы орнын көрсетумен қатар автордың шеберлігін, идеостилін де танытады. Әрине, бір мақаланың көлемінде сөз зергерінің көркем қолданыстарын, бейнелі айшықтарын түгел тізбелеп, талдап шығу мүмкін емес. Алайда осы шағын талдаудың өзі

Ә.Кекілбайұлын ұлттық тілдің жанрлық-стилистикалық ерекшеліктерін толық меңгерген, лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық бірліктердің семантикасын жан-жақты түсініп, орнымен қолдана алатын, коммуникативті стратегиялар мен тактикаларды, вербалды қатынас талаптарын толыққанды меңгерген, ұлттық тіл мен мәдениет концептосферасын құрайтын концептілердің ұғымдық, бейнелі-ассоциативтік, құндылық сипатын білетін элитарлық тілдік тұлға ретінде танытады.

Әдебиеттер:

1. Кекілбаев Ә. Ұстаз ұлағаты // Ұлттық рухтың ұлы тіні. - Алматы: Ғылым, 1999. – 81-103-б.
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш // Ақымет Байтұрсынұлы Таңдамалы шығармалары. – 2-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 9-б.
3. А.Байтұрсынұлының Бүкілодақтық сійезде сөйлеген сөзі // Ақымет Байтұрсынұлы Таңдамалы шығармалары. – 3-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 477-б.

ӘОЖ 82.34

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАРАҚАЛПАҚ ПРОЗАСЫ

Шийрин Азатқызы Смамутова,

*Бердак атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университетінің профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты, PhD докторы*

(Қарақалпақстан. Нөкіс қ.)

E-mail: allayar_2001@mail.ru

Андапна. Мақалада ХХ ғасырдағы қазақ ұлттық интелектуалды прозаның атасы, абыз жазушы Әбіш Кекілбаевтың қазіргі қарақалпақ прозасына әсері, ықпалына жалпы шолу жасалады. Сондай-ақ, қарақалпақ прозасының көшбасы саналатын Төлепберген Қайыпбергенов пен Әбіш Кекілбаев шығармашылығы арасында ортақ рухани үндестік, уақыт пен кеңістік мәселесін ұтымды қолдана білу, кейіпкерлерінің психологиясын, ішкі монологін берудегі шеберлігі жайлы сөз қозғалады.

Кілт сөздер: Әдеби, тарихи байланыстар, қазақ және қарақалпақ әдебиеті, Ә.Кекілбаев прозасы, ұлттық мүдде, тарихи тақырыптар, қарақалпақ прозасындағы Әбіш шығармаларымен үндестік.

Кіріспе. Кез-келген әдебиет екінші бір әдебиеттен үйрену арқылы дамитыны заңдылық. Тұйық әдебиет болмайды, ол белгілі бір арнадан бастау алады немесе өзінен жаңа арналар тарату арқылы ілгері дамиды.

Қарақалпақ халқының тарихы мен әдебиеті ежелгі дәуірге барып тірелгенімен, ғасырлар көшінде кейде алға озып, кейде артта қалып отырды. Жаугершілік, шапқыншылықтардан жапа шеккен көшпенді халық босып жүріп, сан ыдырады. Әлеуметтік жағдайы нашарлап, руханияты әлсіреді.

XIX ғасыр қарақалпақ әдебиеті тарихында да ұлттық ояну дәуірі болып есептеліп, ағартушылық, халықшыл бағыттағы ұлы тарихи тұлғаларын қалыптастырғанымен, XX ғасыр басында үстемдік орнатқан Кеңестік қоғам, көптеген халықтардың өздігін ұмыттырып, аяғын қаз басқан жаңа әдебиет етіп көрсетуге ұмтылғандығы мәлім. Әсіресе, Шоқан, Абай, Ыбырай сияқты орыс, батыс әдебиетін өзіне жақын тұтпай, көбірек шығыс әдебиетімен терең сусындаған қарақалпақ оқығандары бұл дәуірге келіп тіпті санға ілінбей қалды. Олардың халық балаларын сауаттандыру үшін ашқан мектептері жабылды, өздері қуғынға ұшырады. Осы кезде басқа ұрған танадай күй кешкен қарақалпақ әдебиетінің жас буынына қазақтың жаңашыл бағытта бой көтерген әдебиетінің өкілдері, зиялы азаматтары көмекке келді.

Қарақалпақ-қазақ әдебиеттерінің XX ғасыр басында тең аяқ қосуына сол дәуірдегі қоғамдық-саяси дәуір де әсер етті. 1924 жылдан, 1932 жылға дейін Қарақалпақ автономиялы облысының Қазақстан Республикасы құрамында болуы да маңызды рөл ойнады. Қарақалпақ балалары алғаш ашылған кеңестік жаңа мектептерде қазақ тілінде білім ала бастады. Кеңестік қоғамның шарапатымен түзілген алғашқы мектептерде қарақалпақ балаларына қазақ оқығандары сабақ берді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қарақалпақ әдебиетінің кәсіби проза жанрының алғашқы қарлығаштары саналған тұлғалары – қазақ прозасының майталмандары: С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов, М.Әуезовтарды өзіне үлгі санап, солардың шығармаларынан шабыттанып, проза жанрында сәтті қалам тербеді. Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» мемуарлық романының әсерімен қарақалпақ жазушысы Ж.Аймырзаев «Жетімнің жүрегі» атты тамаша мемуарлық туындысын жазды. Мұнан басқа да А.Бегимов, М.Дәрібаев т.б. жазушылардың шығармаларында қазақ прозаиктерінің бағыты мен өнегесі көрініп тұрды.

Әрине, мұны тарқатып айта берсек, өте көп дүниелер бар, тіпті жазушылардың өз естеліктерінде де қазақ әдебиеті тұлғаларының өздеріне аға буын болғандығын ерекше ілтипатпен атап көрсетеді. Мысалы көрнекті қарақалпақ жазушысы Кеңес Смамутов өзінің «Авторучка» атты эссесінде абыз жазушы Мұқтар Әуезовтің қаламсабын сыйға тартқан ғажап бір сәулелі сәтін тебірене суреттейді. Ұлы жазушы – жас студенттің кейбір сөз саптауынан оның қарақалпақ екенін аңғарып: «Қарақалпақсың ба? Ой, өзіміздің бауыр екенсің ғой!» деп оған үлкен жігер сыйлап, мықты дүниелер жаз деп шабыттандырып, өз қаламсабын сыйлауында да үлкен гуманистік әрі терең философиялық мән жатыр (сол жылдары қарақалпақтың көптеген жастары Алматыда жоғары оқу орнында оқыған). Ақиқаттан да Кеңес Смамутов бұл күнде қарақалпақ прозасының ең мықты өкілдерінің бірі.

Жазушының өзі толғаған тақырыпты тереңнен қопара жазу стилі, эпикалық кеңдігі Әуезов мектебінен нәр алғандығын білдіріп тұрады (К.Смамутов. «Сизлерге айтып кетежақпан» роман-эссе). «Бұл дарынды шоғырдың алдында ғана үлкен арна салып кеткен Әуезов мектебі, Әуезовтің көркемдік әлемі туған әдебиетімізде екінші қайтара бой көтергендей, жаңа заманда жаңаша арна тапқандай, жаңа белеске көтерілгендей көрінді. Алдымен Әбіш Кекілбаевтың жазу стилінен Әуезов мектебі бірден аңғарылды» [1.143].

Зерттеу нәтижелері. Әбіштанушылардың зерделеп көрсетуінше Әбіш Кекілбаевтың хикаялары өткен заман мен қазіргі заман шындығын бейнелеген хикаялар деп қарастырылып жүр. Өткен замандағы халық тағдырын суреттейтін романдары мен хикаяларында жазушы үлкен қоғамдық-саяси жүк арқалайды. Әлеуметтік мәселелерді көтеріп, тарихи тұлғаларды танытады. Мұның артында жазушының терең ізденісі мен мол тарихи білімі жатты. Ә.Кекілбаев кейіпкерлері ойдан алынған образдар емес, ұлт үшін, қоғамдық сана үшін белгілі бір қызмет атқарған тарихи тұлғалар болды, жазушы сол тұлғаларды бізге өзіндік стилімен басқаша қырынан танытуымен құнды болып қалды. Ұлттық мүдденің жүгін арқалаған қазақ әдебиетінде алғаш интеллектуалды прозаның қалыптасуына жол ашты.

Жоғарыда көрсеткеніміздей қазақ тілінде жазылған шығармаларды ешқандай аудармасыз еркін оқитын қарақалпақ жазушыларына Әбіш Кекілбаев рухани ұстаз қызметін атқара бастады. Қарақалпақ ұлттық прозасында да өміршең, тарихи шындықтан бастау алған, ғасырлар бедеріндегі халық өмірінен хабар беретін интеллектуалды проза бой көрсете бастады. Әрине, олардың барлығының деңгейі Ә.Кекілбаев шығармашылығымен тең түспесе де, сәтсіз дүниелер деп атауға болмайды.

Қарақалпақ проза жанрында К.Мәмбетовтың «Хұждан», «Посқан ел», «Түркстан», Ш.Сейітовтың «Халқабад», «Шырашылар», С.Бахадырованың «Тәғдир», О.Әбдірахмановтың «Босаға», К.Алламбергеновтың «Өмир мәуритлери», А.Әбдиевтың «Жин-жыпырлар уясы», Қ.Мәтмуратовтың «Тербенбес» және т.б. роман-хикаяттарынан қарақалпақ халқының ұлттық тамырымен астасып жатқан шындықты аңғарамыз, Халық болмысымен біте қайнау, қаламгерлік шеберлік – жазушының мектеп, ұстаз көргендігімен де байланысты.

Қарақалпақтың мықты, абыз жазушысы Төлепберген Қайыпбергенов прозасы да ХХ ғасырдың 70-жылдары әлемдік әдебиет сахнасын дүр сілкіндірді. «Қарақалпақ дастаны» роман-трилогиясы, «Қарақалпақ қызы», «Қарақалпақнама», «Көздің қарашығы» романдары көптеген шет және одақ тілдерге аударылды. Т.Қайыпбергеновтың туындылары қарақалпақтың ұлттық тамырымен астасып, бүтін болмысымен біте қайнасуымен де бағалы. Кез-келген дарынды жазушының тілі нәрлі, кейіпкерлері де бірінен соң бірі туындайды. Жазушы оқырманын бірде тарих қойнауына жетелеп, бірде ұлттық сана-сезімнің биігіне көтеріп, сол арқылы халық тағдырының

маңызды мәселелерін алға тартады. Бұл тұрғыдан алғанда да Әбіш Кекілбаев пен Төлепберген Қайыпбергенов шығармашылығы арасында ортақ рухани үндестікті байқауға болады. Екі жазушының бойында оқырманын тарих қойнына сүңгіте білер сүңғылалық бар. Уақыт пен кеңістік мәселесін ұтымды қолдана білу, кейіпкерлерінің психологиясын, ішкі монологін берудегі шеберлігінде де үйлесімділікті байқаймыз.

Төлепберген Қайыпбергеновтың «Қарақалпақ дастаны» роман-трилогиясы («Маман би әпсанасы») мен Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» роман-трилогиясында бір дәуір оқиғалары суреттеледі. Екі шығармада да көшпенді қазақ және қарақалпақ халқының ішкі және сыртқы жаугершіліктен әбден қалжырауы баяндалады. Ресейге қосылу – прогресс жолы, көшпелі, рулық тартыстардан құтылатын жол екендігін көрсету идеясы бар, әрине мұнда жазушылар тарихи деректерге сүйенеді дегенмен, сол кеңестік идеологияның әсері сезіліп отырады. Әйтседе бұл шығармалар ұлттық әдебиет қоржынына қосылған көркемдік деңгейі жоғары қазына болды. Бір қызығы Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романындағы Әбілқайыр хан мен Төлепберген Қайыпбергеновтың романындағы Әбілқайыр хан бейнесінде үлкен айырмашылықты көреміз. Т.Қайыпбергеновтың «Қарақалпақ дастаны» романның бірінші кітабы «Маман би әпсанасы» деп аталып, онда Әбілқайыр бейнесі өте тақаппар хан ретінде көрінеді. Бойында билікқұмарлық, эгоистік басым, ол қол астындағы қарақалпақтарға аса қысым көрсеткен залым тұлға екендігі жан-жақты ашылып беріледі. Әрине, тарихи шындықтың фактілерін көркем пайдалануда жазушы уақыт және кеңістік өлшемдеріне өзінше қатынас жасауға құқылы. Көркем шығарма факті көркемдікпен қолдануды талап қылады. Қалаған тарихи факті шығармаға кіргізгенде жазушы өз көркем қиял, фантазиясынан пайдаланады. «1743-дың қысында Абылқайыр хан қарақалпақтарға шабуыл жасайды. Осы соғыста ол көптеген адамдарды тұтқын етіп алып кетеді, олардың арасында Қоңыраттың үлкен биі Ырысқұл болады. Бұл жөнінде П.И.Рычковтың «Оренбург губерниясының топографиясы» кітабында мағлұмат беріледі» [2,42]. Қарақалпақтың қоңырат руының биі Ырысқұлды айлакерлікпен арбауы, «сені қарақалпаққа хан қоямын, қазақ, өзбек, қарақалпақтың қоңыраттарын сенің қол астыңа жинап беремін деуі» тарихи шындықтың көркем шығармадағы көрінісі болатын.

Ә.Кекілбаевтың Әбілқайыры көзсіз тәуекелге бел буған, даңққұмар билеуші ғана емес ақылдылық, ойлылық, төзімділік сияқты мінездерге бай характер иесі. Әбіш Кекілбаев – Әбілқайырды әр қырынан көрсетеді, оның сұлтандық психологиясына да үңіледі, романдағы бүкіл оқиға, әрекет, өмір құбылыстары басты кейіпкер көзқарасымен байланысты өрбиді.

Түркімен мен қазақ арасындағы ежелгі қақтығыс, батырлардың адуынды күресі, дала қазақтарының арпалысқа толы қилы тағдырын суреттейтін Әбіш шығармаларымен үндес яғни қарақалпақтар мен түркімендер арасындағы қақтығыстар, Жөнейттің салған лайсандары

суреттелген оқиғалар Е.Үсеновтың «Хан Мақсым», С.Бахадырованың «Тағдир» романдарында көрінеді.

Қарақалпақ прозасының көрнекті өкілдері, Ж.Сапаров, Ж.Мұратбаев сынды тарихи тақырыпта көп жазған жазушыларымыздың шығармаларын оқи отырып Әбіш Кекібаевтың рухани мектебінен өткенін байқауға болады, өйткені бұл екі жазушы да қазақ-қарақалпақ тілінде еркін жазатын қаламгерлер. Ж.Мұратбаевтың «Дығырық», «Шежіренің шыбығы», «Аққуға оқ дарымайды» романдарында тарихи шындық – көркем шындыққа айналдырылады. Тарихи прототиптер асқан шеберлікпен көркем бейне дәрежесіне жетеді. «Аққуға оқ дарымайды» романындағы Қарақ батыр образын жасауда халық ауызындағы аңыздарды жазушының ұқыпты пайдаланғандығын көреміз.

Қорытынды. Қорыта келгенде, Әбіш Кекібаевтың мұрасы тек қазақ халқының ғана емес, басқа да әдебиеттердің интеллектуалды қазынасына айналды десек орынсыз болмайды. 1982 жылы әдебиеттің ғасырлық кезеңін саралап отыратын Еуропаның ұйымы шығарған «Соңғы жүз жылдықтың атақты жүз қаламгері» атты портрет-плакатта – Толстой, Достоевский, Чехов, Маркес, Хемингуэй, Паустовский, Федин, Әуезов, Айтматов, Гамзатов сынды әлемдік тұлғалар қатарынан Әбіш Кекібаевтың да орын алуы, оның шығармаларының құндылығының айғағы.

Немістің кітап баспасы жүргізген сауалнама-хаттамасында ХХ ғасырдың таңдаулы жазушылар тізіміне енген осындай тұлғадан ежелден тілі бір, шығысы бір қарақалпақ әдебиетінің үйренуі әбестік болмас.

Әбіш Кекібаев – үлкен суреткер, шеберліктің шыңына шыққан жазушы. Ол жасаған образдардың шыншыл келеді. Әбіштің кейіпкерлері оқырманын ойландырады, ішкі психологиясының нәзік иірімін бере алады. Сол арқалы сенің пікіріңді өзгерте алады. Өзіндік ішкі түйсігің бас көтереді, рухани түлей бастайсың. Өз үстіңде тынымсыз ізденіп, адамилық болмысыңнан аласармауға ұмтыласың.

Таңдаулы туындылары әлем жазушылары мен сыншыларының назарын аударған Әбіш Кекібаев құдіреттілігін мойындамау мүмкін емес.

Әдебиеттер:

1. <https://ikaz.info> Әбіш Кекібаев шығармашылық жолы.
2. Кекібайұлы Ә. Шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: Жазушы, 2010
3. Өтемуратова Х. «Қарақалпақ тарихый романларының поэтикасы» – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1997.
4. Бекбергенова Зыяда. Қарақалпақ прозасындағы көркем сөз поэтикасы. – Нөкіс, 2016.

Резюме: В статье дан общий обзор воздействия и влияния казахской национальной интеллектуальной прозы XX века, великого писателя Абиша Кекилбаева на современную каракалпакскую прозу. Также говорится об общей духовной гармонии произведений Толепбергенова Кайипбергенова и Абиша Кекилбаева, считающихся элитами каракалпакской прозы, умения

рационально использовать проблему времени и пространства, мастерстве передачи психологии и внутренний монолог персонажей.

Ключевые слова: Литература, исторические связи, казахская и каракалпакская литература, проза А. Кекилбаева. Национальный интерес, исторические темы. Гармонизирует произведения Абиша в каракалпакской прозе.

Brief summary: The article provides a general overview of the impact and influence of the father of the Kazakh national intellectual prose of the 20th century, the great writer Abish Kekilbaev, on modern Karakalpak prose. Also, it is discussed about the common spiritual harmony between Tolepbergen Kayipbergenov and Abish Kekilbayev, who are the pioneers of Karakalpak prose, the ability to rationally use the problem of time and space, and their skill in conveying the psychology and inner monologue of their characters.

Key words: Literary, historical relations, Kazakh and Karakalpak literature, prose of A. Kekilbayev. National interest, historical topics. In harmony with the works of Abish in the prose of Karakalpak.

ӘОЖ 82.34

Ә.КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ «ШЫҢЫРАУ» ПОВЕСІ ЖӘНЕ АДАМЗАТТЫҢ ІШКІ ДҮНИЕСІ

Орхан Сөйлемез,
Өмер Фарұқ Атеш,
Сефа Башимоғлы

Кастомону университеті (Кастомону қ., Түркия)

Аңдатпа. Су мен құдық – мифологияда, ауызша халық әдебиетінде, ислам мәдениетінде, қазіргі әдебиетте және психоанализде маңызды орын алатын екі маңызды белгі болып табылады және жиі метафора ретінде пайдаланылады, символдық сілтемелерді делдалды. Осыған сәйкес су мен құдық түркі халықтарының дәстүрлі және қазіргі әдебиетінде әртүрлі қызмет үшін жиі қолданылатыны байқалады. Қазіргі қазақ әдебиетінің алдыңғы қатарлы тұлғаларының бірі Әбіш Кекілбаев өз шығармаларында осы екі элементті теңеу ретінде пайдаланған. Сөйтіп, социалистік реализм ықпал еткен кеңестік кезеңде оған адам психологиясын, жеке адамның өмірдегі мән-мағынасын іздеу, ұлттық құндылықтарды қамтуға мүмкіндік туды. Бұл зерттеуде су мен құдықтың халық мәдениетіндегі, қазіргі әдебиеттегі және психоанализдегі орны сөз болып, Әбіш Кекілбаевтың «Шынырау» өлеңі мен осы аттас повестіндегі су мен құдықтың көрсеткіштері қарастырылады.

Тірек сөздер: Су, құдық/шынырау, Әбіш Кекілбаев, қазақ әдебиеті, метафора, психоанализ.

Abstract. Water and well are two important indicators that have an important place in mythology, oral folk literature, Islamic culture, modern literature and psychoanalysis, and are often used as metaphors to mediate symbolic references. Accordingly, it is seen that water and wells are frequently used for different functions in the traditional and modern literature of the Turkic peoples. Abiș Kekilbayev, one of the pioneers of modern Kazakh literature, found the opportunity to include human psychology, the individual's search for meaning in life and national values by using these two elements as metaphors in his works, even during the Soviet period when socialist realism was influential. In this study, the place of water and well in folk culture, modern literature and psychoanalysis will be discussed and the signs of water and well in Abiș Kekilbayev's poem "Shinirav" and the story of the same name will be examined in terms of their metaphorical functions.

Keywords: Water, well, Abish Kekilbayev, Kazakh literature, metaphor, psychoanalysis.

Özet. Su ve kuyu, mitolojide, sözlü halk edebiyatında, İslam kültüründe, modern edebiyatta ve psikanalizde önemli yere sahip olan ve sıklıkla metafor olarak kullanılarak sembolik göndermelere aracılık eden iki önemli göstergedir. Buna bağlı olarak Türk halklarının geleneksel ve modern edebiyatında su ve kuyunun farklı işlevlerde sıklıkla kullanıldığı görülür. Modern Kazak edebiyatının öncü isimlerinden Abiș Kekilbayev, bu iki unsuru eserlerinde metafor olarak kullanarak sosyalist realizmin etkili olduğu Sovyet döneminde dahi insan psikolojisine, bireyin hayattaki anlam arayışına ve millî değerlere yer verme imkânını bulmuştur. Bu çalışmada su ve kuyunun halk kültüründe, modern edebiyatta ve psikanalizdeki yeri ele alınacak ve Abiș Kekilbayev'in "Şınırav" adlı şiirindeki ve aynı ismi taşıyan hikâyesindeki su ve kuyu göstergeleri, metaforik işlevleri açısından incelenecektir.

Anahtar Kelimeler: Su, kuyu, Abiș Kekilbayev, Kazak edebiyatı, metafor, psikanaliz.

Kіріспе. Кеңестік кезеңдегі идеологиялық басшылықтың арқасында жазушылар мен ақындар социалистік көзқарастағы әдеби шығармалар шығаруға мәжбүр болды. Сол себепті Еуропа әдебиетіндегі жеке адамның психологиясы мен ішкі дүниесін қарастырған әдеби шығармалар кеңес сыншылары тарапынан төмен бағаланды. Бірақ Әбіш Кекілбаев кеңестік кезеңде жазған шығармаларында қазақтың қоғамдық өмірін жан-жақты шынайы бейнелеп қана қоймай, адамдардың ішкі дүниесімен, психологиясымен қарым-қатынас жасау арқылы қазақ әдебиетінде жаңа дәуірге жол ашты. Әбіш Кекілбаев әдеби шығармаларында философия мен мифологияның мүмкіндіктерін пайдаланып, халық мәдениеті мен аңыз-

әңгімелерін шебер пайдаланады. Оның шығармаларында кейіпкерлер психологиясын бейнелеуде түс мотиві мен ішкі монологы техникасы маңызды орын алады.

Әбіш Кекілбаевтың әдеби әлемінде «шыңырау» сөзінің автордың туып-өскен Маңғыстау өлкесінің әлеуметтік шындығын көрсететін нысан ретінде де, әртүрлі түсіндіруге мүмкіндік беретін метафора ретінде де қолданылғаны байқалады. Өңірдің су ресурстарына кедей болуы, егіншілікке жарамсыз үлкен далалардан тұруы су табу үшін құдықты қажет етеді. Суға және су көзі болып табылатын құдыққа назар аудара отырып, автор географиямен қалыптасқан қоғамдық құрылымды түсіндіруге мүмкіндік табады. Бірақ, екінші жағынан, құдықтағы астарлы мағынаға сүйене отырып, қазақ халқының тарихи тамырына, мәдени байланысына, адам психологиясына қатысты басқа да хабарлар береді.

Құдық су көзі болумен қатар, мифология мен психоанализде әртүрлі символдық мағынаға ие. Екі дүниенің арасындағы қақпа болу, бастау, зиярат ету және қайта туылуға көмектесу сияқты функциялар осыған мысал бола алады. Алтай шаманизмінде бақсылар бір әлемнен екінші әлемге құдық арқылы өтеді. Құдықтың бұл қасиеті өткел ретінде ислам дәуіріндегі түркі мәдениетінде біршама өзгерістермен жалғасын тауып келеді. Сопылар құдық пен үңгірлерді ақырет өміріне көшу орны деп санайды және оларды азап орны ретінде пайдаланады. Уақыт өте келе, абстрактілі ойдың дамуымен сопылар бұл жерлерді ақырет емес, өздерінің рухани әлеміне ауысатын орындар ретінде қабылдай бастады. Рухани әлемге көшу – шын мәнінде жетілу процесі. Осы себепті құдық/целехан рухани тәрбие мен бастама орны ретінде де пайда болады. Жүсіп пайғамбардың құдыққа тасталуы және Алланы еске алып, сабыр ету арқылы аман қалуы бұл құдықтың ислам мәдениетінде рухани жетілген және тағылымды орын ретінде көрінуіне мүмкіндік берді. Жүсіп пайғамбар құдықта жүргенде метафизикалық әлемге және өзінің рухани әлеміне өту арқылы рухани ғылымдарды, әсіресе түс жоруды үйренді. Ислам сопылығында Пайғамбар Мұхаммедтен илаһи махаббаттың сырын үйренді. Әли бұл сырды құдыққа айқайлағанда құдықтың суы тасып, осы сулармен бірге өсетін қамыстан жасалған ней деп аталатын аспаптың илаһи махаббаттың хақиқатын айғайлағаны құдықтың илаһи сырларды тасымалдау қызметін ашады (Ішік, 2020: 286-287). Осыған сүйене отырып, құдық әрі илаһилыққа көшу орны, рухани мектеп, әрі илаһи ақиқатты сақтайтын сырлас деуге болады.

Сопылық ой-пікірде маңызды орынға ие Мевлана өзінің «Меснеуинде» су мен құдықты метафора ретінде пайдаланады. Мевлана айтқандай, су ақиқатты, ал су табу үшін құдық қазған адам шындықты іздеген адамды бейнелейді. Мевлананың көзқарасы бойынша су, яғни ақиқат адам денесінен емес, жүрек әлемінен шығады. Мұнда су құдығы адам ағзасына сәйкес келеді. Бұл тәсіл құдық қазуды шындықты іздеуді сипаттайды. Шындықтың адамның ішкі дүниесінде деген ой жеке адамның

өзіне бет бұруы, өзіне қарсы тұруы ретінде құдықты бағалауға мүмкіндік береді (Çatak, 2015: 62).

Ислам дінін қабылдағаннан кейін түркі халықтары өздерінің ескі наным-сенімдерінің мәдени элементтерін исламдық сеніммен синтездеу арқылы өздерінің халықтық наным-сенімдерін жасады. Фольклорлық зерттеу нысаны болып табылатын бұл халықтық наным-сенімдер ішінде құдық маңызды орын алады. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанда құдықтан су тарту дәстүрі ерекше. Құдықтан су алудың ең айқын түрі – Үкаша ата бейітінен 1 шақырым жердегі қулығы деген жерде орналасқан құдықта тілек айтудың бір түрі. Бұл құдықтағы екі көздің бірі суға толса, екіншісі бос болады, құдыққа шелек батырғанда су шықса, сол кісінің тілегі орындалады деген ырым бар. Сондай-ақ бұл құдықтан шыққан су да зәмзәм суындай қасиетті және шипалы деп саналады. Сол сияқты Қазақстандағы көптеген әулие-әмбиелер мазарларының жанында киелі деп есептелетін құдықтар бар (Türk, 2016: 106).

Юнгтың пікірінше, үңгір мен құдық – адамдар өзін жаңарту үшін кіретін тесік. Үңгірге немесе құдыққа кіру адамның өзінің бейсаналық тереңдігіне ену арқылы өз бойындағы өзгерістерді бастауын білдіреді. Жеке адамның ішкі үңгіріне кіру – сана деңгейіндегі терең қараңғылыққа ену деген сөз. Бұл қараңғылыққа енген адам сана мен бейсаналық арасында байланыс орнатып, оның болмысында түбегейлі өзгерістер жасай алады. Осы көзқарастарды негізге ала отырып, Юнг Құранда да айтылған үңгір сахабалары оқиғасын түсіндіреді және Жеті ұйықтаушының үңгірде басынан өткен оқиғаларын «қайта туылу» деп түсіндіреді. Құдыққа/үңгірге кірген және бейсаналықпен бетпе-бет келген адамның өзгеруі оң немесе теріс болуы мүмкін. Жүсіп пайғамбардың құдықтан даналық алу арқылы шығуын Юнги айтқан үңгірде немесе құдықта өзін-өзі танып, түрленудің мысалы ретінде қарастыруға болады (Ағса, 2018: 7-9, Güneş, 2010: 134).

Әбіш шығармаларындағы Шыңырау.

«Шынырау» поэмасы аттас повестен бұрын жазылғандықтан, бұл зерттеуде алдымен өлеңдегі құдықтың қызметі сөз болады. Өлең қуаң даланы суреттеуден басталады. Поэманы түгелдей қарастырсақ, мұнда суреттелген дала пейзажы Әбіштің туып-өскен Маңғыстау географиясына жатады деп болжауға болады. Әбіш өмірінің елеулі бөлігін өткізген бұл географияны өте жақсы бақылап, шынайы суреттеген. Өлең басындағы сызылған қуаңшылық кестеде даладағы гүлдердің жазда су тапшылығынан қурап қалғаны түсіндіріледі:

Желінсау бұлт түк тамызбай
көшеді,
Ерте солды қыр гүлінің шешегі.
Ала жаздай дымқыл тиіп көрмеген,

Jelinsav, bulut tek bir damla
damlatmadan gitti
Erkenden soldu kırn gelincik
çiçekleri.
Alaca yaz boyunca yağış değmemiş,
Alaca bozkırın kupkuru eteği.

Ала қырдын салтақ- салтақ етегі (s.
41)¹

Далада шөлдегендіктен ақын ғажайыптарды көре бастайды. Бірақ оның сағым деп көретіні – көл, өзен емес, өзі туып-өскен ауылы. Айдалада қалған адам суды сағымдай көруі керек болса, ақынның ауылын, туған-туыстарын көруін сағыныштан асқан қоғамдық ынтымақтан (яғни, ел бірлігін) күту деп түсінген жөн. Өйткені өлеңнің келесі жолдарында ауыл, туыстық байланыс атамекен мен ұлт байланысының тар көрінісі ретінде іске асады. Бұл сағымды көрген ақынның іздеген суы шын мәнінде «мәнге саяхат» деп те айтуға болады (Үлдірім, 2021: 45).

Сағымды көрген ақынның қуанышын домбырадан шыққан күйге теңейтіні де мағыналы. Өйткені домбыра – қазақтың ұлттық аспабы, ал домбырадан шыққан күй – қазақтың салт-дәстүрін, құндылықтарын, ұлттық болмысының көрінісі. Осы әуендерді тыңдаған қазақ жан дүниесінде оянған ассоциациялармен өз болмысына қайтады:

Анадайдан оны көріп бүлкілдеп,
Жортады атың... көзіңе де жылтың
кеп.
Қуаныштың домбырасы кеуденде,
Майда қоңыр күй тартады
шіңілдеп.

Şuracıktan onu görüp heyecanlanıp
Yürüyen atın... Gözüne de pır diye
geçip.
Sevincin dombırası yüreğinde,
Yumuşak sesli küy çalmakta usulca.

Су табу үшін құдық қазуды «мәніне қайта оралу» деп түсінгенімізде, элеуметтік деңгейдегі бұл ізденістің нәтижесі – ұлттық болмысты санаға сіңіру. Ауыл-аймақ, ағайын-тума меңзеген осынау ұлт ізденістерінің нәтижесінде сезілген қуанышты қазақтың ұлттық рухын танытатын күймен салыстыру ақынның саналы таңдауы болса керек. Ұжымдық жадында өмір мен шындықты бейнелейтін суды іздеп жүріп ақынның туған жерге бет бұруы шындықтың болмысқа қайта оралуында екенін көрсетеді. Осыған сүйене отырып, құдық көне түркі мифологиясынан ислам дәуіріндегі сопылық түсінікке өткендіктен, тереңде жасырылған болмысқа/шындыққа көшу орны деуге болады. Ақынның табиғатқа үңілгендегі ойлары арқылы өтетін бұл ой саяхаты да түпсіз шұңқырдың адам санасын бейнелейтін метафора екенін аңғартады. Адамның санасы түпсіз шұңқыр сияқты терең және қараңғы. Алайда, құдыққа кіріп, бұл қараңғылықпен бетпе-бет келіп, ақыл-ой әрекетінде тереңдей түсуге ынталылар суды, яғни шындықты табады. Су даланы тірілтетіні сияқты, су бейнелеген ұлттық шындықтар да дала халқын рухани жаңғыртады.

¹ Бұл мақаладағы өлең мәтіндерінің түпнұсқасы және түрікше аудармалары «Қазақстанның Юзаки: Әбіш Кекілбайұлының поэзия әлемі және аналитикалық мысалдары» атты кітаптан алынды. Көп авторлы еңбек болып табылатын бұл кітаптағы «Шынырав» атты өлеңді түрік тіліне Селма Йылдырым аударған..

Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» атты повесінде Маңғыстау өлкесінің қуаң даласы, суға мұқтаждығы оның өлеңіндегідей шынайы суреттелген.² Әңгіменің басты кейіпкері – Еңсеп деген құдық шебері. Бұл кәсіп Еңсептің отбасынан қалған. Әкесі қайтыс болғаннан кейін біраз уақыт нағашысының қамқорлығында шешесімен бірге тұрып, анасының өтінішімен кәсіппен айналысу үшін құдық қазуды үйрене бастайды. Алғашында ол бұл жұмысты ұнатпайды және қызықсыз деп санайды, бірақ ақша табу үшін оны істеу керек. Уақыт өте келе құдық қазуға дағдыланған сайын жұмысынан ләззат ала бастайды. Күндердің күнінде өлкенің байларының бірі Байсал би Еңсепке терең құдық қазуды сұрайды. Еңсеп бұл ұсынысты қабыл алып, ауыр жұмыстан кейін өте терең су құдық қазады. Сөйтіп, оның аймақтағы беделі артады. Қалпақ деген тағы бір құдық шебері өңірге келіп, Еңсеп қабылдамаған тұтынушыларға құдық салып, атын шығарады. Сағынай деген бай Қалпақты құдық қаздыртады. Бұл құдық Еңсеп Байсалға қазған құдықтан да тереңірек болады дейді. Осы қауесеттерді естіген Еңсеп Қалпақ қазған құдықты қарауға барады да, қызғаныш сезімі билейді. Байсал бидің өтініші бойынша Қалпақ құдығының жанынан тереңірек құдық қазып, өзінің артықшылығын дәлелдегісі келеді. Тынымсыз қазуды жалғастырған Еңсеп ақыры шаршағандықтан құлап қалады. Құдық басындағылар оны шақырады, бірақ жауап бермейді. Тағы да Еңсептен хабар жоқ. Сонда халық мына құдықта бір жын бар екенін, ол құдық иесін ұстап алып, құдыққа құран оқытқанын айтады. Құдықтың суы теңізге араласып, теңізден бастау алатындықтан, жылдың төрт мезгілінде де құрғамайды. Адамдар құдық суының кеуіп кетпеуінің себебін жынға байланыстырып, аңыз жасайды.

Мұнда Әбіштің құдық ішіндегі тереңдікті, қараңғылықты, белгісіздікті саналы түрде атап көрсеткісі келетінін байқауға болады. Қатты терең құдық қазайын деп жүріп құдық түбінде қараңғыда адасып, қайта шыға алмай қалған құдық шеберінің болуы автордың мағыналық жағынан тереңдікті білдіретін «шынырав» сөзін арнайы таңдағанын көрсетеді. Құдықтың түпсіз және терең болуы оның адам санасының тереңдігіндегі бейсаналықты білдіретін және психоаналитикалық оқуға мүмкіндік беретін метафора екенін көрсетеді. Сондай-ақ, құдық түбіне жеткен судың, яғни ақиқаттың тамыры әлдеқайда үлкенірек, яғни теңізден нәр алуы да құдық қазудың ұлттық құндылықтарға қайта оралу екенін көрсетеді.

Еңсептің жер астынан қазған құдығын сана деңгейінен төмен басылған бейсаналық түнекке қарай ішкі саяхат ретінде көруге болады. Жерді қазу – шын мәнінде Еңсептің ойындағы қазба. Құдық қазу үшін жерге тереңдей түскен сайын Еңсептің ой сұрауы тереңдей түседі. Өзімен жалғыз қалған Еңсеп өткенге қайта оралып, басынан кешкендері мен өмірін сұрайды. Ол өмірге есеп бере отырып, ішкі жанжалдарды бастан кешіреді. Бұл психологиялық процесс құдықтың тереңдігі мен қараңғылығымен

² «Sinirav» повесті Рукие Йылмаздың магистрлік диссертациясында келтірген мәтіні негізінде талданды. Қараңыз. Рукие Йылмаз, (2021). Қазақ жазушысы Әбіш Кекілбаевтың өмірін, өнерін және таңдамалы әңгімелерін талдау (Шолу-аударма). Магистрлік диссертация. Мугла: Мугла Сытқы Кочман университетінің Әлеуметтік ғылымдар институты.

көрсетілген бейсаналық пен менмен бетпе-бет келу және өмірдің мәнін іздеу процесі (Үлмәз, 2021: 128-135). Мұндағы мағынаны іздеуді ақиқат немесе даналық іздеу деп түсіндіруге де болады. Құдықтың түбі жоқ болуы адамның ақыл-ойының, жан-дүниесі мен ішкі сапарының күрделілігін көрсетеді. Өзін-өзі тану оңай іс емес. Абай Құнанбаев «Жұмбақ адаммын / Жұмбақ адаммын» деп адамның өзін тану қиындығын көрсеткен.

Психоанализде өткен оқиғалардың басылған іздері бейсаналықта қалады деген басым идея. Өңгімеде құдыққа түскен Еңсеп өткенге қайта оралып, жан дүниесінде өткеннің қалдырған іздерін аша бастайды. Бір қызығы, құдық осы тұрғыда шегініп, ой елегінен өткізетін жер. Өйткені үңгір мен құдық Мұхаммед пайғамбардың да, Жүсіп пайғамбардың да, Қожа Ахмет Йесуи сияқты әулиелердің де оңашаланып, ой толғау арқылы ақиқатқа/даналыққа жетуіне мүмкіндік беретін қақпа, бір мағынада қайта туатын жер. Юнг үңгір мен құдықты трансформация мен қайта туылу орны ретінде сипаттайтынын ескерсек, Еңсептің құдықтағы трансформацияны бастан өткеруі өте мағыналы. Өңгімеде автор Еңсеп қазған шұңқырға түскен сайын сенімі күшейіп, көтерілген сайын шүкіршілік ете түсетінін, бұл құдықтың түрлендіруші күшін көрсетеді (Үлмәз, 2021: 135). Осы жерде айта кететін тағы бір жайт, Еңсептің анасы құдық қазуға нұсқау береді. Өңгімеде оның анасы кәмелетке толған ұлы ақша табу үшін осындай нұсқаулықты жасады. Дегенмен, Юнг сөзімен айтқанда, үңгір мен құдық ана архетипінің өмірдегі нақты көрінісі. Еңсепті дүниеге әкелген анасы да оның мән-мағына іздеуінен басталатын рухани дүниеге келуінде жетекші орын алады.

Түсінің жетелеуімен Еңсеп құдық түбіндегі судың көзі теңіз екенін болжайды. Құдықтан шыққанда түс көріп шабытттануы Жүсіп пайғамбардың құдықтан шыққанда түс жору ғылымын меңгергенін еске түсіреді. Еңсептің суға жетуін құдық шеберінің жетістігі ретінде ғана емес, су көрсететін ақиқатқа жету деп те түсінуге болады. Су түркілердің наным-сенім жүйесінде қақпа болып саналады. Адамның бір күйден екінші күйге өтуіне мүмкіндік беретін нәрсе – сумен байланыс. Басқаша айтқанда, судан өткен адам жаңа тұлғаға ие болады (Baysal, 2019: 142). Су көзі әлдеқайда тереңірек теңіз болуы және барлық құдықтардың бастауының теңізде жиналуы қол жеткізілген ақиқаттардың әлдеқайда терең деңгейде ортақ тамыры бар екенін көрсетеді. Түбі көрінбейтін құдықтың тереңдігінде көне түркі мифологиясында жерді жауып жатыр деп есептелетін теңіз сияқты теңіз бар. Бұл ақиқат сапарын Еңсептің өзін іздеген жолы ғана емес, қазақ халқының ұлттық тамырына үңілу жолы деп бағаласақ Маңғыстаудағы барлық ұңғымаларға су құйып, таусылмайтын қазынаға айналған Каспий теңізі сияқты барша қазаққа нәр беретін ортақ рухани қазына бар деген тұжырым жасауға болады. Әбіш Кекілбаев ақиқат іздеуді, болмысқа қайта баруды жеке деңгейде де, ұлттық деңгейде де құдықпен байланыстырды. Яғни, Әбіш Кекілбаев пендешілікті, қазақты түбі жоқ шұңқырдың тереңінен іздеді.

Қорытынды. Әбіш Кекілбаев өзінің әдеби өмірінің алғашқы кезеңдерінде жазған «Шыңырау» атты поэмасы мен әңгімесінде түпсіз орды астарлы сөз ретінде пайдаланған. Социалистік реализм жүктеген заңдылықтарды еңсеруге тырысқан Кекілбаев адам психологиясына да, ұжымдық жадының көрінісі болған ауызша мәдениет өнімдеріне де жүгіну арқылы қазақ әдебиетінде жаңа дәуірдің басталуына мұрындық болды.

Мәдени-ұлттық элементтерге, тұлғаның ішкі жан дүниесіне кеңестік жағдай мүмкіндік беретін дәрежеде тоқтала білген Кекілбаев ара-тұра жанама өрнектерге жүгініп, осы мақсатта астарлы сөздерді қолданған. Құдық метафорасы мен су көне түрік мифологиясында, ислам мәдениетінде және қазіргі психологияда маңызды орын алады. Әбіш Кекілбаевтың әдеби-интеллектуалдық дүниесінің негізінде оның көне түркі мәдениеті мен ислам дініне деген адалдығы жатыр.

Кекілбаев ұстанатын құндылық жүйелерінің құдық метафорасына ұқсас атрибут мағыналары суретшінің таңдауына әсер етті. Құдықтың тереңдігі, қараңғылығы, су бастауы, рухани эволюциясы бар, адам санасын бейнелейтін, қайта туып, қайта түлететін жері сияқты қасиеттерін ұтымды пайдалана отырып, ассоциация өрісі мол мәтіндер жазған Әбіш Кекілбаев ақиқат іздеу мен болмысқа қайта оралу сапарын жеке, ұлттық деңгейде де құдықпен байланыстырды. Яғни, Әбіш Кекілбаев адамзатты, қазақ халқын түпсіз құдықтың тереңінен іздеді.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын (грант № АР19678872) ғылыми жоба аясында дайындалды.

Әдебиеттер

1. Ağca, Ş. (2018). *Modern Türk Edebiyatı'nda "Kuyu" Anlatıları*. Yüksek Lisans Tezi. Samsun: Ondokuz Mayıs Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü.
2. Akman, E. (2002). "Türk ve Dünya Kültüründeki Su Kültü Üzerine Düşünceler". *Kastamonu Eğitim Dergisi*, 10 (1): 1-10.
3. Baysal, N. (2019). *Türk Halk Kültüründe Su*. Doktora Tezi. İzmir: Ege Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü.
4. Çatak, A. (2015). "Mevlânâ Celâleddin Rûmî'nin *Mesnevi* Adlı Eserinde Su Metaforu". *Gümüşhane Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi*, 4(7): 35-65.
5. Güneş, S. (2010). "Yeraltı Mekanı ve Kavramının Toplum Ve İmgelem Üzerine Etkisi". *METU JFA*, 27(2): 125-139.
6. Işık, N. (2020). "İşlevselcilik Açısından Kuyu Motifinin Türk Kültürü, Edebiyatı ve Sinemasına Yansımaları". *Folklor/Edebiyat Dergisi*, 26(2): 281-296.
7. Kerim, L. (2014). "A. Platonov'un "Çukur" ve H. Yavuz'un "Üç Anlatı" Eserlerindeki "Kuyu" Sembolünün Özdeşlikleri Üzerine İnceleme". *21-ci əsrin pəncərəsindən Mədəniyyət və Kimlik Beynəlxalq Simpoziumun materialları Bildiri Kitabı*, Bakı: Xəzər Universiteti Nəşriyyatı, 127-134.

8. Türk, H. (2016). *Toplumsal Yaşam ve Eski Türk İnançları-Kazakistan Kültürü*. İstanbul: Doğu Kütüphanesi.
9. Uçar, H. (2020). “Bir Kültürün Özellikleri: Türklerde Su Kültü”. *Kültür Araştırmaları Dergisi*, 7: 24-47.
10. Yaman, H. (2023). “Türkçede Kuyu Sözcüğü Üzerine Kültürdilbilimsel Bir İnceleme”. *Korkut Ata Türkiyat Araştırmaları Dergisi*, 12: 658-667.
11. Yıldırım, S. (2021). “Şınırav”. Editörler: Orhan Söylemez vd. *Kazakistan’ın Yüzakı: Abiş Kekilbayulı Şiir Dünyası ve Çözümlemeli Örnekler*. Ankara: Bengü Yayınları.
12. Yılmaz, R. (2021). *Kazak Yazar Abiş Kekilbayev’in Hayatı, Sanatı, Seçilmiş Hikâyelerinin İncelenmesi (İnceleme-Aktarma)*. Yüksek Lisans Tezi. Muğla: Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü.

ӘОЖ 82.34

Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ОККАЗИОНАЛ ВАРИАНТТЫЛЫҒЫ

А.Б. Бейсенбай,
филология ғылымдарының кандидаты,
 Қ.Қ.Сарекенова,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ, (Астана қ.)

Аңдатпа. Мақалада Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тұрақты тіркестердің окказионал варианттылығы пайымдалады. Фразеологиялық оралымдардың эмоционалды-экспрессивтілік реңкінің ерекшеліктерін авторлық баяндау болсын, кейіпкер тілі болсын не табиғат суреті болсын, бәріне де өзіндік стильдік әр беретіні жазушы шығармаларының мысалында дәлелденеді.

Кілт сөздер: Ә.Кекілбаев, тұрақты тіркестер, окказионал қолданыстар, окказионал варианттылық

Көркем әдебиет тілінің көріктеуші құралдарының бірі – фразеологизмдер. Тілдегі фразеологизмдер әр халықтың өзіндік ұлттық ерекшелігін көрсетеді. Бейнелі сөздер, әсіресе, фразалық тіркестер құлақ құрышын қандырып, көкейге ой салады, жүректің көзін ашып, нұр тамызады, бүкіл сезім біткенді оятып, эстетикалық талғамын арттырады, жаныңды жадыратып, күлкіге бөлейді. Сондықтан, бұларды жансызға жан бітіретін бейнелеу құралы деуге болады. Ана тілінің байлығы мен әуезділігін анықтауда фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Сөз

байлығы сөз санымен де, мән-мағынасымен де өлшенеді. Сөздің сапа жағынан қаншылықты дамығандығы – оның көп мағыналық сипта алып, әлденеше фразеологизмдерді тудыруда себеп болуында.

Көркем прозадағы шығарма шырайын кіргізетін авторлық фразеологизмдердің қолданылу мақсатын айқындау, экспрессивтік-эмоционалдық бояуын көрсете отырып, олардың көркемдік-стилистикалық қызметін саралау, соның негізінде фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктерін көрсету арқылы қаламгер шығармасының басқа суреткерлерден ерекшеленетін стильдік қолтаңбасын анықтаймыз.

Қазақ әдеби тілінің ауызша дамыған тармағы бейнелі фразеологизмдерге өте бай. Бейнелі немесе образды фразеологизмдер жазушы дүниетанымы мен шеберлігінен шыңдалып шығатын асыл қазына деуге болады.

Ғалым Р.Сыздық «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі» деген еңбегінде көркем шығарма фразеологизмдерін «образды (бейнелі) фразеологизмдер» деп атайды. Сондай-ақ, ғалым терминдік және атауыш мәндегі тұрақты тіркестерге қарағанда образды фразеологизмдердің стильдік-экспрессиялық реңкі басым болатынына да мән берген [1, 476-б.].

Көркем шығарма тіліндегі фразеологизмдерді талдау, сараптау арқылы әдебиеттану жағынан қаламгердің жеке даралық стилін тануға, тілдік жағынан стиль жасаудағы тілдік тәсілдердің қолданылу ерекшелігін айқындау мүмкіндігі туады.

Фразеологиялық оралымдардың эмоционалдық-экспрессивтілік реңкінің ерекшеліктерін авторлық баяндау болсын, кейіпкер тілі болсын не табиғат суреті болсын, бәріне де өзіндік стильдік әр береді. Қаламгер жалпыхалықтық тілдегі тұрақты тіркестерді авторлық қолданысқа түсіре отырып, фразеологизмдерді мағыналық жағынан да, стильдік жағынан да, көріктеуші құрал ретінде де шығармашылықпен пайдаланады.

Фразеологизмдер көркем шығарма тіліне айрықша әр беріп, мазмұн дарытады, ұлттық реңк береді. Әсіресе, образды фразеологизмдер кейіпкер мінезін беруде, авторлық баяндау кезінде, белгілі бір жағдайларға байланысты түйінді пікір айтуда, т.б. қызметтерде жұмсалып тілдің стильдік өрнектерін дамытады.

Сөздердің жеке тұрған қалпындағы еркін лексикалық мағыналары фразеологиялық оралымдардың компонентіне айналғанда жалпы оралым беретін мағынаның ішіне кіріп өзінің бастапқы мәнінен айрылады.

Фразеологизмдер – ғасырлар бойы қорланып, дамыған халық даналығы, көркем сөз құралы. Дайын қалпында, арасына сөз салмай қолданылатын тұрақты тіркестермен қатар, тілімізде жеке жазушының шығармашылығы негізінде пайда болған авторлық тұрақты оралымдарды да атауға болады.

Академик Ә.Қайдар инварианттардың жасалуының 6 жолын көрсетеді:

- 1) Компоненттерін өзгертіп айтуға байланысты инварианттар.
- 2) Компоненттердің орын ауыстыруына байланысты.

- 3) Жеке элементтері ғана сақталған инварианттар.
- 4) Бір жолын түсіріп айтуға байланысты инварианттар.
- 5) Қосалқы компоненттермен кеңейтілген инварианттар.
- 6) Бірнеше мақал-мәтелдің тоғысуынан жасалған инварианттар [2, 224 – 225-б.].

Ә.Кекілбайұлы шығармаларындағы фразеологиялық тіркестер өздерінің жасалу жолдарына қарай академик Ә.Қайдар саралағандай болып келеді.

Мәселен,

*Онда осы күннің өзінде **пұшпақ тістелен**, зорға **талшық айырып** отырған қазақ **қара судан қаймақ қарап** біржолға **пұшпайман болып** қалды дей беріңіз.* («Үркер», 10-б.).

Бұл сөйлем фразалық тіркестермен жабдықталған деуге де болады (***пұшпақ тістелен**, **талшық айырып**, **қара судан қаймақ қарап***).

Авторлық өңдеудегі тіркестер – талшық айырып (қолданыстағы бар тіркес – *талшық етті*), қара судан қаймақ қарау (*қара судан қаймақ алады*). *Қара судан қаймақ алады* – әбжіл, жылпос, қу кісі туралы айтылады. *Пұшпайман болу* – қапа болды, жасыды; қатты мұңайды, қатты өкінді. *Талшық етті* – аздап қорек, үнем етті.

Жоғарыда алынған мысалдардағы тіркестер халық тіліндегі *талшық етті*, *қара судан қаймақ алады* сияқты тіркестермен салыстырғанда автордың қолдануындағы тіркестердің экспрессивті-эмоционалды реңкі басымырақ. Контекстегі *пұшпақ тістелен* тіркесі авторлық қолданыста жұмыс істеу мағынасында қолданылған. Мұндай қорытындыға келгеніміз халық тіліндегі *өзі илейтін терінің пұшпағы* деген тіркестің мағынасымен (түбінде өзі істейтін іс, жұмыс) үндес және контексте ол мағына анық көрініп тұр. Бұл тіркестердің компоненттері өзгеріп айтылған авторлық өңдеудегі қолданыстар.

Тұрақты тіркестер бейне, характер жасауда, қоғам құбылыстарын, табиғат көрінісін бейнелі, көркем суреттеуде, адамның психологиялық жағдайын көрсетуде, ішкі сезімін суреттеуде бірден-бір дайын құрал.

Халқымыздың осы бір байлығын, асыл қазынасын жоғары бағалайтын кез-келген қаламгер өз шығармасында кеңінен пайдаланады.

Фразеологиялық бірліктің мәнерлегіштік және бейнелегіштік қасиеті мәнмәтінде әр ақын-жазушының өзіндік сөз қолдану әдісіне қарай айқындалады. Тұрақты сөз тіркестерінің әр түрлі варианттарын сөз шеберлері талдап, тандап кейіпкерлердің іс-әрекетін нақтылауда, шығарманың идеялық көркемдік жақтарын жетілдіруде т.б. толып жатқан мүмкіндіктеріне сай етіп, стильдік мақсатпен қолданады.

Фразеологизмдерді қолдануда авторлық өзгеріске түсіру, окказионалды болу – жаңарту, түрлендіру мақсатын көздейді.

Ә.Кекілбаев шығармаларындағы дәстүрлі фразеологизмдердің өзгеріп қолданылуы жоғарыда айтылған тәсілдерге дәлел бола алады.

Компоненттерін өзгертіп айтуға байланысты:

1. Шүмектей шапшыған қызыл қан қолдарын жуып жатыр («Үркер», 13 -б.).

Бұл сөйлемде автор дәстүрлі тұрақты тіркестің компонентін өзгертіп қолданған. Халықтық қолданыста жүрген фразеологиялық тіркес (*шүмектеп құйды, шүмектеп құйу* – қатты жауды, сорғалата жауды. ФС., 768-б.) авторлық өңдеуге түсіп, ұтымды қолданылған.

2. Онда тағы да бір зобалаң қоздады дей бер («Үркер», 271-б.).

Жазушы фразеологизмді өзінің танымына орай өзгертіп қолданған. Жалпыхалықтық қолданыста жүрген тұрақты тіркестің (зобалаң туды: басына қауіп төнді, қауіпті күн туды. ФС., 296-б.) бір компонентін, яғни *туды* етістігін *қоздады* етістігіне ауыстырып қолданылуында өзіндік ерекшелік бар. Жазушы *қоздады* етістігі арқылы *қауіптің* жаңа басталып келе жатқанын, қауіпті күннің қайтадан жаңаруын елестетеді.

3. Ата сақал аузынан шыққаниша руын білмейтін бұл қандай маубас. (Үркер, 19-б.).

Ата сақал аузына біткен – ер жетіп, кемеліне жеткен, егде тартқан, ұлғайған (ФС., 72-б.). Бұл сөйлемде де тұрақты тіркестің өзгеріп келуі контекстке бір реңк беру мақсатында қолданылған. Авторлық өзгеріс бұл тұрақты тіркестің мағынасын дамытып, оның әсерлілігін арттырған деуге болады.

4. «Қап, бәлем, қолыма түстіңдер ме? Сауда дос болғыларың келсе, әуелі ақ патшаға мойын ұсыныңдар!» – деп қодыраңдайтын болса, онда мысықтабандап кері шегініп, «көрмегенім сен болсын» деп, **сау басқа сақина салып алмай тұрғанда, аяқ-қолды тартып ала қою керек еді** (Үркер, 151-б.).

Бұл мысалда да жазушы дәстүрлі фразеологизмдерді (*сау басына сақина тіледі*: өзіне-өзі істеді, ауру, азап сұрап алды. ФС., 607-б) өзгертіп, көркем шығарманың оқиғаға байланысты мазмұнын кеңейткен.

Ә.Кекілбайұлы халық тілінің фразеологиялық қазынасын кейде өз қалпында, кейде жаңғыртып, жаңалап пайдаланып, кейде сол үлгіден жаңа тіркестер құрайды. Ә.Кекілбаев халық тіліндегі тұрақты тіркес қорынан ең қажеттісін таңдай отырып, оларды түрлендіреді, оларға қосымша мағына үстейді, өзінің мазмұндап отырған оқиғасына байланысты тұрақты тіркестердің ойға сай болуын ажарлайды да, атқаратын қызметін түрлендіре түседі, бірақ тіл заңдылықтарын еш уақытта ұмытпайды.

Қосалқы компоненттермен кеңейтілген фразеологизм:

Мысалы:

–Жездеңе айт, ұрыншылап келген күйеудей тұмшаланып жатып алғаны несі? («Үркер», 8-б.).

Жалпы қолданыста *ұрын келді, ұрын барды, ұрын жіберді* деген тұрақты тіркестер бар. Қолданыста бар тіркесті автор оқырманға басқаша түрде жеткізген (*ұрыншылап келген күйеудей - ұрын келді*).

Ұрын келді, ұрын барды, ұрын жіберді. көне. Айттырған қызға тойдан бұрын күйеудің жеңгелеріне деген сыйлықтарына алып, қыздың ауылына

жасырын келу (бару, жіберу) мағынасында (*Фразеологиялық сөздік, Алматы, 1973*).

Мысалдардан көрініп тұрғандай, тұрақты тіркестерге ұйытқы сөздер әртүрлі қосымшаларға ие болғанымен, араларына сөз түсіп немесе бір сыңарларының ықшамдалғанымен тұтас күйіндегі жиынтық мағынадан айырыла қоймаған. Авторлық байламның жасалуында да белгілі бір дәрежеде қазақ ұлтының дәстүріндегі өзіндік ерекшеліктерінің ізі байқалады.

Жазушы стилінің ең сүбелі жағы – оның ойлы да оюлы тілінің зергер қолынан шыққан бұйымдай көркем нақышы. Жазушы шығармасынан эстетика мен дүниетаным кеңістігін әйгілейтін өзіне ғана тән небір көркем сөздің маржандарын табуға болады.

Бір жолын түсіріп қолданылған авторлық өңдеудегі фразеологизмдер де Ә.Кекілбаев шығармаларынан орын алған.

Мысалы, *Ақыр заман боларда жер астынан шығатын жеті басты аждаһа осы шығар. Ирелеңдеп келіп қалды.* (Үркер, 10-б.).

Бұл сөйлемдегі тұрақты тіркестің өзгеріп келуі контекстке бір реңк беру мақсатында қолданылған. Жалпы қолданыста жүрген тіркестен (*жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты*: табан астынан бәле шықты (ФС., 257-б.)) гөрі қаламгердің тіркесі жауды жер астынан шығатын жеті басты аждаһаға теңеуі әсерлеу суреттелген. Жазушы халық тіліндегі тұрақты тіркестердің мағынасын суреттеп отырған жағдайға лайықтап, жаңартып жұмсайды, яғни, грамматикалық құрылысын өзгерте отырып, бірден оқырманға суреттеліп отырған кейіпкердің бейнесін анық жеткізеді. Фразеологизмдердің құрамында болған өзгерістер жазушының айтпақ ойын дәл, анық, әсерлі етіп етіп шығару мақсатынан туған.

Ә.Кекілбаев осылайша тұрақты тіркестерді жаңғыртып, өңдеп құбылтып, айшықты сөздермен толықтырып қолдану арқылы олардың контекстегі мәніне экспрессивті эмоционалды реңк беріп, көркемдегіш қасиетін құлпыртып, стилистикалық қызметін күшейтіп, мағынасын кеңейткен. Бұл тіркестер әдеби тілімізге мұра ретінде қосылып, сөздік қорымызды байытады.

Мысалы: *Басында нөқта, тірсегінде тұсау жоқ бостандық.* (Үркер, 14- б.).

Жазушы бұл сөйлемдегі тұрақты тіркестердің мағынасын жаңартып, негізгі сөз бостандықтың бейнесін ашу мақсатында қолданған. **Басынан жүген сыпырды**: еркіне қоя берді; **басына нөқта киді**: еркіндіктен айрылды, бала-шаға, үй ішін бағып, шаруа күйттеп кетті (ФС., 128-б.). Тілдегі бар тіркестердің мағынасын негізге ала отырып, сөйлемнің мағынасын нақты әрі әсерлі жеткізу мақсатында автор жаңа тіркес жасауға ұмтылады.

Жазушы жалпыхалықтық фразеологизмнің жеке элементін пайдалана отырып және оған қосалқы компоненттерді қосу арқылы тұрақты тіркестің

семантикасын кеңейтіп қолданған. Жазушы дәстүрлі фразеологизмдерді өзгерте отырып жаңа, тың тіркес жасады деп айта аламыз.

Авторлық өндеуге тускен фразеологизмдер көркем әдебиет тілін жаңа сатыға көтеріп, оның өркендеуіне әсерін тигізеді анық. Фразеологизмдердің тұрақты қалыпта қолданылу табиғатын ескере отырып, олардың көркем әдебиет тілінде жаңаша қырынан танылуын зерттеу бүгінгі заман талабы.

Ә.Кекілбайұлы кейде орынды жерінде тұрақты тіркестер компоненттері арасына басқа сөз кірістіріп, оның стильдік бояуын көркемдей түседі.

Ә.Кекілбайұлы дистант құбылысын көркемдікпен пайдаланады.

Фразеологизм – өз табиғатында құрылымы бітеу болып, сыртынан сыналап сөз қосуға көне бермейді. Ал кейбір фразеологизмдер, керісінше, сыңарларының арасында бөтен сөз тұрғанымен, өздерінің тұтастығын бұзбайды.

Жазушының қара сөздерде дистант құбылысын қолданудағы мақсаты – фразеологизмнің құрылымын өзгерте, кеңейте отырып, дәл сол сәттегі оқиға ситуациясын нақтылай, күшейте жеткізу.

Мысалы:

Тоқсан ауыз сөзі әлгі. Сонда мұның енді тобықтай түйіні қайсы? (Үркер, 111-б.). **ЕТ ЖҮРЕГІ СУҒА ТҮСКЕН КЕСЕКТЕЙ ЕЗІЛІП, ЖАНШЫЛЫП, ІШКІ ДҮНИЕСІНЕ ҚАРА ҚАН БОП ТАМШЫЛАП ТАУСЫЛҒАНША ТӨЗІП БАҒАДЫ** (1 т., 35-б.). **АҢДАУСЫЗДА ЖАН ЖАРАСЫН ТЫРНАП АЛМАДЫМ БА ДЕП ӨКІНІП, ӨЗ БАРМАҒЫМДЫ ӨЗІМ ТІСТЕЙ ЖАЗДАДЫМ** (Дала балад., 1т., 105-б.)

Бұл мысалдағы тұрақты тіркес компоненттерінің жігі айырылып, қосымша компоненттер қосылып қолданылған.

Жалпы фразеологизмдерді басқа тілдік бірліктерден ажыратудың айырма белгілері ретінде:

1. Мағына тұтастығы
2. Тіркес тиянақтылығы
3. Қолдану тұрақтылығын атап жүрміз.

Жоғарыда көрсетілген мысалдан біз тіркес тиянақтылығының бұзылғанын көреміз. Бұл жерде жазушы тұрақты тіркестің ара жігін ажыратып қолдануы көркем шығарманы әсерлі етіп беру мақсатында. Дәстүрлі фразеологизмнің жігі айырып, екі сөйлемге арқау етіп, қосымша сөздер қосып қолданылуы алғашқы мәнін күшейтіп тұр.

Қаламгерлердің фразеологиялық шығармашылығы халықтық тілде бар тұрақты тіркестермен бірге жеке авторлық тұрақты тіркестердің пайда болуына ықпал етеді. Бір айналымдағы фразеологизмдер өзгеріске түсу арқылы мағыналық және стильдік жағынан ерекше түрге еніп, тілдегі жаңа семантикалық мағынаның қалыптасуына негіз болады. Авторлық баяндау кезінде кейіпкер тілінде қолданылатын фразеологизмдердің өзіндік лингвостилистикалық ерекшеліктері де жазушы шығармалары арқылы тілде орнығып, күнделікті айналыстағы фразеологизмдер қатарына қосылатыны дәлелденді. Соның негізінде авторлық фразеологизмдердің тууы және тілде

калыптасуы халықтың ұлттық мәдениетімен, дәстүрімен, этнолингвистикасымен байланысты болып келетіні анықталды.

Сондай-ақ, авторлық инварианттар, авторлық афоризмдер, авторлық фразеологизмдер белгілі бір дәрежеде өзара байланыста болады. Сондықтан, фразеологизмдердегі, мақал-мәтелдердегі авторлық өзгерістердің, тілде қалыптасып кеткен авторлық афоризмдер табиғатын тану үшін жүргізілетін зерттеулер нысаны бір екенін олардың арасындағы айырмашылық шартты түрде алынғанын есте ұстауымыз абзал.

Қорыта келгенде, қаламгер туындыларындағы фразеологизмдердің өзгертіліп қолданылуын бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

- фразеологизмдерді трансформацияланып қолдануы;
- контаминация тәсілі арқылы;
- дистант құбылысы арқылы.

Бұл – жазушының сөз қолданысындағы өзіндік шеберлігінің бір қыры. Жазушы ертеден тілдік қолданыста бар әңгіме мақамына негіздеп алып отырған. Фразеологиялық тіркестердің жазушы қолданысында өзгеріске түсуі мазмұнға ешқандай нұқсан келтіріп тұрған жоқ.

Авторлық қолданысқа түскен фразеологизмдердің лексико-грамматикалық, эмоционалды-экспрессивтілік жағынан түлеп жаңа мазмұнда, кең мағынада келуі жазушының шеберлігі мен өзіндік стиліне байланысты болып келеді.

Сөзімізді түйіндер болсақ, ұлт тілінің тың бояулармен толығып, қорының баюы кемел таланттардың шеберлігімен, өлшеусіз қаламгерлік еңбегімен тығыз байланысты. Классик қаламгер Ә.Кекілбайұлының шығармалары қазақ әдебиетімен қатар қазақ тіл білімінің сөздік қорына өзгеше мәнерімен қазына болып қосылған қымбат мұра.

Әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. Сөзді дұрыс айту нормалары. – Алматы: Ғылым, 1983.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1976. - 1-10 т.
4. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007, – 800 б.
5. Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2006. 1-3 т.

ӘОЖ 82.7

Ә.КЕКІЛБАЕВ РОМАНДАРЫНДАҒЫ КЕЙІПкерлердің ІШкі Әлемінің Танылуы

Әділет Дыбысұлы Қабылов,
Yessenov University профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
(Ақтау қ.)

Аңдатпа. Мақалада Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы кейіпкерлердің ішкі ғаламы, жан әлемінің, психологиясының танылу жолдары пайымдалады. Автор жазушы шығармаларының мысалында кейіпкерлердің диалог, монолог, сана ағыны секілді көркемдік құралдар арқылы кейіпкердің ішкі әлемін таныту шеберлігін нақты мысалдар арқылы қарастырады.

Кілт сөздер: психологизм, сана ағыны, диалог, монолог, рефлексиялық толғаныстар, түс көру

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ә.Кекілбаевтың әдебиет әлеміне келгеннен бастап ұлттық сананы сақтау үшін мол үлес қосқанына, ана тілімізді, салт-дәстүрімізді және төл мәдениетімізді дәріштеп, халқына адал қызмет еткені туралы айта келіп: «Аңыздың ақыры», «Елең-алаң», «Үркер», «Шыңырау» – қайталанбас туындылар. Классик қаламгердің бұл еңбектері әлем әдебиетінің алтын қорына тиесілі. Жазушы қара сөздің құдіреті арқылы елдің намысын оятып, рухын көтерді», – деп баға берген болатын [1].

Ә.Кекілбаев шығармаларында өмір шындығы мен адам болмысын суреттеудің алуан түрлі көркемдік амалдарын кездестіреміз. Солардың ішінде жазушының даралық стилін танытатын ерекшеліктердің бірі – кейіпкерлердің ішкі әлемін таныту жолдары. Өз кезеңінде әдебиетімізде жаңалық болған жазушы шығармаларындағы авторлық баяндау мен кейіпкердің сөзі, ой-танымы, ішкі жан әлемінің жай-күйі астасып жататын «тоғыспалы стиль» сипаттары туралы жазушының романдары мысалында қарастырмақпыз.

Жазушы романдарында тарихи деректерді пайдаланғанымен, оларды өзінің суреткерлік мақсатына орай сүзгіден өткізіп, бүгінгі күннің де маңызды мәселелерін өзек еткен – жалпыадамзаттық әлеуметтік сұрақтарды философиялық, психологиялық тұрғыдан сұрыптап, адамның ішкі әлеміне бойлау арқылы көркемдік тұрғыдан бейнелейді.

«Аңыздың ақыры» – Ә.Кекілбаевтың суреткерлік шеберлігін, ойшылдығы мен адам жанының түрлі құбылыстарына, психологиясына терең бойлайтын дегдарлығын танытқан, есімін әлемге әйгілеген болмысы бөлек туынды. Бұл роман туралы Г.Бельгер былай деп жазады: «Аңыздың ақыры» романында автор тағы да өзінің бұрынғы қалыптасқан байсалды, қазып айтатын баяндау тәсіліне ерік береді, мұнда жалпы сюжет, оқиғаның жотасы анық көрінгенмен, бірінші кезекте адам жанының алуан иірімдері, терең психологиясы, пейіл-мұрат, мінез-құлық, ішкі драмалық коллизия, сырт көзге онша байқала бермейтін, бірақ іште қайнап жатқан ой-сезім, сөз бен әрекеттің арбасуы тәптіштеледі», – деп атап көрсетеді. [2,9-10].

Жазушының өзі бір сұхбатында айтқандай, бұл шығарманың жазылуына автордың өзі өмір сүріп отырған заманның да ықпалы болса керек. XX ғасыр философиясындағы адам тіршілігінің алуан сырына ден

қоятын экзистенциализм ағымының романның дүниетанымдық концепциясына әсерін байқауға болады. Адамның ішкі жан дүниесіне бойлай отырып, тіршілігінің бірегей мәнін ұғынуға деген талабын психологиялық тұрғыдан рухани-эмоционалдық болмысын бейнелеу арқылы көрсету ХХ ғасырдағы әлем жазушыларының назарын аударған болатын. Адамның жеке өміріне, олардың сезім әлеміне, айналасында болып жатқан оқиғаларды қабылдау ерекшеліктеріне көңіл аударатын модернистік әдебиеттегі ой-таным, әсер, жан әлемінің қозғалыстарын «сана ағымы» арқылы бейнелеу жазушының поэтикалық мәнерінен айқын көрінеді.

Айналасында орын алып жатқан жағдайлар мен жеке адамның рухани тәжірибесінің арасындағы алшақтық, адамның онтологиялық жалғыздығы мен оған қарсы тұруға қауқарсыздығы, айналасынан алшақтауы, рухани қорғансыздығы мен сенімсіздігі секілді әлеуметтік-тұлғалық ньюанстардың бейнеленуі роман кейіпкерлерінің тағдырын оқырмандардың көңіліне жақындата түседі әрі солардың басынан кешкен жайларды жақсы пайымдап, жақынырақ сезінуге мүмкіндік береді. Өмірдің өткіншілігін, дүние қызықтарының жалғандығын, атақ-даңқ пен шексіз биліктің баянсыздығын көрсету арқылы өмірде тек жақсылық жасап, артыңа жақсы атыңды қалдыру парыз деген идея ұсынады автор.

Романдағы кейіпкерлер, негізінен, көңіл-күйлеріндегі күйзелістерімен, рефлексиялық толғаныстарымен, ішкі әлеміндегі арпалыстарымен көрінеді. Шығарма оқиғасы негізінен, кейіпкерлердің ішкі ой-толғаныстары арқылы беріледі. Авторлық баяндау арнасы кейіпкерлердің ойымен, ішкі әлеміндегі күйзелістерімен, жан арпалыстарымен астасып жатады. Жазушы негізінен үшінші жақтан баяндап отырғанымен, ол көбінесе кейіпкерлердің ішкі ойы болып келеді, авторлық баяндау аясында кейіпкерлердің сөзі мен ойы араласып жатады. Кейде автор кейіпкер роліне кіріп, сол болып ойланады-толғанады, тіпті кейіпкердің бастан кешіп отырған күйді өз басынан өткеріп отырғандай суреттейді. Яғни автор жеке кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесіне барлау жасап, олардың жан әлемінде болып жатқан жан жүйесіндегі процестерді психологиялық талдау жолымен бейнелейді.

Романда Әміршінің ақылдылығын танытатын айла-амалдары да, пендешілік ой-танымы да айшықты ашылады. Романдағы басты үш кейіпкер (Алмас хан, Кіші ханым және Жаппар шебер) бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Олардың жас мөлшері де әркелкі, өскен ортасы, әлеуметтік жағдайы да бөлек, тағдыры да әрқилы, тіпті өмірге көзқарасы да өзгеше. Оларды ортақтастырып тұрған, ішкі сезімдері мен жан дүниесін ашуға себеп болып тұрған – Кіші ханым жорықтан қайтқан Әміршінің құрметіне тұрғызған көрікті көк мұнара. Кейіпкерлердің көңіл-күй толғаныстары, рухани күйзелістері мен өмірге көзқарастарын айқындайтын рухани ширығулары осы мұнарадан бастау алып отырады. Мұнара – әсемдік пен асқақтық және соған қатысты пенделік-тұлғалық көзқарасты бейнелейтін

символ, кейіпкерлер характерін ашуға жетелейтін қозғаушы күш. Мұнара – материалдық нысан ғана емес, кейіпкерлердің рухани әлеміне жол ашып, ой-танымын әйгілеп, іс-әрекетіне бастау беретін мотивтік нысан, шығарма идеясының кілті.

«Аңыздың ақыры» – психологиялық роман. Мұнда адамның психологиясын, ішкі жан дүниесін, терең сезім қатпарларын ашып көрсетуге үлкен мән берілген. Шығарма кейіпкердің ішкі әлемін ашуға арналған, сюжеттік өзегі – адам тұлғасы, оның жан дүниесінде психологиялық процестер жүріп жататын рухани өмірі. Романның бірінші және соңғы тарауында жазушы сана ағыны, психологиялық талдау жолымен Әміршінің ішкі әлемін керемет ашады.

Бұл орайда Ә.Кекілбаевтың көркем бейне сомдаудағы ерекше қабілетін – адамның ішкі әлемін, жан дүниесін ашып көрсететін, адам болмысына терең бойлаудың алуан амал-тәсілдерін тапқан психолог жазушы екендігін көреміз. Әдебиет сыншысы Т.Тоқбергенов: «Әбіш творчествосының қасиеті деп мен оның бар шығармасына ортақ психологизм, драмалық ішкі қақтығыс, ой-сезімнің ағыл-тегіл ақтарылуын айтар едім. Және осы қиын да күрделі, әрі-беріден соң суреткер атаулыны азапқа салатын жұмбақ күш – әлгі сезім-сезікке лайық тіл бедерін табуы дер едім», – дейді [3,86].

Психологизм – көркем сөз өнерінің тектік белгілерінің, айқындауыш эстетикалық принциптерінің бірі. Ол кейіпкер психологиясына бойлаудың түрі, суреткердің кейіпкердің жан дүниесінде болып жатқан құбылыстарды шынайы жеткізудің, характерді ашудың жолы. Адам бойындағы ой, сезім, ниет-пейіл қалыптасуын, санадағы эмоционалдық, психологиялық құбылыстардың ағымы мен қайшылықтарын жаңғырту көбінесе психологиялық талдау жолымен жүзеге асады.

Романда кейіпкер психологиясын ашуға қызмет ететін компоненттердің ішінде, әсіресе, символдар ерекше қолданылған. Сондай символдардың ең бастылары – қызыл алма мен көк мұнара болса, қайсыбір идеяларды бойына жинақтап, өзіндік көркем образ дәрежесіне көтерілген олардан да басқа символдар бар (ақ қарабас құрт, ойылған қос жанар, кесілген тіл, жымысқы күлкі, Әміршінің саусағынан сусып түсіп қалатын күміс жүзік т.б.).

Сыншы С.Әшімбаев айтқандай: «Роман бастан-аяқ ойға, толғанысқа толы, кәдуілгі интеллектуалдық дәрежедегі философиялық шығарма. Жазушы бағзы заманның махаббат пен ғадауатқа толы оқиғасын арқау еткенмен, сол арқылы бүгінгі өмірге, қазіргі уақыт шындығына, айналамыздағы адамдар мінезі мен әрекетіне қатысты айта білген. Романдағы Әміршінің монологы, яғни ішкі толғанысы арқылы жалпы адамзаттық характерге тән ішкі драматизмді, сезімдегі қайшылық пен жұмбақтылықты көркемдік тұрғыдан келісімді көрсеткен». [4,418.].

Романдағы Әміршінің ойымен пайымдалатын: «Ендеше, жұмыр басты пендеге соншама көп нәрсе керек емес екен. Жұмыр басты пенденің кез

келгеніне лайық күйбең тірліктің қарапайым рахатынсыз қонған бақ пен даңқтың қай-қайсысы да соқыр тиынға тұрмайды екен», – деген жолдар бүкіл шығарманың лейтмотиві, идеялық түйіні іспетті.

«Үркер» мен «Елең-алаң» дилогиясын «ой ағыны» романдарының біздің қазақ совет әдебиетіндегі үлгісі дейміз. «Ой тасқыны» стилінде тұңғыш рет жазылған романның ойдағыдай шығуы қазақ жазушыларының ізденіс мүмкіндігінің молдығын көрсетеді», – деп атап көрсетеді ол туралы сыншы Т.Тоқбергенов. – Бұл роман-дилогияда ел басынан өткен тарихи оқиғалар тізбегі кейіпкерлер атынан түзіліп, екшелеп шығып жатады. Ел тағдырын ойлаудан ба, жоқ әлде тағдырын, өз басының қамын ойлаудан ба, әйтеуір біздің көбіміздің көзіміз жете бермейтін алыс тарихтың (тарихи деректері өз тарихшылары қолымен жазылып қалмаған елдің жағдай ескергенде) атадан балаға ауызша тарап келген үлкенді-кішілі оқиғалары кейіпкердің көңіл-күйі қоймасын еріксіз ақтартып, арғы-бергіні қозғалтқан сыңайы бар. Толассыз ой ағыны тарихтың бұлдыр беттерін көңілдің көк дөненіне мінгізіп, бұл кезге дейінгі жабулы қазанның қақпағын теріп, қалтарыстардың бәрін ашып алғандай. Нақ осы андыздаған ой-елеске жүгінбеске шара жоқтығы тайға таңба басқандай. [5,285]

«Үркер» романында жазушы Әбілқайырдың жаны күйзеліп, ойы тығырыққа тірелгенде өзімен-өзі болып, ішкі ойымен арпалысып аласұратын сәттерін психологиялық талдаумен терең жеткізеді. Мысалы, Тайланның жалғыз ұлы Тұяқты антқа ұстау туралы ұсынысты естігендегі Әбілқайырдың ішкі арпалысынан оның ар мен жанның арасалмағын безбендеп, адамшылық жолды таңдауын көреміз.

Романның күрделі композициялық-сюжеттік құрылымы ұзақ мерзімдік кезеңді, көптеген тарихи, саяси, әлеуметтік оқиғаларды қамтитындықтан, жазушы орасан мол материалдарды белгілі бір көркемдік жүйеге кірістіруі үшін авторлық баяндауға сүйенеді. Алайда ол құрғақ баяндау емес, көбінесе бас кейіпкердің ішкі ой-толғамдары мен психологиялық көңіл-күйін әлеуметтік-философиялық пайымдар арқылы жеткізетін ішкі монолог, сана ағыны, халық өмірінің өткен тарихына қатысты лирикалық шегіністер мен тарихи экскурстар, көңіл-күй көріністері, психологиялық иірімдерді бейнелеу секілді көркемдік амал-тәсілдер болып келеді. Сонымен қатар эпикалық жанрдың суреттеулер мен баяндаулар, портрет, пейзаж, диалог, кейіпкердің іс-әрекеті мен мінез-құлқын суреттеу секілді сан алуан көркемдік құралдарды тиімді қолданады.

Жазушының суреткерлік шеберлігі әдебиеттің көркемдік құралдарын мейлінше ұтырлы қолдануымен, көркемдік дәлел-уәждерінің шынайылығымен, тілінің шұрайлығымен, штрих-детальдарына дейін көңілге қонымды әрі бейнелі-суреттілігімен ерекшеленеді. Қазақ тарихының күрделі кезеңін суреттей отырып, халық өмірінің арыдан келе жатқан тарихи сабақтастығын терең қамтитын кең тынысты эпикалық шығармадағы әрбір көркемдік компоненттің өз орнын тауып, күрделі сюжеттік-композициялық желіде жымын білдірмей біртұтас байлап

баяндауы арқылы автор көркем сөзбен кестеленген тұтас бір эпикалық көркем полотно тудырған. Суреткердің адам портретін суреттеуінен бастап, табиғат көріністерін, суреттеу, адам болмысын мінездеу, іс-әрекетті баяндау, түс-елес құбылысын жеткізу, ішкі ой ағымы мен психологиялық процестерді бейнелеу мен дүниәуи мәселелерді философиялық тұрғыдан пайымдау шеберлігі сүйсінтеді.

Жазушы романдарының поэтикалық тілін қарастырған академик Р.Сыздық та шығармада авторлық баяндау көп ретте кейіпкерлердің көзімен, ойымен берілгендіктен, оларда тосын сипаттамалар, астарлы атаулар аз кездеспейтінін айтады [6,132]. Мысалы, қазақ даласының табиғатын суреттеуі Уфадан шыққан Ресей елшілерінің көзімен берілгендіктен, олардың ой-танымы көрініп отырады. Авторлық баяндау – автордікі болғанымен, бірақ сөзі – онікі емес. Ал кейіпкер тіліне келсек, жазушы ханды ханша, биді бише, Итжемес қаңғыбасты Итжемесше сөйлетеді. Олардың сөздерінде өздерінің болмысы, мінезі, ой-танымы айқын аңғарылып отырады.

Романның бас кейіпкері – Әбілқайыр ханның «Үркер» романындағы бейнесі жаңа қырынан ашылып, орыс-қазақ қатынасының дамуындағы оқиғалар үстінде тың сипаттармен толыға түседі. Оның айналасындағы адамдар туралы пікірі, оқиғаларға баға беруі, кез-келген жағдайды нақты талдап, ел мүддесі мен өзінің жеке мүддесін сабақтастыра отырып, шешім қабылдауы ақыл-амалының алымдылығын көрсетіп отырады. Ол не істесе де алды-артын тегіс қармап, себебі мен салдарын пайымдап, дұрыс нәтиже шығуын қатты қадағалайды. «Аз халықтың басшысы болу азғантай тоқтылақтың бақташысы болу емес. Азғантай тоқтышаққа бақташы болу үшін азғантай ақыл, азғантай қайрат та жеткілікті. Ал аз жұрттың басшысына көп жұрттың басшысынан гөрі көбірек білік, көбірек айла керек. Көп жұрттың басшысы бағындыра білсе де жеткілікті. Ал аз жұрттың басшысы бағындырумен қоса бағына да білуге тиісті. Бағыну бағындырудан әлдеқайда қиын... Енді сол қиынға төзбей болмайды», – деп ойлайды ол [7,333]. Әбілқайырдың өзі бағынумен қатар бағына білу өнерін де жақсы меңгергенін мінез-құлқынан, психологиясынан, қарым-қатынас мәдениетінен айқын аңғаруға болады.

Ол қандай жағдайда да өзін салқынқандылықпен ұстап, сабырлы қалпын бұзбай, кім-кімнің айтқанын да мұқият тыңдап, қажетінше ақылмен шешім шығаруға тырысады. Ол алды-артын ойлайтын айлаға да жетік.

Әбілқайырдың адамдық, хандық болмысы оның іс-әрекетінен де, ішкі ой-талқысынан да, сөйлеген сөздерінен де көрініп отырады. Оның ішкі ойы мен сөйлеген сөзі және соған сай іс-әрекеті өзара жымдасып, бірін-бірі толықтырып отырады. Әсіресе, жазушы кейіпкер сөздеріне оның мінез-құлқы мен көзқарас-ниетіне сәйкес әлеуметтік жауапкершіліктің салмағын артып, көңіл-күйі мен мақсат-мүддесін аңғартатын шешендік дәлмарлық пен сөйлеуші мен тыңдаушы екі тарапқа өзіндік ой тудыратын астарлы-тұспалды реңк дарыта құруға шебер.

Автор Әбілқайырдың бойындағы адамға тән қуаныш, өзіне риза болу, мақтаныш, бәсекелестік, қызғаныш секілді пенделік сезімдерді де жасырмай, кейіпкердің жан дүниесінде болып жатқан өзгерістерді ішкі көңіл күйін аңғарта отырып баяндайды. Авторлық баяндаулар көп жағдайда кейіпкер ойымен, толғаныс-монологтарымен тоғысып жатады. Автор шығармада тарихи-деректік құжаттарды да сөйлетіп, тарихи оқиғалардың нақтылығына көз жеткізіп отырады.

«Елең-аланда» да «Үркердегі» суреткерлік машық, бейнелеу әдіс-тәсілдері сақталып отырады. Ел өмірінде болған оқиғалар авторлық баяндаумен қатар, негізінен Әбілқайырдың, Кириловтың, Татищевтің, Бопайдың, сондай-ақ басқа да кейіпкерлердің санасында жүріп жататын ішкі ой ағынымен беріліп отырады. Автор кейіпкерлердің ішкі әлеміне бойлап, олардың санасындағы психологиялық процестерге талдау жасай отырып, рухани күйзелістері мен ой-таным құбылыстарына барлау жасайды. Шығармада сол кезеңнің замана лебін аңғартып, оқиғалардың орталық түйіні – ел бүтіндігі мен мемлекеттер қарым-қатынасы, соғыс пен бейбітшілік мүддесі, бірлік пен татулық секілді өзекті мәселелерді суреттегенде, ең алдымен, адамның жұмбақ әлемін – кейіпкерлердің жан дүниесіндегі психологиялық құбылыстар, сезім шарпысулары мен рухани ізденістері туралы ой толғайды. Сондықтан екі шығармада да ішкі монолог, сана ағыны, сана мен таным қақтығыстары, түс көру, аян, елес элементтері, секілді әлеуметтік-психологиялық талдаудың көркемдік құралдары молынан ұшырасып отырады.

«Елең-аланда» да «Үркердегі» сияқты кейіпкерлердің түс көру, елес секілді психологиялық, физиологиялық жағдайды бастан кешулері арқылы олардың көңіл-күйіндегі, ой-санасындағы психологиялық процестерге өзінше мән дарытып, нақты жағдайларға талдау жасауға бағдарлайды. Мұндай түстер Әбілқайырдың да, Ералының да, Бопайдың да бойындағы үрей мен қорқыныштан, күмән мен сағыныштан, жан дүниесіндегі тоқырау мен дағдарыстан хабар беріп отырады.

Түс көру кейіпкердің өңінде басынан кешкен көңіл-күйдің көз ілгеннен кейін де жан иесінен аулақтамай, күндізгі сана арпалысының жалғасындай боп, тұйықтан шығар жол көрсеткендей немесе алдағы іс-әрекетке нұсқағандай, тіпті кейде жұбату немесе демеу сарынындағы сана сілкінісіндей әсер қалдырады.

Ал Бопайдың түсі арқылы баласы Ералыға деген сағынышын, оны уайымдап жүрген ғазиз аналық махаббатын көреміз: «Бүгін түнде түсіне Ералы кіріп жүр. Бұлар іште сары табаққа салып ап сары сазандай аунатып бүйенге қатырған шырын уыз жеп отырғанда, ол түрулі іргенің тұсына келіп, көзін сатып, қолын жаяды. Бұлар оны аяп қолдарын қанша созса да, іргеге жетпейді. Үйдегілердің қайырынан күдер үзген Ералы отыра қалып, топырақтың астына қолын сүңгітіп, бұлқынтып саршұнақ па, борсық па бірдеңе суырып алып шығады. Жаңағы олжасын бауыздамай, ірмей, тыпырлатып, тырнағын қадап, жайратып жатады. Әлгі немесінен қан

шықпайды, ағыл-тегіл сүт ақтарылып жатады...» [8,141]. Кейіпкер түсі оның ішкі монологу арқылы көрініп, Бопайдың өткен шағын еске ала отырып, көрген түсін жақсылыққа жоритын ырымына сүйенген ойын оқимыз: «...Әлденеше рет кәлимасын қайырып, әлгіндей бір сөлекеттеу түсті жақсылыққа жорып бақты. Баяғыда Әбілқайыр алғаш бұның төркінінің табалдырығынан аттағанда, бұл өзі де түсінде босағада жайратып арлан бөрі сойып отырмап па еді... Одан да қан ақпай, сүт ағып жатпап па еді... Арты жақсылық болып еді ғой соның... Мұның да арты жақсылық шығар... Ләйім солай болғай...» [8,141].

Шығармадағы кейіпкерлер характерін ашуда оның болмыс-бітімі мен мінез-құлқын мейлінше даралап көрсететін кейіпкер сөздері де романда шынайылығымен, сенімділігімен әрі ішкі жан дүниесінде болып жатқан психологиялық процестер мен көңілінде жинақталған танымы мен көзқарасын айқын танытып отырады.

Ә.Кекілбаев романдарында кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен өмір құбылыстары көбінесе Әбілқайырдың көзқарасы арқылы беріледі. Ғалым М.Атымұмовтың: «Монологта көбінесе сөйлеуші адам өз өмірі мен өзінің ішкі жан дүниесіне тереңдей еніп, өз психологиясынан хабар береді. Жазушы қаһарманның өзімен-өзін сөйлестіру арқылы оның өзінен басқаға сездіргісі келмейтін жасырын сырларына дейін оқушыны жетектеп, ертіп апарады», – дегеніндей, оқырман көбінесе Әбілқайырмен бірге ойланып, бірге күйзеліп, бірге баға беріп отырғандай күйге түседі. Оқырманды кейіпкермен етене жақындастырып жіберетін мұндай көркемдік тәсіл жазушының суреткерлік шеберлігінің бір қыры деуге болады.

Романның атауы да символдық мән көтеріп тұр. Елең-алаң – төңірекке әлі толық жарық түсіп болмаған, таңның енді ағарып атып келе жатқан кезі. Қазақ-орыс қарым-қатынастарына жол салынып, негізі қаланғанмен, әлі де болашақтан күтер үмітті, алдағы ақ таңның хабарын автор осындай елең-алаң шақпен шендестіре алған.

Қорыта айтқанда, «Аңыздың ақыры» – аңыздық деректерді пайдаланып, жалпыадамзаттық мәселелерді көтеретін роман болса, «Үркер» мен «Елең-алаң» романдары – қазақ халқының тарихындағы күрделі кезең оқиғаларын, елдің тәуелсіздігі үшін тығырықтан шығар жол іздеген ел басшыларының Ресей елінен пана іздеген әрекеттерін суреттеген халықтық шығармалар, жазушының тарихи фактілерді көркемдік талдау арқылы шынайы тағылым ұсынған қазақ тарихи романының елеулі табысы болып саналады. Оларда кейіпкерлердің ішкі әлемін түрлі көркемдік құралдар арқылы таныта алуымен жазушы әлеуметті-психологиялық талдаудың жаңа өрістерін ашқанын айтуымыз керек.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын (грант № АР19678872) ғылыми жоба аясында дайындалды.

Әдебиеттер:

1. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Әбіш Кекілбайұлы ескерткішінің ашылу рәсіміне қатысты // Егемен Қазақстан. 10 қазан, 2019 жыл.
2. Кекілбаев Ә. Шығармаларының 2 томдық жинағы. 1-том. Алматы, 1989. – 346 б.
3. Тоқбергенов Т. Қос қағыс. Алматы, 1981. – 286 б.
4. Әшімбаев С. Ой мен оқиға // Кекілбаев Ә. Шығармаларының 12-томдық жинағы. 3-том. Алматы, 1986. – 348 б.
5. Тоқбергенов Т. Тарихи романға талас көп // Кекілбаев Ә. Шығармаларының 12-томдық жинағы. 2-том. Алматы, 1986. – 340 б.
6. Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. 6-том. Сөз құдіреті. – Алматы: Ел-шежіре. – 2014. – 296 б.
7. Кекілбаев Ә. Үркер. Роман. Алматы: Жазушы, 1982. – 584 б.
8. Кекілбаев Ә. Елең-алаң. Роман. Алматы: Жазушы, 1984. – 432 б.

I СЕКЦИЯ.

Ә.КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ: ӘДЕБИ ЖӘНЕ ТІЛДІК ЗЕРТТЕУЛЕР

ӘОЖ 82.7

ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ РОМАНДАРЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР ӘЛЕМІ

Нағбду Сұлтансихқызы Қамарова,
Yessenov University профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
(Ақтау қ.)

Аңдатпа. Бұл мақалада Әбіш Кекілбайұлының «Үркер», «Елең-алаң», «Аңыздың ақыры» романындағы қаламгер шеберлігі, кейіпкерлер жүйесін, тұлғалы кейіпкер бейнесін жасаудағы амал-тәсілдері сөз болады. «Үркер» мен «Елең-алаң» диалогияларының көркемдік-эстетикалық қасиетін ерекше арттыра түскен бояулар, «Аңыздың ақыры» романындағы символикалық бейнелуді, фольклорлық аңызды пайдалану арқылы жасалған кейіпкерлер жүйесі зерделенеді.

Кілт сөздер: Ә.Кекілбайұлы, роман, кейіпкер жасау, кейіпкерлер жүйесі, кейіпкерлер әлемі, жазушы шеберлігі

Көркем прозадағы кейіпкерлер жүйесін, тұлғалы кейіпкер бейнесін жасауда ХХ ғасырдағы қазақ сөз өнерінің орны ерекше. ХХ ғасырдағы қазақ прозасы халық, ұлт өмірінің әр қилы қырларын бейнелей отырып, көркем бейненің бай галереясын жасады. Проза жанрының өз дәуірінің қоғамдық, рухани болмысын суреттеумен бірге, іргелі тарихи тақырыптарды игере отырып, ұлт тағдырының шежірелі күндерінің болмысын да көркемдікпен бейнелеп бере алды. Сөз өнерінің басты қасиеті көркемдік пен бейнелілік десек, аталған кезеңдегі қазақ прозасының ең басты табысы оның көркемдігінде. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ прозасының көркемдік деңгейі, әсіресе, көркем бейне жасау тәжірибелері төл әдебиетіміздің көкжиегін кеңейтіп, жаңа рухани шыңдарға жетелей түсті. Әдеби бейне сомдауда қазақ қаламгерлерінің шығармашылығы әр алуандығымен ерекшеленді. Бұл салада Ғ.Мүсіреповтің, І.Есенберлиннің, Х.Есенжановтың, Ә.Әлімжановтың, С.Жүнісовтің, М.Мағауиннің, Ә.Кекілбайұлының, Қ.Жұмаділовтің, Д.Досжанның, С.Сматаевтың, т.б. прозалық шығармаларында халқымыздың өткен тарихы көркемдік шешімін тауып жатты. Қазақ прозасы дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік өзгерістері мен құбылыстарын бейнелеуде, алуан-алуан адам характерлері мен кейіпкерлер жүйесін жасауда үлкен табыстарға жетті.

Әбіш Кекілбайұлы шығармашылығы ХХ ғасыр қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс болды. Жазушы шығармаларында адам тағдыры туралы суреттеулер көбінесе кейіпкердің ішкі жан дүниесіне, ішкі психологиясына жетелейтін жол болды. Қаламгер шығармаларындағы сан алуан кейіпкерлер жүйесі арқылы қазақ халқының қилы кезеңіндегі бастан кешкен тарихи тағдырын оқырманның көз алдына әкеліп, кейіпкер іс-әрекеті, оның ішкі жан-дүниесінде өтіп жататын психологиялық иірімдер арқылы заман шындығын, уақыт сырын ашып көрсетеді. Оқырманын бей-жай қалдырмайтын тартымды авторлық баяндаулар образ ашудың тиімді әдіс-тәсілі ретінде, яғни психологизмнің сынынан өткен біртұтас арналары ретінде алдыңғы қатарға шығады. Тарих пен адам Ә.Кекілбайұлы шығармаларында әрдайым тұтастықта, бірлікте сабақтас өріліп жатыр. Жеке адамның пенделік тағдыры мен тұтас бір елдің, халықтың тарихи тағдырын жазушы ешқашан бөліп алып, арасын ажыратып, жеке-дара қарастырмайды. Ұлт тағдыры, ел тағдыры жайындағы тарихи әңгіменің желісін жазушы ешқашан назардан шығармайды.

Тарихи роман жанрында полифониялық үнді тарих тілімен сөйлете білетін жазушы Әбіш Кекілбайұлы «Үркер» мен «Елең-алаң» диалогияларының көркемдік-эстетикалық қасиетін ерекше арттыра түседі. Романның негізгі желісі Қазақстанның Ресейге қосылуының тартысты да шиеленісті тарихи оқиғаларына құрылған. Бұл шығармаларда аңыздар мен мифтерді халықтың адамгершілік проблемаларымен ұштастырады.

Әбіш Кекілбайұлы тарихи танымдық негіздегі деректерді өте көп білетін шежіре десе де болады. Ауыз әдебиеті мен аңыз-хикаялар мен мифтерді жетік білгендіктен шығармаларында шын өмірдің шыншыл бейнесі жасалып, нақты өмірдің ізі сайрап жатады. Аңыздық желілер мен мифтік мотивтер көркем шығарманың эмоциялық әсерін күшейту мақсатында ғана емес, кейіпкер табиғатының ішкі рухани байлығын динамикалық түрде дамыта түсу үшін де пайдаланылады. Фольклорлық аңыздардың кейіпкер психологиясы мен ортаны табиғат құбылыстарымен қатарластыра бейнелеу де маңызы зор. Әбіш Кекілбаев «Үркер» мен «Елең-алаң» романдарында Әбілқайыр образын сомдау үшін сақталған деректерден басқа халық жадындағы аңыз-әпсаналарға сүйенеді.

Халық аузында айтылып келген аңыздың тұрақты сюжетін қаламгер «Үркер» романында миф жанрының үш түрлі символикалық тәсілімен жүзеге асырады. Белгілі ғалым С.Қасқабасов үш іс-әрекеттің белгісін былай бөліп көрсетеді: «1. Құбылушылықтан пайда болған заттар; 2. Сапар, саяхат кезінде пайда болған дүние; 3. Ұрлау, алып қашу нәтижесінде дүниеге келген нәрселер» [1, 141], - деп анықтама береді. Сондай аңыздық сюжеттің бірі – Әбілқайыр түсі арқылы берілетін әпсана.

Әбілқайырдың сапарға шыққанда табиғат жаратылысымен кездесуі, яғни ми қайнатқан ыстықта қалың құрақ өскен жыланшық өзенге кез болғаны немесе сапар кезінде қалың қамысты тулатып келе жатқан бір күшті көретіндігі құбылтумен бейнелі суреттелген. «Үркер» романында бұл

сәтті жазушы былай суреттейді: «Анадайда бірдеңе қалың қамысты құйын тиген үйдің туырлығындай тулатып, жапыра жарып, жақындап келеді... Қолын қорамсаққа соза берді. Қамыс арасының оқыс тарғылданып бара жатқанын байқады да, әлгі жер-жаһанды түгел сатырлатып келе жатқан жойқын дүниенің маңдай тұсы, дәу де болса, осы шама-ау деп, шіреніп тұрып тартып кеп жібереді. Әлдене арс етіп жоғары шапшығандай болғасын, бүкір садақты бүгілте тағы да зу еткізеді. Сұлқ тұрған сұр қамыс түгел бұлқынып, астан-кестен болды да қалды. Біраз уақыт тулап-тулап, ақыры ол да басылды. «Апыр-ау, бұл не екен?» - деп, аяғын еппен басып, жақындап барып көз тастаса – сала құлаш сары ала жолбарыс көлденеңінен түсіп сұлап жатыр. Бұл шап беріп селебесін суырып, жақындай түсті. Кенет... әлгі сұлқ жатқан сары ала жолбарыстың құрсақ тұсы бұлк ете қалды да, құлағы жымиған арлан бөрі боп атып шығып, қалың құрақтан бір-ақ секіріп, кара адырға қарай тұра ағызсын кеп. Бұл да атына қамшыны басып, соңынан тұра қусын кеп...» [2, 246], - деп суреттелетін жері – миф жанрындағы құбылушылықтың бір түрден екінші басқа түрге енуіне дәлел. Бұл жерде миф те, хикая жанрының да іздері бар.

Ал қауіптен қашу нәтижесінде дүниеге келген жанды-жансыз нәрселер романда Әбілқайырдан қашқан арлан бөрі мен қызыл түлкінің жан сала бас сауғалап қашу амал-әрекеттері арқылы іске асады. Осындай жағдайлар кезінде жазушы Әбілқайырды батыр, құралайды көзге атқан мерген ретінде суреттейді.

Жазушы Әбілқайыр түсі арқылы өткен замандағы қазақ халқының бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ортақ жауларын күл-талқан еткен ерлік жорықтарын көз алдымызға елестетеді. Фольклорлық шығармадағы қаһарманның түс көруі – ертеден келе жатқан тұрақты мотив. Абылайдың түсін жорушы Бұқар жырау болашақ заманның кескін-келбетін, хал-жағдайын дәл жорып көрсетеді. Ал жазушы Әбіш Кекілбайұлы Әбілқайыр түсі арқылы өткен замандағы қазақ халқының бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ортақ жауларын күл-талқан еткен ерлік жорықтарын көз алдымызға елестеді. Жазушы Әбілқайырдың бұл түсін Мәті бидің келіні Патшайымға жорытып, қарияның сөзімен бекіттіре түседі: «Келіншектің аппақ жүзіне лып етіп қан жүгірді. Жүрексіне шыққан бір әдемі әуезбен әңгімесін бастады. – Сұлтан, бұл жолға аң қарай шығыпсыз... Ендеше, әуелі суат басында судыраған қамыс ішінде жолбарысқа кезіксеңіз, ол баяғы халқыңыздың жүрек жұтқан арда кезі шығар. Ол заманда ол кімнен тайсалуды еді. Артынан арсылдаған қасқыр боп, өзіңізге тап берсе, оның да жөні бар секілді. Жан-жағынан тап-тап берген сұғанақ жау көбейсе, тайсалмас батырың да қанына қарайып, көзіне қан толып, ызасына мінбей ме?.. Еліңіздің де тап сондай ақиқөз кезі кеше еді ғой. Енді, ашуға мініп, айбат шегіп те ештеңе бітіре алмағасын, қырық бұлтаққа салар қызыл түлкінің кебін кимей қайтеді? Онысынан да ештеңе шықпаса, құрт-құмырсқаға айналып тоз-тоз болып тозып кетуден басқа жолы қалды ма? Құрт-құмырсқадан қайтадан қызыл түлкіге айналғаны, халқыңыздың қанша

кұқай көрсе де, келешегінен күдерін әлі үзе қоймағаны ғой. Елге жөн сілтейтін азаматқа жол көрсетер аруақ болмайды дейсіз бе?..» [2, 249], - деп жориды келіншек.

«Дұрыс айтасың, балам, - деді басын изеп Мәті би, - Қазақтың бір кезде ештеңеден жүрегі тайсалмаған арда да, асау да болғаны рас. Ол кезде оны жолбарыстан да жүрегі шайлықпайтын нар тәуекел ғана билей алды. Одан кейін ол тап бергенге шап беріп, көк жұлын арландай намысқой болды. Ол кезде оны алған бетінен өлмей қайтпайтын қайсарлық биледі. Енді, міне, ақылдан пәтуа, қайраттан айбын кеткен кезде халық та қырық құйқылжыған қызыл түлкідей қырық бұлтаң қырқылжың болмасқа шарасы бар ма! Бұндайда бұлтартпайтын жерде бұлтарып кете алатын, жалтарар жерде жалтарып кете алатын әмбебап айла ғана ел қорғаны бола алады. Бойынан алпыс екі айла табылатын билеуші ғана өзінің де, елінің де басын аман алып жүре алып, айласыз, әупірім, алаңғасар қайырылмаған халық құрт-құмырсқаның кебін киіп, бет-бетіне безіп, бордай тозып кететін алмағайып заманның да туғаны шығар. Мұндай әркіл-тәрпіл кезде ел ұстайтын ердің де жол бастары тәуекелшіл жолбарыс, ашушаң арлан емес, айлакер түлкі болатын шығар. Заманына қарай амалы деген осы ғой» [2, 250]. Мәті би келінінің айтқанын мүлгі тындап, осылайша құптай сөйлейді. Бұл жерде жазушы аңыздан ақиқат дәуір туғызып, оқырманын сол замандар шындығына көзін жеткізе біледі. Түсті жақсыға жору және оны халық ішінен шыққан Мәті бидей дана қартқа түйіндей айтқызу эпсананың шындық болмысын арттыра түскен. Бұл аңыз-эпсаналық хикая Әбілқайырдың алға қойған басты мақсаты ел билеу ісінде қандай жол таңдағанын көрсететін кішігірім бағдарламасы сияқты. Аңызды, мифті тек даяр күйінде ғана емес, оған терең философиялық мағына дарытып, халықтың өткен өмір өткелдері мен болашақ тағдырының жұмбақ кезеңдерін суреттеуде автор тарихи шындық тұрғыдан зерделей көрсеткен. Әбілқайыр ендігі басшының арандатушы емес, қайта есі кеткен елді арандатудан арашалаушы болу керектігін түсінеді. Жазушы аңыздың бетінде айталар ойдың ығында кетпей, астындағы антитезисіне мықтап ден қойғызады. Мазмұнын бір-екі ауыз сөзбен бітіре салатын аңыздардан үлкен философиялық ой тудыру Әбіш қаламының стихиясы десек, қателеспейміз.

Жазушы қиял мен шындықты өз шығармасында бірде оқиға арқауында, бірде көркемдік контраст беруде, бірде қосымша күшейткіш мағына үстеу ретінде келтіреді. Көркемдік тәсілдің қай- қайсысы да шығармадағы кейіпкердің болмыс-бітімін ашуға қызмет етеді. Сондай бір көркемдік тәсіл түс. Әбіш Кекілбайұлы «Үркер», «Елең-алаң» романдарында түске ерекше мән беріп, одан үлкен әлеуметтік-философиялық астарлы мағына туғызып отырады. Түс – кейіпкердің өңінде ойлағанойларын немесе істерінің белгілі бір шамадан өзгеріске ұшыраған пурі. Түс – қазіргі қазақ қаламгерлеріне халықтың басты ауыз Әдебиет үлгілері – фольклорлық шаарынан етене таныс. Ә. Кекілбаев аңыздық прозаның хикая жанрын пайдалануда көркемдік тәсілдің осы түс көру әдісін

үлкен көркемдік құрал ретінде қолданады. Белгілі психолог ғалым З.Фрейд түс көру және оны жору арқылы адамның өзіне мүлдем белгісіз жұмбақ сырларды ашуға болатындығын дәлелдейді [3, 52].

XX ғасыр көркем ойының жеткен тағы бір үлкен жетістігі – психологиялық талдау. Алғашқы көш бастаушыларының бірі швейцар психологы және философы К.Густов Юнг еді. Ол психиатр дәрігер ретінде психологиялық ахуалдың пациенттің санасында «адамның бізді қоршаған әлемге бейімделуінің бастапқы формалары» ретінде қарастырылатын архетиптік бейнелер мен тәжірибелерді жаңғыртуда көрінетіндігін дәлелдеді [4, 141]. Ғалымның бұл тұжырымдары Ә.Кекілбайұлы романдарындағы түс көру тәсіліне де қатысты. Хан мен қарашасының қатынасын суреттеуде жазушы қиялы хронология мен деректер қорығынан шығандап ұзап шығып, халықтық аңыздар мен әңгімелерге, ұлттық наным мен сенім толы мифтік сарындарға жиі барады. Ұлттық ойлау мен адамзат ойының арасындағы кейбір көлденең-кірпіш кедергілерді тегістей отырып, автор өзінің түпкі мақсаты мен концептуальды ойына жету де психологиялық паралелизм әдісін, психологиялық талдау жасау жүйесін жақсы пайдаланады. Бұл жәйт халықтық бейнелерді сомдаудан, солардың қуаныш-күйінішін суреттеуден, сол секілді, орыс елшілері мен қазақ сұлтандарының араласу-арбасуларынан мол аңғарылады. Соның қай-қайсысынан да, әңгіме құлағында тұрар бір жан бар, ол – Әбілқайыр. Ол қай тұста да өзінің күнгей-көлеңкесімен көрініп отырады. Сызданып отырып, сыр бермей кетер хан бірде бақталас, бәсекелестерімен іштей шарпысса, енді бірде шарт үзіліп, ашық айқаста жүреді. Кейде оның дәл қазір қандай ойға шомып, нендей шешім қабылдап отырғанын, қара халықты былай қойып, қасына ерген сұлтандары да тани алмай, таба алмай әлекке түседі. Екі романда да игі істің басында тұратын Әбілқайыр ханмен бірге бірталай батырлардың жарқын образдары жасалады. Олар-дың ішінде Бөкенбай, Есет, Жәнібек батырлар ерекше көзге түседі. Олар – ерлігімен көзге түскен, ақылымен ел билігі идеясына ой қосқан көсем еткен де батырлық пен алғырлық мінездер, халық қамқоры бола білген азаматтарға деген ел сүйіспеншілігі. Сондықтан бұл образдарда халықтық сипат күшті. Олар, негізінен, халық ортасынан шыққан адамдар. Бөкенбайдың, Есеттің, Тайланның, тағы басқалардың Әбілқайырмен достығын да осындай халықтық мақсат бар.

Осындай халықтық образдардың бірі – Тайлан батыр мен оның әкесі Мәті би. Романдағы Мәті – халық даналығының, азаматтығының үлгісі десе болғандай.

«Үркер» уақиғаларына естелік күйінде, лирикалық шегіністер арқылы араласатын Төле, Қазыбек, Әйтеке билер бейнелерінде де әділдік аңсаған халық ойларының, даналықтың сипаттары жинақталған.

«Үркер» де, «Елең-алаң» да реализмі бай шығармалар. Сол кездегі қазақ қоғамының өмірі, оның көрші елдермен тартысты тіршілігінің алуан түрлі шындығы терең суреттелген. Жазушы тарихи оқиғалар ізін сақтай

отырып, сол арқылы ел тағдыры, халық өмірінің кешегісі мен бүгінгісі, ертеңі жөнінде ойланады. Қазақтың ұлттық ерекшеліктері, халықтық салт-санасы ұғым түсініктеріне қатысты материалдар мол келтіріледі. Автор жақсыны мадақтайды, ұнамсыз жайларға сын көзімен қарай жазады. Халықтық жиындар мен ондағы ел тіршілігі, аға билердің өнегелі сөздері халық санасында қалыптасқан шешендік өнер поэтикасына негізделеді. Шығармада көрініс тапқан ел тағдырына қатысты ақылды ойлар, халықтың мінез-құлқы сол елдің мекені болған даланың кеңдігін бейнелейді. Халықтың характерінде де осындай сипат басым. Ерлік те, сөз ұстар тапқырлық та сол ортаның шындығынан туады.

«Үркер», «Елең-алаң» романдарында Әбілқайыр ханмен бірге бірнеше батырлардың, Бопай ханымның және басқа да бейнелер ерекше тәсілдермен жасалған.

«Елең-алаң» романында: «Уәделі күн келгенде хан майханасын тастап, анада Жәнібек жетелеткен күнің көкке мініп қосындарды аралады. Жәнібек пен Бөкенбайға еріп келген Орта жүздің арғын, крей, қыпшақ, уағының он мыңы – бір қосын. Ту ұстары – атақты шақшақ Жәнібек батыр...» [5, 271], - деп суреттеледі. Батырлар бейнесі тектілігімен, ержүрек батырлығымен, ақылдылығымен сомдалады. Бұл образдарда халықтық сипат басым. Олар халық өкілдері болғандықтан автор олардың Әбілқайырмен достығына халықтық мақсат-мұраттарды жүктеген. Көркем шығармада тарихи шындық сәтті көрсетілген.

«Аңыздың ақыры» романында жазушы адам психологиясын терең аша алған. Ой мен сезім, сөз бен іс қатарластырылып, адам жанының ішкі сезім иірімдері шебер баяндалады. Тарихта болған дерек пен шығармашылық қиял, фольклорлық бастау мен реалистік баяндау осы шығармада ерекше жымдасып кетеді де, халықтың әр қилы аңыз-әңгімелерін өзінше қызғылықты түсіндіретін автордың көркемдік-философиялық концепциясы барынша толық, барынша айқын танылады.

«Аңыздың ақыры» романының оқиғасы Самарқан шаһарының жолбасшылары туристерге күнде айтып беріп жүрген, Темірланның сүйікті тоқалы Бибі ханым салдырған атақты ғимараты жөніндегі хикаяға негізделгені айқын көрінеді. Ұлы әмірші алыс жортуылға аттанып кеткен. Ерін сағынған жас әйел қосағы қайтып оралғанша, ғажайып күмбезді көк мұнара салғызуды ойлайды. Осы мұнараны салушы жас шебер сұлу ханшаға өлердей ғашық болады да, егер тілінен бал татқызбаса, мұнараның күмбезі әрі қарай қаланбайтынын шарт етіп қояды. Бұған ашуланған ханша шеберге өзінің ең сымбатты күнін сыйлыққа ұсынады. Бірақ анау қасарысып көнбейді. Бұл кезде әмірші де жауын жеңіп, атының басын бұрған екен дейді. Әмірші жұртына келмес бұрын жас ханша жас шебердің тілегін орындауға ыңғай танытады. Әйелі салдырған ғажайып мұнараға әміршісі риза болады, бірақ ханшаның бетіне түскен қара таңбаны көріп, қаһар шашады. Ханша «қылмысын» мойындайды, шебер дарға асылады. Әміршінің атақ-абыройға, шексіз билікке қолы бірден жетпеген. Әмір

әскерінің көп сардарының бірі бола жүріп, бұл да жасында талай қуғын-сүргінді, қауіп-қатерді басынан өткерген, күштінің қысымын көрген, тұмсығы тасқа тиген. Бірақ табиғат бұған бала кезінен қайсар мінез, зор дарын, асқан өзімшілдік пен бірбеткейлікті сыйлапты. Ол бала жасынан өзінің атағын шығарып, елдің есінде қалуды ойлайды. Осы мақсатына жету үшін мына алдамшы дүниеде билік пен мансап жолының бар екеніне ерте көзі жетеді. Көздеген жеріне төтелеп бару үшін Әмірші өзінің бар күш-жігерін, амал-айласын аямай жұмсайды. Айналасындағы бағынышты адамдарының іші-сыртын, пендешілік осалдықтарын түгел зерттеп білген Әмірші халқына да қырын қарайды, халқын үрей мен үмітпен ұстаса ғана қара тобырды қаһарлы қалың қолға айналдыруға болады деп ойлайды. Басқарудың әр түрлі айла-тәсілін, саясаттың әр түрлі шиырларын меңгерген Әмірші қара басының мүддесін қорғау үшін арам-адалды айырып жатпайды, ақырында ол ақылды да көреген, бірақ қайырымдылықты білмейтін қаражүрек қаныпезерге айналады. Жарты әлемге билігін жүргізген Әмірші енді өзінің әрбір жорығы, әрбір әрекет қимылы, аузынан шыққан әрбір сөзі аңызға айналып, досын қуантса екен, қасының зәресін ұшырса екен деп армандайды. Қыруар елді тітіреткен айбынымен, ақылымен, батылдығымен тірлігінде әлемді аузына қаратса, келешек ұрпақ оның атын дақпырттап әкетуін қалайды. Ерінің құрметіне жас тоқал салдырған, көкке мойнын созған көгілдір мұнара мұның атағын келер нәсілдерге айғақтап жеткізеді деп сенген. Рас, ол кезінде халықтардың басында әңгіртаяғын ойнатқан, талай алтын тақтардың талқанын шығарып, талабы асқан өзінің туа біткен турашылдығы, даралығы, даналығы жөнінде төңірегіне нелер ертегілерді таратып жіберткен. Айдарынан жел ескен айбарлы Әмірші туралы осы ертегілердің мәңгі жасайтындығына да кәміл сенген еді.

Махаббат мұнарасы туралы аңыз осы ертегілердің бәрінің белінен бірақ сызып, бір адамның атағын асыру үшін құрбан болған бейшаралардың тағдыр-тарихын біздің заманымызға дейін жеткізді.

«Әбіш бұл романда өзінің суреткерлік екі қасиетін – философия мен терең психолог екендігін, бір өзбен айтқанда жазушылық жоғары интеллектілігін айрықша дәлелдейді» [6, 418], - деп сыншы-ғалым С.Әшімбаев баға береді.

Романда Ханымның аласапыран ішкі дүниесі шебер суреттелген: «...Дөңбекшіген мазасыз түндер жан-жаққа елеңдеумен өтетін күннен де жаман. Өзіңді өзіңе мұңкір-нәңкір қылып, өзіңді өзіңе тергеткен жендет түндерде күндіз бажайлай ойлауға батылы бара бермейтін кейбір жайларды әбден түбіне жетіп адалап шығады. Қазір тек өзін ғана емес, өзге түгілі өзі де сезбеген бір ұрлығын жарқыратып жайып берген әлгі бір бозбала жігітті де, соған тап қылған анау көгілдір мұнараны да, сондай мұнара салдыруға ниетін құлатқан баяғы бір ұлы әміршіден сәлемдеме келетін күнді де, сол ойын жерден жеті қоян тапқандайқуана қостаған көп шуылдақ нөкер қыздары мен күтуші кемпірді де, соның бәріне түрткі болған бақ құмар ұлы

ханымды да – төңірегіндегінің бәрін түгел жек көріп бітті...» [7, 274]. Ол бәріне лағынет айтады. Тіпті әке-шешесіне де өкпесі бар. Қара түнге де, кішкене хауызға да, өзі жатқан төсекке де, жамылған көрпесіне де төңкерілген көкке де, бәрін шыдап, көтеріп тұрған жерге де лағынет айтады. Ол жарық жалғанның бәрін қарғап-сілегенде тек жалғыз ұлы әміршіні ғана атамайды да, аузына алмайды. Өзінің құбылған мінезіне өзі түсінбеген Ханым өз өзіне қайран қалады. Өзінің өмірін тамұққа айналдырған әмірші екенін біледі. Сарғайып отырғандағы ішкі арпалысқан ойлары Ханымды әбден ызаландырады. Жазушы ішкі монологты өте әсерлі бере алған.

«...Ендеше, өзіне жақсы болса азаптай берсін, өмір бақи естімеген не сұмдығын естіп алсын... Өзіне де сол керек. Мұның жас өмірін осылай күлді-көмеш қып, өксітіп қойған өзі ғой... Өз обалы өзіне... Ханым мынау есірік ойдан шошып кетті. Не деп танып барады?...» [7, 274-275].

Ішкі сезім арпалысы кезінде бір сәт өзінің ханым екенін ұмытып кетсе, енді бірде алтын басты ханым екені еске түседі. Өзін өзі іштей мүжіп, аза бойы қаза болып, өзіне өзі жүрегі айнып, бір сәт кәлимасын да қайырып, «хақ тағалаға: «Басқаға күнәмді кешпесең де, ұлы әміршіге асыл сүйек басыммен тіл тигізген әлгі бір әзәзіл ойымды кеше гөр!» деп жалынады» [7, 275].

Ханымның басындағы алмасқан психологиялық күйлерді автор дәл штрихтармен сәтті бейнелеген.

Әміршінің күйреуі романның соңында заңды құбылыстай әсер етеді. Өйткені ол өзінің бойындағы барша қайрат-жігерін, ақыл-парасатын, әуре-сарсаңға толы тынымсыз өмірін түгелдей өзімшілдік пен өркөкіректікке, өзгеден артық туысын дәлелдеуге жұмсайды. Автор осы күйреудің философиялық, әлеуметтік, адамшылық негіздерін жан-жақты, нанымды суреттейді.

Жазушы романдарында есте жоқ ескі заман мәселелеріне ден қояды, шығармашылық көкжиегін бұрынғыдан да кеңейте түседі, шып-шымыр көркемдік баяндауға қол артады. Ұзақ диалог, астарлы юмор, әр қилы сезім бояуларын жеткізудегі тілдік нәзік иірімдер, өмірдің трагедиялық жақтарын жан-жақты ашып, өмірдің ұсқынсыз жақтарын әжуалау, әшкерелеу романдарында көрініс табады. «Үркер», «Елең-алаң» диалогиясындағы Есеттің бойына Маңғыстау өңірінде күн кешкен теңдесі жоқ Төлептің қасиеттерін көрсетсе, Жәнібек батырға сән-салтанатты, қонағасы берудегі елде жоқ аста-төк дархандықты, шаруаға әмбебаптық, жиырма мың құндыз-жон, жүріс-тұрысы ауызды аштырып, көзді жұмдыратын жылқы өсіргені Қожаназардан ауысқан көрінеді. Шындығында да, Әбілқайырға мінгізетін бітімі, түр-түсі бөлек, шапса жел жетпес жүйрік, Суын айғырдың тұқымы Арқаны жайлаған батыр Жәнібектен гөрі Каспийдің жағалауы Қожаназар байға сыйымдылау.

Қиянатты ортада адамгершіліктен жұрдай, арсыздықтың ғана желмаясы жортады. «Аңыздың ақыры» романының философиялық мәні, көркемдік-идеялық платформасы осы тұжырымдардың дәлдігіне күмән

тудырмайды. Алмас хан жарты әлемді жаулап алып, жарты әлемді қанға бөктіреді. Сөйтіп жүріп адалдық, ізгіліктің сара жолын өзгеден көргісі келеді. Қиянаткерлігінде шек жоқ. Неше жылдап қанды қасаптың аранында жүріп, өлім сұсымен күніне талай рет бетпе-бет кеп, әйтеуір әупіріммен аман қалып, отбасымен қауышқан сарбаздарының Байтақ шаһарында көп аялдап, үйбасты, әйелжанды болуын да көре алмайды, шұлғау сасыған жортуыл түндерді аңсайды, ең ақыры, құдай қосқан қосағымен қауышуды аңсап, сағынышының белгісі Көгілдір мұнара тұрғызып, азапқа түскен Кіші ханшамен кездесуге де қатыгездік жасап, тірідей арпалыстырады.

Алмас ханды адамның басын допша домалатуды ғана білетін жендет, бойы тұрған жерде ойы тұрған тайқы мандай, көз алдындағыдан басқаны көрмейтін көрсоқыр, жандауысты естімейтін тас керең дей алмайсыз. Алмас хан ұлы қолбасшы парсат иесі, батыр да алғыр, көреген, көсем, данышпан адам. Осы қасиеттер оны барынша жылымқұрт, әккі, даңққұмар, зымиян, аяр, эгоист, менменшілдікке, қатыгездік, қаталдыққа да жол бергізеді. Алмас ханның сөйлеген сөзі, істеген ісі, әрекеті мен амалы, төңірегімен қарым-қатынасы, тіпті ел билеу тәсілі де жұмбақ. Керек десеңіз, өлімі де жұмбақ. Әр адамның өз табиғатына қарай психологиялық бітімін қалыптан шығарып, бар мінез-құбылыс бояуын қайшылықтысы, жарасымдысы деп алаламай жағып, тағдыр мен тағдырды таспадай өріп, табыстырудың, тіршілік толқынымен бір арнадан сала-салаға ажыратудың да табиғи заңдылықтарының көркемдік дәлелдері жеткілікті.

«Аңыздың ақырындағы» Әбіш Кекілбайұлының қолданған көркемдік құралдары қандай, олар арқылы қаламгер не ұтты деген сауалға өзі жауап беретін тәрізді. «Кейіпкерлердің характеріне ұғым-түсінігіне, өскен ортасына лайық символикалық бейнелуді, фольклорлық аңызды пайдалану шығарма тіліне балдай батып, судай сіңіп кетеді, стильді бұзбайды, образдарды айшықтандыра түсуге қызмет етеді» [8, 140], - дейді ғалым Б.Майтанов жазушы шеберлігі жайлы мақаласында.

Әбіш Кекілбаев өз шығармасында аңыздық оқиғаның мазмұнын сақтайды да, оның қалған құрамдас бөліктері мен нақты сипатта рын өз қалауына орай өңдеп, өзгертеді: аңыз оқиғасының мезгілдік және мекендік даралығы, субъекті және объект нақтылығы, амалдары сақталмайды. Соған байланысты Әбіш Кекілбайұлының романындағы сөз болып отырған осы сюжеттік желі өзінің түп негізімен, аңыздық негізімен тікелей жалғастыратын белгілердің көпшілігінен арылып, мазмұны жағынан да, формасы жағынан да мүлде жаңа құбылыс ретінде көрінеді. «Романның сюжеттік желісін құрайтын оқиғалар алуан түрлі, күрделі әрі мол. Оның үстіне Әбілқайырдың айналасындағы ба- тырлардың әрқайсысының атына байланысты толып жатқан та рихи деректер, аңыздар, жырлар бар. Жазушы оның барлығының басын қосуды, батырлар тұлғасын сомдай түсуді алдына басты да, қосалқы да мақсат етіп қоймаған. Жазушы тарихи оқиғаларды тек тарихи оқиға ретінде ғана баяндап өте шығудан аулақ» [8, 142].

Автор бірінші кезекте белгілі тарихи кезең оқиғаларының жүйесін, ағынын емес, сол жүйе, сол ағын негізінде кейіпкерлерінің психологиясын, олардың белгілі тарихи тұлға ретіндегі ой-пікір, тілек-нысаналарын, ішкі және сыртқы саясат бағыттарын бағдарлау, таразылау қабілетінің ауқымын танытуды баса қадағалайды.

Тарихи оқиғалардың түп негізінде жатқан көкейтесті ой-мұраттардың ерекшелігін, жеке адам мен тарих арасындағы қатынастың саяси-әлеуметтік және психологиялық алғышарттары мен нәтижелерінің сырларын танытуға ерекше көңіл бөледі. Соған орай тарихи ірі оқиғалармен өзектес, тамырлас алуан сипаттағы саяси әлеуметтік құбылыстар және қаһармандардың іс-әрекеттерінің түп негізіне жат объективтік, субъективтік мотив-тер романның тақырыптық-идеялық бітімінің өзегін түзетін басты факторға айналған. Шығарманың тақырыптық-идеялық бітімінің, осылайша, саяси-әлеуметтік мазмұнының тереңдігімен, кеңдігімен ерекшеленуі және суреттеу жүйесінде эпикалықтәсілден гөрі лирикалық, басқаша айтқанда, психологиялық талдаудың аналитикалық формасының басым болуы жазушы Әбіш Кекілбайұлының қазақ әдебиетіне үлкен эпостың болмыс-бітімі бөлек жаңа бір түрін алып келгендігін көрсетті.

Туған әдебиетімізге соны соқпағымен келген қаламгердің тақырып таңдауы да, шығармаларының көркемдігі де, сөз саптауы да бөлек, ешкімге ұқсамайтын өзгеше. Кейіпкерлері сол өмір сүрген дәуірдің мінбесінен сөйлейді. «Мәңгілік тақырыптар» төңірегінде ой қозғаған қазақ жазушысы әлем әдебиетімен ағымдас, арналас шығып жатады. Кешегі мен бүгінгіні жалғаған шығармашылығында өзінің биік талғамы мен талап биігінен көрінді. Шығармалары адамның терең жан дүниесін шеберлікпен суреттеп, шынайы өмірді бейнелейді.

Шеберліктің биік үлгісін көрсеткен жазушы шығармаларын зерделеу, терең талдаулар жасау әлі де жалғасын таппақ. Адам табиғаты мен тылсымға толы жан дүниесін зерттеуге бағытталған заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбайұлының шығармалары қай кезде де құндылығын жоймақ емес.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын (грант № АР19678872) ғылыми жоба аясында дайындалды.

Әдебиеттер:

1. Қасқабасов С. Ойөріс – Астана: Астана полиграфия, 2009. – 320 б.
2. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Өлке, Т.3. – 1999. – 448 б.
3. Фрейд З. Толкование сновидений. СПб: Азбука-Аттикус, 2022. – 456 с.
4. Юнг К. Г. Аналитическая психология: теория и практика. Тавистокские лекции / К. Г. Юнг; пер. с англ. В. Зеленского. – эл. изд. – Москва: Институт общегуманитарных исследований, 2020. – 268 с.

5. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Өлке, Т.5. – 1999. – 416 б.
6. Әшімбаев С. Ой мен оқиға. // Кітапта: Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Өлке, Т.3. – 1999. – 448 б. – 417-419-бб.
7. Кекілбаев Ә. Аңыздың ақыры. Роман. // Кітапта: Ханша-Дария хикаясы. Балладалар және роман. Алматы: Атамұра, 2003. – 320 б. – 142-318-бб.
8. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 148 б.

ӘОЖ 821.512.122 (045)

ӘБШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ- ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Ақмарал Нұрғожақызы Отарова,
Yessenov University қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты (Ақтау қ.)
e-mail: akmaral.otarova@yu.edu.kz

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының бойына біткен ұлттық ерекшеліктері, атап айтқанда, қазақтың өміріндегі басты құндылық саналатын ұрпақ сабақтастығы мәселесі, атадан балаға мирас боп келе жатқан жеті ата дәстүрі, ұлт менталитетіне ерекше тән бауырмалдық сынды асыл қасиеттерінің көркем шығармадағы көрінісі мәселесі сөз болады.

Автор қазақ халқының ұрпақ жалғастығына, артында тұяқ қалдыруға ерекше мән беретін дәстүрді дәріптеумен шектелмей, сол дәстүрдің аясында атқарылар бірқатар салт, наным-сенімдер Тілеубек ақсақалдың драмасы шеңберінде нанымды берілгендігіне ерекше тоқталады. Қазақ этномәдениетінің қалыптасу тарихындағы ұлттық құндылықтарымыздың орнын, мәнін түсінуде аталған көркем туындының маңызы зор екені байыпталады.

Тірек сөздер: ұлттық құндылық, мәдени код, дәстүр, этнографиялық үрдіс, ұлттық мұрат, ұрпақ сабақтастығы, ұлттық таным, пайым

Әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары мен ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері, ұлттың рухани байлығы болып табылады. Ұлттық құндылықтар ұлт боп қалыптасудың басты дінгегі болумен қатар, халықтың ғасырларға тамыр тартқан тарихы мен мәдениетінің мәйегі десек те болады.

Сонау ауыз әдебиетінен бастау алатын рухани жақұттарымыз да ұлттық құндылықтардан берік орын алғаны белгілі. Осы тұста ұлттық

құндылықтар жазушылар шығармаларына арқау болып, руханият жолында үлкен рөл атқарып отырғанын айтқанымыз абзал.

«Туындыгердің жаны мен санасы бүтіндей ұлтжанды болмай ұлттың ерекшелігі, дәстүрі, өзіндік өрнегі бар сөз өнері тумайды» [1, 43 б.]. Қазақ миссиясы – қазақ болу. Ұлт деген мәртебелі ұғымды мығым сақтау. Онда ұлтымыздың сан тарау тарихында жоғалып, өшіп кетпей, керісінше, қырналып, қашалып, жанданып, дамыған ұлттық құндылығы тұнып тұр. Дәстүр ұлттың дүниетанымымен, ұлттық болмысымен байланысты құндылық ретінде танылады.

Дәстүрдің рухани және сакральді мағынасы терең, ішкі мәні – ізгілік. Махмұд Қашғаридың «Отаннан күдер үзуге болғанмен, дәстүр-салтты аттап кетуге жол жоқ» [2, 74 б.] дегені бүгінгі қазақ қаламгерлеріне айнымас темірқазық болды деуге болады. Жаһандану дәуіріндегі түрлі мәдени, экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайларды барлай, бағдарлай, ескере отырып, бүгінгі әдебиет майталмандары да белсенді түрде ұлттық құндылықтарымызды бағалай білуге, ұлттық болмыс ұғымдарын тереңінен тарқатып, ұлт санасына сіңіруге қарқынды түрде кірісті деуге болады. Заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаевтың шығармалары да ұлттық құндылықтарды ұлықтауда өзіндік үлесін қосып отырғанын айтсақ артық болмас. Шығармаларында ел тарихын, салт-дәстүрін көркем сөзбен оқырмандар жүрегіне шеберлікпен жеткізіп, ұлттық құндылықтардың мән-мағынасын бағамдауға бағыт береді. Жазушы қаламынан туған еңбектеріне зер салсаңыз, болашақ ұрпақтың бойында туған елге деген патриоттық сезім қалыптастыру, елін қорғаған ерлердің ерлігін еске салу, адал еңбекті насихаттау, әділдікті ту еткен ата-баба мұраларына мұқият болу, құндылықтарды сақтай отырып, рухани және мәдени мұраларға мән беру арқылы халқымыздың өзіндік даралығы – ұлттық болмысымызды, ұлттық қадір-қасиетімізді, тіліміз, дініміз бен туған Отанымызды дәріптеуді басты мақсат еткенін аңғарамыз.

Ұлттық құндылықтар әр қырынан көрініс тапқан «Үркер», «Елең-алаң», «Күй», «Бір шоқ жиде», «Бір шөкім бұлт», «Тасбақаның шөбі», «Шыңырау» сынды туындылары жоғарыда айтқан пікірімізді нақтылай түседі. Аталған шығармаларда тәлім-тәрбиелік тағылымға толы ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымыз тереңнен тарқатылып, тарихи оқиғаға, наным-сенімге негізделіп, шынайы баяндалатынын байқауға болады.

Жазушының шығармашылық лабораториясын зерттеген әдебиеттанушы-ғалымдар Әбіш Кекілбаев шығармаларының өн бойынан қазақы болмыс, қазақы мінез, қазақы тұрмыс-тіршілікті көретінін айтады. Шынында, жазушы шығармаларын оқығанда, оның ежелгі аңыз-әңгімелерді ұтымды пайдалана отырып, ата-баба мирас еткен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын оқырмандарына ұсынып, кейіпкерлерін сомдағанда ұлттық реңкті, ұлттық құндылықтарды шебер ұштастыратынын аңғарамыз. «Халықтың тарихы мен мәдениетін оқымай, қазақ мәдениетінің адамгершілік, рухани

құндылықтарының этникалық дамуының қайнар көздерін түсінбей, ұлттық идеяны анықтау мүмкін емес. Ежелгі қазақ халқының рухани тарихында тарихи үдерістің құндылықты-мағыналық негізін және нақты этноәлеуметтік шынайылықты құрайтын ұлттық идеяның терең бұлағы жатыр. Этномәдениет дамуының ұзақ тарихында жинақталған рухани құндылықтар міндетті түрде жаһандану дәуіріндегі заманауи ұлттық идеяның тарихи-мәдени негізін құрауы тиіс» [3, 91].

Мәселен, «Бір шоқ жиде» повесінде Тілеубек ақсақал образы арқылы ел алдындағы парыз бен қарыз ұғымын терең ұғынуға, салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтарды дәріптеуді мақсат еткен қарияның жан-жағын жасампаздыққа жетелеп, тек құлқынның құлы болмай, құндылықтарға бой ұру керегін керемет суреттегенін айтуға болады.

Шығармаларының көркемдік-идеялық байлығы туындының поэтикалық құрылымындағы этнографиялық деректердің молдығы, атқаратын қызметімен де анықталады.

Шығарманың кіріспесі Тілеу ақсақалды о дүниеге шығарып салу рәсімінен басталып, *підия гурпы* суреттеледі. Підияны бір өңірде дәуір десе, бір жерде ысқат деп те атайды. Ол – марқұмның артында қалған қарызын кешіру, мойнына алу рәсімі. Мұсылмандардың өлген адамды жерлер алдында артында қалған ұрпақ, ағайын, дос, бауырына, қала берді көп жамағайынға қойылатын екі сұрақты автор бекер енгізіп отырған жоқ. Бірі – ол адамның тірлікте қандай адам болғандығы, екіншісі – ешкімге қарыз болмай аттануы. Міне, адам мейлі қанша ғұмыр кешіп, қанша жас жасаса да оның алдында осы үлкен екі міндет тұрады: бірі – жақсы адам боп ғұмыр кешу, ешкімге қиянат жасамау болса; екіншісі – біреудің ала жібін аттамау, ешкімнен ештеңе алмау, өзіне тиесілі несібесіне қанағат етіп қана өмір сүру. Бақилық болғанға дейін қозының торсығындай кішкене көрігін басып, сексеуілдің шоғына маңдайы шып-шып терлеп, тық-тық темір соғып отыратын, тазалықты сүйетін, жұмыс орны үнемі айнадай жалтырап жататын Тілеу қарт тірісінде ешкімнің бетіне жел боп тиіп, кісі баласын ренжіткен жан емес. Көп сөзге жоқ қарияның үндеместігін досы Күдері ақсақал ғана бетіне басып: «ішің жарылып келгенде, бұл құлағыңды ұрайын, ең болмаса, ерінін қимылдатпайды-ау. Ау, меңіреу, шешең саған талғағанда құдай біледі, сақау біреудің сарқытын жеген» [4, 263] дейтіні сол сөзге жоқтығынан.

Тілеу қарттың аталары өз кіндігінен баласы болмаса да жақын туыс, ағайындарының перзентін бауырына салды. Тіпті мүлде жақындығы жоқ жандардың да баласын асырап алғандағы мақсаты біреу ғана. Ол – өзінен кейін ошағын сөндірмей, шаңырағын құлатпай, тұқымын жалғастыру. Бала асырап алудың да қазақта өзіндік ғұрып, жөн-жоралғылары бар. Осы жоралғылардың барлығы жазушы шығармасында Тілеу қарт тағдыры арқылы көрініс тапқан. Жеті атадан бері жалғыз ұл болып эзер жалғасып келе жатқан Өтеу әулеті асырап алған балаларын қатарынан кем қылмай, бар қажетін өтеп бағып, өнегелі тәрбие беріп, еңбекқор азамат етіп тәрбиелей

білген. Бұл әулетті ұйыстырып, жалғастырып, табыстырып келе жатқан перзентсіздіктің зарын тартқан Өтеу бабаның – «Бебеу» күйі. Бұл күй – әлденеге қатты толқыған адамның ендікпен деміндей әлсіз саз, бірақ шынайы саз. Тілеудің арғы аталары жалғыз болып келе жатыр: Өтеу – Сақтап – Сырттан – Сұрапалды – Тілеу – Тілепалды – Тұяқ. Өзі де жалғыз, соңында қалған ұрпағы да жалғыз болғандықтан, ол артымда қалып, өсіп-өнсін, ұрпағымды жалғастырсын деген мақсатта ұлының атын «Тұяқ» деп қояды.

Қазақ дәстүрінің киелілік сипатының бірі- қазақ балаға ат қою рәсіміне аса мән берген. Баланың болашақ тағдыры есіміне байланысты болады деген түсінікпен мағыналы ат қоюға жіті көңіл бөлген. Ұлтымыз үшін ұл бала – шаңырақтың егесі, ұрпақ жалғастығы болып саналған.

Шешек ауруының салдарынан бірінен соң бірі жеті бірдей ұлынан айрылғанда Өтеу атасы бірнеше ай бойы ерін жастанып, ай балтасын құшақтап, іргеге қарап жатып алады. Көкірегін қарс айырып жіберетіндей өксіктен бет-аузы жыбырлап, өне бойы сүлік сорып жатқандай солқылдайтын күйге ұшырайды. Қайғысының ащы зардабы, жеті баланың күйігінен тамағына келген ащы жасты шығарып, зарын айтуға әйелінен намыстанады. Бірақ ішкі күйігі жүйке-жүйкесін шымырлатып, шамықтырып, шығуға жол таппай аласұрған, булыққан наладан жүре алмай қалатынын сезгенде ай балтасын қыстырып үйінен шығып кетеді. Содан қу томарды сүйреп әкеліп, қауынның қабығындай жұп-жұқа етіп тіліп, ертелі-кеш су бүркіп, дымқыл топырақпен көміп, тезге сап түзеп, иінін келтіріп, қырнап-жонып, бір-біріне жымдастырып, күндердің күнінде дөңгелентіп домбыраның шанағын шығарып, бетіне жұп-жұқа қып қақпақ салады. Кенже баласының қазасына жыл толғанда ұзын сап, даңғыра бас, қоңыр домбыраны іргеге сүйеп қойған ақсақал, ор марқаның ішегінен перне жасап, ішек тағады. Ор марқаның етін түгел асып, бейіт басына келіп, қаз-қатар тізілген жеті төмпешіктің бірінен соң біріне жеп тізерлеп құран оқиды.

Қайғы-қасірет бойын билегенде досы да, сырлас, мұңдасы да – қазақтың қара домбырасы. Күн сайын Өтеу қарт іштегі зарын азайтып, шерін тарқату үшін бебеулетіп домбыра тартып, көкірегінде тұнған ащы өксікті сыртқа шығарудың жолын тапты. Осылайша жылдар бойы көкірегінің басын кемірген ащы запыран күй түрінде сыртқа ақтарылып жатқанда, күй зарына шыдамай теңселіп жылап отырған кемпірін көрді де, домбыраны тізесіне сап морт сындырады. Көзінің жасын ешкімге көрсетпеген ақсақал көңілінің зарын да ешкім естімеуі керек деп қатаяды. Бірақ, әрине, жүрегіне ұялаған зіл батпан қайғы еңсесін көтертпей, дәл өңменінен қадалған шаншудай көкірегін тесіп шықпаса тынбайтынын сездірді. Содан көп шыдамай тұл отаудың бірінен сағанақ қақыратып алады да, сырнай жасап алып, кемпірі тезек теруге кеткенде сырнайын тартып, шер тарқатып алады. Бір-біріне деген құрметтің мұнан асқан үлгісі болуы мүмкін еместей. Кемпір шалының құпиясын білмегендей боп, күн сайын сылтауратып тезек теруге кетіп қалып жүреді. Бірақ сұңғыла шалы

кемпірінің әрекетін түсініп қойып, енді өзі сырнайын алып, жиделі тепсеңге кететін болды. Дініне берік кәрі батыр оңаша бұлақ басында құмарынан шыққанша сырнайын шалып, үйіне қайтатын болды. Қарияның үйіне де әкелмей, тоғайдағы көне әулиеге асырып жүрген сырнайы түйекеш баланың қолына түсіп, оның зары мен сыры Өтеудің інісі Ақпанның құлағына жетеді. Ақпан қайғының қамытын мойнына ілген қайсар ағасына өзінің бір баласын береді, оның атын Сақтап қояды. Сақтап баласы ат жалын тартып мініп, өз қолы өз аузына жеткенін көргенде ғана кескен теректей бір-ақ құлап, содан тұрмайды. Сонда Өтеу ақсақалдың мықтылығы, дінінің беріктігі сонша – баласы есейгенше сыр бермей жүреді, ұрпағының өлмейтініне көзі жеткенде өз миссиясының аяқталғанын түсінеді, сөйтіп өлімге беріледі. Сақтап та Өтеу бабасының қара жердің көкірегін қарс айырып шығып жатқандай күңіренген өксік үнге толы «Бебеу» күйін кейінгі ұрпағына жалғастырады. Бірақ, өкінішке орай ділмарлығының кесірінен бір бақсыға тілі тиіп, қарғысқа ұшырайды да, баласы тұрмай, көп зардап шегеді. Алпыс жасында көрген соңғы нәрестесін қырық қазанның астынан өткізіп, қырық әйелдің емшегін емізіп, жаңа күшіктеген қызыл қаншықтың бауырына тастап, атын Сырттан қояды. Сырттан бес әйел алса да бала сүймей, оң жақта отырып, жүкті болған қыздың сәбиін бауырына салады, ол – Сұрапалды аталары. Сұрапалды да перзентсіз болып, қайын жұртынан ұл алып бауырына басады. Ол – Тілеу, Тілеудің жалғыз ұлы Тілепалды соғыстан оралмады. Осылайша, қара шаңырақтың астына қияласып қосылған құрамыс әулет бір перзенттен артық бала сүйе алмай, пұшайман болады. Осының бәрін ой елегінен өткізіп жатқан Тілеудің көкірегі әлем-жәлем боп, жұртта қалған ақсақ иттей ұлып қоя береді. Тылсым тыныштықтың өзі жанын жеп, «бүрге боп жабылғандай тұла бойын түршіктіріп жібереді» [4, 275].

Артында ұрпақ қалғанын, ұл сүйіп, шаңырағының ортасына түспегенін қалайтын қазақ шалының ой-толғамдарында өмір туралы үлкен философия жатыр. Оның пайымында, әрбір еркек үшін атамекенінде басы қарайып ұрпағы жүргеннен ғанибет ештеңе жоқ. Артынан перзент ермеу – адамның бүкіл өмірін, жүріс-тұрысын қара суға теріс ағызғандай мәнсіздендіріп жіберетінін автор жете түсіндіреді.

«Перзентсіздік зары фольклорда архаикалық сарындардың бірі болып саналады. «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» жырларында бас кейіпкердің әкесі артында мұрагері жоғын ойлап, қайғырып, әулие-әмбиелерге тәу ету үшін ұзақ сапарға шығады. Сондағы ой – ешкімнен қу бас деген сөзді естімеу сияқты көрінеді. Дегенмен ежелгі дәуірлерде баласыздық күнәлі болумен байланысты деп қабылданған. Фольклорлық шығармалардағы ұлы не қызы жоқ адамдарға қара қойдың еті беріліп, қара киіз төселуі, тіпті кейде орын жоқ деу осындай түсініктің салдарынан. Орта ғасырларда әрине, бұл түсінік дәл осы мағынадан түпкілікті ажырап кетпесе да, жалғызбасты қалу мін сияқты сақталып қалды» [5, 212].

Тілеу ақсақалдың түсінігінде оның бағының жанғаны – ертең өлгенде артынан іздеп келіп, ұрпағының бір уыс топырақ салғаны. Ол үшін жалған

тіршіліктің бір ғана баяны бар, ол – шолақ дәуренде ерні тұшып перзент сүю ғана.

Жазушының дәстүрлі әлеуметтік-мәдени паттерндерді сақтау, күйретпеу позициясын ұстанатындығы байқалады. Артында ұрпақ қалдырудың ұлт үшін маңыздылығын көрсетеді. Мұны тіпті бүгінгідей жаһандану заманында ұлттың өзін-өзі сақтау инстинкті ретінде қарастырған жөн секілді.

Шығармада көрініс тапқан тағы бір құндылық – *қазақтың ем-домы*. Шілде түсіп, күн қатты ысып кеткенде сәби қатты қызулап, өн бойы албырап, екі көзін аша алмай, ыңқылдаған дыбысы кемпір-шалдың сай-сүйегін сырқыратып қатты ауырып қалады. Сонда Тілеу қазақтың бұрынғы ем-домын жасап баласын бір-ақ күнде жазып алады. Ауыл сыртындағы ажырығы мол қара қолатқа қақпан құрып, қарақұйрық ұстап әкеледі. Баласын тыр жалаңаш шешіндіріп, төрт аяғын тас қып буған қарақұйрықты тас төбесіне көтеріп апарып, кеңірдегінен орып жібереді. Сау ете қалған бауыздау қан жас баланың тәніне тигенде күйген бауырдай дірдектеп ұйып түседі. Содан соң баланы жел тимейтіндей етіп қымтап орап, жатқызып қояды. Аздан соң ерні кезеріп жатқан сәби бұршақ-бұршақ боп терлейді. Моншақтап терлеп жатқан баласына қарап отырып: «қозының жас қаны балаға ауырлау еді. Қарақұйрықтың жылы қаны тұла бойындағы қызғынды қазір-ақ сорып алады» деп қуанады [4, 296-297]. Тілеудің Тұяқ дегенде шығарда жаны басқа, мәпелеген ықыласы ерекше. Тұсау кесу, сүндет той, мектеп бітіру тойы, оқуға түсу үшін Алматыға екі рет оқуға барып қайтуында да, әскерге кеткенде де мал сойып, құдайы тамақ беру бұл отбасының жазылмаған заңы-тын. Өйткені, адамның ізі – белінен өрген перзенті ғана. Перзенті үшін ештеңе аямақ емес.

Шығармада *құрбандық шалу* салты да айтылып өтеді. Құрбандық – құдайға құлшылық ету ниетімен мал шалу жосыны. Құрбандыққа сойылатын малдың басын құбылаға қаратып, алақанын жайып: «О, жасаған, аруақтарға бағыштаған ай мүйізді, аша тұяқты, жұпар иісті ақ, адал малымды қабыл ала көр!» деп бетін сипайды да, «бісміллә» деп тамақтың астынан орып жібереді. Аузына берік сырбаз кісінің бауыздаған малы тырп етпей, тұяғын бір серпеді және оның бауыздау қаны жан-жаққа шашырамай, ұйып түседі.

Күзде жоғалған түйесін іздеп шыққан адай шалы Тілеу үйіне түсіп, қонақасын ішкен соң, шебердің жасаған домбырасын алып күй тартады. Еңгезердей қонақтың тартқан күйінен шыққан қоңыр әуез сытыр-сытыр жауған күзгі жаңбырдай тыңдаған жанның сүйек-сүйегін үңгіп, бәрі сөзден де, қимылдан да тыйылып, елтіп қалады. Одан майда сазды басқа әуенге ауыстырып, қара жер тігірейтіндей алапат үн шығарады. Өжектеген өткір күй безек қағып, үйдегі тыңдаушылар арбалған торғайдай күйшіден көздерін айыра алмай қалады. Даусы анық шығып, кепкен ағаштан жасалғанын білгендіктен «домбыранды маған қи» деп сұрағанда Әлімнің аулынан алып қайтқан *«қолүзігім»* болсын деп қазақ салтын көлденең

тартады. Оның орнына жоғалған түйесін беретінін айтады. Өйткені түйе малы ешқашан басқа жерге жерсінбейтін ерекше қырын қазақтар жақсы біледі. «Қолүзік» салтын айтқан соң Тілеу қарт қарсы келе алмайды. Оның үстіне қонағын құдайындай қадірлейтін қазақ оны тек аспен сыйлаумен шектелмейді. Ел арасында «Асыңа тойғызбасаң да ниетіңе тойғыз. Берген ас түске жетпейді, ниет естен кетпейді» деген нақыл сөздің кең таралуы осы орайдан. Қонақты ризашылықпен шығарып салуды әр қазақ өз міндеті санаған. Күдері қария газ құбырына қарауыл болып тағайындалып, Тілеу қарттың жанына көшіп келгенде ол бір тоқтысын сойып, оған *ерулік* береді.

Түйіндей келгенде, жазушы шығармада қазақ дәстүрі мен мәдениеті үлгілерін көркем шығарманың мазмұн тұтастығы мен пішініне, композициясы мен сюжетіне жымдастыра кіріктіру арқылы тәрбиелік, тағылымдық қуатын арттырды. Халық тұрмысындағы этнографиялық үрдістерді өз туындыларында шеберлікпен пайдалана білді.

Суреткер туындыларында суреттелген дүниелер қазақтың ертедегі наным-сенімі мен таным сипатын, ұлттық рух тіршілігінің маңызды қырларын ашып көрсетеді.

Ұлттық дәстүр сайып келгенде ұлт мұратының жүзеге асуына, халықтың түзу жолмен өсіп-өркендеуіне негіз болды. Қай заманда да қазақ үшін салт-дәстүр мықты идеология қызметін атқарған. Ал оның бар артықшылығы мен құндылығын, қажеттілігін жеріне жеткізе сипаттап, дәріптей алған жазушыларымыздың да еңбектері ерен. Олар этнофор ғана емес, «өз тарихын, рухани мұрасын, құндылықтарын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін келесі ұрпаққа таныту – ұлттың өзін-өзі сақтау инстинкті» [6, 339 б.] екенін де қалтқысыз ұғынып, сол жолда қызмет етуші де.

Оның туындылары қазақтану, ұлттық рухты беру шеберлігінің шырқау шыңына шыққандығын онда тұнып тұрған ұлттық құндылықтарымыз растайды. Ол ұлттық құндылықтарымызды өзінше барлап, көкірегіне тоқып, кеменгерлік қазанында қайнатып, көркем сөзбен безбендеп оқырмандарына ұсынды.

Ел мүддесін бәрінен биік қойып, ұлтқа қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен тұғырлы тұлға – Әбіш Кекілбаевтың ұлттық құндылықтарды ұлықтауды мақсат еткен шығармалары жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесінде алар орны қашан да жоғары болмақ.

Әдебиеттер:

[1] Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: Жазушы, 1997. –178 б.

[2] Қашғари М. Түркі сөздігі. Қазақшаға аударған А.Егеубай. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. Т. 1. –210 б.

[3] Абдигалиева Г.К., Коцигулова К.И. Национальная идея и ценности этнокультуры // Әлемдік және Қазақ философиясындағы антропологиялық дискурс. Философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Алтаевтың 60 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – Б. 91-96.

[4] Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. – Т. 2. 1999. – 400 бет.

[5] Қазіргі әдебиет және фольклор. Монография. – Алматы: М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2009. – 221 бет.

[6] Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы: Раритет, 2013. – 400 б.

ӘОЖ 82.7

ӘБШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ АУДАРМА ПЬЕСАЛАРЫ

Ә.Д. Қабылов,

Yessenov University профессоры, ф.ғ.к. Ақтау қ.

Ә.Т. Жеткізгенова,

Yessenov University қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к. Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада Ә.Кекілбаевтың аударма пьесалары талданады. Жазушының әлем классиктерінен қазақ тіліне аударған пьесалары қарастырылып, олардың тақырыптық-идеялық сипаттары мен суреткердің аудармашылық шеберлігі, тіл өрнегі сараланады.

Түйін сөздер: аударма, драматургия, комедия, драма, трагедия, трагокомедия

Ә.Кекілбаев қазақ әдебиетіндегі аудармаға да атсалысып, көркем аудармасаласының дамуына үлес қосты. Сонау студент кезінен шетел ақындарының өлеңдерін, Г.Мопассанның романдарын аударудан бастап, бірқатар ақын-жазушылардың шығармаларын қазақ тілінде сөйлетті. Ол шетел тілінде жазылған шығармалардың тек мазмұнын жеткізіп қана қоймай, оның көркемдік сапасына, тілдік айшықтарына мән беріп, түпнұсқаға нұсқан келтірмей әрі қазақ оқырмандарына түсінікті, ұлттық танымға жақын болуына жете назар аударған. Қаламгер аудармаларының бір ерекшелігі – оның тіл көркемдігінде жатыр. Түпнұсқа мәтіндегі ойды беруде, суреттер мен оқиғаларды бейнелеуде қазақ тілінің байлығын, көркемдік табиғатын талғампаздықпен пайдаланып, суреткерлік шеберлігін танытып отырады.

Көркем шығарманы бір тілден екінші тілге аудару оңай шаруа емес. Шығарма мазмұнының түпнұсқадан алшақ кетпеуі, сурет-көріністердің мейлінше дәл берілуі, негізгі идеяны ашатын деталь-штрихтардың қалыс қалмауы секілді жайттармен қатар, шығарманың баяндау тілі мен кейіпкер сөздерінің кедір-бұдырсыз табиғи қалпында көрінуі секілді сан қырлы ерекшеліктері болады. Сонымен қатар, оқырманға өз тілінде жазылған шығарманы оқып отырғандай етене жақын болуы керек. Мұның бәрі аудармашының шеберлігіне байланысты. Ә.Кекілбаев аудармалары өзге

жұрттың өмір-тұрмысы мен салт-санасын қапысыз танытумен қатар, ұлттық тіліміздің құдіретімен бейнебір ана тілімізде жазылғандай қазақ оқырманының жүрегіне жақын, жатық тілмен санасына бірден орнығып отырады.

Ә.Кекілбаев аударма саласында барлық жанрда (поэзия, проза, драматургия) қалам тартып, аудармашылық шеберлігін сынап көрді. Солардың қай-қайсысында да суреткерлік шеберлігін, аудармашылық қарымдылығын, тілге ұсталығын танытты. Соның арқасында қаламгер аудармалары әлемдік классиканы қазақ тілінде шебер жеткізген бірегей рухани қазынаға айналды.

Ә.Кекілбаевтың аудармадағы еңбектерінің денін оның аударма пьесалары құрайды. Драматургия саласында жазушы әлемдік классикалық пьесаларды қазақ тіліне аударып, үлкен мектептен өтті, сөйтіп кейін «Абылай хан» секілді халықтық драмалық дастан жазды.

Жазушының аударма пьесаларының қатырында У.Шекспирдің «Ромео мен Джулетта», «Король Лир», «Кориолан», М.Фриштің «Ғылым қуған Дон Жуан», «Г.Ибсеннің «Үрей», К.Гоццидің «Туранбике ханшайым», Л.Дарконың «Сүйіктім менің, Электра», В.А.Буэроның «Бүгін мейрам, бүгін той», А.П.Чеховтың «Ваня ағай», М.Кәрімнің «Ай тұтылған түн» пьесалары бар.

Ә.Кекілбаев әлем әдебиетінің классигі, ағылшынның ұлы драматургі Уильям Шекспирдің (1564-1616) «Ромео мен Джульетта», «Король Лир», «Кориолан» пьесаларын қазақ тіліне аударған. Шекспир шығармашылығын зерттеушілер драматург ойларының тым тереңде жататынын, оның астарын ашу үшін алғырлық пен жан-жақты терең білім керек екенін айтады. Сондай-ақ Шекспирдің тілдік қоры аса бай, жиырма мыңға жуық екені айтылады. Оның пьесаларындағы персонаждар тағдырының сан алуандығы, характерлердің күрделілігі мен тартыстардың тереңдігі, сөз астарының алымдылығы секілді ерекшеліктер Шекспир шығармаларын игерудің оңай еместігін көрсетсе керек. Ә.Кекілбаев осындау ұлы драматургтің пьесаларын ана тілімізге шебер аударып, шешен сөйлеткенін айту лазым.

«Ромео мен Джульетта» трагедиясында бір-біріне өлердей ғашық уыздай екі жас Ромео мен Джульеттаның махаббаты Вероналық ежелден жау екі әулет Монтеки мен Капулеттилердің қарсылығына ұшырап, жастардың қалайда үйленбек талпыныстары ақыры қайғы-қасіретпен аяқталады.

Ортағасырлық Веронадағы Монтеки мен Капулетти әулеттерінің арасындағы арыдан келе жатқан жауластықтың неден басталғаны да ешкімнің есінде жоқ. Бірде Ромео Капулетти әулетінде өтіп жатқан бір салтанатқа қатысып, сол жерде кездесіп қалған Ромео мен Джульетта бір-біріне ес-түссіз ғашық болып қалады. Келесі күні Лоренцо пәрадарға некесін қидырады. Монтеки әулетіне жаны қас Тибальт Ромеоның досы Меркуционы жекпе-жекте өлтіреді. Екі оттың ортасында қалған Ромео досы үшін Тибальтты өлтіріп кек алады. Осыдан бастап екі әулеттің арасындағы

кақтығыс одан әрі ушыға түседі. Верона князі Ромеоны қуғынға салады. Бірақ Ромео мен Джульета түнді бірге өткізіп үлгереді. Джульеттаның басындағы жағдай да ауырлайды, әкесі оны граф Париске ұзатпақшы болады. Бірақ Джульетта пірадардың көмегімен ұзақ ұйықтататын дәріні ішіп, ұйқыға кетеді. Ғашығын өлді деп естіген Ромео елге оралып, қыз жатқан табыттың жанында Париспен жекпе-жекке шығады. Оны өлтіргенмен, сүйіктісінің өлгенін көтере алмай, у ішіп өледі. Пірадар берген дәрінің әсері тарағаннан кейін Джульетта есін жияды. Ғашығының өлі денесін көрген Джульетта сол жерде өз-өзіне қол жұмсайды:

ДЖУЛЬЕТТА:

Біреулердің даусы шықты дабырлап.

Бітті енді бәрі де.

Қанжар жатқаны мұндай жақсы болар ма.

(Ромеоның қанжарына шап береді).

Құндағында жата бер.

(Өзіне қанжар салады).

Жоқ, сені орның осында.

(Ромеоның өлігінің үстіне құлайды).

Аудармашы «Абылай хан» пьесасында қолданған ақ өлең өлшемін Шекспир трагедиясын аударуда сәтті пайдаланған. Ол персонаж монологтарын беруде өзіндік ықпақпен, буын сандары көңіл-күй берілісіне қарай өзгеріп отырады:

ДЖУЛЬЕТТА:

Жүре беріңіз, пірадар.

Мен қаламын осында.

Қолына мынау ұстап жатқаны не болды?

Құты ғой.

Өлген болды-ау уланып. Қап, оңбаған!

Бәрін өзі ішкенше,

қалдырмай ма екен маған да.

Айтпақшы, әлі у кеткен жоқ ернінен,

Сүйсем, бәлкім мен де өлермін уланып.

(Ромеоны сүйеді).

Еріні қандай жып-жылы.

«Ромео мен Джулетта» трагедиясы қазақ сахнасында әлденеше рет қойылып келеді. 2008 жылы М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры сахнасында қойылды (Қоюшы режиссері – О.Салимов).

Шекспир драматургиясының шыңы боп саналатын *«Король Лир»* трагедиясын Ә.Кекілбаев орыс тілінен Б.Пастернак аудармасын негізге ала отырып аударған.

Пьеса сюжеті аңызға айналған Британия королі туралы аңызға құрылған. Король Лир – үлкен билік пен байлық иесі, қалың әскері мен бұқарасы бар билеуші. Жас ұлғайған шағында өзінің күші мен құдіретіне

сенген ол патшалығының билігі мен дүние-мүлкін үш қызына – Гонерилья, Регана мен Корделияға бөліп беріп, мемлекет ісінен қолын босатып, азырақ демалғысы келеді. «Мені қайсыңыз жақсы көресіңдер?» – деген сұрағына үлкен және ортаншы қыздары жағымпаздықпен өліп-өшіп сүйетіндерін айтады, ал кіші қызы Корделия жағымпаздыққа бармай, өзін байыпты ұстап, қарапайым ғана «жұрттай өліп-өшпегенмен, жұрт секілді сүйем мен де» деп жауап береді. Оған ерегіскен король барлық байлығын Гонерилья мен Реганаға бөліп беріп, «жалаң шындық – жасауың» деп, безер қызды мұрадан айырады. Өзінің қарауына жүз сарбаз нөкер қалдырып, екі қызының қолында кезек-кезек тұрмақ болады.

Бірақ байлықтан айырылғанмен, биліктен айырылғысы келмеген оның ойы қыздарына ұнамайды. Сөйтіп сарайдан қуылады. Король мынау жалғанның өткінші екендігі жайында, байлық пен биліктің мәңгі тұрмайтыны, өзінің уақыт алдындағы дәрменсіздігі жайлы толғанады. Дүниедегі әділетсіздікке, өзінің қателіктеріне көзін жеткізіп өкінеді. Үлкен қыздары Гонерилья мен Реганаға жиіркенішпен қарап, өзінің Корделияның алдындағы кінәсін мойындайды. Адамдардың бойындағы жағымпаздық, қызғаныш, өсек-аяң, көреалмаушылық, жауыздық секілді жаман әдеттер Лирдің өмірін қиындатып, жан азабына салады.

Шығарманың бас кейіпкері Лир – трагедиялық әрі психологиялық образ. Автор Лирдің бойындағы билікқұмарлық, астамшылық, менмендік секілді міндерді әшкерелеуге басымдық берген. Лир қаншалықты қайратты, қаһарлы көрінгенмен, оның да тағдырға қарсы тұра алмайтын әлсіз пенде екенін көрсетеді. Аудармашы персонаждардың бойындағы психологиялық күйлерді айшықты тілмен аша білген. Пьесаның соңында кіші қызы Корделияның өлімі ауыр тиіп, король сол жерде жан тәсілім етеді:

ЛИР:

Бейшара баламды қылғындырып өлтірді.

Құрт-құмырсқа көріп жатқан жарықты

Қарағым-ай, бұйыртпады-ау өзіңе.

Енді осылай кеткенің бе мәңгіге.

Шыдай алар емеспін. Ағытыңдар түйемді!

Рақмет... Қараңызшы, мырза!

Көрдіңіз бе? Қараңызшы ерніне,

Қараңызшы!

(Жан тапсырады).

Қайта өрлеу дәуірінің мәдени өміріне көп өзгерістер әкелген Шекспир шығармашылығы өз заманының көкейтесті мәселелерін қозғады. Мысалы, Глостердің монологіндегі мына ойлар қоғамдағы капиталистік қатынастар тудырған өзгерістерді ашып көрсетеді: «Махаббаттың орнына көлгірлік жайлаған, достықтың орнына жағымпаздық иемденген, бауырға бауыр қол көтерген бұл неғылған жады заман. Қалада – бүлік, ауылда – айтыс, сарайда – сатқындық, үйінде – әкеге бала қарсы ұрыс-керіс». Автор адамгершілік қасиет иелері Корделия, Кент, Эдгар, Сайқымазақ секілді жандарды үлгі

етіп көрсетеді. Трагедия соңы оптимистік рухта толы: қашан да адалдық пен адамшылық жеңіске жетіп, жамандықты жеңеді деген идеяны ұсынады. Аудармашы автор ойын ақ өлең үлгісімен, айшықты тілдік оралымдармен тамаша жеткізе білген.

Шекспирдің *«Кориолан» трагедиясында* автор өз заманының қоғамдық-саяси қайшылықтарын шынайы көрсетеді. Драматург ондай қайшылықтардың қай кезде де жойылмайтынын, өңін өзгертіп, басқа сипатта болса да қоғамдық ортада алдан шығып отыратынын көрсетеді. Қандай жағдайда да елі мен жері үшін қаймықпай жауға қарсы тұра алатын жандардың болатыны, алайда қоғамдық ортадағы келісімнің болмауы ондай жандарды трагедиялық қасіретке ұшырататынын ескертетіндей көрінеді.

Оқиға Римде қарапайым азаматтарға астық берілмеуіне орай тәртіпсіздіктердің жалғасуынан басталады. Көтерілісшілер, әсіресе, атақты римдік қолбасшы Кай Марцийді астықты жымқырды деп кінәлайды. Осы кезде Вольскийлердің қолбасшысы Тулл Авфидий Римге шабуыл жасамақ болып, қала тұрғындары Кай Марцийді көмекке шақырады. Кай Марций вольскийліктерге қарсы жорыққа аттанып, жауын жеңеді де, өзі басып алған қала Кориолдың құрметіне Кориолан деген атаққа ие болады. Алайда шайқастан кейін Кориолан өзін бағаламаған римдіктермен келісе алмай, Римнен аластатылады. Сосын ол бұрынғы жауы Тулл Авфидиймен одақтасып, Римді басып алмақшы болады. Ақырғы жеңіске бір табан жақын қалғанда, мұны келінімен және немересімен бірге іздеп келген анасы Волумния Римді шабудан бас тартуға, қайта вольскийліктер мен римдіктерді бітістіріп, өзінің жақсы атын сақтап қалуға көндіреді. Сөйтіп Кориолан вольскийліктер мен римдіктердің арасында бейтiт келісім орнатып, Кориолға оралған кезде оның бұл қылығын сатқындық деп айыптаған Авфидий оны бүлікшілеріне өлтіреді.

Пьесаның V перде III сахнасындағы Кориоланның анасына қарата айтқан сөзінен үзінді келтіре кетелік:

Ю.Корнеевтің аудармасы:

...О мать моя! Счастливую победу
Для Рима одержала ты, но знай,
Что сына грозной, может быть, смертельной
Опасности подвергла. Будь что будет! –
Авфидий, заключу я мир почетный,
Раз не могу войну вести как надо.
Скажи, сумел бы ты, Авфидий добрый,
Когда б со мною местом поменялся,
Остаться твердым, матери не внять
И ей не уступить? Скажи, Авфидий.

Ә.Кекілбаевтың аудармасы:

...Бейшара анам, бейбақ Римге
Оңай жерден әпердің жеңіс.
Бірақ ұлыңның ойсыратып атын,

Еткенің не бағын кеміс?!
Не болса да, болсын енді!
Авфидий, маған енді қалған жол –
Бітімге келу Римменен.
Соғыстың шырқын кетірдім мүлде.
Айтшы достым, болсаң өзің,
Бүгінгідей күні орнымда менің –
Анаңды қуып шыға алар ма едің,
Құлағыңа ілмей бірде-бір сөзін?

Ә.Кекілбаевтың орыс әдебиетінің классигі, жазушы-драматург А.П.Чеховтан аударған пьесасы – *«Ваня ағай»*. Отставкадағы профессор А.В.Серебряков қалада лайықты пәтері болмағандықтан, бірінші әйеліне тиесілі үйде тұрып жатады. Бұл үйдің барлық шаруашылығын көп жылдан бері бұрынғы әйелінің інісі, Ваня ағай атанып кеткен Иван Петрович Войницкий атқарып келеді. Оған профессордың бірінші әйелінен туған қызы Соня үнемі көмектесіп жүреді. Мұнда солармен бірге Марина деген кәрі үй күтуші мен Илья Ильич Телегин тұрып жатады. Профессор әйелі өлген соң өзін өлердей сүйетін жас әрі сұлу Елена Андреевнаға үйленген болатын. Профессордың бірінші әйелінің шешесі Мария Васильевна Войницкая профессорды құрмет тұтады. Алайда Елена мен Соңяның арасында бақталастық бар. Ұстама ауруы бар Серебряковке дәрігер Мизаил Львович Астров жиі келіп тұрады.

Ваня ағай профессорды бұрын ұнатса да, кейінгі кездері оның оқымыстылығына шәк келтіріп, бір жағынан өзі ұнататын Елена Андреевнаны одан қызғанып жүреді:

ВОЙНИЦКИЙ: ...Әлгі бір қалған қақпыш оқымыстылар болады ғой. Мынау да нағыз сол! Белінің шойырылмасы, басының сақинасы, буын-буынының сырқырамасы бар. Қызғаныш пен күншілдіктен бауырында саутамдық сау жер қалмаған, бәрі жидіп кеткен. Кәрі қақпас қалада тұруға қалтасы көтермейтін болғасын алғашқы әйелінің мекенжайына кеп, амалсыз бас сауғалап отыр. ...Өнерден өзіңнің мұрнына иіс бармай тұрып, міне, аттай жиырма жыл бойына күйіс қайырған сиырдай реализм, натурализм, тағы сол сияқты бос сандырақтар турасында басқалар айтып қойғанды қайталап айтумен келеді...

ВОЙНИЦКИЙ: Иә, күндеймін. Әйелдерден қандай жолы болғыш! Дон-Жуанмын деп жүрген талайлар мұның қасында жіп есе алмай қалады. Алғашқы әйелі, менің апайым, таза болғанда мынау аспандай мөп-мөлдір, көрікті де, кісілікті де кісі еді. Қайырымдылығы қандай еді! Оның сұлулығына табынатындар мына оқымыстының шәкірттерінен әлдеқайда көп болатын. Сөйтіп жүріп ол мынаны періштенің періштеге ғашық болғанындай өліп-өшіп жақсы көретін. Менің анам, оның енесі, әлі күнге бұл дегенде аузын ашып, көзін жұмады. Екінші әйелінің қандай парасатты, қандай көрікті адам екенін әлгінде өзің көрдің ғой. Сол, енді міне, кісі құрығандай, қартайған осыған күйеуге шығып, есіл ажарын, басының

бостандығын, жарқылдаған жастық дәуренін бір соның жолында пидаға шалып отыр. Неліктен, неге сонша өліп-өшеді?

Профессор бірінші әйелінен қалған үйді сатып, қалаға көшкісі келетінін Соняға айтқанда, бұл қылығына шыдамай, оны жазғырады. Оған өмір бойы қызмет етіп келе жатқанына өкініп, мән\мағынасыз тірлігіне күйінеді, көрген қорлығына Серебряковты кінәлап, оны өлтірмек те болады.

Пьесаның соңындағы Соняның Ваня ағайын жұбатып, болашаққа үміт артып сөйлеуінде іштегі өкініш-өксік те, психологиялық тебіреніс пен оптимистік өршіл мінез де көрінеді, оны аудармашы былай жеткізген:

СОНЯ: Біз, Ваня ағай, өмір сүреміз. Әлі ұзақ-ұзақ күндер мен ұзақ кештерді бастан кешеміз, тағдырдың жіберген қай тауқыметін де тайсалмай көтеріп бағамыз: қазір де, ертең қартайғасын да біреу үшін сілеміз қатып еңбек ете береміз, шекті мерзім жеткенде, үн-түнсіз жан тапсыра саламыз; табытқа түскесін қандай азап шеккенімізді, қанша рет жылағанымызды, қандай қасірет тартқанымызды тапжылтпай айтып береміз; сонда тәңірдің бізге мейірімі түседі, ағатай, сүйікті ағатай, сіз екеуміз сонда әсем, сондай тамаша өмір кешеміз, қатты қуанамыз, тіпті осы қазіргі бақытсыздықтарымыздың өзіне күлімдеп сүйсіне көз тастаймыз, сосын ағыл-тегіл рахатқа батамыз. Бұған, ағатай, ынты-шынтыммен сенемін. (Алдына барып жер тізерлеп басын кеудесіне тығады, қатыңқы дауыспен). Біз сонда ғана демаламыз!

А.П.Чеховтың «Ваня ағай» пьесасы Ә.Кекілбаевтың аудармасында 1982 жылы М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында қойылды (Қоюшы режиссер – Ә.Мәмбетов), 2000 жылы Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ драма театрында қойылды (Қоюшы режиссер – Ә.Мәмбетов).

XIX ғасырдың моральдық мәселелерін көтерген норвег драматургі Г.Ибсеннің (1828-1906) *«Үрей» пьесасының* (1881) оқиғасы капитан және камергер Алвингтің жесірі Фру Альвингтің усадьбасында өтеді. Элене Алвинг күйеуінен қалған қаржыға балалар үйін ашпақ болып, оның құжаттарын дайындауға пастор Мандерс көмектесіп жүреді. Мандерс келгенде Элвингтің үйіне оның Парижде тұратын суретші ұлы Освальд келіп жатқан еді. Мандерс Эленеден әр нәрсені сұрап, әңгіме орайы оның марқұм күйеуі туралы өрбиді. Балалар үйін не себепті ашып жатқанын айтқан Элене күйеуінің жұрт ойлағандай жақсы адам емес, отбасына да, елге де қайырымы жоқ ішкілікке салынып өткен, жеңіл жүрісті адам болғанын жайып салады. Одан қалған қаржыны елдің пайдасына жұмсап, баласына мұраға өзінің жиған қаржысын қалдырмақ ниетін жеткізеді. Үй қызметшісі Регина капитанның некесіз қызы екен. Осы кезде Мандерс пен жесір әйел Освальдтың қызметші қыз Регинаға қырындап жүргенін байқап қалады. Элененің есіне өткен күндер түседі: күйеуінің де бір кезде үй қызметшісі болған Регинаның анасын осылай құшақтап жатқанын көрген еді. Элене Мандерске өзінің басынан өткендерді, күйеуінің үй қызметшісімен арасындағы болған жағдайды түгел айтып береді. Мандерс болса, бір

кездері Элененің өзіне көңілін білдіргенін, бірақ бұның одан бас тартқанын ойлайды. Оңаша қалған кезде Освальд анасына өзінің ауру халін жеткізеді, дәрігердің айтуынша бұл ауру әкесінің жеңіл жүрісінің салдарынан болған екен. Бұған Элене қатты уайымдайды. Освальд Регинаны ұнататынын, оны Парижге апарғысы келетінін айтады. Осы кезде ашылайын деп жатқан балалар үйі өртке оранады. Регинаның әкесі Энгстран келіп, Мандерске теңізшілерге арналған мекеме ашқысы келетінін айтады. Пьесаның соңында Элене баласы Освальд пен қызметші қызға оңашада Регина туралы бар шындықты айтады. Регина бұл үйден кетуге жиналады. Ана мен бала жападан-жалғыз қалады. Освальдтың жағдайы нашарлайды. Ол «Күнді алып берші» деп сандырақтай бастайды. Элене болса, қолына морфий құйылған құтыны ұстаған күйі аңырап тұрып қалады.

Бірінші перденің соңындағы Фру Алвингтің Мандерске сыр ашатын тұсын аудармашының қалай жеткізгенін орыс тіліндегі нұсқасымен салыстырып көрелік.

Анна және Петр Ганзендер аудармасы:

ФРУ АЛВИНГ: Я сносила все это ради моего мальчика. Но когда прибавилось это последнее издевательство, когда моя собственная горничная... тогда я поклялась себе: пора этому положить конец. И я взяла власть в свои руки, стала полной госпожой в доме – и над ним, и надо всеми... Теперь у меня было в руках оружие против него, он не смел и пикнуть. И вот тогда-то я и отослала Освальда. Ему шел седьмой год, он начал замечать, задавать вопросы, как все дети. Я не могла этого вынести, Мандерс. Мне казалось, что ребенок вдыхает в этом доме заразу с каждым глотком воздуха. Вот почему я и отослала его. И теперь вы понимаете также, почему он ни разу не переступал порога родительского дома, пока отец его был жив. Никто не знает, чего мне это стоило.

Ә.Кекілбаевтың аудармасы:

ФРУ АЛВИНГ: Шыдамағанда қайтейін, кішкене сәбиім үшін бәріне де төзуге тырыстым. Бірақ әлгі масқараны, қызметші қызбен көзіме шөп салғанын көргенде, мен де бір нар тәуекелге бел будым. Бар билікті өз қолыма алып, осы үйге өзім қожа болдым. Енді ол қарадай қуысты боп, маған қарсы қыңқ етер дәрмені қалмады. Освальдты басқа жаққа жібергенім де осы тұс. Оның жасы жетіге жетті, есі кірді, әр нәрсені білгісі кеп, сұрай бастады. Мен енді одан әрі шыдай аламдым, Мандерс. Маған балам осы үйдегі жексұрындықтың сасық ауасына тұншығып қалатындай көрінді. Көзін аулақ қылуға асықтым. Ұлымның әкесі тірі кезде, бұл үйге неге соқпағанына енді өзіңіз де түсінген шығарсыз. Бұның бәрі маған қандай азапқа түскенін ешкім білмейді.

Швейцариялық жазушы М.Фриштің (1911-1991) *«Ғылым қуған Дон Жуан» комедиясының* (1953) оқиғасы Испанияның Севилья қаласында өтеді. Дон Жуанның әкесі Тенорио Диего әкейге жиырма жастағы баласының әйел баласына қызықпайтынына шағымданады. Оның бар ынтасы геометрияға ауған. Тіпті сайранханаға барғанда да ол шахмат ойнап

отыратын көрінеді. Бұл әңгіме Дон Жуан мен Севилья комондоры дон Гонсалоның қызы Аннаның үйлену тойы қарсаңында болған маскарад кезінде айтылады. Дон Гонсало өз қызын Кордованың батыры ретінде Дон Жуанға ұзатпақ болады. Өйткені Дон Жуан басқа ешкімнің қолынан келмегенді істеп, дұшпан қамалының ұзындығын өлшеп келген көрінеді. Маскарад пен үйлену тойына дайындық кезеңі көрсетіледі. Бас кейіпкер Дон Жуанның ғашықтық туралы, әйелдер туралы түсінігі, жалпы дүниетанымдық көзқарасы біртүрлі көрінеді. Кеше түнде кездейсоқ кездесіп, ғашық болған сүйіктісінің атастырған қалыңдығы екенін білгенде оған үйленуден бас тартады:

ДОН ЖУАН: Келісім жоқ. Мен ант бере алмаймын. Кімді сүйетінімді анық білмей тұрып, қалай ант беремін. Байқасам адамның басына тап болмайтын нәрсе жоқ екен. Қадірлі қалыңдығым, сіз кеше басқа жігітті емес, мені, болашақ күйеуіңізді сарыла күттіңіз ғой, сөйте тұра көзіңізге бірінші түскен кездейсоқ біреумен бақытқа кенелген жоқсыз ба?

Дон Жуанның көптеген әйелдермен көңіл көтеріп жүрсе де, үйленгісі келмейтіні, тек қана геометриямен айналысуға құштар екені белгілі болады. «Мен мынау әйел қауымын енді өңім түгіл түсімде де көргім келмейді. Жасаған иемнің өзіне бұ адам пақырды біреуін әйел деп, біреуін еркек деп несіне екі жарып жаратқанына әлі қайранмын. Қарап отырсам, әлгі бір алаңғасар нәпсінің алабүлік азабы да, неке шырғалаңы да, екі адамның бірінің бірі бағын байлап, бірінің қадірін бірі түсіретін итерқылжың даудамайы да, қысқасы, пәленің бәрі де тек осыған байланысты екен», – деп ойлайды. Ол тіпті болашақ қайын енесінің де, жандай досы Родригоның қалыңдығының да «ақ төсегін жаныштап шыққанын» айтып мақтанады. Талай некенің бұзылуына себепкер болып, талай төсекті ластап, талай қыздың арын төгіп, талай әке мен жардың қанын төккен Дон Жуан өзі туралы аңыз таратып, құтылып кетпек те болады. Ол туралы театрда «Севилья эзезілі немесе Тас мейман» деген пьеса да қойылады. Ақырында көңілдесінің ата дәулетіне ие болып, герцогиня атанған бұрынғы жезөкше Миранданың қамалында тұрып, геометриямен алаңсыз айналысады. Пьесаның финалында Миранданың Дон Жуаннан екіқабат екені белгілі болады.

Итальяндық жазушы-драматург Карло Гоццидің (1720-1806) «*Туранбике ханшайым*» пьесасының бас кейіпкері – қытай императоры Альтоумның тәкаппар әрі ерке қызы Турандот. Ол еркек атаулыны менсінбей, оларды қолынан түк келмейтін, өтірікші санап, ешкімге тұрмысқа шыққысы келмейді. Бірақ өзіне мұрагер санаған әкесіне қарсы келе алмай, тек өзінің үш жұмбағын шешкен жігітке ғана күйеуге шығамын деп шарт қояды. Әкесі елге хабар таратып, қызына кез келген ханзаданың құда түсе алатынын, бірақ ол үшін Турандоттың қойған жұмбақтарының шешуі керектігін ескертеді. Ал жұмбақтың шешуін таба алмаған адамның басы алынатын болады. Қыздан дәмелі әркім-ақ ханшайымның суретін көріп, оның жолында өлуді армандайды. Ноғайлықтың ханзадасы Калаф та

бағын сынап, қыздың жұмбағын шешеді. Өзінің ойлағаны болмай қалған Турандот бұған шыдай алмай, өз-өзіне қол салмақ болады. Себебі, жұмбақты шешкен жігіттің өзінен ақылды екенін мойындағысы келмейді. Мұны естіген Калаф қызға бір жұмбақ айтып, оны сынамақ болады. Турандот мұның кім екенін табуы керек. Қол астындағы күні Әділма арқылы ханшайым Калафтың атын біліп алады. Бұған намыстанған Калаф аһ ұрып, өзін-өзі өлтірмекші болады. Алайда Турандот оны тоқтатып, өзінің жеңілгенін мойындап, кешірім сұрайды. Калафтың тапқырлығы мен ержүректілігіне сүйсініп, оны өзінің жары ретінде елге таныстырады:

ТУРАНБИКЕ:

Тойымызға кіреуке түсер кірбің жоқ.

Калаф мені сүйгендіктен

Пида қылды жанын да...

Көк тәңірісі, кеш енді

Еркектерді осынша

Жек көріп, жер құштырған

Күнәқар мынау пендеңді.

Қиянатым болса, кеш оны да.

(Ілгері шығып)

Ал, абзал еркектер,

Бәріңнен де айналдым.

Иланыңдар мен бейбақтың

Имандай шыным бұл сөзім!

Венгрдің жазушы-драматургі Ласло Дюрконың (1930-2007) *«Сүйіктім менің Электра»* пьесасында ежелгі грек аңызындағы Электра мен Эгистің арасындағы қатынас заманауи адамгершілік пайымдау тұрғысынан бейнеленеді. Агамемнон патшаның өлтіріліп, Эгисттің патша тағына отырғанына он бес жыл толуын және ақиқат мерекесін тойлау кезіндегі бұрынғы және қазіргі билік иелерінің сөз қағысулары мен Орест пен Электраның Эгистен кек алуы көрсетіледі. Агамемнонды өлтірген Эгист жыл сайын тойланатын ақиқат мерекесіне әркім келіп, Эгист патшаның алдында өзінің не ойлайтынын айтуы керек. Осы кезде Орест басқа адам болып келіп, Эгистке Орестің өлгенін хабарлайды. Өзі осы жақта тұрақтап қалмақ болады. Ол қарындасы Электраға ғана өзінің Орест екенін айтады. Әкесін өлтіруге қатысып, Эгист патшаға тиіп алған шешелері Клитемнестра мен апалары Хрисотемида оны кейінірек біледі. Электра болса, патшаның алдында сөйлеуден бас тартады. Электра мен Эгистің арасында ойлары кереғар шығып жататын ұзақ диалогтер жүреді. Ақыры Орест Эгисті өлтіріп, қала халқына бостандық әпереді. Бірақ Орест пен қарындасы Электра екеуі келісімге келе алмайды. Орест мен тек Эгисті өлтіріп, жұртқа еркіндік әпердім, енді қан төкпеймін десе, Электра шешесі секілді сатқындар мен дұшпандарды өлтіріп кек алмақ болады. Орест амалсыздан Электраны өлтіруге мәжбүр болады:

ОРЕСТ: Жоқ, болмайды екен! (Қанжар сұғады).

Үнсіздік.

– Ах, есалаң бейшара-ай! Маған бұл не істеткенің? Электра, сүйіктім менің, қолымды тағы қандаттың-ау.

Үнсіздік.

– Сен де мен сияқты жұртты озбырдан құтқарғың келді. Мен де сен сияқты жұртты озбырдан құтқарғым келді. Енді, міне, сен мені жалғыз тастап кеттің. Ал, мен сенсіз өмір сүргім келмейді. Ах, бейшара мұңлығым-ай, Электраның аты Электра екен де, Орестің аты Орест екен? Енді бұл дүниеде мәңгі бақи осылай болатын болды ғой!..

Ә.Кекілбаев пьесаны қазақтың ой-танымына, көркемдік талғамына сай аударып, тамаша жеткізе білген. Пьеса Қазақстанның бірнеше театрында сахналанып, көпшіліктің оң бағасын алды.

«*Ай тұтылған түн*» трагедиясының (1963) авторы – башқұрт халқының классик ақыны Мұстай Кәрім. Пьесаның оқиғасы XVII ғасырда Башқұртстанда өтеді. Башқұрттың бай әулетін күйеуі қайтыс болғаннан кейін бәйбішесі Таңқабике басқарады. Оның Жолмырза, Ақжігіт, Ишмұрза деген үш ұлы болады. Жолмырза Шафаққа үйленген, Ақжігітке Зүбәржат сұлуды атастырып қойған. Жолмырза соғыста жүріп қайтыс болады. Ескі дәстүр бойынша ел ағалары жесір қалған Шафақты Ақжігітке қосып, ал Зүбәржатты он бір жасар Ишмұрзаға ұзатпауға шешім шығарады. Бірін-бірі шын сүйген Ақжігіт пен Зүбаржат бұл салтқа көнбей, ақыры ажал құшады. Пьесадағы бай үйінде тұратын диуана бала бір кезде көлденеңнен тауып, дәруішке беріп жіберген Таңқабикенің баласы болып шығады. Оны білетін дәруіш өзінің Шафақтан дәмесі барын айтқанмен, Таңқабике келіспеген соң араға сөз тасып, елді арандатып, ғашық жастардың өліміне себепші болады. Бұлардан басқа, пьесада ауыл ағасы Жалшығұл бейнесі біршама көрінеді. Башқұрт халқының әдет-ғұрпы мен өмір салты қазаққа жақын болғандықтан, тартыс пен персонаждар тағдыры аудармашының жеткізуімен қазақ оқырмандары мен көрермендерін төл туындыдай баурайды. «Ай тұтылған түн» трагедиясы 2007 жылы М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында қойылды (Қоюшы режиссер – О.Кенебаев).

Көрнекті испан драматургі Антонио Буэро Вальехоның (1916-2000) «*Бүгін мейрам, бүгін той*» трагокомедиясы (1956) – адамдық ар-ұят, әлеуметтік әділеттілік мәселелерін зерделеген әлеуметтік-психологиялық драма. Пьесаның оқиғасы 1950 жылдардағы Мадридтің тұрғындары өздерінің жеке және қоғамдық дағдарыстармен бетпе-бет келіп жататын кедей кварталдарының бірінде өтеді. Пьесаның кейіпкерлері кедейліктің зардабын тартып, тағдыр талқысына түсіп жатады. Сонда да үміт пен сенімді серік етіп, өмірдің қатал соққысына түтеп беруде. Шығармада үміт сәулесі мен сенім шырағы ғана өмір тауқыметін көтеруге күш береді. Автор күнделікті тіршіліктің қиындықтарынан тек қана үміт пен сенімнің ғана алып шығатынын шеберлікпен көрсетеді. Бір аулада тұратын көршілер өз-өздерін алдаумен, ешқашан орындалмайтын өзгеріске деген үмітпен өмір

сүреді. Пьесаның өне бойында кейіпкерлер өмірдің тепкісін көріп жатса да, армандау мен қиялға берілуден қол үзбейді, бәрібір тұрмыстары сол күйлерінде қалады. Пьесаның атауы да ирониялық сипатта: бүгінгі күннің мейрам екеніне қарамастан, персонаждар өмірінде еш өзгеріс жоқ екенін көрсетіп тұр. Сонда да персонаждар үміт үзбейді, бірін-бірі жігерлендіріп, болашаққа үмітпен қарайды. Соңғы көріністегі Сильверіо мен Даниэла арасындағы диалогке назар аударалық:

ДАНИЭЛА: Мен біреудің мүсіркегенін жек көрем.

СИЛЬВЕРИО: Жоқ, бұл жолы ол мүсіркемейді... Бұл жолы ол сені өзі аңсап келеді. (Күрсініп). Мен, әрине, маңдайың жарқырап ашылғалы тұр деп айта алмаймын. Бірақ сен өмірден одан артық не күтесің? Тіршілік деген осы. Қарап тұрып қайтіп өтірік айтайын. Сен белің бүгіліп жұмысыңды істейсің, ол емтиханын тапсырады, анаң екеуіңнің тартатын азабыңның көбі алда. Екеуіңе де шыдап бағу керек. Көретін аз-маз рахаты бар, бірақ оның есесіне тартатын тауқыметі де таудай. Жоқ-жітік үйдің бар салмағы өзіңе түседі. Бірақ сен Фидельді сүйесің ғой. Сондықтан да қандай қасіретке де пейіл шығарсың. Солай емес пе?

ДАНИЭЛА: Иә.

СИЛЬВЕРИО: (Көңілденіп, қарынан қысып қояды). Көрдің бе, Даниэла, табан астында өңің кіріп қоя берді. Өмір ылғи осылай, бір күлдіріп, бір жылатып тұрады. Оған тек ешқашан торығушы болма. Ал қапелімде әлгі салқам жігіттің көзі түспей қойса, оған шала бүлінбе! Ертең тағы таң атады...

XX ғасырдағы испан драматургиясындағы сыншыл реализмнің жарқын мысалы болып табылатын бұл шығарманы Ә.Кекілбаев персонаждардың психологиясын ашып, олардың жан әлеміне бойлататындай шұрайлы тіл, шебер өрнекпен аударып білген.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын (грант № АР19678872) ғылыми жоба аясында дайындалды.

Әдебиеттер:

1. Кекілбаев Ә. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Аудармалар. Пьесалар. XV том. – Алматы: Мереке, 2019. – 488 б.
2. Кекілбаев Ә. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Аудармалар. Пьесалар. XVII том. – Алматы: Мереке, 2019. – 384 б.
3. Кекілбаев Ә. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Аудармалар. Пьесалар. XVI том. – Алматы: Мереке, 2019. – 440 б.

ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМ В ТВОРЧЕСТВЕ АБИША КЕКИЛБАЙ

Алқажан Едилхан,
краевед (г.Ақтау)

Аннотация. Статья посвящена философскому анализу творчества казахстанского писателя Абиша Кекилбая, в частности его повести «Колодец». Автор статьи рассматривает произведение через призму философии экзистенциализма, исследуя духовный мир главного героя Еңсепа и его экзистенциальные переживания, такие как страх, тоска, отчаяние и пограничные ситуации. Подчеркивается, что жизнь и судьба героя отражают глубокие социальные и духовные кризисы, актуальные для современного общества. Автор проводит параллели между философскими идеями экзистенциализма и художественным миром Кекилбая, отмечая, что писатель через образы и сюжеты раскрывает экзистенциальные вопросы бытия. Статья также обращается к трудам философов, таких как Отто Больнофф и Альбер Камю, чтобы глубже понять связь между литературой и философией. В заключение автор подчеркивает, что творчество Кекилбая не только отражает экзистенциальные проблемы, но и предупреждает о возможных повторениях исторических катаклизмов.

Ключевые слова: Абиш Кекилбай, экзистенциализм, философия литературы, духовный кризис, пограничные ситуации, страх, тоска, отчаяние, повесть «Колодец», Отто Больнофф, Альбер Камю, казахстанская литература, экзистенциальный анализ.

Известно, что подход к творчеству писателя, поэта с философской стороны позволяет читателю открыть его духовный мир – более затаенный, более интимный, более сокровенный. Данный очерк является попыткой понять А.Кекилбай как мыслителя и что он хотел поведать читателю.

Невооруженным глазом видно, что сегодня с казахстанским обществом происходит процесс невиданный ранее, оттого невозможно предугадывать окончательное последствие его, что возмет верх в этом тектоническом бурлении – разрушение или созидание. Тут наряду с обнадеживающими признаками, есть и явные предпосылки движения к пропасти. Поневоле лихорадочно ищешь – как это происходило у других народов столкнувшихся с аналогичными катаклизмами ранее, чем мы. В произведениях О.Бальзака, Г.Флобера, Г.Мопассана в особенности, предельно четко прослеживаются похожие схемы жизни казахстанцев за последние десятилетия. Это в литературе. А как эти лихолетия были выражены у европейских народов в их философии? На наш взгляд, наиболее близким учением для описания духовного мира тех времен является философия экзистенциализма – и как

обозрение опыта, и как объяснение жизни, и как итог, результат бытия народов того периода. И как рефлексия на катаклизмы тех веков.

Но сначала, нам кажется уместным обратить внимание любопытного читателя на два момента: во-первых, вообще философские течения, в основном, в обозрении свыше, выходят одно из другого, являются углублением, усовершенствованием, преобразованием, иногда критикой, нередко отрицанием, даже отторжением (например, Ницше) первых последующими философами, представляют собой непрерывный вдумчивый восходящий линейный процесс. Однако, когда дело касается философии экзистенциализма, то по-нашему разумению, тут обстоятельства складываются иначе; отсюда, во-вторых, напрашивается вопрос – а разве во времена первых философов не существовали признаки, предпосылки, условия для открытия как явления и последующего исследования экзистенциализма, разве жизнь самого Сократа не напоминает «заброшенность», а его смерть – «пограничную ситуацию», жизнь его современников разве не похожа на «легкомысленную поспешность»? Чтобы ответить на эти вопросы мы можем лишь отослать читателя к трудам немецкого выдающегося философа прошлого века Отто Больноффа утверждавшего, что «По своей сути философия экзистенциализма есть пролог к углубленному пониманию философствования».

Вообще, и писатели, и философы сегодняшнего дня признают, что «литература с сюжетами и образами скорее способна, чем философия, рассказать истину о нашей духовной природе и в мире в целом. Романисты и поэты могут сказать нам гораздо больше, чем философы: повествование предпочтительнее ученых споров и теории» (российская ученая Т.Б.Зайцева).

В этом плане неумолимо притягивает взгляд исследователя произведения А.Кекилбай, особенно его повесть «Колодец».

При этом возникает вопрос: это на каком основании мы должны воспринимать писательскую позицию как философскую?

Когда вчитываешься в строки повести, понимаешь, что жизнь, судьба, действия Еңсеп нуждаются в анализе, слишком уж они напоминают перипетии существования индивидов нашего времени, например, беспримерное число самоубийств – что лежит на основе такого настроения членов общества, какое историко-духовное восприятие окружающей действительности движет ими? А это требует именно философской проверки, анализа, осмысления, экзистенциально-философского толкования произведения. Например, все ли думы, поступки Еңсеп можно отнести к вышеупомянутым категориям философии экзистенциализма? Отвечает ли затронутые в повести жизненные явления полным терминологическим строгостям философской науки? Например, чувствует ли Еңсеп экзистенциальный страх? Когда А.Кекильбай пишет: «Единственный спутник кудукши – страх. Он живет в вечном страхе», и еще: «Всякий раз, когда это малюсенькое светлое отверстие исчезает, вздрагивает вечно

встревоженное сердце Еңсепа, его охватывает страх», он описывает экзистенциальный страх. К тому же у его героя непреодолимо выступают гложащие его глубинную душу скука, тоска и отчаяние, которые по меткому выражению О.Больнофф являются «оттенками данного фундаментального экзистенциального настроения (страха)». Скука у Еңсеп непреодолимая, тоска неизбежная, а отчаяние к концу концов бросило его в пучину.

На наш взгляд, бытие кудукши, впервые в мировой литературе описанное нашим писателем – самое ни на что экзистенциальное, как и его профессия. Сколько ребят в казахской степи в рассвете сил и помыслов погибли, погребенными из-за обвала стены колодца, ничуть не меньше их нашли смерть на дне, отравившись угарным газом, коварно затаившихся в недрах рядом с животворной влагой.

Ремесло это носит зловещий оттенок – напоминает нахождение в гробу: «Каково же человеку, который не раз и не два, а изо дня в день вынужден погружаться в мрачное, отдающее тленом подземелье. То самое, куда он должен быть опущен однажды укутанным в белый саван». «И Еңсеп шептал в такой момент предсмертную молитву».

Проникновенное перо писателя доносит до нас: «Сколько бы колодцев ни вырыл за свою жизнь кудукши, сколько бы ни было удач, его неотступно преследует сомнения, терзает неуверенность». «Долгое одиночество, когда никого нет рядом, когда не с кем перемолвиться; темень и кладбищенская тишина год за годом истачивают самую твердую, самую закаленную волю. Время, как острое лезвие, снимает с человеческого сердца слой за слоем лучшие его проявления и порывы. Кудукши становится все суеверней, мнительней, подозрительней». А это верный признак того, что личность идет к последней черте, к экзистенциальной пограничной ситуации.

Не зря писатель сравнивает колодец с могилой. В этой своей «могиле» Еңсеп тысячекратно обдумывал свое же существование. Здесь он свободен от поверхности, от жизни, от общества. Он тут как бы уже не жив, но еще не умер. В этом экзистенциальном промежутке времени он обдумывает, и обдумывает свою жизнь. Чтобы понять, что такое жизнь, непременно нужно понять, что такое смерть. И Еңсеп понял это. И он в глубине души, в подсознании, как бы хотел хотел уйти от этой неизбежной, гложащей тоски. Хотел обрести облегчение, свободу наконец.

Но он на время забыл о своем экзистенциальном существовании. Вдруг он жаждал славы: «Работал он яростно, ожесточенно, предвкушая долгожданный миг своего величия и торжества». Он был ослеплен невыносимо ярким светом тщеславия. И тут же расплатился.

И здесь писатель как будто говорить с нами, вопрошает нас: «Может быть, это забвение, это упоение предстоящим счастьем тоже имеет экзистенциальный смысл? Эта смерть не случайная. Она даже закономерная, если посмотреть на жизнь Еңсеп с момента рождения до последнего спуска в колодец».

Но как бы соглашаясь с О.Больнофф, наблюдения которого привели к мысли: «В своих следствиях эта философия (экзистенциализма) в конце концов ввела в такое безысходное положение, что проблема ее преодоления оказывается выдвинутой в центральный пункт современной философской проблематики», писатель оптимистично, как бы оправдывая смерть кудукши, пишет: «Колодец прославился как самый глубокий и самый многоводный».

Но. Но все же если Альбер Камю предупреждает, что чума всегда под ногами, Абиш Кекилбай по-восточному емче, образнее, и глубоко пессимистичнее, одновременно остерегающее заключает: «Однако называли его не «Еңсеп қазған (Вырытый Еңсепом)», а – «Еңсеп өлген (Тот, где погиб Еңсеп)»».

В нечастых частных встречах Эбе говорил автору, что он верит в цикличность, неумоляемую, неизбежную повторяемость развития мира, движения историй. В своем превосходном шедевре он предвидел грядущее, его заточенное на тревожное для его возрождающейся нации будущее прозорливый ум чувствовал, что те катаклизмы, парадоксы, смятения умов конца XIX - начала XX веков в конечном итоге бросившие таких индивидуумов как Еңсеп, а через них всю цивилизацию в омут ужасных двух войн, могут вернуться в обозримом будущем.

ӘӨЖ 82-311

«КҮЙ» МЕН «БӘЙГЕТОРЫ»: ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ КОНТЕКСІНДЕ

М. Т. Шоқай,

PhD докторант, Назарбаев Университетінің оқытушысы

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиетінің заңғар тұлғасы Әбіш Кекілбайұлының шығармашылық мұрасы қазіргі қоғамның рухани жаңғыру контекстінде қарастырылады. Автордың повестеріндегі ұлттық құндылықтар, ұлттық сана, рухани ізденіс, дәстүр мен жаңашылдық сынды мәселелерге ерекше назар аударылады. Әдебиетіміздің көрнекті өкілдерінің бірі ретінде Әбіш Кекілбайұлының шығармалары ұлттық болмыс пен рухты сақтап қалудың және жаңғыртудың маңызды құралы ретінде талданады.

Мақалада әсіресе жазушының «Бәйгеторы» мен «Күй» повесі жан-жақты зерделенеді. Шығарманың этнографиялық деректерге бай мазмұны, кейіпкерлерінің күрделі психологиясы мен тағдыры, сондай-ақ, ондағы адам мен қоғам қарым-қатынасы, ұлттық құндылықтар мен рухани құндылықтарды ұлықтау мәселелері талданады. Автор шығарманың мазмұны мен идеялық өзегін ұлттық мәдени код тұрғысынан қарастырып, бүгінгі жаһандану дәуірінде оның маңыздылығын аша түседі.

Кілт сөздер: Әбіш Кекілбайұлы, ұлттық құндылықтар, қоғамдық сананың жаңғыруы, ұлттық сана, жаһандану

Заманымыздың заңғар жазушыларының бірі Әбіш Кекілбайұлының шығармашылық мұрасы қашан да ғылым салаларының объектілері қатарынан түскен емес. Ондағы көркемдік пен шындық, тақырып пен идея, кейіпкер мен автор, тілдік және стильдік ерекшеліктер, көтерілген мәселелер мен философиялық ой-толғамдар осы күнге дейін көп зерттеуге жүк болғаны мәлім. Десек те, қазіргі Әбіштану ғылымында қаламгер туындыларын жаңа қоғамның, жаңғырған сананың контекстінде қарастыру мәселесі тұр. Соңғы онжылдықта еліміздің басты мұраттарының біріне айналған рухани жаңғыру үдерісі әлі күнге өз қызметін түгесіп бітпеді. Бұл процестің ең әуелгі материалдарының бірі төл әдебиетіміздің өнімдері болса, оларды тудырған суреткерлердің алғы шебінде Әбіш Кекілбайұлының болатыны анық. Мемлекет басшысы Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сөзінде «Әбіш ағамыз әдебиет әлеміне келгеннен бастап ұлттық сананы сақтау үшін мол еңбек етті. Ана тілімізді, салт-дәстүрімізді және төл мәдениетімізді дәріштеп, халқына адал қызмет етті. Ұлттық болмыс пен ұлттық рух Әбіш Кекілбай шығармаларының діңгегіне айналды» [1] деп, қаламгердің қазақ халқының рухани түлеуіндегі орнына қатысты салмақты пікір білдірген болатын. Сол себептен де тірісінде «Қазақтың тандайы» атанған абызымыздың шығармашылық мұрасын, солардың ішінде повестеріндегі ұлттық құндылықтар пен ұлттық сана, рухани ізденіс, дәстүр мен жаңашылдық, тәлім-тәрбие, парасат пен пайымды қазіргі жаһандану заманында, мәдени трансформация кезеңінде дәуір призмасымен қарастырудың маңызы зор.

Әбіш Кекілбайұлының қаламынан туған повестердің қай-қайсысы да өзінің қызықты мазмұнымен, күтпеген шиеленістерімен, өзінді баурап алатын көркем суреттеулерімен, күрделі, әрі қайшылыққа толы кейіпкерлерімен ерекшеленеді. Олардың әрбірінің астарында авторлық ұстаным мен суреткер көтерген мәселелер қабаты жатыр. Ендігі кезекте осынау мәдени игіліктердің қоғамдық сананың жаңғыру қызметіндегі орнын айшықтаған жөн. Бұл процестің бастамашыларының бірі Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлының жолдауларында ұлттық сананың кемелденуін ұлттық жаңғырудың көрінісі ретінде айқындайды [2]. Сонымен қатар, ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамы санасының сын-сипаттарын бейнелей отырып, қоғамның бәсекеге қабілеттілігін, шешімді парасатқа байлап, салдарды бағамдай алатын прагматизмді, ұлттық бірегейліктің сақталуын, білімнің салтанат құруын, елдің эволюциялық дамуы мен сананың жаңалықтарға ашықтығын жаңғырған қоғамдық ойлаудың үлгісі ретінде ұсынады. Десек те, бұлай атап өту күрделі құбылыстың қазіргі қазақ қоғамына қаншалықты қажетті екендігін нақты көрсетпейді, өйткені кез келген жаңғыру процесі қандай да бір тоқыраудан кейін болатын заңды құбылыс. Әлемдік әлеуметтану, философия, психология, тіпті әдебиеттегі

ағымдар мен бағыттар осындай қозғалыстардың әсерінен өз сипатын аударып кетеді. Жаңғырудың ең жарқын үлгісі ретінде Еуропадағы қайта өрлеу дәуірін, Жапониядағы Мейдзи қоғамдық-саяси түлеу кезеңін, АҚШ-тағы азаматтық қозғалыстар мен Орталық Азиядағы елдердің посткеңестік кезеңдегі түрленулерін атап өтуге болады, ал оның өзі де өзіне дейінгі канондардан жалығу, жеріну, өз бастауына қайту, үлкен дамуға деген талпыныстан орын алды.

Қазіргі қазақ қоғамы кешегі отарлық қамытын киген кезде жоғалтқан құндылықтарын әлі күнге түгендеп болған жоқ. Түгендегеннің өзінде де ұлттық сананы қалыптастырып, ойдағы өткен күннің кесірлі сарқыншақтарынан құтылу үшін үлкен жұмыстар керек-ақ. Оған қоса, тұтас әлемге бет қаратпай енген жаһандану үдерісінен біздің еліміз де қашып құтыла алмайды. Мұндай өзгерістер халқымыздың әр саласына ықпалын тигізбей қоймайды. Тарихтан белгілі, әр тоқырау не гүлденудің, не жоғалудың басы. Осындай сын-сағаттар тұсында қазақ халқы өзінің дербестігін сақтап қалуы керек, ал ол үшін қоғамдық сананың жаңғыра отырып, бір арнаға тоғысқаны құп, сол себептен біз көркем шығармалардың көпшіліктің ішкі қажеттілігін өтей алатын мүмкіншілігіне жүгінеміз. Мәселен, қазақ зиялылары орыс өкіметіне тәуелді болған кезде де өз үнінен, өз принциптерінен бас тартпады. ХХ ғасырдың басында қалыптасып, дамыған қазақ романына Мұхтар Әуезовтей кемеңгер келіп, Абайдың әдеби тұлғасын жасаса, оның ізін жалғағандардың бірі Ілияс Есенберлин, бірі Әбіш Кекілбайұлы, бірі Мұхтар Мағауин болатын. Әбіш Кекілбайұлының «Елең-алаң», «Үркер» тарихи романдары да қиын-қыстау заманды басынан өткізген қазақ халқының тарихын жеткізіп қана қоймай, оқырманды елең-алаң уақытта Үркердей ұйысып, амал табуға шақырғандай туындылар болатын.

Осындай туындылардың қатарына Әбіш Кекілбайұлының әр шығармасын жатқызуға болады. Мысалы, қазақ әдебиетінде өзінің кейіпкерімен, кейіпкерінің психологиясымен ерекшеленіп тұратын жазушы повесі «Бәйгеторы» да қазіргі қоғамдық сананың жаңғыруы жолында берері көп туындылардың бірі. Көп оқырманға бәйге атының аянышты тағдырын баяндайтын, адам мен табиғат, жан-жануарлар қарым-қатынасы мәселелерін көрсететін шығарма боп көрінсе де, оның тереңде жатқан толғамдары, заманауилығы мен жаңашылдығы тұрасында біраз сөз етуге болады. Ең әуелі, повестің тақырыбына қазақ халқының көне ұлттық өнері атбегілік негіз болған. Басынан соңына дейін шығарма мазмұнына кірістірілген этнографиялық деректердің көптігін байқауымызға болады, тіпті кей тұстарда ат сынау, ат жуасыту, ат баптаудың анық та нақты нұсқаулықтарын көре аламыз. Мәселен, келесі үзіндіде автор ат жаратудың алғашқы қадамдарын көркем кестелей білген: «Терісі жылтырап семірейін деді. Енді-енді қазы жия бастағанда, Сейіс бұны шүйгін шөптен айырып алды. Киіз үйдің күн батыс қасындағы бұлтық-бұлтық бұжыр тастан қалай салған тәпелтек үйге кіргізді. Үстіне қыз-қыз қайнаған зілдей жабу жапты.

Шілде тамызда көмілтіп қымтап қойды. Өне бойы тер алып еріп барады... Бірер күннен соң ағыл-тегіл тері тыйылды. Өне бойын ұсақ жабысқақ алып, дымданады да тұрады. Әлсін-әлі топатайға су қосқан сүт құйып әкеп қылқ-кылқ жұтқызады. Тойғыза жемдемейді, қандыра суармайды» [3, 235]. Бұлардың барлығы қазақ халқының мәдени кодының бөлшектері, автор оларды кірістіру арқылы қазақ халқының ұлттық ерекшеліктеріне терең бойлайды.

Екіншіден, повестегі идеяның оқырман танымына түсірер салмағы орасан зор. Бәйге аттарының байқаулары, әрине, бәсеке мен бақталастықтан ада болмайтыны анық. Әуелі оның зардабын шығарманың басты кейіпкері Бәйгеторы тартады. Сейістің қолына түсіп, бабына келген жылқының тағдыры жарық етіп ағып түскен жұлдыздың трагедиясындай суреттеледі. Бәйгенің басын бастап жүрген сәтінде барлық құрмет-қошеметке бөленген Бәйгеторы алғашқы жеңілісінен соң-ақ көпшілік үшін ұмытқа айнала бастайды. Тіпті шығарма шешімінде зұлымдардың соққысынан көзсіз қалған жартыкеш бәйге аты хат тасыған пошташыға да керек болмай қалады: «Содан бері бұл кімнің тақымына түспеді! Ең әуелі бір егінші мінді. Сосын қорықшы мініп, мал қайырды. Шикі кірпіш соғатындарға саз балшық басып та көрді. Ең соңында почта тасып еді, почташы жуырда осы ауылдың тұсынан өтіп бара жатып, жол-жөнекей машинаға отырып, бұны тастап кетті. Қайтып соққан жоқ» [3, 254]. «Ең мықтылар ғана өмір сүруге лайық» деген сықылды өмір заңдылықтарын негізге алар болсақ, онда басты идеяны тарылтып, шығарма өзегін аттың трагедиясынан, адамның зұлымдығынан іздер едік, ал олай ету әдеби шығарманы талдаудың принциптеріне сәйкес келмейді. Өйткені, әдеби шығармадағы мифологиялық, фантастикалық, аң-құс кейіпкердің барлығы да түптеп келгенде адам болмысы, адам тағдыры, бұл шығарманы алсақ, адам трагедиясымен байланысып жатады. Ал бұл тұста бәйге аттарының тағдыры бірнеше циклмен көркем кестеленген. Автор Бәйгеторы алмастырған тұлпарды, Бәйгеторы қызыға көз сүзе қараған Көк дөненді суреттеу арқылы қоғамдағы керексіз қалып жатқан асыл адамдардың тағдырын, олардың асылдығын тек жеңістер мен жетістіктер арқылы өлшейтін қоғамның әдетін сынайды. Мұндай туындылар ел ішіндегі бәсеке, бақталастық, сайыс, асылдың қасиетін болымсыз критерийлермен өлшеу, пайдасыз болса, керексіз ету секілді мәселелерді әйгілейді, біз үшін норма боп қалған кейбір түсініктерді бетке шығарады.

Мұндай повестердің ізін «Күй» туындысы жалғайды. Заманында қоғамға «мәңгүрттік» ұғымын ала келіп, көпшілікті дүр сілкінткен жазушының қазіргі жаһандануға ұмтылған қоғамға берер тағылымы көп-ақ. Шығарманың түрікмен мен Адай рулары арасындағы жаугершілік заманды тақырып етіп алуы, автордың бейбітшілікке деген көзқарасын айшықтайтын болса, кектің құрбаны болған Жөнейіт, зұлымдықтан жазықсыз жапа шеккен күйші Абыл, Дүйімғара туралы автордың суреттеулері, шығарманың күймен басталып сазбен аяқталуы, әңгіме ішіндегі әңгіменің,

әр ой-толғамның өзіндік мәні бар. Тыныштық – ғаламдық құндылық, кез келген зиялы қауымның өкілі соғысты қолдамайды, ұрысты сынайды, бұзақыны айыптайды, ол – түсінікті дүние. Мұндағы Абылдың өлімі – қазақтың ғана емес, жалпы адам баласының күй өнері, саз өнеріне деген асқан қатігездіктің көрінісі және оның құдірет-киесі турасында баян ету. Осындай ашу мен кек секілді ақыл бұғатын сәттерде адамзат қоғамының аяулы құндылықтарына қиянат жасалғаны және оның салдары өлімге қиған Жөнейіттің өзіне тиюі – автор айтқысы келген салматы ой, тағдыр қайтарған қарымта. Шығарманы басы мен соңын күймен, сазбен аяқталуы Абайдың:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең [4,52], –

деген өлең үзіндісін немесе Есқалидай дүмшеге

Атамыз адам пайғамбар.
Жеті сазбен жерге кеп,
Күй шертті деген бар.
Ол күндегі о да саз,
Бұл күндегі бұ да саз.
Сазды күнә деп жүрген
Молдеке, сенің ақылың аз [5], –

деген Қашағанның толғауын еске түсіреді. Әбіш туындысы да жоғарыдағы игі-жақсылардың шығармаларындағы ойды жалғастырып, қазіргі әр түрлі топтар мен мүдделес ұйымдарға, дәстүр мен дінді кіріктіре алмай жүрген қоғам өкілдеріне қарата айтылғандай болады.

Шығармадағы тағы бір ескеретін нәрсе – қапырықта кеберсіген қу дала, оның сипатталуы, оған автор мен кейіпкерлердің қатысы. Кез келген рухани жаңғыру ұлттық бірегейлік мәселесін көтермей, өз жемісін бермейді. Қоғамдық сана үшін ортақ дүниелер неғұрлым көп болғаны жақсы. Мына бір үзіндіге назар салайық: «Құрбан ақсақал жасы жетпістен асса да, сыр алдыра қоймаған сіңір қара шал. Жұмыртқадай шап-шағын басын қақшаңдатып шапшаң сөйлеп, шапшаң қимылдайды. Кеше бұлар тек жылмиған жазық қой деп жүрген қара жондағы қоңыр жусанның арасынан еміс-еміс көзге түсетін әр бұдырға ат тауып береді. Қапелімде соның бәрі сыртынан көзге түсер-түспес елеусіз көрінгенмен, аттары дардай. Өне бір қалың бұйығының қақ ортасында қалып, айналасына құмырсқа илеу салған көк тастың аты – «Қанжар жаныған», ал ана бір жалғыз қылауытқан тоқымдай кебірдің аты – анау-мынау емес «Қол қырылған». Құдды баяғы бабаларымыз көз сүрінтпес тегіс дөңнің бетінен өздігінен көзге шалына қоймас елеусіз белгі-жұрнақтардың бәрін де, ең болмаса, есіміне назар аударып тұрсын деп әдейі дабырайтып атаған тәрізді. Не де болса, Құрбан ақсақал келгелі картаның беті шүпірлеген жазуға толып кетті» [6, 6]. Қарап отырсақ, автор шендестіре отырып, көптеген ойлардың шетін ашқан. Әуелі Құрбан шал мен геодезистердің көрінісіндегі жастық пен қарттық, жұмыртқадай шап-шағын бас пен ел білмейтін атаулар мен аңыздар, көзге көрінбес, елеусіз болса да аттары дардай дөң бетіндегі белгі-жұрнақтар –

кешегі болған алып оқиғалардың әр таста, әр қуыста өз тарихы мен тағылымы жатқанын, одан көпшіліктің хабарсыз болып, «әдейі дабырайтып атаған» деген сынды келте тұжырымдардың соңында өз өткеніне лайықты баға бермей, қадірлемей жүргенін көрсеткендей.

Жазушының қай шығармасы да адам баласының рухани қажеттілігін өтеуге қауқарлы. Ондағы ұлы идеяларды ұлттық құндылықтар көркейтеді, аңыз бен мифтерге жан бітеді, эстетикалық талғамыңды өсіріп, көкірегіңе осыған дейін мазаламаған ой шоғын тастайды. «Бәйгеторы» мен «Күй» повесі де осындай қызмет-міндеттерді өз деңгейін орындап қана қоймай, әлі күнге дейін өз оқырманын көбейтіп келеді.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын (грант № АР19678872) ғылыми жоба аясында дайындалды.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әбіш Кекілбайұлы ескерткішінің ашылу рәсімінде сөйлеген сөзі. 2019 жылғы 10 қазан. Сілтеме: https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abish-kekilbaiuly-eskertkishinin-ashylu-rasiminde-soilegen-sozi. Қаралған күні: 23.10.2024
2. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір. Сілтеме: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy. Қаралған күні: 23.10.2024
3. Кекілбаев Ә. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 408 бет.
4. Құнанбайұлы А. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1978. – 240 бет.
5. Күржіманұлы Қ. Бұл дүниеде не жетім. Айтыс, дастан, өлең арнау, толғаулары. – Ақтау, 1991. – 89 бет.
6. Кекілбайұлы Ә. Күй. Повесть. – Алматы: Өнер, 1980. – 88 бет.

ӘОЖ 82.09 (574)

Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨНЕР АДАМДАРЫНЫҢ БЕЙНЕСІ

Б.А.Каримсақова,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және

инжиниринг университеті Ақтау қ.
Г.Е.Дүйсенова,
ЖШС «Каспий өңірі «Болашақ» колледжі, Ақтау қ.

Аңдатпа. Әбіш Кекілбаевтың прозалық шығармаларында өнер адамдарының бейнесі ерекше орын алады. Оның шығармаларында өнер адамдары тек қана өз өнерімен ғана емес, сонымен қатар олардың ішкі әлемі, рухани ізденістері мен адамгершілік қасиеттері де көрініс табады. Кекілбаевтың кейіпкерлері көбінесе өмірдің қиындықтарына төтеп беріп, өз өнерін сақтап қалуға тырысады. Олар үшін өнер - өмірдің мәні мен мағынасы, рухани байлықтың көзі.

Тірек сөздер: ақын, сыншы, прозаик, күй, күйші Абыл, домбыра, құдықшы Еңсеп, кейіпкер, қазақ әдебиеті, повесть.

Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» және «Күй» повестері оның шығармашылық мұрасының маңызды бөлігін құрайды. «Шыңырау» повесі жазушының шығармашылық мұрасының маңызды бөлігін құрайды. Бұл шығармада автор қазақ халқының дәстүрлері мен мәдениетін, сондай-ақ адамның рухани ізденістерін терең зерттейді. «Шыңырау» повесінде басты кейіпкердің өмірі мен оның қиындықтары арқылы автор адамгершілік, рухани байлық және өнердің маңыздылығын көрсетеді. Ал «Күй» повесінде автор Абыл күйші аруағына ескерткіш ретінде арнап, шығарманың негізгі идеясын бейбітшілік пен адамгершілік үшін күрес ретінде көрсетеді. Әбіш Кекілбаев күй өнерінің құдіреті арқылы бұл мәселелерді шешуге тырысады. Бұл повестерде өнер адамдарының бейнесі арқылы автордың рухани ізденістері мен адамгершілік қасиеттері көрініс табады. Әбіш Кекілбаевтың кейіпкерлері өз өнерін жоғары бағалап, оны сақтап қалу үшін күреседі. Бұл шығармаларда өнер адамдарының бейнесі арқылы автордың өз өнеріне деген құрметі мен сүйіспеншілігі көрініс табады.

Ә.Кекілбаевты біздің қазақ оқырманы, қазақ қоғамы ең алдымен ақын, жазушы ретінде таныды. Кекілбаев толғанса – роман, көсілсе көсемсөз туады деп айтушылар да көп. Туындыларының көрінісі көркемдігімен, кейіпкер бейнелері шежірелі шешендігімен, оқиғасы тарихи деректілігімен қатар өріліп, астарлы сөз, ой дариясының тұңғиығына шомылдырады. Прозалық шығармаларында «Шыңырау», «Күйші» повестерінде өнер иірімінің өресі мықты екені байқатады.

Ә.Кекілбаев 1971 жылы «Шыңырау» повесін жариялады. Бұл шығарманың атына заты сай, адам жанының тұңғиығына терең үңілетін, оқырманға өмірдің қатал шындығын тағы да еске салатын аса бір ойлы туынды екені даусыз.

Ә. Кекілбаевтың «Шыңырау» атты шығармасында да құдықшы Еңсеп арқылы рухы биік, тілек-ниеті таза адам болмысын танимыз. Бар өмірін қыр қазағы үшін қат нәрсе - құдық қазу өнеріне арнаған Еңсеп бейнесі жүрекке жақын, оқырманына жылы ұшырайтын бейне.

Қаламгер бұл повесінде сирек кездесетін ауыр кәсіптің адамдары – құдықшылар әулетінің тағдырларын алға тартады. Бұл ауылдан шыққан Дәріжан құдықшының да өмірі осы құдық қазумен өтіп еді. Осы шығармасының өзі де жолды суреттеумен басталады. Кейіпкердің бар өмірі жол үстінде, нәпақасын табу мақсатында алыс шалғай жерлерге жол жүріп, елдерге құдық қазумен байланысты екенін көрсетіп кетеді. «Құдықшының қырантопан қызыққа белшеден батқан берекелі өмірі жоқ. Түксиген сыз қабырғалар мен су қиыршық топырақтан басқа, екі иінінен аждаһадай айқара басқан көрқараңғыдан басқа көргені де шамалы. Біраз оның осы қара көр қуыс пен бір шөкім сұрқай өмірінен бөгде ойлайтын да ештеңесі жоқ еді» [1,12].

Дегенмен Еңсеп өз еңбегінің ертеңгі ұрпақтың кәдесіне жарарына, өзі қазған құдықтан су ішкен жамағаттың мейірі қанып рахаттанатынын іштей көз алдына елестетін Еңсеп еңбегінің елі үшін еш болмайтынына сенеді. Ол үшін осыдан асқан рахат, бұдан асқан бақыт жоқ. Мал үшін өлермен тіршілік кешкен көшпелі жұрттың ертең-ақ Еңсепті ең жақын кісісіне балап, қазған құдықтарын «Еңсеп қазған», «Еңсеп құдығы» деп атарына да шүбә келтірмейді. Жастайынан жетім көкірек болып өскен Еңсеп еңсесін көтеріп азамат болғанда осы кәсібімен елге қол ұшын беруді ойлаған.

«Автор образы оның сюжеттік – фабулалық, композициялық деңгейлердегі эмоционалдық көрініс беру сәттері оның әр алуан текст қабаттарын мағыналық реңктермен безендіруі және әңгімеші кейіпкер әлеміне ұтымды көше білу нәтижесінде қалыптасады. Әңгімеші – кейіпкер атынан сөйлегенде жазушы өз көзқарасынан айни соқпайды да, бейтарап қалыпта болғанды персоналдарды субъективтендіру арқылы әдеттегі белгілі объективтілік тұрғысынан көтеріледі» [2,87], - профессор Б.Майтанов.

Жазушы да өз кейіпкерінің өткен өміріне үнілдіре отырып, оқырманын да «асылы, адам көңілі өмірдің көп өткіншісі шұбырып жататын айдау қара жолының үстіндегі қайыршының кетік тостағаны сияқты; өткіншілердің біреуі у тамызады, біреуі бал тамызады; өншең у болса, әлдеқашан жер қабар едің, аз да болса, анда-санда бір тамса да, жер үсті тіршіліктің тәттілігін сездіріп, таңдайыңды татытып кететін балы бар ғой тағы да. Адамның есінен қанша танғанымен, есірік дәмеден қол үзбей, ылғи әлденеге тырмысып, арам тер боп жүретіні де сондықтан шығар» деп ойға шомдырады, тіршілік тағылымына түйін жасайды.

Еңсеп тағдыры – қайғылы тағдыр. Ол өзі қазған шыңыраудың «Еңсеп қазған» емес «Еңсеп өлген» аталарын сезбеді. Десе де, суреткер пайымында Еңсеп қайта тіріліп, қайта құдық қазатындай әсер қалдырады. Бұл түсінікті де. Жазушының өз сөзімен айтқанда: «Еңсептің де жастық дәурені – алыс жолда ай батқанша жүріп-жүріп кеп, тек таң алдында ғана бел шешпей сұлай кетіп, көз шырымын алған суыт жүргіншінің таң ұйқысындай тым тәтті, тым қысқа болды» [1, 15].

Еңсеп сол қиыншылықтарға мойымай, аянбай еңбек етіп, артында өшпестей мұра қалды. Ол қазған құдық киелі құдық, және солай болып қала бермек.

Еңсептей рухы биік, жаны таза, ниеті түзу, кісілігі мол азамат қоғамның қымбат қазынасы.

Сондай-ақ күй өнерінің, күйші өнерінің өнегесін, ғибратын, өмірлік маңызы мен мәнін танытуда Ә. Кекілбаевтың «Күй» повесінің орны бөлек. Шығармада ерекше дараланып көрінетін шындық құбылыстардың қатары күйшінің күйшілік өнері арнасында суреттеледі.

«Күй» повесінде негізінен жеті жұртты ел қылған, «жеті жұртты жер қаптырған»

Маңғыстаудың атадан балаға кететін талай өшпенділік оқиғасы сөз болады. Қазақ пен түрікпенге татулық жетпей, иен далаға таласқан кер заманның бейнесін көресің.

Қазақ күйшісінің түрікпендердің қолына тұтқын болып түсуі, одан өрбіген оқиғалар желісі, тұтқын болған күйшінің күйінен төгілген күйдің күдіреті, өмір шындығына негізделген оқиғалар өзегі арқылы терең ашылады.

Повесте геодезиялық барлау жұмыстарын жүргізіп жатқан топпен бірге болған Құрбан қарттың сол жердің тасын да, құмын да тіпті, керек десеңіз қабірдің де тарихын жетік білетін қария ретінде танылады. Жасы жетпістен асса да, қимылы ширақ, сөз жүйелі, терең, оның үстіне асқан күйші.

Повестің басты оқиға желісі осы Құрбан қарттың дутарда ойнаған күйінің сарынында жатқан тарихқа негізделген. Күй сарынынан қазақ пен түрікпен батырларының арасындағы тартыс пен талас байқалады. «Бәрін де көріп, бәрінен де торығып, бәрінен де сырт айналып, іргеге қарап бүк түсіп жатып алған кәрі дананың үй ішінде өзінен басқа адам қалмаған бір сәтте көкірегін кеулеп, жүрегін сыздатқан мұң-наланы бір лықсытып онаша күрсінгендей, өткен мен кеткенді, дәл қазір қасында кәрі жүрегін тілімдеп жатқан пәтуасыз көп күйбеңді, не күлдіретіні белгісіз, ең бұлдіретіні белгісіз беймәлім ертеңді ойлап күрсінгеніндей, ыңылы баяу, лебі ыстық күй сазы шымыр-шымыр өніп, бірте-бірте ширығып барады. Күй көкірегі өрепкіген сайын түрі жоқ, тілі жоқ мынау мақау дала бетінде әдемі әшекейі болмаған соң ешкім көзіне ілмей, оқып та көрмей, бір шетке ысыра салған көнетоз сұңғыла кітап сияқтана түсті. Сиқыр күй мелшиіп жатқан меңіреу даладан таң атқалы бұның қиялын әр саққа сабылтып жүрген көмескі елестерді қайта тірілтті» [1,56].

Күйді тербеле тындаған барлау экспедициясының маманы Сырымның көз алдына иен далада арпалысып, көк сүңгісін көтеріп, жер түбінен айбат шегіп келе жатқан қалың қол елесі көрініс бергендей болады. Бірі түрікпен, бірі қазақ екі батырдың өзара егесіп, бірінің аулына бірінің шабуыл жасауы, ашық далада бетпе-бет кездесуі, кездесудің жекпе-жек шайқасқа ұласуы,

шайқаста қазақ батыры Дүйімқараның түрікмен Көкбөрі батырды жеңіп, тірідей көрге көміп кетуі – ыза мен кекті жандандыра түседі.

Бұл оқиға көрші отырған екі ауылдың арасын өршіте түседі. Қарымта қайтаруға шыққан түрікмен иесі сайлауыт қолға өзінің күйші баласын басшы етіп қосады. Сол жолғы жорықта күйші батыр мерт болады. Осыдан түрікмендердің қайғысы да, кегі де күшейе түседі. Тұтқынға түскен қазақтардың басына түйенің терісін қаптап, естен тандырады, мәңгүрт етеді, тұтқынға түскен ару қыздарды күнге айналдырады. Дегенмен де түрікмендерге орны толмас қаза, жанды жеген жаза көңілдерін баса береді. Баласының өлімі ауыл иесін қатты қайғыға, азаға салып кетті. Өлген ұлдың өтеуіне тұтқынға алынған қазақ жігіті де күйші болып шықты. Өлеріне көзі жеткен күйші айналасына айтарын күймен жеткізгісі келеді. Домбыраның шанағынан күйшінің тұтқында отырып көрген қорлығы, азабы мен мазағы, ащы ызасы мен айыбы, өкініші, күйініші сеңдей соғылысып шығуда.

Күйшінің көңілі де, домбыраның сазы да қырық құбылып құйқылжиды. Ақырында көңіл де, күйде бір арнаға түсті. «Күй тынды. Күйші домбырасын сылқ еткізіп тізесіне тастай берді. Тәкаппар батыр көзінен ыршып кеткен түйдек жасты сұртуге арланды. Екі айғыз жас мұртының шалғайына ілігіп, одан тамшылап сақалына құйылды. Қаршығадай шүйліккен күйші де еңсесін түсірген жоқ. Маңдайына шыпшып шыққан терін сұртпеді» [1,58].

Жазушы күй сазының мазмұны арқылы ашылатын өмір туралы, өмірдің мәні туралы ұсынып отырған ойына үлкен тереңдік, теңдессіз жасампаз күш сыйғызады. Бұған дейін өмірдің, жалпы тіршіліктің мәнін күштен, өзгеден айбынын асырудан, мерейінің үстемділігін сол арқылы жүргізуден тауып келген, өзінен кейінгі ұрпағына да осыны ғибрат, өсиет етіп келген, өмірінің саналы кезеңін түгел осы мақсатқа жұмсап келген Жөнейіт күй сарынында айтылған сыр мен мұңнан басқа көзқарасты ұғады. Күй сазы Жөнейіттің көз алдына өзінің батырлық намысқа шапқан тоңмойындығынан өнер жолын тастап, батырлық жолға түскен, сөйтіп сол жолда мерт болған жалғыз баласының қазасын, сол қазадан көкірегін шаншып, тұмшалап алған азасын, баласымен қатар күй жарыстырып келген күйшінің өз жарлығы бойынша көрге тірідей көмілуінен, жан түршігерлік өлімінен алған әсерінің күй сарынымен тереңдеп, мұның бүкіл жан-дүниесін, жұлын-жүйкесін тұтас баурап, билеп алған бебеулеген наласын санасына терең сіңіреді.

Күй сазы мұның көз алдында тірі елеске, бейнеге айналып, санасын сарылтады, ұйқысын қашырады, еңсесін езеді. Ақыры өмірінің, ісінің таным тұрғысының баянсыз, алдамшы, өткінші дақпыртқа бола құрбандыққа шалғанын кеш ұққан жайына күйінулі күйде ол көз жұмады.

Ә.Кекілбаев өткір оқиғалар негізінде кейіпкер болмысына терең үңіле білді. Ол – адам табиғатының зерттеуші психологы. Мәселен, осы повесте жазушы Жөнейіттің басындағы психологиялық тартысты қорытынды түйін ретінде көрсеткен. Қанша баскесер, әділ, қатал қол басы болғанмен ол да

пенде. Оның пендешілігін ашуға бір оқиғаның өзі жетіп жатыр. Қазақтың күйшісін жазалау Жөнейттің өз басын да жұтады. Оның өнер қуған баласын жорыққа аттандыруы да жалған намыстың көрінісі. Атақты батыр тұқымының жын-ойнақ қуып кеткені оны қатты мазалайды. Алайда ел-ел болып жорыққа аттанып, кек қайыратын шапқыншылық заманның өтіп бара жатқанын ол сезбейді. Күйшіні жазалау да оның дұшпандарына жасаған сес көрсетуі еді. Бұл оны кек қайтару деп түсінеді.

Сөйтіп күйшіні жазалау Жөнейттің өз басына сор болып жабысады. Жан дүниесіндегі арпалыс оны күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырады. Көзін жұмса, көретіні – бір түс. Ол – күйшіні тірідей көмгенінің өкініші. Жазушы повестің басынан соңына дейін осы түсті қайталайды. Себебі, ол – негізгі шешуші деталь. Түсінде ол қу бастан қашып келе жатып шошып оянады. Төсектен атып тұрып, қос құлағын қолымен баса есікке қарай қашады. Әлденеге сүрініп, маңдайын есіктің маңдайшасына ұрып алған ол табалдырық үстінде жан тапсырады.

Жазушының қазақ, түрікмен елдерінің әдет-ғұрпын салыстыра суреттеуі де тартымды. Өлікті шығару рәсіміне қатысты екі елдің әдет-ғұрпын бүге-шүгесіне дейін суреттеу – оның өмірді жақсы білетіндігінің көрінісі.

Ә.Кекілбаев «Күй» повесінде екі бауырлас ел түркімен мен қазақ арасындағы қарымқатынасты жазған десек-дағы сол шығарма барысында оның сюжетіне жанама түрде басқа да мәселелерді қосып жібереді. Сол повестегі «мәңгүрттер» көрінісі немесе «тұтқын қазақ күйшісінің өнеріне түрікмендердің сүйсінер сәттері», міне, осындай оқиғаларды араға кіргізіп, шебер қиюластырып, сол арқылы белгілі бір көкейде жатқан маңызды проблемаларды, идеяларды беріп отырады.

Ә.Кекілбаев шығармасына тән айта кетер тағы бір жай жалпылықтан көрі нақталай суреттеуге жақындығы бірінші орынға лирикалық кейіпкер шығып, оқиға соның төңірегінде өрбіп жатады. Әсіресе, кейіпкер жан дүниесіндегі лирикалық толғаныстар басым. Қаһармандар монологын суреттеуде жазушы шеберлігі әр қырынан көрінеді. Бірде кейіпкер монологы авторлық баяндауға ұласып жатса, енді бірде авторлық баяндауды монологке ұластырып, жігін білдірмей жібереді. Кей сәттерде оқырман авторлық баяндау мен монологты ажырата алмай қалатын кезеңдері де болады:

«Осы бір ұқсастықты, мәнсіз абыр-сабырды адамдар өздеріне өздері қасақана ойлап шығарғандай. Мынау ұлан-асыр шалқар болмыста әрқайсысы алды алдына шалқайып жүруге жер жетпегендей бір-біріне соқтыға-қақтыға жөңкілетін әне біреу сүрлеулерді, кеңістікті кеңірдегінен алып қылғындыратын жолбарыстай көріп, төрт жағына төрт тас жақтаумен қоршап, қыспаққа алып тұратын әне бір тас табыттарды тауып алыпты, сондай бірінен-бірі аумайтын тас қорапшалар арасында, сұрықсыз сұрқай илеуде біріне-бірі соқтығып, құмырсқаға құжынап жүріп бір-бірімен атақ таластырып әлек болады. Осынау мәнсіз илеу біріне-бірі соқтыққан

құмырсқаларын да мәңгіртіп жібергендей. Әйтпесе, мынау ұлан-асыр кеңістікте бет-бетіне ыдырап жүрмес пе еді, сонда олардың әрқайсысын жекежеке қуып жүріп өлтіретін кім бар дейсің? Ал мынандай бажынап жатқан илеуді бір жайпап кетуге қай жау қызықпайды. Өзге илеулерді аямай таптап жүрген атақты билеуші өз илеуін жылдан-жылға құжыната түсуде. Тап осы салып жатқан мұнарасының қажеті қанша... Көлденең көк аттының көзіне түртіп, екі аяқтылардың тағы бір илеуі бар деп жау шақыруға ма... Әлде, мынадай қапас илеуге жуымаңдар, маң түзден айырылмаңдар деп ел үркітерге ме... Неге керек?.. Не үшін керек?.. Оны өзі де білмейді» [3,25]. Мұнда кейіпкер даусымен қатар автордың ойы да қоса баяндалып, үнемі ауысып келіп отырады. Бірін-бірі толықтырады. Жазушы кейіпкер ішкі жан сезімін терең толғап жеткізе біледі. Кекілбаев кейіпкер жан әлеміндегі психологиялық алуан құбылыстарды тап басып, дәл баяндап беруге шебер. Өнердің негізгі мақсаты «адам жаны туралы шындықты жай сөзбен айтып жеткізе алмайтын жүрек құпияларын суреттеу табылады. Өнер микроскоп тәрізді, оның тетігін біліп туралай алған автор ғана адамның ішкі жан дүниесін, айшықтай алады» [4,33], - деп жазады А.Н.Толстой.

Жазушы өнер жолын түрлі деңгейде танытады. Оқиға желісінде білектің күшіне өнердің күші қарсы қойылады, білектің күші жеңе алмаған құдыреттің өнердің күшіне бас иген жайы неше алуан сырға жетелейді. Өнер жолының баяндылығы арқылы билік жолының баянсыздығы, жалғандығы туралы үлкен ой түйінделеді.

Әдебиеттер:

1. Кекілбаев Ә. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 352 б.
2. Майтанов Б. Зерттеу. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.
3. Қабдолов З. Жебе.Әдеби толғаныстар мен талдаулар. – Алматы: Жазушы, 1977. -199 б.
4. Толстой А.Е. Собрание сочинений. Т. 53. стр. 94.

ӘОЖ 82.09 (574)

Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР БОЛМЫСЫНЫҢ АДАМШЫЛЫҚ СӘУЛЕСІ

Б.А. Каримсакова,

*ф.ғ.к., доцент. Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті*

Аннотация. Бұл мақалада Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау», «Күй» повестері қарастырылады. «Күй» повесін автор Абыл күйші аруағына

ескерткіш дейді. Шығарманың негізгі идеясы – бейбітшілік пен адамгершілік үшін күрес. Әбіш оны күй өнерінің құдіретімен шеше білген.

«Шыңырау» повесі арқылы Еңсептің бойындағы туған елге, Отанға деген сүйіспеншілігін тереңінен насихаттау. Повестің мазмұны мен идеясын дәріптеу. «Шыңырау» повесі арқылы қазақ жастарының рух жігерін оятып, туған жерге, Отанға, табиғатқа, Жер Анаға деген махаббатын, сүйіспеншілігін жандандыру мақсаты көзделеді.

Тірек сөздер: ақын, сыншы, прозаик, күй, күйші Абыл, домбыра, құдықшы Еңсеп, кейіпкер, қазақ әдебиеті, повесть.

Ә.Кекілбаевты біздің қазақ оқырманы, қазақ қоғамы ең алдымен ақын, жазушы ретінде таныды. Кекілбаев толғанса – роман, көсілсе көсемсөз туады деп айтушылар да көп. Туындыларының көрінісі көркемдігімен, кейіпкер бейнелері шежірелі шешендігімен, оқиғасы тарихи деректілігімен қатар өріліп, астарлы сөз, ой дариясының тұңғиығына шомылдырады.

Прозалық шығармаларында «Шыңырау», «Күйші» повестерінде өнер иірімінің өресі мықты екені байқатады.

Ә.Кекілбаев 1971 жылы «Шыңырау» повесін жариялады. Бұл шығарманың атына заты сай, адам жанының тұңғиығына терең үңілетін, оқырманға өмірдің қатал шындығын тағы да еске салатын аса бір ойлы туынды екені даусыз.

Ә. Кекілбаевтың «Шыңырау» атты шығармасында да құдықшы Еңсеп арқылы рухы биік, тілек-ниеті таза адам болмысын танимыз. Бар өмірін қыр қазағы үшін қат нәрсе - құдық қазу өнеріне арнаған Еңсеп бейнесі жүрекке жақын, оқырманына жылы ұшырайтын бейне.

Қаламгер бұл повесінде сирек кездесетін ауыр кәсіптің адамдары – құдықшылар әулетінің тағдырларын алға тартады. Бұл ауылдан шыққан Дәріжан құдықшының да өмірі осы құдық қазумен өтіп еді. Осы шығармасының өзі де жолды суреттеумен басталады. Кейіпкердің бар өмірі жол үстінде, нәпақасын табу мақсатында алыс шалғай жерлерге жол жүріп, елдерге құдық қазумен байланысты екенін көрсетіп кетеді. «Құдықшының қырантопан қызыққа белшеден батқан берекелі өмірі жоқ. Түксиген сыз қабырғалар мен су қиыршық топырақтан басқа, екі иінінен аждаһадай айқара басқан көрқараңғыдан басқа көргені де шамалы. Біраз оның осы қара көр қуыс пен бір шөкім сұрқай өмірінен бөгде ойлайтын да ештеңесі жоқ еді» [1,12].

Дегенмен Еңсеп өз еңбегінің ертеңгі ұрпақтың кәдесіне жарарына, өзі қазған құдықтан су ішкен жамағаттың мейірі қанып рахаттанатынын іштей көз алдына елестетін Еңсеп еңбегінің елі үшін еш болмайтынына сенеді. Ол үшін осыдан асқан рахат, бұдан асқан бақыт жоқ. Мал үшін өлермен тіршілік кешкен көшпелі жұрттың ертең-ақ Еңсепті ең жақын кісісіне балап, қазған құдықтарын «Еңсеп қазған», «Еңсеп құдығы» деп атарына да шүбә келтірмейді. Жастайынан жетім көкірек болып өскен Еңсеп еңсесін көтеріп азамат болғанда осы кәсібімен елге қол ұшын беруді ойлаған.

«Автор образы оның сюжеттік – фабулалық, композициялық деңгейлердегі эмоционалдық көрініс беру сәттері оның әр алуан текст қабаттарын мағыналық реңктермен безендіруі және әңгімеші кейіпкер әлеміне ұтымды көше білу нәтижесінде қалыптасады. Әңгімеші – кейіпкер атынан сөйлегенде жазушы өз көзқарасынан айни соқпайды да, бейтарап қалыпта болғанды персоналдарды субъективтендіру арқылы әдеттегі белгілі объективтілік тұрғысынан көтеріледі» [2,87], - профессор Б.Майтанов.

Жазушы да өз кейіпкерінің өткен өміріне үңілдіре отырып, оқырманын да «асылы, адам көңілі өмірдің көп өткіншісі шұбырып жататын айдау қара жолының үстіндегі қайыршының кетік тостағаны сияқты; өткіншілердің біреуі у тамызады, біреуі бал тамызады; өңшең у болса, әлдеқашан жер қабар едің, аз да болса, анда-санда бір тамса да, жер үсті тіршіліктің тәттілігін сездіріп, таңдайынды татытып кететін балы бар ғой тағы да. Адамның есінен қанша таңғанымен, есірік дәмеден қол үзбей, ылғи әлденеге тырмысып, арам тер боп жүретіні де сондықтан шығар» деп ойға шомдырады, тіршілік тағылымына түйін жасайды.

Еңсеп тағдыры - қайғылы. Ол өзі қазған шыңыраудың «Еңсеп қазған» емес «Еңсеп өлген» аталарын сезбеді. Десе де, суреткер пайымында Еңсеп қайта тіріліп, қайта құдық қазатындай әсер қалдырады. Бұл түсінікті де. Жазушының өз сөзімен айтқанда: «Еңсептің де жастық дәурені – алыс жолда ай батқанша жүріп-жүріп кеп, тек таң алдында ғана бел шешпей сұлай кетіп, көз шырымын алған суыт жүргіншінің таң ұйқысындай тым тәтті, тым қысқа болды» [1, 15].

Еңсеп сол қиыншылықтарға мойымай, аянбай еңбек етіп, артында өшпестей мұра қалды. Ол қазған құдық киелі құдық, және солай болып қала бермек.

Еңсептей рухы биік, жаны таза, ниеті түзу, кісілігі мол азамат қоғамның қымбат қазынасы.

Сондай-ақ күй өнерінің, күйші өнерінің өнегесін, ғибратын, өмірлік маңызы мен мәнін танытуда Ә. Кекілбаевтың «Күй» повесінің орны бөлек. Шығармада ерекше дараланып көрінетін шындық құбылыстардың қатары күйшінің күйшілік өнері арнасында суреттеледі.

«Күй» повесінде негізінен жеті жұртты ел қылған, «жеті жұртты жер қаптырған»

Маңғыстаудың атадан балаға кететін талай өшпенділік оқиғасы сөз болады. Қазақ пен түрікпенге татулық жетпей, иен далаға таласқан кер заманның бейнесін көресің.

Қазақ күйшісінің түрікпендердің қолына тұтқын болып түсуі, одан өрбіген оқиғалар желісі, тұтқын болған күйшінің күйінен төгілген күйдің күдіреті, өмір шындығына негізделген оқиғалар өзегі арқылы терең ашылады.

Повесте геодезиялық барлау жұмыстарын жүргізіп жатқан топпен бірге болған Құрбан қарттың сол жердің тасын да, құмын да тіпті, керек десеңіз қабірдің де тарихын жетік білетін қария ретінде танылады. Жасы

жетпістен асса да, қимылы ширақ, сөз жүйелі, терең, оның үстіне асқан күйші.

Повестің басты оқиға желісі осы Құрбан қарттың дутарда ойнаған күйінің сарынында жатқан тарихқа негізделген. Күй сарынынан қазақ пен түрікпен батырларының арасындағы тартыс пен талас байқалады. «Бәрін де көріп, бәрінен де торығып, бәрінен де сырт айналып, іргеге қарап бүк түсіп жатып алған кәрі дананың үй ішінде өзінен басқа адам қалмаған бір сәтте көкірегін кеулеп, жүрегін сыздатқан мұң-наланы бір лықсытып оңаша күрсінгендей, өткен мен кеткенді, дәл қазір қасында кәрі жүрегін тілімдеп жатқан пәтуасыз көп күйбеңді, не күлдіретіні белгісіз, ең бүлдіретіні белгісіз беймәлім ертеңді ойлап күрсінгеніндей, ыңылы баяу, лебі ыстық күй сазы шымыр-шымыр өніп, бірте-бірте ширығып барады. Күй көкірегі өрепкіген сайын түрі жоқ, тілі жоқ мынау мақау дала бетінде әдемі әшекейі болмаған соң ешкім көзіне ілмей, оқып та көрмей, бір шетке ысыра салған көнетоз сұңғыла кітап сияқтана түсті. Сиқыр күй мелшиіп жатқан меңіреу даладан таң атқалы бұның қиялын әр саққа сабылтып жүрген көмескі елестерді қайта тірілтті» [1,56].

Күйді тербеле тыңдаған барлау экспедициясының маманы Сырымның көз алдына иен далада арпалысып, көк сүңгісін көтеріп, жер түбінен айбат шегіп келе жатқан қалың қол елесі көрініс бергендей болады.

Бірі түрікмен, бірі қазақ екі батырдың өзара егесіп, бірінің аулына бірінің шабуыл жасауы, ашық далада бетпе-бет кездесуі, кездесудің жекпе-жек шайқасқа ұласуы, шайқаста қазақ батыры Дүйімқараның түрікмен Көкбөрі батырды жеңіп, тірідей көрге көміп кетуі – ыза мен кекті жандандыра түседі.

Бұл оқиға көрші отырған екі ауылдың арасын өршіте түседі. Қарымта қайтаруға шыққан түрікмен иесі сайлауыт қолға өзінің күйші баласын басшы етіп қосады. Сол жолғы жорықта күйші батыр мерт болады. Осыдан түрікмендердің қайғысы да, кегі де күшейе түседі. Тұтқынға түскен қазақтардың басына түйенің терісін қаптап, естен тандырады, мәңгүрт етеді, тұтқынға түскен ару қыздарды күнге айналдырады. Дегенмен де түрікмендерге орны толмас қаза, жанды жеген жаза көңілдерін баса береді. Баласының өлімі ауыл иесін қатты қайғыға, азаға салып кетті. Өлген ұлдың өтеуіне тұтқынға алынған қазақ жігіті де күйші болып шықты. Өлеріне көзі жеткен күйші айналасына айтарын күймен жеткізгісі келеді. Домбыраның шанағынан күйшінің тұтқында отырып көрген қорлығы, азабы мен мазағы, ащы ызасы мен айыбы, өкініші, күйініші сендей соғылысып шығуда.

Күйшінің көңілі де, домбыраның сазы да қырық құбылып құйқылжиды. Ақырында көңіл де, күйде бір арнаға түсті. «Күй тынды. Күйші домбырасын сылқ еткізіп тізесіне тастай берді. Тәкаппар батыр көзінен ыршып кеткен түйдек жасты сүртуге арланды. Екі айғыз жас мұртының шалғайына ілігіп, одан тамшылап сақалына құйылды.

Қаршығадай шүйліккен күйші де еңсесін түсірген жоқ. Маңдайына шып-шып шыққан терін сүртпеді» [1,58].

Жазушы күй сазының мазмұны арқылы ашылатын өмір туралы, өмірдің мәні туралы ұсынып отырған ойына үлкен тереңдік, теңдессіз жасампаз күш сыйғызады. Бұған дейін өмірдің, жалпы тіршіліктің мәнін күштен, өзгеден айбынын асырудан, мерейінің үстемділігін сол арқылы жүргізуден тауып келген, өзінен кейінгі ұрпағына да осыны ғибрат, өсиет етіп келген, өмірінің саналы кезеңін түгел осы мақсатқа жұмсап келген Жөнейіт күй сарынында айтылған сыр мен мұңнан басқа көзқарасты ұғады.

Күй сазы Жөнейіттің көз алдына өзінің батырлық намысқа шапқан тоңмойындығынан өнер жолын тастап, батырлық жолға түскен, сөйтіп сол жолда мерт болған жалғыз баласының қазасын, сол қазадан көкірегін шаншып, тұмшалап алған азасын, баласымен қатар күй жарыстырып келген күйшінің өз жарлығы бойынша көрге тірідей көмілуінен, жан түршігерлік өлімінен алған әсерінің күй сарынымен тереңдеп, мұның бүкіл жан-дүниесін, жұлын-жүйкесін тұтас баурап, билеп алған бебеулеген наласын санасына терең сіңіреді.

Күй сазы мұның көз алдында тірі елеске, бейнеге айналып, санасын сарылтады, ұйқысын қашырады, еңсесін езеді. Ақыры өмірінің, ісінің таным тұрғысының баянсыз, алдамшы, өткінші дақпыртқа бола құрбандыққа шалғанын кеш ұққан жайына күйінулі күйде ол көз жұмады.

Ә.Кекілбаев өткір оқиғалар негізінде кейіпкер болмысына терең үніле білді. Ол – адам табиғатының зерттеуші психологы. Мәселен, осы повесте жазушы Жөнейіттің басындағы психологиялық тартысты қорытынды түйін ретінде көрсеткен. Қанша баскесер, әділ, қатал қол басы болғанмен ол да пенде. Оның пендешілігін ашуға бір оқиғаның өзі жетіп жатыр. Қазақтың күйшісін жазалау Жөнейіттің өз басын да жұтады. Оның өнер құған баласын жорыққа аттандыруы да жалған намыстың көрінісі. Атақты батыр тұқымының жын-ойнақ қуып кеткені оны қатты мазалайды. Алайда ел-ел болып жорыққа аттанып, кек қайыратын шапқыншылық заманның өтіп бара жатқанын ол сезбейді. Күйшіні жазалау да оның дұшпандарына жасаған сес көрсетуі еді. Бұл оны кек қайтару деп түсінеді.

Сөйтіп күйшіні жазалау Жөнейіттің өз басына сор болып жабысады. Жан дүниесіндегі арпалыс оны күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырады. Көзін жұмса, көретіні – бір түс. Ол – күйшіні тірідей көмгенінің өкініші. Жазушы повестің басынан соңына дейін осы түсті қайталайды. Себебі, ол – негізгі шешуші деталь. Түсінде ол қу бастан қашып келе жатып шошып оянады. Төсектен атып тұрып, қос құлағын қолымен баса есікке қарай қашады. Әлденеге сүрініп, маңдайын есіктің маңдайшасына ұрып алған ол табалдырық үстінде жан тапсырады.

Жазушының қазақ, түрікмен елдерінің әдет-ғұрпын салыстыра суреттеуі де тартымды. Өлікті шығару рәсіміне қатысты екі елдің әдет-ғұрпын бүге-шүгесіне дейін суреттеу – оның өмірді жақсы білетіндігінің көрінісі.

Ә.Кекілбаев «Күй» повесінде екі бауырлас ел түркімен мен қазақ арасындағы қарымқатынасты жазған десек-дағы сол шығарма барысында

оның сюжетіне жанама түрде басқа да мәселелерді қосып жібереді. Сол повестегі «мәңгүрттер» көрінісі немесе «тұтқын қазақ күйшісінің өнеріне түрікмендердің сүйсінер сәттері», міне, осындай оқиғаларды араға кіргізіп, шебер қиюластырып, сол арқылы белгілі бір көкейде жатқан маңызды проблемаларды, идеяларды беріп отырады.

Ә.Кекілбаев шығармасына тән айта кетер тағы бір жай жалпылықтан көрі нақталай суреттеуге жақындығы бірінші орынға лирикалық кейіпкер шығып, оқиға соның төңірегінде өрбіп жатады. Әсіресе, кейіпкер жан дүниесіндегі лирикалық толғаныстар басым. Қаһармандар монологын суреттеуде жазушы шеберлігі әр қырынан көрінеді. Бірде кейіпкер монологы авторлық баяндауға ұласып жатса, енді бірде авторлық баяндауды монологке ұластырып, жігін білдірмей жібереді. Кей сәттерде оқырман авторлық баяндау мен монологты ажырата алмай қалатын кезеңдері де болады:

«Осы бір ұқсастықты, мәнсіз абыр-сабырды адамдар өздеріне өздері қасақана ойлап шығарғандай. Мынау ұлан-асыр шалқар болмыста әрқайсысы алды алдына шалқайып жүруге жер жетпегендей бір-біріне соқтыға-қақтыға жөңкілетін әне біреу сүрлеулерді, кеңістікті кеңірдегінен алып қылғындыратын жолбарыстай көріп, төрт жағына төрт тас жақтаумен қоршап, қыспаққа алып тұратын әне бір тас табыттарды тауып алыпты, сондай бірінен-бірі аумайтын тас қорапшалар арасында, сұрықсыз сұрқай илеуде біріне-бірі соқтығып, құмырсқаға құжынап жүріп бір-бірімен атақ таластырып әлек болады. Осынау мәнсіз илеу біріне-бірі соқтыққан құмырсқаларын да мәңгіртіп жібергендей. Әйтпесе, мынау ұлан-асыр кеңістікте бет-бетіне ыдырап жүрмес пе еді, сонда олардың әрқайсысын жекежеке қуып жүріп өлтіретін кім бар дейсің? Ал мынандай бажынап жатқан илеуді бір жайпап кетуге қай жау қызықпайды. Өзге илеулерді аямай таптап жүрген атақты билеуші өз илеуін жылдан-жылға құжыната түсуде. Тап осы салып жатқан мұнарасының қажеті қанша... Көлденең көк аттының көзіне түртіп, екі аяқтылардың тағы бір илеуі бар деп жау шақыруға ма... Әлде, мынадай қапас илеуге жуымаңдар, маң түзден айырылмаңдар деп ел үркітерге ме... Неге керек?... Не үшін керек?... Оны өзі де білмейді» [3,25].

Мұнда кейіпкер даусымен қатар автордың ойы да қоса баяндалып, үнемі ауысып келіп отырады. Бірін-бірі толықтырады. Жазушы кейіпкер ішкі жан сезімін терең толғап жеткізе біледі. Кекілбаев кейіпкер жан әлеміндегі психологиялық алуан құбылыстарды тап басып, дәл баяндап беруге шебер. Өнердің негізгі мақсаты «адам жаны туралы шындықты жай сөзбен айтып жеткізе алмайтын жүрек құпияларын суреттеу табылады. Өнер микроскоп тәрізді, оның тетігін біліп туралай алған автор ғана адамның ішкі жан дүниесін, айшықтай алады» [4,33], - деп жазады А.Н.Толстой.

Жазушы өнер жолын түрлі деңгейде танытады. Оқиға желісінде білектің күшіне өнердің күші қарсы қойылады, білектің күші жеңе алмаған құдыреттің өнердің күшіне бас иген жайы неше алуан сырға жетелейді.

Өнер жолының баяндылығы арқылы билік жолының баянсыздығы, жалғандығы туралы үлкен ой түйінделеді.

Ә.Кекілбаев қазақ әдебиетінде күй мен күйші тақырыбын жаңа шығармашылық биікке көтеріп, жаңа бір белес танытқандай. Жазушы өзінің қай шығармасында болсын кейіпкерінің болмысынан адамшылық сәулесін іздеп, басын жауға да, тасқа да ұрып дегендей титтей тапқанын насихаттауынан мұрат етіп, марапаттауға жанын салады, адам бойынан асыл қасиеттерді аз ба, көп пе таба білсем деп таусылатын қаламгер.

Әдебиеттер:

1. Кекілбаев Ә. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 352 б.
2. Майтанов Б. Зерттеу. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. - 232 б.
3. Қабдолов З. Жебе.Әдеби толғаныстар мен талдаулар. – Алматы: Жазушы, 1977. -199 б.
4. Толстой А.Е. Собрание сочинений. Т. 53. стр. 94.

ӘОЖ 82.09 (574)

ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ ТЫРНАҚАЛДЫ ТУЫНДЫЛАРЫ

Сұлтанбек Құдайберген,
Ж.Тәшенов атындағы университеттің магистранты,
Ақтау қ., Қазақстан;
Sultanbek_kzh@mail.ru

Аңдатпа. Белгілі тұлғалардың өмірін зерттегенде, олардың өмірлік ұстанымы мен шығармашылық кредосының бастау-тұмасын табу маңызды. Осы ретте, көпшілікті халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлының адами және шығармашылық тұлғалық қалыптасу тарихы қызықтырмай қоймасы анық. Осы күнге дейін болашақ әйгілі қаламгердің баспасөзде жарияланған және жарияланбаған тырнақалды туындылары зерттеушілер назарынан тыс қалып келді. Ал олар балаңдықтан гөрі, естиярлығымен, жеке бастың мақтангөйлігінен гөрі, әлеуметшілдігімен ерекшеленеді. Мақалада Ә.Кекілбайұлы өмірінің беймәлім тұстары тың деректер арқылы ашылған.

Түйін сөз: тырнақалды, частушка, фестиваль, Артель, қаламақы

Әдебиет өкілдерінің шығармашылығы туралы ақпаратты жүйелеп, көпшілік қауымның игілігіне ұсынуда библиография саласының атқарар рөлі зор. 2019 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының шығармашылығына арналған библиографиялық көрсеткіш әзірлеп, ел

назарына ұсынған болатын. Ондағы материалдар 1955 жылдың маусым айынан 2019 жылдың қазан айына дейінгі кезеңді қамтиды.

2022 жылы жазушы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі «Әбіш Кекілбайұлының тырнақалды туындылары» деген тақырыппен ғылыми-биографиялық, ақпараттық-мәтіндік анықтамалық шығарды [1]. Анықтамалықта Ә.Кекілбайұлының 1953-1958 жылдары жергілікті мерзімді баспасөз құралдарында жарық көрген тырнақалды туындыларының жинақталған. Олар негізінен – музейі қорындағы Маңғыстау аудандық «Сталин жолы» және «Еңбек туы» газеттерінде жарияланған мақалалары мен өлеңдері, Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газетінен алынып, музей тарапынан жарық көрген республикалық «Әбіш әлемі» журналында басылған өлеңдері. Жалпы саны 49 (38 мақала, 11 өлең) туынды ұсынылды. Мақалаларында көтерілген тақырыптар әркелкі. 3 мақаланы мектептес достарымен бірігіп жазыпты. Әуелгі әзірде ауыл, мектеп өмірінен шағын хабарлар жазып тұрса, келе ауылдағы элеуметтік маңыздағы өзекті проблемаларды батыл көтеріп, сынайды.

Осы уақытқа дейін жазушының тырнақалды туындысы ретінде, оның мектеп қабырғасында жүріп жазған «Екпінді егін екпей ме?» деген сын мақаласы аталып келді. Оны сұхбаттарында өзі де растады. Шындығында, мақала «Егіске әзірлік баяу» деп аталады [2]. «Сталин жолы» газетінің 1954 жылғы 22 сәуірдегі санында жарық көрген.

Қолымыздағы газет тігіндісіне қарағанда, алғашқы мақаласы – «Сталин жолы» газетінің 1953 жылғы 1 ақпан күні жарық көрген «Ауыл еңбекшілеріне кино көрсету жақсарса екен» [3].

Жас тілші «партиямыздың ХІХ-съезі, халықты мәдени қамту ісіне ерекше маңыз беріп, мәдени ағарту орындарының алдына көптеген міндеттер қойды» дей келе, осы мәдени жұмыстардың бір саласы және ең тартымды түрі – кино көрсету жұмысының өз ауданында әлі де өз дәрежесінде еместігін сынайды. «Әсіресе, ауылдағы малшы, колхозшыларға кино көрсету ісі өте қанағаттанарлықсыз. Кейбір колхоздарда жыл басынан бері бірде-бір рет кино көрсетілген жоқ. Аудандық кинофикацияның жылжымалы киносы ауылдарға 2-3 айда бір барғанда да, колхоз орталығындағы активтерге көрсетіп кейін қайтады, фермаларға бармайды» деп күйінеді. Мектеп оқушысы ретінде 15 күндік каникул кезінде оқушыларға бір де кино картина көрсетілмегенін айтады. «Сол сияқты кинофильмдерді көрсету ісінде де жауапсыздық күшті. Көпшілік жағдайда бірде көрсетілмейді, бірде лентасы үзіліп, бірде моторы жұмыс жасамайды. Ал, кинофикация қызметкерлері, оны жөндеп және әрбір картинаны түгел көрсетудің орнына билет сатып ақша алуды артығырақ көреді» дейді.

Жазушының алғаш жарық көрген еңбегі ретінде «Егіске әзірлік баяу» мақаласын көрсетуіне, мақаланың ұжымшардың Басқарма кеңесінде талқыланып, оған балаң автордың өзінің шақырылуы әсер етсе керек. Өзі бұл жайында былай дейді: «Менің баспасөз бетіне шыққан алғашқы

шығармам – бесінші класс оқып жүрген кезімде, аудандық газетте «Екпінді егін екпей ме?» деген сын мақала болатын.

Бір күні мен колхоздың бастауыш партия ұйымының секретарынан «Кекілбаев жолдас, осындай күні колхоз басқармасының үйінде, колхоз партия ұйымының ашық жиналысы болады, соған келіңіз», – деген хат алдым.

Хат алған бойда, мен қорқып кеттім. Баламын қанша дегенмен, ересек кісілер ұрсатын шығар, «не істеп қойдың, не бүлдіріп қойдың?» дейтін шығар деп.

Келіп, жиналыстың артқы жағында бұғыңқырап отырдым. <...>. Маған ешкім ұрысқан жоқ. Үйге төбем көкке жеткендей болып қайттым, соған дәндеп алған болуым керек, сол аудандық газетте, облыстық газетте, келе-келе республикалық газеттерге хабарлар, репортаждар, ара-тұра очерктерді шұбыртатынды шығардым» [4].

Аталған мақаласына дейін Ә.Кекілбайұлы Маңғыстау аудандық «Сталин жолы» газетінде 11 мақаласын жариялаған. Сол заманда қалыптасқан үрдіс бойынша жас тілшінің аудандық газетке жарияланған мақаласына тиісті сала басшылары жауап беріп, көтерілген мәселелер өз шешімін тауып отырған. Бұл жас Әбішті қанаттандырып, қаламына жел бергендей. Содан соң отбасы құндылығы, мал шаруашылығын өркендету, тұрмыстық мәдениет сияқты ірі тақырыптарды қаузауға көшіпті. Өз ауылымен шектелмей, аудан көлемінде әрекет етеді. Газет оған штаттан тыс тілші ретінде қаламақы төлеп тұрған. Айталық, 1957 жылдың I, II тоқсанында 20 сомнан алса, шілде айында 15 сом алған [5].

Жазбаларының көбінің соңына аты-жөні «А.Кекілбаев» деп берілген. Бұл жерде, жазушының азан шақырып қойған аты – Артель көрсетілген. 1954 жылғы Оңды ауылдық кеңесі, «Екпінді» ұжымшары мүшелері мен олардың семьялары есебінің Кітабында «Кекілбаев Артель, 1940 жылы туған» деп тіркеліпті [6].

«Социалистік құрылыс» газетінің 1956 жылғы 10 қазандағы санында «Кекілбаев Әбіш» [7], 1958 жылғы «Екпінді» ұжымшары мүшелері мен олардың семьялары есебінің Кітабында «Кекілбаев Әбіш, 1939» деп жазылған. Тұсындағы «ескерту» бағанына «1957 жылы Алматыға кеткен» деген жазу түскен [8]. Осыған қарағанда, Ә.Кекілбайұлы 1955-1956 жылдарға дейін Артель деген есімді еншілеген.

Баспасөз бетіндегі тұңғыш өлеңі – «Сталин жолының» 1955 жылғы 10 қазандағы санында жарық көрген «Енді қайда барамыз?» деп аталатын шымшымалары [9]. Автор өзі тұратын Ленин атындағы колхозда мәдениет орындарының жұмысына мән берілмегенін, кітапхананың, клубтың жайын ащы шумақтармен түйреп өткен.

Кітапхананың жайын былай деп мысқылдайды:

...Кіре қап ек, тұрып қалдық, таң қалып,
Біле алмай не істеуге тамсанып.
– Шаңға батқан мынау неткен баспана,

Кітапхана осы ма, әлде басқа ма?
Деп едік біз арасынан мол шаңның
Меңгеруші даусы шықты жасқана:
– Төрлетіңіз, осы кітапханамыз,
Нанбасаңыз кітаптарға қараңыз,
Мүліктерді тозаң басып кеткен соң
Анда-санда қағып-сілкіп аламыз.

Клубты былай әжуалайды:
– Соған таяу тұрған үйді тіреліп,
Клуб-дейді, бұған дағы кірелік.
Орындықтар ығы-жығы жығылып,
Шолтыйып тұр жартысы жоқ шымылдық.
Портреттер беттеріне қалыңдап,
Отырыпты шаң мен тозаң тығылып.
Ұрандардың әріптері көгеріп,
Матасы да басқа түрге еніпті.
Қабырғаны айғыздапты су келіп,
Аппақ тозаң оны және көміпті.
Ескі гармонь, қос «Родина», патефон
Төңкеріліп етпетінен түсіпті.
Қанша әуре болсаңдағы шықпайды үн,
Әлдеқашан істен шығып, бітіпті.

Ә.Кекілбайұлының атын әйгілеген сықақ өлеңдерінің арасында частушкаларды ерекше атап өткен жөн. Частушкалар 1956 жылы қазан айында Маңғыстау ауданы көркемөнерпаздарының Гурьев (Атырау) қаласындағы шығармашылық есеп беру концертінде орындалды. Бұл туралы Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газеті былай деп жазды: «Бұдан кейін сахнаға қыздар тобы шығып, частушка әндерін орындады. Бұл әндер тыңдаушыларға өте ұнады. Себебі оның тақырыбы күнделікті колхоз өмірінен алынған. Бұл жөнінде частушканың сөзін жазған Ленин атындағы орта мектептің оқушысы Әбіш Кекілбаев көп ізденген. Шығарманы колхоз өміріндегі негізгі тақырыпқа құра білген» [10].

5 қыздың орындауындағы сықақ өлең өздері жалқау әрі сипаншақ, тентек суға үйір жігіттер мен «Екпінді» ұжымшарындағы жалқау әйелдерді де сынап өтеді. Сын садағына облыстық деңгейдегі мекемелер де ілініпті:

...Бастықтарға айталық сын,
Әлі қолмен істейміз.
Нелер терең құдықтардан,
Су тартамыз, күштейміз.
«Сельхозснаб» Гурьевтегі
Малшыларды кенелтті –
Азын-аулақ жел диірменді,
Ременьсіз-ақ жөнелтті [11].

Частушка жазуға 1949 жылы «Мосфильм» киностудиясы түсірген Иван Пырьевтің «Кубанские казаки» музыкалық комедиясының әсері болған болуы керек деп ойлаймыз.

1957 жылы Мәскеуде өткен Дүниежүзілік жастар мен студенттер фестиваліне маңғыстаулықтар да үн қосты. Әуелі жергілікті жерлерде өткізілген іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша, аудандық фестивальге 400-ден астам озаттар таңдалды. Фестиваль музыка, хор, би, драма, көркемсөз, акробатика, бейнелеу, қолтаңбалы өнер аталымдарын, сондай-ақ спорттық сайыстарды қарастырды.

«Жастық пен еңбек» ұраны аясындағы аудандық фестиваль 3 мамырға белгіленді. Байқауға арнап сол кездегі мектеп оқушысы Ә.Кекілбаев «Маңғыстау жастарының фестивальдық жырын» жазып, өзі тұратын Ленин атындағы ұжымшар көркемөнерпаздары ұжымының концертін жүргізді. Нәтижесінде, бірінші орынды – Ленин атындағы ұжымшар алды [12].

«Маңғыстау жастарының фестивальдық жыры» – ән үшін жазылған мәтін. Екі шумақ және қайырмадан тұрады:

Қызғалдақтай бақтағы ырғала өскен,
Құшағында шатты өмір бақыт кешкен.
Еркесіміз кең жайлау – Маңқыстаудың,
Жүзімізге желпінтіп самал ескен.

Қайырмасы:

Күндей күлген өмірі,
Құт ұясы – өңірі.
Шатты әнді шалқытқан,
Біз Советтің өрімі.

Бес түлігі дамыған өрісінде,
Қозы-лағы сыймаған желісінде.
Еңбекпенен туған жер, өрнек салдық,
Көктем өңді жайнаған келісіңе [13].

Неге екені белгісіз, кейіннен жазылған көркемдігі келісті, лирикалық «Сыр», «Анама», «Сағыныш», «Шаттық тойы», «Көш», «Жайлау қызына» деген өлеңдері «Алтын шуақ» жинағына енгізілмепті. Тек, беріде ғана «Әбіш әлемі» журналы арқылы жалпы оқырманға белгілі болды.

Ә.Кекілбайұлының хатқа басылған тырнақалды жазбалары, оның шығармашылық тыныс-тіршілігінің бастауынан хабардар етіп, қоғамдағы күбіртекелі мәселелермен туа бітті бақастығын, осы арқылы елжанды тұлға болып қалыптасу үрдісінің шынайы көрінісін көз алдымызға әкеледі.

Әдебиеттер:

1. Әбіш Кекілбайұлының тырнақалды туындылары: ғылыми-биографиялық анықтамалық. Құраст.: Н.Дабысова, Қ.Ходжаева, Р.Молбаева. – Ақтау, 2022.
2. Кекілбаев А. Егіске әзірлік баяу // Сталин жолы. – 1954. – 22 апрель. №32.
3. Кекілбаев А. Ауыл еңбекшілеріне кино көрсету жақсарса екен // Сталин жолы. – 1953. – 1 ақпан. №10.

4. Кекілбайұлы Ә. Күрестің бір түрі –творчество// Әбіш әлемі. –2019. – №12.39-40 бб.
5. Маңғыстау облыстық мемлекеттік архиві, 42-қор, 3-тізбе, 7-іс.
6. Маңғыстау облыстық мемлекеттік архиві, 63-қор, 2-тізбе, 67-іс.
7. Халық өнері сахнада//Социалистік құрылыс. – 1956. – 10 октябрь. №203.
8. Маңғыстау облыстық мемлекеттік архиві, 63-қор, 1-тізбе, 94-іс.
9. Кекілбаев Ә. Енді қайда барамыз? // Сталин жолы. – 1955. – 10 октябрь. №78.
10. Халық өнері сахнада//Социалистік құрылыс. – 1956. – 10 октябрь. №203.
11. Қонарбаев Ә. Төлеген Қағазов. – Алматы: «Нұрлы Әлем». – 2009. 28-29 бб.
12. Құдайберген С. Халық өнерінің алтын ордасы [тарихи-танымдық шолу]. – Алматы: Курсив. – 2023. 34 б.
13. Кекілбаев Ә. Маңғыстау жастарының фестивальдық жыры// Сталин жолы. – 1957. – 24 апрель. №33.

ӘОЖ 64 (574)

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚАРАҚАЛПАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫ ТІЛІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІМЕН СӘЙКЕСТІГІ

Ы. Құттымұратова,

Әжіनियाз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогика институты Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы меңгерушісі, доцент

Аңдатпа. Мақалада Әбіш Кекілбаевтың шығармаларындағы фразеологизмдердің Қарақалпақстандағы қазақ тілі фразеологизмдеріне сәйкестігі қарастырылады.

Кілт сөздер: Әбіш Кекілбаев шығармашылығы, фразеологизмдер, қазақ әдебиеті, қарақалпақ әдебиеті, қазақ тілі

Резюме: В статье рассматривается соответствие фразеологизмов в произведениях Абиша Кекильбаева с фразеологизмами казахского языка Каракалпакстана.

Ключевые слова: произведения Абиша Кекильбаева, фразеологизмы, казахская литература, каракалпакская литература, казахский язык

Summary. The article considers the correspondence of phraseological units in the works of Abish Kekilbayev with the phraseological units of the Kazakh language of Karakalpakstan.

Key words: works by Abish Kekilbaev, phraseological units, Kazakh literature, Karakalpak literature, Kazakh language

Әр қандай көркем шығармада оның құнын, құндылығын тілдік шеберлігін ашып көрсетудегі бірден-бір өзгешелік – оның көркемдеу құралы. Фразеологизмдер де – ең басты көркемдеу құралдарының бірі. Фразеологизмдердің астарлы, ауыспалы мағыналарды білдіруі және де обрызды сыпатқа ие болуы – бұл фразеологизмдерге тән қасиеттердің жинағын көрсететін белгілердің бірі. Фразеологизмдер компоненттері білдірген мәнідерінен басқа мән береді. Фразеологизмдердің әрбір тілде сол ұлттың менталитетінен келіп шығып, өзгешелік белгілерді білдіруі туралы тілшілер: «Фразеологизмдер өзінің обрыздылығы, терең менен көзге түсетін әр бір ұлт тілінің өзгеше бір көрінісі болып табылады» [1].

Көркем шығармалардың тілі – кітаби стильдердің айрықша түрі болып, барлық уақыт тілші ғалымдардың назарын өзіне тартып келеді. Көркем шығарманың тілінде де басқа да лексикалық құралдармен бірге тұрақты сөз тіркестерінің жұмсалыуында белгілі бір стилдік қызметтердің болатындығын атап өту керек. Фразеологизмдер әдеби шығарма тілінің әсерін, обрыздылығын, көркемдік қамтып құраллардың арасында үлкен салмаққа ие. Сондықтан да әр қандай сөз шебері оларды өздерінің әдеби түрлердің барлық жанрларындағы шығармаларында көп пайдаланады.

Әбіш Кекілбаев та өз шығармаларында халық тілінде бұрыннан тұрақтасқан фразеологизмдерден өз орнында, кейіпкердің ішкі сезімдерін беруде, жағдайын оқушыға көркемдеп жеткеріп беруде дұрыс пайдалана алған.

1) Сүйектен қашап жасағандай сол бір сымбатты жігітті өн бойында өртеніп тұрған от пен өнерді жауған оқтың астына жібере салу соншалықты обал көрінген оған. [2,299].

Бұл фразада Қарақалпақстан қазақтарының тілінде ер адамның тұлғасын, сымбатын көркемдеп көрсетуде «жерден пішіп алғандай, қолдан жонып қойғандай, қол менен жонып соққандай жігіт» тағы басқа формаларда қолланылады.

2) Құрдасы жұрттың аузына ілігіп жатқанда ешқашан іштарлық жасап көрген емес. [2,298].

Бұл фразеологизмнің білдіретуғын мағынасы – халық аузында сөз болу, халықтың тіліне түсу, ал қарақалпақ қазақтарының ауызекі сөйлеу тілінде «жұрттың аузына түсу, жұрт тіліне тиек етіп айту» тағы басқа формалармен айтылады.

3) Екі бастық жиналыстарда бірін-бірі көзбен атысып отырады (300-бет). Көзбен атысу фразасы Қарақалпақстанды қазақтар тілінде де «көзі менен жеп қояжақ, көзінен от шығу, назары тесіп жіберу» тағы басқа формалары бар. Бұнда бір-біріне алақөзденіп отырған, бір-біріне кегі бар, ашуы бар адамдардың портіретін жасау үшін Ә.Кекілбаев осы сияқты тіркестерден шебер қолданған.

4) Жерде қаздай тізіліп жүретін қалың нөкер [2,262].

Қаздай тізіліп тіркесі Қарақалпақстан қазақтары тілінде қаз құс атымен келуі, сондай-ақ адамның жүріс-тұрысы, қадамы, мінез-құлық белгісін білдіруде қаздай керіліуі қаз жүріс, отырыс, қаздай қатарласу сыяқты тіркестермен де білдіреді.

5) Көкірегін ит жыртқандай болу. [2,249].

Жазушы шығармаларында қолданған бұл фраза Қарақалпақстан қазақтары тілінде ішін ит жыртқандай формасында қолданылады.(ішін ит тырнағандай).

Жазушы кейіпкер ашу-ызасын көркем суреттеуде төмендегідей бір қатар фразеологизмдерден пайдаланған. Мысалы: Ызалы аңның ашуындай (248-бет), Көзінде шөлмектей шытпаған ашу.

Бұл фразалар Қарақалпақстан қазақ ұлты уәкілдері тілінде жараған түйедей ақ ұру, қабағынан қар жабу, қара бұлт болу, қара түнек болу, бұлттай түнеру тағы басқа да табиғат құбылыстарының белгілерімен салыстырылған формада береді.

Сондай-ақ мезгіл, уақытты білдіруді де жазушы бір қатар фразалардан шебер пайдаланған.

«Намаздыгердің көлеңкесіндегідей боп» [2,253], «Сырт сүттей аппақ жарық» [2,257].

Қарақалпақстан қазақтары тілінде де кешкі уақыт – намаздыгер, кешкі, ал түнгі айдың жарық болуы сүттей аппақ кешкі, сүттей жарық тіркестері арқалы білдіреді.

Демек, қорытып айтқанда, қазақ, қарақалпақ халқы тілін салыстырмалы зерттеу – бұл актуал проблемалардан бірі болып саналады.

Әдебиеттер:

1. Кәрібаева А. Көркем шығарманың тілі. - Тараз, 2009. – Б. 4.
2. Кекілбаев Ә. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. I. III.
3. Абдиказимов Ш, Пирниязова А, Шынназарова С, «Қазіргі Қарақалпақ әдеби тілі фонетикасы және лексикологиясы» Ташкент «Сано-стандарт», 2018, 156-бет
4. Құттымұратова Ы.А. Қарақалпақстан Республикасы Қоңырат ауданындағы қазақ шеvasы» Филология фанлар буйича фалсафа (PhD) дисертация автореф, Нукус, 2018.

ӘОЖ 64 (574)

ӘБШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ СТЕРЕОТИПТІҢ КӨРІНІСІ

Маржан Сәрсекешқызы Жылқыбаева,
Yessenov University

*«Қазақ филологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты, Ақтау қ.*

Аңдатпа: Мақалада Ә.Кекілбаев шығармаларындағы ұлттық құндылықтардың көрінісі, жазушы қолданған фразеологизмдердегі ұлттық-мәдени стереотип мәселесі сөз болған. Қазақ халқының ұлттық танымы, құндылықтар, ұлттық-мәдени стереотип тұрақты сөз қолданыстары арқылы көрініс табатыны нақты мысалдармен дәлелденген.

Жазушы шығармаларындағы қазақ тілінің фразеологиялық қорына қосылуға әлеуеті жететін рухани құндылыққа ие мағыналық бірліктердің де стилистикалық, бағалауыштық, эмоциялық мән туғызу қасиеттері танымдық тұрғыдан анықталған.

Түйін сөздер: фразеологизм, ұлттық таным, ұлттық-мәдени стереотип, салт-дәстүр, этнос.

Ұлттық тәрбиенің түп-тамыры, қайнар көзі халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында десек, Ә.Кекілбаев шығармалары – сол асылымыздың бір сынығы. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі тәтті тіршіліктің нәрі – адам баласының таным-түсінігі, мәдениеті маңызды қасиеттерінің өрісін қазақтың салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен әрлендірген, шығармасының шамшырағына айналдырған Ә.Кекілбаевтың адамгершілік қағидасы – жазушы туындыларының терең тенденциясы.

Қай халықтың болмасын ұлттық-мәдени ерекшеліктерін танытатын негізгі белгілердің бірі – ұлттық киім үлгілері мен асханасы екені дау туғызбаса керек. Негізгі күнкөріс көзі мал шаруашылығы болған ата-бабаларымыз киім тігуге қолданған көне материалдарға, негізінен қой терісі мен жүні, сондай-ақ түйе, ешкі жүні жатқан. Материалдық мәдениет үлгілерін жазушы шығармаларынан кеңінен келтіруге болады. Мысалы: Елші сандығына қол созып, Бөкенбай алдына жаңа босанған әйеліне *бір көйлектік қамқа*, нәрестесіне екі сом елу тиынның төрт аршын *қырмызы шұғасын* тастады («Үркер»). Мұнда қазақтың мата атауларымен қатар *бір көйлектік* халықтық өлшеміне назар аударғанымыз жөн. Матаны өлшейтін өлшемнің тұрақтанған атауы ретінде күні бүгінге дейін қолданылатын жалпыхалықтық лексема.

Ал төмендегі мысал қазақ әйелінің киім кию ерекшелігін ғана емес, кейде қажетсіз жерде жайбасарлық пен созылыңқылық таныта қалатын қазақтың бейғамдық болмысын, ұлттық психологиялық ерекшелігін әйелдің киім кию үлгісі мен қимылы арқылы астарлап дәл танытып тұр: Үйден үстіне малынтып *шұбалаң көйлек* киіп, басына малынтып *шұбалаң орамал* тартқан әйел *созалаңдап шығып, қалқи басып*, ат үстіндегі күйеуіне бірдеңе апарып берді («Үркер»).

Жоғары әлеуметтік мәртебенің көрсеткіші саналатын ішікті дәулетті адамдар киген ішікті мауыты, шұғамен қаптап, барқытпен, жылтыраған сәтінмен тыстаған. Жағасына кең, енді алмалы-салмалы жағаны түлкінің

жон арқасындағы үлпілдек жүнінен, кәмшат терісінен жасаған, кейде соңғысымен шеттері мен жиектерін көмкерген. Көркем шығармалардағы деректерге қарағанда, ішік хан-сұлтандар мен бай-манаптардың әйелдерінің сырт киімі болған. Мысалы: Есет батыр жаңа босанған әйелі Жұмабибі сұлуды *құндызішікпен* қымтап, ортадағы лаулап тұрған отқа кесек-кесек шарбы май лақтырып:– *Ақ түйенің қарны жарылды, ақ түйенің қарны жарылды!* – деп алақанын шапақтап отыр екен («Үркер»). Осы мысалда киім атауынан басқа, *Ақ түйенің қарны жарылды* тұрақты тіркесіне назар аударайық. Қазақ халқының танымындағы молшылықтың, тоқшылықтың метафоралық кеңістіктік бейнесі. Халқымыз ақ түсті малды, оның ішінде байлықтың өлшемі боп есептелген түйе түлігінің ақ түстісін ерекше бақыт әкеледі деп сенген. Өйткені ақ түйеге кезінде қасиетті Халифа Хазірет Әлінің мәйіті салынып келген-міс. Сондықтан бұл идиома көшпелі халық түсінігінде ақ түсті малды айрықша қастерлеу салтына, нанымына байланысты қалыптасқан дейміз. Бұл тұрақты тіркес о баста әлеуметтік маңызы зор қуанышты жаңалыққа, оқиғаға байланысты көшпелі ортадағы ерекше күйдің танымдық образы болса, кейінірек жалпы үлкен қуанышқа, молшылыққа қатысты айтылатын фразеологизм ретінде тұрақтанған.

Халқымыздың этномәдени сипатын оның ұлттық тағамдары мен соған қатысты жасалатын жөн-жоралғылар да білдіреді. Өйткені күнделікті тұрмысы малмен тығыз байланысты халқымыз оның сүтінен, етінен түрлі ұлттық тағамдарды жасағаны белгілі. Сол сияқты қазақтың *соғым сою* салты күні бүгінгі дейін ескірген жоқ. Соғым сойған үй көрші-қолаңға міндетті түрде соғым-сыбаға беріп отырған. Бұл да халқымыздың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін көрсететін салттарының бірі. Мысалы:Бастарына шаңырақтай ғып ақ жаулық ораған, қақырайтып сәукеле киген бәйбішелер атан түйеге жазы салып, сыртын ақ шаңқан *өре киізбен* қоршап, жасы үлкен, жолы үлкен ауылдарға *соғымсыбаға* тасып, табандарынан таусылып бақты («Үркер»).

Ә.Кекілбаевтың қай шығармасын алсақ та, онда қазақы болмыс, қазақы мінез, қазақы тұрмыс-тіршілік көз алдыға келіп тұра қалатыны сөзсіз. Оның шығармаларының өн бойында қазақтың ұлттық колоритін көрсететін сөз қолданыстары, фразеологиялық оралымдар жиі ұшырайды: Қатын-қалаш қазық қағып *өрмек құрса*, қолына бір домалақ ұстап ап, *жіп керіп* сол жүреді. Кемпірлер *күмп-күмп май шайқап жатса*, балалармен қосылып екі алақанын кезек жалап қояды. Кейде томар келіні қайың *келсаппен тарс-тұрс ұрып тары түйісіп* жатса, кейде *ши шыптаға құрт жайып* жатады («Үркер»).

Қазақтың ұлттық ерекшелігін көрсететін ерекше белгілері олардың қарым-қатынас ізетінен де анық көрінеді, яғни үлкен мен кішінің, әйел мен ерінің арасындағы жарасымды сыпайы сыйластық – жалпы шығыс халықтарына, оның ішінде қазақы менталитетке тән құнды қасиеттердің бірі. Бұл –ізет.

Қазақ әйелі күйеуінің кез келген тілегін ым-ишарат, қас-қабағы арқылы түсінетін қасиетін Ә.Кекілбаев шығармаларынан алынған мына мысалдан көруге болады: Жолаушылар өзінен тартынып отырғанын сезіп, «шыға тұрайын ба» дегендей күйеуі жаққа *көз жүгіртіп* еді, «қылп етпе» дегендей *үнсіз тұқыртуды* ұқты («Елең-алаң»). Мұндағы бейвербалды амалдар *көз жүгірту*, *үнсіз тұқырту* фразеологизмдері арқылы берілген.

Әрбір суреткер тілді қолдануда сол тілдің негізінен, дәстүрінен қол үзбейді және автор тұлғасы көркем шығарманың мазмұндық құрылымында идеялық-эстетикалық позициясын танытумен ерекшеленеді. Әбіш Кекілбаев шығармалары образды, ұлттық ерекше белгілері сайрап тұрған фразеологизмдерге өте бай. Олар мал шаруашылығына байланысты туындаған, қазақтың салт-дәстүрінен көрініс беретін, қазақтың ас-тағам дәстүрінен көрініс беретін, қазақтың ат әбзелдері, үй әбзелдері атауларының қатысуы арқылы жасалған фразеологизмдер болып келеді.

Халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігі материалдық мәдениет арқылы да танылатынын жоғарыда айтып өттік. Қазақтың көшпелі өмірі киіз үймен тікелей байланысты болса, бірқатар фразеологизмдер осы киіз үй жабдықтарына қатысты да пайда болып отырған. Мысалы: Қырдағы кәсіпқордың қанша мал тапса да, *үзгі бозармайтын құрым шатпасы*. Байсал байдың бәйгеге не тігетініне сырттай *тон пішті* («Шыңырау»). Келтірілген мысалдағы *«үзгі бозармайтын құрым шатпа»* бір жағынан жұтаңдықты білдірсе, екінші жағынан қанша мал тапса да, қолы тар сараңдықты бейнелеп тұр.

Ұлттық-мәдени стереотип халықтың айналысатын кәсібіне байланысты туған фразеологизмдерден көрініс табады: Құлжанның үйі көшіп келген соң, пәлен күн бойы Ханымның *қолынан оймақ түскен жоқ*. Ала қырдан су іздеп, *құдық қазуды* ата кәсіп қылып алатын Қараш әулеті бесіктен белі шықпай жатып еститіні мазақ... («Шыңырау»). Мұндағы *қолынан оймағы түспеу* іс тігуді білдірсе, *құдық қазу* шөлейт аймақтарда тұрған халықтың ата кәсіптерінің бірі болған.

Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақырында» көне ұғымдарды «тірілту», ежелгі сөздерді меңгертуге көп күш салады. Айталық, жазушы жорықтан Байтақ шаһарына оралып келе жатқан Алмас ханның ойын өрістете келе: «бұрын *тасбақаның дауылы* мен *қазанның кірісінде* жолға шықпаушы еді. Осы жол елге көктем басында оралам деп амалсыз ұрынып отыр...», –деп баяндайды. Осындағы «тасбақаның дауылы», «қазанның кірісі» – қазақ танымындағы табиғат құбылыстары.

Жазушы еш уақытта қоғамнан тыс өмір сүрген емес. Оның суреткерлік дүниетанымын қалыптастыратын да өскен-өнген орта, қоғам, заманауи оқиғалар мен саяси-идеологиялық ұстанымдар. Осы тұрғыдан келгенде шығармашылықтағы дүниетанымның маңызы Ә.Кекілбайұлы шығармалары негізіндеанық көрінеді. Қазақы тәрбие, қазақ ауылындағы саф алтындай сақталған ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптан сусындап өскен жазушы ұлттық менталитетті терең біліп қана қоймайды, оны сақтап,

қорғау қажеттігін де биік ой талғамымен ұғынады. Қаламгер туындыларының тек жалаң, суреткерлік қиялдан ғана емес, өмір материалын терең зерттеу, оны талдап, таразылау нәтижесінен туғандығы осының айғағы.

Халқымыздың ұлттық-мәдени стереотипін қалыптастыратын басты белгі бірі – оның өнері. Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесі қазақтың қара домбырасы арқылы қанына біткен күй өнеріне арналған. Қазақ күйінің құдіретін қаламгер мына жолдарда анық көрсеткен: *«Домбыраның қос ішегін еміне сауып, есілтіп отыр. Қара шанақтыңкөйгөйі көкірегінді қысып ырқыңды алып барады («Күй»)». Домбыраны жай ғана шертіп емес, оның «қос ішегін еміне сауады», қазақтың ұлттық аспабын бірде домбыра десе, келесіде қара шанақпен алмастырады.*

Қазақ күй арқылы өзінің өткені мен бүгінін таниды. Төл өнерінің қатпар-қалтарысын қапысыз ұғатын ұлттық рух, менталитетінің құпиясын күйінен аңғарасыз.

Жазушының қазақы менталитет, қазақы тәрбиені көрсететін тағы бір шығармасы – «Бәсеке» повесі. Қазақ халқындағы қыз баланың тәрбиесіне қатысты ұлттық менталитет көрінетін тыйымдардың бір көрінісін мына жолдардан аңғаруға болады: *«Қызды қырық үйден тый»* деген қайда? Үйде қонақ отырғанда үстіне неге кіреді?.. Бұл – қонақтан тартынбай үстіне кірген қызының қылығына күйінген Балпан байдың сөзі. *«Қызды қырық үйден тыйю»* мақалы – қазақы тәрбиедегі қыз баланың әдебіне байланысты көптеген тыйымдардың, шектеулердің бар екенін меңзейтін түйін. Сол сияқты осы шығармадан алынған мына мысалға назар аударайық: *«Ұл – ұрпақ, қыз – өріс»* деген. Жат жұртқа жаралса да, қыз баланың жалғыз бауырын жалқы қылмас». Ежелден *«ұл – ұрпақ жалғастығы, шаңырақтың иесі»* деп білген халқымыз қызды өріске балаған.

Күні бүгінге дейін «қазақ» деген атпен ассоциацияланатын ұғымдардың бірі – той. Қазақты тойсыз елестету мүмкін емес. Сәбидің дүниеге келуінен басталатын ұлттық тойлардың әрқайсысының өз аты бар: ...ертең балам *қырқынан шығады* деп хабар шашып қоймас па еді. Бір алпауыз әйел *тұсауын кесіп*, Зейнептің қос тақта алқасын қағып алады. *Сүндет тойының* қызығын да пішеншілер көрді («Бәсеке»).

Мұндай мысалдарды жазушы шығармаларынан көптеп келтіруге болады.

Әрбір ұлттың және халықтың өзіне тән болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мұралары, ұлттық ерекшелігі – сол халықтың тарихи даму жолының көрінісі.

В.Н.Телия кез келген тілдер жүйесіндегі фразеологизмдер мәдени белгілердің экспоненттері ретінде қабілетті екендігін, фразеологизмдердің ұлттық-мәдени дүниетанымға синхронды түрде еніп қана қоймай, оның фрагменттерін ұрпақтан ұрпаққа табыстаушы ретінде жеке тілдік тұлғаның, сондай-ақ тілдік ұжымның дүниетанымын қалыптастыруға қатысатынын айтады [1,81].

Фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін қарастыру барысында фразеологиялық аспектідегі «бір ұлт өкілдерінде бірыңғай ұлттық сана-сезім құрылымы» концептісін талдау мәселелері алғашқы орынға қойылады.

Фразеологизмдердегі ұлттық нышанды анықтаудың тіл білімінде бірнеше жолы бар: 1) Бір тілдің ұлттық-мәдени болмысын екінші бір тілдің ұлттық-мәдени болмысымен салыстыру арқылы анықтайтын – салыстырмалы тәсіл; 2) Бір тілдің ұлттық-мәдени нышаны сол тіл иелерінің көзқарасымен қарастырылатын, яғни өзіндік талдау, өзіндік бақылау жүзеге асырылатын – интроспективті тәсіл.

Осы тұрғыда мәдени коннотация фразеологияның ең маңызды компоненті болып табылады. Бұл – жеке бір халықтың, ұлттың нышаны. Мәдени коннотация фразеологизмдердегі ассоциативтік-бейнелік негіздердің интерпретациялануының нәтижесінде туады, ол ұлттық-мәдени стереотиптермен сәйкестендірілуі арқылы жүзеге асады.

Стереотип – дүние туралы таным-түсініктің қайталануынан тұрақталған әрекеттер мен құндылықтар шаблонуы. Стереотиптер өз семантикасында ұлт мәдениеті дамуының ұзақ уақыттық үдерісін көрсетеді, ұлттық сипат, тарихи және мәдени колоритті береді.

Әрбір суреткер тілді қолдануда сол тілдің негізінен, дәстүрінен қол үзбейді және автор тұлғасы көркем шығарманың мазмұндық құрылымында идеялық-эстетикалық позициясын танытумен ерекшеленеді. Ә.Кекілбаев шығармалары образды, ұлттық ерекше белгілері сайрап тұрған фразеологизмдерге өте бай. Олар мал шаруашылығына байланысты туындаған, қазақтың салт-дәстүрінен көрініс беретін, қазақтың ас-тағам дәстүрінен көрініс беретін, қазақтың үй әбзелдері мен жиһаздары атауларының қатысуы арқылы жасалған фразеологизмдер. Мысалы: *Қақ төрде* әлгі бір *аспанмен бой таласқан көк сырық*, енді байқады – мұнара. Екі шекесін қара, әлдекім *дойырмен тіліп өткендей*, жырттылып айырылып тұр. Арқадағы асына үй апардық, қырық ірі *қара соғым*, *қырық саба сауын* апардық деп күпілдейді.

Төрт санының символикалық мәні қазақ танымында тұрақты бүтіндікті білдіреді. Ә.Кекілбаевта: Кеше ғана көкіректеріне сыймай, *дүниенің төрт бұрышын* қайта қондырып шықпаса тыншымайтындай лепірген өр жүректері ессіз жонның құрт-құмырсқаларының аузына кетеді («Күй»). «Дүниенің төрт бұрышы» фразеологизмі жалпы қазақ ұғымында, мұсылман танымында бар түсініктен туған тіркес. Аталған фразеологизмнің семантикасы «төрт құбыласы түгел» дегенмен сабақтас екенін аңғарамыз.

Ә.Кекілбаев қолданған фразеологизмдердің көбі кейін әдеби тіл нормасына ие болуға сұранып тұрған фразеологизмдер. Мысалы: Біздің Теңбілкөк жалды жайып тастап, мойнын созып жіберіп, тайпалтып тартып бергенде, басқа *шортанның қасындағы шабақтай боп қалады*, тәңірі! («Автомобиль»).

Ұлттық тіл семантикасында бекіген образдар жүйесі тілдегі мәдени ақпараттың негізі болмақ. Нәтижесінде мәдени кодтар мәдени ұлттық коннотация мазмұнын құрайды. Осындай мәдени коннотациялар Ә.Кекілбаев қолданысындағы фразеологизмдерде, олар қолданылатын мәтін мағынасына да қажетті мәдени сипат береді.

Демек, коннотацияның пайда болуына ұлттық-танымдық стереотиптер, ассоциациялар күшті негіз бола алады. Коннотациялар бағалаушы ролінде келіп, әлем бейнесін құрайтын тілдің ұлттық ерекшелігін айқын байқатады.

Ә.Кекілбаев қолданысындағы кез келген фразеологизм құрамында мәдени коннотация бар және ол ұлттық мәдениет бейнесіне өз үлесін қосады.

Әдебиеттер:

1. Авакова Р.Ә. Фразеология теориясы. - Алматы: «Қазақ университеті», 2009. – 292 бет.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. - 800 бет.
3. Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі) / Құраст.: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбеков және т.б. - Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. - 1488 бет.
4. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы, 2005. - 440 бет.
5. Он екі томдық шығармалар жинағы [Мәтін] / Ә. Кекілбайұлы. - Алматы: Өлке, 1999.

ӘОЖ 82-7

Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ТІЛ ҚОЛДАНЫСТАРЫ

Маржан Сәрсекешқызы Жылқыбаева,
Yessenov University

*«Қазақ филологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты, Ақтау қ.*

Аңдатпа: Мақала Ә.Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті тіл қолданыстары туралы. Жазушы шығармаларында кездесетін материалдық және рухани мәдениет көріністерінің атаулары екі үлкен топқа бөлініп, оның себептері мен ұстанымдары сөз етілген. Маңғыстау өңірінің тумасы болғандықтан, жазушы шығармаларында осы өңірге тән тіл ерекшеліктерін қолданғаны басты назарға алынған.

Түйін сөздер: диалект, Маңғыстау, этнолингвистика, сөйленіс, тіл, этномәдениеттаным, мәдениет

Диалектілік материал қазақ тілінде этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық бағытта Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, М.С.Атабаева, Ж.Мұхамбетов, Р.Асылбеков т.б. еңбектерінде қарастырылып келеді. Бұл зерттеу жұмысында біз Ә.Кекілбаев шығармаларынан жинақталған материалдық және рухани мәдениет көріністерінің атауларын екі үлкен топқа бөліп, оның себептері мен ұстанымдарын сөз ететін боламыз.

Тіл мен мәдениет арасындағы байланысты бүтін мен бөлшектің арасындағы байланыс ретінде қарастыруға болады. Тіл – мәдениеттің құралы. Белгілі тіл иесі – сол мәдениеттің тұтынушысы. Тілдік таңба мәдениет таңбасы ретінде қызмет атқарады, сондықтан халық мәдениетін танытатын негізгі құрылымдардың бірі болады. Белгілі аймақ, өмір сүру ортасы ұлттық сипатқа, халықтың болмысына әсер етеді. Ол этностың мәдениетінде, тұрмысында, күнделікті өмірінде көрініс табады, бұл көрініс қоршаған ортаның жағдайына қарай тілде әртүрлі таңбалануы мүмкін. Ә.Кекілбаев шығармаларында кездесетін сондай сөздердің бірі – *аран*: Қуғыншыдан үркіп жөңкіле қашқан тағы үйір жолында не тұрса да қарамапты. Айдалада жаңғыз жайылып тұрған бурыл байталды да қақпайлап әкеп, өздерімен бірге *аранға* жығыпты немесе Бұзбай пісірген құланның шылқыған семіз етіне кеңірдектей тойған аңшылар *аран* жайын мұрттарынан май сорғалап отырып әңгімелейді” («Үркер», 16). Жанарыс балалары *аранға* қамап аулап алған құланның қызыл қуырдағына белшесінен бөгіп отырған Есеттің аулында екі күн жатты (Үркер, 269). Шығарма мазмұнына сәйкес оқырманына түсініксіз болуы мүмкін *аран* сөзінің мағынасын сөз зергері аң аулау тәсілі арқылы түсіндіріп, сипаттап өтеді. Алайда, бұл орайда жазушы оған ғылыми, лингвистикалық тұрғыда сипаттама бермей-ақ, шығарманың өн бойымен астастыра отырып, этнолингвистикалық құнды мәліметтер келтіреді. Бұл орайда жазушы оқырманына түсініксіз болатын сөзді шығармасына енгізген кезде адресат факторын ескере отырып, өзіндік әдіс-тәсілдер қолданғаны көрінеді. *Аран* – аңшылардың жабайы аңды аулау тәсілі екені үзіндіден анық көрінеді және ежелгі әдет екені айқын. Мысалы, аң аулау тәсілі Шығыста *абылау* аталады. Аңды жан-жағынан айнала қоршап, қамалау арқылы қолға түсіру дегенді білдіреді. Бұл сөз ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *абла* түрінде кездеседі. Бурят тілінде *ау* – қоршап, қамалау. Сөздің түбірі осы *ау* тұлғасы болса керек. Жердің ыңғайына қарай қазақтың батысы мен шығысындағы осы екі атау үзілмей келе жатқан ежелгі мәдениеттің көрінісі екені даусыз. Жазушы суреттеп отырған *аран* қазақ тіліндегі омонимдік қатар құрап тұрған *аран* сөзінің екінші түріне жақын. Ол «кірпішпен темірден жасалған қоршау» дегенді білдіреді. Сонда «қоршау» семасы архисема қызметінде тұр деп түсінуге болады. Маңғыстау жеріндегі *аранмен* аң аулау тәсілі – көне түркілер әлемінен келе жатқан дәстүрлі мәдениет дерегі.

Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде *аран* сөзінің бес түрлі диалектілік мағынасы берілген. Бұдан аталған сөздің Қазақстанның бірқатар облыстарында түрлі мағынада қолданылатынын байқауға болады. Соның ішінде біз зерттеу нысанымызға алып отырған жазушы тілінде «ойпаң жер» мағынасында, дәлірек айтқанда, адам қолымен арнайы қазылған ор мағынасында жұмсалғандығын жоғарыдағы мысалдардан көруге болады. Моңғол қазақтарының тілінде «қақпан» мағынасында қолданылады екен. Қақпан да аң аулау құралына жататыны белгілі, демек, аң аулау амалы немесе құралы мағынасында екі сөйленістегі мағыналарының алшақ емес екенін көреміз.

Заттық мәдениет категориясына жататын лингвокультуремаларға күнделікті тұрмыста тұтынылатын заттар мен шаруашылыққа қажетті зат атаулары жатады. Олардың атауларындағы жергілікті ерекшеліктер жазушы шығармаларында көптеп кездеседі: Ондай *тасаяқ* немененің бір жылға жетпей-ақ іші бұлтиып шыға келетін, – деп, “Үйде алдындағы қуыршағыңды құшақтап, әлди-әлдиінді айтып, сен қаларсың”, – деп («Құс қанаты», б). *Тасаяқ* қазақ тілінің аймақтық сөздігінде: кішкентай тәрелкесі бар фарфордан істелген ыдыс, шыныаяқтың шұңқыры, тәрелкесі. Жазушы шығармасында *шыныаяқ* сөзі де кездеседі: *Шыныаяқтың* түбіне жұққан қан күрең шайды ішіп жатып: “Шындарыңды айтындаршы, балалар, басқа үйден осындай шай іштіңдер ме?” – деді («Құс қанаты», 11).

Маңғыстау өңірінің климатына байланысты шөлейт жерлерде өсетін шөптер мен өсімдіктер де жазушы шығармаларында көптеп кездеседі. Мысалы: Бұтасы да кісі түгілі қоян қалқалайтын қауқары жоқ *итсигек* пен *адыраспантұғын*. Құм арасының қалың *бидайық*, *еркегі* қаптай бой көтеріп белден келе жайқалып тұрған шағы («Үркер»).

“Тал түсте *қонақасы* берілді. Табақты жігіттер ошақ басына топырласып, одан әр қайсысы екі-екі табактан алып бір үйді бетке ұстап астарындағы меңсіз торыны тайпалата жөнелді. Барған бойларында табақты есік алдында күтіп тұрған даяшы еркектерге ұстата салып, қазан басына қайта тартады” («Бәсеке», 271).

“... Ауылда ғой жұрт қазір ерсілі-қарсылы шапқылап жүр. Бүгін бір-бірімен сарала таңнан барып амандасады. Кемпір біткен *асадалдың* түбіріндегі өлі астың бәрін қазанға салады. Бүгіннен қалса – мәжіру Қара су құйсаң да, қара қазан ошақта толып тұрады бүгін. Көрісуге келген жұрт үй сайын аяқ-аяқ наурыз көже ішеді. Бүгін қазаны толмаған үйдің биылғы ырзығы кем болады...” («Құс қанаты», 106).

Шыбыртқы сөзінің мәні “Қазақ тілінің сөздігінде”: “Мал айдайтын ұзын қамшы, талшыбық”, – деп сипатталған [1]. Сол сияқты “Қырғыз тілінің сөздігінде” бұл сөздің “жіңішке өрме қамшы, шыбық” мәндері, якут тілінде “биік, өрме тал, шыбық” мәні көрсетілген. *Шыбыртқы* сөзін *шұбалу*, *шұбалаң*, *шұбыру* сияқты сөздермен салыстыра отырып, оның бәріне ортақ *шұб*, *шыб* этимон түбірін анықтауға болады, яғни бәріне ортақ мағынасы – ұзын, созылған. “Көне түркі тілі сөздігінде” *шыбырт* сөзінің “шыбықпен

ұру, осу” мәні көрсетілген. Олай болса, бұл түбірге зат есім тудыратын - қы/-кі қосымшасы қосылуының нәтижесінде *шыбыртқы* сөзі жасалған деп жорамалдауға болады.

Ә.Нұрмағамбетов *шыбыртқы* сөзінің мағынасына тоқтала келіп, монғол тіліндегі *шыбық* мәнінде қолданылғанын, “сав” және “ұзын” мәніндегі *ұрт* сөзінің бірігуінен жасалып (сав+ұрт) түркі тілінде *шыбыртқы* түрінде ауысуы мүмкін екендігін айтады [2, 142].

Торғын *метейге* үңілген қалпы үнсіз жымыды («Ең бақытты күн», 36).

Жаңа ғана бұл арқалап келген *метей* босап қапты («Ең бақытты күн», 41).

Метей – адамның бауын маңдайымен тіреп арқалауға, не түйеге артуға бейімделіп ағаштан жасалған әртүрлі сыйымдылықтағы күбі. Ол негізінен Маңғыстауда қолданылады. Аузында екі тығыны болады. Байызсыз, пәтуасыз кісіні Адайлар әдетте “*Әр метейге бір тығын бейбақ*” деп күстаналайды [1].

Метей – ағаштан жасалған екі не бір тесігі бар бітеу шелек. Онымен құдықтан су тасылады. Бір метей суды әйелдер арқалап та, түйеге теңдеп те әкеле беретін. Ол үлкен-кішілі болып та келеді орташа салмағы 40-50 кг шамасында. Өлшем атауларының қалыптасуына да ыдыс атаулары негіз болған. Яғни метонимия тәсілі арқылы су құйылған ыдыстың атауымен сондағы судың мөлшері анықталып, ол кейін өлшем атауы ретінде қабылданып, тұрақтанып кеткен.

Батыс өңіріне тән диалектизмдердегі үй-жай атауларындағы этнодиалектизмдерге тұрғындардың баспана атаулары мен архитектурасына қатысты мәдени-танымдық ақпарат беретін лингвокультуремалары жатады. Мәселен: Бұл бағытымен төрт қанат жаман *шатпаның* төрінде ала қағаз қыстырылмаған уық қалдырар түрі жоқ (Құс қанаты, 24).

Рухани мәдениетті бейнелейтін диалектизмдер жалпы мәдениеттен бөлек оқшау дүние емес, тек ұлттық салт-дәстүрлердің жергілікті нақыштары, аймақтық туындылары. Ә.Кекілбаев шығармаларынан рухани мәдениетке қатысты көрісу, *дәп, тәр, уақы, қойманшы, кісіәтір, шыймайшы* тәрізді диалектизмдерді келтіруге болады. Мысалы, *тәр – дәстүр, әдет-ғұрып*: Осы күндері қаланың *тәрі* мен тәртібіне шорқақ тұз адамы келе қалды. Көне жазба ескерткіштерде *toru* – заң, дәстүр, Махмұт Қашқари сөздігінде *жөн-жосық, салт-әдет*, Ә.Нұрмағамбетов сөз тәркінін монғол тілінен де, араб тілінен де шығару мүмкіндігін айтады. Монғол тілінде *төр* – мемлекет, өкімет, басқару [2, 118]. Диалектілік лексикада бұл сөз *жосын, дәп, кәдет, насты, тәрейлі, үрдіс* атауларымен дублет құрайды. *Қойманшы* – «қойшы-қолаң» деген мағынада. Мысалы, “*Қамшысын ортаға тастамай қойшы сөйлер, қойманшы сөйлер, ал өзін сыйлайтын ер азамат жағын ашпайды*. Бұл сөздің құрамындағы *-ман* аффиксі туралы Ғ.Қалиев «зат есімдер мен етістіктерге қосылып, бір сапаға иә бір нәрсеге ие болу қасиетін көрсететін парсының *-мәнд>ман* жұрнағы» болуы мүмкін деген пікір

айтады [3,143]. Сөйленістердің өзінде ғана, бұл жұрнақ бес түрлі мағынадағы сөз жасайды. *Қойманшы* – солардың ішінде кәсіп атауына келеді. Койчуман түрін Э.В.Севортян көрсеткен. *Шимайшы* – суретші, сурет салатын адам. Мысалы, Сумақай Юмаш сурет салады. Ханзаданың суретін саламын деп талай қағаз шимайлады... Әлгі *шимайшының* салмайтыны жоқ. Бұл сөз кекесін мағынасында қолданылып тұр, *-шы* жұрнағы кәсіп, мамандық атауын білдіру үшін қолданылатын өнімді жұрнақ екені белгілі. Бұл тәрізді сөздерді окказионалды сөз деушілер де бар. *Кісәнір* батыс сөйленісінде – ұрының (ұры адамның) бір түрі, (қалтаға түсетін ұры), қаныпезер мағанасында қолданылады. Осы жолы ата-баба аруағының алдында ол *кісәнірдің* көзін біржола құрту керек. Парсы тілінде *кисәбор* >*кісәнір* (*кисә+бор*, *кісә+nip*) қалта тесетін, кісе кесуші, қалта ұрысы, қалтаға түскіш. Түбірі – *кисә* – 1) әмиян, шилан, ақша қалта; 2) дөрекі қолғап. Екінші компоненті – *бор* >*nip*. *Кісәнір* тәрізді сөздерге *кесу* деген мағына береді [4, 47]. ... жақсылықты білмейтін *кісәнір* неме сарбаздарының біреуін де тірі қалдырмай, түгел қырып тастады.

Қазақстанның өзге өңірінен Маңғыстаудың бір ерекшелігі – құдық қазуды кәсіп еткен құдықшылар көп болған. Бұл туралы С.Нұрмағанбетұлының «Маңғыстау шыңыраулары» мақаласынан, С.Қондыбай еңбектерінен білеміз.

Маңғыстау елінде суға байланысты көптеген сөздер сақталған.

Шыңырау – бұл сөз әйгілі жазушы Ә.Кекілбаевтың осы аттас повесінен соң айдынын кеңге салып кетті. Жалпақ ел содан соң ғана шыңыраудың тек өте терең құдық қана емес, шөл дала тұрғындарының тіршілік көзі үшін өлшеусіз қам-қаракетінің ескерткіші және оның қазақ даласында тек Маңғыстауда ғана бар екендігіне көз жеткізді. *Шыңырау* кейде *шымырау* деп те аталады. Түбектегі “Ақшымырау” елді мекенінің аты осыған байланысты шыққан. Ә.Кекілбаев Маңғыстаудағы құдықтардың тереңдігіне байланысты түрліше аталатынына тоқталады: екі құлаштан асқанды *құдық*, ал бес құлаштан асқан құдықтарды *шыңырау* дейді. Ол құдық суын қолдап, ал шыңырау суын тек *шығырмен* ғана тартып алуға болатынын айтады.

Шығыр – биіктігі кісі бойындай, не одан сәл ұзын, аша ағаштың айыр басының арасына көлденең доғал орнатқан құрал. Ортасы шұңғырланып ойылған доғалақ айырға көктей тесілген тесігінен білік темір арқылы бекітіледі. Доғалақ-ролик көбінесе темірден соғылады.

Әйкел – құдықтың аузындағы тастан дөңгелек тоқаш ретінде ойылған тас. Арғы түбі арабтың “айкел” деген сөзінен шыққан, ол “ортасы ойық, дөңгелек” дегенді білдіреді.

Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау» повесінде мынадай жолдар бар:

Таудан арамен кесіп алынған сандық тастар ернектің үстіне шығарылады. Кескенге жұмсақ болғанымен жел мен суға берік сар кемік тастың ортасын ойып, шыр айнала қырнап, тоқаштан аударып алғысыз тығырық кейіпке келтіреді. Міне, әйкел –осы. Ол құдық әбден қазылып бітіп,

шегенделіп, құдық аузы жер бетінен үлкен жалпақ таспен өріліп биіктетілген соң үстіне орнатылады Бұл бейне үлкен жұмыстың соңғы нүктесі іспетті. Құдық тойында әйкелге салтанатты түрде ру таңбасы қамалады. Таңба бұдан былай бұл құдықтың белгілі бір рудың меншігі екенін айғақтайды.

Әйкел сөзін жазушы шығармаларынан жиі ұшыратуға болады: Қауғаны астауға сырғытып жіберіп, *әйкелде* талтайып тұрып алды (Ең бақытты күн. 36).

Қараса, Берден *әйкелден* түсіпті («Ең бақытты күн». 37).

Жоғарыда атап өткеніміздей, жазушы шығармаларында құдықшылыққа, құдық атауларына қатысты сөздер жиі кездеседі. Солардың бірі –шеген. Мысалы: Ернектен алыстаған сайын жердің топырағы қалыңдап, астындағы көл-көсір таудың көк тас қабаты тереңдей түседі. Осы жолы бұл көк тасқа он кісі бойы жер қазып зорға жетті. Мұнша жерді *шегендеу* үшін қыруар тас керек. *Шегендеді, әйкел* орнатты. Құдықтың көк тастан ойылған бөлігінің жақтауы сірә мықты. Ал жоғарғы он кісі бойғы бөлігінің жақтауы топырақ. Соңыра оған су тиеді, қауғаның шеті қажайды т.б. Демек, ол – осал.

Құдықшылыққа байланысты әрекет, қимыл аталарына байланысты да кейбір ерекшелік тудыратын сөздер кездесіп отырады. Мысалы: Арланды ақыры сойылға жығып, атқа өңгергендегі жігіттердің қау-қауы бұның құлағын *құдықтайды* («Аш бөрі». 29-б.).

Рухани мәдениет көріністерінен жиналған диалектизмдер өз ішінен: *адамның әлеуметтік орны, кәсібі, мінез-құлқына; тұрмыс-салт, әдет-ғұрыпқа, ауру-сырқау, емшілікке; ойын сауық той-думанға* байланысты диалектизмдер болып топталып сипатталады.

Сөйтсе, жарықтық, жаңа дүкеннен әкелген бір *бөтекесі* бітеу малдың шабысы екен («Құс қанаты». 29-б.).

Бөтеке сөзі “Қазақ тілі сөздігінде”: құстың жем қорыту асқазаны, – деп түсіндірілген. Ал батыс өңіріндегі қазақтардың тілінде, соған сәйкес жазушылар тілінде де бұл сөз құсқа ғана емес, адамға, жалпы жануарларға, малдарға қатысты да қолданылған. Бұл ерекшелік бүкіл түркі тілдеріне тән сипат алған. Э.К.Пекарскидің якут тілі сөздігінде бұл сөздің мағынасы *түйіншек, домалақ зат* деп түсіндіріледі. Яғни атау заттың сыртқы пішініне, тұлғасына байланысты пайда болған. Ендеше, батыс өңірінде ғана сақталған *бөтеке* сөзінің *бүйрек* сөзімен тең дәрежеде, жарыса қолданылуы көненің қалдығы болып табылады.

Диалектизмдер адамның, малдың, оның бет-пішімі мен болмысын, сырт тұрпатын да білдіреді:

Бойлы-сойлы, кара торының әдемісі («Құс қанаты». 39-б.). Жай қол тұспалмен-ақ атқанын сұлата бергеніне қарағанда бұл жолаушы көзінің сұғы мен бетінің сұсы мол Абдолла балаларының *сойы* сияқты («Үркер», 98-б). Мұндағы жергілікті ерекшелік ретінде танылып отырған сөз – *сой*. Бір жағынан, көне сөз ретінде тануға болар, себебі *сой* сөзі “нәсіл, тек, ұрпақ” мәнінде Махамбет өлеңдерінде де кездеседі. Мысалы:

Мен кескекті ердің *сойымын*,
Кескілеспей бір тынбан.

В.В.Радлов сөздігінде ноғай тіліндегі *сой* сөзінің мағынасы

1) ру, шыққан тегі;

2) тұқым;

3) сорт, түр [РСл. Т. ҚV. 512], – деп түсіндірілген. Құмық тілі бойынша адамның қалпы, түрі, беті, нәсілі, руы; ал Л.З.Будагов сөздігінде *нәсіл*, *семья*, *ру* түрінде түсіндірілген. Ә.Нұрмағамбетов *сой* сөзінде *негіз*, *нәсіл* мағынасы бар екенін айта келіп: “Қазақ тілінің өзінде туыстық, тектестікті білдіретін “*сүйегің кім?*”, “*сүйек шатыс*”, “*ақсүйек*” т.б. сөз тіркестері мен қос сөздер жиі айтылады. Дәл осындай тіркестерді қырғыз, хақас тілдерінен де ұшыратамыз. Бұл тілдердегі “сүйек” қазіргі тілімізде жиі қолданылатын осы түлғалас сөзбен (“ет пен сүйек”-дегендегі) төркіндестігі дау тудырмайды. Осылардың қай-қайсының да түбірі – “сой” сөзі деп ойлаймыз. Ал *-ек* баршаға мәлім әсіресе адам мүшелерінің атауын тудыруда көп қолданылатын жұрнақ (біл+ек, бүйір+ек, жүр+ек т.б.). Көрсетілген жұрнақ (-ек) жалғанғанға дейін-ақ “сой” сөзі түркі тілдерінде дыбыстық өзгеріске ұшыраған”, – дейді [2, 108]. Біз де ғалымның осы пікірін жөн деп санаймыз. Бұл сөздің қазіргі қолданысына келсек, жеке *тұқым*, *тек* мағынасында жұмсалмайтынын көреміз. Сөйленістерде, жоғарыда жазушы шығармаларынан келтірілген мысалдағыдай, *бойлы* сөзімен (бойлы-сойлы) қосарланып келіп қана *ірі* мағынасында айтылатынын байқауға болады.

Қорыта айтқанда, Ә.Кекілбаев қолданысында жалпыхалықтық сипат алмаған диалект сөздерді екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірі – әдеби баламасы бар, қолданыс аясы шектеулі, тек жергілікті тұрғындар тілінде ғана қолданылатын, екінші бір тобы –әдеби тілде баламасы жоқ, бірақ жергілікті сипатқа ие қолданыстар. Біздің ойымызша, осы екінші топтағы кейбір сөздер, әсіресе Маңғыстау сияқты шөлейт аймақтарда көп кездесетін құдық пен шыңырауға қатысты атаулар әдеби тілге енуге сұранып тұрған тәрізді.

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. - Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
2. Нұрмағамбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. – Алматы, 1978. - 215 б.
3. Қалиев Ғ. Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 190 б.
4. Оңдасынов Н.Д. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан 1974. – 76 б.

Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ «ШЫҢЫРАУ» ПОВЕСІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ: КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРГЕ КОНЦЕПТІЛІК ТАЛДАУ

Г.А.Калменова

Ш.Есенов атындағы КТИУ

«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 1-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Б.А.Кошимова

Аңдатпа. Мақалада Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» повесінің тілдік ерекшеліктері, оның ішінде фразеологизмдердің қолданысы талданады. Жазушының фразеологизмдерді қолдану ерекшеліктері, олардың концептуалдық сипаттары қарастырылады.

Кілт сөздер: Әбіш Кекілбаев, фразеологизмдер, концептілік талдау, «Шыңырау» повесі

Әбіш Кекілбаев – өмірді терең зерттеген, қоғам шындығы мен адам болмысының сан қатпар қалтарыстарын қаламгер һәм қайраткер ретінде жете зерделеген тұлға. Ол туған халқының тарихы мен салт-дәстүріне, рухани ділі мен жан дүниесіне терең үңіліп, оны әлемдік мәдениет пен жаһандық тарих тұрғысынан пайымдаудың арқасында адам тіршілігінің түрлі нюанстарын өзіндік көркем өрнекпен, философиялық пайыммен, азаматтық зердемен суреттеді. Жазушының парасатты прозасының көркемдік-идеялық бітіміндегі ойшылдық пен сыршылдық, асқақтық пен сыншылдық, қарапайымдылық пен тереңдік, турашылдық пен астарлылық секілді кең арналы тоғыстар ордалы ойлардың асыл қорытпасындай жарқырап көзге түседі [1, 26].

Әбіш Кекілбаевтың шыңырау құдық қазған Еңсеп туралы жазған көлемді туындысы – "Шыңырау" повесі екені әдебиет сүйер қауымға мәлім. «Шыңырау» хикаяты – Маңғыстау даласындағы құдықшылық кәсіптің қырсырын жеке сипаттаған шығарма. Сол өлкеде өзінің өшпес мұрасын қалдырған әйгілі құдықшы Қарашаш Бейнеубай Құлшарұлы деген кісі өмір сүрген.

Адамзаттың танымдық дүниесі оның ойлау әрекетінен көрінетін болса, оның тілі – сол әрекетті танытатын негізгі белгі болып есептеледі. Көркем шығармадағы тілдік жүйенің құрылымын, ұлттық тілдің табиғатын танудың бір жолы – тілдік таңбаларды, оны құрайтын элементтерді, олардың мазмұндық жағы мен тұлғалық жағын тілдің өз заңдылықтары негізінде қарау болса, екінші жолы – ақиқат өмір, ойлау, танымдық тұрғыда бір-бірімен байланыста қарау болмақ. Тілдік таңбаның ерекше түрі болып табылатын фразеологиялық бірліктерде ұлттың мәдени жемістері, яғни

халық ауыз әдебиеті, діни философиясы, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, мифологиялық дүниетаным көздерінің іздері жатыр. Осыған байланысты көркем әдебиеттегі фразеологизмдер, оның концептуалдық өрісін қарастыру тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Тілдік бірліктерді антропоцентристік парадигма тұрғысынан қарастыра отырып, көркем шығармадағы тұрақты тіркестердің семантикасынан ұлттың мәдени болмысы мен ойлау жүйесін, қоршаған дүниені қабылдаудағы ұлттың менталдық ерекшелігін, қазақ халқының салт-дәстүрін айқын аңғаруға болады. Көркем шығармадағы фразеологизмдерге концептілік талдау әлемнің тілдік бейнесі туралы білімді анықтау үшін қажет. Концептіде әрбір тілдік тұлғаның мәдени деңгейі іске асады, ол концептінің өзі сөзде ғана емес, сөз тіркестерінде, мәтіндерде жүзеге асырылады.

Осы орайда Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы фразеологизмдерді қарастыра отырып, халық дүниетанымы мен жазушы дүниетанымын бірлікте айқындау және оның тілдік бірліктер арқылы оқырманға беретін пайдалы ғибраттарын ашу арқылы фразеологизмдердің авторлық дүниені қалыптастыратын көркем сөз атрибуты екендігін көрсету негізге алынды. Қазақ тілінің тілдік әлем бейнесінің ерекше сегменттерінің бірі – «өмір» концептісі. Аталған концептінің проза тілінде кеңінен қолданыс табуы оқырмандардың да әлемдік тілдік бейнесін құруына негіз болады. Ә.Кекілбаев шығармаларында «өмір» концептісі төмендегідей фразеологизмдердің қатысуымен дәйектеледі: жалған дүние, жарық дүние, жарық әлем, жарқыраған тірлік сұм дүние, жарық жалған, жер үсті, өтірікші дүние. Жазушы шығармаларынан мысал келтірсек, бір ғана «Шыңырау» повесінің өзінен-ақ жоғарыда келтірілген фреймдерді түгел дерлік кездестіруге болады: «...өзі сонау иненің жасуындай сығырайма тесікке, жарық дүниеге қарай жаныға өрмелеп барады. ...жаңа ғана артында қалған жарық әлемнің сонау бір алақандай жұрнағына телмірумен... емексітіп тұрған жарық дүние жым-жылас... жер үстіндегі жарқыраған тірлікпен... жарық жалғаннан түгел түңіліп, сырттап кете жаздап тұрған кездерде... жер үсті тіршіліктің тәттілігін сездіріп...

Мысалдардан көріп отырғанымыздай, қаламгер өмір ұғымын дүние, әлем, тірлік, жалған, үсті тәрізді лексемаларды түрлі анықтауыштық коннотация арқылы құбылтып қолданады. Өмір бар жерде өлім бар. Жазушы шығармаларында «өлім, ажал» концептісі де фразеологизмдер арқылы таңбалаанады. Мысалы: «Аяғының астында, сонау көзге түртсе көрінбес қара түнекте, ол өмірі көрмеген бір дүлей аранын ашып, тісін сақ-сақ қайрап тұрғандай ту сыртына мұздай тер шығады» [2,257]. Осы мысалдағы қара түнек – о дүние, яғни өлім болса, аранын ашқан дүлей немесе тісін сақ-сақ қайраған дүлей – ажал. «Алыстан болсада атой беріп, емексітіп тұрған жарық дүние жым-жылас ғайып болды» [2,258]. Мұндағы жарық дүниенің жым-жылас ғайып болуы бұ дүниенің о дүниеге ауысуы, яғни өмірден кейін өлімнің келетіні.

«Шыңырау» повесінде жазушы құдықшының шыңырау түбіне түскен сайын болатын ішкі арпалысын, үрей мен сенім, өмір мен өлімнің іштей айқасын фразеологиялық оралымдар арқылы ұтымды жеткізеді. Қаламгер туындыларындағы «үрей» концептісінің өзін жеке қарастыруымызға болады. Жазушы үрейді бір жағынан жан алғыш аш қасқырға, көлденең кесапатқа теңеп, образды түрде берсе, екінші жағынан (үркек) *жүрегін тас төбесіне шығару, жүрегі ұшу, төбесіне мұздай су құйып жібергендей болу* сынды фразеологизмдер арқылы бейнелейді: «Жан-жағынан аш қасқырдай анталаған үрей де кейін серпілгендей болды ...онсыз да ойнақшумен болатын үркек жүрегін тас төбесіне шығаратын тағы бір көлденең кесапат па, қашан қасына жетіп, қолымен ұстағанша сенбей, көктен көзін алмайды» [2, 257].

Терең құдықтар «шыңырау» деп аталды. Маңғыстау, Үстіртте су өте тереңнен шығатындықтан тек «шыңыраулар» қазылды, шыңырау құдықтарды таспен шегендегендіктен «тас құдық», «тас шыңырау» деп те, терең болғандықтан «құрдым құдық» деп те аталды. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов 1926 жылы КСРО Ғылым Академиясының тапсырмасымен Адай уезін зерттеуге бағытталған экспедиция құрамында болған кезінде шыңырау құдықтарға ерекше назар аударған. Ә.Бөкейханов «Казахи Адаевского уезда» атты еңбегінде шыңырау құдықтар жайында былай деген: «Шыңырау. Осылай аталған тереңдігі 30-40 сажын болатын, таспен шегенделген құдықтар, малдан қорғау мақсатында аузы таспен, құммен көмкерілген» [3]. Осы тұста Ә.Бөкейхановтың шыңырау құдықтардың тереңдігіне қатысты сажын өлшемі көңіл аудартады. 1 сажын 3 аршынға, ал 1 аршын 0,71 см-ге тең, сонда 1 сажын шамамен 2 м. 13 см. болса, 30 сажын тереңдіктегі шыңырау 63,9 метр, 40 сажын тереңдіктегі 85,2 метр болады. Мәтін орыс тілінде жазылғасын сажын деп берген, ертеде құдық тереңдіген құлаш немесе қадаммен шамамен есептеген, сондықтан 30-40 құлаш немесе адым дегенді айтса керек.

Маңғыстау, Үстірт өңірінде, 1,5-2 метр жер қабатынан соң қалыңдығы 30-40 метр, кейде одан да қалың, бірақ жұмсақ тас қабаты түзілген, сондықтан жер астындағы суға жету үшін көздеген жердің тас қабатын үңгу қажет болған. Ол үшін үстіңгі жер қабатын кең етіп қазып алып, дәл ортасынан диаметрі 1,5 метрдей етіп тасты дөңгелете сүйменмен (басы үшкір темір құрал, оны балықшылар мұз оюға қолданған) тескілеп, 30-40 см қабатын қопарып алады, оны «тасты бауыздау» дейді. Бұдан әрі бауыздалған қабатты шетінен сындырып отырады. Шыңырау тереңдеген сайын, оның түбіндегі балшық пен тас сынықтарын шығару, салмағы ауыр болғасын қиындай береді. Сондықтан балшықты тасты шығару үшін көн теріден тігілген ауыр *долықты* немесе *көншелекті* ұзын арқанға байлап, түйенің көмегімен тартып шығарған [5, 49] .

Шыңырау қазу жұмысы шамамен 1-2 айға созылған. Шыңырау қазуға 4-5 немесе бірнеше ер адам қатысқан. Тереңдігі бірнеше құлаш болатын шыңырау құдықтарды қазып, шегендеу жігіттің жігіті ғана шыдайтын өте

ауыр жұмыс болды. Шыңырау құдықтардың диаметрі тар болғандықтан, құдықшы отырып жұмыс жасаған, жер асты суық болғандықтан тон киіп қазған. Шыңырау қазу күрделі еңбек, әрі шөлді, тасты жерден қазылатындықтан көздеген жерге қазық қағылып, үстінен киіз үй тігіліп, бір малды құрбандыққа шалып, құран оқытқан, соң құдық қазуды бастаған, киіз үй құдықшылардың төбесінен күн түспейтін жерге жеткенше тігіліп тұрған деседі. Су көзін тапқан соң, оны шүберекпен тығындап қойған, *үгі* деп аталатын ойық жасап алған соң тығынды алып тастаған, сол кезде су біртіндеп үгіні толтырған. Құдық қазғанда шыққан топырағын құдық аузына айналдыра төгілді, Құдықшылар ішкі жұмысын бітірген соң, құдық ернеуі, яғни аузы опырылып құламауы үшін, оны тастармен көмкеріп, қалап көтерген, оны *құдықтың қорғаны*, *құдықтың қоршауы* дейді. Осылайша құдыққа қоқыстың түсуі мен малдың су ішкен кезде құлап түсуінің алдын алған. Құдықтың қорғаны құдық ернеуінен 0,5 аршын биік болған [3]. Құдықтың аузы *«әйкел»* деп аталған тасқақпақпен жабылды. Тасқақпақтың ортасы мес қауға сиятындай етіліп тесілген, сондықтан *«әйкел құдық»* деген де атау қолданылған. Археологтар есепке алған әйкелдің бірінде адай руының таңбасы қашалған. Ал, ағаш қақпақтың сыртын құдық суын құм, шаң тозаңнан сақтау үшін киізбен қаптаған. *Әйкел* – арабтың ойық, дөңгелек деген сөзі. Маңғыстау, Түркімен қазақтарының ітіліндеортасы тесік, дөңгелек тас маңынасында қолданылады. Құдықтың аузы, ернеуін көтерін тастары мен тас астауларды тас қашаушы шеберлер жасаған.

Құдықтар қазақ халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінде ауыз суды қамтумен бірге, мал суару жүзеге асыруда маңызды роль атқарған. Құдықтың қай түрі тереңі, таязы, тұщысы, ащысы болмасын барлығының суы *мәлдір*, *тұнық* болады. Халық арасында *«Терең құдықтың суы тәтті»*, *«Бір кісі қазған құдықтан мың кісі су ішеді»*, *«Құдықтан су ішкен, қазғанға рахмет айтады. Ағашты көлеңкелеген, еккенге рахмет айтады»* деген нақыл сөздер, *«құдыққа бар асылын тыққан шөл даладай»*, *«құдық суындай»*, *«құдыққа салған қауғадай»* деген теңеу сөздер бар.

Қазақ халқы *«су ішкен құдығыңа түкірме»* дегенде адам өмірінде белгілі бір із қалдырған кезеңдерінен теріс айналмауына тәрбиелеп отырған. *«Судың да сұрауы бар»*, *«инемен құдық қазғандай»* деген сөздің түп-тамыры құдықтан су шығарудың оңай шаруа еместігін тағы да дәлелдейді. Қазақ халқының наным-сенімдер жүйесінде сүйелді кетіру үшін жаңа ай туғанда қолын жайып *«жаңа ай, сүйелімді алып кетші»* деп жалына отырып, айға сыйынады да, ай сәулесі түсіп тұрған құдыққа тиын тастайды. Бұл шаралар шындығында сүйелдің қайтуына көмектескен. Құдықтан су алуға барғанда алдымен суға тас лақтырады, сонда су ішіндегі шайтандар ұшып кетеді деген. Құдықтың бетін ашық қалдырмаған, жын-шайтандар үйір болмасын деп, таза ұстауды мақсат тұтқан. Ертеде құдықтардың мұздатқыш ретіндегі ролі де зор болған. Оңтүстік өңірлерде ашыған көжені ыдысқа құйып, құдық суына батырып қойған.

Әбіш Кекілбайұлы – шығармашылық ісінде болсын, қоғамдық-қайраткерлік жұмыстарында болсын халықтық мән-маңызы бар үлкен қағидалар мен мұраттарға қызмет етіп келе жатқан ұлы тұлға. Ол халық боп қатарға қосылу үшін, ұлт ұлт болып рухтану үшін, ең алдымен, оның тарихи жалын оятып, тарихи санасын жаңғырту керек деп ұқты.

Әдебиеттер:

1. Қабылов Ә. //Әбіш Кекілбаевтың суреткерлік феномені: парасат пен пайым // Ә.Кекілбайұлының 80 жылдығына арналған әдебиет және өнер қайраткерлері Халықаралық конгресінің материалдары // Ақтау, 11 қазан, 2019.
2. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. 2 том, Алматы. Өлке, 1999.
3. Медетбек Т. Шыңырау // Егемен Қазақстан // 25 тамыз, 2009.
4. Сұлтанов Қ. Кекілбаев кеңістігі // Егемен Қазақстан // №112, 1996.
5. Арғынбаев Х. Қақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: ҚазССР-нің «Ғылым» баспасы, 1969. 170 б.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 9-том. Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 998 б.

ӘОЖ 82-7

КОНЦЕПТ «СУДЬБА» В ПОВЕСТИ «ШЫНЫРАУ» А.КЕКИЛЬБАЕВА

Ш.Д. Смагул,
студентка 4 курса ОП «Русский язык и литература»,
shakhizada.smagul@bk.ru

Научный руководитель: Битикова А.И., ассистент профессора
кафедры «Мировые языки» Yessenov University
г. Ақтау

Аннотация. Данная статья исследует концепт «судьба» в повести Абиша Кекильбаева «Шынырау», рассматривая его как многогранную концепцию, отражающую взаимодействие внутренних и внешних сил, формирующих судьбы героев. В работе показано, как А. Кекильбаев, мастерски используя язык и образы, передает внутренний мир своих героев, их переживания и философские размышления о предопределении и свободе воли.

Ключевые слова: концепт, судьба, внутренние переживания героя, размышления о жизни

Қара жер бүлк етпестен жатыр әлі,
Орақ боп ғұмыр қауын жапырады.

Астында өмір деген бәйтеректің
Жатыр сан желмен ұшқан жапырағы.

Әбиш Кекильбаев [1]

Казахская литература – это история длиной в нескольких тысячелетий. На территории современного Казахстана жили десятки племен и народов, которые слагали легенды и мифы, создавали эпосы и сказочные истории. И практически вся история этого творчества считается народной. В этом плане хочется выделить эпоху XX века, где оформилось и окрепло поколение «шестидесятников» (К.Мырзалиев, Т.Молдагалиев, С.Жунисов, М.Макатаев, А.Кекильбаев, М.Магауин, Д.Исабеков, О.Бокеев, и др.). Литература данной эпохи открывала новые социальные конфликты, в которых правдиво отображалась сущность эпохи, создавала образы героев с раскованной свободной мыслью, очищаясь от догматических искажений, сковывавших творческие поиски и в прозе открылась возможность для глубокого и всестороннего раскрытия человеческих судеб средствами психологического анализа. И одним из них является Абиш Кекильбаев — выдающийся казахский писатель, драматург и ученый, один из ключевых фигур казахской литературы XX века. Писатель впервые привнес в казахскую литературу балладу в жанре прозы.

Абиш Кекильбаев известен тем, что в своем творчестве искусно отражал национальное мировоззрение, жизненные принципы и философско-этических ценности нашего народа. Он мастерски овладел различными способами познания истины человеческой души, где описывает внутренние переживания героя, находит точные картины образа жизни казахского народа, где высокие мечты подвергаются философскому анализу и психологическому обсуждению. Его герои часто представляются обычными людьми, у них своя жизнь, судьба и поведение. Писатель использует глубокий и многогранный язык, чтобы передать внутреннее волнение, тоску и горечь своего героя, выходя за рамки обыденной лексики. используя разносторонние и глубокие описания. Судьба героев является для него сложной и многогранной темой, отражающей как влияние больших исторических событий, так и индивидуальные выборы персонажей.

Одним из его произведений, где четко изображены внутренние волнения, переживания души, чувства сердца персонажа, которого преследуют превратности судьбы, является повесть «Шыңырау».

Жазушының «Шыңырау» повесіндегі оқиғалар мен әлеуметтік ой-пікірлер жағынан біздің заманымызға жақын тұр. Мұнда қаламгер ежелгі аңыз-әңгімелердің бірін таңдап алып, соны өзінше байытып жатпайды, қайта керісінше, өткен XIX ғасырда қазақ аулында өткен бірер қарапайым оқиғаны тілге тиек етеді де, соны шебер реалистік мәнерде трагедиялық коллизиялар дәрежесіне көтереді, сөйтіп, бүгінгі күннің қажетіне асарлық адамшылық, эпикалық мәселелерді күн тәртібіне қояды [2].

В сущности, в произведениях прослеживается историографический подход, фокусирующий на жизненном цикле как центральном объекте исследования. Повесть «Шынырау» базируется на сравнительном анализе и взвешивании социальных норм, подчеркивается приверженность автора к объективному изложению фактов и дидактической функции исторического повествования.

Концепт «судьба» в повести Абиша Кекильбаева «Шынырау» представлен как сложная многогранная концепция, не сводящаяся к простому предопределению или свободе воли. Вместо этого, судьба в повести предстает как результат взаимодействия внутренних сил героев и внешних обстоятельств, которые неразрывно переплетены и формируют траектории жизни персонажей.

Энсеп – главный герой произведения. Дееспособный гражданин средних лет. Действия в повести происходят в тот момент жизни героя, когда он начал работу над колодцем Байсал бая. Глубина колодца 200 құлаш (Между двумя руками, вытянутыми на уровне плеч). Отдельным ключевым событием повести является гибель отца главного героя – Кулжан, что поспособствовало на новый расклад жизни всей семьи: *«Шырағым, әкеден айырылды. Құлжан нақыр қасарыспа болғанмен ер жігіт еді. Есіл қайраты далаға кетті. Сүйегін орарға қара ала алаша зорға табылды. Шалқар дәулетке кеңелтпесе де бала-шағаның қарнын ашыртпаған ата кәсіптен қол үзгеннен она тапқан ол жоқ. Сен де әкеңшілеп, ата-баба ырзығын аяққа баспа... Дәржан ағаң үйлеріңді көшіріп әкетпек. Соған еріп, жолын ұста...»* [3, 339]. Так, если не считать колодцев, вырытых Энсепом в повести Кекильбаева, первым пробелом является его происхождение из зажиточного рода Карашей. Это была единственная спасительная профессия, которая передавалась от отца к сыну в бедной семье, у которой кончился скот и не было богатства. Таким образом, предопределенность жизненной цепочки целого рода повлияла на судьбу Энсепа.

Однажды Энсеп возвращаясь к работе в темном, каменном пространстве размышляет о собственной жизни. *«Сонау келмеске кеткен жас дәурені еске түскенде кісі өмірі бақи армандап, өлерінде көріп өлдім бе, көрмей өлдім бе деп күмәнмен кететін жаңғыз аңсары – бақыттың шын дидарын көрсе тек жас шағында гана көре алатынын, бірақ бақытты жастық бақыттылығы сонша, тіпті басындағы бақыттың өзін тұсында байқай алмай қалатынын ойлағаны еді»* [3, 342].

В приведенном фрагменте из произведения Абиша Кекильбаева, размышления героя Энсепа о скоротечности жизни и неуловимости счастья раскрывают его меланхоличную натуру. Замещение понятия «судьба» синонимами «өмір» (жизнь) и «бақыт» (счастье) указывает на глубокую связь в восприятии героя этих трех ключевых аспектов его существования. Жизнь предстает как ограниченное во времени пространство, в котором счастье – это эфемерная цель, которую трудно постичь, особенно в молодости, когда её изобилие не позволяет оценить по достоинству. Энсеп, оглядываясь на

прожитые годы, осознает, что истинную сущность счастья он смог постичь лишь задним числом, когда его молодость, полная потенциальных возможностей, уже ушла. Это понимание окрашивает его взгляд на жизнь в меланхолические тона.

Не следует упускать из виду и то, что художественное и психологическое восприятие представляет собой нейролингвистический процесс, протекающий на уровне сознания и подсознания воспринимающего субъекта. Отмечаются такие психоактивные процессы, включающие в себя эмоциональные переживания, вчувствование, вживание, проживание, суггестивность, рефлексию, экзистенцию, предпонимание, предчувствование читателя, возникающие в процессе чтения и постижения сути авторской концепции произведения [4]. Психологизм у Абиша Кекильбаева призван соединять в живом и вечном процессе историю и современность, актуализировать идею борения страстей и чувств как единственно плодотворного двигателя прогресса.

Важно отметить, что восприятие этой меланхолии читателем – это комплексный нейролингвистический процесс. Эмоциональное переживание, вчувствование в состояние героя, рефлексия над его словами – все это создает у читателя глубокое понимание внутренней драмы Энсепа. Кекильбаев мастерски использует этико-философские размышления, не просто описывая состояние героя, а позволяя читателю прочувствовать его опыт и оценить его сложную, многогранную личность. Образ Энсепа выходит за рамки простого персонажа; он становится архетипом, отражающим универсальные человеческие переживания, связанные с проходящим временем, поиском смысла жизни и неизбежностью утрат. Меланхолия Энсепа – это не просто грусть, а глубокое философское осмысление собственного существования, которое вызывает резонанс у читателя на глубинном, подсознательном уровне. Автор глубоко изображает внутренний мир Энсепа, его мысли, чувства и эмоции и психологическое состояние. Внутренние переживания героя влияют не только на его поступки и взаимодействия с окружающим миром, но и на его *судьбу*.

Проведенный анализ концепта «судьба» в творчестве Абиша Кекильбаева, и в частности, в повести «Шынырау», демонстрирует его сложность и многогранность. Кекильбаев мастерски избегает упрощенных представлений о предопределении, предлагая вместо этого динамическую модель, где судьба формируется в результате сложного взаимодействия внутренних стремлений героев и внешних обстоятельств, исторических событий и случайных совпадений. Изучение различных казахских лексических единиц, соотносимых с понятием «судьба», подтверждает многозначность этого концепта, его способность отражать как чувство предопределенности, так и человеческую ответственность за собственную жизнь.

В контексте лингвокультурологического подхода, исследование концепта «судьба» в «Шынырау» позволяет глубже понять менталитет и

мировоззрение казахского народа, отраженные в уникальном художественном мире Абиша Кекильбаева. Дальнейшие исследования могут быть направлены на сравнительный анализ представления о судьбе в произведениях Кекильбаева и других казахских писателей, а также на изучение влияния концепта «судьбы» на сюжетные линии и характеры героев его произведений.

Таким образом, Абиш Кекильбаев является ярким представителем казахской литературы, чье творчество продолжает вдохновлять многие поколения читателей и исследователей. Его глубокое понимание человеческой природы, социального контекста и культурных ценностей делает его работы актуальными и сегодня. Его культурная уникальность делает его творчество настолько значительным, что требует тщательного и всестороннего исследования.

Литературы:

1. Әбіш Кекілбаев. Энциклопедия. Том 1. Шығармашылығы. Под редак. Ғарифолла Ә. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. – 238 б.
2. Найманбаев А.А. Ә. Кекілбаев повестерінің сюжеттік желісін оқытудың ерекшеліктері / А.А.Найманбаев // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Филологические науки. Том 78, 2021. - № 4. – 229 с.
3. Кекілбаев Ә. Шыңырау. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1982.
4. Есембеков Т.У., Баязитов Б.Б. Парадигмы образа колодца в произведениях Х.Мураками и А.Кекильбаева / Т.У. Есембеков, Б.Б.Баязитов // Журнал «Известия». Серия: Филологические науки. Том 72, 2024. - №1. – 451 с.

ӘОЖ 82-7

ӘБІШТІҢ ТУҒАН ЖЕР ЛИРИКАСЫ

Мақпал Жолайқызы Аманғалиева,
№3 б мектеп-гимназиясы қазақ тілі мен
әдебиетінің мұғалімі (Атырау қ.)

Аңдатпа. Мақала Әбіш Кекілбаевтың ақындық шеберлігін талдауға арналған. Автор жазушының өлеңдеріндегі туған жерге арналған лирикалыөлеңдерінің көркемдік-идеялық ерекшеліктерін, жазушы стиліне тән сипаттарды қарастырады.

Тірек сөздер: Әбіш Кекілбаев, поэзия, туған жер тақырыбы, табиғат лирикасы, өлең табиғаты

XX ғасырдың екінші жартысынан басталған ұлттық әдебиеттегі жаңа дәуірді еске алсақ, «Әбіш шыңы» осылардың дәп ортасында, биікке самғап, қол жетпейтін өрде тұрғанын бүгін әрқайсысымыз-ақ мойындаймыз.

Серік ҚИРАБАЕВ

Әбіш Кекілбаев – заманымыздың дара тұлғасы, заңғар жазушысы. Әбіш – адамның жан дүниесіне терең үңіле отырып, оны жіті зерттей білген жазушы. Ә.Кекілбаев кейіпкерлері әр алуан мінезді, сан қилы тағдырлы жандар. Олардың бойындағы барлық тірлік-талпыныстарына, ішкі әлемдеріндегі ой-сезімдеріне сөз құдіреті арқылы барынша әділ баға беруге тырысады. Әбіш аға туралы сөз қозғау, ой толғау оңай дүние емес.

Жазушы 1939 жылы 6 желтоқсан күні Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы (бұрынғы Гурьев облысы), Оңды ауылының Мырзайыр деген жерінде дүниеге келген. Арғы атасы Жанайұлы Қожаназар қазақтар көшін Маңғыстауға бастап келген. Белгілі, білікті, беделді, дәулетті адам болған. Әбіштің жеке әлемі сол текті бабаның көріп-білген дүниесін аңыз бен ертегі, әңгіме ретінде тыңдаудан бастау алады. Ол – өзіндік бір философиялық ойларға толы әлем. Әбіш Кекілбаев өз өмір жолында мәдениет, әдебиет және т.б түрлі салаларда ұйымдастырушылықпен айналыса жүріп, депутат, Комитет төрағасы, Жоғарғы Кеңес төрағасы, Мемлекеттік хатшы, Сенат депутаты сияқты лауазымды қызметтерді атқарды. Дегенмен ол өзінің жазушылық дағдысын, кәсібін еш тастаған емес. Әбіш алдыңғы кезекте әдебиет сыншысы, шебер, көркем шығарма тудырушы дарынды жазушы. Бұл жолдағы мол дайындығы оның терең шығармаларынан айқын көрінеді. Әбіш Кекілбаевтың шығармашылығы қалың қазақ қауымына, оның әдебиетсүйгіш оқырмандарына кеңінен таныс.

Оның «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» іспетті тарихи романдары – тек тарихи шежіре ғана емес, бүгінгі қоғам үрдісімен, ұлт мүддесімен астасқан, бостандық рухы мен өркениеттің өшпес құндылықтарына құрылған қуатты шығармалары болып табылады және әрдайым алдыңғы кезекте тұрады. Одан кейін «Бір шөкім бұлт» (1966, повесть және әңгімелер), «Дала балладалары» (1968, повестер), «Дәуірмен бетпе-бет» (1972, сын мақалалар), «Тырау-тырау тырналар» (1973, жол-жазба очерктер), «Бір уыс топырақ» (1974, роман және повестер), «Құс қанаты» (1975), «Баллады степей» (1975, «Молодая гвардия» баспасы), «Последний снег» (1978, повестер мен әңгімелер), «Баллады забытых лет» (1979, романдар, повестер, «Известия» баспасы), «Конец легенды» (1979, повестер), «Үркер» (1981, роман), «Елең-алаң» (1984, роман) кітаптары жарық көрді. Оның романдары мен әңгіме, хикаяттары көптеген шет елдер: орыс, неміс, болгар, поляк, мажар, чех тілдеріне аударылды.

Ә.Кекілбаев Г.Мопассанның «Пьер мен Жан», «Өмір» романдарын, Ш.Айтматовтың «Ерте қайтқан тырналар» повесін қазақ тіліне аударды. Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» роман-эпопеясын, И.Буниннің бірқатар шығармаларын тәржімалауға қатысты. В.Шекспирдің «Король Лир», «Ромео мен Джульетта», К.Гоццидің «Турандот ханшайым», М.Кәрімнің «Ай тұтылған түн», М.Фриштің «Дон-Жуанның думаны» пьесалары және басқа да шығармалар Ә.Кекілбаевтың аудармасы арқылы республика театрларының репертуарын байыта түсті. [1]

Әбіш Кекілбаев қазіргі қазақ әдебиетіндегі ұлы суреткер жазушы. Ол сыншы, жазушы, публицист, тарихшы, саясаткер, сценарист, энциклопедист, өлкетанушы, дінтанушы, өнертанушы, аудармашы, редактор және көрнекті қоғам қайраткері, өз тілінде ерекше көсіле білетін шешен. Ол Намыс пен Нартәуекелді жалау етіп, тәуелсіздікке тізесі бүгілгенше қызмет еткен азамат.

Ә.Кекілбаевтың алғашқы өлеңдер жинағы «Алтын шуақ» 1963 жылы жарық көрді. Ақынның өлеңдерінің тақырыптары сан алуан. Лирикалық өлеңдеріне Әбіш эп дегеннен-ақ ел тағдыры, жер тағдыры, халық бейнесі тақырыбын арқау етті. «Туған жер» өлеңінде ақын өз туған жерінің суретін айна қатесіз өлеңмен өре отырып, туған жеріне деген мәңгілік махаббатын көркемдеп жеткізе біледі.

Өстім қырда, қиырда,
Естімей орман шуылын.
Жүзімді қақтап құйынға,
Селеудің тыңдап суылын.
Теңізден шетпін бұрқақты,
Тәнімді толқын көмбеді.
Сусай қалсам, су тарттым
Шыңыраудан шөлдегі
Тақырға асық иірдім,
Құмақта құдым қозыны.
Күн жеп қойған киімнің
Иықта кеткен тозығы.

Өлеңде туған жерге деген қимастық, сағыныш та жоқ емес.

Жүресің, ылғи есімде
Өзіңнен жүрек босамай.
Құлын боп ойнап төсінде,
Боздармын шетте ботадай.
Өзгенің мұнда ісі не?
Өзің, сірә, ұғарсың.
Пейіште де түсімде
Сен кіретін шығарсың. [2, 52 б]

Замана көрінісі мен ел дамуы ақын өлеңдерінен еш уақытта да шет қалған емес. Көз алдыңызға жаңа заман келбетін келтіреді.

Сахарам, мен, міне келемін
Төсінде сауық қып, сайрандап,
Зауыттың көрсем көк желегін
Қараймын қайран қап.
Болат пен балқыған,
Жалын боп шалқыған.
Басқа бір заманның ұлымын.
Кешегі жетімек сахарам
Шалқайып сорады шылымын. [2, 72 б]

«Бағзы бабаларға ода» өлеңінде ата-бабалар рухына бас иіп, тағзым өлең арнай кетеді.

Ындын құрып, өзегі әбден талғанда,
Жалқау бабам жалбаң қағып барды аңға,
Көрді-ағашты сағалаған бұғы бар.
Көрді-суды елік ішкен аңғарда.
Көрді тасты-қанағанда аяғы,
Көрді сазды-былғанғанда таяғы,-
Бабам менің аң іздесе аңырып,
Байтақ әлем байтақ қойнын жаяды.
Бабам менің алба-жұлба балағы,
Шың басына шүйлігіпті садағы,
Құлады елік, сондағы атқпн жебесі

Зымыран боп айға зулап барады.- деп жырлай отырып, бабалар жүрген жолдардың көне елестерін еске сап өтеді. Осы арқылы бабалар батырлығы мен байтақ елдің келбетін келеді.

Тіршілік қай күнде де құбылмалы,
Пенденің ине ұшында шыбын жаны,
Ұшпақ қой ұқпағанға сұм дүние,
Ұн қылып ұнтақтайды ұғынғанды.
Естінің есесі еш, кезегі кеш,
Есерге ештеңе де кедергі емес,
Өмір шекті болған соң-бәрі шекті,
Шектен шықпа-деп Ұят берді кеңес.
Өтер-кетер кемді күн бекер дәурен,
Елеңдетіп әр неге етер де әуре.
Әуре болмай, әуейі көңілге еріп,
Тыныш жүрген дұп-дұрыс екен бе әлде...

Бұл жерде күпірлікті көгендей білген пәктік пен түзулікті ұран қылған өлең иесінің жаны мен көңілінің ақтығын көре аламыз. Ақынның қандай, қай тақырыптағы өлеңдері болмасын оқушысын әрдайым өзіне баурап алады, эстетикалық-көркемдік әлемі өте бай.

Қорыта айтқанда, жазушы шығамашылығына негіз болған құбылыстардың басты арнасы- халық тарихы, туған ел. Сол кездегі жазушының шығармаларына арқау болған халықтар достығы, тәуелсіздік, туған ел тақырыптары бүгінде орындалып қолымыз жетіп отыр. Әбіш Кекілбаевтың проза, әдеби сын, көркем аударма саласында жемісті еңбегі бүгінде өз жемісін беріп, оқырмандар көзайымына айналуда. Тарихи оқиғалардың түп негізінде жатқан көкейкесті ой мұраттардың ерекшелігін, жеке адам мен тарих арасындағы қатынастың саяси-әлеуметтік және психологиялық алғышарттары мен нәтижелерінің сырларын танытады.

Саналы ғұмырын елі мен жерін, Отанын сүйеге, елдігімізді нығайтуға арнаған, қазақ руханияты мен мәдениетінің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан қазақтың маңдайлы ұлы, ардақтысы Әбіш Кекілбаевтың

шығармашылығы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қала бермек. Қазақстан жұрты мен қазақ халқының өсіп-өркендеуі жолында аянбай тер төккен Алаштың ардақтысы, елінің елеулі абыз ағасы Әбіш Кекілбаевтың жарқын бейнесі халқының, ұрпағының жүрегінде мәңгі жасайды.

Әдебиеттер:

1. Massaget.kz сайтынан алынды:

https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/24334/

2. Ә.Кекілбайұлы он екі томдық шығармалар жинағы, II том Алматы 1999.

3. З.Қабдолов «Сөз өнері», 5 томдық шығармалар жинағы, 2 т, Алматы, Санат, 2003.

4. «Әдебиеттану терминдер сөздігі», Алматы, Ана тілі 1998ж, 98 б.

6. Дүйсенов М. Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. – Алматы: 1978.

II СЕКЦИЯ. ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР

ӘОЖ 82/821

ЛИРИЧЕСКАЯ МУЗЫКАЛЬНАЯ ДРАМА «ГАРИБ-АШЫГ»

Жоламан Таубаевич Кобланов,
Yessenov University профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
(Ақтау қ.)
e-mail: koblanov64@mail.ru

Аннотация: В статье анализируются художественное мастерство каракалпакских драматургов А.Бегимова и Т.Алланазарова в жанре драмы. Вместе с тем, в этом труде большое значение придается тому, на каком уровне изображены традиции новизны и фольклорное направление в произведении этих писателей. Уделение особого внимания в последние годы фольклорным основам в драматургии не просто большинством, а вместе с тем учеными в сфере мировой литературоведческой науки, уточняет его как один из очень важных вопросов этой проблемы. Определение фольклорных основ, их оценка, анализ – является актуальной проблемой и в каракалпакской литературоведческой науке. В каракалпакской литературе фольклорный характер в жанре драмы исследуется в рамках сравнительной исследовательской методологии. Что касается исторических фактов в изображении правды, в создании образа персонажей, то они и до сих пор остаются в рамках фольклорной этики.

Ключевые слова: лирическая проза, портрет, композиция, образ, психологизм, художественный стиль, эстетика, литература, история.

Введение. Определение фольклорных основ, их оценка, анализ – является актуальной проблемой и в каракалпакской литературоведческой науке. В каракалпакской литературе фольклорный характер в жанре драмы исследуется в рамках сравнительной исследовательской методологии.

В 1955 году А.Бегимов и Т.Алланазаров написали лирическую музыкальную драму «Гариб-ашыг» («Несчастный влюбленный») и поставили ее на сцене. Сюжет «Гариб-ашыг» взят из одноименного эпоса каракалпакского народа. Обращение драматургов к этой теме – это попытка, доказывающая продолжение использования фольклорных сюжетов и образов в каракалпакской драматургии.

Пьеса состоит из четырех актов и семи сцен. Впервые драма «Гариб-ашыг» была поставлена на каракалпакской театральной сцене весной 1955 года. Затем она была включена в репертуар Декады каракалпакского искусства и литературы, проходившей в Ташкенте в 1957 году.

Постановку пьесы каракалпакские зрители приняли тепло, быть может поэтому это драматическое произведение долгое время находилось в репертуаре национального театра. Конечно же, откровенно говоря, это результат того, что эпос был широко распространен среди народа.

Методика. Признание драматического жанра эстетической категорией дает нам возможность руководствоваться сравнительной, системной, комплексной методологией исследования в исследовании как художественного произведения и творчества, так и в исследовании самого жанра. Это дает возможность раскрыть основы национальной драматургии, познать ее природу, определить оригинальный характер жанра драмы.

Основная часть. Всем известно, что из эпических поэм рождаются и ставятся на национальных сценах драматические произведения. И в истории казахской драматургии эпические поэмы занимают особое место (в большинстве случаев героические поэмы). Увлекательная сюжетная линия, композиционная структура героических эпосов, конфликты и психологическое состояние героев, пути превращения их в характеры – все это бесспорно влияет на процесс становления нашей национальной прозы. Влияние, которое оказали народные эпосы на поэмы, написанные поэтами в фольклорном стиле, довольно хорошо исследованы. Тем не менее, эти героические эпосы не были вновь написаны в художественной прозе. Ну а для драматургии это оказалось нескончаемым художественным кладом. Основные наши пьесы, превратившиеся в образцовые постановки, так или иначе связаны с этими самыми эпическими произведениями. Не секрет, что часто возникают вопросы вроде: отчего поэмы «Енлик-Кебек», «Кобыланды» или «Козы Корпеш-Баян сулу» так легко превратились в трагические пьесы, отчего они не стали основой для прозаического произведения. Да оттого, что эпические поэмы казахского и других родственных народов по своей природе, происхождению, композиционному строению очень близки к драме, нежели к прозе.

Разнообразие персонажей в эпических поэмах, правдивость их характеров, изобилие личностей, превратившихся в типичные образы облегчает быстрое превращение их в драматические, то есть сценические образы. И это М.Ауэзов мастерски передает в своем труде: «В дастане много разнообразных характеров, разнообразных образов. Образ скупого, завистливого, слабохарактерного Карамана – противостоит образу Кобыланды. Являясь ровесником Кобылана, Караман не достоин, чтобы его так называли. Такие враги Кобыланды, как Казан, Алшагыр, Кобикти тоже представляют собой разные своеобразные, индивидуальные образы»[1]. В других народных героических эпосах присутствуют разные женские образы. И они очень подходят батырам. В дастане вдобавок к прекрасным песням-размышлениям младшей сестры Кобыланды Карлыги и его матери Аналык, матери хана Алшагыра были созданы с психологической стороны правдивые и впечатляющие сверххудожественные образы двух женщин, сильно любивших батыра. Если переживающая и думающая о своем муже,

глядящая далеко вперед жена Кобыланды – Куртка является образом, ассоциирующим собой глубокую, мудрую любовь настоящего друга, то Карлыга – представляет собой образ пылкой и страстной, бурлящей любви. «Ради возлюбленного она ни перед чем не останавливается, она рушит родственные и родовые узы, она жертвует родными отцом и братом, она жертвует родным народом» [2].

Сама жизнь доказывает, что драма должна быть поэтической. Поэты, начиная от античных поэтов Эсхила, Софокла, Еврипида и продолжая поэтами Шекспиром, Мольером, Расини, Гете, Шиллером, Пушкиным, Грибоедовым, доказали, что драматические произведения правильно писать стихами. Век драматических произведений прозаических драматургов Ибсена, Чехова, Горького, написанных стихами, также был долгим.

Английский писатель В.Сомерсет Моэм в своей книге «Подводя итоги» говорит: «Нет ни одной пьесы, написанной в прозе, таким образом написанной позже своего времени» [3]. По его мнению, в пьесах, написанных в стихах больше поэтической условности нежели натуралистических частей, вместе с тем когда к стихам с меткими крылатыми словами прибавляется своя музыка с созвучной игрой и нежностью ритма, она дает драме удивительную чистоту, красивый вид. Таким образом, усиление внутреннего чувства разворачивает эстетическое восприятие. Драмы, написанные прозой, не смогли достичь таких вершин.

«При инсценировании эпоса А.Бегимов и Т.Алланазаров брали во внимание поэтическое богатство эпосов, эстетическую красоту их сюжетов, конфликтов, образов, песен, некоторых диалогов, крылатых слов» [4].

Стихи и песни в эпосе не подверглись никаким изменениям и редакциям. Народ, который на протяжении веков слышал эпосы в исполнении баксы, теперь получил возможность не только слышать, но и видеть образы в них в исполнении профессиональных артистов. Мы наблюдаем, что на этот раз авторы вместе с глубоким изучением национального фольклора, полностью овладели всеми сторонами и секретами этого жанра. Сюжеты пьесы небольшие, драматичные, к тому же все события происходят вокруг главного героя. С этой целью в пьесу были внедрены новые персонажи, такие как визирь Хакимзада, Хурлика, визирь Тилеу и другие образы. Если одни из них корыстны, жадны, то другие – справедливы и любят свой народ. Например, образ визиря Хасана, отца Гариба, умершего от рук Шаха Аббаза. В пьесе усилены исторические роли народа, Азбер Ходжи, Акши, матери Гариба Абадан и младшей сестры Гульжамал.

Заключение. Ясно, что охват всей истории, действий персонажей не может быть охвачен лишь одним исследовательским трудом. Поэтому в данной статье мы останавливались на произведениях лишь определенных драматургов, рассматривая общие темы для исследуемых произведений.

Выводы: Резюмируя сказанное выше, мы утверждаем, что оба автора использовали диалог как один из художественных компонентов,

сформировали характерные закономерности в структуре своих литературных произведений. В их рассказах мы видим как можно более правдоподобные и естественные способы описания привычной жизни. «Создать конкретную картину, правильно представить явление в литературе - это великое мастерство» [5].

«Поэтому, как говорил великий Абай, произведение искусства должно быть» легким для сердца» и привлекать внимание во время чтения» [6]. «Это не просто богатый и неисчерпаемый материал, но и источник инноваций в жанре драмы» [7].

Общество всегда ожидает от писателя открытия художественной новизны, настоящей правды жизни. Эта версия пьесы, по сравнению с предыдущими, особенно остра в своем социальном конфликте, глубине характеров главных и эпизодических персонажей, увеличении числа действующих новых персонажей, сцен и эпизодов, усложнении поэтическая и романтическая структура эпоса.

Литература:

- 1) Auezov, M., 1975. Godina. Almaty: Pisatel.pp.65-66.
- 2) Кабдолов, З., 1983. Избранные произведения. Алматы: Жазушы. с.72-74.
- 3) Somerset M. Summarizing. "Astrel, CGT" - Moscow. 2012.pp.102-103.
- 4) Нурмухамедов М. Влияние русской литературы на развитие каракалпакской литературы. Нукус. ККГИЗ. 1956. с. 21-23.
- 5) Valihora, K., 2010. Austen's oughts: judgment after Locke and Shaftesbury Newark: Univ. of Delaware press. pp.134-145.
- 6) Koblanov, Zh.T. 2012. Analysis of the Kazakh dramaturgy during the period of collectivization. Middle-East Journal of Scientific Research. 12 (11): pp.1548-1552.
- 7) Koblanov Zh.T., Kabilov A.D. 2013. Analysis of Gabit Musirepov's Tragedy Kozy Korpesh-Bayan Sulu. Middle-East Journal of Scientific Research. 13 (Socio-Economic Sciences and Humanities): pp. 43-46.

УДК 8.82.0.(82.01/.09)

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘДЕБИ-ТАРИХИ ТАНЫМЫН КЕҢЕЙТУ

*Айнагүл Қылышқызы Кемалиева,
Атырау қаласы, № 34 көпсалалы мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Аңдатпа: Мақалада Әбіш Кекілбайұлының шығармашылығын білім алушыларға таныту, оларға әдеби, тарихи, рухани тәрбие берудің жолдары баяндалған. Орта мектеп бағдарламасында Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау»

повесі мен «Аңыздың ақыры» романын оқыту енгізілгендігін ескеріп, кейіпкер психологиясын талдауда ұсынылатын көркемдегіш құралдарға тоқталады.

«Аңыздың ақыры» романының сюжеті тақырыбындағы сабақ жоспары беріліп, тақырып игерілуде қолданатын әдіс-тәсілдер, стратегиялар жүйелі көрсетілген.

Түйін сөздер: хикая жанры, әдеби таным, құндылық, рухани тәрбие, шығарма идеясы

Қазақ әдебиетін орта мектепте оқыту қашан да басты назарда. Халықтың тұтас тарихы мен мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрып, салт-санасы әдебиет арқылы айшықталып, әдебиеттің ұрпақты ұлттық мүдде тұрғысынан тәрбиелеудің басты құралы болып саналатыны даусыз шындық. Осы орайда халық ауыз әдебиетінің үлгілерінен басталған қазақ әдебиетінің көші тәуелсіздік жылдардағы әдебиетке дейін ұзап, жас ұрпақтың әдеби-тарихи таным кеңістігін кеңейтіп келе жатыр.

Осындай жас буын мектеп оқушыларын әдеби әлеммен тереңірек таныстыру бағытында Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, дәуірдің дара тұлғасы, кемеңгер қаламгер Әбіш Кекілбайұлының шығармашылығын оқушыларға таныту оларға әдеби, тарихи, рухани тәрбие берудің көзі деп білемін.

Әбіш Кекілбайұлы – қазақ әдебиетіндегі хикая жанрында көлемді де кесек шығармалар тудырған және өзіндік қолтаңбасы айшықталған жазушы. Оның көпшілік оқырманға белгілі хикаялары : «Күй», «Бәсеке». «Ханша-Дария хикаясы», «Шыңырау», «Автомобиль», «Құс қанаты», «Бір шоқ жиде, «Шеткері үй», «Бәйгеторы» және «Бір шөкім бұлт». Жазушының аталған әңгімелері мен повестерінің қай-қайсысында да адамдар арасындағы адамгершілік, моральдық мәселелерді жан-жақты бейнелейді. Жазушы күнделікті өмірде болып жатқан жайттарға терең үңілу нәтижесінде заман, адам, оның тіршілігі жайлы түйін жасайды. Жазушының шығармаларында қазақтың салт-санасын, әдеті мен ғұрпын, дәстүрін, этнографиясын, мінез-құлқын, адами болмысын, тәрбиесі мен тіртібін, ұстанымын, туған жерге, Отанға, ата-анаға, ағайын-туғанға ілтипатын, олармен қарым-қатынас жасау нормасын, жалпы халықтың өмірлік философиясын танимыз және шығармаларын оқыту арқыл оқушыға да танытамыз.

Орта мектеп бағдарламасында Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» повесі мен «Аңыздың ақыры» романын оқыту енгізілген. «Шыңырау» повесіне ата-дәстүр – құдық қазуды кәсіп еткен Еңсеп құдықшының тағдыры арқау болған. Повестің аты айтып тұрғандай, адам психологиясы мен жанкештілігін көрсететін күрделі шығарма. Қаламгер бұл повесінде сирек кездесетін ауыр кәсіптің адамдары – құдықшылар әулетінің тағдырын баяндайды. Оларды ауыр еңбектің қамытына жеккен – жоқшылық. Ата кәсібін жалғастырған Еңсептің ауыр тағдыры оқушыны бей-жай

қалдырмайды. Өлкеде жоқ құдық қазып, «Еңсептің құдығы» деген атын қалдырам деген құдықшының арманы арман күйінде қалмай жанкешті еңбек арқылы орындалғанымен, ол құдықтың аты «Еңсеп өлген» деген атпен қалуы шығарманың трагизммен аяқталғанын көрсетеді. Шығарманың аяғына келгенде оқушы шыңыраудың түбіне жұтылып кеткен тек Еңсеп қана емес, шыңыраудың түбіне жұтылып кеткен Еңсеп сынды жоқшылықтың ауыр қамытын киген мың сан тағдырлар екенін ұға алады. Сондай-ақ, шығарма идеясы Еңсеп сынды атақ-даңққа, байлыққа ұмтылудың соңы ұшы – қиыры жоқ шыңырауға тартып әкетеді дегенді мегзейді.

Мектеп бағдарламасына аталмыш шығарманың енуі оқушылардың әдеби танымын кеңейтіп, кейіпкер психологиясын талдауға жетелейді.

Әуелде «Махаббат мұнарасы» деген атпен шыққан «Аңыздың ақыры» романында өткен кезеңіміз бен түрліше дәуірдегі әлеуметтік құрылым, халқымыздың мәдениеті мен рухани дүниесі, тарихы аса шеберлікпен суреттелген. Бұл шығармада Әміршінің мінез-құлық бітімін түбегейлі суреттеу ұлттық психологиядағы ойлылық пен парасаттылық тәрізді қасиеттерді бейнелеп, дала даналығының данышпандығын ұсынады. Бұл шығарманың да оқиғалары Алтын Орда дәуірлеп тұрған кезенді қамтиды. Профессор Р.Бердібаев: «Оқиғалар мен адамдардың іс-әрекеті, мінезі, дүниетанымы, этнографиялық белгілердің молдығы, бұл шығарманы тарихи романдар қатарына қосады», – деп нық тұжырым жасаған. Белгілі ғалымның «Аңыздың ақырын» тарихи роман қатарына қосуының да өзіндік себебі бар. Жазушы нақты тарихи деректен, оның шым-шытырық оқиғаларынан саналы түрде бой тартып, ең негізгі мәселе – сол тартысты тудырушы қоғамдық-тарихи себептерге, солардан өрістейтін салдарға ден қояды.

Бұл романда бар қырынан мүсінделетін Алмас ханды ғалымдар, жазушылар, оқырмандар әйгілі Ақсақ Темірдің өзі болмаса да егізінің сыңарына балаған. Образ табиғатына бойласақ, мұнда суреттелетін Алмас хан ес біліп, етек жаппай жатып ірі феодалдардан етекбастылықты көп көріп, азап, қорлық, мазақтың ми батпағынан өз қажыры, ерлігі, айласы, өткірлігі, жанкештілігі, қайсарлығы арқасында босанып шығып, қаһан дәрежесіне көтерілген. Ол – Шыңғыс хан; досына, дұшпанына алмас қылыш болған Батый; қу да залым, екіжүзді, аяушылықты білмейтін Берке; саясатқа жетік, көреген, алды кең, айбары мығым Жәнібек хан, құлағын жымып, жауына жасын боп тиетін қабыландай Баязит сұлтан сияқты билеуші батырларға тән қасиетті бір бойына тоғыстырған типтік бейне.

«Мұнара» аталатын бөлімде автор Жаппар өміріне шегініс жасайды. Ортөбелік құмырашы ұлын ертіп, Ахмет саудагердің үйіне келіп, мешіт салып жатқандардың қатарына қосады. Жаппардың көз алдында әкесі көк жөтел болып өледі де, баласына «шаһардан кетпе» деп өсиет айтады. Мұны неге айтқанын Жаппар толық ұғынбаса да, әке аманатын орындап шаһарда

біржола қалады. Әйтсе де, мұның аяғын немен тынарынан ол күні бейхабар еді.

«Махаббат» аталатын романның үшінші бөлімі – романның шарықтау шегі. Әмірші келгенде мұнара бітіп тұрсын деп шеберге өзіне ұқсаған бір нөкер қызын жіберіп, өз арын сақтап қалғанмен, Әмірші жазасынан бәрібір құтыла алмайды. Соңғы үш айда Әміршінің өзіне бір кірмеуі – Кіші ханым үшін қатал үкімге айналды. Оның ішқұса боп, азып-тозуы да сондықтан. Ал оның бар айыбы – мұнара салдырғаны. Сол мұнарада пәк сезім, адал, ақ махаббаттың менмұндалап тұрғаны үшін Кіші ханым да, шебер де өз жазасын алады. Шебердің екі көзі ойылып, тілі кесіледі. Істің басы-қасында жүрген бас шебер де бұл жазадан аман қалмайды. «Барар жерің бәрібір жердің асты» деген жазумен өзі салған зындан оның өз басына сор болады. Әмірші «басқа шаһарда мұндай мұнара салынбасын» деп шешеді .

«Аңыздың ақыры» бөлімінде Әмірші бойындағы арпалысқа, жанын жегідей жеген күйзеліске кезігеміз. Оның бір күні түсіне Мекке-Мәдине кіріп, жан даусымен «Хақ тағала, қай қызметіңе де әзірмін!», деп айқай салып оянады. «Тек жұртқа жасаған мейірімінді маған да қия гөр!», деп екі етек боп жалбарынып келеді. Бірақ, тірсегінен қағып өтіп, шыр көбелек үйіріліп, шыр айнала қашып жүрген Қағбаның қасиетті қара тасы бұған бәрібір жеткізер емес.

Романдағы кейіпкерлер – Ұлы Әмірші, ханым, шебер іс-әрекеттерімен емес, көбіне көңіл-күйлеріндегі күйзелістерімен, жан әлеміндегі арпалыстарымен, ішкі буырқаныстан сыр берер бет-жүздегі, мінез-құлықтағы, сезімдік құбылыстарымен көрінеді. Атағы жер жарған Әмірші де кезінде әмір әскерінің көп сардарының бірі болған. Сол көптің бірін осындай даңқ пен дақпыртқа, атаққа жеткізген – қанағаттанбаушылық сезімі еді. Алайда адам бойындағы осындай алапат сезім, күш-қуатын қайда, қандай мақсатта жұмсалыуына қарай нәтижесі де әр-түрлі болмақ.


Романның басты үш кейіпкеріне үш бөлім арналған, үшеуінің тағдыры да, ішкі өмірлері де, жан сезім арпалыстары да, тіпті тіршілік тыныстары да сан алуан, жас мөлшері де әртүрлі. Бірақ оларды ортақтастырып тұрған – жай мұнара, махаббат мұнарасы, бір-біріне деген ішкі, құдіретті де құпия іңкәр сезімдері ғана.


Романды орта мектеп бағдарламасына енгізу арқылы жас ұрпақты халық тарихын зерделеуге , тарихи шежірені, бүгінгі қоғам үрдісімен, ұлт мүддесімен астастырып, бостандық рухы мен өркениеттің өшпес құндылықтарына ұмтылатын мінез тәрбиелеуге қолданған деп айта аламыз.

Осы орайда, 10- сыныпта өткізілген ««Аңыздың ақыры» романының сюжеті»тақырыбына өткізілген сабақтың жоспарын ұсынамын.

Бөлім: Прозадағы көркем ой	Мектеп:№ 34 көпсалалы мектеп-гимназиясы
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Кемалиева А. Қ

Сынып: 10 «а»	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:	
Сабақтың тақырыбы	Ә.Кекілбаев . «Аңыздың ақыры» романының сюжеті.		
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаты	10.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау; 10.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдау.		
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтайды, даралайды, ➤ Көркемдегіш құралдарды табады; ➤ Көркемдегіш құралдардың қоданысын талдайды; 		
Тілдік мақсаттар	Пән ерекшелігіне сай лексика мен терминология: Диалог пен жазылым үшін қажетті тіркестер: менің ойымша ..., автордың ойынша ..., мен ... ойлаймын т.б.		
Құндылықтарды дарыту	Мәңгілік ел» жалпықоғамдық құндылығы: <ul style="list-style-type: none"> ➤ Тіл мен мәдениет Жалпы адамзат құндылығы: <ul style="list-style-type: none"> ➤ Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет; ➤ Ынтымақтастық; ➤ Жауапты азаматтық позиция; ➤ Отбасы мүшелеріне, құндылықтарға деген құрмет; ➤ Өмір бойы білім алу. <p>Сабақ мазмұны арқылы жеке/жұпта/топта жұмыс жасау, өзінің, өзгенің оқуына жауапкершілікпен қарау, сонымен бірге адамгершілік, отбасылық, ұлттық құндылықтар оқушы бойына сіңіріледі.</p>		
Пәнаралық байланыс	Тарих		
Ақпараттық-муникациялық технологияларды қолдану	Интерактивті тақта.		
Осыған дейін меңгерілген білім	Ә. Кекілбаев өмірі мен шығармашылығы		
Жоспар			
Сабақтың кезеңі	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер		Дереккөздер
	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	
Сабақтың басы 5 минут	I. Ұйымдастыру кезеңі. <ul style="list-style-type: none"> ➤ Жаңа сабақтың мақсаты мен бағалау критерийін таныстыру 	I. Ұйымдастыру кезеңі: <p>а) Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Психологиялық жағымды ахуал туғызу</p> <p>Мақсаты: Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық</p>	ҚБ.Өзара бағалау «Екі жұлдыз, бір тілек»

<p>Сабақтың ортасы</p> <p>30 минут</p>	 <p>«Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау.</p> <p>Мұғалім оларды сырттан бақылап, бағыттаушы сұрақтар қою арқылы пікірталасты қажетті арнаға бұрып отырады.</p> <p>Мұғалім жетекшілігімен жүргізілетін жазылым.</p>	<p>оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.</p> <p>Тиімділігі: Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.</p> <p>Саралау: Бұл жерде саралаудың «Жіктеу» тәсілі қолданылады.</p> <p>Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі.</p> <p>1 -тапсырма. Романның идеясы мен тақырыбын «Кубизм» стратегиясы. 1-топ. Талдаңыз. Жинақтау мен дүниенің мінез ерекшелігін анықтау. 2-топ. Суреттеңіз. Кейіпкердің суреттейтін шығарманың әр кейіпкерге мінездеме бер. Түрлерін анықтау. 1-топ. Қолданыңыз. Табиғаттың сөздер қолданған? Табиғат пен адамның салыстыра отырып талдау. 2-топ. Салыстырыңыз. Кейіпкердің ішкі ойына байланысты салыстыра отырып құралдарын анықтау.</p> <p>2-тапсырма</p> <p>«Бинго» әдісі бойынша бірінші жұпта табады, екінші басқа жұптармен ой бөліседі, үшінші топта өлеңнен дәлелді үзінді келтіре отырып, кестеге толтырып жазады</p> <table border="1" data-bbox="635 1720 1018 1937"> <tr> <td>Романнан үзінді</td> <td>Көркемдегіш сөз</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </table> <p>3- Тапсырма. <i>Үзіндіні оқиды</i></p>	Романнан үзінді	Көркемдегіш сөз			<p>Мұғалім оқушыларды «Жапондық бағалау» әдісі арқылы бағалайды. Яғни «Дұрыс келісемін», «Толықтырмамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.</p> <p>Дескриптор - көркемдегіш</p>	<p>https://www.youtube.com/watch?v=LXONi5RiSGo</p> <p>Ақтанова А.С., Жүндібаева А.К., Жүмекенов А.Л.К., 2019 «Атамұра», 2019.</p> <p>Ақтанова А.С., Жүндібаева А.К., Жүмекенов А.Л.К., 2019 «Атамұра», 2019.</p>
Романнан үзінді	Көркемдегіш сөз							

<p>Сабақты бекіту</p> <p>Сабақтың соңы 5 минут</p>		<p>Романда Әмірші - қарама-қайшылығы мол, күрделі бейне. Жазушы оны кең масштабта, жалпылама түрде бейнелеген. Сондықтан романдағы Әмірші нақты Шыңғысханда, Ақсақ Темір де емес, кесек те күрделі билеушінің жиынтық бейнесі. Күдігі мен күмәні мол, қатал да қатыгез, сонымен бірге ақылды да аңғарымпаз жұмбақ жанның психологиясын байқайсың. Ол соншалықты сұңғыла да көреген. Қаламгер кейіпкерінің сезімдік күйіне психологиялық салмақ артып, философиялық жинақтауларға ден қояды. Өмірінің соңғы сәттерінде ол өзінің әлемді тітіреткен әміршілік әрекетінің өткіншілігін, дүниенің опасыздығын, жалғандығын түсінеді, махаббат құдіреті алдындағы дәрменсіздігін сезінеді. Ханша мен шеберді қатаң жазалағанымен, хан олардың жүрегіне әмір ете алмайды. Өйткені байлық пен биліктен тыс, оларға бағынбайтын махаббат, сезім құдіреті бар. Нағыз өнер туындысына тән сұлулық пен нәзіктік тек шынайы махаббаттың әсерінен туындайды. Жазушы шығармалары асқақ гуманистік пафосқа, астарлы романтикалық сарынға құрылады. «ПОПС формуласы» . Мәселені ғаламдық тақырыптағы мәселемен байланыстырады.</p>	<p>сөзді табады; -үзіндіден мысал келтіреді;</p> <p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Шығарманы ғаламдық тақырыппен байланыстырады; ➤ Идеялық мазмұнын түсінеді; 	
--	---	--	---	--

		<p>Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,...»</p> <p>Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»</p> <p>Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын....»</p> <p>Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»</p>		
--	--	--	--	--

Қорыта айтқанда, Әбіш Кекілбаев шығармаларын мектепте оқыту жас ұрпақтың бойына адамгершілік идеяларын сіңірумен бірге олардың әдеби-тарихи танымын тереңдетері сөзсіз. «XX ғасырдың екінші жартысынан басталған ұлттық әдебиеттегі жаңа дәуірді еске алсақ, «Әбіш шыңы» осылардың дәп ортасында, биікке самғап, қол жетпейтін өрде тұрғанын бүгін әрқайсысымыз-ақ мойындаймыз», – деген сыншы Серік Қирабаевтың жазушыға берген бағасын ұрпақ санасына сіңіруге жұмыстанып жүрген ұстаздық қызметіміздің жалғасын таба беретініне сенеміз.

Әдебиеттер:

1. Кекілбаев Ә. Он екі томдық томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 1999. – 6 том
2. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 2003
3. «Кемеңгер Кекілбаев кеңістігі» «Abai.KZ»

УДК 8.82.0.

ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Айтолхын Нурлан,

К. Ақышев атындағы № 69 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, магистр (Астана қ.)

Аңдатпа. Әбіш Кекілбайұлы – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы, қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы. Оның шығармалары терең философиялық ойларымен, адамгершілік құндылықтарымен және тарихи сананы қалыптастырудағы ерекше рөлімен ерекшеленеді. Бұл мақалада Ә.Кекілбайұлының шығармашылығын орта және жоғары мектепте оқыту мәселелері қарастырылады. Жазушының әдеби мұрасын білім беру бағдарламасына енгізу арқылы жас ұрпаққа

рухани тәрбие беру, олардың әдебиетке қызығушылығын арттыру және ұлттық құндылықтарды насихаттау мәселелеріне назар аударылады.

Түйін сөздер: Әбіш Кекілбайұлы, қазақ әдебиеті, мектеп бағдарламасы, оқыту әдістері, рухани тәрбие, ұлттық құндылықтар.

Әбіш Кекілбайұлының шығармашылығы қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Ол тарихи және көркемдік тұрғыдан бай шығармалары арқылы ұлттық болмыс пен тарихты бейнеледі. Жазушының "Аңыздың ақыры", "Үркер", "Елең-алаң" секілді шығармалары қазақ тарихының терең мәселелерін көтеріп, ұлттық сананы оятуға ықпал етті. Мектеп бағдарламасында Кекілбайұлының шығармашылығын оқыту оқушылардың рухани және адамгершілік тәрбиесін арттыруда маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада Ә. Кекілбайұлының шығармашылығын орта және жоғары мектеп деңгейінде оқыту мәселелері, оның қажеттілігі мен оқыту әдістері талқыланады.

Әбіш Кекілбайұлының шығармалары тарихи сана мен ұлттық рухты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оның шығармаларындағы тарихи тақырыптар, әсіресе, "Үркер" және "Елең-алаң" романдары арқылы қазақ халқының өткенін тануға мүмкіндік береді. Бұл туындылар қазақ тарихының маңызды кезеңдерін ашып, оқушыларға тарихи оқиғалар туралы терең білім береді. Орта және жоғары мектеп бағдарламаларында бұл шығармаларды оқыту арқылы жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға ықпал етуге болады [1].

Әбіш Кекілбайұлының шығармаларында адамгершілік құндылықтар мен рухани мәселелер терең қарастырылған. Жазушының туындыларындағы кейіпкерлердің өмірлік қиындықтармен күресі, олардың ішкі жан дүниесі арқылы оқушыларға адамгершілік сабақтары беріледі. Мысалы, "Аңыздың ақыры" романында адам мен қоғам арасындағы күрделі қарым-қатынастар, адамның ішкі жан дүниесінің күрделі қақтығыстары арқылы адамгершілік мәселелер ашылады. Мұндай шығармаларды оқыту оқушылардың моральдық және этикалық құндылықтарды түсінулеріне ықпал етеді [2].

Әбіш Кекілбайұлының шығармаларының тағы бір ерекшелігі – оның әдебиетке қызығушылықты арттыратын бай тілі мен көркемдік әдістері. Оның шығармаларында қолданылған әдеби тіл, метафоралар мен символизмдер оқушылардың әдеби сауатын дамытуға, олардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді. Мектеп бағдарламасына Әбіш Кекілбайұлының шығармаларын енгізу оқушылардың тілдік қорын байытуға, көркем шығармаларды талдауға үйретеді.

Әбіш Кекілбайұлының шығармаларын тиімді оқыту үшін мұғалімдерге бірнеше әдістемелерді қолдануға болады. Біріншіден, «мәтіндік талдау» әдісі арқылы оқушылар шығарманың негізгі мазмұнын, сюжеттік желіні және кейіпкерлердің мінез-құлқын талдай алады. Мысалы, "Үркер" романын талдау барысында оқушылар қазақтың тарихи

тұлғаларының бейнелерін, олардың рөлі мен тарихи оқиғаларға ықпалын түсінуі мүмкін.

Екіншіден, «шығармашылық тапсырмалар» арқылы оқушылар Әбіш Кекілбайұлының шығармаларын тереңірек меңгереді. Мысалы, шығарманы оқу барысында оқушыларға кейіпкерлердің бейнесін жасау немесе тарихи оқиғаларға балама сценарийлер құру тапсырмаларын беру арқылы олардың қиялын дамытуға болады.

Үшіншіден, «интерактивті әдістер» – топтық талқылаулар мен пікірсайыстар оқушылардың ой өрісін кеңейтіп, шығарманы жан-жақты түсінуге көмектеседі. Мысалы, "Аңыздың ақыры" романындағы кейіпкерлердің моральдық таңдауларын талқылау арқылы оқушылар өз көзқарастарын білдіріп, ортақ пікірге келе алады.

Ә. Кекілбайұлының шығармашылығын мектеп бағдарламасында оқытудың бірқатар қиындықтары бар. Жазушының туындыларының терең философиялық мазмұны мен күрделі тілі кейде оқушыларға түсінікті болмауы мүмкін. Осыған байланысты мұғалімдерге шығармаларды талдау кезінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру, күрделі тұстарын қарапайым тілмен түсіндіру маңызды.

Сонымен қатар, мектеп бағдарламасында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларына бөлінетін сағат санының шектеулілігі де оқыту үдерісіне кері әсер етуі мүмкін. Осы мәселені шешу үшін мектеп бағдарламасын қайта қарап, Әбіш Кекілбайұлы секілді ірі тұлғалардың шығармашылығына көбірек уақыт бөлуді ұсынуға болады [3].

Әбіш Кекілбайұлының шығармаларын орта және жоғары мектеп бағдарламасында оқыту – оқушылардың әдеби сауатын арттыруға, рухани тәрбиесіне және тарихи санасының қалыптасуына ықпал ететін маңызды шаралардың бірі. Жазушының бай мұрасы жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды жеткізудің тиімді құралы болып табылады. Мектеп бағдарламасында Әбіш Кекілбайұлы шығармаларын тиімді оқыту үшін мұғалімдер шығармашылық және интерактивті әдістерді қолдана отырып, оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыруы қажет.

Әдебиеттер:

1. Бекмағанбетова, Ж. Әбіш Кекілбайұлы шығармашылығын оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп баспасы, 2019.

2. Қаршыға, Б. Әбіш Кекілбайұлының «Аңыздың ақыры» шығармасындағы моральдық мәселелер. – Қазақ әдебиеті, 2020, № 5, 12-14 бет.

3. Нұржанова, А. Орта мектепте әдебиетті оқыту мәселелері. – Оқу және тәрбие, 2021, № 4, 34-37 бет.

МИКРОЖАНРЛАР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ КЕШЕНДІ ЗЕРТТЕУЛЕР

Айгүл Зулшықарқызы Нурақбаева,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2 курс магистранты

Аңдатпа. Бұл мақалада микрожанрлардың қазіргі әдебиеттегі орны мен дамуы қарастырылады. Жаһандық мәдени өзгерістермен байланысты микрожанрлар шығармашылықтың жаңа тәсілдеріне жол ашып, оқырман мен автор арасындағы қарым-қатынасты өзгертуге ықпал етеді. Мақалада әлем әдебиетіндегі микрожанрлардың тарихы, зерттелуі және олардың қазіргі қоғамдағы рөлі талданады.

Түйін сөздер: проза, әдебиет, микрожанр, микро әңгіме, минимизация

Қазіргі әдебиетте өте шағын жанрлар немесе микрожанр жаһандық танымалдылыққа ие болды. Бұл, әрине, заманауи жаһандық өзгерістермен байланысты, ал оның басты себептерінің бірі – қазіргі өмірдің қарқынын жеделдету. Шағын формалар автор мен оқырман арасындағы дәстүрлі қарым-қатынасты қайта қарастырып, шығарманың негізгі мағынасын тікелей жеткізудің орнына, оқырманға көбірек еркіндік береді. Оны процестің белсенді қатысушысына айналдырады. Бұл тәсіл шығармашылық өрнектің шекарасын кеңейтіп, мәтінмен ерекше әрекеттесу арқылы қазіргі әдебиетке айтарлықтай әсер етуді жалғастыруда.

Ең алғаш «Микрожанр» термині жанрлар арасындағы ең кішкентай, гипернақты санаттарды сипаттау үшін қолданылған. Бұл ұғым алғаш рет француз әдебиетінде 1975 жылы пайда болды, онда «микрожанр» үлкен, неғұрлым кеңірек «макрожанрмен» салыстырылып, екеуінің ауқымдық айырмашылықтары анықталған.

«The Microgenre: A Quick Look at Small Culture» кітабында әдеби микрожанр ұғымы «Мәдени феномен» ретінде қарастырылып әртүрлі мәдени кезеңдер мен дәуірлерге тиесілі мысалдар арқылы зерттелген. Микрожанр — бұл белгілі бір әдеби немесе мәдени шығармалар тобының өзіне тән ерекшеліктері арқылы анықталатын, нақты бір уақыт пен кеңістіктегі шығармашылық нұсқалардың шағын тобы. Кітапта «микрожанр» ұғымы цифрлық дәуірдегі ерекше кішігірім жанрларды зерттеуден бастап, жанрлық жүйелердің нақты бөлшектерін зерттеудің артықшылықтарына дейін қамтылған.

Сонымен қатар, микрожанрлар цифрлық дәуірде ерекше мәнге ие болып, Netflix пен Amazon сияқты ағындық платформалардың арқасында гипернақты санаттарға бөлініп, сан алуан аудиторияның талғамына қарай реттеліп отыр. Бұл терминді қолдану тек цифрлық форматқа қатысты емес, дәстүрлі әдебиетте де микрожанрлар күрделі мәдени байланыстар мен жанрлық байланыстарды зерттеу құралы ретінде қолданылады [1, 8].

Көркем әдебиеттің минималистік түрлері тек ХХІ ғасыр құбылысы десек қателесеміз. Бұл жанрлардың негізі афоризмдер, паремиялар және апотегмалар сияқты ежелгі дәуірден бастау алады. Ғасырлар бойы осындай қысқа формалар дамып, қазіргі таңда олар толыққанды әдеби жанрларға айналды.

Антикалық дәуірде афоризмдер мен апотегмалар – қысқа әрі нұсқа мәлімдемелердің танымал түрлері болды, олар терең ойды бірнеше сөзбен жеткізе алды. Орта ғасырларда бұл жанрлар әңгіме, әзіл-қалжың, астарлы әңгіме және мақал-мәтелдермен қатар дамыды. Қайта өрлеу дәуірінде олар мазмұнның кеңеюі мен баяндау құрылымының күрделенуіне байланысты жаңа кезеңге өтті.

Әлем әдебиетінде микрожанрлар ХХ ғасырда кеңінен зерттеле бастады. ХІХ ғасырда-ақ Америка әдебиетінде Уолт Уитман, Амброз Бирс, Кейт Шопен сияқты авторлар қысқа прозаның алғашқы үлгілерін ұсынған. ХХ ғасырдың басынан бастап микрожанрлар «микро әңгіме» түрінде пайда болып, «Cosmopolitan» журналының қолдауымен танымалдығы арта түсті. ХХ ғасырдың 30-жылдарынан бастап антологияларда жинақталған шығармалар арасында микрожанрлық ерекшеліктері аса байқалады [2, 407].

Орыс әдебиеттанушысы Мария Лебедева өзінің зерттеуінде қазіргі прозадағы микрожанрлар туралы бар түсінікті кеңейтуге тырысады. Ол микрожанрларды әдеби шығарманың өзіндік құрылымдық-стильдік ерекшеліктері бар ерекше формалары ретінде қарастырады және қазіргі әдебиеттегі микрожанрларды жан-жақты зерделейді. Автор прозадағы сан алуан формаларды талдап, олардың құрылымын, ерекшеліктерін, мағынасын қазіргі мәдениет аясында зерттейді.

Мария Лебедева әдеби мәтіндерден теориялық аспектілерді де, практикалық мысалдарды да біріктіретін жан-жақты талдауды ұсынады. Алайда М. Лебедева бірнеше сөзден тұратын микрожанрлық үлгілерді әдеби эксперимент деп танып, өз зерттеу нысанына 50 сөзден асатын көркем әдеби үлгілерді пайдаланады [3, 186].

«Қазіргі қытай әдебиетіндегі микро-әңгіме жанрының даму кезеңдерінің хронологиясына тарихи көзқарас» атты мақаласында С.М. Алламбергенова қытай әдебиеті контекстіндегі микробаянның эволюциясы мен дамуын терең зерттеуді ұсынады. Автор бұл жанрдың дамуының тарихи кезеңдері мен негізгі кезеңдерін қарастыра отырып, оны әртүрлі тарихи дәуірлерде ерекшелейтін негізгі тенденциялар мен сипаттарды айқындайды.

Алламбергенова өз зерттеуінде қытай әдебиетінің тарихына шолу жасаудан бастайды, оның шығу тегі белгілі бір тарихи-мәдени жағдайлармен байланысты жанр ретіндегі микро әңгімеге ерекше көңіл бөледі. Ол микро әңгіменің қалыптасуына қандай факторлар мен оқиғалар ықпал еткенін және оның уақыт өте келе қалай дамығанын талдайды.

Микро әңгіменің қалыптасуы мен дамуына әлеуметтік-мәдени контексттің ықпалын талдау да жұмыстың маңызды аспектісі болып табылады. Автор әр кезеңдегі микро әңгімелерде қандай әлеуметтік, саяси

және мәдени өзгерістер бейнеленетінін және әртүрлі тарихи дәуірлерде қандай жаңа тақырыптар мен мотивтердің өзекті болатынын зерттейді [4, 475].

Өзбек зерттеушісі Д.З. Мухиддинованың «Қазіргі араб әдебиетіндегі өте қысқа әңгіме жанры» атты мақаласында 1980-2000 жылдар аралығындағы араб новеллистикасының даму үрдістері қарастырылады. Бұл кезеңде жаңа түрлер мен формалардың пайда болғаны атап көрсетіледі. Автор «өте қысқа әңгіме» (арабша «кисса касира джиддан») деп аталатын жанрды талдайды, мұнда сюжеттік оқиғалар барынша қысқартылған, ал негізгі эстетикалық міндет көркем тілдің өзіндік ерекшелігіне жүктеледі. Мухиддинованың пікірінше, қысқа әңгімелердің бұл формасы сол жылдардағы жазушыларды адамның ішкі әлемі мен жан дүниесін бейнелеуге ерекше тартады, сондықтан мұндай әңгімелер әдетте бір-екі бет көлемінде жазылады.

Автор егде буын өкілдерінің бірі Юсуф Идрис шығармашылығынан да осы жанрдың элементтерін көруге болатынын атап өтеді. Мысалы, Идрис өз шығармаларында «өте қысқа әңгіме» стилін қолдана отырып, адамның сезімдері мен түйсігін терең бейнелейді. Бұл жанрдың толық қалыптасқан көріністері Мунир Утейба, Иззат ал-Камахаби, Мухаммад ал-Махзанги, Закария Тамер сияқты жазушылардың шығармашылығында көрініс табады. Мысалы, египеттік жазушы Иззат ал-Камахавидің «өте қысқа әңгімелері» көбінесе бір жарым беттен аспайды, кейде алты-сегіз жолдан тұратын ерекше қысқа формаға ие болады. Камахаби бұл әңгімелерін «өмір көріністері» деп атайды және қысқа оқиғалар арқылы адамгершілік, тұрмыстық және философиялық мәселелерді көтереді.

Египеттік тағы бір жазушы, Мунир Утейбаның шығармаларында мифологизацияға беталыс байқалады. Утейба жалпыадамзаттық сипаттағы мәселелерді аллегориялар, символдар және ассоциациялар арқылы жеткізеді. Осылайша, араб әдебиетіндегі «өте қысқа әңгіме» жанрының басты ерекшелігі — қысқа әрі нұсқа формада адамзат болмысының терең мәселелерін қозғауында. Мухиддинова осы жанрдағы авторлардың әрқайсысы өзіндік әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, қазіргі араб әдебиетінде көркем тілдің ерекше үлгісін жасағанын көрсетеді.

Мақалада «өте қысқа әңгіме» жанрының тек қарапайым оқиға сипаттауға емес, сонымен қатар оқырманды ойландыратын, рухани құндылықтарға бет бұрғызатын ерекшелігі ашылады [5, 57].

Жапон мәдениетінде қысқалық – ерекше және дәстүрлі сипаттардың бірі. Бұл қасиет жапондық көркем өнер мен әдебиетінде, әсіресе қысқа жанрларда анық көрініс табады. Жапон әдебиетінде осы ықшамдылық және толық аяқталмау, анықсыздық пен ишара шығармашылық кеңістікті кеңейтеді. Мұны көптеген шығыс мәдениетінде негізі болып саналатын Дао – «тұманды әрі белгісіз» шығармашылық жолымен түсіндіруге болады.

Әлемге жапон әдебиетінің идеалдарын жеткізген хайку сияқты қысқалықтың негізінде жапон прозасында суперқысқа әңгімелердің жанры

пайда болды. Бұл жанр жапон сыншыларының қысқа әңгімелерге арнайы берген «сёто-сёто» атауымен танымал. Атау ағылшын тілінен аударылғанымен, бұл жанрдың мәні жапондық ерекшеліктерге толы.

1970-1980 жылдары пайда болып, 1987 жылы «Look Japan» журналында тұрақты айдар ретінде жарық көрген бұл жанр жапон заманауи әдебиетінің жаңа құбылысы ретінде қабылданды. «Сёто-сёто» жанрының басты ерекшелігі оның қысқалығы болып табылады. Мұндай әңгімелер әдетте екі-үш беттен аспайтын көлемде жазылып, оқырманға ауызекі әңгіменің әсерін береді. Әр сөз, әрбір ассоциация негізгі идеяны ашуға қызмет етеді, мазмұн мен форманың үйлесімін ерекше күшейтеді.

Сюжет тереңдіктен гөрі шапшаңдыққа бағытталған. Уақыт қозғалысы тез өзгеріп, өткен мен қазіргі араласып жатады. Жанрдың тағы бір айқын ерекшелігі – нақты уақыт көрсеткіштерінің болмауы және кейіпкерлердің сипаттарының бірнеше штрихпен ғана берілуі. Әңгімелердің терең символика мен ассоциацияға толы болуы, сондай-ақ автор мен оқырман арасында ерекше психологиялық тәжірибе жасауы бұл жанрға тән ерекшелік.

«Сёто-сёто» жанрының дамуына қазіргі жапон қоғамының қарқынды өмір салты әсер етті деп саналады. Қазіргі заманғы жылдамдыққа сәйкес, бұл жанр шектеулі уақыт ішінде оқырманның назарын ұстап, ойландыруға мүмкіндік береді.

Бұл жанрдың көрнекті өкілдері арасында Акагава Дзиро, Исикава Такаси, Атода Такаси, Цудзуки Митио, Отиай Кэйко және Хоси Синъити бар. Олардың әрқайсысы өзіндік шығармашылық тәсілдері арқылы «сёто-сёто» жанрын дамытып, оқырманға ерекше әдеби тәжірибе сыйлайды [6].

Қазіргі әдебиетте микро-әңгімелер жаһандық құбылысқа айналды. Әртүрлі елдерде бұл жанр «микро әңгіме», «қысқа әңгіме», «алақан әңгіме», «екі минуттық әңгіме» сияқты 40 аса атауларға ие. Атаулардағы айырмашылыққа қарамастан, бұл жанрлардың барлығын минимализмге және мағынаның шоғырлануына деген ұмтылыс біріктіреді [4, 480].

Көптеген әдебиеттанушылар микрожанрларды зерттеу заманауи мәдениеттің бірегей құбылыстарының мәнін түсінуге және шығармашылық құрылымдардың ықшам әрі тиімді түрде қалай дамитынын көрсетуге мүмкіндік береді деп есептейді. Микрожанрлар әдебиетте тек шығармашылық қысқалықты ғана емес, сонымен қатар ойға толы терең мазмұнды қамтиды. Жаңа форма ретінде микрожанрлар қазіргі оқырмандардың шектеулі уақытына бейімделіп, адамзаттық мәселелерді ықшам формада жеткізеді.

Әдебиеттануда микрожанрларды кешенді зерттеу олардың эволюциясы мен мәдениеттегі орнын анықтап, қазіргі әдеби үдерістерді түсінуге маңызды үлес қосады. Бұл шағын формадағы жанрлар оқырманға шығарманың мазмұнын жылдам түсініп, оны өз тәжірибесіне бейімдеуге мүмкіндік береді. Микрожанрлар қазіргі әдебиеттің ажырамас бөлігіне

айналып, автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтерді деп айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. O'Donnell, M. C., & Stevens, A. H. (Eds.). (2019). The microgenre: A quick look at small culture. New York: Bloomsbury Academic. 225 p.
2. Pasco, A. (1991). On Defining Microgenres in Literature. *Journal of Literary Studies*, 407-420 p.
3. Лебедева, М. (2016). Микрожанры современной прозы. Москва. 186 с.
4. Алламбергенова, С. М. (2021). Исторический ракурс хронологии этапов развития названия жанра микро-рассказ в современной Китайской литературе. *Uzbekistan-China: Development of cultural, historical, scientific and economic relations, Volume 1, Special Issue 1*, 478-482 с.
5. Мухиддинова, Д. З. (2015). Жанр «очень короткого рассказа» в современной арабской литературе. *Социосфера*, № 3, 57-60 с.
6. Жилина, Л. (n.d.). Короче! Short-short story в современной японской литературе. URL: http://ru-jp.org/zhilina_01.htm

УДК 801.732

МӘДЕЛІҚОЖА ЖҮСІПҚОЖАҰЛЫ – АЙТЫС ӨНЕРІН ДАМЫТУШЫ

С.Е. Аманқосова,

Ш. Есенов атындағы КТИУ

«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 1-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Ш.С. Абишева

Аңдатпа. Мақалада халық ақыны Мәделіқожа Жүсіпқожаұлының айтыс өнерін дамытуға қосқан үлесі қарастырылады. Ақынның айтыстары мысалында оның айтыскерлік шеберлігі, осы бекзат өнерді дамытуға қосқан үлесі пайымдалады.

Тірек сөздер: Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы, айтыс өнері, халық ақыны, айтыс жанрының ерекшеліктері, айтыскерлік шеберлік

Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы шығармалары ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында-ақ жариялана бастағанымен, көп уақыт бойына зерттеушілер назарынан тыс қалып келді. Ақын шығармашылығы туралы алғаш рет тұшымды пікір айтқан ғалым-жазушы М.Әуезов болды [1].

Қаратау өңірінің зерттелмей жатқан Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Құлыншақ Кемелұлы, Молда Мұса Байзақұлы, Нұралы Нысанбайұлы, Ергөбек Құттыбайұлы, Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы сынды шайырларының мұрасын іздестіріп, жинап, зерттеуде әдебиеттанушы ғалым Ә.Оспанұлының еңбегі зор [2]. Десек те, ғалым бір ғана Мәделіқожа

шығармашылығын жеке-дара қарастырған жоқ. Сол себепті ақынның шығармашылығы толыққанды арнайы зерттелді деп айта алмаймыз.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде эпостық жырлардан соңғы көлемі жағынан көбі де, әлеуметтік шындықты терең ашу жағынан көрнектісі де – «Айтыс» жанры. Міне, айтулы ақын Мәделіқожа Жүсіпқожаұлының кезең тақырыбын тереңнен қозғаған терме-толғау, заманындағы би-болыстардың елге көрсетіп отырған құйтырқы әрекеттерін сынап айтқан арнауларымен қатар, шығармашылығында айтыс жанры мен сөз қағысулары да елеулі орын алады.

XX ғасырдың алғашқы жартысында айтыс өнерінің әлеуметтік мәнін ашып көрсеткен қадау-қадау пікірлер А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш», Х.Досмұхамедұлының «Аламан» еңбектерінен бастау ала отырып, М.Әуезов «Айтыс өлеңдері», «Совет ақындарының айтысы», С.Мұқанов «Айтыстар туралы» ғылыми мақалаларында жүйелі түрде жазылады. Бұл зерттеулердің барлығы айтыстың өміршең екендігін, күнделікті өмірге тікелей қатысы бар жанр ретінде, халық мүддесінің насихаттаушысы әрі оның жоқтаушысы ретінде танылатындығын тілге тиек етеді.

Айтыс өнері туралы XX ғасырдың алғашқы кезеңдерінде айтылған осы мәндес пікірлер кеңестік дәуір тұсында да үзбей жалғасып, ғалымдардың келелі пікір, ғылыми пайымдауларына арқау болды.

Ауыз әдебиетінің арналы саласы ретінде айтыс өнері қашанда әдебиетші ғалымдар назарын аударып отырды. Айтыстың жанрлық, мазмұндық, көркемдік, тілдік, синкреттік қырларын ашып көрсетуде зерттеушілеріміз аз жұмыс жасаған жоқ.

Жоғарыда келтірілген алыптар тобы қатарында С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсіреповтердің ақындар айтысы туралы айтқан келелі пікірлері де аталмыш жанр табиғатын жан-жақты аша түседі. Айтыс тақырыбына қатысты зерттеудің ғылыми өрісі Ә.Қоңыратбаев, М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, Қ.Жұмалиев, С.Қирабаев, Р.Бердібаев, Ш.Елеукенов, С.Қасқабасов, С.Садырбаев, К.Сейдеханов, Е.Тұрсынов, Н.Төрөқұлов, А.Сейдімбеков, Қ.Сыдиықов, Х.Сүйіншәлиев, Б.Әбілқасымов, М.Жармұхамедұлы сияқты ғалымдар еңбегінде жалғасын тауып отырды.

Біз сөз еткелі отырған Мәделіқожа айтыстарындағы басты ерекшеліктің бірі – оның ұлттық рухтың сақталуына деген айрықша назар аударуы және айтыс арқылы өз заманындағы қоғамдық және әлеуметтік мәселелерді көтеруі, халықты бірлікке, әділеттілікке шақыруы. Оның айтыстарында халықтың өміріне тән дәстүрлер мен рухани мұралар терең сипатталады.

Ақынның Ұлбикемен айтысы, Майлықожамен айтысы, Ұлбике мен жеті қожаның айтысы халық аузында сақталып, бүгінгі күнге жеткен құнды мұра. Ұлбике (шын аты Ұлжан) – қазақтың тұңғыш әйел айтыскерлерінің бірі. Ол өзінің айтыс өнеріндегі тапқырлығы мен шеберлігі арқылы бүкіл

қазақ халқына таныла бастады. Ұлбике өз кезеңінде тек айтыс өнерімен ғана емес, әйелдердің қоғамдағы орнын, олардың қадір-қасиетін дәріптегендігімен де ерекше болды. Ұлбике айтыстары халықтың рухани мұрасы мен мәдениетін көтеруде айрықша рөл атқарды. Оның ақындық болмысы – нәзік әрі өткір, шеберлігі жоғары әрі терең философиялық ойларға негізделген. Мәделіқожа мен Ұлбике арасындағы айтыс тек бір-біріне сөз қайтарумен ғана шектелмейді, ол екі ақынның да қоғамдық көзқарасын, моральдық-этикалық тұрғыдағы ұстанымдарын ашуға бағытталған жұмбақ айтыс болып табылады.

Айтыс кезінде жұмбақ қою дәстүрі – қазақ ауыз әдебиетінің бай элементі. Ақындар бір-біріне жұмбақ қойып, оның шешімін табуға тырысады. Мәделіқожа мен Ұлбике арасындағы жұмбақ айтысы да дәл осындай бір ерекше өнер туындысы болып табылады. «Айтатын осындайда жұмбағым бар, Күрмеуді шеше алмаған арқанды үзер,»-деп Мәделіқожа өзінің қарсыласы Ұлбикеге мынадай жұмбақ қояды:

"Қанаты жоқ құс, жүзі жоқ су,
Құйрығы жоқ аң, сүнгісі жоқ балық қандай?" [3]

Бұл жұмбақтың шешімі – ақындық өнер немесе сөз. Яғни, Мәделіқожа өзінің айтыс өнерінде жұмбақ қою арқылы қарсыласына «сөздің» қаншалықты құдіретті әрі ерекше екенін меңзейді.

Ұлбике болса, Мәделіқожаға қарсы өзінің жұмбағын қояды:

"Бір көз, екі құлақ, төрт ауыз,
Алты саусақ, бес ұрты бар қандай?" [3]

Бұл жұмбақтың шешімі – адам. Яғни, Ұлбике адамның барлық мүшелері мен қасиеттерін сипаттай отырып, оның мінез-құлқы мен ішкі жан дүниесіне байланысты терең ойлар айтып отыр.

Әуелгі ел мен жұрттың тегі бар ма,
Аспанның керегесі, шегі бар ма?
Тағы да ауыл көшсе мекендейтін

Құдайдың жер астында жері бар ма? [3] -деген Ұлбикенің сұрағына Мәделіқожа:

Екі айдың батар, шығар екі ортасы,
Айтайын сен білмесең, үй арасы,
Айта жүр, сұрай қалса, ел-жұртыңа

Болмайды жер мен көктің шекарасы,[3]-деп бірден жауап береді. Осылайша, Мәделіқожа мен Ұлбике арасындағы жұмбақ айтысы қазақ халқының көркем сөз өнерін, ақындық шеберлікті, ойлау тереңдігін дәріптейді. Бұл айтыс арқылы екі ақын да өздерінің ақындық өнерінің қуатын, шығармашылық қабілеттерін паш етіп, халыққа рухани бай мұра қалдырады.

Келесі бір айтыс – Мәделіқожа мен Майлықожаның айтысы. Бұл айтыс оқиғаға негізделген, Мәделіқожаның шұбар аты мен Майлықожаның мінез-құлқынан туындаған өткір сөздерден құралған. Үлкен бір жиындағы әңгіме-дүкен үстінде Мәделінің мақтаулы шұбар аты әлденеден үркіп,

казығынан босанып кетеді. Әрі жасы кіші, әрі Мәделіге жиен Майлықожа шешілген атты ұстап, байламақ болады. Бірақ шамырқанып, оқыс мінез көрсеткен аттан жасқанған ақын жалтарамын деп, құлап қалады. Бұл жағдайды баспалай бағып, көріп отырған Мәделі жанына келген Майлықожаға бір ауыз өлең айтады. Мұның арты табанда шартпа-шұрт ұстасқан айтысқа айналады. Мәделікожа аттың бойындағы қыңыр мінезден пайда болған оқиғаны көріп, Майлықожаның мына жағдайына күліп, оған әзіл ретінде өлең айтады. Бұл өлеңде Мәделікожа Майлықожаның оқыс мінезі мен батылдығы туралы сатиралық сипатта сөз етеді:

Ебің жоқ ат ұстауға, ордаңдадың,
Сұңқар деп бағушы едім, оңалмадың.
Әкеңнен жасық тудың жалтаң болып,
Сен, шіркін, әкеңдейін бола алмадың! [4]

Мәделікожа осы өлеңмен Майлықожаны шын мәнінде айыптамайды, бірақ оның қыңыр мінезі мен атқа деген қорқақтығын әзілмен жеткізеді. Мәделікожа өз шеберлігімен Майлықожаны сөзбен ұтуды көздейді.

Мәделі, сауырың – керсен, белің – құшақ,
Құдай қалап, асындың тіллә пышақ.
Асыл ердің ақыры жасық болған –
Еш ұл тартып тумайды әкеге ұсап. [4]

Майлықожа өзіне тән тапқырлықпен Мәделікожаның өлеңіне жауап қайтарады. Ол өзінің мінезі мен батылдығын дәлелдеп, ұятқа қалмай, оны сөзбен шебер түрде айқындайды.

Мәделікожа мен Майлықожа арасындағы бұл айтыс тек әзіл мен қалжыңнан құралғанымен, оның терең мағынасы мен рухани мәні бар. Біріншіден, айтыс қазақ халқының өмірінде сөздің қадірін, тапқырлықты бағалауды көрсетеді. Сонымен қатар, бұл айтыс ақындардың өзара сыйластығы мен бір-бірінің шеберлігін құрметтеудің де айқын көрінісі. Мәделікожа мен Майлықожа осы айтыспен тек өздерінің ақындық шеберліктерін ғана емес, сол кезеңнің қоғамдық, әлеуметтік мәселелерін де әшкереледі.

Қазақ айтысы - бір жағынан халықтың әлеуметтік өмірін, тұрмыс-салтын, дүниетанымын көрсететін өнер болса, екінші жағынан ақындардың тапқырлығы мен шеберлігін сынайтын алаң. Айтыстың ерекшелігі – ол тек ақындық өнердің сынағы ғана емес, сонымен бірге адамның өмірге деген көзқарасын, парасатын, философиялық ойлары мен шынайы сезімдерін білдіретін терең әрі мәнді дүние. Мұндай айтыстардың бірегейі, ерекше қызықтысы – Ұлбике ақын мен жеті қожа арасындағы айтыс.

Бұл айтыс оқиғасы да қызықты, әрі күлкілі жағдайдан басталады. Мәделі қожа, Майлы қожа, Қатпа қожа, Таспа қожа, Күдері, Құлыншақ, Бұдабай сынды жеті қожа топтасып, серілік құрып, қай жерде той бар, қай ауылда сұлу қыз бар деп жолға шығады. Олардың мақсаты – Ұлбике ақынды көру, оның айтыс өнерін бағалау. Жангелді бидің ауылына келгенде, ақын мен би үйде болмай шығады, бірақ қонақтар үйде күтіледі. [5]

Қожалардың сол ауылға келуі мен үйге кіріп дастархан жайылуы айтыстың басталуына себеп болады. Үйге кіргенде, бидің кіші келіні қамыр илеп отыр екен. Бірақ күтпеген жерден, жел шығып, қамыр илеп отырған келіннің абайсызда шығарып алған желінің дыбысы естіледі. Қожалар, әрине, бір-біріне қарамай бұл дыбысты естіп қойып, ол туралы әзіл-оспақ айта бастайды. Келін сасқанынан сыпыраны тырналай беріпті, ал қожалар өздеріне тән күлкілі сөздерімен бұл жағдайды басқаша түсіндіріп, одан айтысқа айналдыруды шешеді.

Қожалар мен Ұлбикенің айтысы тікелей осы күлкілі жағдайдан басталады. Бұл айтыстың ерекшелігі – Ұлбике мен жеті қожаның тапқырлығы мен шеберлігінің сыналуы. Қожалар бірінен соң бірі Ұлбикеке сұрақтар қойып, өздерінің ақындық қабілеттерін көрсетіп жатса, Ұлбике олардың сұрақтарына жауап беріп, олардың мінез-құлықтарына, сөз саптауына, қоғамдағы орнын көрсету арқылы өзінің ақындық шеберлігін паш етеді. Айтыс соңында қожалар қайтадан үйге келіп, бағанағы келіннен кешірім сұрап, айып төлеп қайтқан екен.

Мәделіқожа Жүсіпқожаұлының айтыстары қазақ халқының рухани мұрасын сақтаудың, оның дәстүрлерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Ақынның шығармашылығында ұлттық рух, салт-дәстүрлер, отбасылық тәрбие және қоғамдық мәселелер терең бейнеленген. Мәделіқожа айтыстарындағы философиялық ойлар, көркем тіл мен тапқырлық қазақ халқының рухани байлығын көрсетіп, оның ұлттық мәдениетінің дамуына айтарлықтай әсер етті. Оның айтыстары — қазақтың ауыз әдебиетінің алтын қорына қосылған үлкен мұра, ұрпаққа үлгі боларлық құндылықтар мен тәрбие көзі.

Мәделіқожа ақынның жоғарыда келтірілген айтыстары мен сөз қағысулары оның өз заманында айтулы суырып салма сөз зергерлерінің бірі болғанына нақты дәлел болады.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 б.
2. Оспанұлы Ә. Жыр мұра. – Астана: Елорда, 2001. - 496 б.
3. Қазақ өнерінің антологиясы «Айтыс» I том. Күлтегін, 2014 жыл.
4. Айтыс. Жинақ. 2-том, Алматы: 1988.
5. Жыр мұра Астана: Елорда, 2001 жыл

УДК 801. 732

А.СЕЙДІМБЕКТИҢ ЭТНО-МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ДЕРЕКТІЛІК

Феруза Сабитқызы Нурсейтова,
*Ш.Есенов атындағы КМТжИУ «Туризм және тілдер» факультетінің
магистранты.*

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф. Камарова Н.С.

Аңдатпа. Мақалада жазушы, әдебиетші, этнограф ғалым Ақселеу Сейдімбектің этно-мәдени мұраларындағы деректілік мәселелері қарастырылады. Жазушының этнографиялық еңбектеріндегі дерек көздерін пайдалану сипаты олардағы ұлттық идея түсінігімен, автор публицистикасындағы ұлттық идея тақырыбының көтерілуін жан-жақты талданады.

Кілт сөздер: Ақселеу Сейдімбек мұралары, деректілік, ұлттық идея, ұлттық даму

«Біз қазір артта қалған тарихымызбен мәдениетімізді жалаң хронология бойындағы рухани қыртыстарды зерделеу, тану, жүйелеу, мәнін анықтау мәселесі түрен тимеген тыңдай болып жатыр. Бұл мәселе оң шешімін табу үшін төл болмысымыздың заңдылықтары ашылып, төл қасиетіміз саралану керек...»

А. Сейдімбек

Қазақ тіл білімі бүгінгі күні жаңа арнада толығып, тілдің қызмет аясын және қуатты әлеуетін танымдық, логика-философиялық бағыттағы өзіндік бет алысымен барынша айғақтай түсуде. Сонымен қатар, қазақ тіл біліміндегі ұлт пен тіл, ұлт пен мәдениет сабақтастығын қарастыратын зерттеулерде жаңа сапаға көтеріліп келеді. Тіл тарихы мен тілді иемденуші халықтың этникалық тарихын ұштастыра зерттеуді мақсат тұтқан тіл біліміндегі жаңа сала – этнолингвистика пәні жетілу үстінде.

Академик Ә.Қайдар бастаған этнолингвистика мектебінің зерттеулері ғылыми мақала, диссертациялық ізденіс түрінде жинақталып жатқаны белгілі. Бірқатар зерттеу нәтижелері болғанымен, нақты оқулығы әзір жоқ. Алайда, ғалым А.Сейдімбектің халқымыздың сан ғасырлық мәдениеті мен болмысындағы құндылықтарды танып-білуге бағытталған, тарихи деректерге сүйенген зерттеулері – олқылықтың орнын толтыра алмақ. Атап айтар болсақ, ғалымның «Қазақ әлемі», «Күй шежіре», «Күңгір-күңгір күмбездері» бір төбе еңбектер. Бұл еңбектерден қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік ерекшелігі мен мәдениетін «тіл әлемі» арқылы жан-жақты танып білуге керекті деректер ғылыми тұрғыда жүйеленіп берілгеніне көз жеткіземіз. Бұл – оның сақталуы, кейінгі ұрпаққа жетуі, игерілуі, жаңғыруы тіл арқылы ғана іске асатынына, осы бағыттағы зерттеулер арқылы дәйектелетініне нақты дәлел бола алады. Этнолингвистика пәнінің мақсаты – этнос болмысын тіл арқылы танып-білу. Соған сәйкес, этнолингвистика пәнінің зерттеу нысаны мен мақсатына жауап беретін зерттеулердің қажеттігі айқын сезілуде. Бұл сұранысты толық өтей алатын ғылыми зерттеудің бірі А.Сейдімбектің «Қазақ әлемі» атты еңбегі деп есептейміз.

Елінің елеулісі туралы Ә.Кекілбаев «Ұлан-ғайыр сахарамызды түгел шолып, ұлан-асыр сыр-сипаттарымызды тегіс қамтып, қат-қабат тарихымызды терең қаузап, дүлділ оймен, ділмар тілмен толғайтын ғұлама ғалым, сұңғыла білімпаз, сүлей суреткер, қайран Ақселеу енді жоқ» [1] деп қысқа да нұсқа еске ала пікір айтқан болатын. (А.Сейдімбектің ғылыми шығармашылығына берілген осы барынша дәл, шынайы бағадан асырып ештеңе айта алмаспыз!). Ғалым еңбектерінде ұлтымыздың төл тарихына, дәстүрлі мәдениетіне, этнографиясына қатысты мол деректер келтіріліп, ғылыми баяндау, нақты ой-тұжырымдар арқылы дәйектелген.

«Халықтың рухани дәулетін сабақты жібіне дейін түгендеуді мұрат тұтқан ұлтжанды азаматтың» зерттеу еңбегі қазақтың төл тарихы мен дәстүрлі мәдениетінен аса мол ақпарат жеткізіп, деректері ғылыми тұрғыда дәйектелуімен де аса құнды. Тілдің этнолингвистика саласы үшін бұлар – таптырмас құндылық, баға жетпес байлық. Кең мағынада алғанда, бұл еңбектер – ұлт руханиятының бағалы, бай қазынасы, сондықтан аталған ғылым салаларының қайсысының болсын зерттеу өзегіне айналып, әрі-қарайғы тың зерттеуге бағыт-бағдар сілтеп тұр деуге болады. Этнос болмысына қатысты небір құнды дерек, танымдық мағлұматтарды таба аламыз. Этнолингвистика пәнін оқыту үдерісінде этностың тіл әлемін тереңнен, жан-жақты меңгерту жолдары мен арналары әртүрлі. Атап айтқанда, этнос болмысынан қанықтырар, небір бай ақпараттарды жеткізетін этнолингвистикалық арналарды былайша жіктеп жүрміз: фразеологизмдер, эвфемистік баламалар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ауыз әдебиеті үлгілері (әдет-ғұрып, ырым-кәде, наным-сенім т.б. рәсім-салтанат үлгілері т.б.). Бұлардың бәрі де – этностың рухани әлемінен табылатын танымдық құндылығы мен көркем бояуы айқын-лингвомәдени деректер.

Ал А.Сейдімбек зерттеулерінен осы аталғандардың барлығын да кездестіре аламыз. Олар әр түрлі тақырыптық топтар аясында жинақталып, этностың танымы мен тіл әлемін, ұлттық менталитетін айқын танытатын этнолингвистикалық деректің қызметін атқарып тұр. Ғалымның «Қазақ әлемі» еңбегінің бірінші тарауы «Өткеннің бәрі – өмірбаян» деп аталып, әрбір қағанатке жеке шолу жүргізілген. Келесі тарау «Фольклор», «Этнос», «Этнография» «Мәдениеттен» сыр шертеді, үшінші тарау Ұлы даланың кереметтері жайлы болса, төртінші тарауы «Халықнама» деп аталып, «Мақал-мәтелдер», «Қазақтың дәстүрлі тыйымдары», «Қазақтың дәстүрлі ырымдары», «Ел аузынан», «Ұлттық өнер», «Табиғат тынысы» және т.б. халықтық қалыпқа айналған қастерлі рәсімдер мен өмір-салтқа қатысты, өнер туындылары жайлы терең толғаулар келтірілген. Жалпы, кітаптың өзі «Ұзақ сонар», «Қан сонар», «Келте сонар» деп 3 бөлімді қамтыған. [2;10-бет]

Этнолог-ғалым былай дейді: «Адамның парасаттылығы сол адамның өзгелерге деген қарым-қатынасы арқылы ғана анықталады. Түптеп келгенде, қоғамдық өмірдің парқын да адамдардың парасат-пайымына қарап бағалауға болады. Қазақ қоғамында адам өміріндегі қуаныш та, қайғы да

жекелік сипат алмаған» [3;150-бет]. Иә, біздің көпшілігіміз жай ғана салт-сана көрінісі деп ғана қабылдайтын қасиетімізді этнограф-ғалым кең ауқымда алып қарайды. Автор адам өміріндегі қарапайым ғана қуаныш белгілері – «сүйінші», «шашу», «көрімдік» деген жөн-жоралғыларды – «көшпелі өмір салтындағы этникалық арман-аңсардың (түпкі мақсаттың) ортақ болуы», – деп, оны моральдық-этикалық, ғылыми пайыммен таразылайды. Қазақтың қонақ күту дәстүріне мынадай баға береді: «Көшпелі қазақтың қонақжайлық дәстүрі, түптеп келгенде, этносты біртұтас әлеуметтік жаралым ретінде іштей үйлестіре реттеп отыратын ең пәрменді тетіктердің бірі болған» [3;143-бет]. Демек, көшпелі халықтың толық тұрақталмаған тұрмысының өзінде ағайын-туыстан ажырамағаны.

Қазақтың өмір салты мен әдет-ғұрпы, табиғат тіршілігінен таным беретін «Кеніш» «Серпер», «Күңгір-күңгір күмбездер», Қара өлең жанрын саралайтын «Мың бір маржан», қазақ мәдениетіндегі күй өнерін жырлайтын «Күй шежіре», түркі тектес халықтардың тарихынан, археологиясы мен этнографиясынан сыр шертетін «Көшпелілер тарихы», ұлт руханияты мен халықтың аңсар-арманын әспеттеген «Ой толғақ», Гомердің «Иллиада», «Одиссея» эпосы мен «Әлемнің 7 кереметі», этнологиялық деректану бағытындағы «Қазақтың ауызша тарихы», жекелеген тарихи тұлғалар арқылы ел тарихын екшеген «Елтұтқа» сынды еңбектері – қазақ халқының этногенезі мен этномәдени өзегіне қатысты, қазақ этнологиясына қатысты пайымға толы зерттеулері – ұлтымыздың рухани қазынасының құндылығына дәлел болуда. Ал қазақ халқының этно-байланыстарын сарапқа салған «Қазақтың ауызша тарихы» атты зерттеуі – тарихи-этнологиялық ғылым биігіне айналып отыр. Ел тарихын, дәстүрін, жөн-жоралғысын білу үшін осы бір ғана кітап жетеді. Кітаптың басы тарихнамадан, сонау ру-тайпалық кезеңнен басталып, қазіргі өзіміз қолданатын туысқандық атаулардың түсіндірмесі мен мысалы алдымызға дайын түрде берілген. Егер байқайтын болсақ, қазіргі таңда енді пайда болған «жаңалық» іспеттес болған қыздан тараған «жиен, жиеншар, дегеншар, көгеншар, көбеңшар, тебеншар, өлеңшар, қаймана» деп аталған туыстық атаулар да аталған еңбектің екінші тарауында түгел көрсетілген. Ғалым «Ел болудың алғышарттары» атты тақырыпта сөз қозғап, тіпті өз уәжін де жеткізген. А. Сейдімбек бұл тақырыпта да өз зерттеуін тыңғылықты аяқтаған, ел болам деген қазақтың бірігуін, Еуразия түбегіндегі көшпелілердің өмір салтын бірізді ету мен ру-тайпалық бөліністі қайта жасақтауды да алға тартты. [4;192-бет]

Көрнекті ғалым А.Сейдімбек зерттеулері арқылы тұтас бір ғылыми зерттеу институты атқаратын ауқымды істер жүзеге асты деуге болады. Ерекше атап өтуге тұрарлық тағы бір жағдай – А.Сейдімбек зерттеу еңбектеріне арқау болған мәселелер – мемлекеттік деңгейде көтерілген іс-шаралармен үндес келуі. Мәселен, 2004 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қоғамда кең қолдау тауып, өзінің басты бағыттарын белгілегені мәлім. Ал сол бағыт-бағдардың бірқатары қазақ

этнологиясының көрнекті өкілі, филолог-ғалым, белгілі этнограф А.Сейдімбек зерттеулерінің нысанына айналған. Нақты айтқанда:

- қазіргі ұлттық мәдениетті фольклор, әдет-ғұрыпты зерделеудің біртұтас жүйесін құру;

- ұлттық мәдениет үшін айрықша маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру;

- қазақ халқының мәдени мұрасын зерделеу бағытында жаңа ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу;

- мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің жетістіктері негізіндегі гуманитарлық білім қорын жасау т.б.

Ақселеу Сейдімбектің тарихи-танымдық, этно-мәдени мұраларындағы деректілікті талдау барысында алдымен ұлттық идея түсінігімен, автор публицистикасындағы ұлттық идея тақырыбының көтерілуін жан-жақты талдадық. Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» атты еңбегінде қандас-туыстардың ру мен тайпа болып өмір сүру үшін ортақ мүддеге бағынып, ру-тайпалар жүзге бөлініп, өмір сүру салтына байланысты бір идеяны ұстанғаны, тіл, діл, дін, салт-дәстүрге байланысты ой санасы мен мүддесі бір жерден шығып, туған жерді, елді, жұртты қорғау сияқты ұлы идеяны ұстанғаны туралы жазылған.

А.Сейдімбектің дәстүрлі қоғамының мәдени құндылықтарын талдаған мақалалары бұқараның тілі, діні, ділі мен мәдени құндылықтарының маңызын оқырманға түсіндіріп қана қоймай, осы идеяны жас ұрпақтың санасына сіңіру маңызды екенін бір арнаға тоғыстыруды мақсат еткен. Автордың баспасөз беттерінде жарияланған ұлттық идея тақырыбында жүзге тарта мақаласы жарияланған. Сол мақалаларының ұлттық идеяны қалыптастыру үрдісіндегі алар орны жоғары және автордың бұл қызметінің халықтық сипатымен қатар белгілі бір дәрежеде мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі ретінде әрекет еткенін айқындауға ұмтылды. А.Сланұлының шығармашылығындағы тарихи-танымдық, этно-мәдени мұралардың берілу жүйесін сараласақ:

- А.Сейдімбек публицистикасы ұлттық сананың жаңғыруына, қазақ ұлтының тарихи жадын қалпына келтіруге ықпал ететін материалдар;

- еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі демократияның принциптерін көсететін, ұлттық оянуға бағыт-бағдар береді;

- тәлім-тәрбие боларлық тақырыптар төңірегіндегі ой-толғамдары құнды және А.Сланұлының публицистикасы ұлттың рухын оятатын, ой-өрісін өрлететін, тәуелсіздік идеясын насихаттаған еңбектер деуге толық негіз бар.

Ғалымның өз ойларынан ғана тұратын «Ой толғақ» еңбегін оқып шығу арқылы елдің өткенін, салт-санасы мен мәдени сатысын, белгілі азаматтардың халқы үшін күн-түн деп ізденген сәттерін түгел көруге болады. Ой тізбектері қысқа болғанмен әрбірінің қашан жазылғаны қойын дәптер іспеттес реттілікте түзілген. Ұлт, елдік, халық тақырыбы басты маңызда болған. «Ешбір ұлт өзінің төлтума (самобытний) қасиетін өзгеге

еліктеу арқылы қалыптастырмайды. Дүние жүзіндегі кез-келген ұлттың қасиетінде экосистемамен кіндіктес шаруашылық-мәдени (хозяйственно-культурный) типтің тағы айын байқалады. Әрбір ұлт өз болмысының авторы. Сондықтан да кез-келген ұлттың төлтума қасиеті ешқашан сол ұлттың кемшілігі емес, ерекшелігі болып табылады. Ұлттық мәдениет дегеніміздің өзі осы ерекшелік болса керек». [5;28-бет].

Әдебиеттер:

1. Ақселеу туралы аңыз // Ана тілі. – 2009, 22 қазан
2. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этно-мәдени пайымдау: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.,
3. Сейдімбек А. Шығармалар. Алты томдық. Астана, 2010. Т.2. 816 б.,
4. Қазақтың ауызша тарихы [Мәтін]: шежірелік деректерді пайымдау: зерттеу / А. С. Сейдімбек; [Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Еуразия гуманитарлық зерттеулер-ғылыми орталығы]... – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.,
5. Сейдімбек А. Ойтолғақ: жарияланбайтын жазбалар. – Алматы: Жалын, 1997 жыл, 272 б.,

УДК 8.82.0.

THE ROLE AND FUNCTIONS OF ARTISTIC ELEMENTS IN SCIENTIFIC DISCOURSE

Aizhan Kadir,

Al-Farabi Kazakh National University

Annotation. The article examines the role and functions of artistic elements in scientific discourse. Particular attention is paid to metaphors, analogies, epithets and other rhetorical devices that help simplify complex scientific concepts, increase text memorability, retain readers' attention and create an emotional impact. Based on examples from scientific and popular science texts, it is shown how the use of artistic speech helps to effectively convey scientific ideas to a wide audience and connect them with everyday experience.

Key words: scientific discourse, artistic speech, metaphor, analogy, epithet, hyperbole

Scientific discourse has traditionally been oriented toward logic, precision, and unambiguity. However, especially in recent decades, elements of artistic speech, such as metaphors, analogies, and epithets, have begun to appear in it. This phenomenon is explained by the desire of scientists not only to convey information, but also to make complex concepts more accessible and interesting to a wider audience. This article will analyze the main functions of artistic

elements in scientific texts and show how their use improves the perception and memorization of information.

The most common elements of artistic speech in scientific texts are metaphors, analogies, hyperboles, and epithets. These techniques are used to create vivid images that help the reader better understand and remember the material. For example, metaphors and analogies allow complex abstract concepts to be explained through more familiar images [1].

1. Metaphors. Metaphors are used to transfer the meaning of one phenomenon to another, as if they had common characteristics. This helps simplify the perception of complex concepts and facilitates association with real-life experiences.

2. Analogies. Analogies are based on the similarities between two phenomena and help the reader draw parallels, which makes it easier to understand the material. They play an important role in scientific texts, especially in biology and physics, where many concepts are difficult to visualize [2].

3. Epithets and hyperboles. These elements bring vividness and expressiveness to the text. Hyperbole, although rarely used in strict scientific texts, finds its place in popular science works, allowing you to draw attention to the uniqueness or importance of the subject under discussion [3].

One of the key functions of literary elements in scientific text is the simplification of complex and abstract concepts. Using metaphors and analogies, scientists can explain difficult concepts through more understandable images. For example, in physics, the concept of a wormhole is often explained as a “tunnel” connecting different points in space, which helps visualize an idea that is difficult to understand at an abstract level [4].

Keeping the Reader’s Attention

Scientific texts are often overloaded with jargon and complex information, making them difficult to digest. Including artistic elements helps to keep the reader’s attention by making the text more interesting and accessible. Research shows that texts with vivid metaphors and analogies are more engaging and engage the reader more actively [5].

Increasing Memorability

Artistic elements such as metaphors and epithets help to remember information better. Figurative representations of scientific ideas help to retain them in the reader’s memory. For example, metaphors such as “genetic code” are easy to remember and evoke associations, which simplifies the learning process [6].

Emotional Impact

Artistic elements add an emotional component to scientific text. This is especially important in texts that are intended for a general audience, such as popular science books and articles. For example, personal stories or emotionally charged descriptions can evoke empathy or surprise in the reader, which helps to engage with the material more deeply (Anderson, 2015).

Creating Connections to Everyday Experience

Analogies and metaphors help connect scientific concepts to the reader's everyday experience, making the text more "human." For example, in biology, DNA is often compared to a "recipe," which helps to better understand the role of genetic information in the development of an organism (Hawkins, 2019). Such analogies make scientific text more understandable and closer to the reader's real life.

Examples of Using Literary Elements in Science Texts Stephen Hawking and His Metaphors of Space. In his book "A Brief History of Time", Hawking describes black holes as "traps" for light and matter, which makes it easier for readers to understand the nature of these cosmic objects. Richard Dawkins and his "Selfish gene". Dawkins uses the concept of the "selfish gene" to emphasize the idea of natural selection at the gene level, which allows for a more visual representation of the mechanisms of evolution. Conclusion The use of artistic elements in scientific texts performs several important functions. Metaphors, analogies, epithets, and hyperboles help simplify complex ideas, hold attention, increase memorability, have an emotional impact, and connect science with everyday experience. Thanks to these elements, scientific text becomes more accessible and attractive, which is especially important in popular science literature and educational materials. As a result, the use of artistic elements in scientific texts not only does not contradict scientific standards, but also contributes to their better perception by readers

References:

1. Marková, I. (2018). Metaphorical Thinking in Science. *Journal of Cognitive Linguistics*, 19(5), 50–63.
2. Black, T. (2020). Analogies and Their Role in the Science Discourse. *Science Journal*, 22(3), 78–88.
3. Jones, M. (2019). Hyperboles in Science Writing. *Language and Science Journal*, 30(2), 101–112.
4. Peterson, J. (2017). Science Communication and Simplification through Metaphors. *Communication Studies*, 18(3), 150–165.
5. Smith, K., & Lewis, T. (2016). Reader Engagement in Scientific Discourse. *Science Communication Review*, 24(1), 60–75.
6. Brown, A. (2021). Memory Retention through Metaphors in Education. *Education Review*, 15(6), 45–53.

ӘОЖ 82.13

**ТАРИХ САБАҒЫНДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ
ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Эльмира Серикбаевна Нурпеисова,
Қызылорда медициналық жоғары колледжінің тарих пәні оқытушысы,
п.ғ.магистрі

Аннотация. Автор бұл мақалада ХХІ ғасырдың негізгі құралы цифрландырудың білім саласында қалыптасып келе жатқандығын, ерекшелігін, оның ішінде цифрлық технологияларды тарих сабағында қолданудың тиімді жақтарын сипаттаған.

Кілт сөздер: цифрландыру-цифровизация-digitalization, тарих-история-history, әдіс-метод-method, платформа-платформа-platform, цифрлық сауаттылық-цифровая грамотность-digital literacy

ХХІ ғасыр – цифрландыру ғасыры. Цифрлық сауаттылық - біздің индустриалдық қоғамнан ақпараттық қоғамға көшуіміздің нәтижесі. Бүгінгі күні цифрландыру жүйесі еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінің барлық саласына тереңдеп еніп, дамып келеді. Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа Жолдауында білім саласын цифрландырудың маңызына тоқталып, оны сапалы білім берумен тікелей байланыстырып, «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасын жүзеге асыруды тапсырған болатын[1]. Сондықтан білім беру саласына цифрландыру жүйесі тереңдеп еніп, қарыштап даму үстінде. Өзім қызмет ететін сала – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының ұстаздары да заман талабына сай бейімделуде. Қызылорда медициналық жоғары колледжінің ұстаздары электронды журналды «Smartnation College» арқылы жүргізеді. Барлық қажет мәліметтерді электронды нұсқада сол жерден алуға мүмкіндік бар. Қазіргі таңда «Альфа» буынды ұрпаққа білім беру барысында әрбір мұғалім «Цифрлы ұстаз» болуға міндетті. Сондықтан әр сабағымызды шәкірттерімізді қызықтыратын, ынталандыратын заманауи әдістер арқылы, білім алушының өз тәжірибелерінен үйренуге мүмкіндік беру арқылы геймификациялау маңызды болып отыр. Мемлекет басшысының Жолдауында білім беру жүйесінің үздік үрдісін сақтай отырып, әрдайым даму жолында болып, бәсекеге қабілетті, креативті әлеуетін дамытумен айналысатын, еңбекқор, тұлға қалыптастыруда басты үміт ұстаздар қауымына жүктелетінін атап айтқан. Осы орайда, қазір ұстаздар арасында цифрлық сауаттылықты арттыру мәселесі маңызды болып отыр. Ол үшін әрбір ұстаз оқу білім платформаларын өзінің жеке каналын ашып өз тыңдаушыларын тарту арқылы аудитория жинауы керек. Себебі, қазіргі білім алушылар ақпараттың көп бөлігін интернет желісі арқылы алады. Осыған орай өзімнің жеке каналым арқылы ұстаздар қауымына әдістемелік көмек көрсетіп келемін. «Цифрлы ұстаз» - цифрлық білім беру технологияларын және заман үдерісіне сай ақпараттық технологияларды жылдам меңгерген, әлемдік деңгейдегі білім сұраныстарына сәйкес ойлай алатын, өзі білген, ұғынған жаңалықтарын үдеріске енгізе отырып, алдындағы білім алушыларды жаңа біліммен сусындата алатын және білім алушылардың бойындағы түрлі дағдыларды дамыта алатын, осы алған

білімді өмірде қолдануға үйрететін әмбебап тұлға болуы керек. Цифрлық технология термині (digital technologies) ағылшын тіліндегі педагогикалық әдебиеттерде қолшатыр термині ретінде қолданылады. Оның ішінде әртүрлі жақында пайда болған (бұлтты, мобильді, ақылды технологиялар) және дәстүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кіреді. Цифрлық технология-лар – бұл ақпараттық қоғамдағы өмірге бейімделген тұлғаны тәрбиелеуді қарқындату және оңтайландыру мәселелерін табысты шешетін құрал. Бүгінгі күні цифрлық технологиялар жаһандық экономикалық дамудың негізгі факторларының біріне айналып отыр. Цифрлық білім беру технологиялары – бұл көрнекілікті қамтамасыз ететін электрондық жүйелерді пайдалануға негізделген оқу процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілі. Цифрлық технологияларды қолданудың мақсаты оқу процесінің сапасын, тиімділігін арттыру, сондай-ақ студенттерді табысты әлеуметтендіру болып табылады. Өзім дәріс беретін «Қазақстан тарихы» пәнінен әр сабағыма үнемі түрлі заманауи цифрлық технологияларды үздіксіз қолданып және дамытып келемін. Цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқытушы мен білім алушының уақытын үнемдеуі, сабаққа деген қызығушылықтың артуы, тақырыптың тез және оңай меңгерілуі, білім алушылардың өз білімінің қай деңгейде екендігіне көз жеткізуі немесе өзін-өзі бағалауы секілді көптеген нәтижелеріне көз жеткізіп келемін. Яғни, «Қазақстан тарихы» пәнінен қолданылатын цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін айтар болсам, біріншіден, білім алушылардың тапсырмаларды орындау және материалдарды зерделеу ұтқырлығын арттыру; екіншіден, сабақ материалдарының көрнекілігін арттыру; үшіншіден, білім алушының оқытушымен жедел кері байланысты жүзеге асыра білуі; төртіншіден, білім алушылардың ынтасын арттыру мүмкіндігі; бесіншіден, білім алушылардың тапсырмадан өткеннен кейін бірден нәтижеге қол жеткізу мүмкіндіктеріне қол жеткізуге болады.

Заманауи технологиялар туралы Симоненко, К.К. Колин және т.б. пікіріне жүгінсек, педагогикалық инновация – бұл педагогика ғылымы саласында нақты мақсатқа бағытталған білім аясына белсенді өзгерістер енгізетін тұрақты элементтер, білімнің жеке компоненттері мен біртұтас жүйесін жетілдіруге ықпал ететін жаңа көзқарастар, – деген тұжырымға келеді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады [2]. Осы салада Қазақстандық педагог-әдіскер ғалымдар өз ғылыми еңбектері мен мақалаларында өздерінің осы мәселе туралы ой-пікірлерімен бөліседі. Мысалы, С.Иманбаева «Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі»[3], Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. «Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі»[4], Нұрғалиева Г. Таутаева Г. Тілеуова С. «Ақпараттандыру – білім беруді реформаландырудың негізгі механизмі»[5]. Қазақстан тарихын цифрлық технологиялар арқылы оқыту үдерісін ұйымдастыру дегеніміз – ақпараттық технологияны тарихты оқыту үдерісінің маңызды бір тірегі ету арқылы еліміздің тарихын оқыту – өз

бетімен үйрену үдерісін сапалы деңгейге көтеру, тиімділігі мен қарқынын арттыру. Цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін тарихты оқыту үдерісінде қолдануда жаттығулар мен тапсырмалардың саны мен түрлерін арттырудың, өзара қарым-қатынас жасау өрісін кеңейтудің, оқытушы мен білім алушының тарихи дидактикалық байланысын түрлендірудің, білім алушының болашақ мамандар ретінде ақпаратты жинау, сақтау, жүйелеу, өңдеумен байланысты жаңа технологияларды қолдану маңызды болып табылатын қоғамда қызмет етуге даярлаудың жолдары кең танылады.

Енді тарих сабағында өзім қолданып жүрген бірнеше технологиялық оқу платформалары мен 3D форматтағы және жасанды интеллект негізіндегі оқу платформаларымен таныстырып өтейін. Ең алдымен күнделікті сабағымызға қажетті дидактикалық ойындарды қолдану сабақ мақсатына жетуге мүмкіндік туғызады. Сондықтан бүгінгі таңда кең көлемді түрде қолданылып жатқан «wordwall» платформасы өте тиімді платформа болып саналады. Бұл платформаның көмегімен барлық сабақ тақырыбы бойынша әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар дайындауға болады. Өзімнің сабақ беретін пәнім тарих пәні болғандықтан тарих пәніне қажетті картамен тапсырмалар дайындау маған өте тиімді болды. Сонымен қатар «Қазақстан тарихы» пәнінен «Тарихи және мәдени ескерткіштер» тақырыбын өткенімде ескерткіштер классификациясының 4 тобын ажыратып көрсетуге арналған, сақтар әлеуметтік-таптық жіктелуіне арналған, үйсін, қаңлы, ғұн, түрік, моңғол мемлекеттерінің басшылары мен қазақ хандарының басқарған жылдарын сәйкестендіруге т.б. тақырыптарға арналған түсінікті, өте қолайлы тапсырмалар дайындадым. «Қазақ халқының музыкалық және әдеби мұрасы» тақырыбына күйші және әнші, ақындардың суреті арқылы қай тұлға күйші, қай тұлға әнші, ақын екендіктерін анықтауға арналған тапсырма, сонымен қатар қазақтың музыкалық аспаптары классификациясына арналған аспаптардың суреті арқылы қайсы аспап үрмелі, қайсы аспап ұрмалы, қайсы аспап шертпелі екендіктерін ажыратуға арналған өте ыңғайлы тапсырмалар дайындау арқылы білім алушының тақырыпты меңгергендігін жылдам әрі тез анықтауға болады. Келесі платформа «Blooket» деп аталады. «Blooket» платформасы бойынша тақырыптық тапсырмалар әзірлеп, білім алушылар бұл тапсырманы жарыс түрінде жылдам жауап беруге тырысады. Жылдам жауап берген білім алушы көп алтынды иеленеді. Күнделікті сабағымызға қолдануға болатын тағы бір ең тамаша әдіс – «Spin the Wheel» деп аталады. Бұл әдіс арқылы кездейсоқ таңдау құралы бір, екі немесе үш виртуалды доңғалақты тренажеры дербес немесе бір уақытта пайдалануға арналған. Сонымен қатар бұл әдісте бірінші айналдыру дөңгелегіне білім алушылардың есімдерін, ал екінші айналдыру барабанына әр білім алушыға арналған жеке сұрақтарын орналастырамыз. Екі дөңгелекті бір мезетте айналдыру арқылы әр білім алушы жауап беріп болған соң, жауап берген білім алушы мен оның сұрағын өшіріп отырасыз. Сөйтіп, бұл әдіске топтың барлық білім алушысы қатысуы қамтамасыз етілуі арқылы өте тиімді әдіс болып табылады. «Пли-керс»

платформасы арқылы дайындаған тапсырмаңыздың нәтижесін өзіңіздің ұялы смартфоньыңыз арқылы тез әрі жылдам көре аласыз. Оны көру үшін алдын-ала әр білім алушының қолына нөмірленген QR – қағазын таратасыз. Сонан соң сол QR – қағазындағы А,В, С, D жауаптары арқылы білім алушылар өз жауаптарын көрсетеді. Келесі жасанды интеллект платформасы «Conker» платформасы. Бұл платформа сізге өз дәрістеріңіз арқылы тестті өзі әзірлеп береді. Әдетте біз күнделікті сабағымызға тестті өзіміз құрастырып сәл-пәл уақыт керек болады. Ал осындай жағдайда тестті жылдам әрі тез өзі құрастырып беретін осы «conker» платформасы қазіргі таңда оқытушыларға таптырмас құрал. Бұл платформа арқылы күнделікті сабағыңыздың мәтіні толық меңгеріледі. Бұдан өзге келесі «ODLU», «Gamilab», «TinyTap», «Lumio», «StudyStuck», «Classrooms», «Purpose Games», «umaigra», «Bamboozle», «QuizWhizzer» дидактикалық ойындары білім алушыларды қызықтыратын әрі білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретін бүгінгі таңдағы тарих пәнінен қолданылатын ең қызықты, тиімді платформалар болып табылады. Бұл әдістерді үй тапсырмасын сұрау мен жаңа сабақты бекіту кезеңдерінде білім алушының функционалдық сауаттылықтарын арттыру үшін пайдалануға болады. Сонымен қатар «Mozaik 3D», «Nearpod», «Merge Cub+ObjectViewer», жасанды интеллект «D-ID», 3d объектілі «Jigspase» секілді 3D платформалар сабағыңызды визуалды түрде қызықты өтуіне мүмкіндік жасайды. Сабақта білім алушылар өзіміз барып көріп саяхаттай алмайтын әлемдік ескерткіштер мен жәдігерлерді, тарихи оқиға өткен орындарды, тарихи құбылыстар мен объектілерді өзі барып көргендей, қолымен ұстағандай кейіпте болып виртуалды түрде саяхат жасайды. Бұл әдістер «миға шабыуыл» жаңа сабақты болжау кезеңінде және сергіту сәттерінде пайдалануға болады. Мұнымен қоса тарих сабағында үй тапсырмасы ретінде қазіргі ақпараттық технологияның тамаша жетістігі саналатын өзіміздің отандық музейлер және әлемдік музейлерге де виртуалды саяхат жасауды тапсыруға болады. Топқа бөлу кезеңінде «QAZ MATH» платформасын ұтымды пайдалануға болады. Сабақтың қызықты, тартымды өтуіне әсер ететін көрнекіліктің бірі – сабақ презентациясы. Презентация жасауда қазіргі таңдағы оқытушылар «Microsoft Power Point» секілді бұрынғы жылдардағыдай бағдарламаны емес заманауи «Genially», «Voicethread», «Sliderocket», «Canva», «SlidesMania», «Moovly», «Focusky», «Pear Deck», «SlideDog», «Google Slides», «Sway», «Crello», «Glogster», «Buncee», «Prezi», «Emaze», «Flowries», «Visme» секілді қызықты да, тартымды презентацияларды сонымен қатар оқытушыға қажет түрлі нейрожелілерді пайдаланады. Барлық сабаққа қажетті қолданбалар мен заманауи онлайн сервистерді өзім жинақтап, платформаларға қосылып, оларды қалай қолдануға болатынына, сабақтың қай бөліміне оны пайдалануға болатындығына зерттеу жасадым. Зерттеу жұмысымның қорытындысында түйгенім, бұл заманауи қолданбалар мен сервистердің барлығы да қазіргі таңдағы «Альфа» буынды ұрпаққа білім беруде ең қажетті құралдар болып табылады. Білім

алушылардың білімдерін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға мүмкіндік туғызатын артықшылықтары көп. Тарих сабағында осы инновациялық технологияларды қолдану білім алушылардың пәнге қызығушылықтарын арттырады, креативті, жан-жақты болуына мүмкіндік береді. Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарының артуына әсер тигізеді. Сондықтан жүйелі білім беру үшін жасанды интеллект дәуірінің ұстазы үнемі өзін жетілдіріп, ізденісін тоқтатпау керек, жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысында пайдаланып білім алушыларды пәнге қызықтыра білуі қажет.

Қорыта айтқанда, білім беру саласындағы цифрландырудың ең басты міндеті – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті, біліммен қаруланған ел жастарын дайындау. Сондықтан осы міндеттің іске асырылуы нәтижесінде ғана еліміздің қазіргі білім беру саласы заманауи түрде жаңғыра, білім тереңдеп нығая түсері сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2021 ж. <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy>.
2. Демеуова Л. Ғаламдық ойлауға бейімдеу. "Қазақстан мектебі" №12 Алматы, 2003- Б.3
3. Иманбаева С. «Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі». Қазақстан мектебі, № 2, 2000. 12.б.
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. «Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі», Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010. 45.б.
5. Нұрғалиева Г., Таутаева Г., Тілеуова С. Ақпараттандыру – білім беруді реформаландырудың негізгі механизмі, Алматы, 2000. 75.б.

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕЛУІ

Р.Г.Шамгонова,

*Шетел тілдері мен әдебиеті мұғалімдерін дайындау БББ аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі, М. Өтемісов атындағы Батыс
Қазақстан университеті, Орал қ.*

raisa-shamgonova@mail.ru

А.Н.Сарсенбаева,

студент, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ.
sarsenbayeva_2003@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілді қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады. Мәдениетаралық тәсілдің мәні, мазмұны және шет тілін үйретудегі рөлі талқыланады. Авторлар мәдениетаралық қарым-қатынасты дамыту әдістері мен оқу үдерісінде оны қолданудың тиімділігін зерттейді. Сонымен қатар, шет тілін меңгеру барысында мәдениетаралық құзыреттілікті арттырудың артықшылықтары мен кедергілері сипатталады.

Кілт сөздер: шет тілдерін оқыту әдістемесі, мәдениетаралық тәсіл, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан зерттеу

Кіріспе. Бүгінгі жаһандану дәуірінде шет тілін меңгеру қажеттілігі артып, білім беру жүйесінде шет тілдерін оқытуға ерекше көңіл бөлінуде. Шет тілін үйрену тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сол тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетін, дүниетанымын, құндылықтарын танудың жолы ретінде де маңызды. Әрбір тіл белгілі бір мәдениеттің, өмір салтының және ұлттық ерекшеліктердің айнасы ретінде қызмет етеді, сондықтан тіл үйрену процесінде сол мәдениетпен танысу маңызды аспектілердің бірі болып табылады.

Шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсіл қазіргі таңда үлкен маңызға ие болып отыр. Бұл тәсіл оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытумен қатар, олардың мәдениетаралық құзыреттілігін арттыруға бағытталған. Мәдениетаралық тәсіл оқушыларға тек тіл үйреніп қана қоймай, өз мәдениеті мен шет тіліндегі мәдениет арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсінуге, әртүрлі мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің өзектілігі — мәдениетаралық диалогты дамыту арқылы өзге ұлттарға деген құрмет сезімін арттыру, жаһандық түсіністік пен бейбітшілікті нығайтуда көрініс табады.

Шет тілін үйрету барысында мәдениетаралық тәсілді қолданудың ғылыми-әдістемелік зерттелуі осы бағыттағы оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсаты — мәдениетаралық тәсілдің шет тілін оқытудағы рөлін ашу және оны қолданудың әдістемелік негіздерін анықтау. Осыған орай, мақалада мәдениетаралық тәсілдің мазмұны мен ерекшеліктері қарастырылады, сондай-ақ шет тілін оқыту барысында мәдениетаралық дағдыларды қалыптастырудың әдіс-тәсілдері талданады. [2; 89 б].

Мәдениетаралық тәсіл — тіл үйретудің қазіргі әдіснамасында маңызды орын алатын концепциялардың бірі. Бұл тәсіл оқушылардың тек тілдік дағдыларын ғана емес, сол тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетін, дүниетанымын, құндылықтарын, дәстүрлерін түсіну қабілетін де дамытуға

бағытталған. Мәдениетаралық тәсіл шет тілін үйренушілерді өзге мәдениетке құрметпен қарауға, мәдени айырмашылықтарды қабылдауға және осы айырмашылықтар негізінде өзара тиімді диалог орнатуға үйретеді. Бұл, әсіресе көп мәдениетті қоғамда өмір сүріп отырған қазіргі жастар үшін маңызды дағды болып табылады.

Шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілдің қолданылуы оқушыларды тек тілде ғана емес, мәдениетаралық қарым-қатынаста да тиімді болуға дайындайды. Бұл тәсіл оқушыларға шет тілін түсінудің және қолданудың тереңдігін арттырып, оларды өз мәдениеті мен басқа мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарды түсінуге бағыттайды. Шет тілін меңгерген тұлға өзінің тілдік дағдыларын тек тілдік контексте ғана емес, сонымен бірге сол тілдің мәдени аспектілерінде де қолдана білуі тиіс.

Мәдениетаралық тәсілдің маңыздылығы қазіргі тіл үйрету әдістемесінде жаңа тәсілдердің қалыптасуына әкелді. Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен әдістемелік тәжірибелер көрсеткендей, шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілді енгізу оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсінуге, басқа халықтың құндылықтарына құрметпен қарауға ықпал етеді. Бұл тәсіл арқылы оқушылардың сөйлеу қабілетінің жақсаруымен қатар, олардың жалпы мәдениетаралық құзыреттіліктері де дамиды.

Зерттеудің мақсаты – шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілді қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздерін қарастыру және оның тиімділігін анықтау. Мақалада шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілдің мазмұны, мақсаты, әдістемелік принциптері, сондай-ақ оқу процесінде мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер талданады. Сонымен қатар, мәдениетаралық тәсілдің оқушылардың тілдік және мәдени құзыреттілігін дамытудағы рөлі мен тиімділігі зерттеледі.

Бұл зерттеу шет тілін оқыту әдістемесіне мәдениетаралық тәсілдің интеграциясы тіл үйрету үдерісін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Мақалада мәдениетаралық тәсілді қолданудың шет тілін меңгеруге деген қызығушылықты арттырудағы және оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін дамытудағы рөлі жан-жақты талқыланады.

Оқушылармен жұмыс барысында мәдениетаралық дағдыларды дамыту жолдары

Оқушылардың мәдениетаралық дағдыларын дамыту үшін оқытушы түрлі тапсырмалар мен жобалық жұмыстар ұсынуы мүмкін. Мысалы, оқушылар белгілі бір елдің мәдениетіне қатысты презентация дайындап, өз жұмыстарын сыныпта талқылай алады. Бұл тәсіл оқушылардың мәдениетаралық байланыс орнату қабілетін арттырады.

1. Мәдениет туралы білім беру

Мәдениетаралық дағдыларды дамытудың басты жолдарының бірі – оқушыларға өзге мәдениеттер туралы білім беру. Сабақ барысында әртүрлі елдердің салт-дәстүрлері, мерекелері, ұлттық киімдері, ас мәзірі, әдебиеті, өнері және музыкасы туралы ақпарат беру арқылы оқушылар басқа

мәдениеттерге жақынырақ танысады. Мұндай білім оқушыларға басқа мәдениетті құрметтеп, түсінуге көмектеседі.

2. Рөлдік ойындар арқылы мәдениетаралық қарым-қатынас жасауға үйрету

Рөлдік ойындар – оқушылардың түрлі мәдениетаралық жағдайларды симуляциялау арқылы өз дағдыларын дамытуға көмектесетін тиімді әдіс. Мысалы, оқушылар әртүрлі мәдениет өкілдерінің рөлін ойнап, әртүрлі қарым-қатынас стилдерін және мәдениетаралық жағдайларда туындайтын қиындықтарды сезіне алады. Бұл әдіс мәдениетаралық түсіністік пен қарым-қатынас қабілетін арттырады.

3. Мәдениетаралық жобалар жасау

Оқушыларды мәдениетаралық жобалар жасауға тарту олардың зерттеу дағдыларын және мәдениетаралық түсіністігін дамытады. Мысалы, әр оқушыға белгілі бір елдің мәдениетін зерттеп, ол туралы презентация жасауға тапсырма беруге болады. Бұл жоба барысында оқушылар өз бетімен зерттеу жүргізіп, таңдалған мәдениет туралы жаңа мәліметтерді меңгереді. Жобаны ұжымдық түрде жасау да маңызды, себебі топтағы талқылаулар кезінде әртүрлі көзқарастар мен пікірлер айтылады.

4. Мәдениетаралық мәселелерді талқылау

Мәдениетаралық дағдыларды дамыту үшін сабақта мәдениетаралық мәселелерді талқылау тиімді болып табылады. Әртүрлі мәдениеттегі қарым-қатынас әдебі, стереотиптер, мәдениетаралық қақтығыстар сияқты тақырыптарды талқылау оқушыларға маңызды түсініктер береді. Оқушыларға мәдени айырмашылықтарды түсіну және қабылдау жолдарын үйрету үшін мәдениетаралық кейстерді талқылауға болады. Мысалы, “мәдени шок” жағдайы немесе әртүрлі мәдениет өкілдері арасында туындаған түсініспеушіліктерді шешу жолдарын қарастыру.

5. Автентикалық материалдармен жұмыс жасау

Мәдениетаралық дағдыларды дамыту үшін шынайы тілдік ортадан алынған материалдарды қолдану маңызды. Бейнероликтер, мақалалар, әлеуметтік желілердегі жазбалар, мәдениет туралы деректі фильмдер оқушыларды сол тілде сөйлейтін елдің шынайы өмірімен таныстырады. Бұл материалдар оқушыларға басқа мәдениеттің ерекшеліктерін көруге, олардың құндылықтары мен дүниетанымын түсінуге көмектеседі.

6. Мәдени күнделік жүргізу

Оқушыларға мәдени күнделік жүргізуді ұсынып, сабақ барысында немесе басқа мәдениетпен тікелей байланысқа түскеннен кейін өз әсерлерін жазуға мүмкіндік беру – мәдениетаралық дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Оқушылар өздерінің әсерлерін, алған білімдерін, басқа мәдениетке қатысты ойларын жазып отырады. Бұл әдіс оқушыларға өз сезімдерін, түсініктерін талдауға, мәдениетаралық тәжірибелерін бағалауға көмектеседі.

7. Салыстыру әдісін қолдану

Оқушылардың өз мәдениеті мен шет тіліндегі мәдениетті салыстыруы мәдениетаралық дағдыларды дамытуға көмектеседі. Мысалы, мерекелерді, қарым-қатынас әдебін, асхананы, отбасы құндылықтарын салыстыра отырып, оқушылар басқа мәдениеттегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көріп, оларды түсінуге тырысады. Бұл әдіс оқушыларға әртүрлі мәдениетке бейімделу жолдарын меңгеруге және мәдениетті құрметтеуге ықпал етеді.

8. Әріптестік бағдарламалар мен халықаралық байланыстарды пайдалану

Тіл үйренушілерді халықаралық әріптестік бағдарламаларға, шетелдегі мектептермен немесе мәдениетаралық ұйымдармен байланыс орнатуға тарту – оқушыларға шынайы мәдениетаралық тәжірибе береді. Мысалы, басқа елдердегі оқушылармен хат алмасу немесе бейнебайланыс арқылы сөйлесу мәдениетаралық дағдыларды тәжірибелік жолмен дамытуға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілдің қолданылуы – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды аспектісі болып табылады. Бұл тәсіл шет тілін үйренушілерге тек тілдік дағдыларды игеруге ғана емес, сонымен қатар басқа мәдениеттер мен халықтардың құндылықтарын түсінуге және құрметтеуге мүмкіндік береді. Мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамыту арқылы оқушылар тек тіл үйренбейді, сонымен қатар әртүрлі мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас орнату жолдарын меңгереді. Бұл тәсіл жаһандық деңгейде түсіністік, ынтымақтастық және бейбітшілік негіздерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Мәдениетаралық тәсілдің шет тілін оқытудағы маңыздылығы тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын түсінуге мүмкіндік береді. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, белгілі бір мәдениеттің айнасы болып табылады. Сондықтан тіл үйрену үдерісінде мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту оқушыларды өзге мәдениеттерді құрметтеу мен түсіну жолында маңызды дағдылармен қаруландырады. Шет тілін меңгерген тұлға, мәдениетаралық қарым-қатынасты меңгерген тұлға болып табылады, бұл оның әлеуметтік, кәсіби және тұлғалық дамуына елеулі ықпал етеді.

Мәдениетаралық тәсілдің тиімділігі оның оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға, олардың мәдениетаралық қарым-қатынастарға деген қабілеттерін дамытуға бағытталғанында көрініс табады. Сонымен қатар, бұл тәсіл шет тілі сабағында оқушылардың басқа мәдениеттермен танысып, өз көзқарастарын кеңейтулеріне мүмкіндік береді. Мәдениетаралық тәсіл оқушылардың мәдени құзыреттілігін дамыта отырып, олардың қарым-қатынас дағдыларын жетілдіреді, бұл өз кезегінде шет тілін үйренудің терең және кең ауқымды негіздерін қамтамасыз етеді.

Алайда, мәдениетаралық тәсілді енгізу кезінде кездесетін кейбір қиындықтар мен кедергілерді ескермеуге болмайды. Әртүрлі мәдениеттердің айырмашылықтары оқушылардың білім алу үдерісінде

қиындықтар тудыруы мүмкін. Сонымен қатар, оқу материалдарын таңдау және әдістемелік тәсілдерді дұрыс қолдану маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыда мұғалімдер мен оқытушылардың кәсіби біліктілігі мен әдістемелік дайындығы маңызды болып табылады. Оқушылармен жұмыс барысында мәдениетаралық тәсілді тиімді іске асыру үшін арнайы оқу бағдарламалары мен әдістемелік құралдарды дамыту қажет.

Қорытындылай келе, шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілді қолдану шет тілін меңгеру үдерісін тек тілдік дағдылармен шектемей, мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға бағытталған маңызды құрал ретінде қарастырылады. Бұл тәсілдің қолданылуы оқушылардың тілдік және мәдени құзыреттіліктерін дамытуға, көпмәдениетті қоғамда бейбітшілік пен түсіністік қалыптастыруға ықпал етеді. Болашақта шет тілін оқыту әдістемесін жетілдіруде мәдениетаралық тәсілді одан әрі дамыту және оның тиімділігін арттыру маңызды міндет болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Азимова, Г. И. (2015). Мәдениетаралық коммуникация негіздері. Алматы: Қазақ университеті.
2. Баймұхамбетова, Ш. М., & Сейітова, Ж. Қ. (2019). Шет тілін оқытудағы мәдениетаралық тәсіл. Астана: Фолиант.
3. Құдайбергенова, Ә. К. (2016). Шет тілін оқыту әдістемесі: теория мен тәжірибе. Алматы: Қазақ университеті.
4. Рахметова, Ә. Е. (2014). Мәдениетаралық құзыреттілік және тілдік білім. Қарағанды: ҚарМУ баспасы.
5. Сатыбалдиева, Ш. Б. (2018). Шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілдің рөлі. Қазақ тілі мен әдебиеті, 4, 23-30.
6. Бахытова, А. В. (2017). Межкультурная коммуникация в обучении иностранным языкам. Москва: Высшая школа.
7. Гусева, Л. В. (2013). Межкультурная компетенция в обучении иностранным языкам. Санкт-Петербург: Речь.
8. Хасанов, Т. М. (2016). Тіл мен мәдениетті оқытудағы инновациялық тәсілдер. Жаңа білім, 5, 45-50.
9. Кунарова, А. С. (2020). Мәдениетаралық диалогты дамыту: шет тілін оқыту контекстінде. Алматы: Назарбаев университетінің баспасы.
10. Byron, G., & Jones, K. (2019). Intercultural Competence in Language Teaching: A Critical Approach. New York: Routledge.

ӘОЖ 808.1

**ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ
КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

Р.Г.Шамгонова,

*Шетел тілдері мен әдебиеті мұғалімдерін дайындау БББ аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі, М. Өтемісов атындағы Батыс
Қазақстан университеті (Орал қ.)*

raisa-shamgonova@mail.ru

Г.М.Жанғалиева,

студент, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

zhangalieva_gulmira@mail.ru

Аңдатпа. Мақала заманауи технологияларды және олардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы рөлін зерттеуге арналған. Орта мектеп оқушыларында мәдениетаралық қоғамдастықтың дағдыларын дамыту үшін цифрлық ресурстарды, геймификацияны және оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану тәсілдері қарастырылады. Технологиялық құралдардың артықшылықтары мен кемшіліктері бөлінді, сондай-ақ оларды білім беру процесіне енгізу бойынша ұсыныстар берілді.

Түйінді сөздер: мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік, заманауи технологиялар, орта мектеп, цифрлық ресурстар, тілдік оқыту, геймификация, интерактивті әдістер.

Кіріспе. Қазіргі адамның байланыстары мен өзара әрекеттесулерінің әртүрлілігі мен жаһандық болуы, әлемдік кеңістіктегі адамдар, қауымдастықтар және мәдениеттер арасындағы байланыстар мен өзара алмасу қажеттілігі әртүрлі ғылым өкілдерінің өзара әрекеттесу және өзара әсер ету процесіне кең қызығушылық тудырды және мәдениетаралық қарым-қатынастың жаңа теориясының пайда болуына әкелді. «Мәдениетаралық коммуникация» ұғымы ғылымға 1954 жылы Г. Трагер мен Э. Холлдың «Мәдениет және коммуникация» еңбегі жарық көргенде енгізілді.

Мәдениетаралық коммуникацияның жалпы қабылданған анықтамалары:

- оның қатысушыларының мәдени айырмашылығы анықталған жағдайда ерекше контексте тұлғааралық қарым-қатынас;
- әртүрлі мәдениеттердің сөйлеушілері арасындағы қарым-қатынас, олардың айырмашылықтары белгілі бір қиындықтарға әкелетін кезде;
- әртүрлі мәдениет өкілдері арасындағы қарым-қатынастардың жиынтығы.
- талданатын ұғымды түсіндірудің алуан түрлілігі оның түрлері мен түрлерінің көптеген классификацияларында бейнеленген. Мысалы, тек микро деңгейде ерекшеленеді:
- ұлттаралық қатынас;
- ұрпақтық субмәдениет өкілдері арасындағы байланыс;
- әртүрлі әлеуметтік қабаттардың, демографиялық топтардың (діни, жыныс, жас және т.б.) өкілдерінің арасындағы қарым-қатынас, т.б [1,56].

Осылайша, мәдениетаралық коммуникация феноменін бастапқы талдау осы құбылыстың күрделілігі мен екіұштылығын бағалауға негіз береді, сондықтан әртүрлі теориялық және әдістемелік концепциялардың пайда болуы мен пайда болуы заңды. Қазіргі ғылымда мәдениетаралық қарым-қатынас теориясындағы мұндай бағыттар белгілі:

- белгісіздікті азайту теориясы;
- бейімделу теориясы;
- ереже теориясы;
- риторикалық теория;
- конструктивистік теория;
- әлеуметтік категориялар мен жағдайлар теориясы;
- қақтығыс теориясы.

Бұл бүгінгі таңда мәдениетаралық коммуникация теориясында әзірленген негізгі концепциялардың тізімі.

Өзінің ең жалпы түрінде мәдениетаралық коммуникация – бұл әртүрлі мәдениеттерге жататын тұлғалардың, топтардың немесе ұйымдардың өзара әрекеттесуі. Бұл жағдайда мәдени ерекшеліктердің маңыздылығы, оларды тану, түсіну және коммуникация процесінде адекватты түрде есепке алу мүмкіндігі шешуші мәселе болып табылады. Мұндай процесте өзара түсіністікке қол жеткізу үшін мәдениетаралық қарым-қатынас теориясында мәдениетаралық құзыреттілік деп аталатын барлық коммуниканттарға ортақ білім, білік және дағдылардың белгілі бір жиынтығы қажет [2,89].

Құзыреттілік феноменінен айырмашылығы, мәдениетаралық құзыреттілік ұғымының ғылыми дамуының мұндай жоғары дәрежесі жоқ. А.П.Садохиннің пікірінше, мәдениетаралық құзыреттілік мәселелері әлі арнайы зерттеу нысанына айналған жоқ.

Шетелдік ғылымда «мәдениетаралық құзыреттілік» түсінігі мәдениетаралық коммуникацияның дербес ғылыми пән ретінде қалыптасуы кезінде пайда болды. Басқа мәдениетке қатынас, этномәдени центризмді жеңу тұрғысында мәдениетаралық құзыреттілік «басқа мәдениет өкілдерімен тұлғааралық өзара әрекеттесу процесінде тұлғаның интерпретациялық спектрін кеңейтетін аналитикалық және стратегиялық қабілеттер кешені» ретінде қарастырыла бастады [3,67].

Қазіргі қоғам жаһанданудың белсенді процестерімен сипатталады, олар мердігерден мәдениетаралық контексттерде тиімді өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін кеңейтуді талап етеді. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру білім беру процесінің маңызды элементіне айналады. Бұл қатысушыларды жаһандық қоғамға сәтті интеграциялау тәсілі ғана емес, сонымен қатар толеранттылықты, мәдени айырмашылықтарға назар аударуды және сыни ойлау дағдыларын дамытады.

Заманауи технологиялар осы мақсаттарға жетудің жаңа құралдарын ұсынады. Олар тілдерді, мәдениетті және мәдениетаралық қарым-

қатынасты белсенді түрде үйренуге жағдай жасауға көмектеседі, бұл оларды әсіресе орта мектеп жағдайында өзекті етеді.

1. Мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілік: құрылымы және білімі
Мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілік үш негізгі компонентті қамтиды:

1. Когнитивті компонент – мәдениеттерді, олардың ерекшеліктері мен толықтырылу нормаларын білу.
2. Аффективті компонент – эмоционалды хабардарлық және өзара әрекеттесуге дайындық.
3. Баяндау компоненті – басқа мәдениеттердің өкілдерімен қарым-қатынастың практикалық дағдылары.

Бұл аспектілер өзара әрекеттесу, тілдерді үйрену және мәдени жобаларға қатысу арқылы қалыптасады. Технологияны қолдану интерактивтілік пен қол жетімділік арқылы бұл процесті айтарлықтай жылдамдатуға мүмкіндік береді.

Мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудағы заманауи технологиялардың рөлі. Заманауи технологиялар зерттеуге және өзара әрекеттесуге кең мүмкіндіктер ұсынады.

Онлайн платформа және виртуалды сыныптар

Google Classroom, Zoom және Microsoft Teams сияқты онлайн құралдар әртүрлі мәдениеттердегі білім алушылардың өзара әрекеттесуіне жағдай жасайды. ETwinning және Skype in the Classroom платформалары арқылы іске асырылатын халықаралық жобалар оқушыларға тәжірибе алмасуға және өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Интерактивті әдістер және геймификация

Геймификация оқушылардың белсенділігі мен мотивациясының жоғары деңгейін көрсетеді. Ойын арқылы тілдер мен мәдени ерекшеліктерді үйренуге көмектесетін қосымшалар. Бұл білімді практикалық қолдануды есте сақтауға мүмкіндік береді.

Виртуалды және кеңейтілген шындық

VR және AR технологиялары оқушыларға басқа елдерге «бағыттауға», мәдени ерекшеліктерді зерттеуге және тіпті ана тілінде сөйлейтіндермен байланысуға мүмкіндік беретін иммерсивті орта жасайды. Мысалы, Google Expeditions виртуалды экскурсияларды ұсынады, ал Mondly VR тілдік сигналдарды симуляцияланған диалогтарда үйренуге мүмкіндік береді.

3. Білім беру процесінде технологияларды практикалық іске асыру

Іс жүзінде технологияны кейіннен құтқарумен бірге білім беру процесіне біріктіруге болады:

1. Жобалық қызмет. Қатысушылар жалпы мәселелерді шешу және зерттеу нәтижелерін ұсыну арқылы халықаралық жобаларға қатысады

2. Рөлдік ойындар. Мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайларын модельдеу үшін VR және AR қолдану (мысалы, халықаралық конференция өткізу немесе басқа елге Нұсқаулық).

3. Мультимедиялық тапсырмалар. Сандық құралдарды қолдана отырып, мәдениетаралық тақырыптар бойынша подкасттар, бейнелер немесе презентациялар жасау

Қорытынды. Мәдениетаралық коммуникацияда білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру проблемасы әлемде коммуникабельділік пен толеранттылық факторлары өзекті сипатқа ие болған кезде мәдениетаралық өзара іс-қимыл ауқымының едәуір кеңеюіне байланысты аса маңызды болып табылады. Ақпараттық қоғамға көшу, қазіргі заманғы ойлауды қажет ететін жаһандық проблемалардың пайда болуы мен өсуі мектептегі білім берудегі шет тілінің өсіп келе жатқан рөліне әсер ете алмайды. Оқыту мақсаты ретінде ұсынылғаннан кейін – шет тілінде сөйлесу қабілетін дамыту-дәстүрлі түрде қолданылатын оқыту әдістері мен жаңа мақсат арасындағы сәйкессіздік айқын және айқын сезіне бастады. Бұл қайшылық менің осы тақырыпты таңдауыма себеп болды.

Қазіргі заманғы технологиялар орта мектеп оқушыларының мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін кең мүмкіндіктер ашады. Оларды пайдалану мәдениетаралық табысты қарым-қатынас үшін қажетті негізгі дағдыларды дамытуға ықпал ететін мотивациялық және интерактивті білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, технологияны сәтті енгізу үшін қолдау мен әдістемелік қолдауға қол жеткізе отырып, мұғалімдердің тиісті дайындығын қамтамасыз ету қажет.

Әдебиеттер:

1. Бахтин, М. М. Мәдениеттегі диалог мәселесі. – М.: Өнер, 1990.
2. Littlejohn, A., Margaryan, A. Technology-enhanced learning in educational contexts. – Oxford: Routledge, 2019.
3. eTwinning: еуропалық мектеп қоғамдастығы платформасы [Электрондық ресурс]. - URL: <https://www.etwinning.net/>
4. Мұратбек Бекетаев – “Мәдениетаралық коммуникация” (2009).
5. Гүлжан Еркімбаева – “Мәдениетаралық коммуникация: теориясы мен практикасы” (2017).

ҒТАМР 14.25.09

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН МОЛАЙТУ ӘДІСІ

Э.К. Утемисова,
аға оқытушы, магистр, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университеті, Орал қ.

moka_1970@mail.ru

Г.М.Жанғалиева,

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

zhangalieva_gulmira@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында лексикалық жаттығуларды қолдану арқылы оқушылардың сөздік қорын молайту әдістері қарастырылады. Лексикалық жаттығулардың түрлері мен олардың тиімділігі талданады. Сонымен қатар, бұл әдістердің оқушылардың ағылшын тілін меңгерудегі рөлі зерттеледі.

Түйін сөздер: лексикалық жаттығулар, ағылшын тілі, сөздік қор, оқыту әдістері, тіл меңгеру.

Ағылшын тілі сабағында лексикалық жаттығуларды қолдану оқушылардың сөздік қорын молайтудың ең тиімді әдістерінің бірі болып саналады. Сөздік қорды арттыру үшін оқушылар жаңа сөздерді үйреніп қана қоймай, оларды дұрыс әрі тиімді пайдалана білуі керек. Лексикалық жаттығулардың оқушыларға көптеген пайдасы бар, ең алдымен, олардың есте сақтау қабілетін дамытып, ойлау дағдыларын жетілдіреді. Оқушылар жаңа сөздерді меңгеріп, оларды нақты жағдайларда қолдануға үйренеді. Бұл жаттығулар арқылы оқушылар сөздердің мағынасын, оларды қандай контексте қолдану керектігін және дұрыс жазуды үйренеді.

Оқушылардың тіл үйренудегі ең басты кедергілерінің бірі – сөздерді ұзақ уақыт есте сақтап, оларды күнделікті өмірде пайдалана алмау. Сондықтан лексикалық жаттығулардың түрлері әртүрлі болуы қажет. Сабақ барысында сөздік диктанттар, жаңа сөздермен жұмыс жасау, мәтіндерді оқу сияқты жаттығулар жиі қолданылады. Бұл оқушылардың сөздерді тереңірек түсінуіне, оларды контексте қолдануына, сөйлеу дағдыларын дамытуына ықпал етеді. Лексикалық жаттығулар оқушыларды белсенді жұмысқа тартатындықтан, олардың тілдік дағдылары дамиды. Мұндай жаттығулар барысында оқушылар жаңа сөздерді тек жаттап қана қоймай, оларды қолдану арқылы сөйлеу және жазу қабілеттерін де дамытады. Сабақта қолданылатын әрбір лексикалық жаттығудың өзіндік тиімділігі бар, мысалы, сөздік диктанттар оқушыларды жаңа сөздерді дұрыс жазуға дағдыландырса, мәтінмен жұмыс істеу олардың мәтін ішіндегі жаңа сөздерді табу және мағынасын түсіндіру қабілеттерін дамытады [1,234].

Ағылшын тілін үйретуде лексикалық жаттығулардың тағы бір маңызы – олардың ойын элементтерімен ұштастырылуы. Ойын түріндегі жаттығулар оқушылардың қызығушылығын арттырып, оларды жаңа сөздерді тезірек меңгеруге ынталандырады. Мысалы, сөзжұмбақтар немесе жұптастыру ойындары арқылы оқушылар жаңа сөздерді жылдам үйренеді және есте сақтау қабілеттерін жақсартады. Ойын элементтері сабақты қызықты етіп қана қоймай, білім беру процесін де тиімдірек етеді. Оқушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейі олардың сөздік қорына

тікелей байланысты. Жаңа сөздерді жүйелі түрде үйреніп, оларды белсенді түрде қолдану тілдік дағдыларды қалыптастырады. Лексикалық жаттығулардың тағы бір ерекшелігі – олардың оқушылардың тілді белсенді пайдалануына бағытталуы. Мысалы, жаңа сөздерді сөйлемдерде қолдану немесе оларды тақырыптық мәтіндерде пайдалану оқушылардың шығармашылық қабілеттерін де дамытады. Оқушылар жаңа сөздерді тек сабақ барысында ғана емес, өзара сөйлесу кезінде де қолдануға тырысады. Сонымен қатар, ағылшын тілі сабағында лексикалық жаттығуларды қолдану арқылы оқушылардың өз ойын нақты жеткізу дағдылары дамиды. Лексикалық жаттығулар арқылы олар сөздердің мағынасын терең түсініп, оларды дұрыс қолдануды үйренеді. Бұл олардың еркін сөйлеуіне және жазба жұмыстарын сауатты орындауына мүмкіндік береді. Сабақ барысында лексикалық жаттығуларды тиімді қолдану үшін мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктері мен білім деңгейін ескеруі қажет. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру үшін жаттығуларды түрлендіріп, әртүрлі тәсілдер қолданған жөн [2,245]. Мысалы, бір сабақта жаңа сөздерді үйреніп, келесі сабақта сол сөздерді мәтіндерде қолдануға машықтандыруға болады. Бұл оқушылардың есте сақтау қабілеттерін арттырып қана қоймай, олардың білімін нақтылауға да көмектеседі. Лексикалық жаттығулардың тағы бір маңызды аспектісі – олардың оқушыларды белсенді әрі ынталы жұмыс істеуге бағыттауы. Сабақ барысында оқушылар өз ойларын еркін жеткізуге, жаңа сөздерді қолдануға мүмкіндік алады. Бұл оларды өз бетінше ойлауға, пікірлерін білдіруге және тілдік кедергілерді жеңуге үйретеді. Жаңа сөздерді дұрыс пайдалану, оларды сөйлеу мен жазу барысында тиімді қолдану оқушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін айтарлықтай арттырады. Жалпы, лексикалық жаттығуларды қолдану ағылшын тілі сабақтарының тиімділігін арттырып, оқушылардың тілдік дағдыларын жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылар жаңа сөздерді тек жаттап қана қоймай, оларды күнделікті өмірде, сабақ барысында қолдану арқылы меңгереді. Лексикалық жаттығулардың арқасында оқушылардың сөздік қоры молайып, тілдік қабілеттері жетілдіріледі [3,34].

Ағылшын тілі сабағында лексикалық жаттығуларды қолданудың артықшылықтары мұнымен шектелмейді. Әрбір жаттығудың өзіндік ерекшеліктері мен оқытуға қосар үлесі бар. Мысалы, лексикалық жаттығулар оқушылардың оқу дағдыларын да жақсартуға мүмкіндік береді. Оқушылар мәтіндердегі жаңа сөздермен жұмыс істегенде, олардың оқу қабілеттері артып, олар мәтіндерді жылдам әрі тиімді түсіне бастайды. Бұл оқушылардың оқу жылдамдығын және оқу барысында сөздердің мағынасын жылдам ұғынуын жақсартады. Лексикалық жаттығулар тек оқу мен жазуға ғана емес, сонымен қатар сөйлеу дағдыларын дамытуға да бағытталған. Ағылшын тілін үйрену барысында оқушылардың сөйлесу, пікір алмасу қабілеттері өте маңызды. Лексикалық жаттығулардың арқасында оқушылар тек жазбаша түрде ғана емес, ауызекі сөйлеу барысында да жаңа сөздерді қолдануға үйренеді. Бұл олардың ағылшын тілінде сөйлесу кезінде өз ойын

еркін жеткізуіне және тілдік кедергілерді жеңуіне мүмкіндік береді. Мұғалімдер сабақ барысында оқушылардың сөздік қорын арттыру үшін әртүрлі әдістерді қолданады. Олардың бірі – жаңа сөздерді тақырыптық мәтіндермен байланыстыру. Мысалы, белгілі бір тақырыпта мәтіндерді оқыту арқылы оқушылар жаңа сөздерді сол мәтіндер арқылы меңгереді. Бұл әдіс оқушылардың сөздік қорын біртіндеп арттыруға көмектеседі және оларды оқытудың тиімділігін арттырады. Оқушылардың ағылшын тілін меңгерудегі табыстылығы олардың сөздік қорына және оны дұрыс қолдана алу қабілеттеріне тікелей байланысты. Лексикалық жаттығулардың тағы бір маңызды ерекшелігі – олардың оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуы [4,78]. Мысалы, жаңа сөздерді қолдану арқылы шағын әңгімелер немесе эссе жазу тапсырмалары оқушылардың тілдік қабілеттерін шыңдайды. Олар жаңа сөздерді өз ойларымен байланыстыра отырып, оларды әртүрлі жағдайларда қолдануды үйренеді. Ағылшын тілі сабағында оқушылардың белсенді қатысуы өте маңызды. Лексикалық жаттығулар оқушыларды белсенді оқытуға бағытталғандықтан, олар сабақты қызықты әрі тартымды етеді. Оқушылар өзара сөйлесіп, пікір алмасып, жаңа сөздерді қолдануға тырысады. Бұл олардың тіл үйрену процесін жеңілдетіп қана қоймай, өздеріне деген сенімділікті де арттырады. Лексикалық жаттығуларды тиімді пайдалану үшін мұғалім оқушылардың деңгейін ескеруі керек. Оқушылардың біліміне сәйкес келетін жаттығуларды таңдау олардың тіл үйрену процесін оңай әрі қызықты етеді. Мысалы, бастауыш деңгейдегі оқушыларға қарапайым сөздермен жұмыс істеу ұсынылса, жоғары деңгейдегі оқушыларға күрделі сөздер мен сөз тіркестерін меңгеруге бағытталған жаттығулар ұсынылуы мүмкін. Сонымен қатар, сабақ барысында лексикалық жаттығуларды қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Жаңа сөздерді үйрену және оларды сабақ барысында қолдану оқушыларға үлкен мотивация береді. Олар тіл үйрену процесінің тиімділігін сезініп, өздерінің білім деңгейін жақсартады. Ағылшын тілі сабағында лексикалық жаттығуларды қолдану оқушылардың сөздік қорын молайтуға, тілдік дағдыларын дамытуға және сабаққа деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Лексикалық жаттығулар арқылы оқушылар жаңа сөздерді тез әрі тиімді меңгеріп, оларды нақты жағдайларда қолдануды үйренеді. Бұл әдіс олардың ағылшын тілін еркін меңгеруіне, өз ойын анық және нақты жеткізуіне ықпал етеді. Лексикалық жаттығулардың көмегімен оқушылардың тілдік қабілеттері біртіндеп дамып, ағылшын тілін меңгеру процесі жеңілдей түседі [5,124].

Ағылшын тілі сабағында лексикалық жаттығуларды қолданудың тиімділігін нақты мысалдар арқылы көрсету оқыту процесін тереңірек түсінуге көмектеседі. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамытудың бірнеше мысалын қарастырайық. Мысалы, сөздік диктант арқылы мұғалім жаңа сөздерді үйрену мен дұрыс жазуға баса назар аударады. Бұл әдіс кезінде мұғалім жаңа сөздерді айтады, ал оқушылар оларды дәптерлеріне жазады. Мысалы, «environment», «pollution», «climate change» сияқты

тақырыптық сөздерді қолдануға болады. Сабақтың келесі кезеңінде оқушыларға осы сөздерді сөйлемдерде қолдану тапсырмасы беріледі. Бұл оларды сөздерді тек есте сақтап қана қоймай, сөйлем ішінде дұрыс қолдануға үйретеді. Тағы бір мысал – мәтіннен жаңа сөздерді табу әдісі. Оқушыларға берілген мәтінді оқып, ондағы жаңа сөздерді анықтау тапсырылады. Мысалы, тақырыбы табиғатты қорғау туралы мәтінде оқушылар «sustainable development», «ecosystem», «biodiversity» секілді сөздерді тауып, олардың мағынасын түсіндірулері керек. Мұндай жаттығулар оқушылардың оқылым дағдыларын жетілдіріп, мәтінмен жұмыс істеу қабілеттерін арттырады. Сөздерді жұптастыру жаттығуы да оқушылардың сөздік қорын кеңейтуге тиімді. Мысалы, «big» сөзін «huge» немесе «large» синонимдерімен жұптастыруға болады [6,89]. Бұл оқушыларға сөздердің мағынасын терең түсінуге көмектеседі. Жұптастыру жаттығулары оқушылардың сөздік қорын тек синонимдер арқылы ғана емес, антонимдер арқылы да байытуға ықпал етеді. Мысалы, «old» және «new», «happy» және «sad» сияқты қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануға болады. Сонымен қатар, кестелер немесе диаграммалар жасау арқылы оқушыларға сөздерді категорияларға бөліп, оларды тереңірек түсіну жаттығуы да пайдалы. Мысалы, тақырып «табиғат» болған жағдайда «жануарлар», «өсімдіктер», «климат» деп бөлініп, әр категорияға тән сөздерді топтастыру ұсынылады. Оқушылар осы арқылы сөздердің мағынасын кеңейтіп, оларды қандай жағдайларда қолдану керектігін үйренеді. Ойын элементтерін қосу арқылы сабақтың қызықты әрі тиімді өтуіне де болады. Мысалы, «сөзжұмбақтар» немесе «сөздерге байланысты суреттерді табу» сияқты ойын түрлері оқушылардың жаңа сөздерді үйренуіне және оларды есте сақтау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Мысалы, берілген суреттер арқылы оқушылар сол суреттерге сәйкес келетін сөздерді табуы керек. Бұл әдіс оқушылардың визуалды есте сақтау қабілетін дамытып, жаңа сөздерді жылдам үйренуге ықпал етеді. Оқушыларға өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік беретін тағы бір жаттығу – эссе жазу. Белгілі бір тақырыпқа эссе жазу барысында оқушылар жаңа сөздерді сөйлемдерде қолдануды үйренеді. Мысалы, «Менің сүйікті демалысым» тақырыбы бойынша эссе жазу барысында олар «holiday», «travel», «relaxation», «adventure» сияқты сөздерді қолданып, өздерінің демалыстары туралы ойларын жеткізе алады. Бұл олардың жаңа сөздерді нақты контексте қолдану дағдыларын дамытуға көмектеседі [7,145].

Қорыта келе, ағылшын тілі сабағында лексикалық жаттығуларды қолдану оқушылардың сөздік қорын молайтуға бағытталған тиімді әдістердің бірі болып табылады. Лексикалық жаттығулар арқылы оқушылар жаңа сөздерді есте сақтап, оларды дұрыс әрі тиімді қолдануды үйренеді. Мұндай жаттығулар оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, олардың ағылшын тілін меңгеруіне оң ықпал етеді. Оқушылардың сөздік қорын молайту олардың ағылшын тілін еркін меңгеруіне, өз ойларын еркін жеткізуіне және тілдік кедергілерді жеңуге көмектеседі. Лексикалық

жаттығулар ағылшын тілі сабақтарының ажырамас бөлігі болып табылады және оқушылардың тіл үйрену процесін жеңілдетеді.

Әдебиеттер:

1. "Teaching Vocabulary in Another Language" - I.S.P. Nation, Heinle ELT, 2008, 212 бет.
2. "Vocabulary Instruction: Research to Practice" - Edward J. Kame'enui, Douglas W. Carnine, Guilford Press, 2000, 204 бет.
3. "How to Teach Vocabulary" - James C. Zwiers, Oxford University Press, 2008, 168 бет.
4. "The Vocabulary Book: Learning and Instruction" - John J. Hattie, Gregory C. R. McCormick, Corwin Press, 2011, 312 бет.
5. "Words, Words, Words: Teaching Vocabulary with Texts" - Joan E. E. Cohen, International Reading Association, 2003, 150 бет.
6. "Effective Vocabulary Instruction" - Patricia A. Richard-Amato, Longman, 2003, 224 бет.
7. "Vocabulary Development: A Morphological Approach" - J. David Palmer, University of California Press, 2009, 189 бет.

УДК 811.111

EFFECTIVE COMMUNICATION STRATEGIES FOR ENGLISH LEARNERS

Aknur Sansyzbayevna Sissekeshova,
West Kazakhstan University named after M.Utemissov

Abstract. This article explores the significance of communicative competence in English language teaching. It outlines its components—grammatical, sociolinguistic, discourse, and strategic competencies—and discusses effective pedagogical strategies such as task-based learning and the use of authentic materials. Furthermore, it examines assessment methods that promote meaningful communication and learner engagement.

Keywords: Communicative Competence, English Language Teaching, Pedagogy, Assessment, Sociolinguistics

Effective communication is essential in today's globalized world, especially for English language learners (ELLs) who seek to navigate diverse environments, both personally and professionally. As English serves as a lingua franca, the ability to communicate proficiently not only enhances academic success but also opens doors to cultural exchange and career opportunities. This article explores various strategies that educators can implement to foster effective communication skills in ELLs. By focusing on practical approaches—such as interactive activities, the integration of technology, and the promotion of real-life

language use—teachers can create a dynamic learning environment that empowers students to express themselves confidently and clearly in English. Ultimately, equipping learners with strong communication skills is crucial for their overall language development and successful engagement in a multicultural society.

Communicative competence has become a central focus in English language teaching (ELT) as it emphasizes not just the knowledge of grammar and vocabulary but the ability to use language effectively in real-life contexts. This concept, introduced by Dell Hymes, is crucial for developing learners who can navigate the complexities of communication in diverse settings. This article delves into the components of communicative competence, its significance in ELT, effective teaching strategies, and assessment methods to ensure that learners develop these essential skills.[1]

Grammatical competence includes the mastery of linguistic elements such as syntax, morphology, phonology, and vocabulary. It allows learners to form correct sentences and understand the rules governing language use. However, this competence alone is insufficient for effective communication; learners must also integrate their grammatical knowledge with other components to succeed in real-world interactions.

Sociolinguistic competence is the understanding of social contexts and cultural norms that influence language use. This includes recognizing different registers (formal vs. informal language), understanding politeness strategies, and being aware of regional dialects. Teachers must help learners appreciate how cultural background affects communication, thereby preparing them for interactions in various social situations.

Discourse competence refers to the ability to produce and comprehend extended texts, ensuring coherence and cohesion in communication. This involves understanding how to organize ideas logically, using connectors appropriately, and maintaining topic relevance throughout conversations or written works. Developing discourse competence enables learners to engage in meaningful dialogue and articulate their thoughts clearly.

Strategic competence involves the techniques and strategies that learners use to overcome communication challenges. This may include paraphrasing, using synonyms, and employing gestures when words fail. Teaching learners to develop strategic competence is essential, as it empowers them to navigate conversations even when they encounter difficulties.

In an increasingly interconnected world, the ability to communicate in English is vital. Traditional language teaching methods often emphasize rote memorization and grammatical accuracy, leading to learners who may struggle to use the language in practical situations. By prioritizing communicative competence, educators can better equip students with the skills needed to express themselves confidently and interact effectively with others.

Moreover, many educational frameworks, such as the Common European Framework of Reference for Languages (CEFR), emphasize the importance of

communicative competence. These frameworks advocate for language learning that is relevant and meaningful, encouraging students to engage in authentic communication experiences that reflect real-world usage.

To foster communicative competence in learners, educators can implement various teaching strategies:

- TBLT focuses on using tasks as the primary means of language instruction. Tasks are designed to require meaningful communication and real-world problem-solving. For example, students might engage in role-plays, discussions, or collaborative projects that simulate authentic interactions. This approach encourages active participation and enhances fluency.

- Utilizing authentic materials—such as news articles, podcasts, and videos—can expose learners to natural language use in context. Analyzing these materials helps students recognize different discourse patterns and cultural nuances. This not only aids language comprehension but also enriches their understanding of cultural contexts and norms.

- Creating a classroom environment that fosters interaction is crucial for developing communicative competence. Activities like pair work, group discussions, and debates promote collaboration and allow learners to practice negotiation and turn-taking in conversations. This interactive approach builds confidence and encourages spontaneous language use.

- While grammatical accuracy is important, fluency should be emphasized in communicative contexts. Activities that prioritize meaning over form can help learners become more confident in their speaking abilities. Teachers can provide feedback on both fluency and accuracy, helping students understand that both aspects are essential for effective communication.

Incorporating technology in language teaching offers innovative ways to practice communication skills. Online platforms for language exchange, virtual discussions, and video conferencing can connect learners with native speakers and peers globally. These tools provide opportunities for authentic interaction and exposure to diverse accents and dialects.

Assessing communicative competence presents challenges, as traditional testing methods may not fully capture a learner's ability to use language in context. Therefore, alternative assessment methods can provide a more holistic view of students' communicative skills. Performance-based assessments—such as presentations, role-plays, and group projects—allow learners to demonstrate their language skills in real-life scenarios. These assessments focus on both accuracy and the ability to convey meaning effectively, providing a comprehensive evaluation of communicative competence. Encouraging learners to maintain portfolios of their work and reflect on their progress can foster self-awareness and motivate improvement. Self-assessment tools can help students identify their strengths and areas for growth, promoting a sense of ownership over their learning.

Incorporating peer assessment can enhance collaborative learning and encourage constructive feedback among students. [2]

This approach not only fosters a supportive learning environment but also helps learners develop critical evaluation skills.

Incorporating communicative competence into English language teaching is essential for preparing learners to navigate the complexities of communication in a globalized world. By emphasizing the various components of communicative competence and employing diverse pedagogical strategies, educators can create a rich learning environment that prioritizes meaningful interaction. Ultimately, our goal as language teachers should be to empower students to not only understand English but to use it confidently and appropriately in their everyday lives.

References:

1. Jansem A. Teaching Practices and Knowledge Base of English as a Foreign Language Teachers' Communicative Language Teaching Implementation. International Education Studies. 2019.
2. Brown, H. D. Principles of Language Learning and Teaching. 5th ed. Pearson 2007.
3. Harmer, J. The Practice of English Language Teaching. 5th ed. Pearson Education 2015.
4. Lynch, T., & Anderson, K. Study Speaking: A Course in Spoken English for Academic Purposes. Cambridge University Press. 2013.

УДК 372.881

ПРОВЕДЕНИЕ ДЕЛОВЫХ ИГР НА ЗАНЯТИЯХ ПО ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Астра Ерсайыновна Габдешева,
ЗКУ им М. Утемисова, г. Уральск

Аннотация: В данной статье рассматриваются основные способы организации деловой игры на занятии по иностранному языку. Деловая игра представляет собой наиболее эффективный и результативный метод обучения профессиональному иностранному языку.

Ключевые слова: деловая игра, иностранный язык для профессионального общения, коммуникативная компетенция, инновационная форма обучения, моделирование профессиональных ситуаций.

Иноязычная коммуникативная компетентность представляет собой качественную характеристику личности специалиста, включающую совокупность научно-теоретических знаний и практических умений и навыков в сфере осуществления иноязычной профессиональной коммуникации, опыт осуществления профессионального взаимодействия, устойчивую мотивацию профессионального общения на иностранном

языке. Она определяет способность и готовность субъекта профессиональной деятельности осуществлять профессиональное общение на иностранном языке. Иноязычная коммуникативная компетентность включает три основных компонента: мотивационный (стремление к актуальному и последующему изучению иностранного языка, к профессиональному общению на иностранном языке), функциональный (навыки говорения, аудирования, чтения, письма на иностранном языке), рефлексивный (способность проанализировать собственный коммуникативный акт).

Деловые игры, отчасти нацелены на формирование умения общения в деловой обстановке, в фирме, на предприятии. В то же время данный вид игр нацелен на обучение, прежде всего, диалогической речи в рамках повседневного общения.

Деловая игра – это эффективный прием обучения иностранному языку, главная цель которого состоит в формировании комплекса знаний и умений для выработки стратегии и тактики профессионального общения. Характерными признаками ролевой деловой игры являются :

- а) имитационное моделирование, позволяющее воссоздать реальную обстановку, в которой учащиеся предстают как носители конкретных социальных и профессиональных ролей; б) наличие ситуаций и типов делового взаимодействия, которое содержится обычно в сценарии игры и в ролевых заданиях, позволяющих совмещать обучение иностранному языку с профессиональной деятельностью;
- в) реализация целей игры в цепочке взаимосвязанных решений;
- г) проблемный характер ситуаций и их повторяемость;
- д) много альтернативность решений [3].

Учебная деловая игра представляет собой практическое занятие, моделирующее разные аспекты профессиональной деятельности обучаемых. Она создает условие для комплексного использования имеющихся у учащихся знаний предмета профессиональной деятельности, а также способствует более полному овладению иностранным языком. Как отмечает Н.И. Торунова, «введение деловой игры в вузовский педагогический процесс способствует формированию профессионального становления личности специалиста» [2]

ПРИМЕР 1

Цель: формулировать позиции в процессе совместной профессиональной деятельности.

Описание: каждый участник игры получает карточку с названием проблемы, к примеру: “Writing Problems”, “Drugs & alcohol”, “ Parents' divorce & death”, “ Reading Problems ”, “Thinking about suicide ”, “ Doubting their aptitudes and abilities”, и преподаватель просит высказать в течение трех минут точку зрения на их решение. Жюри оценивает каждую точку зрения по пятибалльной системе и трем самым лучшим вариантам решения указанной проблемы присуждаются призовые места. [2].

Игра – разновидность общественной практики, действенное воспроизведение жизненных явлений вне реальной практической установки. Она всегда выступает в двух временных измерениях: в настоящем и будущем, даря сиюминутную радость, а также она служит удовлетворением назревших актуальных потребностей личности. В ней моделируются жизненные ситуации, закрепляются свойства, качества, состояния, умения, способности, необходимые личности для выполнения социальных, профессиональных и творческих функций [1].

При организации деловой игры опираются на следующие принципы:

- принцип имитационного моделирования, который позволяет воссоздать необходимую коммуникативную ситуацию;
- принцип проблемного содержания деловой учебной игры, а также его раскрытие в учебных условиях;
- принцип совместной деятельности участников в условиях ролевого взаимодействия;
- принцип диалогического общения и взаимодействия партнеров по игре, что обеспечивает возможность совместного выполнения учебных задач и принятия решений;
- принцип двупланности игровой учебной деятельности, подразумевающий, что в процессе игры достижение игровых целей происходит посредством развития и раскрытия личностных качеств ее участников.

Ролевая игра является социальной, так как она представляет собой имитацию трудовой деятельности, а также отдельных сторон жизни.

Участников игры не связывает отсутствие реальных материальных орудий и средств имитируемой деятельности, их заменяет воображение. Сопоставляя ролевые игры с традиционными формами проведения учебных занятий, можно отметить, что ролевые игры имеют ряд преимуществ:

- достижение более высокого уровня общения, чем при традиционном обучении, так как ролевая игра предполагает реализацию конкретной деятельности (участие в конференции, беседа с коллегами, обсуждение и т.п.);
- создание условий для коллективной деятельности, предполагающей активное участие всей группы и каждого члена группы;
- выполнение разнообразных заданий и этюдов, создающих высокую мотивацию

у студентов (чувство удовлетворения от совместных действий, желание ставить и решать новые задачи).

Ролевые игры рекомендуется использовать на первом этапе обучения, а в последующем следует постепенно переходить от ролевых к деловым играм.

В ходе деловой игры обучающийся выполняет действия, аналогичные тем, которые будут иметь место в его будущей профессиональной деятельности. В результате происходит актуализация и успешная

трансформация знаний и навыков в умения, накопление личностно значимого опыта обучающихся [2]. Таким образом, под деловой игрой понимается комплекс ситуаций профессионального общения, объединенных единым сценарием, и являющийся формой организации, обучения и контроля (желание ставить и решать новые задачи).

Рольевые игры рекомендуется использовать на первом этапе обучения, а в последующем следует постепенно переходить от ролевых к деловым играм.

В ходе деловой игры обучающийся выполняет действия, аналогичные тем, которые будут иметь место в его будущей деятельности. В результате происходит актуализация и успешная трансформация знаний и навыков в умения, накопление личностно значимого опыта обучающихся [2]. Таким образом, под деловой игрой понимается комплекс ситуаций профессионального общения, объединенных единым сценарием, и являющийся формой организации, обучения и контроля коллективной учебной деятельности.

Литература:

1. Занько С.Ф., Тюников Ю.С., Тюнникова С.М. Игра и учение: Теория, практика и перспективы игрового общения. – М.: Педагогика, 2000. – 223 с.
2. Иванцова Т.Ю. Игры на английском языке // Иностранные языки в школе. 2008. – № 4. – С. 40-42
3. Коньшева А.В. Игровой метод в обучении иностранному языку. – СПб.: Издательство «Четыре четверти», 2006. – 192 с.
4. Шаронова С.А. Деловые игры. Учебное пособие. - М.: Издательство Российского Университета дружбы народов, 2004. – 166 с.

ӘОЖ: 378.147:811.512

КРЕАТИВТІ ОЙЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Гулбану Кауасовна Уристенбекова,
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент қ.

Аңдатпа: Автор мақаласында креативті ойлауды қалыптастыру мәселелерін қарастырады, «креатив» ұғымының мәнін ашып, оны зерттеуші шетелдік және отандық ғалымдар еңбектеріне тоқталады. Қазақ тілін оқыту үдерісінде мектеп оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамыту, ойлау арқылы тілді оқытудың тиімді әдістемесін ұсыну, тілдік қатынасты меңгеруге бағытталған тапсырмалар жүйесін құрастыруды мақсат етеді.

Түйінді сөздер: ойлау, шығармашылық өнім, қабілет, қиял, шығармашылық әрекет

Қазіргі білім беру жүйесі өз бетінше теориялық білімді өмірде қолдана алатын, өзінің білім мен білігін әрдайым жетілдіріп отыратын, өзгермелі әлемде өмірге бейімделе алатын тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Оның ішінде ойлау дағысын қалыптастыру маңызды. Өйткені ойлау арқылы оқушы әлемнің әр түрлі бейнесін, қасиеттері мен қатынастарын тани бастайды.

Ойлау – жаңа нәрсені білуге талпынады, белгілі мен белгісіздің арасындағы байланысты табады, құбылыстарға тән заңдылықтарды ашады. Таным процестерінің ішінде ойлау ең жоғарғы деңгей болып табылады. Олай болса, оның мәні шығармашылық рефлексияны, шындықты өзгертуге бағытталған білімді қалыптастырады. Ойлау арқылы ақыл-ой қалыптасады. Ақыл-ой - бұл, интеллектуалдық процес, себебі интеллектуалдық арқылы танымдық процес пен теориялық және практикалық қызметті іске асырады.

Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті білім беру стандартында оқушылардың ойлау, оның ішінде креативті ойлау дағдыларын қалыптастыру мәселесі қарастырылған [1]. Ендеше, бұл дағдыны қалыптастыру маңызды әрі қажет болып табылады. Бастауыш сыныпта креативті ойлауды дамыту арнайы тапсырмалар арқылы іске асырылады.

Креативті ойлауды қалыптастыру мәселесін ғалымдар жан-жақты қарастырған. Мәселен, креативті ойлаудың белсенділік және жетістік критерийлерін С.Альтшуллер [2], И.П.Волков [3] қарастырды, креативті ойлауды дамыған баланы дарындылықпен байланыстыра зерттеген Н.С.Лейтес [4], Б.М.Теплов [5] болды.

Креатив ұғымы – жаңа нәрсені табуға, жаңа мүмкіндіктерді білуге, жаңа ерекшеліктерді анықтауға бағытталған. Бұл ұғымды қазіргі таңда кеңінен қолданып жатырмыз. Себебі, адамның өмірінде кез келген нәрсені меңгеруде тап болып жатыр. Креатив ұғымы алғашқыда өнер және мәдениет салаларында қолданылғанымен, білім беру жүйесінде де қолданыста болып жатқан жайы бар. Демек, инновациялық процестен туындап отыр.

Креатив ұғымы шығармашылықтан туындайды. Кейбір ғалымдардың еңбектерінде бұл екі ұғымды байланыстыра отырып зерттейді. Дегенмен де, екі ұғымның ұқсастықтары мен айырмашылықтары жетерлік.

Креатив сөзі ағылшынның create сөзінен шыққан, мағынасы - жасау дегенді білдіреді. Демек, «жасампаздық» ұғымы арқылы түсіндіріледі.

Яғни, күнделікті өмірде қолданатын күш.

Креативтілік – адамның түрлі жағдайлардағы мәселені генерациялау қабілеті. Демек, жаңа өнім алуға бағытталған интеллектуалдық қабілет.

Креативтілік өнімге болжай алушылықты және өнертапқыш басамаларды жатқызуға болады.

Креативтілік терминін 1922 жылы Д.Симпсон қолданды. Оның пайымдауынша, күнделікті стереотиптерден бас тарту арқылы жаңа идея ұсыну. Сондай-ақ, бұл ұғымды Р.Муни, А.Штайн ұсынған.

Дж.Гилфорд креативтілікті қораптан тыс шешімдерді табу қабілеті деп қарастырады. Автор креативтіліктің алты параметрін ұсынады:

- икемділік түрлі идеяларды шығару мүмкіндігі;
- мәселені анықтау және мәселені қою қабілеті;
- өзіндік ерекшелігі – тітіркендіргіштерге қораптан тыс жауап беру қабілеті;
- көптеген идеяларды қалыптастыру мүмкіндігі;
- бөлшектерді қосу арқылы нысандарды жақсарту мүмкіндігі;
- мәселені шешу және оны талдау, синтездеу қабілеті;

Осы параметрлерге сүйене отырып, автор креативтілікті анықтайтын қабілеттер: еркін ойлау, идеяның икемділігі, өзіндік ерекшелігі, қызығушылық, болжамды әзірлеу, қиял-ғажайып және т.б.

Ендеше, креативтілік мәселені өз бетімен шеше алу және тәсілдерін таба алумен, нәтижесін шығармашылық өнім ретінде көрсетумен сипатталады.

Креативтіліктің дамуына тұлғаның өзіндік ерекшеліктері әсер етеді.

Л.С.Подымова креативтілікті келесіде ерекшеліктер арқылы көрсетеді:

Бірінші – өзінің мүмкіндіктерін көрсетуге деген ұмтылысы;

Екінші – өзінің мүмкіндіктерін пайдалануы;

Үшінші – жаңа мүмкіндіктерді іздеу, оларды қолдану [6].

Осы аталған ерекшеліктерді біз де зерттеу барысында қолданатын боламыз. Сондай-ақ, креативті тұлғаның мотивациясы өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, тәуекел етуге шақырады.

Креативтілік – жеке тұлғаның болмысына бағдарланады, ал, шығармашылық – жеке тұлғаның іс-әрекетіне бағдарланады. Креативтілік ойлауды дамытып, бір-біріне сәйкес келмейтін нәрселерді байланыстыра отырып, жаңа нәрсенің тууына мүмкіндік береді. Адам өмір сүру барысында креативтілік пен шығармашылық арқылы дами түседі. Бұл екі категория адамның ойлау дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осы орайда, К.Роджерстің еңбегінде: адам өмір сүру барысында керек болып қалуы мүмкін деген ұстаныммен өмір сүреді, бірақ оның қай мағына, қай кезеңде іске асатыны белгісіз. Осы арқылы өзінің мүмкіндіктерін көрсетеді. Демек, адам өз мүмкіндіктерін креатив арқылы іске асырады деп тұжырымдайды [7].

Қазақ ғалымы Қ.М.Нағымжанованың пайымдауынша, креативтілікті қалыптастыруда білім мен әдістемелік мәселенің маңызы зор. Бұл бағытты дамытуда ең алдымен білім қажет екенін түсіндіріп кетеді.

Ал, С.А.Нұржанова креативті ойлаудың психологиялық аспектілерін зерттеп, оның даму жолдары мен әдіс-тәсілдерін зерттеген [8, 222].

Ғалымның бұл ұсынған әдіс-тәсілдерін зерттеу барысында қолданатын боламыз.

Қазіргі білім беру жүйесінде креативті оқушыны қажет етеді. Ендеше, креативті оқушы білім мен ғылымды дамытуға септігін тигізіп, әлемнің технологиясын меңгеруге септігін тигізеді. Осы тұста, С.Д.Юдина өзінің анықтамасын ұсынды: креатив - өзінің жігері мен мүмкіндіктерін пайдалануға деген ұмтылысы немесе жасампаздығы деп түсіндірді [9].

Креативтілік педагогика ғылымында педагогикалық міндеттерді шешуде жаңаны іздеуге, жаңвлық ашуға деген ұмтылысында көрінеді. демек, өінің білімі мен тәжірибесін қолдана отырып ықпал ету. Креативтілік құзыреттілік өзінің дамуы үстінде болуын көрсетеді.

Креативті ойлау ұғымы қиялмен, фантазиямен, болжам жасаумен тығыз байланыста екендігі анықталды.

Бірінші – қиял «өткен тәжірибесін қайта өңдеу арқылы жаңаны құру. Қиылдың екі түрі: ерікті және еріксіз қиял деп бөлінеді. Оқушы көп көрген сайын, естіген сайын, бастан өткерген сайын, көп біледі, өміре қолдана алады, яғни, оның қиялының өызметі артады. Кез келген қиял тәжірибе арқылы іске асады. Демек, креативтілік те тәжірибе арқылы іске асады.

Бұл бағытта шығармашылық қиялдың алатын орны ерекше. Себебі шығармашылық қиял тәжірибе аясында жаңа нәрсе жасайды, алынған тәжірибе басқа адамдардан таба алмайтын қасиеттерімен көрінеді. Демек, оның негізінде бізде тәжірибе жинақтап, жаңа нәрсені жасауға дағдыланамыз.

Екінші – ғажайып – шындыққа сәйкес келмейтін, бірақ олардың тілектерін білдіретін жеке немесе топ ұсынған жағдай. Имповизация арқылы іске асады. Ақпарат жетіспесе, баланың қиялына ерік береміз. Бұл жағдайда ойша модельдеуге көмектеседі, оны көрнекі бейнелерде ұсынады.

Үшінші – болжам. Есептің шешімін табуды, ақпаратты болжауды, ойлау процесінің құрамдас бөлігі ретінде нәтижесін алу мүмкіндігі қарастырылады. Бұл шығармашылықпен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Жаңа нәрсені өзгертуге, модельдеуге, шешімін табуға, болжамын шынайы табуға мүмкіндік беріп, өнім жасалады.

Креативті ойлау бастауыш сынып оқушыларына аса қажет, себебі әлемді тануда, жаңа ұғымдарды меңгеруде қажет.

Олай болса, бастауыш сынып оқушыларының креативті ойлау дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін шарттарды атап кетсек:

- білім алушының дамуына мүмкіндік беретін шығармашылық орта құру;
- шығармашылыққа бағытталған жұмыстардың ұзақтығына қарамай еркіндік беру;
- максималды күшті қажет ететін мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік беру;
- ынтымақтастықта қарым-қатынас жасау арқылы бірлесіп орта құру.

Креативті ойлау дағдысы бастауыш сынып мұғалімдерінің де бойында көрініс табуы қажет:

- мұғалімнің қызметі оқушының қызығушылығын сақтауға, оның назарын өз пәніне аударуға бағытталады;
- креативті көзқарастарды ұсынуға бағытталады;
- әдістемелік бағытты артыруға бағытталады.

Ғалымдардың ұсынған анықтамаларынан біздің түйіндегеніміз: креативті ойлау – *жаңа идея ұсыну, жасампаздық, мүмкіндіктерді пайдалану, жаңа өнім ұсыну, шығармашылық қабілет, талдау мен жинақтау, өзін-өзі дамыту мен жетілдіруге деген ынтасы мен ұмтылысы, стандартты емес ойлау, мәселенің шешімін табу, белсенділік көрсету, еркіндік беру, шығармашылыққа бағытталған орта құру және т.б. ұғымдармен қамтамасыз етілген.*

Креативті ойлауға бағытталған тапсырмаларды құруда төмендегідей қағидаттарды негізге алуымыз керек:

- ізгілендіру қағидаты;
- жас ерекшелігін ескеру қағидаты;
- пәнаралық байланыстар қағидаты;
- біртұтастық ұстанымы.

Креативті тапсырмалардың мазмұны (сурет 1):



Сурет 1. Тапсырмалардың бағыты

Креативті ойлауға қалыптастыруға бағытталған тапсырмалардың мақсаты – креативті ойлауға, оны іске асырудың маңызды екенін, шығармашылық белсенділігін және т.б. дамытуға бағыттайды.

Міндеттері:

- Қиял мен шығармашылық белсенділігін дамыту;
- Эмоционалды сезімталдықты, ұжымдық шығармашылыққа ұмтылуды тәрбиелеу;
- Оқушылардың шығармашылық жобаларға белсене ұатысуға деген қызығушылығын ояту;
- Ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін дамыту;
- Әдеби шығармалармен, бейнелеу өнерімен таныстыру, театрлық қойылымдарды дайындау мен қатыстыру арқылы рухани дүниесін байыту.

Креативтілік педагогика ғылымында педагогикалық міндеттерді шешуде жаңаны іздеуге, жаңалық ашуға деген ұмтылысында көрінеді. Демек, өзінің білімі мен тәжірибесін қолдана отырып ықпал ету. Креативтілік құзыреттілік өзінің дамуы үстінде болуын көрсетеді. Креативті ойлау ұғымы қиялмен, фантазиямен, болжам жасаумен тығыз байланыста екендігі анықталды.

Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
2. Альтшуллер Г. С. Творчество как точная наука. – М.: Сов. радио, 1979.- Кибернетика.
3. Волков И.П. Учим творчеству : Опыт. работа учителя труда и рисования шк. № 2 г. Реутова Моск. обл. – М. : Педагогика, 1982. - 86 с. : ил. ; 20 см. - (Педагогический поиск: опыт, проблемы, находки)
4. Лейтес Н. С. Возрастная одарённость школьников. – М.: «Academia», 2001.
5. Теплов Борис Михайлович // Большая советская энциклопедия : [в 30 т.] / гл. ред. А. М. Прохоров. – 3-е изд. - М.: Советская энциклопедия, 1969-1978
6. Подымова Л.С. Теоретические основы подготовки учителя к инновационной деятельности // диссертация ... доктора педагогических наук
7. К.Роджерс. Гуманистическая психология. Теория и практика. –Москва: МПСУ, 2013. – 456 с.
8. Нуржанова С.А., Салгараева Г.И. Проблемы формирования социальных навыков учащихся начальных классов. Вестник Казахского национального женского педагогического университета. 2019; (1): 221-227.
9. Юдина С.Д. Философия образования. Фонд" Центр поддержки науки и культуры". № 6. С. 233-241.

ӘОЖ: 811.111'373.2

ҚАЗАҚ ТОБЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАСЫН ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАСЫМЕН САЛЫСТЫРЫП ОҚЫТУ

Ансаған Губайдуллиевна Утарова,
М.Өтемісов атындағы БҚУ

Аңдатпа. Ағылшын тілінің грамматикасын қазақ тілінің грамматикасымен салыстырып оқыту студенттердің тілдік дағдыларын

дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада грамматиканың негізгі компоненттері, олардың арасындағы айырмашылықтар, сондай-ақ салыстырмалы оқыту стратегиялары мен нәтижелері талқыланады. Студенттерге жаңа грамматикалық құрылымдарды меңгеру үшін салыстырмалы талдау мен практикалық жаттығулар ұсынылады, бұл олардың сөйлеу және жазу дағдыларын арттыруға ықпал етеді.

Түйінді сөздер: грамматика, салыстырмалы оқыту, ағылшын тілі, қазақ тілі, тілдік дағдылар

Ағылшын тілін үйрену барысында студенттердің грамматикалық сауаттылығын арттыру үшін қазақ тілінің грамматикалық құрылымын пайдалану тиімді әдіс болып табылады. Бұл мақалада қазақ тобына ағылшын тілінің грамматикасын салыстырып оқыту тәсілдері, олардың артықшылықтары мен нәтижелері қарастырылады.

Ағылшын және қазақ тілдерінде сөз таптарының құрылымы мен қолданылуы әртүрлі. Мысалы, ағылшын тілінде зат есімдер сан, реңк, және жынысқа байланысты бөлінеді, ал қазақ тілінде сөздер өзінің семантикалық мағынасына қарай топтастырылады. Студенттерге сөз таптарын салыстыра отырып түсіндіру, олардың грамматикалық құрылымды тез меңгеруіне мүмкіндік береді.

Ағылшын тіліндегі етістіктердің шақ формалары қазақ тіліндегі шақтармен салыстырғанда көбірек. Қазақ тілінде шақтардың бөлінуі күрделірек, бірақ бұл тілді меңгеруде ағылшын шақтарының қарапайымдылығы студенттерге көмектеседі. Студенттерге етістіктердің әр түрлі формаларын салыстыра отырып үйрету, олардың грамматикалық түсінігін тереңдетеді.

Сөйлем құрылымы бойынша ағылшын және қазақ тілдерінің айырмашылықтары бар. Ағылшын тілінде әдетте «субъект - етістік - объект» формуласы қолданылады, ал қазақ тілінде бұл тәртіп өзгеруі мүмкін. Студенттерге сөйлемдердің құрылымын салыстыру арқылы түсіндіру, сөйлеу және жазу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Ағылшын тіліндегі етістіктердің шақ формалары қазақ тіліндегі шақтармен салыстырғанда көптүрлі. Қазақ тілінде шақтар, яғни өткен, қазіргі және келер шақтар, етістіктердің түрленуіне негізделеді. Ағылшын тілінде шақтардың қолданылуы салыстырмалы түрде қарапайым, бірақ олар нақты контексті көрсетеді. Мысалы, ағылшын тілінде "I eat" (Мен жеймін) мен "I am eating" (Мен жеп отырмын) формаларының айырмашылығы бар. Студенттерге етістіктердің әртүрлі формаларын салыстыра отырып үйрету, олардың грамматикалық түсінігін тереңдетеді.

Ағылшын және қазақ тілдерінің сөйлем құрылымындағы айырмашылықтар студенттердің жазу және сөйлеу дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Ағылшын тілінде әдетте «субъект - етістік - объект» тәртібі қолданылады. Мысалы, "She reads a book" (Ол кітап оқиды). Қазақ тілінде, керісінше, сөйлем құрылымы өзгеріп, «субъект - объект -

етістік» формасында болуы мүмкін: "Ол кітап оқиды". Бұл айырмашылықтар студенттерге сөйлемдердің құрылымын салыстыра отырып түсіндіру арқылы сөйлеу және жазу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Салыстырмалы грамматиканы қолдану - студенттерге грамматикалық ережелерді екі тілде салыстыра отырып түсіндіру. Мысалы, студенттер ағылшын тіліндегі уақытша шақтарды қазақ тіліндегі шақтармен салыстыра отырып үйренеді. Бұл әдіс тілдік құрылымдардың ерекшеліктерін көрсетуге және студенттердің грамматикалық білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді.

Студенттерге грамматикалық құрылымдарды игерту үшін түрлі тапсырмалар мен практикалық жаттығулар дайындау қажет. Мысалы, олар ағылшын тілінде сөйлемдер жазып, кейін қазақ тіліне аударып, грамматикалық ережелерді салыстыруы керек. Бұл әдіс студенттердің практикалық дағдыларын дамытуға, сондай-ақ екі тілдегі грамматикалық құрылымдардың ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі.

Студенттермен сөздік жұмыстар жүргізу - грамматиканы үйретудің тиімді тәсілі. Ағылшын тіліндегі жаңа сөздер мен тіркестерді үйрету барысында қазақ тіліндегі эквиваленттерін көрсету, олардың мағыналары мен қолданылуын салыстыру қажет. Бұл әдіс студенттердің жаңа сөздерді меңгеруіне және олардың қолдану контекстін түсінуіне көмектеседі.

Тілдік бірліктердің қызметі, олардың сөйлемде орын алу қағидасы мен заңдылықтары, тілдік жүйенің әр түрлі элементтерінің өзара қарым-қатынасы-функционалды грамматиканың негізгі және ең басты зерттеу нысаны болып табылады. Әйтсе де қандай да болмасын тілдік құбылысты зерделеуде оның тарихи даму сатыларын ескерген жөн. Өйткені, тіл қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, қарым- қатынас құралы ретінде үнемі даму үстінде болады. Олай болса, тілдің пайда болу тарихынан бастап әр түрлі кезен барысында орын алған тілдік өзгерістерді қарастыру тілді функционалды түрде зерттеуге кері нұсқаларын анықтау сияқты сатыларына өту қажет деген пікірді ұстанады.[2]

Грамматикалық категориялар ұғымы тараушасында жалпы тіл білімі мен түркітану, қазақ және ағылшын тіл білімінде грамматикалық категориялар мәселесімен айналысатын ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне, тұжырымдарына, жалпы теориялық ұстанымдары мен ой-пікірлеріне шолу жасалып, зерттеудің теориялық негізі айқындалады. Тіл – қоғамдағы адамдар арасындағы аса маңызды қатынас құралы болғандықтан да, ол, ең алдымен, ойды жарыққа шығарып, жетілдірудің құралы болу арқылы санамен тікелей байланысты. Сондықтан тілдің негізгі-негізгі деген бірліктері ойлаудың басты категорияларымен сәйкес келіп жатады. Осындай ойлаудың басты категорияларының бірі-грамматикалық категориялар.

Грамматикалық категорияның сан қилы сипатын түсіндіруде ғалымдар арасында пікір айырмашылықтары да байқалып қалады. Көп

жағдайда бұл ұғым класс ұғымымен қатар қолданылып, белгілі бір тілді сипаттау барысында анықталған элементтер тобын көрсету үшін де қолданылады. Д.А. Штеллинг грамматикалық категория ұғымына “грамматикалық категория дегеніміз-сөздердегі нақты лексикалық мағынадан жалпыланған, жалпы сипаттағы мәнді білдіретін мағына” деп анықталады. Отандық ғалымдардың грамматикалық категория ұғымына қатысты пікірлерін сараптай келе, олардың грамматикалық категорияны мағына мен форманың біртұтастығы ретінде танитын ортақ грамматикалық құрылымның мазмұны мен мәнін, тілдік-грамматикалық абстракцияланудың сипатын айқындайды. Тілде грамматикалық категорияның болуы грамматикалық форма мен грамматикалық мағынаның өзара бірлігімен, олардың арасындағы диалектикалық сәйкестіктен ондағы жүйелікпен байланысты.

Грамматикалық категория ретінде танылатын кез-келген грамматикалық құбылыстың өзіне тән жалпы грамматикалық мағынасы және ол мағынаны білдіретін дербес грамматикалық формасы болады. Осы грамматикалық мағыналар мен грамматикалық формалар сөйлемде қолданылатын сөздердің бойындағы негізгі қасиеттер ретінде көрініп отырады. [1]

Ағылшын тілінің грамматикасын қазақ тілінің грамматикасымен салыстырып оқыту студенттердің грамматикалық білімдерін арттыруда тиімді нәтиже көрсетеді. Студенттер екі тіл арасындағы айырмашылықтарды түсініп, грамматикалық ережелерді жеңіл меңгереді. Салыстырмалы әдіс студенттердің өз ойларын дұрыс жеткізу дағдыларын дамытуға ықпал етеді, нәтижесінде олардың сөйлеу және жазу қабілеттері жоғарылайды.

Қазақ тобында ағылшын тілінің грамматикасын қазақ тілінің грамматикасымен салыстырып оқыту - студенттердің тілдік дағдыларын дамытуда тиімді әдіс. Салыстырмалы талдау мен практикалық жаттығулар арқылы студенттер грамматикалық құрылымдарды жеңіл меңгереді. Осы тәсілдің нәтижесінде студенттердің тілдік сауаттылығы артып, ағылшын тілінде еркін сөйлеу және жазу дағдылары жетілдіріледі. Оқытушыларға осы әдістерді тиімді түрде қолдану арқылы студенттердің тілдік жетістіктерін қамтамасыз ету ұсынылады.

Әдебиеттер:

1. Аргингазина, Шолпан Байкадиевна «Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің лексика - семантикалық сипаты»- Алматы, 2004-266 б.

2. Оралбай Нұржамал «Қазақ тілінің сөзжасамы»-Алматы- 2002, 192б.

ҚАЛНИАЗ ШОПЫҚҰЛЫНЫҢ ЕРЛІК ДАСТАНДАРЫ

А.Мақтапова,

Yessenov University МНКЯЛ-23-1 тобының магистранты.

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., проф. Қабылов Ә.Д.

Аңдатпа. Мақалада жауынгер жырау Қалнияз Шопықұлының ерлік дастандары қарастырылады. Елдің тәуелсіздігі үшін күрескен халық батырларын жырлаған жыраудың «Ер Қармыс» және «Балуанияз батыр» дастандары әдеби-теориялық тұрғыдан талданып, идеялық-көркемдік ерекшеліктеріне баға беріледі.

Кілт сөздер: Қалнияз Шопықұлы, жыраулық поэзия, ел тәуелсіздігі, ерлік дастандары

Заманымыздың заңғар жазушысы Ә.Кекілбаевтың: «Қызыл империя барша ұлттық тарихымыз сияқты бұл өлкенің тарихы мен руханиятын тереңдей қазбалауға мүмкіндік бермеді. Тек тәуелсіздік жылдарында ғана, жоғарыда айтылғандай, бір ғасырдан астам жан-жаққа бытырап жүрген қауымның басы қосылған соң ғана тың деректер ашыла бастады» [1,475], – дегініндей, тәуелсіздік тұсында Маңғыстау өлкесін мекендеген батырлар мен ақын-жыраулардың шығармалары жинақталып зерттелуге, олардың аттарын ұлықтауға мүмкіндік алдық. Рас, ХХ ғасырдың орта шенінде көрнекті ғалым Қ.Сыдықов секілді ғалымдар мен өлке зерттеушілердің жанкешті еңбегінің арқасында олардың мұралары жинақталып, ғылыми айналымға түссе, енді оларды толықтырып, жан-жақты зерделеуге даңғыл жол ашылды.

Сондай айтулы ақын, жыраулардың бірі, ерлікті толғаған өлең, дастандарымен әйгілі болған бабамыз – Қалнияз Шопықұлы. «Қ.Шопықұлы мұрасының басым бөлігі елдік пен ерлік жырын асқақтатып, отан қорғау мәселесін алға шығарып, батырлықты ту еткенінен көрініс береді. Ел-жерге құрметі, батырлыққа қатысты көзқарасы, өмір тағылымы, сағынышы мен сүйіспеншілігі де осы тұстан анық естіледі. Азаматтық қырлары, батырлық болмысы да кең орын алады. Ел шетіне жау тигендегі қилы да сындарлы сәттерде, бірлік-татулықты танытар тұста, ұлттық мүдде, жауапкершілік жүгі, азаматтық қарыз-парыз, ар ісі, азамат орны, батырлық әрекет те басым бағыт алып, айрықша мәнге ие болады», – дейді ғалым Р.Тұрысбеков [2,31]. Қалнияздың ерлік, ел қорғау, батырлық дәстүр, белгілі батырларды жырлауға арналған өлең-толғауларынан басқа, ерлікті жырлаған екі дастаны да бізге жетті. Олар – жыраудың «Ер Қармыс» және «Балуанияз батыр» дастандары. Бұл дастандар адайдан шыққан атақты батырлар Қармыс пен Төлеп, Балуанияз секілді батырлардың ерлік істерін, ел шетіне жау

тигендегі батыл әрекеттерін, жау қолынан қаза тапқан шейіт тағдырларын жырлауға арналған.

«Ер Қармыс» дастанының құрылымы ерлік дәстүрді ұлықтаған машықпен кіріспе, сөз басымен басталады. «Бісіміллә» деп сөз бастап, Хаққа сыйына отырып, елі мен жерін таныстыра келіп, ертеде өткен ерлердің жайынан сөз қозғайтын ыңғайын білдіреді. Содан Қармыс пен Төлеп батырлар жайына ауысып:

Тыңдасаң, жұртым, айтайын,
Ер Төлеп пенен Қармысты.
Олар аман күнінде
Алып еді алғысты.
Естімеген қарғысты,
Бермеген жауға намысты.
Оларменен алжасқан
Түрікпендер талай қан құсты!.. [2,167]

деп бастайды.

Хиуаның бойында Сегіз арыс Сейілханның балалары жәуміттер кеңес құрып, тыныш жатқан қазақ ауылдарын шабуды ойлайды. Олар үш мың әскер қолмен бұйқыт жатқан Ыстыбай мен Сарының ауылдарын шабады. Осы көріністі жырау былайша суреттейді:

Таң сарғайып атқанда,
Шолпан жұлдыз батқанда
Бейқам жатқан сол елге
Алатаңнан тиеді.
Төсегінен тұрғызбай
Талайды жаншып іреді.
Шүлдірлеген көп түрікпен
Оңаша ауылды шапқанға
Мәз болысып күледі.
Ауылдың үстін шаң алды,
Жалаң қылыш, жарау ат –
Жасанып келген үш мың қол
Орнатты қайым заманды!

Жау қолында кеткен көп жесірдің ішінде он екі жасар қыз бала туған елін жоқтап, ел басына түскен қиын күнге күйініп ұзақ толғайды:

...Тілекті Алла бермесе –
Күндердің күні болғанда
Қайғыдан шіріп өлермін.
Жау қолында – жат жерде
Қалайша өмір сүрермін?
Патша-Құдай, кең Құдай,
Маңғыстаудың ойында
Үш жүз алпыс әулие,
Оғыландыда Ер Бекет,

Біз секілді бейбақтың
Болмай ма панаң басына?!

Қыздың бұл зарлы жоқтауы кейінде қалған Қармысқа әлі жете қоймап еді. Жаудан тығылып қалған тоғыз жасар бір бала бұл хабарды Қармысқа жеткізбек болады. Торы атқа бала мініп ап, Қармысты іздеп шығады. Бұл хабарды естігесін, Қармыс күрең атына мініп жорыққа аттанады:

Бұл хабарды есітіп
Төсекте жатқан Ер Қармыс
Жан-жағына қарады.
Қабағы тастай түйіліп,
Қыран құстай шүйіліп,
Ашуын келген тыя алмай,
Ақ сауытын кие алмай,
Алды-артын кетті жыя алмай.
Он ай кезік аурудан
Әлсіздігін ұмытып
Төбе үстіне шығады.
Жан-жағына қарады,
Ұран отын жағады.

Асығып жүріп, батыр сауытын ұмыт қалдырады. Автор Қармыстың жауға аттанардағы халін аса бір көркемдікпен әрі шыншылдықпен бейнелейді. Елдегілерге: «Төлепке хабар берерсіңдер», – деп тапсырып кетеді.

Белден бел асып, суыт жүріп келе жатып, Қармыс жолдағы Жаппас аулына тап болады. «Мал күйлі» деп, қаннен қаперсіз жатқан Жаппас аулындағыларға: «Адайды жиып үлгере алмай, аз адаммен келемін», – деп көмек сұрайды. Жаппастардың аулынан ұялғаннан Төлеген ишан бас болып, он жеті кісі ереді. Барлығы жиырма жеті кісі болып, жау соңынан қуып береді. Алдан жау қарасы көрінгенде Жаппастар жағы қорқып: «Бармаймыз!» – деп шегінгенде, Қармыс: «Бір кісіге жүз кісі – Сегіз арыс Адайға бұның несі көп? – деп басу айтып, жігіттерді жігерлендіре сөйлейді. Осы жерде Қармыс түндегі көрген түсін есіне алады. «Үнемі үстімде торып жүретін қара бүркітім болушы еді, сол бүркіт қанша шақырсам да келмеді. Бір жайсыз іс болмаса нетсін», – деп уайымдайды.

Бүркітім кетті қолымнан,
Жарылқа, Алла, жолымнан!
Астымдағы күрең ат –
«Қара асым» деп мінгенмін!
Үстімдегі боз шекпен –
«Кебінім» деп кигенмін!
Солқылдаған көк найза –
«Басыма сайғақ болсын» деп,
Оң қарыма ілгенмін!
Мен анамнан туғанда

Өлерімді білгенмін!
Он ай кезік болғанмын,
Одан да өлмей қалғанмын.
«Жорықта ал, – деп, – жанымды!» –
Алладан тілек қылғанмын.
Жаудан аяр жаным жоқ,
Сол тілегім болған-ды.
Сегіз арыс Адайда –
Егер қатын бар болса,
Өзімдей бір ұл туса –
Бұл жалғанның жүзінде
Менің жоқ-ты арманым!
Бір Құдай, онда қалғанын!..» –

деп толғанып, жауға қарсы шабады. Ақын Қармыстың жауға шапқандағы әрекетін батырлар жыры мен жыраулар поэзиясындағы дәстүрмен, көтеріңкі леппен әсерлі етіп көркемдікпен суреттейді. Қармыстың батырлығына жаудың өзі таңқалады.

Жауға атой салып бір айналып шыққанда он сегізін құлатады. Екінші айналымға күрең аты алға баспай қояды. Сол арада көп жәуміт батырды ортаға алып, жан-жағынан торады. Түрікменнің ішіндегі он сегіз жасар жас бала беті қайтпай, ықпай қарсыласады. Қармысты жан-жақтан найзалап, жаралы қылады.

Ай далада жараланып жатып көрінген шаңға қараса, Әнеттің ұлы Ер Төлеп астындағы қой мойынды құлаша атымен еңселеніп келеді екен. Қасына жүз кісі ертіп келген Ер Төлепті таныған Қармыс батыр: «Қасыңда айтулы ерден кімің бар?» – деп сұрағанда Төлеп бұй дейді:

Қуғыншының ішінде:
Әнеттің ұлы Төлеп бар.
Белгілі ерден Бегей бар,
Жүйрік атты Кедей бар,
Бек сауытты Жанақ бар,
Шабағаншыл Медет бар.
Ұруы Табын демесең,
Асау менен Барақ бар.
Ту түбінде тұратын
Алпыс кісі Адай бар.
Он бес жасар Шабай бар.
Бегей, Шабай түгілі
Осында тұр талай нар –
Тумай аты жазылған,
Шапай ізі қазылған
Кенже деген ауылдан
Қойсары мен Қонай бар.
Балықшы деген ауылдан

Балуанияз тағы бар,
Қатепті қара нары бар –
Сегіз арыс Жары бар.
Өрезектен Сары бар.
Адайдың кеткен ары үшін,
Қатын-бала қамы үшін
Ту ұстаған Адайда
Белгілі ердің бәрі бар!..

Сөйтіп Ер Төлеп Қармыстан бата алып, жаудан кек алуға аттанады. Қармыс жаудың ішінде он сегіз жасар батыр жас жігіт бар екенін айтып, соның басын шауып тастаңдар деп тапсырады.

Қызылойдың түбінен жау қарасы көрінеді. Жорықтағы Төлеп батырдың астындағы құла аттың суреттелуі – Қалнияздың ақындық шеберлігін танытатын тамаша мысал бола алады. Ол туралы көрнекті әдебиеттанушы ғалым Қ.Сыдиықов былай деген болатын: «Өзге жырларын айтпағанның өзінде, «Ер Қармыстағы» Төлеп батырдың атын суреттеген сәттері өзге жырларда кездесе бермейтін, ақпа-төкпе дала дүлдүліне, тума талантқа ғана тән бейнелі сөздер» [3,10-11].

Астындағы құла аттың
Танаулары талыстай,
Құлағы қыйған қамыстай.
Екі көздің арасы
Салып қалсаң, – қарыстай.
Омырауына қарасаң,
Оралып жатқан түбектей.
Ерініне қарасаң,
Қақтап шапқан күректей.
Азу тісі балғадай,
Бауырлары арандай.
Ту сыртынан қарасаң,
Суға жүзген сазандай.
Шекесінен қарасаң,
Он алты тілік қазандай.
Қабыртқасы шеңбердей,
Омыртқасы отаудай.
Демалысы дүңгірдей,
Басқан ізі үңгірдей.
Толарсағы тоқпақтай,
Мойындығы құрықтай,
Шоқтықтары шоңқалдай,
Сауырына қарасаң,
Сыпыра халық орнаған жонсаудай.
Жіліншігі жіптіктей,
Басқан ізі аймақтай,

Адамнан зият жануар
Құйқылжып-ақ келеді... –

деген ақынның суреттеуі – шын мәнінде, кешегі ауыз әдебиетінің дәстүрін алға дамытқан, ақындық-жыраулық төкпе жырдың ерен үлгісі деуге әбден болады.

Төлептің жауға ойран салғандағы әрекетін: «Астындағы құламен Жау ішінде жайнайды. Келе толы маяны Бір қара үлек айдайды. Езудегі егіз оқ Екеуінен өткізді, Садағында сегіз оқ Сегізіне жеткізді. Қарсы келген түрікпенге Төлеп салды кесірді. Қыя тартса қылышпен, Тілеулері кесілді. Садақпен жалғыз тартқанда, Шүлдірлеген жәуміттің Екеуі қабат көсілді», – деп шабыттана жырлайды.

Сол кезде манағы Қармыс айтқан түрікменнің жігіті «Жекпе-жек» деп мұның алдынан шығып, ойқастай береді. Бұл түрікменнің Ер Сүйін деген батыры екен. Ол Төлепке қарсы келіп, кез оқпен атқанда, тоғыз қабат сауыттың екеуінен өтіп, үшіншісіне жетеді. Қарсы келген одан Төлеп батыр тайсалмай, қақ жүректің тұсынан атады. Жігіт аттан құлап жайрап жатады. Қонай мен Шабайға: «Мынаны Ер Қармысқа апарып, алдына таста!» – дейді. Сөйтіп Төлеп бастаған жүз батыр жауды қайтарып, кегін алып, тірі қалған түрікменді алдына салып айдап қайтады.

Жаудан кек алынғанын естіген Қармыс Қызылой менен Алашыңның арасында жатып, ақтық сөзін айтады: «Жетпіс беске келген жасым бар. Мені өлді деп налымаңыз. Қанды киімімді жумай, үстіме су құймай, шейіттің жолы осы деп, көрімді терең қазып, Қыземшекке қойыңыз», – деп аманат өсиетін айтады. Елімен қоштасып, соңғы сапарына осылай аттанады. Автор дастанның соңында осындай елі үшін туып, елі үшін шейіт болған ерлерді үлгі қылып:

Иманың болсын жолдасың,
Ел иесі жолбасым!
Арманы бар ма ерлердің
Ел үшін шәйіт болғасын!.. –

деп қайырады. Ақын Ер Төлептің де демі түгесілгенде Сисем Атаға барып жай тапқанын айта кетеді.

«Балуанияз батыр» дастанында оқиға қасына саудагер ертіп, бір жағы жәуміт Саришан досына сәлем берейін деп Тұрмамбеттің базарға шығуынан басталады. Айбүйірге келгенде жосыла түскен жол көргенде «жаудың ізі болар ма» деген сезік келеді. Содан Саришан досының үйіне келеді. Аттан түсіріп күтіп алған досына жолда көргенін атып, мұның не білгенін сұрайды. Сонда Саришан Оразменді, Ақмәмбет бастап, Бақы мен Бөрі секілді жендеттерді жиып, көп түрікменді қазақты шауып, олжаға мал мен жесір аламыз деп үш жүздей кісі аламанмен аттанып кеткенін айтады. Ханға серт беріп, он бала әкелемін деп, жүйрік аты Аққұшын мініп кетті дейді. Соны айтқан Саришан Тұрмамбетке атын мінгізіп, еліңе барып хабар айт деп жөнелтіп жібереді. Самдағы Адай еліне жетіп, Балуаниязға хабар береді. Бауанияз жан-жаққа ат шаптырып, ұран отын жақтырып, қасына Асар мен

Балта бастаған алпыс кісі жинап, елімен қоштасып, Ер Бекетке сыйынып, жорыққа аттанады.

Осы тұста автор сол жорыққа аттанған жігіттердің ішіндегі батырларды атап өтеді. Олардың әрқайсысына баға беріп, батырлығын сипаттайды. Мысалы:

Сол кісінің ішінде
Тәуекелшіл бір батыр –
Өзденбайдың Кенжебек.
Сол жігітке жарасад
Мақтау айтып «ер» демек.
Жауар бұлттай түнеріп
Жылдан жылға келеді
Әруағы өрмелеп.
...Жаулы жерде ер керек,
Ердің ісі бір бөлек.
Ер Шабайдың баласы
Есен, Сүгір жаужүрек.
Сақау менен Қалқаман
Көбінен басым, демдірек.
Келе жатқан жігіт көп
Көңілдері көк тіреп.
«Жолы болғай ерлердің»

Дұшпандар жолдағы елге ойран салып, малы мен жанын олжалап («Толғанынша мал алды, Олжа қылып бала алды, Мұсылманды құл қылып, Сатайын деп және алды), енді кері қайтуды ойлайды. Бірақ жылқылардың жем-суы таусылып, аттары болдырып, жүрмейтін болған соң екі қонып Ебелек судың бойы Босағаға барады. Осы жерде өздерін күтіп жалаңдап тұрған алпыс кісі адайды көреді. Олар да тастүйін болып, жауменен соғысып, мал-мүлік, тұтқындарды қайтарып алуға дайындалып тұр екен:

Босағаға барғанда,
Жан-жаққа көзін салғанда,
Көрді түрікпен көзімен
Адайды тұрған жыйылып.
Алпыс кісі Адайың –
Бұлар да дайын тұр еді
Жасағанға сыйынып,
Кебенегін киініп,
Тас-түйін боп түйініп,
Блашын құстай шүйіліп,
Найзаларын шүйіріп,
Шәйт болып өлмекке –
Имандарын үйіріп,
Дәрет алып жуынып,
Үстіне ғұсыл құйынып!..

Осы қырғын шайқаста қан кешіп жүрген ерлерден ерекше көзге түскен батырларды ақын санамалап көрсетеді («Кенжебек пен Серғазы, Түтеп тұрған мылтыққа Таймай шапқан Бердалы – Қорықпайтын ер-дағы, Есек, Нұрбай аржағы, Иман-Намаз бержағы – Үзілмеген шынжыры, Сүйреп жатқан сол-дағы. Жолы болғай жорықта, Қолдағай Қосай әруағы!..). Сол Кенжебек пен Серғазы, Бердалы, Есек, Нұрбай сияқты ерлердің Қосай ата аруағына сыйынып, ұрыс салғанын атап өтеді. Осы сапардағы адай жігіттерінің ерлігін дәріптеп, ұрыстың маңызын былайша толғайды:

... Сол сапарда жәуміттің
Сындырып еді белін-ай,
Шығарып еді желін-ай!
Адайдың басты әруағы
Мықтымсынған бәлемнің
Оралтып әбден тілін-ай.
Арғымақтан айрылып,
Жалаңаяқ, жалаңбас
Қашты жаяу еліне-ай...

Адайлардың түрікмендерден қалай кек алғанын суреттеуде баяғы ауыз әдебиетінің үлгісімен асыра суреттеп, көтере мадақтайды. Бұл халықтың кегін қуған ерлерге деген мадақ жырдың үлгісі болып келеді. Әсіресе, қол бастаған Балуанияз бейнесін суреттеуде ерекше шабыттана толғайды:

Бұл жәумітті қашырған,
Келместей қайта асырған
Балуанияз батыр-ай,
Алаштан озған ақылы-ай,
Ерліктен жоқ-ты қапылы-ай.
Түтеп тұрған мылтыққа
Тұра шапты, япырай!
Сескенбейтін жүрегі,
Ерлігінің батылы-ай.
«Иә, Аллалап» ұрандап,
Қоя берді жапыра-ай.
Балуанияз секілді
Бұл Адайдың баласын
Енді тумас қатын-ай!..

Осы шайқаста Балуанияз батырға кіндіктен оқ тиіп жараланып, содан шейіт кетеді. Ақын Балуанияздың ақ өлімін елі жолында қаза тапқан ерлердің шейіт өлімі етіп суреттейді.

Қалғанияз Шопықұлының «Ер Қармыс» және «Балуанияз батыр» дастандары – идеялық-көркемдік жағынан келіскен, патриоттық рухы биік, тарихи оқиғаны шыншылдықпен бейнелейтін деректілік мәні бар озық туындылар. «Қайсы бірін айтайын: Бірі – айыр, бірі – нар, Бірі – жая, бірі – жал, Бірі – қайың, бірі – тал. Бірі – сая, бірі – бал», – деп батырларды өзара салыстырып,

бірінен бірін оздырып, әсірелей суреттеуде халықтың батырларына деген сүйіспеншілігі пен алғыс сезімін ұлықтаған ерекше пафос, ғажайып леп бар.

Қорыта айтсақ, бұл шығармалар – халықтық дәстүрге сай ерлік пен елдікті дәріптеген, ерлердің азаматтық миссиясын нақты мысалдармен үлгі еткен, көркемдік-поэтикалық өрнектері мығым, ауыз әдебиеті мен жаңа заман әдебиетін жалғастырған ақындық-жыраулық поэзияның жауһар үлгілері деуге болады.

Әдебиеттер:

1. Кекілбаев Ә. Сыр десте. Бес томдық шығармалар жинағы. Көсемсөздер. Бірінші кітап. Алматы: Нұрлы әлем, 2009 – 488 б.
2. Жорық жырауы Қалнияз. Құрастырған және түсініктерін жазған Кенжебек Сержанұлы. Ақтау, Графика-А, 2019. – 264 б.
3. Ақберен. XVIII-XX ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының жырлары. Құрастарған Қ.Сыдиықов. Алматы. Жазушы, 1972. – 222 б.

ӘОЖ 53.531

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАРНАМА ДИСКУРСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ

Л.Е.Шахаманова,

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің ҚТӘ 1-курс магистранты, Ақтау қ.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. А.С.Исакова

Аңдатпа. Мақалада қазіргі лингвистиканың зерттеу нысанына айналған әлеуметтік жарнама дискурсының негізгі сипаттамалары мен түсініктері талданады. Әлеуметтік желілердің әлеуметтік жарнама дискурсының таралуында алатын орны мен тілдік ерекшелігі көрсетіледі. Әлеуметтік жарнама дискурсы – әлеуметтік маңызды мәселелер мен құндылықтарды насихаттау, қоғамда белгілі бір өзгерістер енгізу мақсатында жүргізілетін жарнама. Бұл жарнама мәтінін, құрылымын, мазмұнын және қоғамға әсерін жаңа бағыт ретінде когнитивтік лингвистикада зерттеліп жатыр.

Түйін сөздер. Әлеуметтік жарнама, дискурс, әлеуметтік желі, концепт, когнитивтік лингвистика.

Бүгінгі ақпараттық қоғам адамдармен, мемлекетпен, қоғаммен қарым-қатынастың, байланыстың жаңа түрін қолдануды талап етіп отыр. Қоғамдағы өзгерістер түрлі әлеуметтік мәселелер тудырып, оны шешудің жаңа әдіс-тәсілдерін қарастыруда. Әлеуметтік жарнама – әлеуметтік мәселелерді шешудің жаңа тәсілі.

Әлеуметтік жарнама ұғымы ХХ ғасырдың ортасында пайда болды. Ол алғашында адамдардың әлеуметтік мінез-құлқын өзгерту, қоғамдық мәселелер туралы ақпараттандыру және әлеуметтік пайдалы мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланылды. Қоғамдағы негативті жағдайларға қарсы тұру, мысалы, денсаулық сақтау, экология, қауіпсіздік, тәуелділіктерден арылу сияқты мәселелер бойынша халықты тәрбиелеуге бағытталды.

Қазіргі таңда әлеуметтік жарнаманың қолданылуы айтарлықтай өзгерді. Біріншіден, оның негізгі мақсаттары кеңейіп, тек қоғамдық мәселелермен ғана шектелмей, сонымен қатар адам құқықтары, инклюзивтілік, экологиялық мәселелер және әлеуметтік әділеттілік сияқты тақырыптарды қамтиды. Екіншіден, технологиялардың дамуы әлеуметтік жарнаманың тәсілдері мен құралдарын өзгертіп, оны интернет және әлеуметтік желілер арқылы таратуға мүмкіндік берді. Әлеуметтік жарнамалар енді тек теледидар мен радио арқылы ғана емес, мобильді қосымшалар, әлеуметтік желілер және басқа да онлайн платформалар арқылы да жүзеге асырылады.

Әлеуметтік жарнаманың ауқымының кеңеюі лингвистика саласында жаңа зерттеулерге жол ашып отыр. Лингвистикада бөлек дискурстық құбылыс ретінде танылып, прагматикалық аспектісі жан-жақты зерттеліп жатыр. Осы орайда дискурс терминінің мағынасын аша білу маңызды. «Дискурс» ұғымы XV-XVIII ғасырларда тіл білімінде «әңгімелесу», «талдау» мағынасында қолданылды. Кейін ғылымның дамуы дискурстың қолдану аясын кеңейтті. ХХ ғасырдың 60-70 жылдарында дискурс сөйлеу актілерінің немесе сөйлемдердің тізбегі мағынасын берсе, ХХ ғасырдың 80-жылдарының соңынан бастап дискурс мәтінді және мәтінді толық түсіну үшін қажет экстралингвистикалық факторларды қамтитын күрделі коммуникативтік ұғым ретінде анықталып келеді. «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» дискурсқа мынандай анықтама берілген: Дискурс (франц. discours – сөз, сөйлеу) – прагматикалық, мәдени-әлеуметтік, психологиялық, т.б. экстралингвистикалық факторлармен, шындық өмір оқиғасымен байланысты нақты мәтін [1,94].

Әр ұлттың дискурс әрекетінде өзгешелік байқалады. Бұл әр ұлттың өздеріне ғана тән өмір тәжірибесі мен сана-сезімдеріне қатысты болады. Дискурстың тілдік табиғатын арнайы зерттеген ғалым Қ.Садирова былай деп анықтама берген: «Дискурстың өзі коммуникациядан пайда болады. Коммуникативтік жағдай болу үшін тіл мен сөз (сөйлеу) әрекетке енеді. Тілде тұрғанда мәтін ешкімге арналмаған, ал ол дискурсқа түскенде авторға ие болады және қабылдаушыға, яғни қалайда біреуге бағытталады. Дискурсты тіл мен сөз/сөйлеу қатар өрілген тұста коммуниканттар арасында диалогтық сипатта пайда болатын айтылымдар тізбегі немесе сөйлеу тізбегінің кесіндісі десек, мәтін сол тілдік әрекет нәтижесінде туындаған өнім, туынды. Бірақ ол келесі бір сөйлеу актісінде басқаша сипатта жандану (қолдану) қабілетіне ие, сол сәттің өзінде оның бойында бастапқы пайда болған коммуникативтік жағдай ұшқындары сақталады, дегенмен оның өзі

кайта туғызушының мақсатына, ниетіне байланысты өзгеріске ұшырайды» [2, 180].

Қазіргі кезде ғылыми сипат алған дискурстың түрлері көп: әскери дискурс, саяси дискурс, бұқаралық ақпарат құралдары дискурсы, ғылыми дискурс, жарнама дискурсы, спорт дискурсы, экономикалық дискурс, т.б. [3,17]. Аталған дискурс түрлері ғылыми сипат алғанымен лингвистикалық тұрғыдан толық зерттеліп бітпеген. Бүгінгі қоғамдағы ақпараттың молдығынан адам танымы мен ой-өрісіне тікелей байланысты әлеуметтік жарнама дискурсын зерттеу маңызды болып табылады.

Орыс лингвисті В.М.Карасик: «Жарнама дискурсы – прагматикалық нұсқамасы туралы хабары бар, ауызша сөйлеу және жазбаша мәтіннің семиотикалық амал-тәсілдер кешенімен белгіленген аяқталған хабарлама» деп түсіндірме жасап, әлеуметтік жарнама дискурсын екі түрге бөліп қарастырады: жеке тұлғалық және институционалды. Бірінші жағдайда айтушы өзінің ішкі жан дүниесінде бар сезімдерін сыртқа шығарушы тұлға ретінде көрсетсе, екінші жағдайда ол өзін нақты бір әлеуметтік институттың өкілі ретінде танытады [4,20].

Әлеуметтік жарнама дискурсын анықтауға болатын өзіндік ерекшеліктері бар:

- Әлеуметтік жарнаманың назар аудартатын тақырыбы болады;
- Қысқа жарнамалық мәтін немесе назар аударушының есінде қалатын сөйлем түрінде беріледі;
- Мәтіндегі әртүрлі элементтерге назар аудару үшін үлкенірек немесе түрлі пішіндегі қаріптер пайдаланылады;
- Иллюстрациялар қолданылады.

Әлеуметтік жарнаманың негізгі мақсаты – қоғамдық сананы өзгерту. Сондықтан әлеуметтік жарнаманың аудиториясы кең, біртекті емес болып келеді. Негізінен бұл жарнама бұқаралық ақпарат құралдарында, теледидар, әлеуметтік желілерде кеңінен таратылады. Әсіресе қазіргі жаһандық дәуірде коммуникацияның ең жиі қолданылатын түрі – әлеуметтік желінің қоғамдық сананы өзгертуде, тілдік қатынасты жүзеге асыруда алатын орны ерекше. ХХІ ғасырдағы қазақ технологиялық мәдениетінің басты жетістігі мен ерекшелігі – ғаламтордың қазіргі заманда барлық салаға толықтай енуі болып табылады. Көптеген коммуникативтік тәжірибелер ғаламтор желісіне ауысты: желіде тілді қолдану қарқыны барған сайын күшейе түсуде, бұл өз кезегінде ерекше коммуникативтік ортаның, ерекше коммуникативтік кеңістіктің қалыптасуына мүмкіндік беріп отыр [5]. Осы жағдайда әлеуметтік жарнаманың әлеуметтік желілерде таралуы оның тілдік бейнесін жасаудың өзектілігін шығаруда. Желілерде таралатын әлеуметтік жарнама дискурсы өзінің стилистикалық әртүрлілігімен, көп функционалдылығымен, көптілділігімен, табиғатының жылдамдығымен сипатталады. Бұл мәселе когнитивтік лингвистикада арнайы зерттеу жұмысына айналып жатыр.

Әлеуметтік жарнама дискурсы белгілі бір коммуникативтік мақсат көздеп жасалатындықтан прагматикалық дискурс болып табылады. Коммуникативтік құрылымдардың күрделенуіне байланысты әлеуметтік жарнама белгілі бір концепт түрінде кездеседі. Концептінің өрісін талдау және дүниенің тілдік бейнесін түсінуді когнитивтік лингвистика жүзеге асырады. Когнитивтік лингвистика тілдің ішкі дүниесіне еніп, сол арқылы тілдің ішкі қасиеттері мен ішкі мүмкіндіктерін саралайды. Концепт - ол тілдік тұлғаның тілдік-когнитивті деңгейлерінің негізгі бөлшегі, әлемнің шындық немесе қияли негізін көрсетуші ұжымдық сананың қозғалысын айқындаушы бірлік. Адам санасындағы дүние бейнесі табиғаты жағынан әр алуан болып келетін концептердің көмегімен көрініс табатыны белгілі. Олар сөз арқылы таңбаланып, вербалданады.

Қазақ тіл білімінде концепт теориясы Г.Смағұлова, Қ.Жаманбаева, М.Күштаева, Ф.Оразбаева, Ж.Манкеева, Э.Оразалиева, т.б. ғылыми зерттеу еңбектерінде қарастырылады. Концепт сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке бір адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады. Бұл сөздер адамның ой-санасына, ішкі дүниесіне байланысты басты-басты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып, сонымен бірге олардың мән-мағынасын да қамтиды. Әлеуметтік жарнама тек ақпараттық сипатта ғана емес, қоғамның әртүрлі топтарына бағытталған құндылықтарды, сондай-ақ адамдардың мінез-құлқын өзгертуге бағытталған идеологияны ұсынады. Сондықтан әлеуметтік жарнама дискурсының ұлттық таным мен дүниетанымға негізделген өзіндік концептілері болады. Еліміздегі әлеуметтік жарнамалардың дискурсының мынандай негізгі концепттерін бөліп көрсетуге болады: денсаулық, отбасы, білім, экология, нашақорлық, алаяқтық, т.б.

Әдебиеттер:

1. Қалиев. Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.
2. Садирова К.Е. Көп пропозициялы дискурс. Ақтөбе, 2008.
3. Смағұлова Г.Н. Шешендік сөздердің дискурсы. Алматы, 2008.
4. Карасик В.И. О типах дискурса // Языковая личность: институциональный и персональный дискурс. Волгоград: Перемена, 2000.
5. Курманбекова З.Р. Тілдік қатынасты жүзеге асырудағы әлеуметтік желінің рөлі (қоғамдық сана және тіл мәдениеті мәнмәтінінде) – фил. ғыл. док. диссертациясы. Астана, 2024.

КАСПИЙ ӨңІРІ: ҰЛТТЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ

А.С.Айдарбаева,

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті, Ақтау қ.

Р.Ж.Келинбаева,

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

Аңдатпа. «Каспий өңірі: ұлттық туризмді дамытудың жаңа мүмкіндігі» атты мақала Маңғыстау облысының жаңа заманғы жаңа мүмкіндіктері туралы қарастырылған, соның ішінде ұлттық туризм саласының даму тарихы мен алда қойылған жоспарлар туралы баяндалады. Әлемге мәдени жетістіктерімізбен танылуымыз үшін оның бірден бір кілті туризм арқылы ұлттық мәдениетімізді танытып, мақсатқа жету маңыздылығы туралы мақалада талқыланады.

Түйінді сөздер: Каспий, туризм, жағалау, тарих, ескерткіш, жоба.

Кіріспе. Бүкіләлемдік туристік ұйымның болжамы бойынша, Қазақстан тұрақты туризмді дамыту үшін болашағы бар елдер сапында. Барлық туристік нарықта Қазақстанның табиғатына, ландшафтарына және ұлттық мәдениетіне үлкен қызығушылық білдіреді. Енді қысқаша қазақ елінің туризм саласына қысқаша тоқталып кетейік. Ұлы Жібек Жолы бойында орналасқандықтан Қазақстан аумағындағы қалалар мен табиғаты ғажайып қорықты жерлер ежелден саяхат және туризм нысандары болып табылған. Қазақстандағы алғашқы туристік ұйымдар 20 ғасырдың 20 – 30-жылдары пайда болды. 1929 жылы Алматы қаласында тұңғыш туристік жорық ұйымдастырылды. Оған Г.И. Белоглазов пен Ф.Л. Савин басқарған 17 мектеп мұғалімдері қатысты.

Жорық Алматы төңірегінен басталып Есік көлінде (62 км) аяқталды. 1930 жылы Алматы өлкетану мұражайы жанында Пролетарлық туризм және экскурсия қоғамының өлкелік бөлімшесі жұмыс істей бастады. Оның алғашқы төрағасы болып В.Г. Горбунов сайланды. Осы жылы Алматы қалалық телеграф пен пошта қызметкерлерінен (16 адам) құралған топ (Ф.Л. Савин басқарған) Медеу – Көкжайлау – Үлкен Алматы көлі жағалауына дейін барды.

Туризмнің бұл түріне В.Зимин, А.Бергрин, Д.Литвинов, Х.Рахимов, Г.Белоглазов, т.б. көп үлес қосты. 1931 жылы қаңтарда Алматыдан Зиминнің бастауымен алғаш рет шаңғышылар жорығы ұйымдастырылды. “Еңбек және қорғаныс” эстафетасын алған бұл жорыққа қатысқан 8 шаңғышыға ұлттық атты әскер полкінің сегіз шабандозы қосылды. Олар Алматыдан шығып, Ұзынағаштан өтіп Қордай асуы арқылы эстафетаны Қырғызстан

командасына табыс етті. Сол жылы Алматыдағы Жетісугуберниясының мұражайдың жанынан Бүкілодақтық пролетарлық туризм мен экскурсия ерікті қоғамының 10 мүшесі бар алғашқы ұясы ұйымдастырылды.

Қазақстандағы туристік ресурстарға – туристік қызмет көрсету нысандарын қамтитын табиғи-климаттық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру нысандары, сондай-ақ туристердің рухани қажеттерін қанағаттандыра алатын, олардың күш-жігерін қалпына келтіріп сергітуге жәрдемдесетін өзге де нысандар жатады. Олар мәденитанымдық, экологиялық, спорттық, әлеуметтік, діни, т.б. туризм түрлеріне бөлінеді.

1993 жылы Қазақстан Дүниежүзі туристік ұйымының мүшелігіне енді. Дәл осы жылы туризмді дамыту бағдарламасы дайындалып, ал 1997 жылы «1997-2003 жылдар кезеңінде Ұлы Жібек Жолының тарихи орталықтарының өркендеуі, түркі тілді мемлекеттердің мәдени мұраларын сақтау және туристік инфрақұрылым құру» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Елімізде туризмнің дамуы үшін барлық қажетті, мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдайлар бар.

Бастапқы мәліметтер. Қазақстандағы қандай туризм түрлері бар екенін білесіз бе? Бізде туризмнің бірнеше түрі қарқынды дамып келеді. Олар: этнотуризм, тау туризмі, емдік-сауықтыру туризмі, мәдени-танымдық туризм, аңшылық пен балық аулау, т.б. Соларға тоқталып көрейік [1].

1. Этнотуризм Этнотуризм – Қазақстандағы елдің бай тарихи өткені мен қазақ халқының мәдениетінің өзіндігіне қызығатын адамдарды тартатын туризмнің бір түрі. Қазақстанның қай аймағында болмасын жолаушылар қазақ этносына тән салтдәстүрмен, шығармашылық ерекшелікпен танысып, елдің мәдениеті мен тұрмыстіршілігін зерттей алады.

2. Тау туризмі Қазақстан тау туризмі үшін қолайлы ел. Мұнда бұл салада барлық жағдай жасалған деуге болады. Қазақстан бойынша турлар белсенді демалысты, жабайы табиғатпен кездесулерді, қарлы тау шыңдарына шығуды, сонымен қатар, жолжөнекей жұмбаққа толы үңгірлер мен көгілдір терең сулы көлдердің жағаларын зерттеулерді қосады [1].

3. Емдік-сауықтыру туризмі Дамушы еліміз емдік-сауықтыру туризмі үшін ерекше жер. Себебі, еліміз тек қана емдік табиғи ресурстармен ғана бай емес, сонымен бірге, табиғи өңірлерде орналасқан заманауи шипажайларымен де танымал. Емдіксауықтыру туризмі Қазақстанның барлық территориясына таралған, сондықтан, сіз елдің қай жерінде болсаңыз да, емделумен демалысты қатар қолдана аласыз. Емдік курорттар түрлі ауруларға ем болатын минералды су, бұғы мүйізімен емдеу, емдік климат және т.б. түрлі емдеу қызметтерін ұсынады.

4. Мәдени-танымдық туризм Елімізде 25 мыңнан астам ескерткіштер және географиялық көрікті жерлер бар екен. Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасы объектілері ЮНЕСКО әлемдік маңызы бар ескерткіштері болып танылады және осы ұйымның қорғауында. Сонымен қатар мәдени

құндылықтардың 2 миллионнан астам бірліктері қазіргі Қазақстан жерінің тұрмыстық мәдениетінің дамуының барлық кезеңдерін бейнелейді [1].

5. Аңшылық пен балық аулау Ерлердің ең қызығатын әуесқойлығы – аң аулау мен балық аулау. Бұл адам мен табиғат байланысы мәдениетінің бір бөлігі іспеттес. Нағыз аңшы жануарлар әлемі мен оны белсенді қорғау туралы ақпаратқа әрқашан қызығушылық танытады. Сол секілді балық аулау да жақсы демалыс. Көл жанында әрқашан таза, жұпарлы ауа. Ол жерде адам күнделікті тұрмыс-тіршіліктен бір сәтке босап, сергек күйді сезінеді [1]. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытуда үлкен мүмкіндігі бар аймақ – Маңғыстау облысы.

2018 жылғы 12 тамызда Ақтауда Бесінші Каспий саммиті өтті, оған Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев, Иран Ислам Республикасының Президенті Хасан Рухани, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов қатысты.

Ашхабадта (2002), Тегеранда (2007), Бакуде (2010) және Астраханьда (2014) өткен Каспий саммиттерінің шешімдерін дамыту үшін Каспий теңізі өңіріндегі бесжақты ынтымақтастықтың неғұрлым маңызды мәселелерін талқылау, халықаралық өзекті тақырыптар бойынша пікір алмасу дәстүрлі достық, сенім және тату көршілік жағдайында өтті.

Президенттер өңірлік деңгейдегі байланыстарды, мәдени алмасуларды, медиафорумдарды, жастар слеттерін, спорттық жарыстарды және басқаларын қоса алғанда, Каспий маңы мемлекеттерінің әртүрлі форматтардағы ынтымақтастығын жандандыруға қолдау білдірді. Міне, бұлда Каспий жағалауында орналасқан Маңғыстау облысы үшін үлкен мүмкіндіктердің белгісі, соның ішінде жоғары да айтылған туризм саласы [2].

Әлемнің түкпір-түкпірінен туристерді қызықтыратын еліміздің ерекше бір аймағы – Каспий теңізі. Жағалау маңайында орналасқан курорттық орталықтар қазақстандық туризмді дамытуға айтарлықтай үлесін қосып жатыр. Егер Каспийге саяхаттауға шыққыңыз келсе, ең алдымен, Ақтау қаласына жол тартасыз. Себебі, ол теңіз жағалауында орналасқан Қазақстанның жалғыз қаласы [2].

Өйткені 2023 жылға дейінгі туристік саланы дамытудың бекітілген Тұжырымдамасына сәйкес Қазақстанда алты мәдени-туристік кластер құрылаған болатын. Соның бірі «Каспий қақпасы» екені белгілі. Қазақстандағы туризм мәселесінде Каспий теңізінің алатын орны ерекше екені белгілі. Өйткені Каспий теңізімен Қазақстан, Ресей, Әзербайжан, Түркіменстан, Иран мемлекеттері шектеседі. Каспий туралы деректерге зер салсақ бұл теңізі жер бетіндегі ең алып тұйық көл. Оны көлеміне қарап теңіз деп те атайды. Аты осы теңізді жағасын мекендеген ежелгі «каспий» тайпаларының құрметімен аталады екен. Теңіздің көлемі 371 мың шаршы аумақты алып жатыр. Ал, тереңдігі – 1025 метр. Онда 850 түрі табиғи

тіршілік өмір сүреді. Соның ішіндегі ең керемет жануар ол – каспий итбалығы деп айтуға болады [3].

Жалпы, ішкі туризм бойынша Маңғыстау облысы Астана, Алматы қалалары және Ақмола, Алматы, Қарағанды, Шығыс Қазақстан мен Оңтүстік Қазақстан облыстарынан кейін 8 орында тұр. Ал келушілер туризмі бойынша Астана мен Алматы қалалары және Атырау облысынан кейін 4 орында тұр. Туризм басқармасында мәлім еткендей, Маңғыстау облысында туризмді дамыту мақсатында бірнеше бағыт-бағдар қолға алынып отыр. Біріншіден, жағажай туризмі. Бұл орайда басты назар Ақтау қаласындағы жағажай аумағына аударылады. Екіншіден, этникалық, мәдениет және экологиялық туризм. Бұл есепте мемлекет қорғауында тұрған 13-ке жуық тарихи ескерткіш пен 362 киелі орындар бар Маңғыстау облысының әлеуеті жоғары болып отыр. Үшіншіден, Бекет ата мен Шопан ата киелі жерлеріне құлшылық жасау. Бұл бағыт құлшылық етушілер санының жылдан жылға артып отырғанын көрсетуде. Төртіншіден, Ақтау қаласының облыс орталығын дамытуға ерекше назар аударылады [3].

Аталған бағыттарды дамыту барысында 4 негізгі сапар орталығын құру жоспарланып отыр. Бұл «Бейнеу», «Үстірт», «Көгез», «Ақтау» орталықтары. Каспий теңізі – Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Иран және Түркіменстан – бес мемлекетті біріктіретін үлкен тұйықталған су қоймасы [1]. Сондықтан Маңғыстау облысында теңіз туризмін дамыту жобасы мақұлданды. Маңғыстау облысындағы «Тастақты жол» жобасының құны 1,9 млрд теңгені құрап отыр. Бұл серуен жолы мен қаладағы құмды жағажайды біріктіретін «көпір» іспеттес ерекше жоба болып отыр [3]. Маңғыстау облысының әкімдігі «Маңғыстау геопарк» құру және оны ЮНЕСКОның Жаһандық геопарктері тізіміне енгізу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жалпы, әлемнің 24 елінде 77 геопарк бар.

Нәтижелер. Маңғыстау геопаркіне 21 нысан кіріп отыр. Атап айтсақ, «Сұлтан-үпі» және «Шақпақ ата» жерасты мешіттері, «Жығылған» геологиялық шұқыры, «Шерқала», «Айрықты», «Құлыптар алқабы», «Көкала» каньондары мен таулары, бірқатар музейлер мен «Отпан тау» тарихи-мәдени кешені және тағы бірқатар нысандар [3]. Туристік компаниялардың бағалауы бойынша, бүгінгі күні аталған нысанды жылына небәрі 4 мыңға жуық турист тамашалайды. Олар көбіне ТМД, Еуропа елдері, Қытай мен Жапония азаматтары. Осы орайда, ЮНЕСКО бренді шетелдік туристерді көптеп тартуға ықпал етеді.

2023 жылға қарай туристер саны 20 мыңға жетеді деп болжануда. Сонымен қатар, осы аталған мерзімге қарай Геопарк 800 адамды жұмыс қамтитын болады. 2023 жылға дейін дамыту процесінде 18,6 млрд теңге мемлекет қаражаты мен 20 млрд теңге жеке капитал инвестициялау жоспарлануда. 2023 жылға дейін туристер ағыны қазіргі 205 мыңнан 435 мыңға дейін артады.

Сондай-ақ, бұл кезең ішінде туризм саласында 1900 жаңа жұмыс орны құрылады [4].

Қорытынды. Маңғыстау облысын халықаралық іскерлік және туризм орталығына айналдыру керектігін 2011 жылы Ақтауға келген сапарында елбасы Н.Ә.Назарбаев та баса айтқан болатын. Ол үшін турфирмалар арасында ұсынылатын қызмет сапасы мен бағасы жағынан бәсекелестік болуы, басқа қалалар секілді туристерді бірінші өз еліміздің ішінде тарта біліп, шетелге шыққанша жоғарыда аталып кеткен өз елімізде саяхат жасауға болатынын көрсете білу керек.

Осындай киелі Маңғыстаудағы тарихта өзінің ізін қалдырған әлі күнге дейін сақталып келе жатқан туристік объектілері мен мекендерін жан жақты жетілдіріп, инфрақұрылымын дамытсақ, осы жерлерге арнайы турлар дайындап, алғашқыда арзан бағадды тұңғыш тұтынушыларды жинау мақсатында, сосын кемшіліктер болса түзеп, ұсыныстарды орындап, жетілдіре білсек туристер тартып, одан әрі көркейтсек және Маңғыстау облысы туризмінің брендін ұсынып, соны жарнамалап туристер шақырсақ бұл өлкедегі туризм дамымауына кім кепіл?!

Әдебиеттер:

1. Қазақстандағы туризм түрлері <https://massaget.kz/>
2. Бесінші Каспий саммитінің коммюникесі// <http://www.akorda.kz>
3. Таңат Жайлау «Каспий қақпасы» туризм саласының маңызды бөлігі// <https://alashainasy.kz/tourizm>
4. Ақмарал Шағатай. Маңғыстау облысының туризмі қалай дамуда// www.baq.kz

ӘОЖ 82/821

МЫСАЛ ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ПАЙЫМДАУЛАР

Жамила Исметова,

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің студенті, Ақтау қ.

Ғылыми жетекші: профессор Қобланов Ж.Т.

Аңдатпа: Мысалдың құрылымы да әрқалай, ол кейде прозалық шағын әңгіме болып жазылады, кейде өлең жолдарымен де өрнектеледі. Прозада көбіне-көп ойдың айқындығы басым болса, өлең немесе поэзия тілімен жазылған шығармада көркем суреттер мол болады. Мақалада мысал жанрының ерекшелігі туралы ғылыми-теориялық тұжырымдар сараланып, талданады. Мысалдың жанрлық ерекшеліктері, қалыптасу, даму заңдылықтары қарастырылады.

Түйін сөздер: мысал, жанр, тақырып, идея, әдебиет.

Бұл жанрдың қалыптасуы мен дамуы және оның жанрлық ерекшелігі жөнінде көптеген ғалымдар ғылыми теориялық тұжырымдар жасады. Солардың ішінде, атап айтсақ, мысал жанрының шығу тарихы жайында Ә.Диваев, М.Әуезов, С.Қирабаев, С.Қасқабасов, Е.Костюхин, Т.Қожакеев, Б.Ысқақов, С.Нұрышев, Т.Еңсегенов т.б. ғалымдар іргелі зерттеулер жасап, оның идеялық, тақырыптық, көркемдік ерекшеліктерін саралай келе, мысал жанрының ғибраттық-философиялық қырына ден қояды. «Мысал» сөзінің түп-төркінін зерделейтін болсақ, ол арабтың «мәсәлә» сөзінен шыққанын көреміз. Осы түбірден туындайтын «тәмсіл», «тимсәл» тәрізді сөздерді қазақ ақындары үлгі, өнеге, насихат ретінде қолданған [1,16].

Мысал жанрының тарихы мен сюжеті И.А.Крыловтан басталып, И.А.Крыловтан аяқталмайтыны даусыз. Тұңғыш қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы мысал жанрының генезисіне, теориясына қатысты зерттеуін былайша негіздейді: «...алғашқы адамдар басқа мақұлықтардан ұзап жарымаған. Олар түрлі табиғат, түрлі тәсілмен тіршілік ететіндерін көріп, олар да адамша ойлайды, сөйлеседі, кеңеседі деп білген. Осыдан барып хайуанаттар жайлы ертегілер шыққан», - деп ғылыми құнды тұжырым жасайды [2,451].

«Осы жанрды теориялық жағынан түсіндіруге көп мән берілген. Көне дәуірдің ғалымдары Аристотель, Булан еңбектерінен кездестіре аламыз» деген [3,172] пікірді Г.В.Москвичева айтса, қазақ ғалымы Т.Шаңбаев «Аристотель заманынан бастау алған, негізінен философтар да көңіл аударған, кейіннен Г.Э.Лессинг, В.Перри, А.Потебня, М.Н.Гаспаров еңбектерінен көрініс тапқан» [4,16], – дейді.

Орыстың ұлы сыншысы В.Г.Белинский бұл жанрды: «Сатираға суғарылған поэзияның нағыз ерекше жанры» десе [5,300], академик З.Қабдолов «Мысал адамгершілік мұқтаждығын өтеу мақсатында жанр ретінде әдебиет арнасына тоғысты» [6,300], – дейді.

С.И. Радцигтың «Көне грек әдебиетінің тарихы» атты оқулығында мысалға мынадай түсініктеме берілген: «Мысал – көне халық ауыз әдебиетінің жанры болып есептеледі. Себебі, мысалдардың мазмұнында хайуанаттар эпосының сарқыны сақталып қалған. Дегенмен тарихи тұрғыдан алғанда мысал жанры күнделікті өмірдегі келеңсіз жағдайлар мен адамгершілік, ізгілік мәселесін насихаттауға арналған» [7,300].

Ал, академик Зейнолла Қабдолов мысал жанры турасында мынандай пікір ұстанған: «Мысал – эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатты, көбіне аң, хайуанат, кейде зат түрлері жазылады да сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік, күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырып, сықақпен сыналады. Мазмұны бүкпелі болғанымен, идеясыз, астарсыз, ашық, тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді

Ежелгі Грекиядағы атышулы Эзоп (б.э.б. VI ғ.) шығармаларын өз алдына қойғанда, мысал көне дүниеден күні бүгінге дейін көбіне өлеңмен жазылып келеді: Италияда Федр, Францияда Лафонтен, Германияда Геллерт,

Англияда Мур, Россияда Крылов, қазақта Абай – бәрі солай жазған. Біздің тұсымыздағы мысалшылардан Сергей Михалков пен Асқар Тоқмағамбетовты бөліп айтуға болады» [6,312], – дейді.

Сондықтан, ең алдымен Эзоптың өмір дерегіне тоқталсақ, «Қазақ әдебиеті» газетінде мынадай дерек келтірілген: «Алпысыншы жылдары орақ тілді Оспанхан Әубәкіров «Лениншіл жас» газетіне қазақ сатирасының жай-күйі туралы мақала жазып, «Эзоптан Ислам Шұғаевқа дейінгі сатириктер» деген тіркес қолданыпты. Сөйтсе, мұны оқыған И.Шұғаев «Эзоп деген кім? Өзі қайда істейді?» деп сұраған көрінеді. Осы сұрақты қазір де көлденеңдеп қоятыны бар.

Тарихта екі Эзоп болса керек. Біріншісі - б.д.д. VI ғ. өмір сүрген ежелгі грек сықақшысы, мысал жанрының негізін салушы. Аңыз бойынша ол жас кезінде өзінің усойқы тілінен, әжуасына ызаланған біреулер оны жартастан лақтырып жібереді де, аяғы сынып, өмір бойы ақсақ боп қалады. Бұл Эзоп өзі бас-терісі келіспеген, кейіп-кескіннен жұрдай, басында билігі жоқ құл болған. Сөйте тұра ол өз заманының қияли данышпаны ретінде халықтың құрметіне бөленеді. Эзоптың атақты мысалдары ежелгі рим мысалшысы Федр (б.д.д. I ғ.) мен көне грек мысалшысы Бабрийден (б.д. I-II ғ.) бастап, бергі Лафонтен мен Крыловқа, Абай мен А.Байтұрсыновқа дейінгі талай мықтылардың өңдеуінен өтіп, бүгінгі күнге жеткен.

Ал, римдік трагик-эртик болған екінші Эзоп Клодий (б.д.д. I ғ.) туралы мәлімет мардымсыз.

Иә, мысал жанрының жанр боп қалыптасуы Эзоптан басталатыны сөзсіз. Мысал жанрының ең байырғы негізін салушы Эзоп тарих ғылымының ежелгі аталары Геродоттың, Плутархтың деректерінде, б.д.д. 620-560 жылдары өмір сүрген деп беріледі. Ол ертедегі грек халқының перзенті. Эзоп о баста Самосц Иадмон дегеннің басыбайлы құлы болған. Кейінірек басына бостандық алған соң, Лидия патшасы Крезаның сарайында қызмет еткен. Патша оны Дельфияда тұратын бір сәуегей абызға түрлі сый-сияпаттар беріп елшілікке жібереді.

Осы өміріндегі кездердің бәрінде, тумысынан ерекше талантқа ие Эзоп, құл иеленушілердің, патшалардың, олардың сарайларындағы жағымпаз, жемқор, алдамшы, жауыз, сұм-сұрқиялардың өзі куә болып жүрген қылмысты қылықтарын төте әшкерелеп жазудан, өз басына төнетін қауіптен қорқып, астарлап, әр түрлі хайуанаттар бейнесінде суреттеп жазып та, көпшілік қарапайым халық арасында айтып та жүреді. Көкірегі ояу, көңіл көзі көреген жұрт ішіндегі ақылмандар Эзоптың бейнелеп жүргендерінің шын мәнінде кімдер екенін іштей сезіп, әжуа, ащы күлкіге айналдырып, оларға деген өшпенділік ыза-кегі оянып, зығырданы қайнайды. Ақыры билеуші, бай-манаптардың да санасына жетіп, Эзоптың мысалдарының мәніне үңіле бастайды. Сөйтіп ол мысалдардан өздерінің озбырлыққа құрылған түп негізіне балта шабатын тегеурінді күшті сезінеді. Ендігі жерде Эзоптың көзін қалай тезірек жоюдың амалын ойластырып, оны «құдайдан безген, дін бұзар» деген жаламен айыптап, нәтижесінде биік жартастан

құлатып өлтіреді. Эзоп жайында бізге жеткен деректердің бар болғаны осы ғана.

Кейіннен жарық көрген доцент М.М.Иманғазинның «Антика әдебиеті» атты еңбегінде автор: «Мысал – әріден келе жатқан, эпостың шағын да өткір жанры. Мысал жанры көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі әлемнің іргелі ақын жазушыларының назарында болған, қызықты форма, ұғымды идея, халық тұрмысына ет жақын суреттеулерге толы әдеби жанр» [5,251] деген тұжырымдама ұсынады.

Жоғарыда көрсетілген зерттеуші-ғалымдардың мысал жанрына берген анықтама, түсінік, тұжырым, пайымдауларынан кейін мынадай қорытындыға келеміз, демек осылай пайда болған мысал жанры әр халықтың өзінің дүниетанымына, қаламгердің шеберлігіне, рухани байлығына қарай өзгеше түр, реңк, сипат алып, сол елдің әдеби қорынан орын алады. Сонымен қатар тамырын Эзоптан, «Панчатантрадан» алатын мысалдардың табиғаты, болмысы қазақ әдебиетіне «Мың бір түн», «Калила мен Димна» сияқты араб әдеби шығармаларының сюжеті арқылы Ыбырай, Абайлардан бастап, А.Байтұрсынов, М.Көпеев, М.Байзақов, С.Дөнентаев, Б.Өтетілеуов, С.Көбеев т.б. мысал жанрына қалам тартқан қазақ мысалшыларының да туындыларынан көрініс тапқан.

Басқа сөз өнері жанрларына қарағанда, мысал жанрының көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі әлем ғалымдарының ерекше назарында болғанын тарихи ұзақ уақытта дүниеге келген іргелі теориялық еңбектер мен қалыптасқан ғылыми бағыттар дәлелдейді. Бұның өзі: мысал жанры сөз өнерінің ең көне, ең бай және ең дәстүрлі де өміршең, шағын да күрделі формасының бірі екенін байқатса керек. Алайда, мысалды аударма жанр ретінде таныған кезеңдер де болды. Сондықтан, біздің ойымызша әдебиеттану мен фольклортану ғылымы саласындағы теориялық еңбектерге сүйене отырып, мысал жанрының табиғатын тану – басты мәселенің бірі.

Қазақ ғалымы Т.Шаңбаев өз зерттеу еңбегінде әдебиеттану ғылымындағы мысал жанрының үш түрлі теориялық бағытын айқындайды.

Біріншісі – рационалды бағыт. Яғни, бұл бағыт Аристотель еңбектерінен бастау алып, негізінен философтар да назар аударған, кейіннен Г.Э.Лессинг, В.Перри, А.Потебня, М.Н.Гаспаров т.б. ғалымдар еңбектерінде айқын көрініс тапқан, мысал жанрының басты, өзге жанрдан өзгешелендіріп тұратын негізі ғибрат деген негізде аталмыш жанрдың философиялық-дидактикалық мазмұнына ден қойған. Рационалды бағыттағы ғалымдар мысал жанры адамзат қоғамының дамыған кезінде тіршіліктегі түрлі жағдай, ерекше оқиғалар салдарынан туындаған ғибраттық мазмұнды теңеу, мақал мен мәтелдер негізінде қалыптасты деген тұжырым, пайымдауларға барып, «ғибрат» жанрдың негізгі қасиеті деген ой түйеді.

Екіншісі – романтикалық бағыт. Бұл бағытты қолдаушылар мысал жанрының негізі – әңгімелеу, ал ғибрат кейіннен алған қасиеті деген, Я.Гриммнің «миф – жануарлар туралы ертегі-мысал» дегені эволюциялық

даму концепциясын ұстанған, кейіннен А.Хаусрат, И.Левин, Е.А.Костюхин т.б. негізінен фольклортанушы ғалымдар еңбектерінде қолдау тапқан.

Үшіншісі – психологиялық-эстетикалық бағыт. Поэзиялық мысал жанры проблемасы негізінде өзгеше көзқарасты ұстанған Л.Выготскийдің еңбектерінде көрініс тапқан [8,13].

Жалпы, мысал теориясындағы ғылыми бағыттардың әр саласындағы ғалымдар өзіндік ұстанымдары негізінде тұжырымдар жасаған. Мысал жанрының теориясына арналған еңбектердің бірнеше бағыттарда дамуы, мысал әдебиет жанры бола тұрып, фольклор мен дәстүрлі байланысының сақталуы және лирикалық, эпостық, драмалық элементтердің жанр тұлғасынан көрініс табуы, ішкі жанрлық түрлерінің сырттай ұқсастығы болғанымен, әрбір даму кезеңінде, ұлттық әдебиеттерде жаңаша бір көркемдік шешім тауып, серпінді қозғалыс, өзгеше түр-сипатта байқатуынан туындап отырды. Бұл жөнінде, Е.А.Костюхиннің: «Теорияда мысал тек қана әдебиет жанрының бірі ретінде қаралмайды, сонымен бір ойды берудің өзіндік бір ерекше формасы және тіпті жалпы сөз өнерінің іргелі формасы ретінде қаралады» [9,164] – деген пікірі көп нәрсені аңғартады. Мысал жанры табиғатының көп қырлы сипаты, оның тек қана әдебиеттану ғылымының ғана емес, фольклортану, философия секілді ғылымдардың да назарын өзіне аударды. Белгілі ғылыми бағыттардың, қарама-қайшылықты ой-пікір, тұжырымдардың және болжау-пайымдаулардың жан-жақты, сан-салалы болуының себеп-салдарының жұмбағы осында болса керек.

Әдебиеттер:

1. Шаңбаев Т. Мысал жанрының стилі мен тілі. – Алматы. 1994. – 260 б.
2. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы. 1991. – 464 б.
3. Москвичева Г.В. Русский классицизм. – Москва, 1986. – 472 с.
4. Шаңбаев Т. Мысал жанрының стилі мен тілі. – Алматы. 1994. - 260 б.
5. Иманғазин М.М. Антика әдебиеті. – Талдықорған, 2006. – 253 б.
6. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 2002. – 312 б.
7. Радциг С.И. История древнегреческой литературы. – Москва, 1974. – 420 с.
8. Выготский Л.С. Психология искусства. – Москва, 1987. – 322 с.
9. Костюхин Е.А. Типы и формы животного эпоса. – Москва, 1982. – 164 с.

ӘӨЖ 821.512.

ҚАЗІРГІ КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ХАРАКТЕР

Алшын Суемов,

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг

университетінің студенті, Ақтау қ.

Ғылыми жетекші: профессор Ж.Т.Қобланов

Аңдатпа: Ұлттық салт-дәстүрдің, ұлттық ойлау жүйесінің (менталитет), ұлттық тұрмыс-тіршіліктің көріну деңгейіне баға беру, соны сараптау, саралау бүгінгі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі. Қазақ әдебиеті де орыс, шетел әдебиетінен бұрын алдымен ұлттық әдеби дәстүр негізінде тамыр жайған. Мақалада қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрында ұлттық мінездің бейнеленуі талданып, оның көріну деңгейіне ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

Тірек сөздер: ұлттық характер, образ, әдеби дәстүр, дәуір кейіпкері.

Ұлттық мінездің көркем әдебиеттегі көрінісі де көркем шығармамен қабат өріліп, біте қайнасып жатыр. Суреткер образ жасап, характер, ұлттық характер сомдағанда шығармашылық әдіс қолданғанда өзіне дейінгі әдеби дамуға дәстүрге сүйеніп, даралық жолына түседі. Әдебиет – ұлттық топырақтан нәр алып, көркем өскінге айналған асыл сөз қазынасы. Халық ауыз әдебиетімен бой көтерген. Қазақ әдебиеті де орыс, шетел әдебиетінен бұрын алдымен ұлттық әдеби дәстүр негізінде тамыр жайған. Ал ұлттық әдеби дәстүр дегеніміз басқа халықтардың көркемдік әлемінен айырықшаланатын мазмұн мен пішін.

Ғаббас Тоғжановтың анықтауынша: «ұлт дегеніміз ...тілі бір, жері бір, ғасырлар бойындағы тіршілік күресінен, тұрмыс салтынан, жиі қатынасынан туған мінез-жан сипаты бір жұрттардың қосылуы, бір жұрт болуы» [1,6]. Қаншама қиын-қыстауды басынан өткерген, кері кетсе де болмысын жоғалтпауға тырысқан ұлтымыздың түпкі таным-түсінігі «ұлтты жоғалтпау» идеясынан бастау алғандығын көруге болады. «...Әрбір халықтың өзін өзгеден айрықшалайтын дара мүсінін, дербес мінезі мен мәдениетін танып-түйсінуі ең әуелі этникалық төркін-тамырын бажайлаудан бастау алатыны белгілі» [2,8] екендігін ескерсек, Кеңес өкіметі тұсындағы сөз зергерлері Бейімбеттің, Сәкеннің, Мұқтардың, Ғабиттің сомдап жасаған типтік тұлғалы кейіпкерлерінің ізін басып, заман төріне ентелей ұмтылған, өз арамызда күнделікті иық қағысып, елеусіз ғана ғұмыр кешіп жүрген кейіпкерлер екенін аңғарамыз.

М.Әуезов: «...жазылатын пьесаларда, романдарда, әңгімелерде, поэмаларда қазақтың негізгі мінездерін айқын көрсететін типтер жасау керек» [3,234], – деп айтқан пікірінің Мүсірепов әңгімелерінен көріну дәрежесі бағаланды. Суреткердің әдебиеттегі айрықша қолтаңбасы, сол түп қазық арқылы қазақ әңгімесіндегі тартыс пен дәуір кейіпкері айқындалды. Ғ.Мүсірепов, Әуезовше айтқанда «қазақтың негізгі мінездерін айқындайтын тип» кескіндеуді мұрат тұтқан. Әңгіме жан тазалығына бас иген. Әңгіме тартысы осыған құрылған. Кейіпкер ойы арқылы еліміздің кешегісі мен бүгінгі тарихына назар аудартатын астарлылық суреті келісті берілген. Әңгіменің компоненттік құрылысы естелікті әңгімелеушінің баяндауы арқылы байланыстырылған. Бұған: «...жазушыны кейіпкерінің мінез-құлқы ғана емес, мұнымен қоса, сол мінездеменің ішкі қабаты, яғни, түйіні

қызықтырады, себебі мінез-құлық нәтижесінде олардың тарих, саясат, қоғамдық ортадағы қарым-қатынасы және т.б қалыптасады және ықпалы басқа әрекеттерден көрінеді» [4,144], – деген пікір дәлел.

Дулат Исабековтың шығармашылық шығармашылық ізденістерінен осы ерекшеліктерді көреміз. Қазақтың мінін жазған Абайдан тақырып пен идеялық бағытты айқындап, ақын дәстүрін өзіне сара жол еткен. Абай адам мінезінен образ жасаған. Ал Дулат Исабеков характерден типтік мінез жасаған. Жазушы Абай жасаған ел мінезінен қоғамның өгей жандарын айырып алып, бөлектеді. Абай бес дұшпанға (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашу) бес асыл істі (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) қарсы қойса, Дулат әлді мен әлсізді шендестіре суреттеп, мінез бен әрекет қақтығысын тудырады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық таным, ұлттық рух талап еткен фольклорлық сарын қазақ әдебиетіне жаңа леппен, соны сарынмен қайта оралды.

Жазушы Дулат Исабеков өз әңгімелерінде қазақы ауылдың тұрмыс–тіршілігін бейнелей отырып, отбасы құндылықтарына да мән беріп, үлкен мәселелерге бой ұрады. Оның шығармаларының ерекшелігі де сонда: көңілге сондай жылы тиетін, таза бұлақ суындай мөлдірлік астарынан ұлттық мінезді, психологияны байқай аласыз. «Шалдар» әңгімесіндегі Қарекен қарттың баласы – Ерғабылдың ойда жоқта апыр-топыр үйленуі қарттың көптен діттеп жүрген ойының құл-талқанын шығарады. Ол ойы – көрші ауылда Ерғабылға айттырғалы жүрген, өзі әкесін жақсы танитын сын-сымбаты мен мінез-құлқы келіскен қыз бар еді. Бұрынғы ата–баба ізімен сол қызды баласына «құдай қос көрсе, жекжат боламыз түбі» деп алып бермекші болып жүрген Қарекен мұраты орындалмады. Дегенмен де бұрынғының салтымен Қарекен көрші колхоздағы құдасының үйіне жол тартты. Қазақы салт-дәстүр жолымен құдасы Молдабайдың алдынан өтуі, екі құданың бір-бірімен сыйластығы – бәрі-бәрі сәтті баяндалған. Жазушы қазақы мінез-құлықты, ұлттық психологияны, отбасы ғұрпын шынайы жеткізген.

Ал, жастар бойындағы сезімсіздік, аңғарымсыздық, ата-ана тілегін аяқасты ету бір шаңырақтың шайқалуына алып келді. Отбасының бұзылу себебін ашудағы қарттың мына пікіріне үлкен мазмұн сыйдырылған. «Келіндерінің өз үйлерінен неге кеткенін Қарекен мен Бибінұр ауылдағы кейбір жас жігіттерден есітті. Олардың ажырасу себебін естігенде Қарекен күйініштен өртеніп, шоқ болып кетті. «Ойбай-ай, ойбай ғана ақымақтар-ай! Не дерсің, не дерсің бұларға енді. Сол инедей нәрсе үшін... Пай-пай-пай, тентектер-ай! Кісіні жерге тірідей көмесіндер-ау! – деді ол ауыл сыртындағы төбеде отырып. – Бала тәрбиелеу жөніндегі екеуінің пікірі қайшы кепті! О, тоба, бұл не бұл, осындай да жанжал, осындай да талас бола ма екен? Үлкен, ер қабырғасы қайысатын нәрсе болса бір-сәрі-ау» [5,332]. Ата-баба абыройын, отау құрудың салмағын, ата-ана алдындағы борышты терең сезінген ұл мен қыз қоғам игілігі үшін пікірдің қайшы келуінен шаңырақты

шайқалтпайтыны анық. Бұл сол кездегі ұрпақтың басында ұлттық санадан гөрі қоғамдық сананың басым жатқанын аңғартады.

Жазушының «Кемпірлер» атты әңгімесі таза ұлттық болмысқа, қазақы мінезге құрылған. Әдемі өрнектеліп, табиғи өрбіген диалог пен іс-әрекет астарынан ұлттық қасиет пен ұлттық психология менмұндалап жатады. Ең бір сүйсінетін жайт – жазушы ауыл кемпірлерінің бір-бірімен әңгімесі арқылы қазақи мінез-құлықты тап басып, шынайы көрсете алған. Немересімен қалған кемпірдің мінезі табиғилығымен, нанымдылығымен көңілден шығады. Автор әңгіменің басынан-ақ кемпірдің тілегі арқылы халқымыздың небір қазақы салт-дәстүрін тамсана суреттейді. «Үй болып, түгін құрып отырғанымызға шүкір. Балам өліп, келінім кетсе де, жалғызымның көзіндей болып немерем қалды. Ішіме құса болып, өзің тіл тигізген кезім болса, кешіре гөр жаратқан, қуартып, қу басымды қалдырсаң қайтер едім. Немере сүйдіріп, ит асыратқаныңа, оны шәуілдетіп үргізіп қойғаныңа құлдық...» [6,337].

Кейуананың осы ризашылық көңілін қазақ ұлтына тән тәубешілдікпен аузына салады және мұнда ауыл әжелерінің, отбасы болып бір-бірімен араласуы жарасымды әңгімеленген. Суреткердің арнасынан асқақтамай, қысқа да жинақы жазылған шағын жарында адам өмірі, табиғи тазалық, адамгершілік, қазақы мінез, қоғамдық өзгерістер шынайы беріледі.

Т.Әбдіковтың «Қонақтар» әңгімесіндегі Ерғабыл қарт, «Ата» әңгімесіндегі Бекен, Айымбетовтың «Қара шаңырақ» әңгімесіндегі Шөмішбай бейнелері ұлттық таным белгілері ретінде көрінеді. Себебі, аталған туындыларда өзінің сөзі мен ісі арқылы өткенді қадірлеп, бүгінгіге баға беретін, болашаққа деген сенімі мен күдігі аралас келетін қарттар бейнесі айқын сомдалған. Адам тіршілігінің бар мәні бүгінгі мен болашағында, артқа қарайлаудың қажеті жоқ деген жалаң ұранның, желбуаз ойдың өткінші екенін біле тұра бала тәрбиесінде қателік жіберіп алған қарттар бейнесі – М.Айымбетовтың «Шел» әңгімесіндегі Тәнттей шалдың бейнесімен мағыналас. Қариялардың қай-қайсысы болмасын жалғыз емес, арттарынан ерген тұяқ бар. Балаларының бәрі де оқып білім алған саналы жандар.

Қарттардың басындағы трагедия – ұлт трагедиясы деуімізге болады. Сапабек, Баған, Есіркеп, Меліс ауыл тәрбиесін көрген, ана тілінде тілі шыққан жастар. Өсе келе бұл ұрпақтардың ұлттық танымнан күннен күнге жырақтап, алыстап кететіндігі, жалпы, жоғарыда аты аталған көркем туындыларда шебер бейнеленген. Онда авторлар өз кейіпкерлерін үлкен адамгершілік сынына түсіреді.

Әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы, 1991. -208 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
3. Қабдолов З. Жебе (әдеби толғаныстар). – Алматы: Жазушы, 1977. – 236 б.
4. Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1993. – 491 б.

5. Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т.2. – Алматы: Жазушы, 1993. – 496 б.
6. Кекілбаев Ә. Дала балладалары. – Алматы: Жазушы, 1971. – 206 б.

ӘОЖ 808.1

ЭПОНИМДЕРДІҢ ТЕРМИНДІК ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

А.О.Ангарова,
Ш. Есенов атындағы КТИУ
«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ магистранты
Ғылыми жетекші: Б.А.Кошимова

Аңдатпа. Мақалада жеке тұлғалардың есімдерімен байланысты, белгілі бір заттың немесе құбылыстың атауы ретінде қолданылатын лексикалық бірліктердің терминдік және танымдық қызметі қарастырылады. Эпонимдердің танымдық қызметі адамзаттың түсінік әлемін кеңейту мен тілдің дамуында ерекше рөл атқаратындығы лингвистикалық тұрғыдан талданады.

Кілт сөздер: эпонимдер, терминнің түрлері, мәдени мұра, жаңа көзқарастар, теориялар

Эпонимдер – жеке тұлғалардың есімдерімен байланысты, белгілі бір заттың немесе құбылыстың атауы ретінде қолданылатын лексикалық бірліктер. Олар ғылым мен техника, мәдениет пен өнер салаларында кеңінен кездеседі. Эпонимдер терминология жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады, себебі олар әртүрлі ғылыми ұғымдардың қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, эпонимдердің танымдық қызметі адамзаттың түсінік әлемін кеңейту мен тілдің дамуында ерекше рөл атқарады.

Эпонимдер ғылыми тілде ұғымды айқындаудың маңызды құралы болып табылады. Олар жаңа терминдер мен ғылыми атаулардың пайда болуына негіз болады. Мысалы, "Джип" (Jeep) сөзі әскери көліктің атауына айналып, бүкіл әлемде автокөлік түрін сипаттайтын жалпы атауға айналды. Бұл үрдіс эпонимдердің терминологиялық жүйеде қолданылуын көрсетеді. Мұндай құбылыс көбінесе белгілі бір ғылыми жетістіктермен немесе жаңалықтармен байланысты тұлғалардың есімімен байланысты болады. Сонымен қатар, эпонимдер жаңа тұжырымдамалар мен құбылыстарды нақты бір адамның атынан белгілеу арқылы ұғымдарды сипаттауда тиімділігін арттырады [1,43].

Зерттеу барысында эпонимдер негізінде құрылған терминдердің пайда болу динамикасы мен олардың ғылыми салалардағы қолдану аясын талдау жүргізілді. Эпонимдер терминдер ретінде ғылыми және техникалық

лексиканың бөлігіне айналуы барысында екі негізгі жолмен пайда болатыны анықталды:

Адам есімімен байланысты терминдер: Бұл жағдайда белгілі бір тұлғаның аты жаңа ғылыми ұғымды немесе құбылысты сипаттау үшін қолданылады. Мысалы, "Галилей" (Galileo) термині астрономиядағы негізгі ұғымдардың біріне айналды, өйткені Галилео Галилей ғаламды зерттеу әдістерін өзгерткен ғалым болды. Осылайша, эпоним термин ретінде бір ғылыми жаңалықтың авторын немесе сол жаңалыққа негіз болған оқиғаны танымал етеді.

Атақ пен даңққа негізделген терминдер: Бұл түрде эпонимдер белгілі бір адамға немесе тұлғаға деген құрметтен туындайды. Мысалы, "Фрейдизм" термині Зигмунд Фрейдтің психоанализ теориясына қатысты қалыптасқан атау болып табылады. Бұл термин психологиядағы негізгі ұғымдардың бірі ретінде қалыптасып, оның теориясы мен тәсілдерін сипаттайды.

Зерттеу барысында, эпонимдердің терминдік қызметі ең алдымен ұғымды нақтылау және белгілеу мақсатында қолданылатындығы анықталды. Олар ғылым мен техникадағы түрлі жаңалықтарды сипаттау үшін қолданылады, осылайша ұғымдарды тұрақтандырып, ғылыми қоғамдастықта түсініктердің айқын болуын қамтамасыз етеді [2,113].

Эпонимдер тек терминологиялық қызмет қана емес, танымдық қызметте де маңызды рөл атқарады. Тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланыста эпонимдер халықтың тарихын, мәдениетін және ұғымдарын түсінуге мүмкіндік береді. Олар нақты бір адам немесе тұлғаның еңбегінің нәтижесінде қалыптасқан ұғымды, теорияны немесе құбылысты сипаттайды. Мысалы, "Фрейдизм" – психология ғылымында Зигмунд Фрейдтің атымен байланысты теорияны білдіреді. Осылайша, эпонимдер тарихи тұлғалар мен олардың қызметтері арқылы ғылым мен мәдениет тарихының бөлшегіне айналады, бұл тілдің мағыналық кеңістігін тереңдетеді [2,118].

Танымдық қызмет тұрғысынан эпонимдер адамның әлем туралы түсінігін кеңейтеді, оның тарихи және мәдени контекстін кеңінен ашады. Мысалы, "Менделеев таблицасы" термині Д. И. Менделеевтің химия ғылымындағы еңбегін мойындау арқылы химиялық элементтерді жүйелеудің жаңа тәсілін таныстырады. Мұндай эпонимдер ғылыми дәуірдің жаңа кезеңін сипаттаушы элементтер ретінде қызмет атқарады. Эпонимдердің келесі аспектілері айта кетсек:

Мәдени мұраны сақтау: Эпонимдер белгілі бір адамның немесе оқиғаның есімін мәңгілікке сақтап, тарихты ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Мысалы, "Шекспирлік трагедия" термині Вильям Шекспирдің шығармашылығын сипаттау арқылы әдебиет тарихын жалғастырады. Мұндай қолданымдар тарихи маңызды тұлғалардың шығармашылығын тану мен бағалауға ықпал етеді [3,77].

Жаңа көзқарастар мен теориялардың танымал болуы: Эпонимдер жаңа ғылыми теориялар мен концепцияларды қабылдауға көмектеседі. Мысалы, "Дарвинизм" термині Чарльз Дарвиннің эволюция теориясын сипаттайды. Бұл термин ғылыми қауымдастықта табиғат заңдылықтары туралы жаңа көзқарасты орнықтырды [3,80].

Эпонимдер белгілі бір тұлғаның немесе оқиғаның атын ұрпақтан ұрпаққа жеткізу арқылы тарихи және мәдени мұраны сақтауға мүмкіндік береді. Олар арқылы қоғам мүшелері белгілі бір адамды немесе оқиғаны таниды, оның шығармашылығын бағалайды. Сонымен қатар, эпонимдер ғылыми және техникалық жаңалықтардың таралуына ықпал етеді, себебі олар жаңа ұғымдарды танымал етіп, қабылдауға жеңілдетеді [4,28].

Бұл зерттеу эпонимдердің тілдік жүйедегі маңызы мен олардың танымдық, терминологиялық қызметін терең зерттеуге бағытталған. Эпонимдер тек тілдік бірліктер ғана емес, сонымен бірге мәдениеттің, тарихтың және ғылымның маңызды бөлігі болып табылады [5,60]. Олар арқылы жеке тұлғалардың және оқиғалардың тарихи және мәдени мәні сақталып, келешек ұрпақтарға жеткізіледі. Эпонимдер бүгінгі күнде де тілдік және мәдени процестерді бейнелейтін басты құралдардың бірі ретінде қалып отыр. Болашақта эпонимдер тақырыбы бойынша зерттеулерді жалғастыру, олардың тарихи және мәдени мәнін тереңірек ашу, сондай-ақ олардың тіл жүйесіндегі рөлін бағалау маңызды болып табылады [6,105].

Эпонимдер тілдің дамуына, жаңа ғылыми түсініктердің қалыптасуына және мәдени мұраны сақтау процесіне үлкен әсер етеді. Олар терминологиялық жүйенің бөлшегі ғана емес, сонымен қатар адамның танымдық қызметінде маңызды рөл атқарады. Эпонимдер арқылы қоғам белгілі бір тұлғалардың еңбегін бағалап, олардың ғылыми жетістіктері мен мәдени мұрасын танып-біледі. Бұл бағыттағы зерттеулер тіл білімінің терең әрі көпқырлы мәселелерін ашуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. Москва: Прогресс., 2002. - 43-45 б.
2. Шмидт Э.М. Теория и практика эпонимов в современном русском языке. Казань: Казанский университет., 1998. 112-118 б.
3. Головкин В. А. Терминология и культура: Словарь терминов по общей теории термина. Москва: Издательство "Наука"., 2015. 77-83 б.
4. Медников Ю. В. Терминология и ее роль в научном познании. Санкт-Петербург: Наука., 2010. 22-28 б.
5. Пахомова Н. В. понимы и их роль в лексической системе языка. Ярославль: Ярославский университет., 2013. 56-60 б.
6. Крюкова Л.М. Эпонимы в историческом контексте: Лингвистический анализ. Казань: Казанский университет., 2005 100-105 б.

ПЕДАГОГТЕРДІҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ЭМОЦИОНАЛДЫ КҮЮ ПРОБЛЕМАСЫН ЗЕРТТЕУ

А.Қ.Егенисова,
Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
Р.К.Айтмухамбетова,
магистрант,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг
университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада педагогтердің психикалық денсаулығы мен эмоционалды күй проблемасын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне және үкіметтік қаулы-қарарларға талдау жасалынған. Атап айтсақ, тұлғаның денсаулығы мен эмоционалды күй проблемасын алдын алудың кейбір аспектілері С.М.Жақыпов, Ж.Ы.Намазбаева, Х.Т.Шерьязданова, А.Р.Ерментаева, Р.Б.Каримова, Қ.Н. Нығыметова, Н.Д.Унарбекова және т.б. еңбектерінде қарастырылғандығы атап өтілген. Мақалада «психологиялық денсаулық», «денсаулық» және «психикалық денсаулық», рухани денсаулық», «эмоционалды күй» ұғымдарына сипаттама беріледі. Сонымен қатар, «психологиялық денсаулық» ұғымына теориялық көзқарастардың салыстырмалы талдауын кесте түрінде ұсынған. Педагогтердің психикалық денсаулығы мен эмоционалды күй компоненттері: кәсіби-танымдық компонент, әлеуметтік – қарым-қатынас компоненті, эмоционалды компоненттеріне тоқталып, сипаттама беріледі.

Түйінді сөздер: педагог, денсаулық, психика, эмоция, күй, зерттеу, тұлға, психикалық денсаулық.

Соңғы жылдары әлемнің көптеген елдерінде психологиялық денсаулықтың бұзылуы жоғары көрсеткішпен сипатталады. Психикалық аурулардың, тұлға фрустрациясының, мазасызданулардың, стресстердің таралу көрсеткіштерінің өсу тенденциясы, әр түрлі суицидтердің, тұлғашылық келіспеушіліктердің, тәуелділіктердің орын алуы байқалады. Бұл жағдайларға 2020-21 жылдары өткен COVID-19 пандемиясы педагогтердің психикалық денсаулығы мен психоэмоционалды жағдайына да үлкен әсерін тигізді.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылдың 16 наурызындағы Жолдауын барша қазақстандықтар тыңдады деуге болады. Онда президентіміз: «Бүгінгі жолдаудың мән-маңызы айрықша. Оның арқалайтын жүгі 1 жылмен шектелмейді, ауқымы кең, мазмұны да бөлек. Біз алдымызға биік мақсаттар қойып отырмыз. Өздеріңізбен бірге жаңа Қазақстанды құруға кірістік», – деген болатын [1].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы экономиканың тұрақты дамуы үшін білімнің сапасын арттыру арқылы

адами капиталды дамыту және адам денсаулығы көңіл бөлу мәселесі де қойылып отыр [2].

Адамдардың денсаулығы соның ішінде психикалық денсаулығы, эмоционалды күйі неге байланысты болады деген сауалға келетін болсақ, денсаулықты шартсыз түрде 100 пайыз етіп алсақ, оның 20% тектік факторларға, 20% айналаны қоршаған сыртқы орта жағдайларына, экологиялық факторлардың әсеріне, 10%; – денсаулық сақтау жүйелерінің әлсіздігіне байланысты болатыны анықталып отыр. Адамның психикалық, рухани денсаулығы мықты болса, қорқыныштарға салынбаса, неше түрлі жұқпалы дерттерге адам ағзасы қарсы тұра алады. Ал адамдардың психикалық денсаулығы төмен болып, үнемі күйзеліс жағдайында жүрсе, имунитеті төмендеп, адам ағзасы ауруға төтеп бере алмайды.

Осы COVID -19 пандемиясы педагогтердің психикалық денсаулығы мен психоэмоционалды сапасы мен рухани денсаулығына да ықпалын тигізеді. Рухани денсаулық – ол адамдардың қоғамдағы әр түрлі оң, теріс ақпаратты қабылдау қабілеттілігі мен мотивациялық іс-әрекетінің арасындағы қарым-қатынастардың сипаттамасын көрсетеді.

Жалпы адамзаттың алдында көптеген жағдайлар, экологиялық, әлеуметтік, экономикалық, жас ұрпаққа білім беру, тәрбиелеу сияқты көптеген мәселелер тұрды. Соның ішінде адами фактор, адам өмірі, адам денсаулығы, атап айтқанда физиологиялық, психикалық, әлеуметтік денсаулығы, психоэмоционалды жағдайы, стреске төзімділігі, эмоционалды күй проблемалары, осы жағдайлардың алдын алу, шешу проблемалары болып отыр.

Жалпы жоғарыда аталған проблемаларды зерттеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Педагогтердің стресс, қорқыныш проблемасын зерттеген шетелдік, кеңестік ғалымдар З.Фрейд, К.Г.Юнг, А.М.Прихожан және т.б. еңбектерімен ғылыми зерттеулерін талдадық [3,4,5]. Үрей стрестің дамуына жеткен кезеңі, ауыр психологиялық жарақат. А.И.Захаровтың айтуынша қауіпті ситуациялардағы жағымсыз сезімнен адамға стресс туындайды [6]. Адам стрессті сезінгенде тағатсызданады. Стресс туындағанда педагогтерге эмоционалды қолдау беріп психологиялық шынайы көмек жасау керек. Шектен тыс стресстен адамдар дүниені тек «қара көзілдірікпен» көреді. Үнемі үрейдің, стрестің, қорқыныш құрсауында жүру адами өміріне, денсаулығына үлкен зардабын тигізетіндігін байқадық. Бірақ та, жоғарыдағы аталып өткен ғалымдардың зерттеулерінен байқағанымыздай қазіргі біздің зерттегелі отырған ғылыми жұмысымызда көтеріліп отырған проблемалар педагогтердің психикалық денсаулығы мен психоэмоционалды жағдайын зерттеу, одан шығу жолдарын ұсыну толықтай зерттелінбегендігі, зерттеулер жүргізілмегендігі осы проблеманың өте өзекті екендігін байқатады.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын

арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы [7] т.б. құжаттарды негізге алған.

Тұлғаның денсаулығы мен эмоционалды күй проблемасын алдын алудың кейбір аспектілері С.М.Жақыпов, Ж.Ы.Намазбаева, Х.Т.Шерьязданова, А.Р. Ерментаева және т.б. еңбектерінде қарастырылған [8-11]. Психологиялық денсаулық пен эмоционалды күйреу мәселесі И.В. Дубровина, Г.С.Никифоров, О.В. Хухлаева, және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан [12-14].

Араға бес ғасыр салып, қолымызға сағындырып жеткен ғұлама-ғалым Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты еңбегі, ұлттық психологиядан тұлғаның денінің саулығына, салауаттылығына, имандылығына арналған мол мағлұмат алуға болатын еңбек. Тауасарұлы Қазыбек бектің «Түп тұқианнан өзіме шейін» атты еңбегі қазақ тарихының асыл мұралары екені айқын [15].

Психологиялық денсаулық пен эмоционалды күй мәселесі көптеген психологиялық мектептердің зерттеу нысаны болған және бұл терминологияға да, зерттелетін мәселенің мазмұнына да көзқарастардың алуан түрлілігін анықтап берді. Көзқарастардың әр қилылығына қарамастан, зерттеушілердің көбі психологиялық денсаулықты, «денсаулық» және «психикалық денсаулық» ұғымдарына қарағанда, кеңірек түсінеді. Психологиялық денсаулық тұлғаны тұтас сипаттайды, адам жан дүниесінің көріністерімен тікелей байланыста болып, психикалық денсаулық мәселесінің жеке психологиялық аспектісін анықтауға мүмкіндік береді, деген ойда ғалымдардың пікірлері сәйкес келеді.

Қазіргі психологиялық әдебиеттерге талдау жасағанда көптеген зерттеушілер денсаулықтың психологиялық аспектілерін осыған ұқсас терминдерді қолдана отырып қарастырған: «психикалық денсаулық» (Б.С.Братусь), «психологиялық денсаулық» (И.В.Дубровина), «тұлғалық денсаулық» (Л.М.Митина), «рухани денсаулық» (Никифоров Г.С.), «жанның саулығы» (Хухлаева О.В.) және т.б. [12,14].

Бүкіләлемдік денсаулық қорғау ұйымының пайымдауынша, психика саулығы дегеніміз адам ақыл-ойының, физикалық және эмоционалды дамуының толыққанды жетілуіне ықпал етуші күй болып табылады.

Психоаналитикалық бағытта психологиялық дені сау адам – ол рақаттану ұстанымын шынайылық ұстанымымен үйлестіре алатын адам (З.Фрейд) [16]. Көпжылдық клиникалық бақылаулардың негізінде Зигмунд Фрейд психологиялық концепцияны қалыптастырды, оның айтуы бойынша адамның психикасы, тұлғасы үш деңгейден, компоненттен тұрады: «Ол», «Мен», «Жоғары-Мен» деген. «Ол»-сексуалды және агрессиялы туа пайда болған биологиялық инстинкті құштарлығы қайнап жатқан қазан тәрізді психиканың бейсаналы бөлігі болып келеді. «Ол»-либидо атты сексуалды энергиямен толыққан. Адам тұйықталған энергиялық жүйе, әрбір адамда энергия саны – тұрақты мөлшер. «Ол» бейсаналы және иррационалды бола тұра қанағат қағидасына бағынады: адам өмірінде бақыт пен қанағат басты

мақсат болып келеді. Екінші мінез- құлық қағидасы – гомеостаз – шамалы ішкі теңдікті сақтауға тенденция болады. Сананың «Мен» деңгейі «Ол»-мен тұрақты конфликт күйінде болады, сексуалды құштарлықты басады. «Мен»-ге үш күш әсер етеді – «Ол», «Жоғары-Мен» және адамға өз талаптарын қоятын қоғам. «Мен» олар арасындағы үйлесімділікті орнатуға тырысады, қанағат қағидасы бойынша бағынбай, «шынайлық» қағидасы бойынша бағынады. «Жоғары-Мен» моральдік стандарттың алып жүрушісі, ол ұят, цензура, критика рөлін жүзеге асыратын тұлғаның бөлігі. Егер де «Мен» «Ол»-ға бола, бірақ «Жоғары-Мен»-ге қарсы бір әрекет жасаса немесе шешім қабылдаса, онда өзін кінәлі, ұят сезінеді. «Жоғары-Мен» «Мен»-ге инстинктісін жібермейді, ол кезде олардың қуаттары ығыстырылады, тасымалданады, адамға және қоғамға жағатын іс-әрекеттің басқа формаларына айналады (шығармашылық, өнер, қоғамдық белсенділік, еңбекті белсенділік, мінез-құлықтың: түс, әзіл, босассоциация, ұмыту ерекшеліктері формасында). Егер де «либидо» қуаты шығу әдісін таппаса, адамда психикалық аурулар, қояншық, қамығу пайда болады. Сонымен, біз З.Фрейдтің тұжырымдамасында қарастырылған психологиялық қорғаныстар, тұлғаның психологиялық денсаулығын сақтауға бағытталған әрекет деп түсінеміз [16]. Бірқатар авторлар денсаулықты келесі түрлерде қарастырады: тұлғаның қоршаған объективті жағдайлармен, басқа адамдармен өзара әрекеттестікте болған жағдайында, іс-әрекеттердің, қылықтардың және мінез-құлықтың тиімді таңдауын қамтамасыз ететін, сонымен қатар өзінің жеке және жасерекшелік психологиялық мүмкіндіктерін еркін маңыздандыруға мүмкіндік беретін тұлғаның субъективтік, ішкі жайлы жағдайы ретінде; адамның құбылмалы әлемде өзінің жеке және әлеуметтік субъектілігін сақтауға, оны жүзеге асыруға және дамытуға қабілетінің шамасы ретінде (Л.Д. Демина және И.А. Ральникова); адамның өзінің әлеуметтік және биологиялық детерминдендігін трансценденттеу қабілеті, өзгермелі әлемде жеке өмірінің белсенді және дербес субъектісі бола алу қабілетінің шамасы ретінде (Е.Р. Калитеевская).

Шувалов А.В. психологиялық денсаулық мәселесінің теориялық талдамасын ұсынды. Автор айтуынша, денсаулық мәселесі адам өмірінің іргелі аспектілерімен байланысты, қарастырудың тек оңтайлы-прагматикалық емес, дүниетанымдық деңгейіне де ие. Сонымен қатар автор бұл ұғымның бір мағыналы еместігін және синкреттігін айрықша баса көрсетеді.

Тұлғаның психологиялық денсаулығы мәселесінің негізгі ғылыми зерттеуінің сипаттамасын қарастыра келе, салыстырмалы талдау ұсынамыз.

Кесте-1. «Психологиялық денсаулық» ұғымына теориялық көзқарастардың салыстырмалы талдауы

<i>Тәсілдеме, өкілдері</i>	<i>Психологиялық денсаулық түсінігі</i>
----------------------------	---

<p>Психоаналитикалық тәсілдеме. З.Фрейд Аналитикалық психология</p> <p>Г.Юнг Тәндік психотерапия (В. Райх)</p>	<p>Дені сау адам – ол рахаттану ұстанымын шынайылық ұстанымымен қиыстыра алатын адам.</p> <p>Дені сау адам – ол өзінің бейсаналылығының мазмұнын бейімдеген және қандай да бір архетиптің иемденуінен бос адам.</p> <p>Дені сау қалыпты жағдай күш –қуаттың еркін жүруімен сипатталады. Денсаулықтың невротикалық және психосоматикалық ауытқулары биологиялық энергияның жұрмеу салдарынан болады.</p>
<p>Гуманистік психология А.Маслоу</p>	<p>Дені сау адам – ол елгезек, ашық, үнемі қорғаныс реакцияларын қолданбайтын, сыртқы ықпалдардан тәуелсіз және өзіне сенетін адам. Өзін үнемі тиімді белсендендіре отырып, мұндай адам өмірдің әр сәтімен өмір сүреді. Ол жігерлі және құбылмалы жағдайларға жақсы бейімделеді, басқаларға шыдамды, эмоционалды және рефлексиялы.</p>
<p>Гештальт-тәсілдеме Ф.Перлз</p>	<p>Психикалық денсаулық, өз қажеттіліктерін сезіну қабілетінен, құрылымды мінез – құлықтан, қалыпты бейімділік пен өзі үшін жауапкершілікті сезінуден байқалатын, тұлғаның кемелденуімен байланысты. Жетілген және дені сау тұлға жасына сай, спонтанды және іштей еркін.</p>
<p>Экзистенциалдық психология В. Франкл</p> <p>Бинсвангер <i>Іс-әрекеттік тәсілдеме</i> А.Н. Леонтьев, Е.М. Иванова, С.Л. Рубинштейн</p> <p>Жүйелік тәсілдеме П.К. Анохин, И.В. Блауберг, Б.Ф. Ломов, В.Д. Шадриков</p> <p><i>Тұлғалық көзқарас</i> Б.Г. Ананьев, К.А.Абульханова-Славская, Л.И. Анцыферова, Б.С. Братусь, П.Н. Ермаков, А.Б. Орлов, В.А. Петровский, В.И. Слободчиков</p> <p><u>Акмеологиялық көзқарас</u> А.А. Бодалев, А.А. Деркач <i>Аксиологиялық тәсілдеме</i> Т.Ю. Мысына Н.В. Басалаева</p>	<p>Дамудың негізі ретінде, тұлғалық даму қалыптасу үрдісі болып табылатын, өмірдің мәнін иелену саналады.</p> <p>Тұлға дамуының қозғаушы күші – ол «мәнге деген ерік». Адамның өз өмірінің мәнін іздеп жүзеге асыруға деген талпынысын Франкл, барлық адамдарға тән және тұлғаның дамуында негізгі қозғаушы күш болып табылатын, туа біткен мотивациялық беталыс ретінде қарастырады.</p> <p>Психикалық денсаулық – өмірлік тәжірибемен бірге өсу, өзгере алу қабілеті, басқасына өту үшін өзінің бір жобасының сәтсіздігіне төзу.</p> <p>Психологиялық денсаулық – кәсіби іс-әрекеттегі жетістік пен өздігінен жетілу үрдісі және оны арнайы ұйымдастырылған оқыту мен дамыту ретінде көрсетеді.</p> <p>Психологиялық денсаулық – бірыңғай тұтастықты білдіретін, көздеген мақсатқа жетуге бағытталған, өзара байланысқан және өзара шартталған құрылымдық-қызметтік компоненттердің жиынтығы.</p> <p>Адамның акмеологиялық және әлеуеттік мүмкіндіктерін көрсететін және ылғи да өзін-өзі реттеудің жаңа, мүлдем басқа деңгейін тудыратын психологиялық денсаулықтың серпінді сипаты мен оның тұтастылығы айрықша көрсетіледі.</p> <p>Психологиялық денсаулық – тұлғаның мотивациялық-құндылық және адамгершілік-еріктік қасиеттерінің жиынтығы, мұнда тұлға қасиеттері дербес болмайды, олар күрделі көп деңгейлі жүйеге сатылы түрде өзара байланысқан және біріккен.</p>

	<p>Психологиялық денсаулық – ол тұлғаның өзін-өзі реттеуінің, оның тіршілік әрекетінің мақсаты мен нәтижесінің дәрежесі ғана емес, сонымен қатар оған жетуге және оны жетілдіруге байланысты мәселелерді шешудің барынша тиімді жолдары. Денсаулық – адамның ең жоғарғы («шың») мүмкіндіктерін белсендендірудің негізгі және қажетті жағдайы.</p> <p>Денсаулыққа деген құндылықты қатынас. Тұлғаның өз денсаулығына құндылық ретінде қарауды дамытудың психологиялық механизмі болып, жалған құндылық пен нақты мінез-құлықтың арасында қарама-қайшылықтарды табу және оларды шешу саналады.</p>
--	--

Ұсынылған көзқарастардың талдауы психологиялық денсаулықты төмендегідейкөрсетуге негіз болды: оның динамикалық сипатын көрсететін, оған құндылыққа, әлеуетке, құралға, жайлылық пен өзін-өзі реттеу жағдайына сияқты қараудың мәнін ашатын күрделі, көпқырлы феномен ретінде; психологиялық денсаулық қолдан келерлік жағдай және оны дамытудың кешендік үрдісін ұйымдастыру негізінде психологиялық-акмеологиялық детерминанттардың ықпалымен оны дамытуға болады. Сонымен қатар, Л.М.Митин әзірлеген мұғалімнің кәсіби даму тұжырымдамасы аясында эмоционалды деформацияның көріністері (қаттылық, қатаң рөлдік мінез-құлық, авторитаризм, манипуляциялық бағдарлау және т.б.) ішінара зерттелді [17]. Сонымен қатар, К.А.Аветисян, Е.А.Асмаковец, Я.В.Голубева және т.б.), кәсіби эмоционалды дамудың тоқтауы ішінара тоқырау кезеңінде көрініс тапты, бірақ бұл бағыт арнайы зерттелмеген [18-20].

Ғылыми әдебиеттерде адам үшін де, қоғам үшін де педагогтердің психикалық денсаулығы мен эмоционалды күй проблемасының теріс салдары талданады.

Педагогтердің эмоционалды күй проблемасы Ж.Ы.Намазбаева, Б.А.Тұрғынбаева еңбектерінде талданып, негізделген [21-22].

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, колледжінің педагогтерінің зерттеу нәтижелері бүгінгі таңда олардың психикалық денсаулығы мен эмоционалды күй сияқты жағымсыз қасиеттері көрсеткіштерінің (агрессивтілігі, фрустрациясы, ригидтілігі, стреске тұрақтылық деңгейлерінің төмендігі) басым екендігін көрсетті. Сондай-ақ, бұл зерттеулерде педагогтердің жасы ұлғайған сайын пәнді оқыту барысында білім алушылардың тұлғасын дамытуға емес, пәннің мазмұнын меңгертуге баса көңіл бөлінетіндігі айтылған.

Аталғандардың әсерінен педагог бойында агрессия, агрессивті мінез-құлық, мазасыздану, кәсіби стресс, фрустрация, ішкі терең дағдарыс қалыптасады, бұл қасиеттер педагогтердің психоэмоционалды күйлеріне, психикалық денсаулығына әсер етіп, бейімделе алмаушылығын күшейтіп, әлеуметтік-психологиялық жайсыздық сезімдерді тудыратын эмоционалды күймен анықталып отыр.

Бұл өз кезегінде оқытушылардың интеллектуалды-шығармашылық әлеуетін тежеп, маңыздысы – студенттік ортада үйлесімді психологиялық жағдайды ұйымдастыруға кедергі келтіреді.

Зерттеу проблемасына қатысты ғылыми әдебиеттер мен практиканы талдау барысы педагогтердің психикалық денсаулығы мен эмоционалды күй қасиеттерін, кәсіби деформациясын тұтас тұрғыдан зерттеудің маңыздылығын байқатты. Өйткені оқытушылардың бойынан көрініс алып қалатын жағымсыз эмоционалды қасиеттерді болдырмау білім беру үрдісін әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан кешенді қамтамасыздандыруға арналған ғылыми-әдістемелік құралдарды талап етеді.

Педагогтердің психикалық денсаулығы мен эмоционалды сапасының кәсіби деформациясына көзқарастардың әртүрлілігі, олардың сипаттамалық сипаты, бірыңғай әдіснамалық базаның болмауы кәсіби деформациялардың көріністерін жүйелеуді, осы құбылыстың маңызды белгілерін түсінуді айтарлықтай қиындатады. Бұл психологиялық диагностика үшін ғана емес (практикалық зерттеу, салыстырмалы талдау), сонымен қатар кәсіби эмоционалды күйін анықтау үшін де маңызды.

Зерттеудің осы саласындағы жетекші авторлардың педагогтердің кәсіби деформациялардың көріністері, олардың мазмұны туралы көзқарастарын қарастырыңыз.

А.К.Маркованың айтуынша, психикалық денсаулығы мен эмоционалды күйі, кәсіби деформациялар педагогтердің барлық жұмыс салаларында көрінеді [23] кәсіби қызметте (қолда бар құралдарды пайдаланбау), эмоционалды қарым-қатынаста (қарым-қатынас шеңберінің тарылуы, жанжал, манипуляция, біреудің егемендігінің бұзылуы, сарқылу), эмоционалды кәсіби тұлғада (жағымды психикалық қасиеттердің жоғалуы, жағымсыз қасиеттердің өткірлігі, жеке және әлеуметтік нормаға сәйкес келмеуі).

С.П.Безносков психикалық денсаулық пен эмоционалды күй, кәсіби деформациялардың көрінісі ретінде еңбек объектісіне объективті көзқарасты, иесізденуді, қабылдау механизмдерінің бұрмалануын атайды. А.А.Деркач қызметтің эмоционалды деформациялық сипаттамаларын (қатынастардың қатаң құрылымы мен формализмі, жағдайлардың стереотиптілігі мен қайталануы, қатаң рецепт, лауазымдық нұсқаулықтардың көптігі) және мемлекеттік қызметшілердің эмоционалды күйінің деформацияланатын жеке қасиеттерін атап өтті: монологизм, бөлінбейтін үстемдік, гипер бағалау, бағынуға бейімділік деп көрсеткен.

Г.С.Абрамованың идеяларына сәйкес, эмоционалды күйі өздерінің дәрменсіздігін, бақытсыздығын, өзін-өзі түсінуін сезіну арқылы көрінеді; олар адамға функционалды көзқараспен, манипуляциямен, күш сезімімен, қарапайымдылық елесімен, шаршау сезімімен, немқұрайдылықпен, ашуланшақтықпен, құнсызданумен және басқалардың ренішті атауымен көрінеді. Психикалық денсаулықтың бұзылуы мен эмоционалды күй

«формуласы» ұсынылған: бұл екі синдромның үйлесімі - эмоционалды күйзеліс синдромы және созылмалы шаршау синдромы [24].

Отандық және шетелдік психологияда психикалық денсаулықтың бұзылуы мен эмоционалды күй мәселесі тұлғаға жағымды әсер етуі туралы көптеген мәліметтер жиналған.

Әдебиеттерді талдау барысында психикалық денсаулық пен эмоционалды күйді зерттеуге бағытталған еңбектердің саны көп емес екенін анықтадық. Психикалық денсаулық, эмоционалды күй, эмоционалды деформация мәселесінің жеке аспектілері қазақстандық ғалымдар З.Ш.Мадалиева, Ж.Ы.Намазбаева, А.Т.Акажанова, ресейлік ғалымдар С.П.Безносков, Р.М.Грановская, Л.Н.Корнеев, А.К.Маркова еңбектерінде қарастырылған.

– Кәсіби-эмоционалды өсу перспективасының болмауы.

Кәсіби-эмоционалды тұрақтану үдерісінде *педагогтердің тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің дамуы* тұлғаның *ішкі белсенділігімен* детерминацияланған динамикалық және үздіксіз үдеріс ретінде сипатталады. Педагогтер білім беру субъектісіне айнала отырып, білім, біліктердің жиынтығын игеріп қана қоймай, кәсіби-эмоционалды іс-әрекетті тұтастай меңгеріп, түрлі жағдайларға байланысты оны қайта жаңғыртып, түзетулер енгізуге қабілетті болуы қажет.

Педагогтердің психикалық денсаулығы мен эмоционалды күйі, олардың *кәсіби-танымдық компонентін* – кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға дайындығы, танымға қызығушылығы мен креативтілігі, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыра алуын дамытады. Біздің жұмысымызда кәсіби компонент педагогтердің эмоционалды кәсіби іс-әрекетінде танымға, шығармашылыққа ұмтылысымен және креативтілігімен анықталады. Өйткені педагогтердің эмоционалды күйзелісін, кәсіби іс-әрекеттерін, қызметтерін анықтау барысында жұмыстары шығармашылық, креативтілік әлеуеттеріне қойылатын талаптармен байланысты екенін анықтадық.

Әлеуметтік – қарым-қатынас компонент – педагогтермен әлеуметтік өзара байланыстарды белсендіретін контактілігі мен қарым-қатынастағы иілгіштігін жатқызамыз. Қарым-қатынас педагогтердің білім алушылармен адал және тұрақты қатынас құру қабілетімен, өзара нәтижелі және жағымды қатынас құру икемділігімен ерекшеленеді. Аталған компонент педагогикалық іс-әрекеттегі біріккен жұмыстарда тиімділіктің кепілі, осы әрекеттер арқылы психикалық денсаулығын жақсартып және эмоционалды күйінің алдын алады.

Эмоционалды компонент – өзінің және білім алушылардың эмоционалды күйін түсіну қабілеті, эмпатия. Өзге адамдардың эмоционалды күйіне әсер ете алу біліктілігі. Білім алушылардың ағымдағы эмоционалды күйіне ортақтасуы, қолдау көрсетуі. Адамның күйін бет қозғалыстары, қимыл-қозғалыстары, сөз бен дене тұрғысынан түсінуі.

Педагогтердің эмоционалды сапасының төмендігіне:

1. Өз эмоцияларын саналы түсінбеуі;
2. Эмоцияларын ерікті басқара алмауы;
3. Өзінің мінез-құлқын түрлі жағдайларда басқара алмауы;
4. Эмоциялық мотивацияның төмен болуы.
5. Түрлі стрестік жағдайларға тұрақтылығы мен бейімділігінің төмен болуы т.б.

Қорыта айтқанда, педагогтердің психикалық денсаулығы мен эмоционалды күйінің алдын алу үшін, олардың тұлғалық-кәсіби және деформациялық қасиеттерін дамыту бойынша қарастырылған ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау бізге мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

1. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде педагогтердің эмоционалды-еріктік тұлғасы, психикалық денсаулығы, кәсіби іс-әрекеті мәселесінің жан-жақты қарастырылғанын, оның тұлғалық-кәсіби дамуында алдымен эмоционалды-кәсіби деформацияны анықтау мен оны болдырмау және жою мәселерінің зерттеу қажеттілігін көрсетті.

2. Педагогтердің эмоционалды кәсіби іс-әрекеті – бұл психологиялық, педагогикалық, өндірістік-технологиялық қызметтерден тұратын кіріктірілген іс-әрекеттер жиынтығы. Кәсіби педагогикалық іс-әрекетінің нәтижесі оның көпқызметтілігімен анықталады: дидактикалық (педагогикалық технология, сабақтар, техникалық құралдар және т.б.), психологиялық (жекелік тәжірибие, психологиялық жаңашылдықтар, қабілеттерінің дамуы және т.б.).

Ғылыми әдебиеттерде педагогтердің психикалық денсаулығы мен эмоционалды күйі туралы зерттеулер кең орын алған. Алайда тұлғаның жетілуі мезгілімен пайда болатын ішкі және сыртқы, аумалы кезеңдер барысында кәсіби векторының өзгерісіне ұшырайды. Әрбір даму үдерісі сияқты, адамның кәсіби қалыптасуында оның жетілуі мен психикалық жаңашылдықтарға ерісумен қатар тұлғаның деструктивтік өзгерістеріне әкелетін ауытқушылықтары орын алады.

3. Педагогтердің тұлғалық-кәсіби қасиеттері – өзін-өзі белсендіру контексінде тұлғалық, кәсіби-танымдық, әлеуметтік-қарым- қатынастық және эмоционалды компоненттерден тұратын жүйелі психологиялық білімінің болуы, олардың психикалық денсаулығы мен эмоционалды күйінің алдын алады.

4. Әр қоғамның дамуына сәйкес педагогтердің тұлғалық-кәсіби және деформациялық қасиеттері мен сапаларына қойылатын талаптар да өзгеріп отырады, тек өзін-өзі белсендіретін педагог ғана психикалық денсаулығы мен эмоционалды күйінің алдын алады деген пікірге келдік.

Демек, педагогтердің өзін-өзі белсендіруіне қажеттілігі жоғары болған сайын, кәсіби табыстылығының көрсеткіштерін айқындайтын жағымды тұлғалық қасиеттердің деңгейлері жоғары, ал эмоционалды күй ретінде орын алатын жағымсыз тұлғалық ерекшеліктердің деңгейлері төмен болады деген болжам жасаймыз.

Қорытындылай келе, педагогтердің психологиялық денсаулығын оқу-тәрбие процесі арқылы дамыту бүгінгі күннің өзектілігімен құнды. Ол қоғам талабына сай туындап отыр. Бүгінгі таңдағы біртұтас педагогикалық процесте, білім мазмұнының осындай жаңаруына, жасалынып жатқан көзқарастар мен қадамдар және біздің зерттеу нәтижелеріміз өзіндік үлес қосады деп сенеміз.

Әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ.К. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 16.03.2022ж. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555>
2. ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы
3. Фрейд З. Психология бессознательного. – М., 2013. – 223 с.
4. Юнг К.Г. Символы трансформации, 2015 г. Издательство: АСТ, 330 ст.
5. Прихожан А.М. Тревожность у детей и подростков: психологическая природа и возрастная динамика. – М.: 2000. – 304 с.
6. Захаров А.И., Неврозы у детей и психотерапия. – СПб., 2012. 250 с.
7. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 21 қарашадағы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы
8. Жақыпов С.М. Жалпы психология негіздері. Оқулық – Алматы: 2012. – 36 б.
9. Намазбаева Ж.И. Психологические проблемы формирования поликультурной личности. Алматы: Каз НПУ имени Абая, НИИ Психологии 2008. – 22 б.
10. Шериязданова Х.Т. Учите детей общению.–Алматы: Рауан, 1992. – 107 б.
11. Ерментаева А.Р. Жасөспірімдерді психологиялық дайындаудың негіздері, Өскемен, 2007. – 37 б.
12. Дубровиной И.В. Руководство практического психолога: психическое здоровье детей и подростков в контексте психологической службы. – М.: Академия, 1995. – 168 б.
13. Никифоров Г.С. Психология здоровья. СПб.: Речь, 2002. – 256 б.
14. Хухлаева О.В. Формирование психологического здоровья у школьников: Авто-реф. дис. ...докт. психол. наук. М., 2001. – 42 б.
15. Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян / Араб қарпінен көшіргендер К. Елемес, Д. Мәсімхан. – Алматы: Жалын, – 464 б.
16. Фрейд З. Я и Оно // Я и Оно: Труды разных лет. – Тбилиси, 2001. – Кн. 1. – 351-393 б.
17. Митин Г. В. Мұғалімдердің денсаулығын қалпына келтірудің психологиялық шарттары: реферат. дисс... психол. ғылым. канд: 19.00.01. - М., 2002, – 18 б.

18. Аветисян К.А. Психологическое содержание и условия развития поведенческой гибкости учителя: Дисс. ... канд. психол. н.: 19.00.07. / Психол. ин-т РАО. – М., 2001. – 176 с.
19. Асмаковец Е.С. Психологические факторы и условия эмоциональной гибкости учителя: Дисс. ... канд. психол. наук: 19.00.07. / Психол. ин-т РАО. – М., 2006. – 82 с.
20. Голубева Я.В. Психологические условия и факторы профессионального развития специалистов службы занятости: Автореф. дисс. ... канд. психол. наук: 19.00.07. – М., 2006. – 19 с.
21. Намазбаева Ж.И., Каракулова З.Ш., Лавриненко Н.С. Личностно-профессиональное развитие личности преподавателя в современного вуза: учебное пособие. – Алматы: Каз НПУ им.Абая, 2010. – 90 с.
22. Тұрғынбаева Б.А. Біліктілікті арттыру жүйесіндегі мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту: дисс. пед. ғыл. докт. – Алматы, 2006. – 320 б.
23. Маркова А. К. Кәсібилік психологиясы. – М.: Білім, 2007. - 308 Б.
24. Абрамова Г.С. Практическая психология. – М.: Академия, 2011. – 363с.

ӘОЖ 82-651

С.СЕЙФУЛЛИННІҢ «ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШУІ» – ТӨҢКЕРІСТІК ТАҚЫРЫПТАҒЫ ТҰҢҒЫШ РОМАН

Н. Нурсадық,

Көп тілді білім беру факультеті

«Қазақ тілі және әдебиеті» БББ 2-курс магистранты,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

Ғылыми жетекші: Н.С.Қамарова,

филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Аңдатпа. Бұл мақалада Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» романының басты идеясы сипатталады. Шығарма автобиографиялық сипаттағы роман болғандықтан, көп жағдайда автор мен баяндаушы бірігіп, ортақ қызмет атқаратындығы, көркемдік ерекшеліктері де сөз болады. С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» қазақ ұлты бастан кешкен ХХ ғасыр басындағы әрі тарихи оқиғаның көркем шежіресі болып табылатындығы дәлелденеді.

Кілт сөздер: Сәкен Сейфуллин, Алаш идеясы, «Тар жол, тайғақ кешуі», дәуір ұраны, тарихи роман

Сәкен Сейфуллин қазақ жерінде қазақ төңкерісін жүзеге асырушылардың бірі болды. Ақмола Совдепін құрып, азамат соғысы жылдарында атаман Анненковтың азап вагонында, Колчак лагерінде

қорлық көріп, мұхнат тартты. Сәкенді адам ретіндегі қайсарлығы, принципке адалдығы үшін де бағалау керек. Ол көптеген жауапты қызметтер атқарды. Қазақстан пролетар жазушылары ассоциациясының басшысы, Қызылордадағы халық ағарту институтының Ташкенттегі қазақ педагогикалық институтының директоры, “Еңбекші қазақ” газеті, «Әдебиет майданы» журналының редакторы, Қазақ АКСР Халық комиссарлар Советінің председателі болды.

Халық бақытын жұмысшы-шаруа революциясынан таппақ ниеттегі жалынды қайраткер өзі құрысқан мемлекет ұстанған теріс саясатының аянышты құрбанына айналды.

Дәуір ұранына сәйкес қазақ топырағында тарихи-революциялық тақырыпқа барған тұңғыш роман – “Тар жол, тайғақ кешу”. Ол 1922 жылдары жазыла бастап, 1927 жылы жеке кітап болып шықты. 1936 жылы өңделіп, толықтырылып, екінші рет басылды. Шығармада 1916-1919 жылдардың оқиғалары қамтылады.

Роман сюжетіне діңгек боп орналасқан аса көрнекті азамат ақын, күрескер Сәкен Сейфуллин тұлғасы зор тарихи-әлеуметтік құбылыстың қазақ жеріндегі дүмпуін, сахара халқының ұлттық-саяси бостандыққа ұмтылған алмағайып тағдырын елестетеді. Автор – қаһарман бар болмыс-бітімі мен дара характер ерекшеліктеріне қарамастан, үлкен жалпылаушылық сипаттарға бай. Қаламгер өз басынан кешкен сұрапыл оқиғаларды еске түсіре отырып, эпизодтық кейіпкерлер өмірінен тікелей баяндау немесе автордың шегіністер арқылы уақыт шындығын көрсететін мәлімет, хабарлар келтіріп отырады. Романда төңкеріс қарсаңы мен кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның бар түкпіріндегі саяси-қоғамдық істердің бағыты, барысы, салалары кең пайымдалады. Автобиографиялық кейіпкер тіршілігі ел ішіндегі іргелі әлеуметтік-психологиялық құбылыстармен тығыз байланысты. Роман композициясындағы екі сюжеттік жұлгенің бірлесе дамуын, бір-бірін толықтырып, мазмұндық жағынан байытуын аңғарамыз. Сәкеннің жеке басынан өткен жағдайлар газет мақалалары, хат, телеграмма мәтіндері, лирикалық шегіністер, әңгімелеу түрлеріндегі тарихи шындық деректерін нақты мысалмен өрнектейді. Ол туралы белгілі ғалым Т.Кәкішев те жазады [1, 124]. Романда белгілі қаһармандар тобының арасында фабулалық негіз бойынша тұтанып, өрістейтін, шарықтау шегіне жетіп, шешімді табатын әдеттегідей тартыс жоқ. Мұндағы тартыс жалпылық көлемде алғанда не ықылым заманнан бері тақымға басқан үстемдігінен айрылғалы тұрған бай-болыс, төрелер мен патша жандайшаптары және материалдық игіліктер бөлісінен ысырылып қалған, әлеуметтік-құқылық бостандығы шектеулі еңбекші бұқара арасындағы әскери, идеологиялық қақтығыс. Тар мағынасында – Анненков, Колчак армиясын жақтаушылар мен Ақмола Совдепі мүшелерінің күресі. Біз қазір құндылықтар парадигмасын ауыстырғанмен, “Тар жол, тайғақ кешудегі” бас қаһарманмен бірге атақты азабын, Анненков вагонын, Омбы лагерінің темір шынжырын көрген

Катченко, Бачок, Дризге, Павлов, Нүркин, Асылбеков, Кондратьева, Панкратова тәрізді большевиктердің сенім күші мен төзім қуатын, табандылығын мансұқ ете алмайсыз.

Жоғарыдағы ар-ожданлық, әлеуметтік-психологиялық сапалар шығарманың баяндау жүйесі бойынша С.Сейфуллин образында әрекет-сезімдік деректер арқылы мейлінше мол жинақталады. Сәкен революцияға қалыптасқан тұлға ретінде араласады. Образдың туу, өсу тарихынан хабар беретін көріністер жоқ. Іс-қимыл, қайраткерлік үшін де ширығып, шыңдала түсетін тұтас мәнді мінез сипаттарын танимыз. Кейіпкердің саяси-дүниетанымдық бет-әлпеті жауларына қатысты көзқарасынан байқалады. Ақмоладағы қажы, қалыс, саудагерлермен де, Орал, Торғайдағы Алашорда өкілдерімен де Сәкен публицистикалық стильде ашық айтысқа барады. Біз, әрине, мұндай сәттерге уақыт талабы ыңғайымен, әркім өз талғамына орай, түрлі рәуіште көз салуға еріктіміз. Мәселен, автор теріске шығара көрсететін Алаш қайраткерлерін қазір ұнамды қырынан пайымдауға мүмкіншілігіміз мол. С.Сейфуллин жеке өзіне тән сол кездегі пайыммен, тағдыр нұсқауымен дұшпандық жікке бөлінген қарсыластары туралы субъективті тұрғыдан сөйлеуге құлықты әрі мәжбүр. Кедейлердің “Үш жүз” ұйымын сауатсыздығы, орашалақтығы үшін қостамас, идеологиялық жауларын сынағанмен, олардың білімі, айла-шарғысын, шешендігін бағаламай қоя алмайды.

С.Сейфуллиннің теориялық, таптық ұстанымға сүйенгенін жасыру да, ол үшін жазушыны айыптау да керек емес. “Тар жол, тайғақ кешу” – ең алдымен тарихи, әдеби факт және көркем мәтін. Ал мәтін әр заманда әр адам арқылы әр түрлі оқыла береді.

Қаламгер кедей қауымына әлеуметтік аяда көз салады. Жалшы-жарлының сырт кейпіндегі ерекшеліктер шет-шегі жоқ бейнет тауқиметін бедерлейді. Ішкі әсер күйлерін, кейінгі салдарымен бірге алынған іс-әрекет түрлерін бай ауыл тұрмысындағы жай-жапсарға сай риторикалық-публицистикалық стильде суреттеу реалистік мақамға бай.

Ал бұдан басқаша сипаттағы, қыр халқы қадір тұтатын рухани серпіліс сәті – той-думан көрінісі психологиялық тұрғыдан аса қызық. Баяндаушы-қаһарман қалың елмен бірге қуанады. Мұнда шешендік пен поэзия, музыканың беделі өлшеусіз зор. “Шұбыра” аулындағы мереке барша сахара жұртына хас ойын-сауық, архетипіне сай мезеттерді шебер өрнектейді.

Сондай-ақ “Әуілдек” аталатын тараудағы жазушы тағдыр тәлкегінен сүйгеніне қосыла алмай, сол қасіреттен жүрегін жарып шыққан зарлы әнін Әуілдек көлі жағасында әрбір кеш сайын салып, жан жарасына табиғаттың сиқырлы күшінен ем іздейтін әйел жайлы халық жадындағы естелік те қыр өмірінің шынайы детальдармен бейнеленуіне елеулі үлес қосады. Қоршаған ортаның жалпы суретінен әйел зарына ортақ лебіз байқалмайтындай. Алайда қасірет тартқан жандарға деген қоғам қатігездігіне тұспалмен мағыналық егіздесу бар. Шындықты сарабдал

бейнелеуден С.Сейфуллиннің фольклор мен ауызша поэтикалық дәстүрлерге қатысты жаңашыл қадамы байқалады. Табиғатты суреттеудегі бұл амал ландшафтың сыртқы қасиеттері автор-қаһарман сана сфералары арқылы көрінуімен ерекшеленеді. Жазушы кейіпкер жан дүниесіне үңілер сәттерде пейзаждық жекелеген бөлшектері субъективті қызмет атқара бастайды, антропоморфизмге негіз беретіндей: жылаған бейбаққа камыс сыбдыры қосылатындай, көл үстіндегі құстар мұнды дауысты іліп әкететіндей.

«Тар жол, тайғақ кешу» [2] автобиографиялық сипаттағы роман болғандықтан, көп жағдайда автор мен баяндаушы бірігіп, ортақ қызмет атқарады. Алайда бұл екі ұғымның ара-жігі көрінетін сәттер де жиі ұшырасады. Баяндаушы – қаһарман өзінің сюжеттік желіге негізгі түйін ретінде тартылуы нәтижесінде зор тарихи-әлеуметтік оқиғаларға, айналадағы сан алуан құбылыстарға жеке көзқарасы тұрғысынан баға береді. Ол ең алдымен тура сол сәттегі жағдаяттар, көңіл-күй әсерлерін нақты қалпында бейнелеуге міндетті. Шығармада бұл процесс әрі қоғам қайраткері, белгілі жазушы Сәкен Сейфуллиннің қазақ төңкерісінен кейінгі жылдардағы түсінік, толғамдарымен толыға түсіп, барынша объективтендірілген.

Романдағы баяндаушы-кейіпкер тек байқап қоюшы ғана емес, шығарма фабуласындағы әр түрлі мағыналық астарларды талдап, қорытушы, оған қатысты ой-сезімді ашық жеткізуші орайында белсенді эмоционалдық роль атқарады. Міне, дәл осы тәрізді экспрессивті актілерде авторлық позиция анық бетін танытады. Белгілі бір оқиға, құбылысқа байланысты әсер, толғаныс сипаттары баяндаушы-қаһарманның сол сәттегі жан дүниесінен хабар береді де, автор бейнесі арқылы дәлелденген сенімді интонацияға иеленеді. Мұндай жағдайларда мезгіл алшақтықтары сыналған көзқарас дұрыстығы нәтижесінде мазмұндық бірлікке ұласады. С.Сейфуллин романы онда суреттелетін уақыттан көп қалыс жазылмаған. “Тар жол, тайғақ кешуді” осы заман туралы тарихи туынды деп қабылдауға әбден болады. Сондықтан да баяндаушы-қаһарман мен автор арасында дүниетанымдық, саяси айырым жоқ. Алғашқысы тас өткел, тар босағадан жанталаса өтіп жүрсе, соңғысы – әлгі ерлігіне, революционер достар өміріне, дауылды кезеңге таңырқай қарап, ойлана жауап іздейтін азамат – жазушы.

Пейзаж, портрет жасаудағы С.Сейфуллиннің суреткерлік ерекшелігін тану үшін “Әуілдек” әнінің туу тарихы, кешкі ән-сауықта ерекше көрінген Қабиба атты қыздың бет-келбетін сипаттау тәрізді эпизодтарға көңіл аударсақ, терең авторлық толғаныстардың эмоционалды-бейнелеушілік күші мол екенін көреміз.

С.Сейфуллин шығармада ұшырасатын көптеген кейіпкерлерге толық тоқталып жату мүмкіндігі болмағандықтан, авторлық мінездеме беріп отырады. Мысалы, Ақмола үздік Совдеп мүшелерін ресми түрде санамалай келіп, кейбір өзі неғұрлым таныс адамдарға әдеттегідей шыққан тегі мен

кәсібін атаумен шектелмей, оған қосымша адамгершілік, азаматтық қасиеттерін, ең басты характер сипатын ескертіп өтеді. Бұл тұста автор-қаһарман істес болған адамдармен ғана танысып қоймаймыз, жазушының едәуір тұрақты, тыныш психологиялық жағдайларда бұрынғы айтыс-дау, жасырын әрекеттердің қызу көрігінен өткен серіктерін бағалаудағы көңіл-күйі мен негізгі ұждандық-этикалық ұстанымдарын аңғарамыз. Жолдастарына берілетін анықтамалардан әсіресе оқшау, ұнамды мінез көрінетіні – қажырлылық, бірсөзділік, ақылдылық.

Алдымен субъектінің іс-әрекеті, мақсаты баяндалады, одан соң автордың эмоционалды-баға беруші тұжырымы түйіледі. Катченкоға байланысты қаламгер ұлттық характер туралы ой қорытқанда, тарихи-әлеуметтік негіздерге жүгінетінін байқаймыз. Ал Дризге мен Павлов мінездемесі қарама-қарсылығы бойынша емес, бірлігі, туыстығы орайында салыстырыла беріледі.

Романда айналада өтіп жатқан оқиға, құбылыстарды терең қуатпен бейнелейтін әсерлі жолдар жиі кездеседі. Бірінде автор – қаһарман халық басына түскен ауыртпалыққа күңіренеді, бірінде идеологиялық қарсыластарына ашынады немесе өзінің, достарының қателіктеріне күйінеді, бұқараның аңқау, надандығына кейиді. Әйтпесе тұтқында жатқанда көрген азап-тауқиметтерін еске түсіріп, шамырқанады, қиын-қыстақтан халықпен бірге шығар жол іздеп, ширығады. «Жайшылықта ой-өзегі бір арнаға құйылатын көзқарастардан жүйесін тапқандай сөздерді көптеп кездестіруге болар, ал бағыттары бөлек зиялыларға өмірдің қатал да қытымыр тұстарында Сәкеннің аталы сөз айтып, тоқтам жасауын азаматтық ерекшелік демеске шараңыз бар ма?! Күні кешеге дейін қарғыстай көрінген «ұлтшыл», «байшыл», «бай ниетті ұлдар» деген сөздердің, кейбір артық-ауыс ой-тұжырымдардың Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» романының 1927 жылғы ең алғашқы басылымында болмай, соңғы басылымдарында болу себебі әдебиетшілер, тарихшыларға белгілі болғанымен, оқырман қауымның көпшілігіне белгісіз-ау деп ойлаймыз». [3, 5]. Сәкен Сейфуллин романы ұлттық прозаның балаң шағында туғандығына қарамастан, жазушы көркемдік құралдарының әр алуан түрін пайдаланады. Бұл жолда ұлттық әдебиет үшін мүлде тың тақырып әрі жөргекке ораулы роман жанрының автобиографиялық үлгісіне тән кейбір стильдік-композициялық шектеулер әкелетін кедергілерді жеңе білді. Мәселен, жазушы мұрат тұтатын кейбір характер өлшеміне қарама-қарсы келетін мінез-қылықтарды кездестіріп, ашына толғанатын шағынан басқа жерде аса ірі рухани-эволюциялық мәні бар монологтарға барған. Ширыққан тақырыпқа толы бұл монологтар дүниетанымдық, әлеуметтік-ұждандық сауалдарға терең сезім толқынымен жауап іздеу, нағыз ақиқатқа ұмтылу пафосын өрнектеген.

С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» қазақ ұлты бастан кешкен ХХ ғасыр басындағы тарихи оқиғаның көркем шежіресі болып табылады. Бұл роман қазақ әдебиеті тарихы үшін де маңызы зор шығармалардың бірі болып қалды.

Әдебиеттер:

1. Кәкішев Т. Октябрь өркені. Алматы: Қаз. мем. көркем әдеб. баспасы, 1962. – 200 б.
2. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Алматы: Өлке, 2013. – 544 б.
3. Ахмет К. Сәкен және Алаш арыстары. «Орталық Қазақстан» газеті, 13 қыркүйек, 2019.

ӘОЖ 82-1/29

**ЖӨКЕЙ ШАҢҒЫТБАЙҰЛЫНЫҢ «ҚҰЛ МЕН ҚЫЗ»
ДАСТАНЫНЫҢ «ҚЫЗ ЖІБЕК» ЖЫРЫНА ҰҚСАСТЫҒЫ**

Т. Муса,

Көп тілді білім беру факультеті

«Қазақ тілі және әдебиеті» БББ 2-курс магистранты,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. Атырау қ.

*Ғылыми жетекші: Н.С. Қамарова – филология ғылымдарының
кандидаты, қауымдастырылған профессор*

Аңдатпа. Бұл мақалада Ақтөбе өңірінің тумасы эпик ақын Жөкей Шаңғытбайұлының «Құл мен қыз» дастаны туралы, ондағы өзек болған оқиғалардың өмірден алынғандығы туралы жазылады. Аталған дастандағы тақырып пен идея, көркемдік ерекшелігі, «Қыз Жібек» жырына ұқсастығы сипатталады.

Кілт сөздер: Жөкей Шаңғытбайұлы, эпик ақын, «Құл мен қыз» дастаны, заман шындығы, тақырып, идея

Жөкей Шаңғытбайұлының «Құл мен қыз» – кеңес тұсында бағы жанып, баспа бетін көріп, кітапқа түскен жалғыз дастаны. Қазақ ССР Ғылым Академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет институты 1964 жылы шығарған «Батырлар жырының» үшінші томындағы 53 бетті (472-524 беттер) қамтитын, 1395 жолдық ұзақ жыр 35 100 данамен Қазақстан шегінде тегіс таралған. Редакциясын басқарғандар Мәлік Ғабдуллин мен Мұхамеджан Қаратаев. Кітап аннотациясында: «Құбықұл», «Құл мен қыз», «Айдос батыр» жырларымен де оқушы жұртшылық осы кітап арқылы бірінші рет таныс болмақ», – деп атап көрсетіледі. Кітап кіріспесін жазған профессор Мәлік Ғабдуллин: «...Бұл міндетті орындауға кіріскен институт «Батырлар жырының» осымен үшінші томын баспадан шығарып отыр. Әрине, батырлар жырының ең таңдаулы үлгілерін баспа жүзіне шығару ісі мұнымен аяқталып қоймайды», – дейді. Жөкейдің «Құл мен қызын» ең таңдаулы жырлардың қатарына қосып отыр. Әйгілі ғалым мұнымен ғана шектелмейді, бұл туындыға кеңірек тоқталып: «Оқушы жұртшылыққа ұсынылып осы томға енген жырдың келесі біреуі – «Құл мен қыз» жырының

екі варианты бар. Бірі – халық ақыны Жөкей Шаңғытбаевтан, екіншісі – Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданындағы Науқанов Бақтыгерейден жазылып алынған. Бұл кітапқа кіріп отырған Жөкей Шаңғытбаевтың (Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Сұлуқопа советі, Жаңа ауыл колхозының тұрғыны) варианты. Өйткені Бақтыгерей вариантынан гөрі Жөкей варианты көркемдігі жағынан болсын, оқиға баяндауы жағынан болсын жинақы, сұлу. «Құл мен қыз» жыры бұрын еш жерде басылмаған. Қалың оқушы жұртшылыққа бірінші рет ұсынылып отыр», – деп ақ-қарасын анықтап ашады.

Жырда Балпаң байдың қызы Әйім мен құлы Талайлы арасындағы махаббат хикаясы баяндалады. Бірде ұлан-асыр той өткізіп, біздің Қыз Жібек сияқты Әйім сұлу да жардан жар таңдайды. Сол тойда Талайлы бас палуан атанып, аты бәйгеден келеді. Жамбыны атып түсіреді. Әйім Талайлыға ғашық болып қалады, бірақ «құлға» қосылуға рұқсат жоқ. Содан екеуі қашады. Қуғыншылар соңдарынан жетіп жігітті өлтіреді. Ілгері кеткен қыз мұны білген соң өзін-өзі суға тастап, мерт болады.

Ақтөбе облысының территориясында «Құл», «Қыз» аталатын жерлер бар. Жер атауына байланысты ескі аңыз бар. Ақын сол аңызды дастанына арқау еткен. Дастан жайын жетік білетін профессор Әуелбек Қоңыратбаев та: «XIX ғасырдың соңына қарай туып, ел аузында сақталып келген жырлардың бірі – «Құл мен қыз». Оның оқиғасы «Мақпал қыз» сюжетіне ұқсас. Жырдың екі түрлі нұсқасы бар: бірі – халық ақыны Жөкей Шаңғытбаевтан, екіншісі Бақтыгерей Науқанұлынан жазылып алынған. Бұл екеуі де Ырғыз ауданының ақындары. Жөкей нұсқасын Ырғыз ауданы Ұзынкөл ауылсоветіне қарасты орта мектеп мұғалімі Бітірбаев жазып алып, Қазақ ССР Ғылым Академиясына жіберген. Бұл нұсқа көркем, әрі қызықты», – дейді. Оны талдаған ғұлама ғалым: «Жыр «Құл мен қыз» аталса да, оқиға ертедегі құлдық қоғам өмірінен емес, қазақ халқының берідегі тіршілік-тынысынан хабар береді. Мұнда қазақ өмірінің сан алуан ерекшеліктері, шындығы мен болмыс бітімі молынан қамтылған. Жыр сонысымен де құнды. Сол себепті «Құл мен қыз» сюжеті «Мақпал қыз», «Сұлушаш», «Құралай сұлулармен» тұрғылас трагедиялық махаббат жырының көркем бір үлгісі болмақ», – деген тұжырым жасайды.

Жөкей туындылары қанша «тігісін жатқызғанымен» Кеңес үкіметіне жақпады. Тек ыңғайын тауып, орайын келтіріп профессор Мәлік Ғабдуллин ғана «жырда әйел теңсіздігі әңгіме болған, революциядан бұрынғы таптық жағдай көрсетілген» деген сияқты нәрселерді алға ұстап, өзі құрастырып отырған кітапқа салып жіберген. Болмаса мұнда Балпаң байдың адамгершілік жағы да (өңкей «қара» емес), ас та төк той жайы да, бәйге, палуан, жамбы сияқты сайыс ерекшеліктері де, үй тіктіру, ас беру реті де, яғни, қазақ ғұрпы мен этнографиясындағы озық жақтар кең қамтылған. Ұлы Октябрь революциясынан бұрын да қазақтың қайыршы, азып-тозған халық болмағаны айқын көрініс тапқан.

Қазақ халқының әдеби даму тарихында оның өзге халықтармен әдеби байланысы, зерттеу ісінде З.Ахметов, Ө.Күмісбаев және Ш.Сәтбаев т.б еңбектерінің рөлі ерекше. «Әдебиеттану» терминдер сөздігінде: «Әдеби байланыс – ұлттық әдебиеттерарасындағы көркемдік дәстүрлер жалғастығы, ықпалдастығы. Әдеби байланыс нышандары жазушының қалыптасқан әдеби дәстүрлерге табан тіреуінің нәтижесінен, сондай-ақ тамырлас әдебиеттер арасындағы типологиялық ұқсастықтан туындайды» делінген [1]. Сан ғасырлық тарихы бар қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің түп-төркінін, қайнар бастауын объективті түрде зерттеудің ғылыми принциптерінің бірі – ежелгі рухани мұраларды өзара байланысты түрде алып қарастыру, яғни көркемдік дәстүр жалғастығы заңдылықтары арқылы танып білу. Тарихи жалғастықтың өзі қоғамда бұрыннан қалыптасқан белгілі-бір дәстүрге негізделеді. Дәстүр дегеніміз – бір ұрпақтан келесі ұрпаққа ұдайы ауысып отыратын, тарихи тұрғыдан қалыптасқан, әлеуметтік нормалар мен көзқарастардың рухани негізі екені мәлім. Мұның өзі көркем дәстүр жалғастығына да тікелей қатысты болып келеді. Өйткені әрбір ұрпақ өзінен бұрын ғұмыр кешкен барлық ұрпақтар жасаған рухани мұраны игеріп, оны жаңа қоғамдық-тарихи жағдайға сәйкес жетілдіріп отыруы тиіс. Сонда ғана қоғам дамуының рухан мүмкіндігі объективті түрде жүзеге асады.

Міне осы дәстүрді жалғастырушы ақындардың бірі – Жөкей Шаңғытбайұлы. Жөкей Шаңғытбайұлы 1901 жылы Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ұзынкөл ауылында дүниеге келген. Қазақ шежіресі бойынша Жөкей Кіші жүздегі Шөмекей руынан. Шөмекейден төрт бала – Аспан, Бозғыл, Тоқа, Көнек тараған. Осының Көнегі. Көнектен – Бегісай, одан – Құлшық, одан – Ая мен Сая. Аядан – Бабан, Батай, Бөдене. Бабаннан он сегіз бала тараған. Соның бірі – Есіркеп. Есіркептен – Бітірбай, Бітірбайдан – Шаңғытбай, Құлжабай және Телеу деген үш бала. Шаңғытбайдан – Жөкей мен Көкібай туған [2, 6].

Жөкей – эпик ақын. Батыс Қазақстандағы эпикалық дәстүрді жалғастырушы. Жөкей шығармаларын насихаттаған Жәкібай Сағынбайұлы, Сәдуақас Құлжабайұлы. Сәдуақас желісін зерделей отырып, Жөкейдің «Кене хан», «Елемес – Аман», «Дәме сұлу», «Айша қыз», «Кілем жайған», «Шет Ырғыз», «Орқабай алып», «Жанқожа батыр», «Опасыз жар», «Ой қожа мен қыр қожа», «Құл мен қыз» дастандары бар екенінен мәлімет аламыз. Міне, осы дастандардың ішінде ең таңдаулысы «Құл мен қыз» дастаны. Дастан ғашықтық жырға жатады. Бұл дастанда байдың қызы мен құлы арасындағы махаббаты жайында баяндалады. Жыр шамамен 200-ге тарта шумақтан тұрады. Жырдың ұйқасына келер болсақ ақын бұл жырда қара өлең ұйқасын көп қолданған, бірақ шұбыртпалы, шалыс, ерікті ұйқастар да кездеседі. «Құл мен қыз» дастаны көркемдік тәсілдерге өте бай. Жырда: эпитет, теңеу, метафора сонымен қатар, аллитерация мен ассонанс, анафора мен эпифора көптеп кездеседі. Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» атты еңбегінде: фигураның (айшықтаудың) бір түрі – қайталау сөз әсерін

күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсуі деп беріледі». Бұл құбылысты да ақын жырдың көркемдігін күшейту үшін ұтымды қолданған [3, 234 б.].

Көрмедік біз өсіріп ұл қызығын,
Кигізіп қызыл жібек қырмызының.
Құда боп, қалың беріп, қыз айттырып,
Көрмедік шашып, жайқап мал қызығын.
Түсіріп оң жағыма отау тігіп,
Келінім сәлем етіп тізе бүгіп,
Көрмедік не ұзатып қыз қызығын [4, 161].

Дастанда ақын қыз бейнесін суреттеуде: құндызындай, жұлдызындай, хор қызындай, талшыбықтай, қырмызыдай, ақ мақтадай, туған айдай, қызғалдақтай және тағы да басқа теңеулерді қолданған. Жырда эпитеттер өте әдемі келтірілген: салтанатты кісі, шымқай қызыл бұл эпитеттер жырдың сәнін келтіріп, оқырманға ерекше әсер береді. Жөкей көшпенділік дәуірді өз көзімен көргендіктен, үнемі ат үстінде жүріп, туған жерінің ой-шұқырын, сұлу табиғатын, жан-тәнімен сезінгендіктен табиғат құбылысын суреттеуде көркемдегіш құралдарды ұтымды пайдалана отырып, өте тартымды жыр, мінсіз сурет жасайды. Көркемдік бояуын сан түрлендіре отырып,

Жөкей дастанда Әйім сұлуды былайша суреттейді:

Әйімнің жасы келді он тоғызға,
Әркім-ақ ынтық болды осы қызға
Сұлудың сұңғақ бойлы нұр дидары,
Пара-пар аспандағы ай, жұлдызға.
Қасы қара Еділдің құндызындай,
Нұр жайнар, көзі Шолпан жұлдызындай,
Тік иық, жазық жауырын, құмырсқа бел,
Көрінер көркемдігі хор қызындай.
Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай
Ақша бет, ал қызыл жүз қырмызыдай [3, 159].

Қарап отырсақ, әйгілі «Қыз Жібек» жырындағы Жібектің суреттелуімен пара-пар келетін секілді:

Ақ маңдайы жалтылдап,
Танадай көзі жарқылдап,
Алтын шашпау шашында-ай.
Қыз Жібектің ақтығы
Наурыздың ақша қарындай.
Ақ бетінің қызылы
Ақ тауықтың қанындай [4, 108].

Сұлу қыздар бейнесінің суреттелеуі өте тартымды, әсерлі, әдемі. Көркем шығарманың қай-қайсысында болмасын көркем бейне елеулі орын алады. Образ деп – көркем шығармада сөзбен сомдалған кез-келген құбылысты (көбіне әдеби қаһарман бейнесін) айтады. Міне біз салыстырып

отырған екі дастанда да қазақ халқының әдемі әдеп-ғұрпы мен салт-дәстүрлері, одан қалды сол дәуірдегі байлар образы, асқан абыроймен, халқының алдында адал адам ретінде көрініс тапқап. Балпаң бай:

Сол кезде бір бай болған Балпаң атты,
Кісі еді даңқы шыққан салтанатты.
Ешкім жоқ кіші жүзде одан озар,
Әрі ер, әрі жомарт, сауатты [3, 158].

Базарбай:

Жағалбайлы елінде,
Базарбай атты байы бар.
Байлығын оның сұрасаң,
Өлшеу қылып айтуға
Хисап жетпес жайы бар...[4, 86]

Аталған ұқсастықтар, әр жолдың пара-пар келуі Жөкейдің халық ауыз әдебиетінен сусындағанын көрсетеді. Ұқсастықтар мұнымен аяқталмайды. Айтып өткендей «Құл мен Қыз» дастаны мен «Қыз Жібек» дастаны ғашықтық жырға жатады. Осы екі жырда да екі ғашықтың бір-біріне деген сезімі, махаббаты, сағынышы көркемделіп баяндалады. «Құл мен Қыз» дастанында:

Екі жас талап қылып қосылуға,
Жанға айтпай жас пікірін жасыруда:
Жалынды жас жүректің махаббаты,
Ынтық боп қосылғанша асығуда.
Көрген соң ғашық жарын көңілі тасты,
Ибамен иек қағып амандасты;
Қосылып, қолын ұстап, емін-еркін,
Сүйісті, құшақтасты мауқын басты [3, 188].

«Қыз Жібек» дастанында:

Екі ғашық қосылып,
Өңгіме дүкен құрады.
Екеуінің суреті
Ләйлі-Мәжнүн болады.
Екі бекзат қосылып,
Күндей балқып тұрады [4, 342].

Ғашықтардың сезімге берілуі, бір-бірін көргендегі қуанышы, көзайым болуы – жыршының асқан шеберлігінен туындаған дүниелер. Аталған екі жырда қазақ халқында ел арасында дұшпандардың болғаны байқалады. Дұшпанына сұлуды қимау, намысқа берілуі, қыз баланың жат жұрттық болып жаратылуы тарихта бар жағдай. Осы арқылы ақын дастанның көркемдігін де арттырып, сюжетті тартысты шебер пайдаланған. «Құл мен Қыз» дастанында:

Ғашық көп қыз
Әйімге ел-жұртында,
Аңдысқан бәрі дұшпан жүр сыртында.

Кеткенін Талайлымен біліп анық,
Қимайды намыс қылып қызды құлға [3, 189].

«Қыз Жібек» дастанында:

Ел жауы әрбір жерде жүр ғой тосып,
Хабарлас бір-біріне басын қосып.
Жібекті бұл сапарда ұзата алмай,
Естіген ел аузында сөзден шошып [4, 343].

Ғашықтық жырдың бір ерекшелігі – ғашықтардың ажырасуымен аяқталуында. Осы көрініс екі жырда да кездесіп, жырдың көркемдігін арттырып тұр. «Құл мен Қыз» дастанында: Жантілеу ұсына берді алдын тосып,

Талайлы оны көріп кетті шошып:
Мылтықты жақын келіп дүрс еткізді,
Жалғыз оқ аш сүбедең өтті жосып [3, 193].

«Қыз Жібек» дастанында:

Мылтыққа білте басады,
Әруағы оның асады.
Төлеген сынды мырзаның
Қанын судай шашады [4, 132].

Ғашықтық жырлардың соңы қайғымен, бас кейіпкердің өлімімен аяқталуы немесе қос ғашықтың қосыла алмауы – дастандарға тән дүние, тартысты сюжет. Жөкей Шаңғытбайұлының «Құл мен қыз» дастаны көркемдігі жағынан жоғары, әдемі, әсерлі жазылған, бір деммен оқылатын шығарма.

Қорыта келгенде, «Құл мен қыз» дастаны – аймақтық әдебиеттануда өз орны бар, әлі де зерттеуді талап ететін дастан. «Қыз Жібек» жырымен салыстыруымыздың өзі дастанның көркемдігі жағынан алда тұрған шығарма екеніндігін көрсетеді. Әрине, «Қыз Жібек» жырымен барлық жағынан ұқсас емес, жырлануыныда ұқсастықытар бар екені байқалды.

Әдебиеттер:

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбаев. Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
2. Жөкей Шаңғытбайұлы. Дастандар. Құрастырған Ж.Асанов. – Алматы: Ел-Шежіре, 2007. – 288 б.
3. Қабдолов.З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
4. Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2009. Т.53. Ғашықтық жырлар. – 456 б.

ӘОЖ 82-1/29

Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ТӘЛІМГЕРЛІК МҰРАТТАРЫ

Г.Б.Қойшан,
Көп тілді білім беру факультеті
«Қазақ тілі және әдебиеті» БББ 2-курс магистранты,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. Атырау қ.
Ғылыми жетекші: Н.С. Қамарова – филология ғылымдарының
кандидаты, қауымдастырылған профессор*

Аңдатпа. Бұл мақалада ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары, еңбектеріндегі тәлім-тәрбиелік мұраттары сипатталады. Қазақ мектебі мазмұндық жағынан жаңарып, баюға бет алған бүгінгі тұста Ы.Алтынсариннің халықтық педагогика үлгілерінің жүйесін насихаттау барысында жүргізген жұмыстары ерекше талдауды қажет етеді. Ы.Алтынсариннің өлмес мұрасы бүгінгі күн талабымен үндес жатқандығы зерделенеді.

Кілт сөздер: Ы.Алтынсарин, педагог, ағартушы, педагогикалық көзқарас, тәлімгерлік мұраттар

Ыбырай Алтынсаринді танып-білу оның өмір сүрген заманынан, өскен ортасынан алған тәлім тәрбиесінен басталады. Педагогтың ізденіске, күреске толы өмірінің баршамыз үшін, әсіресе өмір босағасын енді аттаған жастар үшін ғұмырын халыққа арнаудың өшпес өнегесіндей танылуы біздер үшін ерекше. Өйткені ол өзіне дейін кемеріне әбден жеткен, бірақ шешімін таппаған бірсыпыра әлеуметтік мәселелерді бірінші болып қолға алып, іске асырды.

Ыбырайдың артында қалдырған рухани мұрасы аса бай және алуан жанрлы. Ыбырай мұрасы оқушыларға мектеп оқулықтарынан, сондай-ақ әр кезде жарық көрген ағартушы шығармаларының жинақтарынан жақсы таныс. Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсынов, Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай: «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болған» халқымыздың алғашқы ұстаздары. Қазақ даласында бірінші болып мектеп ашып, жас ұрпаққа білім шырағын жағуы, ана тілінде оқыту секілді халық өмірінде бұрын-солды болмаған зор әлеуметтік мақсаттарды орындау Ы.Алтынсаринге әрине өз заманында оңайға түскен жоқ. Әйтсе де, халқын сүйген, ашық жарқын болашағына шексіз сенген патриот, жігерлі күрескер Ы.Алтынсарин: «Ал енді құдай басыма не салса да, мені күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын» [2], - деп Н.И.Ильминскийге сеніммен жазғандай, сан-сала қиындықтармен табанды күресе жүріп, әрі орыс достарының, әріптестерінің көмегін, ақыл кеңесін жүзеге асыра отырып, алдына қойған негізгі мақсатын орындады. Ы.Алтынсариннің осындай қажырлы еңбегі, күресі арқасында 1864 жылы қазақ сахарасының төрінде бұрын құлаққа шалынбаған жаңа әуен-балаларды білімге, өнерге шақырған қоңырау үні тұңғыш рет естілгені айдай анық. Бұл ұлы мақсатқа ғұмырын арнаған жас ағартушының осы жолдағы жеңісі, қазақ халқының өміріндегі әлеуметтік маңызды тарихи оқиға.

Ыбырайдың ағартушылық, демократиялық көзқарасында халық тағдырына қатысты ірі мақсат жатыр. Елін надандықтан, қараңғылықтан құтқарып, жарық дүниеге-білім төріне алып шығу үшін қандай болмасын әділетсіздікке, зорлыққа, отаршылыққа, барлық жан-тәнімен қарсы шығып, тынбай күрес жүргізді. Қазақ мектебі мазмұндық жағынан жаңарып, баюға бет алған бүгінгі тұста Ы.Алтынсариннің халықтық педагогика үлгілерінің жүйесін насихаттау барысында жүргізген жұмыстары ерекше талдауды қажет етеді.

Қазақ жастары, соңғы жылдары өз бойынан имандылық, кәсіпқорлық, үлкенге ізет, кішіге құрмет сезімдерін жоғалтып бара жатқаны белгілі. Әр ұлттың өзінің басқа ұлтқа ұқсамайтын тәрбие тәсілі болған «Оу, мынау нағыз қазақтың азаматы ғой» деп таңдай қақтыратын әрі инабатты, сыпайы, әрі сөз салмағын, мәнін білетін шешен, әрі үлкен – кішіге лайық, құрмет көрсете алатын көреген, іскер, еңбекқор, әрі қазақ ғылымын дамытып, дүние жүзілік арнаға көтере білетін терең білімді жігіттер мен қыздарды тәрбиелейтін кез келген сияқты.

Бұл тұғырда Ы.Алтынсариннің тәлімгерлік мұраттарына тереңдеп үңіліп, оның ой маржандарын іс-әрекетке пайдаланудың берері мол.

Ы.Алтынсарин қазақ хрестоматиясы оқулығының басында туған елінің «азбаған, талап тілегі біреу салып берген тор шеңбердің қыспағына сыя алмайтын ой-пікірі еркін халық» екенін айта келіп, «оның келешегі үшін сана-сезім жағынан, жалпы білім мен өнерді үйрету керек болып отыр» деген. Бұл ойын жүзеге асыру үшін бала тәрбиесінің сан түріне нұсқау беретін әңгімелер енгізген.

Адам баласының тіршілік ету көзі – еңбек. Ата-бабамыз «Еңбек түбі – зейнет, «Еңбек етсең емерсің», «А, құдай жас күнімде еңбек бер, қартайғанда дәулет бер» деп тегін айтпаған «Баланы 13 жастан отау иесі» деп, 15-тен әрі қарай атқа мініп, ел аралап, үлкендер арасындағы әр түрлі қоғамдық әрекеттерге қатысқан. Халық баланы осылай еңбек етуге тікелей мойынсындыру арқылы, шаруақор ел алдында, жауапкершілік сезімі мол ел азаматын тәрбиелеген [1].

Ы.Алтынсарин «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Әке мен бала», «Бір уыс мақта». т.б. әңгімелерінде ерінбей істеген еңбектің пайдасы мол екенін көрсете келіп, жастарды халық өсиет еткен бейнетқорлыққа баулиды.

Ы. Алтынсарин – халықтың осынау терең мәнді тәрбие мұрасын оқулық бетіне түсіріп, мектеп қабырғасында да сабақтастыра дамытуға әрекет еткен тәлімгер.

Қазақ ежелден қиындыққа төзімді, сабырлы халық. Ауызекі сөйлеуде де, халықтың әдеби мұраларында да халықтың осы психологиялық ерекшелігі ерекше бағаланып отырғаны белгілі. «Сабыр түбі – сары алтын, сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» тәрізді мақалдар осыдан шыққаны анық. Ыбырай әңгімелерінде бұл тақырып адам баласының аса бір үздік қасиеті екендігі жақсы көрсетіледі. «Қанағат» әңгімесіндегі Әзірет

Әлінің "Толық байлық қанағат етуден табылады" — деуі, «Мұңсыз адам» әңгімесіндегі үстінде көйлегі де жоқ жарлының қанағатшылдығының арқасында патшаның сый-сыяпатына кенелуі — халқымыз мұра тұтқан осынау абзал қасиеттерді шәкірттеріне дәріптеуінің айғағы болса керек. Сонымен қатар кішіпейіл, мейірімді болу адам баласы үшін аса қасиетті екені белгілі. Қазақ мұндай адамдарды «жібектей есілген», «қыздай сызылып тұр», «түсі игіден түңілме» деген кестелі сөздермен бейнелеп отырған. Бүгінгі тәрбие жұмысында көп айтылатын имандылық, инабаттылық деген қасиеттеріміз де осылар. Ы.Алтынсарин әңгімелерінде бұл тақырыптар ұтымды көрсетті. «Шие мен бала», «Мейірімді бала» т.б. әңгімелерінде кішкентай балалардың мейірімді бейнесі жан-жақты мүсінделеді [1]. Ауруы жанын көзіне көрсетіп тұрса да, анасы үшін дыбысын шығармаған бала, құсты аяп, еркіндікке жіберіп, оны сатқалы тұрған балаға күнкөріс үшін ақшасын берген кішкентай қыз, әкесі үшін кесуге өз қолын ұсынған мейірімді қыз - бүгінгі мектеп баласын адамгершілікке үйретеді. Сондай-ақ, "Әдеп", "Надандық", "Қара батыр", "Жиренше шешен" әңгімелерінде ата-ана мен баланың арасындағы мейірім, махаббат, асыл сезімдер аса әдемі баяндалады.

"Шебердің қолы, шешеннің тілі ортақ", "Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ", деген мақалдарды өмірге әкелген қазақ халқының тіл шеберлігіне ілтипаты ерекше. Ы.Алтынсариннің шығармаларындағы "тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін" айтатын шешендік өнерге баулу халықтық педагогика үлгілерін тәлім-тәрбие саласында ілгері дамуы боп табылады. Өз елін, халқын жан тәнімен сүйген тәлімгер-ағартушы елінің салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын да ерекше қастерлеген.

Ыбырай Алтынсарин ұстаз - тәрбиеші ретінде алдына мақсат етіп қойған мәселелері: адамгершілік жас жеткіншектерді адал еңбекке тәрбиелеу, белгілі бір кәсіпке, өнерге баулу, адам бойындағы адалдық, достық, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді ардақтау, үлкенді ата-ананы қадірлеу, өнер-білімді байлықты дәулеттен жоғары қою керек екенін, яғни ерінбей істеген еңбектің пайдасы мол екенін көптеген шығармаларында көрсете келіп, жастарды халық өсиет еткен бейнетқорлыққа баулиды.

Баршамызға етене таныс, әрі ыстық "Кел, балалар, оқылық!" - өлеңінің жазылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, жас жеткіншектерді білімге, өнерге шақырған бұл өлеңнің маңызы бір кезде Ыбырай армандаған "өнер білімі бар жұртқа" – терезесі тең, шаңырағы биік мәдениетті, тұғыры биік тәуелсіз елге айналып отырған бүгінгі күнде де еш төмендеген емес.

Қайта халқымен бірге жасасып, ұлы ағартушының арман-сәлемін жақсы күндерге жеткізген бұл тарихи туындының бүгінгі де, дәл бұрынғыдай.

Кімде-кім «біз өзімізді адал еңбегімізбен тіршілік етіп отырмыз дей алатын» болса – ол бақытты адам деп тегін айтпаған сияқты.

Ы.Алтынсарин педагог ұстаздарға: «мектептердегі оқушыларды тазалыққа дағдыланатын, әр нәрсеге ақыл оймен қарай білетін азамат етіп шығаруымыз керек», – деп ашып көрсетті. Келешекте жас ұрпақ «азды-көпті білім алып, белгілі бір бағыт алып шығып, айналасындағы халыққа өздерінің тың, адал ақыл-ойларымен әсер ете алатын болсын деген мақсатымызды еске ала отырып, оқушыларды тәрбиелеу жағына көп зер салуымыз керек», – деді: Бұл тұрғыдан біз білім ордасының кірпішін қалаған кемеңгер Ы.Алтынсаринның данышпан екенін көреміз.

Сонымен Ы.Алтынсарин «Қазақ деген жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдылығының өзінде оның көп жақсылығы жатыр», «Өз елімізге қолдан келгенше келешекте қызмет ету – біздің әрқайсымыздың борышымыз» [3], – деп өз ойын ашық айтты.

Ы.Алтынсариннің педагогтік көзқарасынан да бүкіл әлемдік тәлім-тәрбиенің алтын діңгегі гуманистік көзқарас, яғни, шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз. Мысалы, өзінің екі кластық мектептердің меңгерушілеріне жазған нұсқау хатында ол: «...оқытушыларды бағалағанда олардың іске мәнді қатынасы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың біліміне қарап бағалау керек деп жазған еді, ал Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «...Мен балаларды жазалауды сүйетін қатал адам емеспін. Бірақ тентек етіп өсірсек балалардың адамгершілік қасиетін бұзып аласың, -десе, "Жеміс ағаштары" атты әңгімесінде "тәрбиеде үлкен мирас" бар. "Ақыл-кеңесті алмасак, анау тұрған қисық ағашқа ұқсап өсесің" деп, әке баласына берген ақыл ғибратын келтіру арқылы тәрбие жөніндегі көзқарасын білдіреді. Ол қазақ жастарын оқытып, тәрбиелеу ісін ең басты мәселе деп қарады. "Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып-тәрбиелеу ісінен артық ешнәрсе жоқ", – деп ой түйді. Адамның мінез-құлқының, жеке басының қалыптасуы тәрбиеге байланысты деп қараған Ыбырай Алтынсарин өзінің осы пікірін "Бақша ағаштары" деген әңгімесінде өте орынды келтірген. "Бағып-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым. Мұнан сен де ғибрат алғайсың; сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, ал сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсесің, бағусыз бетімен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсесің", -дейді. Бұл әңгіме арқылы автордың педагогикалық көзқарасын айқын аңғаруға болады. Ыбырай, адам мінезін түзеп болмайды, сүйекке біткен мінез, сүйекпен бірге кетеді дейтін теріс көзқарасқа қарсы адамның жақсы, я жаман болуы тәрбиеге, өскен ортасының игі әсеріне байланысты; адам тағдыры адамның өз қолында, талаптануға, талпынуында, адал ниетпен еңбек етуінде деген қағиданы қуаттап отыр. Оның "Бір уыс мақта" деген әңгімесінде балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу мәселесі сөз болса, «Асыл шөп деген әңгімесінде балаларды ұстамды, сабырлы етіп тәрбиелеу мәселесі жайында

айтқандарының психологиялық астары терең. Осы әңгімеде Зылиха мен Бәтима деген екі қыз бір-бір жәшік жеміс көтеріп қалаға келе жатады, Зылиха аһлап-уһлеп, мазасыздана берсе, Бәтима ешбір сыр білдірмей, әзілдесуін қоймайды. Сонда Зылиха тұрып:

Сен неге мәз болып қуанып келесін, төбендегі жәшігің ауырлығы да менің басымдағыдан кем емес, өзің де менен күшті емессің... Мен жәшігімнің ішіне жеңілдететін шөп салдым, - дейді ақжарқын қыз Бәтима. - Ой, ондай болса шөбіңнің атын айтшы, мен де ауырымды жеңілдетейін, - дейді әлжуаз Зылиха.

Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, аты Сабыр, - деп жауап береді Бәтима.

Сондай-ақ «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде еңбекке баулиды, тәрбиелейді, ал «Жаман жолдас» әңгімесінде балаларды жолдастыққа, достыққа тәрбиелейді.

Ы.Алтынсариннің өшпес мұрасы бүгінгі күн талабымен үндес жатыр. Ыбырай заманындағы балалар бүгінде де бар. Сол ұлы ұстаз негізіні қалаған педагогикалық ізгіліктер мен мұраттар қазір де маңызын жойған жоқ.

Әдебиеттер:

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Ғылым Академиясының баспасы, 1955. – 408 б.
2. Ильминский Н.И. Воспоминания об Ибрае Алтынсарине. Казань, 1891. – с. 215.
3. Алтынсарин И. Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку. Оренбург, 1871. с. 2.

ӘОЖ 82-1/29

ҮМБЕТБАЙ УАЙДИННИҢ ӨМІРШЕҢ МҰРАСЫ

Г.Б. Каражигитова,

Көп тілді білім беру факультеті

«Қазақ тілі және әдебиеті» БББ 2-курс магистранты,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. Атырау қ.

Ғылыми жетекші: Н.С.Қамарова – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Аңдатпа. Бұл мақалада белгілі сатирик қаламгерлерінің бірі Үмбетбай Уайдиннің сатирик екендігі, өзінің сатиралық шығармалары арқылы келеңсіздіктерді өткір сынауы, Қаламгерлігімен қатар ұстаздық қызметпен де айналысқан Үмбетбай ағаның кейінгі буынға берген ұлағаты ұшан-теңіз екендігі сөз болады. Сондай-ақ қаламгердің публицист, ұстаз бола жүріп, артына қалдырған мұрасы, Үмбетбай Уайдин мұрасының өміршеңдігі айтылады.

Кілт сөздер: Үмбетбай Уайдин, сатира, сын-сықақ, өміршең мұра

Қазақ әдебиетінде шынайылық, астарлы, салмақты әзіл мен халық шындығын, қоғам бейнесін жеткізіе отырып, ұлттық наным-сеніммен, ата салтымызбен, даналық-даралық ерекшеліктер мен тіл, сөз өнерінің ерекше сипатын қалдырып кеткен сатира өнерінің қазіргі заманауи өнерден шеттетілгені рас. Сатира да әзіл емес шындық, факт емес біз көзбен көрген тағдырлардың бейнесі бар. Бұл өнер ұлттың болмысы, мәдениеті, тарихы, көзқарасы, сенімі, тілі, көркемдігі, әдебиеті, мәдениетінің бейнесі.

Сатира – халқын сүйген, оның болашағына алаңдаған әлеуметшіл ақынның жамандықпен, жағымсыздықпен күрес құралы, өткір қаруы.

Қазақ әдебиеті – сан түрлі жанрларды қамтитын өте үлкен тарау. Негізінде қай жанрды алып қарамасаң да, әрбірінде сырлы сөздердің иірімі, қазақ тілінің сұлулығы жатыр. Әсіресе көркем-публицистикалық бағыттағы жанрлардың барлығы дерлік тіліміздің эстетикалық ерекшелігін көрсетеді. Тілдік сұлулық бір бөлек, сол жерде өмірдің ащы шындықтарын әзіл-қалжыңмен бейнелеуді айтсаңызшы. Бұлай деп отырғанымыздың себебі, әдебиетте өте күрделі дегенмен тың бір жанр бар. Ол – сатиралық жанр. Сатиралық жанрлардың тарихы және шығу тегі туралы әр алуан дерек бар. Енді бір зерттеушілер бұл ұғым Ежелгі Грекиядан шықты десе, енді біреулері Римнен шықты деп болжайды. Күштілердің қаруы, тәрбиенің құралы саналатын сатира, күні бүгінге дейін сирек кездесетін жанрлардың біріне жатады.

Сатира қоғамдағы жағымсыз болмыс, құбылыстарды, адам бойындағы ұнамсыз мінез-құлық, әдеп-дәріптерді әшкерелейді. Сондай-ақ оны әдебиеттің бір тегі ретінде қарастыруға әбден болады. Неге десеңіз, ақын, жазушыларымыздың бастан-аяқ сықақтық тілмен жазылған шығармалары кәдімгідей үлкен ауқымды алады. Көп әдебиеттанушылар кезінде сатираны жанр деп атауға болмайды деген пікірді ұстанды. Алайда, өзінің теориялық негізі бар кез келген түрді жанр деп атауға толық негіз бар екендігін айтқымыз келеді. Өйткені біздің әдебиетімізде де сатира ұзақ жылдар бойы қалыптасып, әрі күрделі шығармалар легі, әрі зерттеушілік сипаты бар үлкен бөлімге айналды. Ғалым Темірбек Қожакеевтің сатираны зерттеп жазған бірнеше іргелі еңбектері бар. «Сатира негіздері» [1] деп аталатын кітабында зерттеуші сатираның шығу тегінен бастап, қалай дамып, несімен ерекшеленетінін де жазған.

Қазақ тарихында сатираның басталуы өте ертеде. Оны қойғанда осынау тәуелсіздік алғаннан кейінгі сатира өнері де айтарлықтай дамыған. Асқар Тоқмағамбетов, Шона Смаханұлы, Оспанхан Әубәкіров, Сейіт Кенжеахметұлы, Қажытай Илиясұлы, Темірбек Қожекеев, Ермахан Шайхыұлы, Көпен Әмірбек сынды сатира саңлақтары бізге жеткен өнердің һәм биік тұлғалары. Олар арзан әзілдің соңынан емес, қағытпа қалжыңның артынан емес, таза өнерді, әдебиетті, сөз көркемдегінің шеберлігін жеткізді. Олар сөз бостандығына емес, халық шындығы мен заңдылығына бағынды.

Қазақ сатирасы, қазақ әзіл-оспақ өнері табиғи құндылықтарымен өте бай. Оқырман мен көрерменнің бүгінгі сатира әлемінен Қалтайдың қағытпа қалжыңын, Уайдиннің уытты тілін, Оспанханның осып түсер сарказмын, Шонаның шақпа әзілі, Көпеннің қағытпа қалжыңын, Мыңбай Рәштің сатиралық туындыларын іздеп жүргені жасырын емес.

Халқымыздың белгілі сатирик қаламгерлерінің бірі, Ақтөбе облысының Ырғыз топырағында дүниеге келген азамат Үмбетбай Уайдин ағамыз биыл тоқсан жасқа толар еді. Ең алдымен қалың оқырманға 1968 жылы шыққан «Қара көзілдірік» атты өлеңдер жинағымен танылған ол кейін де көптеген құнды дүниелерін жарыққа шығарды. Ү.Уайдин «Құрдым сиыр», «Ендігісін айтпаймын», «Контейнермен келген кемпір», «Тілсіз қоңырау», «Быды-быды», «Нанайын ба, нанбайын ба?», «Мәселе қайда жатыр», «Алло, бұл кім?», «Пәлен-пәштуан», «Атың кім, әй?» және тағы басқа көптеген кітаптары қазақ сатирасынан ойып орын алады. Қаламгердің шығармалары өзге тілдерге де аударылып басылды. Жалпы шығармашылық адамының мінез-құлқы, өмірдегі ұстанымы, қалпы әрқалай болып келетінін көріп, сезіп жүрміз. Бұл ретте Үмбетбай ағамыздың бойындағы адалдық, ұсынақтылық, жауапкершілік сияқты үлгі болар қасиеттерді бөле-жара айтар едік. Ол кісі қазақ журналистикасына да сүбелі үлес қосты. Түрлі басылымдар беттерінде мақалалары, өлеңдері жарияланды. Әсіресе, қаламгердің публицистикалық шығармалары ойлы оқырман сүйіп оқитын олжаға айналды десек, артық айтқандық болмас. 1985 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Өмірге құштарлық» атты кітабы жастар іздеп оқитын шығармаға айналды. «Мәңгілік мәселе немесе жас ұрпақ тәрбиесі туралы сыр» атты жинақта баланың тәлім-тәрбиесі хақында сөз қозғайды.

Қаламгерлігімен қатар ұстаздық қызметпен де айналысқан Үмбетбай ағаның кейінгі буынға берген ұлағаты ұшан-теңіз. Ол кісі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінде болашақ журналистерге дәріс беріп, Алматыдағы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын дарынды балалар мектебімен тығыз байланыста болды.

Үмбетбай Уайдин туралы баспасөз беттерінде көптеген мақалалар жазылды. Арнайы кітап та шықты. 2005 жылы «Білім» баспасынан Көпен Әмір-бектің сықақшы Үмбетбай Уайдинмен сыр-сұхбат түрінде жазылған «Із» атты кітабы оқырманға жол тартты. «Із» қаламгердің өмір жолы, шығармашылығы, бір сөзбен айтқанда болмысы жайында кеңінен ұқтыратын танымдық-тағылымдық еңбек болып шыққан.

Кезінде ұзақ жылдар бойы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің журналистика факультетінде декан болған қазақ сатирасының зерттеушісі, профессор Темірбек Қожакеев «Сықақшы жайлы сыр» деген мақаласында былай деп жазды:

«Үмбеке, сіз не істемедіңіз!..

...Ойбай-ау, ұмытып барады екенбіз ғой!

Сіз әр үйде ешкімде реніш болмаса екен, әр үйге, әркімге сүйеніш орнаса екен деп тұратын адам екенсіз ғой! Ой, Алла-ай, сіздей адам көп болса соғыс атаулы мүлдем тоқтап қалар еді-ау,ә!..

Иә, Үмбекең сондай адам!» [1, 77].

Сондай-ақ, сықақшы қаламгер Ғаббас Қабышұлы «Қысқа, нәрлі жазу – Үмбетбай ұстанған үлгі. Ол қай тақырыпты қаласын, қай оқиға оң жамбасына келсін, ойнатып әкетеді. Тұздықтап отыратын тұшымды сөзге кенде емес» десе, жазушы Жақау Дәуренбекұлы: «Үкең шығармашылығының өн бойында ерекшеленіп көрінетін бір қасиет – қандай жанрда жазса да, оқырмандарға күлкі шуағын таратуға құштарлығы, іңкәрлігі. Мұның өзі қаламгер қаламына қуат беретін ар тазалығының, көпшіл көңілінің табиғи қуаты» деп бағалайды.

Қаламгер Үмбетбай Уайдин шығармашылығында әдептілік, танымдық-тағылымдық педагогика мәселесі айрықша орын алады. Қаламгер осынау өзекті тақырыпқа айрықша ден қойды. 2008 жылы жарық көрген «Әдеп әлемі» деген кітабы осы пікірімізге дәлел. Автор адамның тәлім-тәрбиесі төңірегінде жан-жақты ой толғап, өмірлік жағдайлардан нақты мысалдар келтіреді.

Ал 2015 жылы жарық көрген «Әдеп әлемі және журналистика» деп аталған еңбегі әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс жасап жүргендерге, журналист болуға ұмтылған жастар үшін құнды дер едік. Кезінде университетте болашақ журналистерге дәріс берген Үмбетбай ағамыз талдамалы журналистика, тағылымдық педагогика мәселелерін жан-жақты зерттеп, бас-аяғы бүтінделген кітап ретінде ұсынды. «Журналист – мінездің адамы. Ол кез келген мықтының алдында «ләпбай, тақсыр» деп жүгіре жөнелмейді. Оның пірі – халық», «Журналист – өз мамандығының құлы. Өз мамандығын сүймейтіндерге журналистикада орын жоқ» деген пікірлері қалам ұстаған кәсіп иелерінің ойымен сабақтас.

Ү.Уайдин 1935 жылы 10 қазанда Ырғыз ауданының Темірбастау ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Қазақ Мемлекеттік университетін бітірген. 1954-1958 жылдар аралығында Донбастағы Красный Луч қаласында шахта құрылысшысы болған Әр жылдары Шалқар аудандық баспаханасында, Қазақ радиосында, «Ара» журналында, «Өнер» баспасында, Қазақстан Жазушылар одағында қызметтер атқарған. Сонымен бірге Әбу Насыр әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің журналистика факультетінде, республикалық қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын дарынды балалар мектебінде ұстаздық етті. Қазақстан сатириктерінің «Найзагер» қауымдастығы президентінің орынбасары болған. Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің Құрмет грамотасымен (1985), «Ерен еңбегі үшін» (2006) және басқа да бірқатар медальдармен марапатталған. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының (2012); «Әлем әдебиетінің лауреаты – 2017» халықаралық сыйлығының иегері. Ақтөбе облысы Шалқар, Ырғыз аудандарының Құрметті азаматы.

Ү.Уайдиннің "Қара көзілдірік" (1968), "Құрдым шиыр" (1971), "Ендігісін айтпаймын" (1974), "Ішің білсін" (1976), "Контейнермен келген кемпір" (1978), "Тілсіз қоңырау" (1980), "Быды-быды" (1982), "Нанайын ба, нанбайын ба?" (1984), "Инабат иірімдері" (1985), "Мәселе қайда жатыр?" (1987), "Пәлен-пәштуан" (1992), "Мәңгілік мәселе" (1993) кітаптары жарық көрген. Шығармалары орыс, украин, қырғыз, қарақалпақ, тува тілдеріне аударылған.

Үмбетбай Уайдин – ұзақ жылдар бойы осы мектепте ұстаздық қызмет атқарып, талай шәкіртті журналистика саласына тәрбиелеген тұлға. Сатира сардары атанған ол қазақ журналистикасын дамыту жолында толассыз еңбек етті. Жекелеген кітаптары орыс, украин, қырғыз, қарақалпақ, тува тілдеріне аударылған. Мәселен, «Қара көзілдірік», «Ендігісін айтпаймын», «Ішің білсін», «Контейнермен келген кемпір», «Тілсіз қоңырау», «Быды-быды», «Нанайын ба, нанбайын ба?» атты өлеңдер және әзіл-сықақ жинақтары жарық көрген.

Үмбетбай Уайдин – сатираның майын қанып ішкен адам. Ойлы сөздері, афоризмдерінің бір парасы оқырмандарының жадында жатталып қалды. Үмбетбай Уайдин жазған түйінді ойлардан мысалдар келтірсек,

Айтары жоқ бастық
Ақырып-бақырып сөйлейді.
Айтары бар бастық
Шабыт шақырып сөйлейді.

Асып-тасқан адам аспанға қарайды, сүрінгенде
жерге қарайды.

Адамнан сөз жоғары шықса – қауіп, сөзден адам
жоғары шықса – жақсылық [2, 89]

Мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Айтпақ ойымыз – Үмбетбай Уайдин адамның түрлі қылықтарын сатирамен түйрейтіндігі. Немесе, мына мысалдарға да назар салып көрейік:

Қайыру көрмеген мал
Қасқыр мен қасапшыға кез болады.
Қайыру көрмеген адам
Қасіретке тез барады.

Күліп жүріп істесең – іс өнеді,
Жылап жүріп істесең – іс өледі,
Жылауыңды қоймасаң – іс емес, кісі өледі [2, 53]

Сатирасыз қоғам да дамымайды. Себебі қоғам мен адамды сын-сықақ пен әзіл-әжуа арқылы келеке етіп, келемеждеп, түркілеп отырмасаң, еркінсіп, есінеп, қалғып кетеді немесе ауруы асқынып, ажалы ерте жетеді. Кезінде хакім Абай да өлеңге қатысты өзінің сын-пікірлерін айтқан. Сондықтан сатира қоғам мен әдебиеттің дамуына қалтқысыз қызмет етеді

деуге толық негіз бар. «Сатирамен суреттелер құбылыс – керексіз, кесір құбылыс. Сатира өмірдегі кеселді, келеңсіздікті, кері кеткендікті қаза қопарып, көптің көз алдына – көрініске шығарады, қағып-сілкілейді, мысқылмен түйрейді, сықақ етеді, көпті одан түңілтеді» [4, 97], – дейді академик Зейнолла Қабдолов. Бұл пікір біздің жоғарыда айтқан сөзімізді қолдап, қуаттай түседі.

Жемқорлықпен күресетін, сыбайластықтан, жершілдіктен, түйені түгімен жұтып жіберетін жалмауыздықтан тынысы тарылып бара жатқан бүгінгі қоғамға ауадай қажет болып тұратын осындай отты сатиралық түйреушітер – адам тәрбиелеудің құралы.

Біреуді құртқың келсе, мақтай бер, мақтай бер.
Мақтай беретіндерден Алла, Құдай,
Мені де, оны да, оларды да сақтай гөр, сақтай гөр!

Әкіреңдеген әкімге де – бір зауал,
Әкіреңдеген әркімге де – бір зауал.
Қорыққанда олар неге құдайшыл?
- Барлығыңа ортақ бір сауал.

Айналайын, адамдар,
Айналайын адамдар,
Кім жылап, кім күліп жүр, –
Айналаға қараңдар! [3,111]

Қазақ сатирасының сардары болған Үмбетбай Уайдаұлы адам бойындағы, қоғам өзегіндегі олқылықтарды дәл тауып, дөп тигізген сұрмерген шымшымалары мен шаншымалары, әзіл-оспақтары мен қағытпа-қалжыңдары, сын-сықақтары мен фельетондары, памфлеттері мен зерттеулері қазақ сатиралық әдебиетінің алтын қорына өлмейтін асыл мұра болып қосылды. Ол баспагер санатында да сан кітаптың тұсауын кесті, білімі терең, білігі кенен ұстаз ретінде де мектепте және жоғары оқу орнында қазақ журналистикасының кәсіби маман даярлау саласына ұшан теңіз еңбек сіңірді. Соңына өлмейтін мұра, өшпейтін із қалдырған Үмбетбай Уайдин есімі қазақпен бірге жасай береді. Қаламгердің өміршең мұрасы ұрпақтан ұрпаққа ауысып, адам тәрбиелеу құралына айнала берері сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Қожакеев Т. Сатира негіздері. Оқулық. – Алматы, «Санат», 1996. – 464 б.
2. Уайдин У. Контейнермен келген кемпір. А.: Жалын, 1979
3. Уайдин У. Пәлен-пәштуан. А.: Жазушы, 1992
4. Қабдолов.З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.

ТҮМЕН БАЛТАБАСҰЛЫНЫҢ АҚЫНДЫҒЫ

А.К. Әмір,

«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Н.С.Қамарова, ф.ғ.к.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада маңғыстаулық Түмен Балтабасұлының ақындық шеберлігі мен шығармашылығы баяндалады. Ақынның жыр-толғауларының ерекшеліктері әдеби тұрғыдан талданады

Кілт сөздер: Түмен Балтабасұлы, жыр-толғаулар, ақындық шеберлік, даралық стиль

Көне дәуірден бастау алатын Маңғыстау өлкесінің мәдениеті мен әдебиетінің даму тарихында ақын-жыраулардың алар орны ерек. Олар өз туындылары арқылы ел ісіне белсене аралысып қана қоймай, халықтың ұлт болып қалыптасуына, адамдық қасиеттерді бойына сіңіруіне көп көмегін тигізді. Сондай ақындардың бірі әрі бірегейі – Түмен Балтабасұлы [1].

Түмен Балтабасұлы – халық ақыны, 1884 жылы Маңғыстау түбегінде Қызан ауылында дүниеге келген. Ол бағзы ақын, жыраулар дәстүрімен кеңге сілтеп, тебірене толғайтын тегеурінді ақын.

Ақын шығармашылығымен таныса отырып, жыр-өлеңдерін төмендегідей топқа бөліп қарастырсақ болады:

I бөлім: Қасірет-қайғы жырлары. Бұл қасірет-қайғы жырларына «Жалғыз ұлы Сайынға шығарған жоқтауы», «Дүние, сені қайтейін», «Ісіне жасағанның қызығы шүкірлік ет» (ақынның зайыбына айтқан жұбатуы), «Қанайға» (інісі қайтыс болғанда) туындылары жатады. Ал, ауру меңдеген шағындағы қоштасу жыры «Құдіреті күшті кең Алла» осы бір өкістің ең ақырғы тынысындай. Еңсені көтертпес зіл батпан қайғы-қасіретке тағдырын тәркіге салған замана тауқыметі қосылғанда қанша күш-қуат керек? Мойып морт сынып кеткендер аз ба? Ақын сонда да өмірге құштарлығын, болашаққа сенімін, шүкіршілігін жоғалтып мұқалған емес [2].

II бөлім: «Көңілден көңіл су ішер». Маңғыстаулық қос дүлдүл Түмен мен Сәттіғұл тағдырлас, мұңдас, қиын-қыстау сәттерде бір-біріне сүйеу болған. Сәттіғұл ақын Түмен шығармашылығын жоғары бағалаған. Ақынның «Көңілден көңіл су ішер», «Сәттіғұл ақынды құттықтау» өзінің көрікті өрнегімен бөлек туындылар.

III бөлім: Маңғыстау – Ер Бекеттің туған жері. Жайық пен Жем бойынан оралған ақын Сәду тұрғыластарымен кездесуде көп жерде Маңғыстау жөнінде түсініктің кем екенін ренішпен сөз еткен. Осыған

байланысты Сәтата (Сәттіғұл Жангабылов) бастаған ақындар Маңғыстау туралы жыр-толғау шығаруды Түмен ақынға тапсырған. «Маңғыстау», «Қазақстан», «Анау біздің Алматы» жырлары – республика салтанатына байланысты туған көркемдігі биік туындылар.

IV-бөлім: Заманға үн қосу. Ол ел тынысын, қоғамдық тірлік үрдісін үзбей үнемі жырға қосты. Ұлы Отан соғысы жылдарында елге дем берді, қайрат-жігерін жаныды. Жеңіске елмен бірге шаттанып «Жеңіс жырын» төкті. Қоғамдық тұрмыс түйткілдерін сын тезіне салып, шенеді. («Ақын мен жирен ат» т. б.

V-бөлім: Қоғам құрылысы – ел бірлігіне шақыру. Қашанда қоғам басқарушысыз болмайды. Ел қалаулыларын билік басына сайлайды. Бұл өте күрделі де жауапты әңгіме. Ұзақ сонарға кетпей-ақ, ақынның қай науқаннанда қалыс қалмағанын сайлаушылар туралы жырларынан айқын аңғарамыз.

VI-бөлім: Адам күні адаммен. Бір қақпайлар. Түмен Балтабасұлы – ақпа-төкпе суырыпсалма ақын. Ол көңілге ұялар көріністің бәрін жырға қосқан.

Түмен Балтабасұлы – білімдар ақын. Ол шығыс поэзиясын жетік меңгерген, ауыз әдебиет дүлдүлдері Әбубәкір, Нұрым, Ақтан, Қашаған өнерінен сусындаған. Ол өз дәуірінің шындығын, халық өмірін, арман-мұратын әдеби-шығармашылық жолының тақырыбы етіп рухани негізіне енгізе білген суреткер ақын болды. Ақынның «Қазақстан», «Анау біздің Алматы», «Маңғыстау» деп аталатын толғаулары туған жер табиғаты мен мал байлығын суреттей отырып, туған жеріміздің бастан кешкен тарихы мен жаңа дәуірдегі көркею келбетін көңілі шарықтап жыр етеді:

Маңғыстау біздің елдің жайлаған жер,
Қара орман қалың дәулет айдаған жер.
Ғасырдан он алтыншы бермен қарай
Қонған ел қонысынан таймаған жер.
Арасын аспан – жердің қолмен ұстап,
Тіл бітіп темір сымнан телефонға
Бұлбұлдай патефоны сайраған жер [3, 15].

Түмен шығармаларының бір саласы сын, сықақтық сипатқа, жалған белсенділікті әшкерелеуге арналғанын көреміз. «Ақын мен жирен ат», «Көк аттың арызы», «Сары атанның шағымы». Осы тақырыптағы өлеңдері Маңғыстау ауданының «Сталин жолы» газетінде жарияланып, елге кеңінен тарағанын, жұртшылық талқысына түскенін көзіміз көрді. Қоғамдық көзқарастың халық бұқарасының санасына берік ұялаған кезі ғой. Сондықтан, ақынның сын-ескертпелерін халық ризашылықпен қабылдағаны бәрімізге мәлім.

Өзі қотыр, өзі арық,
Боран соқса бір күні,
Өлуге сірә, дөп жылқы.
Бұтының борбай қоңы жоқ [3, 28].

Бірақ, сүйегі сұлу көк жылқы... Адам мен табиғаттың, жануарлар дүниесінің өте шығатын қысқа тіршілік сапары өзара қандай тығыз байланыста екендігі, оның қадір-қасиетін кемітпеу жолындағы сөз құдіретін поэзия тілімен кестелеуді Түмен ақын меңгере білді және осы жолмен өзі өмір сүрген қоғамның дұрыс жолда болуына, түзу дамуына ықпал етуге тырысты, талаптанды.

Қайырымдылық, адамгершілік, имандылық, мейірімділік адами ұлылық пен кісілік қасиетті насихаттау саласында «Ел едік» делінетін өте қысқа өлеңінде жинақы үлгі тұтар пікір-кеңес берілгенін көреміз.

Маңғыстау өлкесі ақын жырауларға кенде емес. Бірақ, қалай десек те, олардың әрқайсысының да әдебиет әлемінде алатын өз орны бар. Солардың ішінде өз соқпағы, өз орны бар көрнекті ақын Түмен Балтабасұлының да орны ерекше екенін аңғарамыз.

Әдебиеттер:

1. Балтабасұлы Т. Маңғыстау – ер Бекеттің туған жері. – Ақтау: Маңғ. обл. ірілендірілген бас., 1994.
2. Сыдиықұлы Қ. Елеулі есімдер, бағалы басылымдар – Алматы: Информ-А, 2001 – 336 б.
3. Қонарбаев Ә. Балтабасұлы Түмен. – Алматы: Нұрлы әлем, 2009. – 224 б.

ӘОЖ 372.881.1

МУЛЬТФИЛЬМНІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Н.Т. Самурадова,

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші,
«№3 жалпы білім беретін мектеп» КММ, Жаңаөзен қ.*

Аңдатпа. Бұл мақалада мультфильмнің ой-өрісі енді дамып келе жатқан жас ұрпақ тәрбиесінде аса қажетті, маңызды құралдардың бірі, қазақша мультфильмдер ұлттық құндылықтарымызды, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрлерімізді, тарихымызды насихаттап, жас баланың санасына сіңіретін бірден-бір құрал екендігі, мультфильмнің бала тәрбиесіндегі рөлі, маңызы айтылады.

Кілт сөздер: мультфильм, ұлттық тәрбие, жаңаша оқыту, бала тәрбиесі

Жас ұрпақ тәрбиесі – қоғамның келешегінің тәрбиесі деген сөз. Баяғыда үлкен қариялар «ауылыңның жасын көрсет, болашағыңды болжайын» дейді екен. Олай болса, жас ұрпақтың тәрбиесіне үлкен көңіл бөлген ата-бабаларымыздың жолымен бүгінгі жастарға ұлттық уызынан ажырамаған тәрбие беру маңызды. Келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Мектепке дейінгі адамгершілік

тәрбие – балалардың адами сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды қамтиды. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік пен кішіпейілдік, қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен ибалылық адамзат тәрбиесінің жүйелі сатылап қамтитын мәселелері.

«Мультфильм – ой-өрісі енді дамып келе жатқан жас ұрпақ тәрбиесінде аса қажетті, маңызды құралдардың бірі. Дана халқымыз өзінің бет-бейнесі мен болмысын, ұлттық салт-дәстүрі мен жөн-жоралғыларын, өзінің сан ғасырлар бойы арман еткен тәуелсіздігін болашақ ұрпағы арқылы ғана қорғай алады емес пе?! Сол үшін келешек ұрпақ тәрбиесі қай уақытта болсын алдыңғы орында болуы қажет» [1]. Елімізде мультфильм индустриясын дамытып, оның тәрбиелік жағына мән бергеніміз дұрыс. Алайда бүгінгі күні біздегі анимация өте артта қалып отырған сала болып саналады. Қазақ елінің болашағы – қазіргі бүлдіршін қолында болатынынын ескерсек, бала тәрбиесін басты назарда ұстап, өзіміздің қазақы құндылықтарымызды ұрпақ бойына сіңіруді ойлаған абзал.

Педагог-психолог Т.А.Заложнова өз зерттеуін балалардың мультфильм көргеннен кейінгі әрекетін бағалауға арнаған. Онда балалардың мультфильм көргеннен кейін қандай ойындарды ойнайтынын, сол көрген дүниелерінен нені алатынын саралаған. Өкінішке орай балаларға қазіргі шетелдік мультфильмдердегі кейіпкерлер өзігінен ойланып, әрекет етуіне кедергі екенін айқындаған. Ол зерттеуін қорытындылай келе: «Мультфильм жас ерекшелігіне қарамай, балаларға арналған арнайы жанр ретінде қабылданады. Сонымен қатар, сәбилерге арналған мультфильмдер олардың мерзімінен бұрын және шамадан тыс тұтынылуымен балалардың психологиялық денсаулығы мен дамуына үлкен қауіп төндіреді. Психологтар да, педиатрлар да бірауыздан 3 жасқа дейінгі балаларға экранға осылай қарау ұсынылмайды деп талап етеді. Мұны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы растайды» дейді [2].

Мультфильм – идеологияның бір түрі. Қазіргі таңда теледидарда ертелі-кеш қазақ баласының дүниетанымына кері әсерін тигізетін, өзге елдің идеологиясын насихаттайтын мультфильмдер көрсетілуде. Мойындау керек, тілі былдырлап, енді ғана қылық шығарып келе жатқан бүлдіршін күн ұзаққа көк жәшікке телміріп, сансыз мультфильмнен көз алмайды. Мультфильмдердің балаға берер тәрбиелік маңызы мол. Ол бала тәрбиесіне оң және теріс те әсер ете алады.

Бүгінде көгілдір экранның, жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының адамзат баласы үшін маңызы зор екені белгілі. Алайда аталған дүниенің адам психологиясына, тәрбиесіне, тіл дамуына кері әсерін тигізіп жататыны жасырын емес. Өйткені, батыстан әкелініп жатқан айқай-шуға, қатігездікке толы, мағынасын түсініп болмайтын, дисфемизм, жаргон сөздерге толы мультфильмдер бүлдіршіндердің санасына айтарлықтай әсер етуде. Шетелдің мультфильмдерінде балаларды қызықтыру мақсаты өте жақсы ойластырылған. Аталған дүниелер балалардың орнынан тапжылмай отырып көрулеріне арналғандай.

Мамандардың пікіріне сүйеніп, статистикалық талдау жасасақ, балалар мен жасөспірімдер теле-аудиторияның ең белсенді көрушілері екен. Әрбір бала шамамен өз уақытының 30% экранның алдында өткізеді. Ол орта есеппен мектепке барғанша 5 мың сағат, мектеп бітіргенше 19 мың сағат теледидар алдында отырады екен.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөзді ескерсек, елдің болашағы үшін, ұлттың болашағы үшін балаларға арналған контентті жөндеу керек болады. Мультфильм – жас ұрпақты тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Балалар теледидардан не көрсе, соған еліктейді, жақсы мен жаманды да содан үйренеді. Сондықтан қазіргі кезде заманауи мультфильмдердің мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың сөз сөйлеуіне, әдеби тіл нормаларының сақталуына тигізетін әсері өзекті мәселеге айналып отыр.

Жалпы мультфильм немесе мультипликациялық фильм (лат. *mult*, лат. *iplicatio* – көбейту, ағылш. *film* – таспа) – көптеген суреттерден және солардың қимыл әрекетінен құралатын үздік туындылардан тұратын фильм. Мультипликацияны алғаш рет 1877 жылы 20 шілде күні Францияда Эмиль Рейно жасап шығарды. Кейін инженер 1892 жылы 28 қазанда жазу-сызудың көмегімен таспаға басылатын апаратын дүниеге әкелді. Міне осы күннен бастап мультфильм жасауға алғашқы қадамдар жасалған болатын.

Қай заманда да балаларға айтып беретін ертегілерде мейірімділік пен зұлымдық категорияларына байланысты күштердің тартысы ақырында мейірімділік күшінің жеңісімен аяқталатын. Қазіргі бала осы күштердің көрінісін әр түрлі әсер ету құралдардан кездестіреді: кино, театр, теледидар, видеоөнім, музыка, кітап, компьютер ойындары, көркемсурет және т.б.

Мультфильм баланы жан-жақты тәрбиелеу құралы ретінде:

- сөздік қорын дамытады;
- дағдысын қалыптастырады;
- қимылын дамытады;
- ойлау қабілетін дамытады;
- дүниетанымын қалыптастырады;
- қызығушылықтарын оятады.

Мультфильмдер арқылы баланың сөздік қоры дамиды, еліктейді. Осы орайда бақылау арқылы үйретудің орны ерекше, өйткені ол арқылы авторитетті бейнелерге еліктеу мүмкіндігін бере отыра, балалардың мінез-құлқын реттеуге және бағыттауға болады. Мысалы, «Алдар көсе мен шайтандар» мультфильмінен балалар Алдар көсенің, шайтандардың айтқан сөздерін, қимыл әрекеттерін қайталап, ақылмен зұлымдықты жеңуге болатынын түсінеді, ал «Батырлар» туралы мультфильмдерге кіші мектеп жасындағы балалар тез еліктейді. Орыс тіліне аударылып көрсетіп жүрген «Мадагаскар», «Сезон охоты», «Панда» сияқты мультфильмдердің балаларға әсері күшті. Балалардың көзайымына айналған «Смешариктер» көп топтамалы мультфильм қазірде ерекше орын алуда: балалар қауіпсіздік

шараларын үйреніп, өмірден алынған әртүрлі құбылыстардың мәнін түсінеді және әртүрлі болуы ықтимал жағдайларды бақылауға мүмкіндік алады.

Тәрбие басы – тал бесіктен екенін ұғынған ата-бабамыз балдай тәтті қылығымен әрбір үйдің қуанышы болған кішкентай бүлдіршіндеріміздің әдепті, білімді, иманды болып өсуі үшін ерекше көңіл бөлген. Зерттеушілердің пікірінше теледидардың танымдық, тағылымдық әсерінен гөрі, көрерменге бағытталған эмоционалдық соққысы басым. Қазіргі кезде заманауи БАҚ баланың психикалық дамуына нашар әсер етеді, заманауи мультфильмдер баланың психикасын бұзады деген көптеген әңгімелер айтылып жүр. Құнсыз сериалдарды көру, жасөспірімнің шынайы мақсаттарынан және әсерлерінен адасуына мәжбүрлейді. Кейбір шетелдік мультфильмдерді мұқият қарайтын болсақ, онда олардан көптеген зорлық пен агрессияны байқауға болады, оларды көргеннен кейін кейбір балалар гиперқозғыш болып кетеді. Балалардың бойында мінез-құлықтың агрессиялық үлгісі бекиді. Сол себепті де қазіргі заманда ата-аналар балалардың теледидардан не көріп отырғандығын мұқият тексергендері абзал. Мүмкіндігінше балаға танымдық мультфильмдер қосқан дұрыс. Себебі, танымдық мультфильмдер:

- Үйретеді. Мультфильмдерде бізді қоршаған әлем туралы айтылады. Олардың көмегімен бала санауға, оқуға, шет тілінде сөйлеуге, түстерді ажыратуға үйренеді.

- Баланың шығармашылық қабілеті мен қиялын дамытады. Мультфильмдер баланың қиялын дамытады. Баланың көркем өнермен және сурет салумен айналысуына себепші болады.

- Тәрбиелік мәні жоғары болып келеді. Жақсылық пен зұлымдықты, ақ пен қараны айыруға үйренеді. Қыйыншылық пен қорқыныштықты жеңуге тәрбиелейді.

- Ең бастысы – тілді дамытады. Мультфильм кейіпкерлерінен сауатты және әдемі сөйлеуді үйреніп, балалар өздерінің сөздік қорларын толықтырады. Ойлау мен есте сақтауды дамытады.

Неге тіл дамытуды біз ең басты пункт ретінде көрсетіп отырмыз? Себебі жаңадан қалыптасып келе жатқан балада еліктеушілік басым болады. Осы кезеңде бала не көріп, не естіп, не үйреніп өссе, болашақта сондай болып қалыптасады. Сол себепті балаларға мультфильмдер көрсеткенде барынша отандық мультипликацияны қосқан дұрыс деп санаймыз. Бұдан бөлек, қазақ тіліне «сауатты» аударылған шетелдік мультфильмдерді де көрсету арқылы баланың танымдық шеңберін кеңейтуге болады.

Заманауи мультфильмдердің балалардың тіл тазалығын сақтауына, сауатты жазу мен әуезді сөйлеуіне, тіл заңдылықтарына тигізетін әсеріне келер болсақ, мультфильм – әйтеуір бір оқиғалардың балаларға арналған көркем суретті жиынтығы емес, ол – білім, ғылым, таным және өз отбасын, отанын жақсы көруінің бастауы. Өсіп келе жатқан жас ұрпақ тәрбиесінде аса қажет құралдардың бірі. Қазақ халқы өзінің бет бейнесі мен болмысын, ұлттық

салт-дәстүрін, ұлттығын, өзінің ғасырлар бойы арман еткен тәуелсіздігін болашақ ұрпағы арқылы ғана қорғай алады. Көптеген елдерде бала тәрбиесіне, соның ішінде балаларды мультипликациялық кино арқылы тәрбиелеуге ерекше мән беріледі.

Жапонияда балаларға салт-дәстүрін, өзара қарым-қатынас этикасын, адамның ортада өзін ұстау мәдениетін мультфильм арқылы үйретсе, АҚШ бұл әдіспен математика, география, физика пәндерінің негіздерін оқытуды мақсат ететіні байқалады.

Ресейде ертегі мультфильмдері арқылы өз балаларын Отанын, халқын сүйуге, батырлыққа тәрбиелеуді мақсат етеді. Олар көбінесе ақын-жазушылардың мысалдарын немесе тарихта болған батырларын кейіпкер ретінде алып, тамаша мультфильмдер жасап шығарды. «Три богатыря», «Илья Муромец», «Алеша Попович», «Добрыня Никитич» сияқты батырларын дәріптеу арқылы өздерінің «орыс деген халық» екенін, олардың мемлекеттері айбынды екендіктерін ұрпағының саналарына кұйып отырады. Бірақ орлар «орыстан» өзге халықтың әлсіз екенін әр мультфильмде көрсетіп отырды. Солайша өздерінің ұрпақтарын шовинистік ниетте тәрбиеледі.

Қытайда анимация өнері бойынша бірінші орында. Олар ұлттық мүддені ғана көздейтін мультфильмдерді шығару арқылы бала санасына Отанға деген сүйіспеншілігін оятуға тырысады.

Қытайда шетел мультфильмдерін көруге тыйым салынған. Себебі әр ел өздерінің фильмдері арқылы өздерінің тілін, дінін, саясатын, салт-санасын, идеологиясын жас көрермендер назарына сіңіретінін назарға алады.

Мультфильмдер ұлттық құндылықтарымызды, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрлерімізді, тарихымызды насихаттап, жас баланың санасына сіңіретін бірден-бір құрал. Алайда, тәрбиелі мағынысы зор мультфильмдермен бірге соңғы кездері техниканың уақытпен жарыса дамып келе жатқан дәуірінде баланың тілдік дамуына кері әсерін тигізетін мультфильмдер де жетерлік. Түрлі спецификалық әдіс-тәсілді қолданып, заманауи құрал-жабдықтар мен соңғы технологиялық жетістік арқылы жарық көрген шетелдік мультфильмдер жас талғамайды, жалықтырмайды. Сол себепті, кәрі демей, жас демей тамашалап өзге елдің тілін, тәрбиесі мен психологиясын сіңдіріп үлгірді. Мойындау керек, тілі былдырлап, енді ғана қылық шығарып келе жатқан бүлдіршіндермен қоса жасы он жетіге келген жасөспірімдеріміздің өзі қолдары босай қалса смартфон мен гаджиттеріне телміріп, сансыз мультфильмдер мен ойындардан көз алмайды. Әйткенмен, сан түрлі мультфильмдердің пайдасынан гөрі зияны көп екенін мамандар айтқан болатын.

Үлкен экранға жол тартатын мультфильмдер көркемдік тұрғыдан баланың санасына кері әсер етеді екен. Кейінгі кезде балаларды теледидар хабарлары мен әртүрлі бағдарламалары тәрбиелеуде. Осыған байланысты белгілі жазушы С. Елубаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде (2006 жыл, 6

қаңтар) жарияланған мақаласына назар аударсақ: «... Бүгінде экран – әсіресе, телеэкран адамзаттың негізгі ақпарат көзі. Газет, кітап ондаған, жүздеген мыңға жетпей шаршап-шалдығып жатса, заманауи экран құлашы кең, ол ондаған, жүздеген миллионды бір-ақ қармайды. Демек, қазіргі ұлт үлкен экранды игермей, замана додасына төтеп бере алмақ емес. Тілден бастау алатын ұлттық санаға ие болғыңыз келсе, үлкен экранға ие болыңыз. Кино мен телевидениеге ие болыңыз», – дейді. Бұл пікірден түйетін бір ой – бүгінгі күні телеарналардағы кейбір бағдарламалар балалардың тәрбиесіне кері әсерін тигізіп отырғандығы.

Бір қарағанда қарапайым суреттерден тұратын экрандық туындының баланың санасына ешбір әсері жоқ сияқты. Алайда теледидар алдында мультфильмге зер салып отырған баланың қимыл-қозғалысы мен эмоционалдық күйінен өзгерістерді аңғаруға болады.

Әдебиеттер:

1. Мультфильмнің бала өміріндегі рөлі. URL: <https://infourok.ru/ilimi-zhoba-multfilimni-bala-mirindegi-rli-1730951.html>
2. Мультфильмдердің бала дамуындағы рөлі. URL <https://kk.perestanovki.org/12122-the-role-of-cartoons-in-child-development.html>
3. Balapan.tv, tilalemi.kz, kaznews.mn, bilimpez.kz сайттары
4. https://youtu.be/ao1LdZoVX3Y?si=YY1Kajfr8_y0phhb Ер Төстік мультфильмі
5. <https://youtu.be/28xnvsK6byk?si=qyYp--6Rf-7Yhnm1> Қажымұқан мультфильмі

ӘОЖ 372.881.1

МҰҒАЛІМ ІЗДЕНІСІ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

С.А. Оразова,

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші,
«№3 жалпы білім беретін мектеп» КММ, Жаңаөзен қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада мұғалімге қойылатын талаптар, атап айтқанда мектепте жаңаша оқыту, аңа заманның балаларының қызығушылықтарын ескеру, жаңа заман жеткіншектерінің «рөліне ене отырып», берілген ақпараттарды олардың ойымен, көзімен, түйсігімен қабылдауға тырысу, жаңа заманның балаларының қызығушылықтарын ескеру, сабаққа әзірлену барысында «жеңілден ауырға» деген тәсілді ұстану, әзірленген материалдардың тілін қабылдауға жеңіл етіп төселдіру, тақырыпты меңгертуде мұғалім позициясынан ғана емес, оқушы позициясынан қарау керектігі айтылады. Жаңа заман мұғалімі сабақ барысында өз білімін қолданумен қатар, оқушыларға ізденушілік, зерттеушілік әрекеттерін де

меңгертіп, одан әрі дамытып отыру керектігі, қазіргі таңда әдіс-тәсілдердің тиімді жолдарын қолданудың қажеттілігі зерделенеді.

Кілт сөздер: мұғалім, ізденіс, жаңаша оқыту, жаңа әдіс-тәсілдер, мұғалімге қойылатын талаптар, заман талабы

Тарихы тереңнен бастау алатын қазақ тілінің мәртебесін көтеру – әрбір қазақстандықтың үлкен адамгершілік әрі азаматтық борышы болып табылады. Қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болғандықтан, оны жетік білу, қазақ тілінде ойын анық жеткізіп, сөзін жүйелі әрі мәнерлі айта білуге отандастырымыздың барлығы да міндетті. «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін»- деп айтқан тұңғыш елбасымыздың сөзін желкен ете отырып, мемлекеттік дәрежеде талдар болсақ, әрбір қазақстандық қазақша қиындықсыз сөйлеуі тиіс!

Бүгінгі таңда ана тіліміздің жағдайы жанашырларын жыларман хәлге түсірерліктей «қасірет шегуде». Ана тілін шұбарлаушылар, нашар меңгергендер, қала берді, білмейтіндердің қатары аз емес. Кеңестік саясаттың сарқыны тәуелсіздіктің таңдарында да өзінің дәмін таттырып жатыр. Бұл дерттен арылу үшін ел болып, мемлекет болып жұмыла жұмыс атқаруға тура келеді. Әрине, тіл сөйлеуден басталады, сөйлеу отбасынан басталады. Алдымен, әр отбасы балаларының қазақша сөйлеу деңгейінің оңалуына негіз салып беруі керек. Тәй-тәй басқан бүлдіршіндерді балабақшада тәрбиешілер қазақша тақпақтар жаттатып, қазақ тілді ертегілер тыңдатып, мультфильмдер көрсетіп дағдыландыруы керек. Осы кезеңде қазақшаны өте жақсы түсініп, ойын қазақша жеткізе білетін балаларды мектеп қабырғасында қазақ тілінің грамматикасы мен әдеби деңгейді меңгеруіне баулитын ұстаздар қауымы құшақ жая қарсы алуы керек. Адамның тұлға болып қалыптасуының бірден-бір сатысы – мектеп. Мектеп жасында әр адам білім алып, білгенін жетілдіріп, өмірге қанат қағатыны - қоғам табиғатының қалыптасқан құбылысы.

Қазіргі кезде ата-аналар балаларының біліміне қатты көңіл бөлетіндігі көңіл қуантады. Осыған орай мектептерде үйірмелер мен қосымша сабақтардың жұмысы, ауылдар мен қалаларда білім орталықтарының жұмыстары қайнап тұр. Тіл үйрету курстарының саны жетіп артыларлықтай. Шетел тілдерін оқытумен қатар, қазақ тілін үйрету бағытында жұмыс істеп жатқан орталықтардың бары да рас. Өскелең ұрпақтың мемлекеттік тілді тез әрі жоғары деңгейде меңгеруі үшін жазылып жатқан оқулықтар да, әдістемелік нұсқаулықтар да, түрлі бағдарламалар да, оқыту әдістері де күн санап артып келеді. Бәрінің көздегені бір – нәтижеге жету. Көздеген нәтиже – қазақ тілін меңгерген азаматтардың қатарын көбейту. Қазақ тілінің ең көп оқытылатын орны – мектеп. Қазақ тілінде білім алатын оқушылар, сөзсіз, ана тілін жетік біледі. Ал, орыс тілінде білім алатын оқушылардың бәрі дерлік тиісті деңгейде мемлекеттік тілді меңгерген деп айта алмаймыз. Осы тұста жауапкершіліктің басым бөлігі ұстаздар қауымына артылады...

Бүгінгі күнде қоғамымыздың кез келген саласы өзі үшін де, елі үшін де өскелең экономикалық және әлеуметтік жауапкершілік жағдайында өмір сүріп, жұмыс жасай білетін белсенді, қабілетті, ізденгіш азаматтарды талап етеді. Оның үстіне техника мен ғылым дамыған қазіргі кезеңде мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті, өзін қоршаған түрлі жағдайларға тез икемделіп қана қоймай, оларды керекті бағытына шығармашылықпен бұра білу қабілеттілігін қажет етеді. [1]

Қоғамның дарынды адамдарға деген қажетін қанағаттандыру талабы оқыту, білім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дауына жол ашу, шығармашылық тұлға қалыптастыру міндетін қойып отыр. [1] Шығармашыл, жан-жақты тұлғаны қалыптастыру үшін мұғалімнің өзі де шығармашыл, жан-жақты ізденгіш болуы абзал. Бұл талап қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерін де айналып өтпейді. Оқушының бағдарламаны меңгеру деңгейі пәнге қызығуына байланысты, ал пәнге қызығуы мұғалімнің оқушыны өз пәніне қызықтыра алуына байланысты.

Оқытудың әдістері мен тәсілдері жүйелі түрде жасалатыны шүбәсіз. Дегенмен, әр әдіс пен әдістеме заманның талабы мен қоғамның дамуына лайықты түрде іске асырылатынын да ұмытпауымыз керек. Дана халқымыз айтқандай, «кімнің арбасына отырсақ, соның әнін айту» арқылы дегенімізге жетеміз. Бұл мәтелді заманауи тұрғыдан интерпретацияласақ, заманға сай, өскелең ұрпақтың даму ерекшелігіне, сәт сайын өзгерістерге толып жатқан уақыттың қарқынына қарай оқытудың әдіс-тәсілдерін ыңғайлауға дайын болуымыз қажет. Олай болса, бүгінгі білім алушылардың ыңғайына қарай оқытуды қалай түсінеміз және оған қалай «ыңғайланамыз»?

Заманауи оқушыға – заманауи оқытушы. Бүгінгі оқушыларды қазақ тілі пәніне қызықтырудың бірнеше әдісін өз сабақтарымда қолданып көргелі бері, оқушыларымның қызығушылығының қарқыны мен сабаққа дайындықтарының, сабақ барысындағы белсенділіктерінің анағұрлым артқанын байқадым. Мен орыс тілінде білім алатын балалар мен қазақ тілінде білім алатын балалардың белсенділіктерін қадағаладым. Менің байқағаным – орыс тілінде білім алатын сыныптың оқушыларына оқу бағдарламасы аясындағы оқулықтарда берілген мәтіндер түсінулеріне қиындау, кей кезде тілі «ауырлау», бірден түсіне қоюға оңай соқпайды. Соны ескере отырып, өз сабақтарыма дайындалу барысында төмендегі бірнеше қағиданы қатаң басшылыққа алдым:

- Жаңа заманның балаларының қызығушылықтарын ескеру;
- Жаңа заман жеткіншектерінің «рөліне ене отырып», берілген ақпараттарды олардың ойымен, көзімен, түйсігімен қабылдауға тырысу;
- Жаңа заманның балаларының қызығушылықтарын ескеру;
- Сабаққа әзірлену барысында «жеңілден ауырға» деген тәсілді ұстану;
- Әзірленген материалдардың тілін қабылдауға жеңіл етіп төселдіру;

- Тақырыпты меңгертуде мұғалім позициясынан ғана емес, оқушы позициясынан қарау.

Бұл ұстанымдарды жүзеге қалай асырдым? Ақпараттың ағыл-тегіл толып жатқан уақытында жас буынның классикалық шығармалардан гөрі, қаралымы мол, арнайы эффектілерге толы фильмдерге деген қызығушылығын, газет-журналдардан қарағанда әлеуеттік желілілердегі ақпараттар мен жаңалықтарға ұмтылысын ұмытпауға тырыстым. Сол арқылы сабақтарыма заманауи контентті енгізуді дұрыс деп таптым. Мәселен, туыстық атауларды, жақын-жұрағаттың қазақша атауларын меңгерту сабақтарында белгілі ағылшын жазушысы Дж.К. Роулингтің Гарри Потер туралы жазылған әйгілі шығармасы негізінде, фэнтези жанрында түсірілген «Гарри Потер» фильмдерінің кейіпкерлерін пайдаландым: Рон мен Гермиона, Ронның туыстарын, отбасын қатыстыра отырып, солар арқылы жақын туыстық атауларды; Рон мен Гермионаны «үйлендірсек», солар арқылы байланысатын құдандалық туыс атауларын меңгерттім. Дәл осы фильм кейіпкерлерінің өзара қарым-қатынасын баяндату арқылы адамның көңіл-күйі, ішкі сезімі, арманы мен мақсатына қатысты сөздерді меңгертіп, өз ойларын ортаға салдырттым.

«Хат. Хаттың түрлері» тақырыбын оқыту сабақтарында аты әлемге әйгілі «Marvel Studios» киностудиясының фильмдер серияларын пайдаландым. Бұл фильмдерді қолдануда жас ерекшелігіне шектеу қойылмағандығын ескердім. Нақты айтқанда, фильм кейіпкерлерінің «жазған хаттарына», олардың оқушыларға «қойған» сұрақтарына жауап жазу тапсырмасын бере отырып, оқушыларды хат жазуға ынталандырдым. Ал, жақсы жазылған хаттарды фильмнің атақты хештегтерін белгілеп оқушылардың әлеуметтік желі парақшаларына жариялаттым, әрі ғаламтор сайттарына жолдап, жариялау ісін жүзеге асырдық. Айта кетуім керек, осы тапсырмаларды оқушылар ерекше ынта-жігерлерімен орындап, бірі қалмай жауапкершілік танытты. Сабақтар да өте қызықты өтті.

«Тағамдар. Ұлттық тағамдар.» тақырыбын оқыту сабақтарында қазіргі таңда сәнге айналған «дұрыс тамақтану», «тез әзірленетін тағамдар» жүйесі, «диеталар» тақырыптарына оқушылардың өз ойларын бөлісуі мен баяндамалар, презентациялар әзірлеуін тапсырма түрінде бергенімде, оқушылар тапсырмаларды жоғары деңгейде орындап қана қоймай, қазақ тіліндегі сын есімдерді, сан есімдерді, үстеулерді өте сауатты қолданып, жаттап, меңгерді. Сол арқылы сөздік қорларын да байытты.

Оқушылардың көпшілігі қазіргі таңда өзекті болып тұрған, ғаламтор кеңістігін шарлап жүрген әлемдік жаңалықтарды, компьютерлік ойындарды талқылағанды жақсы көреді. Осы тақырыптарды қазақ тілі сабағының бір бөлігінде талқылауға салып, осы тақырыптарда жазылған мәтіндерді оңай түсініп қана қоймай, өз ойларын ортаға салуға да белсенді. Ұзын сөздің қысқасы, оқушыларға классикалық шығармаларды ұсыну үшін оларды қызықты тақырыптарды талдату арқылы дайындаған дұрыс деп түсіндім және дұрыстығына көзім жетті. Бір сарынды сабақтармен балаларды

«шаршата бермей», олардың ыңғайына төселе отырып, сабақ барысында қолданылатын контентті де жаңаша үлгіде ұсынған үлкен нәтиже береді. Ең алдымен, оқушыны жаңашылдық пәнге құштар етеді, пәнге деген құштарлық белсенділікті арттырады.

Мұғалім өз алдында отырған оқушылардың заманауи қызығушылықтарын ескере отырып, оқушы сияқты ойланып көрсе, сол қызығушылықтардың элементтерін сабақ барысында қолданып, тәжірибеге енгізу оң нәтижесін берері рас. Бұл деген классикалық шығармаларды, классиктерді шетке ысыру емес, пәнді қызықты етіп ұсыну. Ол үшін қазақ тілі сабақтарына заманауи контентті енгізуді жиі жүзеге асыру керек деп ойлаймын.

«Заманыңа қарай бөркінді ки» дегеннің ақылы қазақ тілі сабақтарында осылайша іске асырылуының несі айып? Бұл да шығармашылықты, креативті көзқарасты, жан-жақтылықты талап етеді. Сөздік қорының молдығы бойынша әлем тілдері ішінде үшінші орын алатын қазақ тілін меңгерудің қиын емес екенін заманауи контент арқылы оқушыларға сезіндіре білу, жеткізу әрі жүзеге асыру бүгінгі күнде өте тиімді болатынын ескермеуге болмайды. Бұл да педагогикалық мәдениеттің жарқын көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Ал, педагогикалық мәдениет – бұл жоғары деңгейдегі кәсібилік пен педагогтың ішкі жан-дүниесін сараптай білуі, оқыту әдістемесі мен шығармашылық қабілеттерін игере білуі.[2] Ендеше, жаңалыққа толы заманда жаңашыл контент ұсыну арқылы қазақ тілін оқыту мен меңгерту әрбір шығармашыл мұғалімнің қолынан келеді. Бұл ұстаным қуантарлық нәтиже беріп, тілді үйренуді де жеңілдетеді.

Қазіргі білім берудің басты мақсаттарының бірі – шығармашыл тұлға қалыптастыру болып табылады. Оқушының шығармашылық қабілетін ашып, оны одан әрі дамыту үшін жоспарланған істің мақсаты мен міндеттері айқын болу қажет.

Қазақ тілі мен әдебиетті оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта қолданып, жаңаша оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін тауып, оларды жүйелі түрде қолдану – бүгінгі заман талабы. Ал білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын ұдайы жаңартып отыру, оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдері мен түрлі құралдарын қолданудың тиімді жолдарын арттыру.

Жаңа заман мұғалімі сабақ барысында өз білімін қолданумен қатар, оқушыларға ізденушілік, зерттеушілік әрекеттерін де меңгертіп, одан әрі дамытып отыруы қажет. Қазіргі таңда әдіс-тәсілдердің тиімді жолдарын әр оқытушы өзі таңдауға мүмкіндік берілген. Әр ұстаз өз шәкірттерінің талантты, талапты, дарынды және қайталанбас дара болғанын қалайды. Соған жету жолында аянбай еңбек етіп, түрлі жолдарын қарастырады. Оқушылардың бойындағы ерекше қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әр оқушының қабілетіне сай тапсырмалар мен жұмыстар жүргізуі қажет және оған келесідей талаптар қойылады:

- жалпы қабылданған бағдарламамен шектеліп қалмау;
- әр оқушының қызығушылығының спецификасын ескеру;

- оқушылардың оқыған тақырыбына тереңірек үңілуіне тосқауыл қоймау;
- оңайдан қиынға көшу әдісін пайдала отырып, білмегенін меңгерту; қателіктермен жұмыс жасау;
- өз ойын еркін, дұрыс жеткізе білуге үйрету.

Осы талаптарды орындаған жағдайда ғана білімді, талапты, өз ойын жүзеге асыра алатын, ізденімпаздық, шығармашылық қабілеттері дамыған оқушы қалыптасады.

Әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. 2022
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 2019
3. Ақшоплақов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. Алматы, 2018
4. Әбдікәрімова Г. Әдебиет сабағында оқушыны еңбекке баулу//Қазақ тілі мен әдебиеті. - №3.-2012
5. Турабаева Л.К. Оқытушының кәсіби шеберлігі мен тіл мәдениеті// Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Хабаршысы». - №2(166). - 2017
6. Сманов Б.Ө. Мектепте көркем шығарманы талдаудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Алматы, 2020

ӘОЖ 373.2

БАЛАНЫҢ БОЛАШАҚ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ҮЛКЕНДЕРДІҢ ЫҚПАЛЫ

А.А.Төлеубай,

*"Мектепке дейінгі білім беру және балалар психологиясы" білім беру
бағдарламасы I курс магистранты*

I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Ғылыми жетекшісі: А.Б.Бакраденова,

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

E-mail: altyn.bakradenova@mail.ru, toreako@mail.ru

Аннотация. Мақалада бала тұлғасының өзін-өзі бағалауының қалыптасуына отбасы мүшелерінің, педагогтердің әсері туралы мәселе қарастырылған. Отбасы – адамның жеке дамуына әсер ететін бірінші орта. Авторлар мектеп жасына дейінгі баланың өзін-өзі бағалау деңгейіне ата-ана, педагогтер тәрбиес ықпал ететінін мысалдармен көрсетіп, үлкендердің әрекеті баланың өзін-өзі бағалау және бақылау деңгейін арттыруға көмектесетінін айқындаған.

Кілт сөздер: өзін-өзі бағалау, отбасылық тәрбие, бала тұлғасы, баланың әлеуметтенуі, психологиялық даму, авторитарлық стиль, демократиялық стиль, либералдық стиль, төмен бағалау, асыра бағалау.

Кіріспе. Әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері болатыны белгілі. Тәрбие ананың ақ сүтінен, ана әлдиінен, атаның қасиетті сөздерінен бастау алады. Заманауи ұрпақ әке мейірімі мен ана сүтінен нәр алып, ата-әже тағылымын көріп өссе, туған жері мен халқын сүйетін, елінің болашағын, халқының қамын ойлайтын, ой-өрісі кең, дүниетанымы жоғары, жан-жақты, білімді де білікті, ұлтжанды тұлға болып жетілуі керек.

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие педагогикалық өрісін жая алады. Бұны біз жайлы ұядан ұшып шығып, өз күшімен қанат жайып, ұшуға талпынған, тіпті біраз ұшып бастаған қарлығаш балапанына ұқсата аламыз. Балада да сондай сәттер болады. Өз қасығын өзі ұстап, дәмді ботқаны аузына апарған сәбидің алғаш рет өз талпынысына масаттанғанын қуанған жүзінен сезесің. Баланың өзін-өзі бағалауы – оның қол жеткен табысының құндылығы мен маңыздылығын сезінуі және оған қуануы. Жеке басының біртіндеп қалыптасуында әртүрлі мотивациясының туындауына орай, баланың өзіне деген сенімділігі арта түседі. Баланың негізгі дағдыларын, құндылықтарын және мінез-құлық үлгілерін игерте бастайтын алғашқы әлеуметтік ортасы – оның отбасы. Солардың ішіндегі ең маңызды сезім – оның өзін-өзі бағалауы. Бала ерте сәбилік кезеңнен өз отбасында өзі туралы, өзінің күші және мүмкіндіктері туралы деректерге құлақ түріп, өзін-өзі бағалай бастайды, өзіне деген сенімділігі қалыптасады. Қазіргі кезде кейбір отбасыларында әлеуметтік жағдайдың күрделенуіне байланысты түрлі жағдаятта баланың өзін-өзі бағалау қабілеті қалыптаспай жатыр.

Баланың өзінің әрбір ісін бағалауына айналасындағы адамдардан қолдау тауып, мадақтаулар естуі әсер етпек. Оның біртіндеп сыртқы әлеммен қарым-қатынас құра бастауы өзіне деген сенім орныққанда жүзеге асады деп түйіндеуге болады.

Негізгі бөлім. Отбасы – ежелден баланы жастайынан әлеуметтік ортаға бейімдеп, өз қатарластарынан озық болуға дайындайтын тәрбие ортасы. Зейінді, білімді, тапқыр бала халық пен оны байланыстырушы буын болып табылады. Бұған дәлел: данышпан хәкім Абай парасатты әжесі Зере мен ұлт жанашыры болған әкесі Құнанбайдың ақылымен тұлға болып қалыптасуы дей аламыз. Қазақ отбасының тәрбиесі ұлттың өмір сүру жағдаятына, әлеуметтенуіне байланысты өзгерістерге ұшырап, бүгіндері қайтадан жаңғыруда. Алдымен бала өз отбасындағы ерекше туысына еліктейді, ерекше мінез-құлықтың нақтылы кейпін жақындарынан кездестіреді. Аса маңызды үлгі берушілер – анасы мен әкесі, ағалары мен әпкелері, кейіннен тәрбиешілері мен құрбы-құрдастары.

«Отбасылық тәрбие стилі дегеніміз – ата-аналардың балаға әсер ету үшін қолданатын әдіс-тәсілдерінің және үлкендердің тәрбиелік ықпалдарының жиынтығы арқылы қалыптасатын отбасындағы қарым-қатынас тәсілі. Бұл стиль ата-аналардың вербалды және вербалды емес өзара әрекеттесу мәнерімен анықталады, сондай-ақ бақылау, қамқорлық

деңгейі, ересектер мен балалар арасындағы психоэмоционалды байланыстар сапасы, ата-аналардың бала мінез-құлқына әсер ету сипаты, тыйымдардың саны және басқа да аспектілермен сипатталады» деп жазылған зерттеуде [1]. Бір отбасында балаға дәстүрлі имандылық тәрбие, екіншісінде баланы жеке субъект ретінде дамытуға, заманның өзгеруіне орай жаңартылған әлеуметтік тәрбие беру ерекшеліктері болады. Кейбір отбасында балаға назар аударылмауы да мүмкін, ондай жағдаятта бала ынжық, тұйық мінезді болып өсуі кездесіп жатады. Қарым-қатынас баланың рухани дамуының басты құралы болумен қатар баланың өзін-өзі жетілдіруге, өзін өзге ортада іштей бақылап, жан-жақты білімденуіне, жақсы мінез-құлыққа дағдылануына апаратын көпір іспеттес.

Түрліше жағдаяттағы қарым-қатынастар баланың жеке басына маңызды әсер етуі туралы бірнеше зерттеулер бар. Солардың бірі ХХғасырдың атақты философы, Америкада балаларды балабақшадан бастап еркін тәрбиелеу лабораториясын ашқан психолог әрі педагог Джон Дьюи (1859-1952, Dewey) мұғалім мен әдіскер ойластырып, жоспарлаған, бірыңғай оқу-тәрбие сабақтарын дайындау қажет емес деп есептеді. Ғалым баланың қоршаған әлеммен еркін әрекеттесуі және өзінің қажетті білімге сұраныс тудыруы ең жақсы нұсқа болатындығын айтқан. «Баланы болашаққа дайындау - бұл оны өзін-өзі ұстай білуге үйрету, яғни бұл оның бар қабілеттерін толық және тез пайдалана алатындай етіп жаттықтырылуы, оның көздері, қолдары мен құлақтары әрекет етуге дайын құралдарға айналуы, оның ой-пікірі жұмыс істеуге тура келетін жағдайларды түсіне қабылдауы, және оған берілген міндеттерді орындауға бағытталған күштерін ақылға қонымды әрі үнемді пайдалана алуы», - деді Дьюи [2].

Балабақшадағы тәрбиеш тұлғасы, ал үйдегі оған ерекше көңіл бөлетін ең жақын адамының балаға жасаған ықпалды әрекеттері – баланың ішкі ой-армандарынан, сөздерінен туындайтын әрекеттер. «Баланы қалай сүю керек?» деген еңбегінде поляк педагогы Януш Корчак баламен қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөлген. Ата-аналарға мынандай ақыл-кеңестер берген:

1. «Адамның ең маңызды кездесулері – оның балалармен қауышуы екенін ұмытпа. Балаларға үлкен көңіл бөл. Біз ешқашан бала жанындағы кіммен кездесетінімізді білмейміз».

2. «Өз балаңды әр жағдайда сүйе біл – дарынсыз, жолы болмағыш, ересек сияқты кез келген күйінде жақсы көре біл. Онымен қарым-қатынас жасаған сайын қуан, себебі бала сенімен уақытша ғана болатын мереке».

3. «Мен бала неге кемелденген музыкант бола алатынын түсінемін. Біз оның суреттеріне жіті назар аударсақ ақынды, суретшіні, сезім шеберін көреміз».

4. Ұмытпа адамның ең маңызды кездесуі – оның баласымен кездесуі. Оларға көп назарыңды салудан ерінбе. Баланың қандай болып өсетінін білмегендіктен, біз кіммен кездесетінімізді біле алмаймыз.

5. Балаға жақсылық жасай алмасаң өзінді қинама, бірақ есінде болсын мүмкіндігің болып тұрса да балаға әйтеуір бірдеңе жетпейді.

6. Бала – сенің өміріңді тартып алатын тиран. Дәл осы мүмкіндік саған өмірде берілген ең үлкен сый – сен сол сыйдан от шығара алуың қажет. Бұл әке мен ананың махаббаты. Оның жанын ата – ана сақтауға алады» [3].

Үлкендермен қарым-қатынаста балалар олардың сөзіне тәуелді болады, яғни авторитарлық стиль баланы тек тыңдауға ғана бейімдейді, жас кезінен бала өзіне үлгі тұтатын қатарластарымен бірге ойнап өссе, тепе-тең коммуникативтік қарым-қатынаста түсу жағдайында бала көсбасшылық деңгейге дейін жете алады. Қатарластарының көздерінен оған деген сенімді сезгенде, қай жастағы бала болсын, өзін-өзі бағалайтын болады.

Баланың балаға әсері әсіресе өте жас шағында білінеді. Ата-ана көзқарасымен белгілі бір балаға деген арнайы қарым-қатынаста отбасында берілетін құндылықтар баланың өзі туралы негізгі түсініктерін құрайды. Сондықтан отбасы тәрбиесінің түрлері баланың өзін-өзі бағалауының қалыптасуына айтарлықтай әсер ететіні таңғаларлық емес. Оның отбасы шеңберінде ғана қалыптасқан қарым-қатынас қабілеті өз қатарластарымен араласа бастағанда өзгеріске түседі. Яғни, өз деңгейіндегі ортада бала өзінің артықшылықтары мен кемшіліктерін байқай бастайды. Ұдайы үлкендермен ғана араласудан құтқарылған бала қатарластармен өзін салыстыра алып, өзінің жаман әдеттерін түзей бастайды. Өзіне-өзі қызмет ету қабілетіне әдеттене түседі.

Практика жүзінде балабақшаларда жүргізген бақылау экспериментінде біз әртүрлі ата-аналық тәрбие түрлерінің (авторитарлық, либералдық, демократиялық) баланың өзін-өзі бағалауының түрлі деңгейде қалыптасуына көз жеткіздік. Яғни, авторитарлық тәртіптегі отбасында бала тұйықталып, өзін үлкендерден алыс ұстайтыны, олармен жиі сөйлеспейтіні байқалды. Өзіндік орны еркін либералдық отбасында баланың өзі деңбiрсiздене, мазасыз әрекеттенетiнi, қалыптасқан ереже-тәртіптері айқын демократиялық ортада әр баланың өзіндік қабілеті, өз білімі мен іскерлік дағдысы қалыптасатыны айқындалды. А.Л. Венгер отбасылық тәрбие түрлерін үлкендердің баламен қарым-қатынас ерекшеліктеріне қарай 3 түрге бөледі: либералды стиль (еркін), авторитарлық стиль (қатал) және беделді стиль (демократиялық) [4].

Қазіргі таңда балабақшаның жас ерекшеліктеріне байланысты топтарында авторитарлық үйде өскен балалар жиі кездеседі. Үйдегі үлкендердің баланың пікірін қабылдамауы, өздігінен жасаған әрекеттерін үнемі сынға алулары тәрбиеленушінің өз бетінше шешім қабылдауға қабілетсіз етеді, оның бойында өзін төмен санау және өз мүмкіндіктеріне сенімсіздік сезім тудырады. Балалар әрдайым билікке бағынуға үйренеді, өз көзқарасын қорғауға тырыспайды, өз пікірін айтудан бас тартып, мәселеге араласпай, үнсіз қалып отырады. Либералдық стиль орныққан отбасында бала үлкендердің назарынан тыс хал-күй кешеді. Үйде бақылаудың жоқтығы, арнайы ереже-тәртіпті ұстанбау, режимдік әрекеттерсіз баланың

немен айналысуына болсын өзін еркін жіберуі өзін ұйымдастыруға, мінез-құлқын бақылауға қабілетсіздігін тудырады. Яғни, авторитарлық стильде үлкендерге иек артып, әрекеттерін оларға сүйене атқарса, либералдық стильде бала еркінсіп, өзін тастап жібереді. Оған мысал ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тақырыптан тыс өз бетімен отыруы, серуен кезінде ортадан алшақ өз ісімен айналысуы т.б. Еркіндік рұқсат етілген ортада өскен балалар мектептегі және қоғамдағы қатаң ережелерге бейімделуде қиындықтарға тап болып жатады.

Демократиялық стильдің сипаттамасы: отбасында не балабақшада болсын, баланың жеке басына деген құрмет пен сүйіспеншілік болуын талап етіледі. Қыз балаға анасының қатты қызығатын ойыншықтарын, заттарын алып беруі, әкесінің ұл балаға өзі айналысатын жұмыс не демалыс орындарына апарып, қажетті құралдармен таныстыруы, спортқа бейімдеуі, ата-ананың балалармен жиі сөйлесулері, өзара түсіністікке келулерінен айқын байқалады. Үлкендермен қарым-қатынасқа түсу баланың өзіне деген сенімін қалыптастырып, оны тәуелсіздікке ынталандырады. Ата-аналар әрбір әрекетке тән дағдыларды қалыптастыру үшін нақты ережелерді түсіндіріп, балаларды келісімге келуге, кей жағдайда баланың өзіндік пікірін құптап, ескеруге дайын екендіктерін білдіруі керек. Мұндай өзара ынтымақтастағы байланыс баланың өзін-өзі бағалауына ықпал етеді. Бала өз бетінше шешім қабылдауға үйренеді, қателесуден қорықпайды, тәуекелге баруға және жаңа шешімдер іздеуге дайын.

Баланың өз іс-әрекеттері мен сөздеріне жауапты болуға үйренуі өздерін ешуақыт назардан қалдырмайтын, бірақ оны бұйыру арқылы емес, өздерінің үлгілі іс-әрекеттерімен көрсететін ата-ананың ықпалымен жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі шақта анасының тағамдарды қалай дайындағанын, дастарханға қалай орналастырғанын бақылап үйренген қыз бала өзінің қуыршағын дәл солай тамақтандырады, оны ұйықтатқанда, анасы салған әнді, анасы айтқан әдемі сөздерді айтады. Кейін бөлмесін жинап бастағанда, шкафтарға киімдерді, заттарды дәл анасындай етіп орналастарады. Демократиялық ортада ер бала өз ісімен ер адамша өзіне сенімді, өткір мінезді, өз айтқанын орындайтын, сөзінде тұратын тұлғалық қасиеттерін көрсете бастайды. Қыз бала тіл алғыш, әпкесіндей өздігінен жақынға көмек беруге әзір, анасындай шыдамды, еңбекқор және мейірімді болып өседі. Баланың әлеуметтену қабілеттері отбасында орыныққан дұрыс қарым-қатынас пен әрбір отбасы мүшелерінің пікірін құрметтеу және әрқайсымен ынтымақтастыққа келуден көрінеді. Өйткені ондай бала өз ісін, қарым-қатынасын өзі әрдайым бақылай білетін бала.

Жоғарыда көрсеткеніміздей, отбасында ата-ана тарапынан әсер ететін позитивті құндылықтар (еңбекқорлық, адалдық, жанашырлық) өзін-өзі бағалауға ерекше ықпал етеді.

Баланың өзін-өзі бағалау туралы зерттеулерді қарастыру қазіргі кезде маңызды болып тұр. Өйткені, теріс, құнсыз әрекеттер орын алған отбасында бала бойына көрсеқызарлық(ақшаның құнын білмеушілік), ашкөздік

(жылтыраққа, әсіреқызыл заттарға, киім-кешекке құмарлық), көреалмаушылық (біреудің жетістігін, өзінен артық қабілеттерін) сияқты жаман әдеттер байқалып тұрады. Баланың әлеуметтік ортада өз орнын бағалай білмеуі үлкен қасірет. Теориялық жақтан ата-аналар назарын аударуға ұсынылатын қағидаттар балаларда өзін-өзі бағалауды дамытуға бағытталып, олардың түрлі әлеумет өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас жасауына жағдайлар тудырылуы керек.

«Қазақстан Республикасының баланың құқықтары туралы» заңы баланың отбасында оның тұлға ретінде қалыптасуына, жан-жақты дамуына жағдай жасауға ата-аналарды және қамқоршыларды міндеттейтіні мәлім. [5]. Сол сияқты Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» заңында баланың тұлғалық қалыптасуымен бірге құқықтық негіздері де қамтамасыз етілген. Заңда ата-аналардың тәрбие беру міндеттері және баланың дамуына қолайлы жағдай жасау талаптары нақты көрсетілген. Тәрбиенің балаға әсері – оның тұлғалық дамуы мен өзін-өзі бағалау деңгейінің маңызды көрсеткіші, ал отбасындағы қарым-қатынас бұл процестің шешуші элементі болып табылады [6].

Отбасындағы дұрыс тәрбие баланың өзін-өзі бағалауын қалыптастырудың басты факторларының бірі болып табылады.

Ата-аналардың қолдау көрсетуі, құрмет көрсетуі, эмоционалды байланыс баланың өзіне деген сенімділігін арттырады. Ата-аналар баланы кемсітуге немесе оған қиянат көрсетуге құқығы жоқ, бұл да баланың өзін-өзі бағалауына тікелей әсер етеді.

«Семья и ее роль в формировании самооценки у ребенка // Семья в современном мире» кітабының авторлары Поляков Д.В., Дорофеева С.Г., Конопля Е.Н. атп көрсеткендей, «Отбасы – «ата-ана-бала» қарым-қатынасына негізделген біртұтас әрекет, бірақ біртұтас отбасылық картинаны отбасындағы қарым-қатынастың барлық түрлері: «ата-ана-ата-ана», «ата-ана-бала», «бала-бала» жасайды. Қарым-қатынастың бұл түрлерінің бұзылуы баланың психикалық дамуының бұзылуымен көрінетін, кейіннен өзін-өзі бағалауға әсер ететін күрделі мәселелерге әкеледі» [7].

Отбасы дәстүрлі түрде ең маңызды білім беру мекемелерінің бірі болып саналады, оның маңыздылығы, ең алдымен, баланың отбасымен көп уақыт өткізуімен анықталады. Жеке тұлғаға әсер етуінің күші мен ұзақтығы бойынша ешбір тәрбие жүйесін отбасымен салыстыруға болмайды, өйткені баланың жеке басын дамытуға бағытталған процестер дәл онда қалыптасады. Отбасы өзіндік «қоғамның микромоделі» бола отырып, баланың әлеуметтік көзқарастары мен жеке қасиеттерінің жүйесін дамытуға белгілі бір дәрежеде әсер етеді [8].

Бала тұлғасының дамуына әсер ету дәрежесі көптеген факторларға байланысты, атап айтқанда: жасы, темпераменті, менталитеті, ұнатулары, қызығушылықтары, баланың ата-анасымен қарым-қатынасы және, әрине, отбасылық тәрбие стилі. Ол бала тұлғасының дамуына әсер етіп қана қоймай, оған белгілі бір қасиеттерді, сенімдерді, ұстанымдарды,

көзқарастарды сіңіруге мүмкіндік береді, сондай-ақ оның әлеуметтік ортаға бейімделуіне көмектеседі [9].

Баланың өзін-өзі бағалауының қалыптасуына отбасы тәрбиесінің ықпалы даусыз фактор болып табылады. Ата-ана тәрбиесінің әртүрлі стильдері балаларға өздері және әлем туралы әртүрлі идеялар береді, бұл олардың өзін-өзі бағалауына сөзсіз әсер етеді.

Жинақтап айтқанда, өзін-өзі бағалауға оң ықпал ететін негізгі факторлар эмоционалдық қолдау, дұрыс сын айта білу және дұрыс мінез-құлық үлгісі болып табылады. Бұл процесте ата-аналар басты рөл атқарады және олардың ықпалын білу бізге, педагогтерге, балалардың салауатты эмоционалдық дамуына ықпал ететін ортаны құруға мүмкіндік береді.

Балалардың өзін-өзі бағалауын зерттегенде олардың әр жас кезеңіндегі психикалық даму ерекшеліктерін ескеру өте маңызды. Себебі өзін-өзі бағалау когнитивтік, эмоциялық және әлеуметтік дағдылардың дамуымен тығыз байланысты. Әрбір жас кезеңінің өзіндік ерекшеліктері бар, және олар баланың өзін қалай қабылдайтынына әсер етеді:

1. Мектепке дейінгі жас (3-6 жас): Бұл кезеңде балалардың өзін-өзі бағалауы тұрақсыз және көбіне жоғары болып келеді. Олар өз мүмкіндіктерін асыра бағалап, жетістіктерін және үлкендердің мақтауларын ескеріп өзін бағалайды. Бұл жаста олардың когнитивтік қабілеттері әлі толық дамымағандықтан, олар өздерін объективті түрде бағалай алмайды.

2. Бастауыш мектеп жас (6-10 жас): Мектепке бару арқылы балалардың өзін-өзі бағалауы біршама шынайы бола бастайды. Олар өз жетістіктерін қатарластарының жетістіктерімен салыстырады, бұл өзін-өзі бағалауға оң немесе теріс әсер етуі мүмкін. Мектептегі жетістіктер мен мұғалімдердің пікірі өзін-өзі бағалауды қалыптастырудағы маңызды факторлар болып табылады.

3. Жасөспірімдік кезең (11-17 жас): Бұл кезеңде өзін-өзі тану процесі қарқынды дамиды. Жасөспірімдер өзін-өзі көрсетуге, қоғамдағы орнын табуға тырысады және бұл кезеңде эмоционалдық тұрақсыздық болуы мүмкін, ол өзін-өзі бағалауға әсер етеді. Қатарластарының пікірі және айналасындағы адамдардың көзқарасы үлкен рөл атқарады. Жасөспірімдер өздеріне сыни көзқараспен қарап, бұл өзін-өзі бағалаудың тұрақсыздығына немесе сенімділіктің өсуіне әкелуі мүмкін.

Осылайша, әр кезеңдегі психикалық даму ерекшеліктерін түсіну балалардың дұрыс және сау өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға көмек береді.

«Өзін-өзі бағалау күрделі тұлғалық қалыптасу болып табылады. Ол баланың өзі туралы басқалардан не үйренетінін және оның іс-әрекеті мен жеке қасиеттерін жүзеге асыруға бағытталған өзінің белсенділігін көрсетеді» [1].

Өзін-өзі бағалау - бұл жеке адамның өзін, оның мүмкіндіктерін, қасиеттерін және басқа адамдар арасындағы орнын бағалау. Белгілі бір

кезеңге дейін баланың өзін-өзі бағалауы ересектердің, әсіресе ата-аналардың оған деген көзқарасының көрінісі болып табылады.

Өзін-өзі бағалау жаһандық және жеке, тұрақты және тұрақсыз болуы мүмкін. Жаһандық өзін-өзі бағалау – адамның өзіне, оның сезімдері мен мүмкіндіктеріне деген сезімі, жеке өзін-өзі бағалау адамның сыртқы келбетінің кейбір бөлшектері, оларды мақұлдау немесе мақұлдамау туралы сезімдерін көрсетеді. Тұрақты өзін-өзі бағалау 2 фактормен көрсетіледі: адекваттылық (өзі туралы нақты ойлар) және адекватты емес (өзінің қасиеттерін, мүмкіндіктері мен жетістіктерін бағаламау немесе асыра бағалау). Тұрақсыз өзін-өзі бағалау көбінесе жасөспірімдік шақта, өзін-өзі тану және сыртқы және ішкі табиғаттың өзгеруі кезеңінде көрінеді. Тұрақсыз өзін-өзі бағалау өзін-өзі бағалаудың күрт төмендеуімен және жоғарылауымен бірге жүреді.

Қазіргі психологияда өзін-өзі бағалаудың үш деңгейі көрсетіледі, олар, атап айтқанда, төмен бағаланған, адекватты және асыра бағаланған деңгейлер. Өзін-өзі бағалауы төмен адамдар өздерінің қабілеттерін басқалардың алдында кем санап, сұранысты лайықты бағалай алмайды. Адекватты өзін-өзі бағалау деңгейінде жеке адамға өзі, оның мүмкіндіктері мен әрекеттері туралы нақты түсінік береді. Өзін-өзі асыра бағалауы жоғары адам өзі туралы шектен тыс ой-пікірлер береді. Мектепке дейінгі тәрбиеде баланың мақтаншақтыққа үйір болуы өзін асыра бағалауға жол берілгендіктен. Сондықтан да баланы күшті, өзіне сенімді тұлға етіп тәрбиелеуде өзін бағалауға үйрететіндер – отбасы мүшелері, әлеуметтік ортадағы үлгілі, тәрбиелі балаға жақын тұлғалар деп ойлаймыз.

Қорытынды. Қорытындылай келе, ата-ананың, балабақша педагогтерінің тәрбие стилін дұрыс таңдауы баланың өзін-өзі бағалауының қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді деп айтуға болады. Отбасындағы ата-ана тәрбиесі мен айқын шекараларды қамтитын қоғамдық орындардағы нәтижелі тәрбие амалдарын қолдауды теңдестірілген тәсіл ретінде тиімді қолдансақ, бұл балалардың өзіне деген сенімділігін дамытуға және олардың жетістіктері мен кемшіліктерін өзі байқап, бағалай алуға көмектеседі деуге болады.

Әдебиеттер:

1. Венгер А. Л. Психология развития. Психологический лексикон / А. Л. Венгер // Энциклопедический словарь в 6-ти томах. – М.: ПЕР СЭ, 2005. – 176 с.
2. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Дьюи,_Джон#:~:text=Джон%20Дьюи%20\(англ.%20John%20Dewey%3B,над%20педагогикой%20в%20Третьем%20рейхе](https://ru.wikipedia.org/wiki/Дьюи,_Джон#:~:text=Джон%20Дьюи%20(англ.%20John%20Dewey%3B,над%20педагогикой%20в%20Третьем%20рейхе)
3. Как любит ребенка: Книга о воспитании: Я.Корчак. М.: Политиздат, 1990.
4. Орлова А.В. Влияние стиля семейного воспитания на развитие личности детей дошкольного возраста//Международный научно-исследовательский журнал. – 2017. – №8 (62), часть 2. – С. 111-114.
5. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
6. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>

7. Поляков Д.В., Дорофеева С.Г., Конопля Е.Н. Семья и ее роль в формировании самооценки у ребенка // Семья в современном мире. – 2017. – С. 108-112.
8. Кузьмишина Т. Л., Амелина Е. С., Пермякова А. А., Хохлова Е. А. Стили семейного воспитания: отечественная и зарубежная классификация / Т. Л. Кузьмишина. – М., 2014. – С.16-25.
9. Столин В. В. Самосознание личности / В. В. Столин. – М.: «Педагогика», 2006. – 212с.

МАЗМҰНЫ

<i>Б.Б.Ахметов</i> Ұлтын сүйген ұлы суреткер (<i>Kipisne söz</i>)	3
ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС	
<i>З-Ғ Бисенғали</i> Әбіш Кекілбайұлының «Шандоз» деректі-тарихи баянындағы жаңа таным	5
<i>О.Сөйлемез</i> Қазақ өлеңіндегі Әбіш Кекілбаев бейнесі	18
<i>О.Мандоки</i> Халықтар мен мәдениеттер байланысының дәнекері	26
<i>Ж.Манкеева</i> Ә.Кекілбаевтің поэтикалық тілін зерттеудің заманауи үлгісі	32
<i>Ж.Дүйсенбаева</i> Әбіш Кекілбаев – этнограф ғалым	35
<i>О.Жұбай</i> Ұстаз ұлағатын ұлтына жеткізген ұлы тұлға	39
<i>Ш.Смамұтова</i> Әбіш Кекілбаев және қазіргі қарақалпақ прозасы	53
<i>О.Сөйлемез, Ө.Атеш, С.Башимоғлы</i> Ә.Кекілбайұлының «Шыңырау» повесі және адамзаттың ішкі дүниесі	58
<i>А.Б. Бейсенбай, Қ.Қ. Сарекенова</i> Ә.Кекілбаев шығармаларындағы тұрақты тіркестердің окказионал варианттылығы	66
<i>Ә.Д.Қабылов</i> Ә.Кекілбаев романдарындағы кейіпкерлердің ішкі әлемінің танылуы	72
I СЕКЦИЯ. Ә.КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ: ӘДЕБИ ЖӘНЕ ТІЛДІК ЗЕРТТЕУЛЕР	
<i>Н.С.Қамарова</i> Әбіш Кекілбайұлы романдарындағы кейіпкерлер әлемі	81
<i>А.Н.Отарова</i> Әбіш Кекілбаев шығармасындағы ұлттық- этномәдени құндылықтар	91
<i>Ә.Д.Қабылов, Ә.Т.Жеткізгенова</i> Әбіш Кекілбаевтың аударма пьесалары	98
<i>А.Едилхан</i> Экзистенциализм в творчестве Абиша Кекилбай	110
<i>М.Шоқай</i> «Күй» мен «Бәйгеторы»: қоғамдық сананың жаңғыруы контексінде ...	113
<i>Б.Каримсакова, Г.Дүйсенова</i> Ә.Кекілбаевтың прозалық шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі	118
<i>Б.Каримсакова</i>	

Ә.Кекілбаевтың прозалық шығармаларындағы кейіпкер болмысының адамшылық сәулесі	124
<i>С.Құдайберген</i>	
Әбіш Кекілбайұлының тырнақалды туындылары	130
<i>Ы.Құттымұратова</i>	
Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы фразеологизмдердің қарақалпақстан қазақтары тілі фразеологизмдерімен сәйкестігі	135
<i>М.Жылқыбаева</i>	
Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы фразеологизмдер және ұлттық-мәдени стереотиптің көрінісі	137
<i>М.Жылқыбаева</i>	
Ә.Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті тіл қолданыстары	143
<i>Г.А.Калменова</i>	
Ә.Кекілбаевтың “Шыңырау” повесінің тілдік ерекшелігі: көркем шығармадағы фразеологизмдерге концептілік талдау	150
<i>Ш.Д. Смагул</i>	
Концепт «судьба» в повести «Шынырау» А.Кекильбаева	154
<i>М.Ж.Аманғалиева</i>	
Әбіштің туған жер лирикасы	158
II СЕКЦИЯ. ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР	
<i>Ж.Т.Кобланов</i>	
Лирическая музыкальная драма «Гариб-ашыг»	163
<i>А.Кемалиева</i>	
Әбіш Кекілбаев шығармалары арқылы оқушылардың әдеби-тарихи танымын кеңейту	166
<i>А.Нұрлан</i>	
Әбіш Кекілбайұлының шығармашылығын жоғары және орта мектепте оқыту мәселелері	173
<i>А.З.Нурақбаева</i>	
Микрожанрлар және әдебиеттанудағы кешенді зерттеулер	176
<i>С.Е.Аманқосова</i>	
Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы – айтыс өнерін дамытушы	180
<i>Феруза Сабитқызы Нурсейтова</i>	
А.Сейдімбектің этно-мәдени мұраларындағы деректілік	184
<i>А.Кадир</i>	
The role and functions of artistic elements in scientific discourse	189
<i>Э.С.Нурпеисова</i>	
Тарих сабағында цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі ...	191
<i>Р.Г.Шамгонова, А.Н.Сарсенбаева</i>	
Шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілді қолданудың ғылыми-әдістемелік тұрғыдан зерттелуі	196
<i>Р.Г.Шамгонова, Г.М.Жанғалиева</i>	

Орта мектеп оқушыларының мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы заманауи технологиялар	201
<i>Э.К. Утемисова, Г.М. Жанғалиева</i>	
Ағылшын тілі сабағында лексикалық жаттығулар арқылы оқушылардың сөздік қорын молайту әдісі	205
<i>A.S. Sissekeshova</i>	
Effective communication strategies for english learners	210
<i>A. E. Габдешева</i>	
Проведение деловых игр на занятиях по иностранному языку	213
<i>Г. К. Уристенбекова</i>	
Креативті ойлауды қалыптастыру мәселелері	216
<i>A. Г. Утарова</i>	
Қазақ тобында ағылшын тілінің грамматикасын қазақ тілінің грамматикасымен салыстырып оқыту	221
<i>A. Мақтапова</i>	
Қалнияз Шопықұлының ерлік дастандары	225
<i>Л. Е. Шахаманова</i>	
Әлеуметтік жарнама дискурсының негізгі түсініктері	233
<i>A. С. Айдарбаева, Р. Ж. Келинбаева</i>	
Каспий өңірі: ұлттық туризмді дамытудың жаңа мүмкіндігі	237
<i>Ж. Исметова</i>	
Мысал жанрының ерекшелігі туралы ғылыми-теориялық пайымдаулар	241
<i>A. Суемов</i>	
Қазіргі көркем прозадағы ұлттық характер	245
<i>A. О. Ангарова</i>	
Эпонимдердің терминдік және танымдық қызметі	249
<i>A. Қ. Егенисова, Р. К. Айтмухамбетова</i>	
Педагогтердің психикалық денсаулығы мен эмоционалды күй проблемасын зерттеу	252
<i>Н. Нурсадық</i>	
С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» – төңкерістік тақырыптағы тұңғыш роман	262
<i>Т. Муса</i>	
Жөкей Шаңғытбайұлының «Құл мен қыз» дастанының «Қыз жібек» жырына ұқсастығы	267
<i>Г. Б. Қойшан</i>	
Ы. Алтынсариннің тәлімгерлік мұраттары	272
<i>Г. Б. Каражигитова</i>	
Үмбетбай Уайдиннің өміршең мұрасы	277
<i>A. К. Әмір</i>	
Түмен Балтабасұлының ақындығы	283
<i>Н. Т. Самурадова</i>	
Мультфильмнің бала тәрбиесіндегі маңызы	285
<i>С. А. Оразова</i>	

Мұғалім ізденісі – заман талабы	290
<i>А.А.Төлеубай</i>	
Баланың болашақ тұлға ретінде өзін-өзі бағалауының қалыптасуына үлкендердің ықпалы	295